

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
Ш. Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ  
ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

---

ҰЛЫ ЖҮЗДІҢ ШЕЖІРЕСІ

ОРТА ЖҮЗДІҢ ШЕЖІРЕСІ

КІШІ ЖҮЗДІҢ ШЕЖІРЕСІ

АЛМАТЫ  
2000

Х.АРҒЫНБАЕВ, М.МҰҚАНОВ,

В.ВОСТРОВ

---

ҚАЗАҚ  
ШЕЖІРЕСІ  
ХАҚЫНДА



«АТАМҰРА»

Редакциялық алқа: М. Қозыбаев (бас редактор),  
Қ. Алдажұманов, С. Әжіғалиев, О. Исмағұлов,  
К. Нұрпейісов

Құрастырып, баспаға әзірлеген Ә. Пірманов

Пікір жазғандар: С. Тәнекеев, А. Сейдімбек,  
Т. Дайрабайұлы

Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.

Қ 17 Қазақ шежіресі хақында (Құраст.: Ә. Пірманов). — Алматы: Атамұра, 2000—464 бет.

ISBN 5-7667-8450-3

Қазақ халқының ұлттық тарихын зерттеуде тайпалар мен рулардың шығу тегі, олардың тарихи орны ерекше рөл атқарады. Еліміз бүгінгідей тәуелсіздік алған тұста үш жүздің шежіресін тереңнен тартып, түп қотара қозғайтын байыпты, ғылыми еңбек керек-ақ. Өкінішке қарай, бір кездегі Шөкерім мен М. Тынышбаев жазған шежіреден кейін бұл мәселеге табан тіреп, тер төгіп барған ғалым, зиялылар сирек... Сондықтан да шежіре атаулы әлі күнге үзіп-жұлып зерттеліп келеді.

Әлбетте, Қазақ шежіресі — аса ауқымды ұғым. Ол үнемі ғалымдарымыз тарапынан зерттеле отырып бір ізге түсуге, оқыған білікті зиялыларымыз тарапынан зерделене отырып толықтырылуға тиіс. Алдағы басылымдарда бұл еңбек табылған тың деректермен, ел ішінен жиналған соны шежірелермен, ғылыми дәйектермен толықтырылып отырады. Кітап қалың оқырманға арналған.

0503020905—169  
Қ 418(05)—2000 Хабарландырусыз

ББК 63.3 (2 қаз.)

ISBN 5-7667-8450-3

© Аргынбаев Х., Мұқанов М.,  
Востров В., 2000

С. «Атамұра» баспасы, 2000

Бұл кітапты этнография ғылымының көшбастаушы ғалымдары, осы еңбектің авторларының аруағына бағыштаймыз.

*«Атамұра» баспасы*

## ШЕЖІРЕ — ШЕТІН ТАРИХ

Ш е ж і р е (арабша шаджарад — бұтақ, тармақ) — халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарих ғылымының бір тармағы. Сәбит Мұқановтың анықтамасы бойынша «Шежіре» деп кімдерден кімдер туып, қалай өрбігенін баяндайтын ерте заманнан атадан балаға мирас болып келе жатқан ауызша деректерді айтады» (*Халық мұрасы. А., 1974, 9-б.*).

Шежіре шын мәнінде рудың, тайпаның, халықтың тарихының құрамды бөлігі. Тарихи ата салты бар халықтар жеке отбасының, әулеттің, атақты қолбасшы, мемлекет қайраткерлерінің шежіресін жасауды салтқа айналдырған. Шығыста бұл салт Қытай елінде өте ерте дамыған. Онда сол мемлекетте, көрші елдерде күнбе-күнгі басты оқиғалар «хроника» есебінде жазылып, отырған. Осылай өз тарихының деректі негізін жасаған. Көрші Ресейде патшалардың, текті сословиелердің, жеке дворян әулеттерінің шежіресін жасау салты қалыптасқан.

Қазақ халқында ата шежіресі ерте кезден бар. «Жеті атасын білмеген жетесіз», «Жеті атасын білген ер жеті рулы елдің қамын жер, жалғыз өзін білген ұл, құлағы мен жағын жер» деген аталы сөздер соның айғағы. Ал жеті атада үлкен сыр бар. Әр ұрпақ 25 жастан десек, ол 175 жыл. Бұл болса, бір адамның жеке басының тағдыры арқылы оның құл емес екенін, ата тегін, өз ортасының белді мүшесі екенін, он алты жаста ордаға енер, жау ортасын бұзып-жарып кірер азамат екендігін байқататын фактор.

Шежіре арқылы оның тегі, ата қонысы, қауымға қосқан үлесі, отан қорғаудағы орны, меншік, адами құқы,

т. б. болмысы білінетін болған. Ру, бау, сан, тайпа, тұқым, тек, арыс, жүз, жұрт, ел, отан сияқты халықтың барша тарихын көрсетер категориялар — айналып келгенде, шежіренің негізгі категориялары. Бұл болса тұтас этнос, халық тарихының сырын ашуға бірден-бір қажет сюжеттер.

Қазақ үш жұртынан тұрады: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Шежіре де осы үш жұрттың динамикасын көрсетіп, соның нәтижесінде барша халықтану қалыптасары даусыз.

«Монғолия қазақтарының ата-тек шежіресі» атты Рахметұлы Шынайдың еңбегінде: «Туыстас немесе көршілес бірнеше отбасы бір қоныста отырса — ауыл, ауылдас, көрші; іргесі алшақтау болса — жерлес. Қандас — жеті атадан құралғандар (бір атаның кіндігінен тараған), бір ата 13 атадан асса — ру. Бірнеше ру қандастықпен, я бір мүддемен біріксе — тайпа. Бірнеше тайпа қоғамдасып, жүз болып қауымдасады. Тайпадан ірілесе халық немесе ел, оның мемлекет ішінде өзге ұлт, ұлыстармен саяси теңдігі болса ұлыс, дербес шекара, саяси-экономикалық тәуелсіздікке қолы жетсе мемлекет, тілі мен дәстүрі, мәдениеті, өзіндік мекен-жері, әлеуметтік рух, жігері, этникалық ерекшелігі ортақтасып, дараланса ұлт болады» (Өлгий, 1997, 3-б.) — деп өте орынды көрсеткен.

Автор сонымен қатар, «жеті ата», «ата-бабалар», «немере ағайын», «жамағайын», «қалыс ағайын» деген терминдерге де анықтама берген: «Жеті ата: 1. Әке. 2. Ата. 3. Әз ата (бұл үшеуі Аталар). 4. Баба. 5. Тектін. 6. Төркін. 7. Тұқиян (бұл төртеуі Бабалар). Жоғарыдағы жетеуі бірігіп «Ата-бабалар» делінбек. Енді 3 ағайын, 15 ұрпаққа келейік:

а) Немере ағайын: 1. Бала. 2. Немере. 3. Шөбере. 4. Шөпшек. 5. Өбере.

ә) Жамағайын: 6. Туажат. 7. Жүрежат. 8. Жекжат. 9. Жұрағат. 10. Жамағат.

б) Қалыс ағайын: 11. Өркен. 12. Әулет. 13. Зәузат. 14. Жаран. 15. Қалыс.

Шежіренің қоғамдағы орны ерекше. Мұнда тарихымыздың ата тарихы екенін (патриархат дәуірінен) байқаймыз, оның үзбей даму жолында, динамикада, қозғалыстағы тоқтаусыз процесс екендігін әр буынның есіне саламыз. Шашырап жүрген ағайынға шежіре арқылы бөтенсінбей бір-бірінің танысуына болатынын, қарға тамырлы қазақтың алысы жоқ, сұрай-сұрай қарын бөле шығатынына назар аударамыз.

Шежіре ендеше ұлттың руға, тайпаға, арысқа, жүзге бөлінуі үшін емес, оның тұтастығына, туыстығына ортақ тілі, ортақ діні, ортақ ділі, ортақ Отаны, елі, жұрты бар екеніне, тірлікке, бірлікке, ұлттық сананы қалыптастыруға бағышталған.

«Қазақ, Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қуғыншы халық». Ол өмір бойы өзін іздейді, ата-бабасын іздейді, кешегі күнін, болашағын іздейді. Шежіре әр адамның жогын тауып береді, ата-бабасының өрлігін, ерлігін, тектігін, өз мүддесін ұлт мүддесіне қабыстырған жандар екенін көрсетеді. «Бөлінгенді бөрі жейді», жүз деп бөлініп жүргендердің «жүзі күйсін», «жүзі қара атансын», — деген Ғабит Мүсірепов ағаның айтқаны тарих сабағы екенін білдіреді.

Ахмет Байтұрсынов ұлт намысы екі адамның, екі ауылдың, екі рудың намысы емес екендігін ХХ ғасыр басында айтқанды Шежіре ұлттық шежіре болуы керек, ол әр адамның шығу тегі арқылы бүкіл қауымды, халықты танытыру арқылы табыстыруы керек.

Шежірелер қазақта, мұңғылда, алты алашта хандар шежіресі болып басталады. Шығыс еліне мұсылман дінін таратушы қожалар өздерінің қожалар шежіресін жасады. Бұл туралы кезінде Сәбит Мұқановтың еңбегінде арнайы айтылған еді (*Халық мұрасы, 17—21-б.*).

Мұны жазып отырған себебім, соңғы кезде шежірені осы қожалар шежіресіне анарып тірегісі келетіндер көбейіп жүр... Маған Қызылордадан келген ұзақ хаттан осы арада үзінді келтіргім келеді. Онда былай делінген (Хат автордың тексі бойынша беріліп отыр. — М. Қ.):

«Біздегі бар шежіреде адам баласының өсіп-өрбуі сонау дүние жүзін топан су басып, жер бетіндегі жап-жануар набыт болар алдында Алладан Нұһ пайғамбарға аяп келіп, топан су тасқыны болатыны хабарланған еді.

Одан аман қалу үшін Аллатағала Нұһ пайғамбарға үлкен кеме жасап, өз отбасымен қатар сол кездегі мұсылмандар сиятын (ол 80 адам еді) жан-жануарлардан бір еркек, бір ұрғашысын салуды әмір етеді. Қазір дүние жүзіндегі барлық халық аман қалған сол Нұһ пайғамбардың үш баласы — Қам, Сам, Яфшиден тарағандар деген, сол кездегі патшалықтың 25—26 жерден мөр басылғаны шежіреде көрсетілген.

Кеңес өкіметі тұсында тарих зерттеушілеріміз ақиқатты жаза алмай, тоталитарлық жүйенің ыңғайына барып, қазақтың шыққан тегі бірде Монғол, Жоңғар, бірде аргы түбі ғұн деп Қытайға апарылуы ешқандай шындыққа жуымайды.

Қазақ аталуы Қайсақ, Кассах сөз түбірінен шыққан десе, кейінгі зерттеушілеріміз Шәкерім Құдайбердіұлының, 1991 жылы «Сапат» баспасында жарық көрген «Түрік, Қырғыз-Қазақ һәм хандар шежіресі» атты кітабында, сол 1991 жылы Мұхаметжан Тынышбайұлының «Қаламгер» баспасында басылған «Қазақ руларының шежіресінде», 1994 жылы жарық көрген Жарылқап Бейсенбайұлының «Атамұра-Қазақстан» баспасынан шыққан «Қазақ шежіресі» еңбектерінде және басқа да газеттерге жарияланған хабарларда, ауыз әдебиеттерінде Қазақтың шығу тегін көшпенділерге апарып, қаз-қатар болып ұшқан қазға, ең соңында жерге қаққан қазық баламасына теңей «қаз, қазық» түбіріне келе-келе — «ақ, -ық» жұрнағы қосылып, Қазақ атауы шыққан дейді. Парсы шежіресіне жүгінсек, Нұхтың екінші баласы Самнан: Ағам, одан Ғазар, одан Шалық, одан Арпақшат, одан Орғам, одан Аштақ, одан Тарах, одан Хазар, одан Ибраһим пайғамбар (бұған дейін Адам атаға 4500—5000 жыл өткен).

Халықтың ұлыс пен ру тайпаларына бөлінуі Ибраһим пайғамбардың екі баласы Исмаил (Исмағұл) мен Ысқақтан басталған. Смағұлдан (анамыз Бибіахар) бүкіл Араб елін мекендеген Хайдар — Түрік, Массает, Кассах таралса, Сқақтан (анамыз Сарадан) Әннас Саһаба ұрпақтары — Әнсарлар, пайғамбардың ісін жақтаушылар: Алашқа кіретін Ноғай, Қырғыз, Қазақ, Өзбек, Қарақалпақтар бастау алған. Барлығы құдайға құл, Мұхаммедтің үмбеті екенін мойындағандар. Бұрын құдай дегенді білмей, әлемдегі барлық халық отқа, жан-жануарларға, көпшілігі пұтқа табынған екен. Аллатағала рахым қылып сүйген құлы Мұхаммедті дүниеге келтірді.

Оны 40 жасында пайғамбарлық дәрежеге жеткізді. Мұхаммедке Аллатағала 23 жыл қатарынан Жабраил періштесі арқылы пара-пара етіп құран кәрімді араб тілінде жіберіп отырды. Оны сол кездегі сауаты бар кісілерге оқытып, құйма құлақтығынан пайғамбарымыз алланың айтқандарын жатқа алып отырды. Құранның әрбір аятынан адам қоғамына пайдалы әдістерді тәркілеп, қалың бұқараға жария етіп, хабардар етті. Әр елге, жерлерге, өзінің сенімді жақтаушыларын жіберіп, дүние жүзінің жаралуы бір құдайдың кереметімен болғанын, құдайдың құлы Мұхаммед — оның жердегі сенімді өкілі, сондықтан Мұхаммед пайғамбарға барлық құдайға құлшылық етушілер оған үмбет екенін мойындауларын міндет етті.

Әрине, мұсылмандықты мойындау бірден оп-оңай болған жоқ, көп уағыздаудың арқасында, көпшілігінде Әзір-

етәлінің қылышының күшімен қан төгіскенде келгенін айту керек.

Кезекті діназарлармен жаугершілікке шығарда қолбасшылар сарбаздарын жинап алып, Алланың бір, Мұхаммедтің ақтығын айта келіп, құдай жолында ұрыста қаза болғандарың шейіт боласыңдар, Аллатағала ол жалғандарыңды атап өтеді. Ұрыста өлемін деп қорықпаңдар, жауларыңды жеңуге барлық күш-әрекеттеріңді жұмсаңдар. «Қаза-ақ!» Анаңнан бір туу, ақырында бір өлу ақиқат деген ұран тастап шығады екен.

Сонда пайғамбарымыздың әскерлері «Қаза-ақ, қаза-ақ, қаза-ақ!» деп күңіреніп жауға қарсы ұмтылса, жаулары бет-бетімен қаша жөнеледі екен. Ұрыста өне бойы жеңіп қайтады екен.

Осындай ұранмен пайғамбарымыздың 32 мың Сахабасымен Табье, Табьемин және Бабтарың, оның ішінде біздің Орта Азия, Қазақстан, сонау Дағыстан, Азербайжан, Чешенстан, Абхаз, Кавказ халықтарымен, шығысында Қытайға дейін Абдрахман баб, оның інісі Әбдрейім баб, екі ұлы Абжалел баб, Ысқақ бабтарды әскери қолбасшысы етіп (бұлар Әзіретәлінің 6—7-ші ұрпақтары) 40—50 мың қолмен, сонау 8—9 ғасырларда жер-жерлерге Ислам дінін уағыздауға, көнбегендерін күшпен мойындатып қайтуға қайта-қайта жіберіп отырған.

Олардың жау жүрек ерліктерінің арқасында Орта Азия мен Қазақстан жерінде бірыңғай Ислам діні орнағаны парсыша шежіреде жыр етіледі. Ал қазақ атауының шығуында пайғамбарымыздың жауынгерлерін қуаттандыратын «қаза-ақ» деген ұраннан келе-келе қазақ аталып кетуі толық сиысады. Демек, қазақ атауы пайғамбарымыздың «қаза-ақ» деген ұранынан туындаса керек...»

...«Байқасам — бақа екен» дегендей, жоғарыда айтылған хат сарынында И. Байғожин ақсақал шежірені дін тарату мақсатына пайдаланғысы келеді. Жұртты жаңсақтыққа ұрындыратын осы сарынды қолжазбалар бұл күні баспа беттерінен жарық көріп жүргенін де жасыруға болмайды.

Тағы бір мәселеге көңіл аударғым келеді. Жүз — тарихи-әлеуметтік категория. Ол байтақ қазақ сахарасында ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі шаруашылықтың жер ыңғайына қарай орналасуына байланысты экономикалық мұқтаждықтан туған. Әрбір тайпалық одақ қыс қонысын, жаз жайлауын көшпелі тіршіліктің өзіндік ерекшелігіне орай құрған. Екінші фактор, ел қорғау, отан



қорғау, жер қорғау мүддесінен туындаған. Үшіншіден, жеті атаға дейін қан араластырмай, тұқым тазалығын сақтау арқылы этностың генетикалық қорын аман алып қалуға бағытталған. Бұл болса белгілі бір географиялық шеңберде, белгілі бір ортада ортақ бүкіл халықтық бақылауға алынған. Үш жүз бола отырып, қазақ елінің тәуелсіздігін, қазақ жерінің тұтастығын қорғаған. Ортақ тіл, діл, атамекен халықтық бірлікке, мүдде бірлігіне қызмет еткен.

«Жүз» туралы сөз болғанда тағы бір еске алар жай — ол мемлекеттік функцияны да орындаған. Жүз ішінде даудамай, көш-қон маршруты, рулар арасындағы қарым-қатынас регионалдық дәрежеде шешілген. Жұларалық проблемалар — жер, қоныс, ел қорғау, қазақ жерінің тұтастығы, әскери жасақ, ортақ қолбасшы, хандар сайлауы т. б. ел, халық дәрежесіндегі проблемалар келісіліп отырған. Сонымен бірге үш жүз көрші мемлекеттермен қарым-қатынасты бірігіп, ұлттық биіктіктен барлай шешкен.

Сондықтан қазақ халқындағы жүз мәселесі әлдебір дүмбілез атқаміперлер айтып жүргендей «жүзшілдік», «жүзшіл» деген ұғымнан ада жай. Жалпы, қазақ этносы — біртұтас этнос. Қазақ атаулы елін — руын сұрағаны болмаса, ешқашан жүзге бөліп көрмеген, бір-біріне атам қазақтың, бір қазақтың баласы деп қараған.

Жүз қашан пайда болды? Бұл өз алдына мәселе, В. В. Вельяминов-Зернов, А. К. Красовский, С. А. Аманжолов, Х. М. Әділгереев, Н. Г. Апполова, Е. Бекмаханов, С. Толыбеков сияқты ғалымдар жүргізген талас әлі толастаған емес... Кеңес заманында шежіре ескінің қалдығы есебінде танылды, оның дамуына тосқауыл қойылды. Алайда, ғасырлар бойы қалыптасып келген шежірелік дәстүр бір сәт толастағанмен, халық шежіреге деген ықыласын тоқтатқан емес. Қазақ шежіресін жасауға Шоқан, Абай, Шәкерім, М. Сералин, М. Тынышбаев, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Н. Наушабаев, С. Толыбеков, С. Мұқанов т. б. қазақтың ірілері мен пірлері ат салысқаны осы пікірдің дәлелі. Сонымен бірге А. И. Левшин, В. В. Радлов, В. И. Даль, Н. Я. Бичурин, П. И. Рычков т. б. шығыстанушылардың еңбегінің орны да ерекше.

Қазақ шежірелерінің тағы бір қайнары шығыс деректері — мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиднә», Әбілғазы Баһадүр хан шежіресі. Қорытып айтсақ, қазақ халқының шежірелік салты ғасырлар қойнауына кетеді. Тәуелсіздік тууына орай шежіре жазам деушілер

қаптады да кетті. Алайда, осы науқаншылдық кезінде сыр берген жайлар баршылық.

Ең алдымен регионалдық, тайпалық, жүздік көзқарас алдыңғы позицияға шығып, жеке рудың, тайпаның, жүздің мүддесіне ыңғайлап шежіре жазу — ұлт шежіресінің тәртібі мен әдістемесіне нұқсан келтіргені мәлім. Екіншіден, шындық өрескел бұрмаланады. Шыққан шежірелерде методологиялық бірізділік жоқ. Үшіншіден, жеке адамның, әрине қалталының тапсырысымен шыққан шежірелерде тарихи принцип аяққа басылуда. Төртіншіден, онан мұнан құрастырылған шежірелерге «толықтыру» енгізіліп, «жер астынан» табылған жалған киіз-кітап шежірелер пайда болды.

Бұл күнде олардың көбінің өтірігі шығып жатыр. Тіпті, ұлы Бұқар жыраудың шығармалары «қолды» болып, өз аталарын енгізген өлең жолдары пайда болуда. Қолдан жасалған, түзетулер енгізілген жасанды шежірелер жыл сайын кобейіп барады. Мұндай шежірелер ғылыми экспертизадан өткізілген емес. Сондықтан мұндай шежіресымақтардың ғылыми құнсыздығы былай тұрсын — тарихқа қиянат, халқымыз алдында ұят жай.

Міне, сондықтан да Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігі Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының (бұл күні марқұм болып кеткен) көрнекті этнографтары Х. Арғынбаев пен М. Мұқановтың «Қазақ шежіресі хақында» атты монографиясы ғылыми методология негізінде жазылып, баспаға ұсынылып отыр. Мұндағы шежірелер толық әрі ақиқат деуден аулақпыз. Тіпті, кейбірінде қожалар шежіресінің ықпалы да баршылық. Алайда, әңгіме принципте. Шежіре жасаудың ғылыми жолында үш жүздің шежірелері бір деңгейде жасалынды деу де қиын. Қазіргі кезде Кіші жүздің шежіресі туралы арнайы зерттеу жұмысы жүріп жатыр. Болашақта ол еңбек өз алдына жарық көретін болады.

Сондықтан бұл кітапқа Кіші жүздің шежіресін қолдарынан келгенше бірігіп зерттеген Вениамин Востров пен Марат Мұқановтың еңбегін үшінші бөлім етіп қостық.

Еңбектің негізгі мақсаты — шежіре жазудың ғылыми әдістемесімен, деректер көзімен тапыстыру, шежірені қарабайырлыққа салуға жол бермеу, оны елді бөлушілікке емес, қазақ халқының ұлттық санасын қалыптастыруға бағыттау. Бұл өте қиын міндет. Бір еңбекпен бұл миссияны орындау мүмкін емес. Айналып келгенде, бұл — бүкіл көзі ашық зиялы қауымның ісі.

Сөз соңында айтарым: бұл еңбек ұзақ жылдары институт ұжымының, оның этнографиялық бөлімінің еңбегінің нәтижесі. Жол ұзақ та ауыр, өмір қысқа, алайда әр ұрпақ халық алдында өз борышын өтеуге парызды. Бұл дүниеден өтіп кеткен авторларға өзіміздің ризашылығымызды білдіріп, келесі буынға шежіренің авторлар шешіп үлгірмеген проблемаларын аманат етеміз.

Өкініші көп өмір ғой. Отан соғысының ардагері, көрнекті ғалым, жайсаң азамат Халел Аргынбаев ағамыз, қазақ этнография ғылымына еңбегі сіңген, ғылымның сол саласының қара нары, замандасымыз Марат Сәбитұлы Мұқанов бұл еңбегін баспаға даярлағанда, өз еңбектерінің жемісін көрмеймін деп ойламаған-ды. Амал нешік, мезгілсіз сұм ажал оларды алып кетті. Бұл еңбек олардың рухани құлшытасы болғандай...

Ғалымдардың ішінде де ғалымдар бар. Бұл халықтану саласындағы екі әріптесіміз көш басындағы азаматтар еді, жарты ғасыр үзбей қалам тартып жүрген еді. Орындары ойсырап қалды. Назым Хикмет айтқандай:

Егерде сен жанбасаң, жанартаудай атылып,  
Егерде ол жанбаса, аруақты шақырып,  
Егерде біз жанбасақ, замананы сашырып,  
Басар ма еді бұл әлемді түнек пенен қапырық,  
О, дүние, жатар ма едің топырақ боп шашылып.—

(аударма автордікі) енді Халелдей, Мараттай жанартаулар қазақ этнографтары арасынан шығуға жазсын!

Манаш Қозыбаев,  
*ҚР ҰҒА-ның академигі,  
тарих ғылымының докторы, профессор.*

ХАЛЕЛ АРҒЫНБАЕВ  
тарих ғылымының докторы,  
профессор

---

ҰЛЫ  
ЖҮЗДІҢ  
ШЕЖІРЕСІ

Ұлы жүз құрамына енген тайпаларды халық «Ұлы жүз — үйсін» атапты. Ұлы жүз құрамына — жалайыр, албан, суан, дулат, сарыүйсін, сіргелі, ысты, ошақты, шапырашты, шанышқылы және қаңлы тайпалары енеді.

*(17-18-беттер)*

## І тарау

### ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖАЙЫНДА

Қазақ жүздері — XV—XVI ғасырлар аралығында Қазақстанның әр өңірінде қалыптасқан тайпалар одағы. Жүздердің шығуы мен «Жүз» атауының тарихи мәні туралы ғылыми тұрғыда дәлелденген ортақ пікір әлі жоқ. Кейбір зерттеушілер бұл атауды әлде бір бүтін нәрсенің, құбылыстың «бөлшегі», «саласы», «бір жағы» деп қарастырса, енді біреулер оны «жүз», «жүздік» сандарымен байланыстырады. Қайткен күнде де қазақ жүздерін «өзінің саяси, экономикалық, тілдік және мәдени тұтастығымен сипатталатын дербес халықтың жеке бөлшектері» ретінде қарастырған жөн болар.

Қазақ жүздерінің қашан, қандай жағдайларға байланысты шығуы туралы да дәлелденген ортақ пікір жоқ. Н. И. Гродеков, Г. Н. Потанин және Н. А. Аристов сияқты зерттеушілер қазақ жүздерінің шығуы туралы кейбір халық арасына кеңінен тараған аңыз-әңгімелерді келтірумен ғана шектелген.

Айталық, Н. Гродеков Алаштың — Байшора, Жаншора және Қарашора атты үш ұлы болған да, олар осы ретімен Ұлы, Орта және Кіші жүздердің арғы тектері болғандығы туралы аңызды келтіреді; М. Шорманов шежіресінің негізінде Г. Н. Потанин, қазақ халқының арғы тегі Қотанның — Юсун, Ақжол және Алшын атты үш ұлы болған да, олар осы ретімен қазақтың үш жүзінің негізін салғандығы туралы екінші аңызды келтіреді; Диқанбай батыр шежіресінің негізінде Н. Аристов қазақ халқының арғы тегі Әбілқайырдың — Байшора, Жаншора және Қарашора атты үш ұлы, осы ретімен қазақтың үш жүзінің негізін салғандығы туралы үшінші аңызды келтіреді; біздің ел арасынан жинаған деректеріміз үш түрлі аңызға негізделген болжамдар туғызып отыр. Бірінші болжам бойынша — Қазақтың (Алаштың) Ақарыс, Жанарыс және Бекарыс атты үш ұлы болған; екінші болжам бойынша — Қа-

зақтан (Алаштан) Ақшора, Жаншора және Бекшора туады, үшінші болжам бойынша — Қарамендеден — Байшора, Жаншора және Қарашора туады да, олардан сол ретімен қазақтың үш жүзі бастау алады.

Әрине, мұның бәрі тек аңыз ғана, өйткені әр түрлі атпен қазақтың әр жүзіне жеке-дара оның түп атасын, яғни тегін табу ешбір шындыққа үйлеспейтіндігі ғылым тарапынан әлдеқашан дәлелденген жайт.

Шығыстанушы ғалым В. В. Вельяминов-Зернов қазақ жүздерінің Хақназар ханның тұсында (XVI ғ.) қалыптасқандығы туралы халық аңыздары негізінде жүздердің XVII ғасырда Қазақстанның оңтүстігінде пайда болғандығын баяндайды. Ресей бас штабының офицері М. Красовский қазақ жүздерінің қалыптасуын Қасым, Хақназар және Шығай сияқты қазақ хандарының заманындағы (XVI ғ.) олардың бір-бірінен алшақ орналасқан қоныстары қазақ жүздерінің шығуына негіз болғандығын дәлелдейді.

Х. М. Әділгереев пен С. А. Аманжолов сияқты қазақ ғалымдары қазақ жүздерінің қалыптасуын монғол шабуылына дейінгі заманға, яғни б. з. VII—XI ғасырлардағы Батыс түрік қағанаты дәуіріне апарып тірейді.

Қазақ жүздерінің қалыптасу себептері жайында тарихи шындыққа недәуір жақын келетін ой-пікірді академик В. В. Бартольд айта келіп, табиғи және климаттық жағдайына қарай бір-бірінен ерекшеленген үш аймақта (Жетісу, Сырдарияның төменгі ағысы мен Орталық Қазақстан және Батыс Қазақстан), қазақ жүздері мен қазақ хандығының қалыптасқандығын баян еткен.

Академик В. В. Бартольдтың бұл пікірін қолдай отырып, профессор М. П. Вяткин географиялық орта әсеріне қоса, ол аймақтардың экономикалық және саяси жағынан ерекшелене түсуі сол өңірлерде үш бірдей қазақ жүздерінің қалыптасуына негіз болғандығын дәлелдей түскен.

Бес томдық Қазақ ССР тарихының авторлары да көптеген этносаяси және кәсіби факторлардың әсерімен XV—XVI ғасырларда Қазақстан жерінде үш этноаумақтық бірлестік — Ұлы, Орта және Кіші жүздер қалыптасқандығын атап көрсеткен. XV ғасырдың 60-жылдарында Жетісудың батысында қазақ хандығы құрылды. Ол бұдан кейінгі жылдарда өз аумағын үздіксіз кеңейте берудің нәтижесінде Батыс, Орталық, Оңтүстік және Оңтүстік-шығыс Қазақстанның кең-байтақ атырабында мекендейтін көптеген түркі, түркіленген монғол және т. б. тайпалар мен руларды бағындырып, оларға өз үкімін жүргізді. Нә-

тижесінде осы кең өлкеде қазақ халқы қалыптасты. Оның құрамына негізінен Қазақстан жеріндегі алғашқы феодалдық мемлекеттер қоластында болған жергілікті тайпалар енді. XV—XVI ғасырларда оның құрамына Көк және Ақ ордалар ыдырауынан кейін қалыптасқан Өзбек хандығы, Ноғай ордасы, Моғолстан және т. б. мемлекеттер енді.

Хандықтың және біртұтас халықтың қалыптасуы көпелі қоғамда ру-тайпалық жікшілдікті, феодалдық бытыраңқылықты жоя алмады. Қазақ халқының қалыптасуымен бірге, үш жүзге бөліну шырғалаңы басталды. Бұл, әрине, жүздеген жылдарға созылған бұралаңы мол, өте ауыр да ұзақ даму кезеңі болды.

Сөйтіп, Қазақстан жерінде жүздердің құрылуы ондағы бір-бірінен оқшауланған үш табиғи географиялық және шаруашылық аймақта (Жетісу, Орталық және Батыс Қазақстан) саяси тұтастықтың әлсіздігіне байланысты еді. Жетісудағы Моғолстан мемлекетінің атырабында Ұлы Жүз бірлестігі; Орталық, Шығыс, Солтүстік және Оңтүстік Қазақстанда Орта жүз бірлестігі; Батыс Қазақстандағы Ноғай ордасы атырабында Кіші жүз бірлестігі қалыптасты. Бұл бірлестіктердің арасында қарым-қатынас бір сәт үзілген емес, бірақ геополитикалық талқыға түскен елде саяси бірлік әлсірей берді, әр жүзде феодалдық ыдырау күшейе түсті. Жеке хандықтар, сұлтандар иеліктері XVIII ғасырдың алғашқы ширегіндегі Жоңғар шабуылына төтел бере алмай, олар тез арада Ташкент, Түркістан қалаларына дейін басып алды. Мұның өзі қазақ жүздерінің саяси әлсіздігін көрсетті.

Қазақ халқының құрамына енген көне тайпалардың тарихы тек қазақтың ғана емес, сонымен бірге басқа да көптеген Орта Азия және Еділ бойы халықтарының шығу тегін зерттеуде де маңызды.

Жетісу өңірінде ежелгі үйсіндердің маңайына басқа тайпалардың топтасуы қазақ халқының қалыптасуынан көп бұрын болған. Мұндай бірігудің кәсіби себептерімен бірге сыртқы жаудан қорғану мақсаты да болғанға ұқсайды. Сөйтіп, күндердің күнінде Моғолстан құрамындағы бір топ тайпаларының тіл табысып шығысуының нәтижесінде олардың арасында пайда болған бірлік, ортақ мәдени дәстүр Ұлы жүз бірлестігін қалыптастырды. Ұлы жүз құрамына енген тайпаларды халық «Ұлы жүз — үйсін» атандырған. Бұны кейбір архив, әдеби және ел арасынан өзіміз жинаған деректер де дәлелдей түседі. Ұлы жүз құрамына — жалайыр, албан, суан, дулат, сарыүйсін, сіргелі, ыс-



ты, ошақты, шапырашты, шанышқылы және қаңлы тайпалары енеді.

Үш жүздің басын қосып, бүкіл қазақ еліне хандық құрған Тәуке ханның заманында (1680—1718) Ұлы жүздің тікелей билеушісі Төле би болды. Тәуке хан, одан соң Болат хан өлгеннен кейін, әр жүзде хандықтар пайда болған кезде Ұлы жүзге Жолбарыс хан сайланды да, ол Ресеймен жақындасу амалын іздестірді. Бірақ, Жолбарыс хан 1739 жылы бәсекелестер қолынан қаза тауып, елді оның мұрагерлері басқарған. XVIII ғасырдың 40-жылдарында Ұлы жүз тайпаларының кейбір бөлігі Ресейге бодан болды. Бірақ бұл өңірдің Ресейден тым шеткері орналасуының нәтижесінде патша өкіметінің әмірі Ұлы жүз еліне шын мәнінде XIX ғасырдың ортасына дейін жүре қоймады.

Ұлы жүз жұртшылығы сан рет шетел басқыншыларының шабуылына душар болды. XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басында Жоңғар шабуылының зардабын шекті. XIX ғасырдың басында Ұлы жүз мекенінің недәуір бөлігі Қоқан хандығының өктемдігін мойындауға мәжбүр болса, осы ғасырдың ортасында Ресей патшалығына бодандыққа еріксіз мойынсұнды.

1848 жылы патша үкіметі Ұлы жүз қазақтарын басқару үшін Батыс-Сібір генерал-губернаторының құрамында Үлкен орда приставствосын (басқармасын) құрды. XIX ғасырдың 70-жылдарында Түркістан генерал-губернаторының құрылуына байланысты, оның құрамында Жетісу және Сырдария облыстары құрылды да, олар уездерге, облыстарға және ауылдарға бөлінді. Ұлы жүз қазақтарын патшалы Ресей тарапынан осылайша басқару жүйесі Қазан төңкерісінің жеңісіне дейін созылды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ұлы жүз қазақтары негізінен Жетісу облысының Қапал, Жаркент және Верный уездерінде, Сырдария облысының Әулиеата, Шымкент және Ташкент уездерінде мекендеген.

Қазақ хандығы мен жүздерінің қалыптасуынан көп бұрын, сонау Алтайдан Дунайға дейінгі атырапта Қыпшақ тайпалық одағы өмір сүрді. Олар көптеген қазақ тайпаларының этникалық құрамына енді. Уақыт өте келе Шығыс және Орталық Қазақстан жерінде Орта жүз бірлестігі қалыптасты. Олардың тікелей түп төркіні Көк орда мен көшпелі өзбек мемлекетінің құрамындағы тайпалар еді. Оның ішінде әсіресе, Орта жүз бірлестігін қалыптастырудағы Арғын тайпасының ықпалы мен орны өзгеше

болатын. Сондықтан да халық Орта жүз қазақтарын «Орта жүз — арғын» атапдырған. Оның құрамына — арғын, найман, уақ, керей, қыпшақ және қоңырат тайпалары енеді.

Орта жүз қазақтарының қысқы тұрағы — Сырдарияның орта ағысында, Қызылқұм, Мойынқұм өңірлерінде, Қаратаудың терістік беткейінде, Балқаш көлінің солтүстігінде болатын да, жазда Тобыл, Есіл, Торғай, Ертіс, Сарысу өзендерінің бойлары мен Сарыарқа өңірін жайлайтын. Орта жүз бірлестігі пайда болғаннан бастап, оның мекен-жайының аумағы біртіндеп кеңейе түсті. XVII ғасырда Орта жүз жұртшылығы Орталық, Солтүстік, Шығыс және Оңтүстік Қазақстанның кең атырабын мекендеген еді. XVI—XVII ғасырларда Қасым, Хақназар, Тәуекел, Есім және Тәуке хандардың қоластындағы кең өңірде негізінен Орта жүз қазақтары мекендеді. XVIII ғасырдың басында Орта жүз жерінде Сәмеке және Күшік хандардың дербес хандықтары; Барақ және Әбілмәмбет төрелердің дербес иеліктері жеке-дара өмір сүрді. Мұндай феодалдық бытыраңқылық қазақ жерінің айтарлықтай бөлімін XVIII ғасырдың басында Жоңғар мемлекетінің жаулап алуына мүмкіндік туғызды. Айталық, наймандар мен керейлерді Алтайдан, Ертіс бойы мен Тарбағатай өңірінен; арғындарды Орталық және Оңтүстік Қазақстанның шығысынан Орталық Қазақстанның Солтүстік-батысы мен Оңтүстік өңіріне ығысуға мәжбүр етті. Бірақ Орта жүз жұртшылығы Жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресті бір сәтке де тоқтатқан жоқ. Оның басында Абылай хан, Қанжығалы Бөгенбай батыр, Қаракерей Қабанбай батыр, Шақшақ ұлы Жәнібек батыр, Қаз дауысты Қазымбек би, Сүйіндік, Бұқар жырау, Олжабай батырлар тұрды. Ұлы жүз тайпаларының мекен-жайы түгелдей Жоңғарлар билеуіне көшті де, Төле би Ташкентте отырып, Жоңғар хандығына бағынышты жағдайда салық төлеп тұруға мәжбүр болды. Ал, Кіші жүз елі — солтүстіктен казактар, башқұрттар, батыстан Еділ бойы қалмақтарының толассыз шабуылының нәтижесінде Әбілқайыр ханның басшылығымен Ресейге арқа сүйеуге мәжбүр болды. Сөйтіп, олардың Орталық, Солтүстік және Шығыс Қазақстанда жоңғарға қарсы жүргізілген шайқастардан тыс қалғандары да шындық. Тіпті, Жоңғар мемлекетінің күйреуі кезінде Шығыс Түркістан шегінен өтіп жауға ойран салған да Бөгенбай, Қабанбай батырлардың айбынды қолдары болатын.

XVIII ғасырдың екінші жартысында, Жоңғар хандығының күйреуінен кейін Орта жүз тайпалары өздерінің атамекеніне оралды. XVIII ғасырдың соңына қарай олар

Ырғыз, Торғай өзендеріне, Ресей шекарасынан Сырдарияның ортаңғы ағысына дейінгі аралықты алып жатты.

XVIII ғасырдың 40-жылдарында Орта жүз Ресей патшалығына бодандыққа түсуге мәжбүр болды. Жоңғар хандығы мүлде күйреген соң, Абылай сұлтан Орта жүз қазақтарын жеке хандыққа біріктіріп, 1771 жылы үш жүзге хан сайланды. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Орта жүз жұртшылығы біршама өсіп, олардың мекен-жайы да кеңейе түсті. Нәтижесінде 1815 жылы Орта жүзде екінші хандық қалыптасып, Бөкей хан сайланды. 1817 жылы Бөкей хан, 1819 жылы Уәли хан өлгеннен кейін патша үкіметі Орта жүздегі хандықтарды жойып, олардың орнына 1824—1859 жылдар аралығында Қарқаралы, Көкшетау, Аякөз, Ақмола, Аманқарағай, Баянауыл, Үшбұлақ, Көкпекті, Құсмұрын және Атбасар сияқты он сыртқы дуандарды құрып, оларды дуанбасы — төрелер басқаратын етті. Дуан 15—20 болыстан, әр болыс 10—12 ауылдан тұратын. Мұндай әкімшілік жүйесі XIX ғасырдың 60-жылдарына дейін өмір сүрді.

Патшалы Ресей тарапынан қазақ хандығын жою халықтың мемлекеттігін, өз алдына елдігін жою әрекеттері отарлау саясатының негізгі мақсаты болғандығы даусыз. Сондықтан қазақ мемлекеттігі үшін күрес толастамады. Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлы 1837—1847 жылдар арасында азаттық үшін күрес жүргізді. Кенесары қазақ халқының соңғы ханы болды. Оны халық ақ киізге отырғызып хан көтерді. 1847 жылы патша генералдары астыртын айдап салған Алатау қырғыздарының қолынан қаза тапты. Осы тұста азаттық қозғалыс туыс халықтың қан төгісіне ұласқанын да айту керек.

1868 жылы саяси реформа бойынша Қазақстан жері облыстарға, уездерге, болыстарға және ауылдарға бөлінді. Қазан революциясына дейін Орта жүз жұртшылығы негізінен Торғай, Ақмола, Семей және жартылай Жетісу, Сырдария облыстарында мекендеген.

Қазақ халқы қалыптасқаннан көп бұрын Батыс Қазақстан өңірінде Маңғыт немесе Ноғайлы тайпалар одағы қалыптасқан-ды. Бұл одақтың құрылуына ішкі себептермен қоса, сыртқы дұшпаннан қорғану мақсаты да әсер еткен болар. XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басында, мүмкін сәл кейініректе шығар, Ноғай Ордасына бөлінген қазақ тайпаларының, яғни Алшын одағының негізінде Кіші жүз бірлестігі қалыптасты. Сондықтан да Кіші жүз қазақтарын ел арасында «Кіші жүз — Алшын» атандырған. Оның құрамына — 12 ата Байұлы (адай, ал-

шын, жаппас, алаша, байбақты, беріш, масқар, таз, есен-темір, ысық, қызылқұрт, шеркеш); Жетіру (табын, тама, кердері, керейт, жағалбайлы, телеу, рамадан); 6 ата Әлімұлы (қаракесек, қарасақал, тортқара, кете, шөмекей, шекті) енеді.

Байұлы рулары XVIII ғасырда негізінен Кіші жүз жерінің оңтүстік-батысын, яғни Жайық өзенінің төменгі ағысы мен Жем бойын, Сам құмы мен Маңғыстау түбегінде мекендейтін; Жетірудың көпшілігі Қазақстанның солтүстік-батысын, яғни Жайық өзенінің орта ағысын, Қобда, Елек және Ор өзендерінің бойын және Мұғалжар тауларының қойнауларын мекендейтін; Әлімұлы ұрпағы Батыс Қазақстанның кең-байтақ шығыс өңірін, яғни Ырғыз, Торғай өзендерінің бойында, Шалқар көлінің төңірегінде, Кіші және Үлкен Борсық құмдары мен Қарақұм атырабында және Сырдарияның төменгі ағысында мекендейтін.

Әрине, жоғарыда көрсетілген Кіші жүз қазақтарының мекен-жайлары еш өзгеріссіз қала берген жоқ. Кейбір рулар немесе оның шағын бөлімдері әрқилы себептермен қоныс аударып та тұрған. Мұндай жағдай, әсіресе XVIII ғасырдың бірінші жартысында жоңғар шабуылына байланысты болса, сол ғасырдың екінші жартысында Сырым батыр көтерілісіне байланысты болды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Батыс Қазақстанның барлық өңірінде Кіші жүзге кіретін үш үлкен тайпалық топтардың өкілдерін де кездестіруге болатын еді. Дегенмен, олардың негізгі топтары өздерінің ата мекенінде қалды.

XVI—XVII ғасырларда Кіші жүз құрамына енген негізгі ру-тайпалық топтар Қасым, Хақназар, Тәуекел, Есім және Тәуке хандардың иеліктерінде болды. Тәуке хан Төле, Қаз дауысты Қазыбек және Әйтеке билер арқылы қазақтың үш жүзіне бірдей хандық билігін жүргізді.

Тәуке хан өлгеннен кейін Кіші жүзге Әбілқайыр хан сайланды да, ол — біріншіден, жоңғарларға қарсы Ресей сияқты іргелі елге арқа сүйеу мақсатын көздесе, екіншіден, Ресей патшалығының қолдауымен қазақтың үш жүзіне бірдей өзінің хандық билігін орнатуды да ойлады. Қайткен күнде де, оның Ресеймен жақындасу саясатын жүргізгендігінде күмән жоқ. Ақырында, 1731 жылы ол Кіші жүз қазақтарын Ресейге бодан етіп тынды. Әбілқайырдың ресейшілдік саясатына қарсы топтар да аз болған жоқ. Нәтижесінде, ол 1748 жылы Барақ сұлтанның қолынан қаза тапқаннан соң Кіші жүз хандығына, оның мұрагерлері —

Нұралы, Ералы, Есім, Айшуақ және Шергазы хандар хандық салтанатын құрды. 1824 жылы патша өкіметі Кіші жүзде хандық басқаруды жойып, оның орнына басқарушы сұлтандар басшылығымен Кіші жүз жерін — Батыс, Орта және Шығыс әкімшілік жерлеріне бөлді. Бірақ, көп ұзамай басқару жүйесі тағы да өзгеріп, «дистанциялық басқару жүйесі» енгізілді. Небәрі Кіші жүз жерінде 56 дистанция құрылып, олар ауылдарға бөлінді. Тек, Арал өңірінде, Қарақұм мен Маңғыстау түбегінде және Сырдария бойында мекендейтін елдерде бұрынғыдай рулық басқару жүйесі қалдырылды.

XIX ғасырдың басында Еділ мен Жайық өзендерінің аралығында Бөкей хандығы құрылды. 1845 жылы Жәңгір хан өлген соң патша өкіметі Бөкей ордасындағы хан билігін де жойды. 1867—1868 жылдары саяси реформа бойынша Кіші жүз жері облыстарға, уездерге бөлінді де, Кіші жүз жұртшылығы Орал облысының — Орал, Ілбішіп, Темір уездерінде; Торғай облысының — Ырғыз, Торғай және Ақтөбе уездерінде; Сырдария облысының — Перовск, Қазалы уездерінде; Закаспий облысының — Маңғыстау уездерінде және Бөкей ордасында қалды. Реформа патша өкіметінің отарлау саясатының мүддесіне сай жасалғандықтан, ол бүкіл Кіші жүз жұртшылығының наразылығын туғызды. Төрелер мен билер олардың қоғамдағы құқының біраз шектелуіне наразы болса, жалпы бұқара халық отаршылық езгінің одан әрі күшейе түсуіне наразы болды. Сондықтан да Кіші жүз жұртшылығы сан рет халық батырлары — Сырым Датұлының, Исатай Тайманұлының, Есет Көтібарұлының, Жанқожа Нұрмағанбетұлының басшылығымен патша үкіметіне және жергілікті билеушілер өктемдігіне қарсы күреске көтерілді.

Үш жүзге бөлінген бүкіл қазақ халқы ертеден бастап, XX ғасырдың басына дейін негізінен көшпенділікке, не жартылай отырықшылыққа негізделген мал және жер шаруашылығымен айналысумен бірге әр түрлі қолөнер, т. б. үй кәсіптерімен де шұғылданды. Көптеген көрші халықтармен экономикалық, сауда-саттық қатынастар да болды. Бүкіл үш жүз жұртшылығы біртұтас қазақ тілінде сөйледі. Олардың заттай және рухани мәдениетінде де кейбір жергілікті ерекшеліктер болмаса, айтарлықтай өзгешеліктер болған жоқ.

**Деректер көзі.** «Ұлы жүз» деген қазақ ұғымы ұзақ уақыт бойы орыс әдебиеттерінің деректерінде «Үлкен орда», «Аға орда», «Аға жүз» және басқа сөздермен жиі бұрмаланып келді. Біріншіден, ол «үлкен», «аға» сөзі өз ма-

ғынасына сәйкес келмейді, екіншіден, орда мен жүз екі басқа, үшіншіден, қазақтардың өзі жүз орнына орданы қолданған емес. Не дегенмен «ұлы жүз» сөзін қырық құбылта берудің жөні жоқ. Сондықтан орыс тілді деректердегі «аға жүз» (старший жуз) қазақтың ұлы жүзіне балама ретінде құлаққа сіңісті болғандықтан осы тіркеске дең қойғанымыз дұрыс секілді.

Ұлы жүз ұғымы да қазақтың басқа тайпалары тәріздес, қазіргі Қазақстанның оңтүстік-шығысында XV—XVI ғасырлар аралығында пайда болды. Оған кіретін көптеген рулар мен тайпалар, зерттеушілер атап көрсеткеніндей, бұл кезеңге дейін де, яғни қазақ хандығы мен қазақ жүздері пайда болғанға дейін ғұмыр кешіп, тарихта өзіндік күрделі із қалдырып келді.

Бұл рулар «қазақ халқы» деген жалпы атау пайда болғанша Жетісу өңіріндегі байырғы үйсіндер құрамына енген еді. Бұған шаруашылық мақсаттан бұрын әскери-қорғаныстан туған жайлар мықты әсер етті.

Уақыт өте келе Моғолстанның құрамында терең тамыры бар жер-су, көші-қон жағынан топтасқан мәдени қауымдастық дүниеге келді. Халық оларды «ұлы жүз үйсін» деп атап кетті. Бұны біз ел арасынан жинаған қазақ шежіресінің әр түрімен қатар, беделді тарихи мағлұматтар да растай түседі.

Ұлы жүз құрамына: Жалайыр, Шапырашты, Қаңлы, Шанышқылы, Сіргелі, Ысты, Ошақты, Албан, Суан, Сарыүйсін мен Дулат енді. Бұл рулар әуелі, негізінен Жетісу өңірін мекендеп, бара-бара Қазақстанның оңтүстік-батыс, оңтүстік-шығыс бағытына қарай ойысты. Көшпелілердің қыс қыстауы — Балқаш құмының күнгеіі, Мойынқұм, Іле, Шу мен Талас өзендерінің бойы, ал жаз жайлауы — Жоңғар мен Іле Алатауы, Тянь-Шань мен Қаратау қыраттарының теріскейіне дейін созылып жатты. Тәуке хан тұсында Ұлы жүзге Төле би түбегейлі билік етті. Ол өлгеннен кейін, XVIII ғасырдың қырқыншы жылдарында Ұлы жүздің шағын бөлігі мен руларын Ресей қарамағына қосқан Жолбарыс хан болды. Бірақ, бұл жүздің қонысы тым қашық болғандықтан, тіпті XIX ғасырдың аяғына дейін, орыс патшалығы үкіметінің құрығы онша жетпеді. Ұлы жүз халқы талай мәрте сырт тараптан басқыншылар шапқыншылығына ұшырап отырды. XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында олардың ата жұрты жоңғарлардың шабуылына тап болды. XIX ғасырдың басында Ұлы жүздің басым бөлігі Қоқан хандығының

құрамына кірді. Сол ғасырдың аяғына таман Ұлы жүз түгел дерлік отарлау саясатының салдарынан патшалық Ресейге бағынды.

Бұл жоғарыда көрсетілген тарихи оқиғалар, әсіресе, көрші мемлекеттердің қанды жорықтары, рулар мен тайпалар арасындағы өз қырқыс-таласы олардың құрамы мен тарауына, Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағындағы Ұлы жүз халқының өзіндік шаруашылық-мәдени жағынан екшелуіне әсер етпей қоймады.

Бұл тақырышты түбегейлі зерттеген В. В. Востров Ұлы жүздің рулық құрамы туралы сенімді мағлұматтар орыс деректерінде кездесетінін атап өтеді. Ол 1748 жылы Ресей дипломаты А. И. Тевкелев құрастырған Ұлы жүздің рулық құрамы туралы былай дейді: «Үлкен ордада он ру болса, бәрі де бір сөзбен Үйсін деп аталады, ал ол, атап айтқанда, былай болып бөлініп кетеді: Ботбай үйсін, Шымыр үйсін, Динес үйсін, Сиқым үйсін, Әбу үйсін, Сары үйсін, Ұлы үйсін, Шанышқылы үйсін, Қойлы үйсін, Жалайыр».

Бұл мәліметтерді бағалауда В. В. Востровтың «бұлар толық та дәл емес» деуінің жаны бар. Шын мәнінде Тевкелев түзігінде Ұлы жүздің ежелгі рулары Ошақты мен Шапырашты енбей қалып, Дулаттың орнына оның төрт тармағы (Ботбай, Сиқым, Шымыр мен Жаныс) алынады; ал, Албан мен Суан бірігіп, Албансуан деп беріледі; оның үстіне рулар мен тайпалар түбірімен шатастырылады. Осы тәріздес кемшіліктерден П. И. Рычковтың мағлұматтары да құралақан емес. Ол «Жаныс, Сиқым, Шымыр, Сүйік, Қиық...» деп таратады. Бұл түзімде Ұлы жүзге енетін Дулат руының Жаныс, Сиқым, Шымыр аталары келтіріліп кететіні байқалады, одан кейін, Үйсін, Қаңлы, Шанышқылы, Албан, Суан мен Ысты тіркеледі. Бұл қателерді қайталағанда П. И. Рычков М. Тевкелевтің жоғарыда көрсетілген кемшіліктеріне ұрынады.

Ұлы жүздің рулық құрамы туралы ХІХ ғасырдың аяғына тән архив қазынасы да бар. «Үлкен Орданың қырғыздары (қазақтары),—дейді ол құжатта,— түгел өздері Үйсін деп аталады. Олар төмендегідей болып бес руға бөлінеді: 1. Дулат, 2. Албан, 3. Жалайыр, 4. Шапырашты, 5. Суан». Оған қоса, бұл құжатта кішігірім рулар мен тайпалар туралы мәліметтер келтіріледі. Жоғарыда аталған рулар Ұлы жүздің құрамына енсе де, олар толық емес. Олардың ішінде Қаңлы, Сіргелі, Шанышқылы, Ысты, Ошақты мен Сарыүйсіндер мүлде жоқ.

ХІХ ғасырдың екінші жартысында кездесетін архивте

Ұлы жүздің рулық құрамы мен саны туралы толық та мол деректер ұшырасады. Онда Үлкен үйсін ордасы Абақ және Тарақтан тұратыны көрсетіледі. Абақ жеті руга бөлініп, Сарыүйсіндер — 1700 шақырақ, Албан — 8477, Дулат — 37672, Суан — 1025, Шапырашты — 1910, Ысты — 7514, Ошақты — 800 шақырақ құрайды. Тарақтан Жалайыр делініп, бұның қатарында Ұлы жүздің құрамына енетін ежелгі Қаңлы, Шанышқылы мен Қатаған рулары қалып кетеді.

Ш. Уәлиханов «Қазақ тарихының Геродоты» деп атаған орыстың атақты шығыстанушысы А. Левшин XIX ғасырдың басында қазақ даласы туралы үш монография жариялап, Ұлы жүз қазақтары хақында еске салып: Үлкен орда Үйсін, Дулат және Сіргеліден тұрады, кейіннен оларға Орта жүзден Қоңырат рулары қосылды дейді. Бұл мәліметтер ұзынқұлақтан жазылып алынған, өйткені А. Левшин Ұлы жүз қазақтарының арасында ешқашан болған емес. Оның жорамалының дұрыстығы Ұлы жүздің үйсіндерден тұратындығы, ал Дулат пен Сіргелінің этникалық тегі туралы ойы жаңсақ. Қоңыраттардың Ұлы жүзге қосылуы да күмәнді, себебі, олар Ұлы жүзбен қанаттас ғұмыр кешсе де, Орта жүзге жатады, бұл туралы қазақ шежіресі мен Қоңыраттардың рулық құрылымын, ата-бабасының тарихын бес саусақтай білетін қариялар жаңылыспай айта алады.

Ұлы жүз құрамы туралы Ш. Уәлихановтың келтіргендері де толық емес. Қазақ ғалымы өзінің Ұлы жүз қырғыз-қайсақ ордасы туралы аңыз бен әпсана мақаласында Ұлы жүз ежелгі монғол халқының үйсінінен шығып, өздері Шыңғыс-ханның замандасы Майқы биден тарайды деп жазады. Одан әрі ол Ұлы жүздің құрамына Жалайыр, Дулат, Албан мен Суан еніп, Дулат руынан бөлінетін, Сарыүйсінге тірелетін Үйсін болып келеді деп көрсетеді. Ш. Уәлиханов бұл орайда бірнеше дәйексіздік танытады. Біріншіден, Үйсіндер монғол халқы емес, екіншіден, Сарыүйсіндер ешқашан Дулат құрамына енбеген. Ш. Уәлиханов келтірген қазақ шежіресіндегі Ұлы жүздің арғы тегі Майқы би деген Рашид ад-Дин дерегіне сай, онда Майқы Үйсін руынан екені көрсетіледі. Алайда, Ұлы жүзді тек бір кісіден, оның ішінде Майқы биден тарады деу халық аңызы болып есептеледі. Шоқан көптеген аңыздар мен қазақ шежіресін салыстыра отырып, Ұлы жүздің ата-тегін түгендеп, Үйсіннен ежелгі рулар: Қатаған (Шанышқылы), Жалайыр, Қаңлы, Ысты, Шапырашты, Ошақты, Сарыүйсін, Албан, Суан мен Дулат тарайтынын нақ-



тылап кетеді. Ол құрастырған шежіреде Төбейден — Үйсін, Үйсіннен — Қойылдыр (Қатаған-шанышқылы, Мекрен (Жалайыр). Майқы (Ысты, Бәйдібек, Шапырашты, Ошақты); Албаннан — Сары (Сүйерқұл, Таубасар) және Шыбыл (Қызылбөрік, Қоңырбөрік) т. б. Ұлы жүздің басқа аталары туралы Ш. Уәлиханов бұндай мәлімет бермейді. Бірақ, бұл қазақ ғалымының ХІХ ғасыр ортасындағы үзік деректері соңғы жылдардағы зерттеушілердің мәліметтері мен біздің күндердің куәларының айтқанымен мольға түседі.

ХІХ ғасырдың аяғында орыс оқымыстысы Н. Аристов түркі халықтарының этникалық тарихын зерттеп, Ұлы жүз тарихын зерттеуге өзінің елеулі еңбектерін арнады. Диқанбай батырдың аузынан жазып алып, Н. Аристов келтіретін Ұлы жүз шежіресі негізінен бергі буынында Ш. Уәлиханов нұсқасымен дәл келіп, арғы жағынан біршама ерекшеленеді. Диқанбай батыр шежіресі қазақтың үш жүзін де бір ата — Әбілқайырдан өрбітеді.

	Әбілқайыр	
Байшора	Жаншора	Қарашора
(Ұлы жүз)	(Орта жүз)	(Кіші жүз)

Бұл шежіреде Адам Атадан бастап, Әбілқайырға дейін 54 ұрпақ келтіріліп, онда ініжіл, араб, парсы және түркі есімдері кездесетінін Н. Аристов атап өтеді. Одан әріде Үш жүздің бастауы Әбілқайырдың өз тұсында рулық одақтар негізін салған тарихи тұлға Әбілқайыр ханның есімімен байланысты екені көрсетіледі. Бұл, әрине, аңыз. Осынау халық мәліметін келтіре отырып, зерттеушінің өзі де қазақтың үш жүзінің арғы атасы тек Әбілқайырға барып тіреліп, халық зердесінде ол буалдыр елес қалдырады деп күмәнданады. Н. Аристов Диқанбай батыр шежіресіне сәйкес былай деп баяндайды: «Байшораның Жұманбай деген баласы болды, одан — Кейкібай, одан — Төбей. Соңғының төрт баласы бар еді: Майқы, Қоғам, Қойылдыр мен Мекрейіл. Майқыдан да төрт ұл туды: Бақтияр, Қаңлы, Қырық жүз, Мың жүз. Бақтиярдың балалары Үйсін мен Сіргелі. Үйсіннен Ақсақал (Абақ таңба) мен Жансақал (Тарақ таңба). Ақсақалдың кіндігінен — Қараша би, одан — Бәйдібек. Бәйдібектің үлкен әйелі Сары бәйбішеден — Сарыүйсін атты ұл; екінші әйелі Зеріптен — Жалмамбет, оның үлкен әйелі Шапыраштыдан — Шапырашты атты ұл, ал екінші қосағы Сыландыдан — Ысты атты ұл, үшінші әйелінен — Ошақты; Бәйдібектің үшінші әйелі Домалақ енеден — Жарық-

шақ атты ұл, одан — Албан, Дулат, Суан тарайды. Дулаттың төрт баласы бар: Ботбай, Шымыр, Сиқым мен Жаныс». Диқанбай батыр түзген үрім-бұтақ осымен бітеді.

Осы мәліметтер негізінде В. В. Востров Ұлы жүз бойынша Н. Аристовтың кестесін жасайды. Одан әрі Н. Аристов басқа да Ұлы жүз шежірешілері, сонымен қатар Южаков, Абрамов, М. Шорманов пен Алатау аймақтық басқармасының 1865 жылғы хабарламасына сүйене отырып, Ұлы жүздің негізгі руларын (Албан, Суан, Дулат, Сіргелі, Ысты, Шапырашты, Сарыүйсін, Жалайыр) талдап кетеді. Мәселен, Сіргелі рулары: байжігіт, қарабатыр, батырлар, ұштаңбалы, елібай, жақабай айтбозым, төрттаңбалы аталарына бөлінеді; Ысты — тілік пен ойық; Сарыүйсін — қалша мен жақып; Шапырашты — екей, есқожа, асыл, шыбыл мен айқым; Жаныс — жарылқамыс, жанту, жантас, жайылмыс, байыс, қараман, қанал, өтеміс, төртқара, шегір; Албан — шыбыл мен сары; Суан — байтөгей, тоқарыстан; Жалайыр — шуманақ (ақдас, мырза, қарашапан, орақты, ақбұйым, қалпе мен сыпатай), сырманақ (арықтыным, байшегір, сиыршы, балғалы, күшік пен қайшылы) болып таралады.

Н. Аристов Ұлы жүз рулары мен тайпаларының қоныстануы, жалпы адам саны, негізгі ежелгі рулардың пайда болуы, ұран мен таңбасына тоқталады. Сөйтіп, онда Ұлы жүз құрамына енетін белгілі рулар қатысып, нақты мәліметтер негізінде олардың мекен еткен аудандары (Жетісу облысының Қапал, Жаркент пен Верный ояздары; Сырдария облысының Әулиеата, Шымкент пен Ташкент ояздары) мен санын келтіреді.

Академик В. В. Радлов өзінің «Сібір мен Монғолиядағы түркі руларына этнографиялық шолу» атты еңбегінде Ұлы жүз қазақтарының рулық құрамын тізіп өтеді. Бұрынғы деректермен салыстырғанда ол толық та емес, дәлсіздіктер мен қателіктерден де ада емес. Сөйтіп, ол Ұлы жүз қазақтарын жасауды түрде екі қанатқа бөледі: Шығыс жағы — Албан мен Суан аталарынан, ал батыс жағы — Сиқым, Жаныс, Шымыр, Ботбай, Темір, Бестаңбалы, Сіргелі, Ысты, Ошақты, Жалайыр мен Жаныстардан тұрады.

Бұл тізбеде Қаңлы, Сарыүйсін, Шапырашты, Шанышқылы мен Дулаттар жоқ. Одан тыс бұнда Дулат руларының жеке аталары мен тармақтарына орын берілген. Ұлы жүз құрамына Кіші жүздің Жаппас руы мүлде жаңылыс кіргізіледі. В. Радловтың дәлсіздіктерін кезінде В. В. Востров та көрсетті.

М. Венюков, А. Краснов, Н. Гродеков, Н. Абрамов және басқа авторлардың Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандардағы қазақтардың мәдениеті мен тұрмысының этнографиялық мінездемесіне арналған еңбектерінде біздің көкейкесті мәселелерімізге қосып-алар соны жайлар тапшы. Тек Абрамов Ұлы жүздің басқа руларын қамтымай, Жалайырдың түп-тұқиянын түгел тарапты береді.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қазақстан аумағында Ресейден қоныс аударғандар үшін бос және ыңғайлы жер алқаптарын айқындау мақсатымен Көші-қон басқармасының бірнеше экспедициясы жұмыс істеді.

XX ғасырдың басында осындай экспедицияның бірі Жетісу уалаятында П. Румянцевтың басшылығымен жүргізіліп, оның бес уезін (Лепсі, Қапал, Жаркент, Верный, Пішпек) зерттеді. Бұл уездер бойынша қазақтар мен орыстардың жер пайдалануы туралы көп-көп томдар жарияланды. Оның беттерінде өлкенің тұрғындары жайында мағлұмат өте-өте көп.

Ұлы жүз қазақтары негізінен Қапал, Жаркент пен Верный уездерінде тұрып келді. Сондықтан олар туралы мәліметтер әр томға іріктеліп, жіктелді.

Сонымен, Қапал уезінде Ұлы жүздің Жалайыр мен Қаңлы; Жаркентте — Албан мен Суан; ал Верный уезінде — Сарыүйсін, Шапырашты, Дулат, Қаңлы, Албан, Жалайыр мен Ысты рулары қоныс тепкені хатқа түсірілді.

Бұл басылымға енген қазақ тұрғындарының құрамы мен тарихы туралы мәліметтер академик В. Бартольд пен Н. Аристовтың еңбектерінен алынып, басқа да экспедицияның жарияланымдары пайдаланылды. Соның нәтижесінде Ұлы жүздің жоғарыда келтірілген руларының үрім-бұтағының кестесі, әсіресе аталған уездер деңгейінде әрі толық, әрі нақты болып шықты.

Осы кітапты түзуде әр түрлі әдебиеттер мен зерттеу қорытындылары кеңінен қолданылып, олар Ұлы жүз қазақтарының осы аймақтағы рулық құрамы, қоныстануы мен саны жөнінде едәуір мәлімет бере алады. Онда түбегейлі кесте болмағанмен, көп сауалға жауап табуға болады.

Кеңес кезеңінде 20-жылдардың басында, мамандығы инженер-теміржолшы Мұхаметжан Тынышбаев қазақ халқының рулық құрамы туралы көптеген мәлімет жинады. Қолда бар шығыс, орыс деректемелерін мұқият зерт-

теп, ел арасындағы шежірені жинап, шағын еңбек жазып, оны 1925 жылы Ташкентте бастырды.

Бұл еңбекте біз Ұлы жүзге қатысты тарауды қарастырамыз. Оның ішінде Ұлы жүз айналасына басқа рулар да топтасқан ежелгі Үйсін, Дулат, Жалайыр мен Қаңлылардың пайда болуы туралы қысқаша тарихи очерк беріледі. Сөйтіп, Ұлы жүздің он бір руы қал-қадарынша зерттеледі. Олардың зәузатын анықтау үшін үлкен ғылыми мәні бар рулар ғана емес, сонымен қатар, көптеген аталардың ұрандары мен таңба белгілері сипатталады. Бұнымен қоса, бұл еңбектегі қазақ халқының рулары мен ірі аталарының ұзын-ыргасындағы саны туралы есеп, үрім-бұтағының тиянақты кестесінің де ғылыми маңызы ерекше. Әлбетте, бұл кесте біркелкі емес, кейбір рулар туралы толық мәлімет берілсе, ал кейбіреуі туралы шағын мағлұматпен шектеледі. Мәселен, Дулат, Жалайыр, Албан, Суан, Шапырашты руларының үрім-бұтақ кестесі бүгінге дейін нақты келтірілсе, ал Сарыүйсін, Ысты, Ошақты, Сіргелі, Қаңлы және Шанышқылылар жайында ұғым ықшам. Біздіңше, бұл жағдай 2—3 рулар тобы туралы автор қолында деректер аз болғанымен түсіндіріледі.

М. Тынышбаев әдеби деректер көзі мен қазақ шежіресінің аңыздарын негізге ала отырып, Ұлы жүз руларының одағын тоңірегіне басқа кішігірім рулар мен аталар топтасқан үлкен үш тармаққа бөледі. Тынышбаевтың пікірінше, бұндай үш үлкен тармақ: Үйсіндер, Жалайырлар мен Қаңлылар. Шын мәнінде олар Ұлы жүз одағы рулық құрамына кіретін рулар мен тайпалардың ішіндегі ең ежелгі және қуаттысы болып есептеледі. М. Тынышбаев үйсіндерден тікелей Дулат, Албан, Суан мен Сарыүйсінді таратса, ал Ысты, Ошақты, Шапырашты мен Сіргелілерді оған кейіннен қосылған деген қорытындыға келеді. Ежелгі қаңлыларға шанышқылыларды да қосылған деп есептейді.

Сонымен, Ұлы жүз құрамына кіретін 11 рудың ең кемінде сегізі үйсіндер деп аталуының өзі Ұлы жүздің халқын Үйсін деуіне негіз береді. Көптеген зерттеушілердің пайымдауынша Сарыүйсіндер үйсіндердің тікелей ұрпағы болып саналып, Дулат, Албан, Суандарға келсек, олар Ұлы жүздің басқа руларына қарағанда, үйсіндер одағының құрамына ертерек енген деп шамалауға болады.

Қазақтың корнекті лингвист-ғалымы, Қазақстан Ұлттық академиясының корреспондент-мүшесі С. Аманжолов өзінің ғылыми ізденістерінде қазақ халқының этникалық

тарихы мәселелеріне жіті назар аударды. Ол докторлық диссертациясының бірінші бөлімін түгел осыған арнады.

С. Аманжолов қазақ халқының этникалық тарихын қазақ тілі тарихының дамуымен ұштастыра қарайды. Өйткені, тілдің генезисі этнос, этникалық топ пен рулардың генезисімен тығыз байланысты. Осы орайда, зерттеуші қазақ халқының Үш жүзіне енетін, ежелгі және ірі рулардың (Үйсін, Дулат, Арғын, Алшын, Жалайыр, Керей, Керейт, Найман, Қарақытай, Меркіт, Қаңлы мен Қыпшақ) генезис мәселелеріне терең деп қояды. Бұларға қосып, ғалым үш жүздің тоғысында рулар мен аталардың тізімін келтіреді. Сонымен, С. Аманжоловтың айтуынша, Ұлы жүздің құрамына 23 ру мен аталар кіреді: Қаңлы, Үйсін, Сарыүйсін, Дулат, Шанышқылы, Ысты, Тілік, Сиқым, Жаныс, Ошақты, Бекболат, Жалайыр, Бестаңбалы, Шымыр, Шыңқожа, Қоралас, Суан, Албан, Ботбай, Сәмбет, Төлетай, Сіргелі мен Шыбыл; Орта жүздің құрамына төменгі 24 ру мен аталар: Арғын, Найман, Қыпшақ, Керей, Қоңырат, Саңғыл, Маңғытай (немесе Маңғатай), Бағаналы, Мапсыр, Тарақты, Сарыжомарт, Садыр, Матай, Уақ (немесе Уақ-керей), Қаракерей, Бұра, Ергенекті, Терістаңбалы, Абақ керей, Қытай қыпшақ, Сыбан керей, Қаба керей, Буырылсары керей т. б.; ал Кіші жүз құрамына төменгі 33 ру мен аталар кіреді: Алшын, Алтын, Алаша, Арғын, Әлім, Беріш, Адай, Жүй, Есентемір, Жаппас, Қаракесек, Кердері, Масқар, Керейт, Тама, Табын, Терістаңбалы, Оңтаңбалы, Таздар, Рамадан, Телеу, Төртқара, Сунақ, Қарасақал, Шөмекей, Шекті, Шеркеш, Тана, Қызылқұрт, Шықтар, Кете, Байбақты, Қаракесек.

Әрине, бұл тізім онша толық емес. Бұны ғалымның өз алдына қазақ рулары, аталары мен жүздерінің тегін құруды мақсат етпегендігімен түсіндірген ләзім. Қазақ тілі тарихының пәзік пірімдерін түсіндіру үшін осы қысқа тізімнің өзі де жеткілікті болуы мүмкін.

С. Аманжолов рулар мен рулық одақтар генезисі мен тарихын анықтау үшін таңба белгілерін, ұрандарын салыстыра отырып, талдап көрсетеді. Бұл өлшемдердің бәрі С. Аманжолов зерттеулерін салмақты етіп, біздің жұмысымызға недәуір септігін тигізеді.

XX ғасырдың 50—60 жылдары Қазақстан Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты «КСРО халықтарының тарихи-этнографиялық атласы» деген Бүкілодақтық кешенді тақырыпты игеруге атсалысты, ондағы бағдарламада қазақ хал-

қының тарихи этнографиясын зерттеу біздің үлесімізге тиген болатын.

Бұл еңбекте ертеден Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз үш рулық-тайпалық одаққа бөлінетін қазақ халқының құрылу құрамын зерттеу көзделген еді. Осынау тарауларды жазу этнографтар В. В. Востров, М. С. Мұқановқа жүктелді. В. В. Востров Ұлы жүз бен Кіші жүздің тектік құрылымын зерттесе, М. С. Мұқанов Орта жүзге байланысты деректерді бір ізге түсірді. Ғалымдар жылдар бойы архив, әдеби және басқадай деректерді мұқият қарастырып, көлемді монографиялық жұмысты тындыру үстінде еңбектенді. Ақыры, олар 1968 жылы академик Ә. Х. Марғұланның басшылығымен ол кітапты жарыққа шығарды. Бұл еңбекті кезінде ғылыми қауым жоғары бағалады. Аталмыш монографиялық жұмыс Кеңес дәуіріндегі қазақтардың этникалық тарихы жайындағы алғашқы зерделі зерттеулердің бірі. Біздің тарауымыз Ұлы жүз руларының құрамы туралы болғандықтан, В. В. Востровтың тұжырымдарына жанама болса да тоқтала кетеміз.

Ұлы жүз рулары тегінің кестесін жасау үшін қазақ шежіресі туралы пайымдаулар жеткілікті болмағаны байқалады, себебі тізбе жалпы деңгейден 3—4 есе кем түзілген. В. В. Востровтың да бұл орайда төрт мәлімет берушінің есімін (екеуі Талдықорған, екеуі Қызылорда облысынан) атауының өзі дәлел бола алады. Одан тыс рулар мен аталардың қоныстануы мәселелерінің уездер бойынша қарастырылуы монографиялық зерттеудің міндеттеріне кірмейді. Соған қарамастан, бұл кітап біздің проблемаларды шешу жолындағы өте құнды дерек көзі болып табылады. Тағы басқа қажетті мағлұматтар 12 томдық Қазақ энциклопедиясынан алынып отырды. Бұл сирек басылым қазақ халқы өмірінің бүкіл саласын, оның пайда болуы, этникалық, азаматтық және саяси тарихын, шаруашылық-мәдени, дәулеттілігі мен рухани мәдениетінің жиынтығын қамтиды.

Біз өз жұмысымызда Қазақ энциклопедиясындағы Ұлы жүздің рулары мен аталарына арналған мәліметтерді түгел пайдаланғанымызды айта кетеміз. Әрине, бұл жарияланымдардың бәрі біркелкі емес, біреуі негізінен нақты деректерге сүйеніп, толық және тиянақты жазылса, екіншісі туралы олай деуге қиянат, ал үшінші біреуі атүсті, үстірт баяндалады. Оның себебі асығыстық, деректер көзінің жоқтығы, кейбір рулар мен аталарға берілген көлем тапшылығымен қатар, қазақ шежіресі мен басқа

да тарихи мағлұматтарды ықшамдап қолданғандық деп ойлауға болады. Әйтсе де, Ұлы жүз рулары тегінің кестесін жасағанда, ол бізге көп септігін тигізді.

Бұл тақырыпты игеруге, Ұлы жүз рулары тегінің кестесін жасауда өзге әдеби мәліметтермен қатар, қазақ шежіресі бойынша біз атқарған біраз зерттеу жұмыстарының орны ерекше. Сөйтіп, 1958 жылдан бастап, осы еңбектің авторына Ұлы жүз туралы білікті кісілерден құнды деректер жинауға тура келді.

**Бұндай шежірешілер:** Жамбыл облысы, Құлан аулының тұрғыны, 76 жастағы (Сықым) Оңалбек Оразбеков; Шымкент облысы, Созақ ауданы, Жуантөбе кеңшарының тұрғыны 65 жастағы (Тама) Әбдуәлі Қондыбаев; Шымкент облысы, Алғабас ауданы, Алғабас кеңшарының тұрғыны 70 жастағы (Сіргелі) Тәжібай Бердібаев; Шымкент облысы, Төрткүл ауылының тұрғыны, 70 жастағы (Ысты руының Қарақойлы атасынан) Қожатай Төлеков; Жамбыл облысы, Шу ауданының тұрғыны, 1896 жылы туған (Дулат руының Ботбай атасынан) Смайыл Қалипанов; Жамбыл облысы, Талас ауданының тұрғыны, 1887 жылы туған (Ысты) Жақыбай Балтабаев; Жамбыл облысы, Талас ауданы, Үшарал кеңшарының тұрғыны, 1889 жылы туған (Ошақты) Мықтыбай Мұқамбетов; Жамбыл облысы, Сарысу ауданының тұрғыны, 1895 жылы туған (Ысты) Орыштай Тұрғымбетов; Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданының тұрғыны 1909 жылы туған (Жалайыр) Әбділда Тәженев; сол ауданның тұрғыны, 1891 жылы туған (Жалайыр) Камал Дүйсембаев; Жамбыл облысы, Талас ауданы, Кеңес кеңшарының тұрғыны, 1904 жылы туған (Шапырашты) Көшербай Құлыбеков; Талдықорған облысы, Бақтыбай ауданы, Куйбышев атындағы қой шаруашылығы тұрғыны 1899 жылы туған (Жалайыр руының Мырза атасынан). Қожахмет Нұрлыбаев; Талдықорған облысы, Бақтыбай ауданы, Жаршапқан аулының тұрғыны 1910 жылы туған (Жалайыр руының Андасы) Нұрғазы Иманғазиев; Талдықорған облысы, Гвардия ауданы, Киров атындағы кеңшардың тұрғыны, 1891 жылы туған (Жалайыр руының Сыпатайы) Әбілқасым Жаңтайлақов; Талдықорған облысы, Бақтыбай ауданы, Мұсабек атындағы кеңшардың тұрғыны, 1894 жылы туған (Жалайыр руының Орақтысы) Әлдибек Естаев; Талдықорған облысы, XXII партсъезд атындағы ұжымшар тұрғыны, 1894 жылы туған (Жалайыр), Байжомарт Дәндебаев; 1904 жылы туған (Жалайыр руының Андасы) Шайық Самалтыров; Талдықор-

гап облысы, Бақтыбай ауданының тұрғыны 1901 жылы туған (Жалайыр руының Сыпатайынан) Бекмұхамбет Байтұрбаев; Талдықорған облысы, Бақтыбай ауданы, Мұсабек атындағы кеңшардың тұрғыны, 1891 жылы туған (Жалайыр руының Сыпатайы) Әбділда Борапбаев, сол ауылдың тұрғыны 1900 жылы туған (Жалайыр) Бекқожа Біләлов, сол ауылдың тұрғыны 1920 жылы туған (Жалайыр Күшік атасынан) Әбіләкім Қилыбаев; 1916 жылы туған (Жалайырдың Күшік атасынан) Хамза Шүмекбаев; 1902 жылы туған (Жалайырдың Қарашапаны) Нұржыман Кенжедосов; Талдықорған облысы, Бақтыбай ауданының тұрғыны 1879 жылы туған (Жалайыр руының Қарашапаны) Сапарғали Майсұтов; Талдықорған облысы, Гвардия ауданы, Киров кеңшары, 1890 жылы туған (Жалайырдың Мырза атасынан) Базарбек Жолдынов; Талдықорған облысы, Бақтыбай ауданының Жаршапқан аулының тұрғыны 1892 жылы туған (Суан) Кіпәз Дәуітәлиев; Алматы облысы, Шелек ауданы, Қызылжиде аулының тұрғыны, 1905 жылы туған (Қаңлы) Нұрыш Түсіпов, сол ауылдың тұрғыны 1938 жылы туған (Сарықаңлы) Стап Мақашев; Алматы облысы, Шелек ауданының тұрғыны, 1905 жылы туған (Албан) Ысқан Мамаәділов; Алматы облысы Шелек ауданы, Бірінші май қалашығының тұрғыны, 1924 жылы туған (Найман) Файзолла Балмағамбетов; Алматы облысы, Шелек ауданы, Қызылжиде кеңшарының тұрғыны, 1897 жылы туған (Албан руының Қыстығы) Алмабай Шынасылов, сол ауданның тұрғыны 1885 жылы туған (Албан руының Қоңырбөрігі) Әкімбай Сәкеев; Алматы облысының Таутүрген аулының тұрғыны, 1899 жылы туған (Албан руының Қоңырбөрігі) Әжімұрат Жапаров; Алматы облысы, Бірінші май қыстағының тұрғыны, 1910 жылы туған (Албан руының Қызылбөрігі) Көмек Жаныманов; Алматы облысы, Шелек ауданы, Қызылжиде кеңшарының тұрғыны 1904 жылы туған (Албан руының Шажасынан) Байділда Әнісов; 1916 жылы туған (Жалайыр руының Күшігінен) Керім Жомартов; 1890 жылы туған (Жалайыр руының Күшігінен) Қосбай Кенжебаев; Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл атындағы кеңшардың тұрғыны 1897 жылы туған (Шапырашты) Сәрсенбек Көпбаев; Алматы облысы, Жарсу кеңшарының тұрғыны 1928 жылы туған (Шапырашты руының Шыбылынан) Қожахмет Кәрібаев; Алматы облысы, Амангелді атындағы кеңшардың тұрғыны, 1905 жылы туған (Шапырашты руының Есқожасы) Жүнісбек Өмірбеков; Алматы облысы, Тау-



түрген аулының тұрғыны, 1900 жылы туған (Шапырашты руының Төлемісі) Жұмабай Жаманбалаев; Алматы облысы, Есік ауданы, Жарсу кеңшарының тұрғыны 1905 жылы туған, (Шапырашты руының Жеке тармағынан) Ыдырыс Сүлейменов; Алматы облысы, Амангелді атындағы кеңшардың тұрғыны, 1898 жылы туған (Шапырашты) Әнжесбай Жүсіпов; Алматы облысы, Кеген ауданы, Тоғызбұлақ аулының тұрғыны, 1884 жылы туған (Албан) Көпболсын Тұрсынов.

Әрине, бұл жазып алынған шежірелердің бәрі көлемі, маңызы, қамтуы жағынан әр түрлі. Кейбіреуде бүкіл үш жүзді әрқалай көрсететін шежіренің қолжазбасы болса, басқа біреулерде Ұлы жүздің бірнеше руын сипаттайтын шежіре, ал үшіншісінде тек өз ата-тегін қамтыса, төртіншілері жеті атасына дейінгі буынды ауызша таратып, баз біреуі жанама тармақтарына соқпай, 7—12 ата-бабасына дейінгі мәліметпен шектеледі. Қалай болғанда да Ұлы жүздің шежіресі туралы құймақұлақ ақсақалдардың деректері бізге тарихи мағлұмат көзін толықтырып, үрім-бұтақ кестесін бүге-шігесіне дейін дәл анықтап, әсіресе, оны төменгі деңгейге дейін таратып беруге көп жәрдемдесті. Шежірені архив және әдебиет көздерімен салыстыра отырып, Ұлы жүз руларының этникалық құрамының толыққанды түзілісін айқындаудың мүмкіндігі туды.

Сонымен, жоғарыда келтірілген деректерге шолу ХІХ ғасырдың аяғы және ХХ ғасырдың басындағы Ұлы жүздің нақты рулық құрылымын анықтауға мүмкіндік береді: Сарыүйсін, Дулат, Албан, Суан, Сіргелі, Ысты, Ошақты, Шапырашты, Жалайыр, Қаңлы, Шанышқылы (Қатаған). Бұл әрбір ірі рулар өз тарапынан аталарға жіктеліп, одан әрі кішігірім этникалық топтарға бөлініп кетеді. Бұл рулар мен тайпалар бір кезде А. Бернштам, Н. Аристов пен В. Востров жазғандай, үйсіндер бастаған үлкен рулық одақтың құрамына енген.

## II тарау

### ҰЛЫ ЖҮЗ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ҚОНЫСТАНУЫ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Жоғарыдағы тараудың соңында ең кемінде XIX ғасырдың аяғы және XX ғасырдың басында көптеген әдеби деректер мен мәліметтерге орай, Қазақ шежірелеріне сәйкес келетін Ұлы жүз руларының құрамы келтірілді. Бұл мағлұматта Ұлы жүздің үйсіндері жоқ, алайда ел ішінде көбінесе, Ұлы жүзді — Үйсін, немесе Ұлы жүз-үйсін деп қатар айта береді. Өйткені ежелгі үйсіндер төңірегіне топталған әуелгі рулар қауымдастығы кейіннен Ұлы жүздің ұйтқысы болып, тұтас тайпаға өз атын қалдырды. Сондықтан бүкіл Ұлы жүз руларына енетін тайпалардың этникалық құрамын анықтау үшін өзара терең тамырластық бар үйсіндерге тоқтала кетудің реті келді.

### ҮЙСІНДЕР

Сарыүйсіндер, ұраны — «Байтоқ», таңбасы — †

Көптеген тарихи деректемелер бір ауыздан үйсіндердің қазақтардың ғана емес, күллі Орта Азия аймағындағы басқа түркі халықтарының этникалық тарихында үлкен маңыз атқарған Жетісудағы көне түрік руларының бірі екенін айтады. Жетісу үйсіндері туралы тұңғыш мәліметтер біздің дәуірге дейінгі II ғасырдағы қытай жазба деректерінде кездеседі, олардың түтін басы сол кездің өзінде 120 мыңға жетіп, 630 мың адам және 188 800 әскер шығара алатыны шежіреге түскен. Бұның бәрі олардың үлкен де күшті халық болғанын көрсетеді, тіпті олармен қытайлар да, ғұндар да есептесіп отырған. Қытай императоры үйсіндермен үнемі елшілік алмасып келді. Бірде Үйсін әміршісі (Гуньмо) Шын еліне жаңа елшілік жіберіп, қытай ханшасын айттырып, оған қоса 1000 жылқы беруін талап етеді. Оның тілегі орындалып, ханша үйсіндердің қартайған патшасына тоқалдыққа ұзатылады, ал

оның бәйбішесі ғұн билеушісінің қызы еді. Өмірде басқа әдет-ғұрыптарда тәрбиеленген ханша далада құса болып, киіз үйде тұрып, ет жеп, сүт ішетін қарт патшаға тиген мұңын шағып, тағдырын өлеңге қосты.

Бұдан біз Үйсін әміршісінің патшалармен неке байланыстары, олардың ғұндармен тығыз тізе қосып, қатар ғұмыр кешуін көреміз. Олардың өзара соғысып, бірақ бейбіт күндері неке одақтарын жасауға дейін келісіп, патшалар отбасы араласқаны және олар көбінесе саяси сипат алатыны аян.

Бичуриннің дерегі бойынша, үйсіндер әуелгіде Булунцзир өзенінің алқабында Дун-Хуан мен Унлян-шань маңында көшіп-қонып жүрді. Бұл өлке Жетісудан недәуір шығысқа қарай жатыр, бірақ Қазақ ССР тарихы 1-томының авторлары қазіргі археология мен палеантропология жетістіктеріне сүйеніп, сақтар мен үйсіндердің тамырластығын дәлелдеп, күмәнді сейілтіп, Жетісудың кең-байтақ жері олардың ата жұрты деп есептейді.

Қытай деректері бойынша, Жетісу үйсіндері туралы біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырдан бастап мағлұмат жетіп отыр, әйтсе де бұл бұған дейін үйсіндер болмады деген сөз емес.

Қазақ ССР тарихы авторларының пайымдауынша, үйсіндердің күшті тайпалары Жетісу өдірінде біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырларда өмір сүрді, ал лингвист С. Аманжолов «Қыпшақтар, қырғыздар және қаңлылармен қатар үйсіндер де түріктердің ежелгі тайпасы болып табылады. Олар қаңлы және қыпшақтармен қатар, біздің дәуірімізге дейінгі IV—II ғасырларда белгілі бола бастады» деп есептейді.

Әрине, үйсіндердің қонысы ол кезде ұзыннан-ұзақ созылып, Жетісудан шығысқа қарай Шығыс Түркістанға дейінгі кең-байтақ жерді алып жатты. Оның үстіне кеңес археологы, профессор Н. А. Бернштам Жетісу тарихы жайындағы өз зерттеулерінде шығыс үйсіндерінің көші-қоны туралы пікірді мүлде жоққа шығарып, Жетісудағы Сақ пен Үйсін тайпаларының тұрғылықты екенін алға тартады. Бұл тұжырымды Қазақстан археологтары К. Ақышев пен Г. Кушаев та қуаттайды.

Белгілі саяхатшы Г. Грумм-Гржимайло мен Қазақстан тарихшысы Ю. Зуев өз еңбектерінде үйсіндердің отаны алыс шығыс жақта болғанын атап өтіп, олар біздің дәуірімізге дейінгі II ғасыр ортасында батысқа қарай ойысып, Жетісуды жаулап алды деседі.

Белгілі шығыстанушы С. Малов та Жетісудан шал-

гай шығыстағы көне түріктің тасқа басқан жазбаларында, Тонықок туралы жыр ескерткішінде үйсіндер жөнінде де жазылғанын, Рашид ад-Диннің шежіресінде үйсіндер ордасы туралы хабарлайтынын сипаттайды.

Сондықтан бірқатар әдеби деректер үйсіндердің Жетісудан тарайтынына ден қойса да, көне жазуларды да назардан тыс қалдыруға болмайды. Соған байланысты В. Востров пікірінің жаны бар. «Жетісу үйсіндерінің пайда болуы туралы ойға келсек, үйсіндердің шығыстан шығуы жайындағы көне жазбалар қалай айқын және дәл болса, Жетісу үйсіндері туралы мағлұматтар да сондай. Шынында да бұл өте күшті өңіп-өскен ру, нақты айтқанда, еркін де кең қанат жайған тайпалар одағы болып табылады» деп жазды ол.

Қалай дегенде де, біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда үйсіндер Жетісу өңіріндегі Сақтар одағына енді. Бұдан кейін әр түрлі тарихи жағдайлар, өзара шапқыншылық пен қантөгіс соғыстардың салдарынан үйсіндердің әскери-саяси маңызы әсіресе, Жетісуда жужандардың билігі тұсында (б. д. IV—VII ғасыры) әлсіреп, Тянь-Шань тауларына қарай ысырылып, біздің дәуіріміздің V ғасырынан бастап, В. Бартольд тұжырымдап, А. Бернштам куәландырғандай, үйсіндер туралы әдебиетте VI ғасырда ешқандай мағлұмат келтірілмейді. Демек, бұл үйсіндер басқа этносаяси бірлестіктердің, нақтыласақ, Батыс түрік қағанаты және одан кейінгі ерте феодалдық мемлекеттердің құрамына кірді.

Шығыс Жетісу өңіріндегі археологиялық қазбаларға (Ақтас-2 мекені, Ақтас-1, 4, 6, Ақтау қорымдары) қарағанда, үйсін мәдениеті бұрынғы үйсіндер мекен еткен жердің бәрінде дәуірледі, тіпті X ғасырдан бастап, қытайдың жазбаларында үйсін рулары туралы қайтадан мәліметтер кездесіп отырады. Қазақстандағы үйсіндер елі туралы XV ғасырда араб жиһанкезі Мосуди де жазды.

М. Тынышбаев өз еңбегінде V ғасырдан бастап жазба деректерде үйсіндер туралы кездеспейді деген тұжырымға келеді. В. Бартольдтің пікіріне қарсы шығып, Қазақстан аумағында басқалармен қатар үйсіндер және олардың ұрпақтарының бертінге дейін өмір сүріп келгеніне дәлел келтіреді.

Біріншіден, шежіре бойынша ежелгі дулулардың тікелей үрім-бұтағы дулаттар сол аймақта өмір сүріп, Ұлы жүз құрамына ене, саны көп ру ретінде қалыптасып, мәшһүр тұлғалардың бастауымен түрлі-түрлі тарихи оқи-

ғаларға қатысқан. Бұдан тыс ол XIII ғасырдың ортасында Персияға өткен Құлағу ханның әскерімен бірге барған моңғолдардың аузынан жазылып алынған Рашид ад-Диннің «монғол тарихын» келтіреді. Құлағу ханның сарбаздары Жетісуды көктей өткенде Шағатай әулетіне бағынатын Шу бойындағы үйсіндерді ұшырастырады. Оған қоса Ташкент маңайында XX ғасырдың басында тұрғындары үйсін деп аталатын үйсін қыстағы болғанын атап өтеді.

Сонымен, Ұлы жүз құрамына кірген бүкіл руларды қазақ шежіресі үйсіндер деп атайды. Біздегі қолда бар мағлұматтарға қарағанда, Ұлы жүзден (Ақарыс, Ақшора, Байшора, Үйсін) Жұман тарайды, одан — Кейкі би, одан — Төбе би, одан — Майқы, Қоғам, Қойылдыр мен Мекрейіл. Ал, Майқыдан — Бақтияр, Қырық жүз, Мың жүз, Бақтиярдан — Ойсыл мен Үйсін. Ойсылдан — Сіргелі, ал Үйсіннен — Ақсақал мен Жансақал шығады. Жансақалдан — Жалайыр, Ақсақалдан — Қараша би, одан — Бәйдібек. Бәйдібектің бірінші әйелі Сары бәйбішеден — Сарыүйсін, екінші әйелінен — Жалмамбет, үшінші әйелінен — Жарықшақ. Жалмамбеттің бірінші әйелі Мапыраштан — Шапырашты, екінші әйелі Сыландыдан және үшінші әйелінен — Ошақты мен Ысты атты ұлдар тарайды. Жарықшақтан — Албан, Суан мен Дулат атты ұлдар өрбиді. Қоғамнан барыц — Қаңлы, Шанышқылы мен Қатаған өніп-өседі. Ұлы жүз құрамына енетін бүкіл рулардың алтын діңгегі осындай.

М. Тынышбаев осы үрім-бұтақпен сәйкестей отырып, бұл руларды басқаша топтауды ұсынады — Ұлы жүз үш тармаққа бөлінеді: 1. Үйсін. 2. Жалайыр. 3. Қаңлы. Үйсіндерге Албан, Суан, Дулат, Сарыүйсіндер және оған қосылатын Шапырашты, Ошақты, Ысты, Сіргелі жатады; Жалайыр оқшау да, Қаңлыға Шанышқылы мен Қатағандар қосылады.

Бұдан байқалғандай, Ұлы жүздің құрамында тарих пен аңызға сүйенсек, ежелгі және бертініректегі үйсіндердің тікелей жалғасы Сарыүйсін тайпасы болып есептеледі.

Сарыүйсіндердің шығу тегі туралы И. Казанцев пен Н. Аристов аңыз-әңгімелер келтіреді. Н. Аристов бойынша, Сарыүйсіннің Қалша және Жақып деген екі ұлы бар. Қазақтың пайда болуына байланысты аңыз соған қатысты.

Аңыз айтатындай, Қалша Қадыр деген біреу қазақ даласын көктей өтіп бара жатқан жаулаушының әскер-

басы болыпты; әбден қалжырап аптап бұралып, шөлден қаталаған кезде, оны аспаннан түскен қаз (ақ қаз) ажалдан құтқарыпты, сөйтсе ол мейірбанды перінің қызы болып шығып, Қалша Қадырмен некелескен екен. Олардың үрім-бұтағы қазақ аталып кетіпті. В. Бартольдтің мәліметі бойынша, Қалша Қадыр тарихи тұлға, бұл татар ханын 1218 жылы бір жағынан Шыңғыс-хан, екінші жағынан Хорезм сұлтанының әскері қуғынға ұшыратады. Үйсіндер мен Сарыүйсіндердің ежелгі татарлармен жақындығын сөз жоқ мойындамасқа болмайды. Бұл аңызға байланысты С. Аманжолов «Қазақтардың тегінде, жоғарыда көрсеткеніміздей, үйсіндер, демек, қазақ халқы өзінің бергі атасы Сарыүйсін руынан шықты дегенге ишара жоқ» деп нақты атап өтеді. Әрине, Сарыүйсіндер бір ата болғанымен Ұлы жүз құрамына енетін ру, соған қарамастан С. Аманжолов ескертпесінің дұрыстығын атап өткен жөн.


Сарыүйсін руының этникалық құрамы жайында мәлімет там-тұм. Сондықтан әдебиеттегі небәрі кейбір деректермен шектелеміз. Сарыүйсіндер Ұлы жүздің басқа руларына қарағанда, онша көп емес. Мәселен, Н. Аристов XIX ғасырдың 60-жылдарында Сарыүйсіндер Жетісу облысы, Верный уезінің Сарытауқұм болысында 1200 шаңырақ, олардың аздаған бөлігі Сырдария уәлаятының Шымкент пен Әулиеата уездерінде тұрады деп хабарлайды. 1897 жылғы мәлімет бойынша, Сарытауқұм, Мойынқұм, Шу мен Қарақатты өзендерінің бойында тұратындарының түтін саны 1700-ге дейін жеткен, ал М. Тынышбаевтың келтіруінше, 1917 жылы Жетісу уәлаяты Верный уезін 10 мың Сарыүйсіндер қоныстанған.

Көптеген авторлар (М. Тынышбаев, С. Аманжолов, В. Востров) Сарыүйсін руы тегінің құрамы туралы айтқанда оның екі ұлы болғанымен шектеледі: Сарыүйсіндердің екі атасы Қалша мен Жақып есімімен аталады. Сарыүйсін руының тегі туралы деректі Алатау округтік басқармасының 1865 жылғы тізімінің негізінде жасаған жұмысында Н. Аристов келтіреді, Сарыүйсіннің Қалша мен Жақып атты екі ұлынан басқа «қазіргі кезде Сарыүйсіндер 1200 шаңырақ, олар Жетісу уәлаяты Верный уезінің Сарыүйсін болысын құрайды, сөйтіп Іле өзенінің оң жағасындағы Күрті өзенінің солтүстігінде Қаратораңғы шатқалындағы Сарытауқұм қонысын Көкімбет (100 үй), Жанай (100 үй), Жолай-Танай (100 үй), Жан-Досай (200 үй), Құлыке-Қырық (200 үй) — бәрі 700 үй — аталары жайлайды. Бұл Сарыүйсіндердің негізгі

тобы, ал жекелеген бөлігі Шымкент пен Әулиеата уездерінде шашырап өмір сүріп жатыр.

Жоғарыда аталған Сарыүйсін рулары бұрын Іле өзенінің оң жағын қоныстанып келсе, Түркістан генерал-губернаторлығы құрылғаннан кейін Қанал мен Верный уезінің шекарасын Іле өзені бөліп тұрғандықтан, түбі бір тумс Дулаттарға жақындап, сол жағалауға өтті.

Сөйтіп, бізге мәлім әдеби деректерді салыстыра қарап, мойындауымыз керек, өте-мөте жадағайлау Қалша мен Жақып атты екі үлкен атаға бөлінетін Сарыүйсіндер руы түп-тегін толық жасай алғанмыз жоқ. Қалша өз кезегінде екі: Қайқы мен Сопы аталарына жіктеледі, ал Жақып жеті атадан тұрады: Кәкімбет, Жанай, Жоллай-Танай, Жаңдосай, Күлеке-қырық, Баба мен Солтанқұл. Өкінішке қарай, деректердің аздығынан үрім-бұтақтың тұтас кестесін жасаудың мүмкіндігі болмады.

Сарыүйсіндердің де ұраны «Байтоқ». Дулаттарға алтыншы атадан барып қосылады. Сарыүйсіндердің рулық таңбасы астында айқышы бар (  ), төртбұрыш болып келеді. Сарыүйсіндердің осы рулық ұраны мен таңбасы бізге белгілі күллі деректер мен ел арасынан жинаған жазбаларда бір ауыздан мақұлданады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Сарыүйсін руы Іленің оң жағасындағы Күрті өзенінің сағасындағы Сарытауқұм ұшы-қиырсыз өңірін қоныстанған болатын. Сарыүйсіндердің тұрмыс тіршілігі мен өмір деңгейі Верный уезіндегі өз ата қонысының ауа райына байланысты болып келді. Сарыүйсіндердің Әулиеата уезін жайлаған аздаған тобының қонысы Құлдауыт, Шу мен Талас өзендерінің бойындағы Мойынқұм. Сондықтан Верныйдың да, Әулиеатаның да Сарыүйсіндері негізінен малмен айналысты. Олар қыстауларда қора-қопсы салған емес, қой мен ешкіге сексеуілден ашық шарбақ жасап, өздері киіз үйде тұрып жатты. Түйе, қой, ешкі, жылқы өсіріп, ірі қара малды аз ұстады. Көші-қонда түйені, жылқыны пайдаланды, ілуде бірен-саран жарлы-жақыбайлар лауға өгізді жекті. Суды құдықтардан тартып, мүмкіндік болған тұста өзен суаттарын, ал қысты күні қарды тұтынды. Қысқа қарай арнайы жем-шөп әзірлеген жоқ. Егіншілік кәсібімен айналыспады. Там-тұм егін өнімдерін (тары, бидай) көрші диқанدارдан айырбастап алып отырды.

Сарыүйсін руларының (Қалша мен Жақып) қыстауы Күрті өзенінен басталып, Іленің оң жағалауына дейін

созылып жатқан Тауқұм, Бұйратқұм, Ұялықесік, Жпек, Ақкесік, Жусан, Жолбарысты-раңды, Ақтоғай, Қарашеңгел, Көкжиде, Шоксуат өңіріне орналасып жүрді.

Көктем мен күзде Сарыүйсіндер Іле өзенінің жағалауын қоныстанып, көп шаруашылық сол жерді жайлады, тек ірі байлар жазғытұрымға қарай қойнау-қойнауға көшіп кететін. Мәселен, Сарыүйсіннен шыққан мыңғырған бай Қали Қарой шатқалында 12 мың бас қой өргізді, бірнеше әйел алып, қыстауда бірнеше қора салдырып, тіпті Верныйдың өзінде үлкен әулеті бар үйі болды. Оның тоқалынан туған Қазақстан Республикасының халық әртісі Гүлжаһан Ғалиева Алматыда дүниесалған. Қали Орта Азия, Сібір мен Орынбор арасында қоймен сауданы кеңінен жолға қойды. Қазан төңкерісінен кейін ол бүкіл мал-жанын Кеңестерге өткізіп, отбасымен Қытайға кетіп, сонда қайтыс болды.

Қалша руынан тараған кішігірім шаруашылықтар Сарыүйсіндердің оңтүстік шекарасында көктем мен күзде өз отарын Желбұлақ, Айдарлы, Аяққұдық, Қапшағай, Жпек, Күрті, Қараторлаңғы маңайында өрістетіп, көбісі осында жайлап, ең ауқаттылары Қараойға дейін көшіп-қонып жүрді.

Әулиеата уезіндегі Сарыүйсіндер Құрағаты өзенінің Шуга құятын сағасының сол жағалауына қыстап жүрді. Ал, Сарыүйсіндердің екінші бір шағын тобы бұл уақытта Талас өзені бойында қоныс тепті. Сарыүйсіндердің көктемгі-күзгі қонысы Шу мен Талас, Мойынқұм өңірінде болып, жазда Іле Алатауының альпі шабындықтарына бауыр басатын. Шу мен Таластың Сарыүйсіндері ішінара егіншілікпен айналысты. Негізінен қыстауларға жақын жерде кедей жатақтар қалып, егін салып, тары, бидай мен бау-бақша өсірді.

Сарыүйсіндердің өмірінде бәрібір мал шаруашылығы өнімдері айрықша маңыз алды. Күллі заттық мәдениеттің нышандарында, азық-түлік, киім-кешек, үй-орман, тұтынатын бұйымдарға дейін үй жануарлары ерекше орын алатын еді.

Сонымен, түріктің ежелгі руларының бірі — үйсіндер қазақ халқының ғана емес, басқа да түрік халықтарының этникалық тарихында үлкен маңыз атқарды. Бұл жөнінде төңкеріске дейінгі де, одан кейінгі де зерттеушілер дер кезінде жазды. Мәселен, Н. Аристов қырғыз бен өзбек халықтарының құрамында үйсіндер мен сарыүйсіндердің болғанын атап өтсе, М. Тынышбаев үйсіндер қырғыздар, қарақалпақтар, өзбектер, түрікмендер мен қырым



татарлары, қашғарлар мен аугандықтардың этникалық құрамында да бар деп есептейді, ал С. Аманжолов үйсіндердің қырғыздар, өзбектер, қазақтар, татарлар, ноғай және тіпті монғолдар арасында болғаны туралы дерек келтіріп, В. Востров үйсіндер мен сарыүйсіндердің қазақтардан басқа қырғыздар және өзбектердің ішінде болғанын көрсетеді. Бұл үйсіндер мен сарыүйсіндердің өзге түрік халықтарының этникалық құрамында болғанын айғақтайтын авторлардың түгел тізімі емес, үйсіндердің ықпалын сезінген халықтар тізімі түгел деп әлі айта алмаймыз.

## ДУЛАТ

Ұраны — «Бақтияр», таңбасы — ○

Қытай жазбаларында «Дулу» атымен белгілі болса, парсы деректеріндегі «Дуглат» — қазақ халқының этникалық құрамына енетін ежелгі түрік тайпасы. Н. Бичуриннің мәліметі бойынша, Дулаттар біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырда үйсіндер сияқты Алтайдың шығысына тамап өмір сүрді. Тіпті, Дулу тайпасы Үйсін Одағының құрамына енген. Белгілі орыс шығыстанушысы Н. Аристов Дулу тайпасы біздің дәуірімізге дейін өмір сүрген, өйткені оның бір құрамы біздің дәуіріміздің II ғасырында ғұндармен бірге Қытайдан шығып, Қазақ даласын басып өтіп, батысқа қарай қозғалды деп есептейді. Дулу тайпасының көсемдері Дунайдың арғы бетінде Болгар патшалығын құруға септігін тигізеді. Одан әрі Н. Аристов біздің дәуіріміздің V ғасырында Батыс Монғолия, Қазақстан, Алтай мен Тянь-Шань аралығында қалған Дулудың бөлігі қытай деректерінде Тулу атымен белгілі дейді. VII ғасырда көшпелілердің Батыс түрік ханына бағынатын бұл өлкедегі бес аймақ дулу аймағы деп аталып, түрік тайпаларының арасында алдымен ауызға алынады.

Бұл орайда мынадай жай қызықты болып көрінеді: «Қытайлар VII ғасырда Тянь-Шань мен Алтай арасын мекендеген рулар: чу-юе, чу-ми, чу-мигунь, чу-бань және басқалардың атын сақтап қалды. Бәлкім, бұл Шу тобын айрықша Дулу негізінде Юсбани тұрғындары құрайтын шығар. Қалай болғанда да, олар шу-мигунь, шұныш-шубань болып кездесетін Дулу аймағына енді. Бұл атаудан Дулаттың қазіргі Жаныс руын білуге болады, ал чу-бунь қазақтар қатты қастерлейтін аталар: Албан мен Суандар Шу руынан шығып, бәлкім, Дулу аймағы құрамында чу-бань болып өрістеген болар».

А. Бернштам V ғасырда Жетісуда билік құрған ру Жетісуға біздің дәуіріміздегі 1 ғасырда келген солтүстік гүндардың ұрпағы Юлбан болды деп жазды. Бұл ру (юлбан) біздің дәуіріміздегі VI ғасырда «Чубань» этнонимімен Дулу қауымдастығына енген болатын. Қазан университетінің профессоры, шығыстанушы Н. Катанов та VI—VIII ғасырда Оңтүстік Монғолия мен Тарбағатайды мекендеген дулаттар қазіргі дулаттардың ата-бабасы болып есептеледі деп тұжырымдайды. Қытай деректеріне сүйенген В. Востров та осы пікірді қолдайды.

Дулаттардың этникалық байланысы жөнінде басқа да көзқарастар болды. Мәселен, Ш. Уәлиханов Рашид ад-Диннің шежіресіне сүйеніп, Дулат, Суан мен Үйсіндерді монғол рулары деп есептеуге бейім тұрады.

Академик В. Бартольд та қазіргі қазақ дулаттары монғолдан шықты деп қате тұжырымдайды.

С. Аманжолов дулаттардың түрік тектес екеніне имандай ұйып: «Рашид ад-Дин өз еңбегін XIV ғасырда жазды, ол кезде Моғолстанға тұтқын болып түскен әр түрлі түрік тайпалары, соның ішінде азын-аулақ дулаттар да біршама монғолданып (монғолша доколаттар) кеткен болатын»,— деп түйіндейді. Рашид ад-Дин де Орта Азияның Дулат руы монғол доколаттарынан шықты демейді, керісінше ол әлгілерді түрік деп есентейді.

Одан әрі С. Аманжолов В. Бартольдке қарсы шығып, егер V—VIII ғасырда Дулу немесе Тулу руы Жетісу төңірегін жайлаған чу-бандармен (қазіргі суандармен) одақтаса бірге өмір сүрсе, онда дулаттарды монғолдардан тарады деудің өзі теріске саяды, ал Н. Аристовтың түрік тектес деген дәлелі салмақты болып көрінеді.

Оның үстіне дулаттардың Жетісу маңайында тұрып келгенінің ізі қазіргі күнге дейін сайрап жатыр. Мәселен, X—XII ғасырларда олар Қараханидтер мемлекетінің құрамына кірді. Шағатай ұлысындағы рулар ішінде Дулу немесе Дулаттардың басты маңыз атқарғанын Қазақ ССР тарихының авторлары да айтады. Мұхаммед Хайдардың мәлімдеуінше, дулаттар XIV ғасырда Моғолстан құрамына еніп, қуатты рулардың бірі болған.

Бұл мәліметтердің бәрі дулаттардың Қазақстанның оңтүстігін мекендеп, XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында қазақ халқының құрамына енгенін дәлелдейді. XVII ғасырда жоңғарлар дулаттарды Іле бойынан Шу, Талас пен Келес өзендерінің аңғарына қарай ығыстырды. XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында Дулат руының көпшілігі оңтүстікте топтасты, тіпті

Дулаттың Жаныс атасынан шыққан Ұлы жүздің төбе биі Төле би Ташкент төңірегінде тұрды.

Ұлы жүз қазақтары XVIII ғасырдың бірінші жартысында ұлт-азаттық күрес жүргізе отырып, Жоңғария мүлде құлағанша бірте-бірте өзінің бұрынғы қонысына оралды, дулаттар көпшілігінің Ташкент төңірегінен біржолата ауысуы қалалықтар қауымдастығы мен қазақтың Қаңлы мен Шанышқылы руларының 1798 жылғы қақтығысы себеп болды. Бұл соғыста қалалықтар қауымдастығы жеңіп, дулаттар Ташкенттен жырақ солтүстік-шығысқа қарай жылысты.

Сөйтіп, XIX ғасырдың басында Дулат руының көптеген аталары Шымкенттен бастап, Жетісу бойына, дәлірек айтқанда, Алмалық (кейінірек Верный, қазір Алматы қаласы) қалашығына дейін қоныстанды. XIX ғасырда Ұлы жүз рулары көп сапырылысқан жоқ, әсіресе, Қазақстанның бүкіл жері Ресейге қосылғаннан кейін қазақ халқы рулары өздері қоныстанған өлкелерде тұрақтала бастады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Макшеев пен Гродековтың мәліметі бойынша, Дулаттардың көптеген рулары 40 мың шаңыраққа жетіп, негізінен Сырдария уәлаятының Шымкент, Әулиеата уездерінде, Жетісу уәлаятының Верный мен Пішпек уездерінде қоныс тепті. М. Тынышбаевтың көрсетуінше, 1917 жылы бұл төрт уезде: Шымкентте — 140 мың, Әулиеатада — 140 мың, Верныйда — 100 мың және Пішпекте 80 мың, бәрі 460 мың жан дулаттар тұрған.

Бізге мәлім күллі тарихи, әдеби және қолдағы деректерге сәйкес дулаттардың жауынгерлік ұраны «Бақтияр» да, таңбасы дөңгелек- ○

Дулаттардың этникалық, яғни аталық құрамы біз көрсеткен әдеби деректерде, әсіресе, оның жоғарғы деңгейі ірі төрт ата: Ботбай, Шымыр, Сиқым, Жаныс дәл келтіріледі.

Бұл рулар бойынша әдеби деректерде түп-түқияны мүмкіндігінше толық қамтылады, оның ішінде Н. Аристов, М. Тынышбаев пен В. Востровтың мәліметтерін дұрыс әрі толық деп санауға болады.

Бұл деректерді өзара салыстыра отырып, оларды өз жиған-тергенімізбен толықтырып, Дулат руының тегін құрастыру мүмкіндігі туды.

Дулат руын таратуда құймақұлақ көнекөз қариялар көп көмек көрсетті: Құлан ауданының тұрғыны 1882 жы-

лы туған (Сиқым), Оңалбек Оразбеков; Созақ ауданы, Жуантөбе кеңшарының тұрғыны, 1893 жылы туған (Тама) Әбдуәлі Қондыбаев; Созақ ауданы, Баба Ата аулының тұрғыны, 1892 жылы туған (Ботбай) Жұматай Тоңбаев; Алғабас ауданы, Шаян елді мекенінің тұрғыны, 1888 жылы туған (Сіргелі) Тәжібай Бердібаев; Бөген ауданы, Төрткүл аулының тұрғыны, 1888 жылы туған (Қарақойлы) Қожатай Төлеков; Шу ауданының тұрғыны, 1896 жылы туған (Ботбай) Смайыл Қалипанов; Талас ауданының тұрғыны, 1885 жылы туған (Ойық руының Ыстысы) Шыныбай Балтабаев; Талас ауданының Ушарал аулының тұрғыны, 1888 жылы туған (Ошақты) Мықтыбай Махамбетов; Көктерек ауылының тұрғыны, 1909 жылы туған (Жалайыр) Әбілда Тәженов; Мойынқұм ауданы, Жамбыл атындағы кеңшардың тұрғыны, 1891 жылы туған (Жалайыр) Камал Дүйсембаевтар болды.

Әрине, бұл кісілердің берген мәліметтері көп қайталанса да бірін-бірі толықтырады. Оның үстіне олардың шежіресі негізгі жәйттерде әдеби деректерге сәйкес келеді, әсіресе арғы аталарға келгенде олардың дәл және құндылығын дәлелдейді.

Дулат тайпасынан шыққан белгілі тарихшы, мемлекет қайраткері Мұхаммед Хайдар Дулати 1499 жылы Ташкентте туып, 1551 жылы Кашмирде қаза тапқан. Мұхаммед Хайдар Дулатидің балалық шағы Мұхаммед Шайбани хан бастаған көшпелі өзбектердің қысымымен Орта Азияда Темір әулеті мемлекетінің күйреу, Моғолстанның ыдырау және Қазақ хандығының өркендеу дәуірімен тұстас келеді. Сұлтан-Махмұд хан мен Мұхаммед Шайбани ханның соғыстары кезінде 1508 жылы Мұхаммед Хайдар Дулатидің әкесі қаза болып, туыстары баланы Кабулдағы Бабырға жібереді. Өйткені Бабыр оның туған бөлесі болатын. Есейе келе Мұхаммед Хайдар Дулати Бабырдың Мауараннахр жорығына қатысады. 1512 жылдан бастап Сұлтан Сайид ханның Қашғардағы сарайында тұрып, көрнекті әскери және сарай қызметін атқарады. Оның Қашғар мен Жаркент үшін Әбубәкірмен 1514 жылғы соғысында, сондай-ақ Қырғызстанға, оңтүстік-шығыс Қазақстанға және Тибетке жасаған әскери жорықтарына қатысады. Хан мұрагері Әбдірашид (Абдар-Рашид) сұлтанды тәрбиеледі.

1533 жылы хан тағына отырған Әбдірашид Дулат тайпасы басшыларынан қауіптеніп, оларды қатал қуғынға ұшыратады. Мұхаммед Хайдар Дулати Үндістанға қа-

шады. Ол мұнда Ұлы Моғолдар сарайында әскер басы болады. Кашмирді жаулап алып, оны Моғолдар атынан билеп тұрды да, 1451 жылы жергілікті халық көтерілісі кезінде қаза тапты.

Мұхаммед Хайдар Дулати жан-жақты, терең білімді адам болған. Өз заманының саяси оқығандары мен қайраткерлері жайында және Қазақстан, Орта Азия мен Моғолстанның өткен тарихын, әсіресе Дулат тайпасының тарихын жақсы біліп, оны өз шығармаларында білгірлікпен баян етті. Өзінің «Тарих-и Рашиди» атты басты тарихи еңбегін 1541—46 жылдар арасында Кашмирде жазды. Мұнда ол Дулаттар мен Моғолдардың өткені жайлы әңгімелер мен аңыздарды, Моғол хандарының сарайларында сақталған ресми құжаттар мен болған оқиғаларды көзімен көрген куәлардың айтуымен өз көргендерін салыстыра қорыту негізінде парсы тілінде жазды. Бұл еңбегін жазуда Мұхаммед Хайдар Дулати өзіне дейінгі көптеген ғалым-ғұламалардың да еңбектерін көңінен пайдаланды. Мұның өзі Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларының ғылыми құндылығын арттырады.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің басты шығармасы «Тарих-и Рашидиде» — орта ғасырдағы қазақтар тарихын, қазақ хандығы құрылғанға дейінгі және одан кейінгі Жетісу және Шығыс Дешті Қыпшақтағы қызықты оқиғалар, Моғолстанның құлауы, феодалдық соғыстар, сыртқы жауға қарсы қазақ, қырғыз және өзбектердің достық одағының қалыптасуы, қалалар тіршілігі мен егіншілік мәдениеті және Жетісудың тарихи географиялық, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, қысқасы ортағасырлық Қазақстан тарихы т. б. осылар сияқты құнды деректер қамтылған.

1999 жылы ұлы ғұламаның туғанына 500 жыл толуына байланысты Мұхаммед Хайдар Дулатидің күндері күллі Қазақстан болып атап өтілді.

## БОТБАЙ





Ұраны — «Ботбай», «Сәмен», таңбасы — 

Ботбай Дулат руының төрт атасының бірі (№ 3, 3а қосымшаларды қараңыз). Қазақ шежіресі бойынша Ботбай бес атаға бөлінеді: 1. Құдайқұл өз кезегінде төрт арысқа тарайды, төрт ұлдың ұрпақтары төрт арыс аталады: Әлімжан, Бесторсық, Сиыршы, Есбер (Байтүгел, Байкісі (Бай-

шат) Жиепбай мен Бұқар); 2. Шағай келе-келе алты арысқа ажырайды, Шағайдың үш ұлы — Байкүшік, Есенгелді мен Кішкентай бар. Алғашқы екеуінің ұрпақтарын ел аузында «Кішкентай ботбай», ал кейінгісін «Шоң ботбай» дейді. Олардың әрқайсысынан екі ұл өрбіді, Шағайдың бүкіл алты немересінен тараған көптеген ұрпақтарды «Алты арыс шағай» дейді. Байкүшіктен екі ұл: Асан мен Тайлақ, Тайлақтан — Жауыр, Мұрат; Мұраттан — Қанат. Есенгелдіден екі ұл: Ақша мен Қожай; Қожайдан — Жақсылық, Әлібек, Жазық, Қыдыр; Қыдырдан — Жарас, Өтеп, Малғар, Мамыр, Өтеулі; Өтеуліден — Өмірбек, Әлібек; Әлібектен — Өлмес батыр, одан Сыпатай батыр. Кішкентайдың екі ұлы бар: Жанқойлық пен Есенбай; Есенбайдан — Дода, Шағатай; Шағатайдан — Ауан, одан — Сәмен батыр; Сәменнен — Қапселем батыр. Өлмес пен Сәмен батырлар Ботбай руының азаткерлеріне бас болып, 1798 жылы ташкенттіктерге қарсы шайқасқа қатысты. Сәмен батыр ботбайлықтардың жауынгерлік ұранына айналды. Ал, Сыпатай батыр болса; Кенесары Қасымовты мойындаудан бас тартты, оның зираты Меркіден шығысқа қарай 15 шақырым үлкен жол бойында жатыр. 3. Бидас (кірме). Өкінішке қарай, оның тегі туралы бізде де, әдебиетте де деректер жоқ. 4. Қоралас (кірме, 12 арысқа бөлінеді) одан — Жанат; Жанаттан — Қалыбай; Қалыбайдан — Қарақойлы мен Қарақосай; Қарақойлыдан — алты ұл бар: Есен, Ырыс, Мәмбетай, Бекшора, Қауғаяқ пен Шауқар; Қарақосайдан — алты ұл бар: Итім, Сарым, Мырза, Бура, Тамай мен Қосан. Міне, олар Қораластан кейін 12 атаға бөлініп, «Қораластың он екі арысы» деп аталады. Тынышбаевтың айтуынша Қоралас — кірме, монғол тектес. Санон-Сисен бойынша, ол жеке ру болып есептеледі, аңызда одан атақты Алангова шығады, одан Шыңғыс-ханның атабабалары тарайды. 5. Көкірек (кірменің есімі Текежан). Көкіректен төрт ата ажырайды: Қара, Бұлантай, Бесбала (Бестерек деп те аталады), Туаш. Бұл жерде Бесбала жетім қалып, оны Көкірек асырап алып, халықта «Бестерек» деп атап кетеді. Қазақ шежіресінде Бесбаланы бес баласы бар Бестеректің (Теріскей, Әйтек, Жоламан, Шақабай және бесіншісі белгісіз) кейінгі атасы дейді.

Текежанды неліктен Көкірек деп атағанын біз де, әдеби деректер де таратып бере алмадық.

Ботбайлардың өзінің жауынгерлік ұраны «Ботбай» атасының атымен аталады, бәйге кезінде өз руының өмірінде маңызды орын алатын атақты батыр «Сәмен» есімі

қолданылады. Бір ғажабы, олардың таңбасының бірнеше түрі бар. Сонымен, Ботбай руының таңбасы  (Гродеков бойынша),  (Аманжолов бойынша),  (Тынышбаев бойынша). Бұның барлық түрі Дулаттардың негізгі рулық таңбасы дөңгелектен  тарап, кейбір жекелеген сипаттармен толықтырылып отырғаны байқалады.

## ШЫМЫР

Ұраны — «Шымыр», «Қойгелді», таңбасы — , , 

Шымыр — Дулат руының құрамындағы төрт атаның бірі (№ 3ә-қосымшаны қараңыз). Қазақ шежіресі бойынша шымыр үш атаға бөлінеді: 1. Бекболат, 2. Шынқожа, 3. Темірболат. Бұл үшеуінің ішінде бес баласы бар Бекболат атасы сан жағынан көп, олар Жиенбай, Толмәмбет (Боққайнат), Жиенбет, Шілмәмбет және Бестерек (кірме) болып тарайды. Жиенбайдан екі ұл бар: Жаңабай мен Шажыт; Жаңабайдан бес ұл: Шоқан, Күлтемір, Айтқұл, Шөже мен Сырлы; Шоқаннан — Шотқұл, одан — Қонысбай, Көтеп, Бөлек. Қонысбайдан — Мәмбет, одан — Байзақ датқа (Кенесары Қасымовтың қолдаушысы), одан — Қалыбек, одан — Тілеуқұл (М. Тынышбаевқа мағлұмат беруші, 1925 жылы 45 жаста еді). Шажыттан үш ұл туады: Байқан, Бектеміс, Сәмбет. Кейінгіден төрт ұл: Нұрмағамбет, Досмағамбет, Жалмағамбет пен Ермағамбет. Нұрмағамбетті ел жұрты Нұрбай би деп те атап кетеді. Одан Мөдке мен Дәуітәлі би енші алады.

Жиенбет үш ұл көреді: Алдаберді, Сыдықбай, Күнту.

Шілмәмбеттен үш ұл: Қырғызәлі, Құли, Ноғай. Қырғызәліден үшеу: Тәңірқұл (Салық), Құдайқұл, Андақұл. Кейінгіден — Жаулыбай, Тәттібай мен Қожымбай.

Шынқожаның ата тегін таратсақ, Шынқожа атаулы екіге бөлінеді: Қобыланды мен Көкірек (кірме, Ботбай ішінде болғандықтан, біз оны қайталамаймыз). Қобыландыдан төрт ұл бар: Шоқай, Мырсалы, Қонақбай, Қырғызәлі. Соңыдан Шақан, одан бес ұл: Таңатар, Жақсылық, Балық, Байымбет, Қаратеке. Байымбеттен — Сарт, Сарттан — Қойгелді батыр (ол Мәмбетпен бірге Шымыр руының ташкенттіктермен соғысында 1798 жылы қол бастаған). Қойгелді батырдан төрт ұл: Тоғанбай би, Ақмырза, Жолмырза, Сарымырза. Соңғысынан Жетібай, одан

Білтелі би, одан — Бұралқы би, одан — Керімбай (1922 жылы дүнге салды). Мырсалымнан — Сатыбай, одан — Байтана.

Темір руын деректердің жетімсіздігінен таратудың реті келмеді. Олар туралы мәлімет жоқтың қасы.

Шымыр руының бүкіл Дулаттарға ортақ «Бақтыярдан» басқа, өзінің «Шымыр» және «Қойгелді» деген жауынгерлік ұраны бар. Шымыр үлкен ата болса, Қойгелді XVIII ғасырда өмір сүрген атақты батыр.

Шымырдың таңбасы сәл өзгертілген Дулаттардың белгісіндей — **С** (Гродеков бойынша), **С** (Тынышбаев бойынша), және **У** (Аманжолов бойынша). Шын мәнінде бұлар бір-біріне өте ұқсас.

## СИҚЫМ

Ұраны — «Сиқым», «Рысбек», таңбасы — **I, L, ♀**

Сиқым — Дулат руының төрт атасының бірі (№ 3 қосымшаны қараңыз). Қазақ шежіресі бойынша, Сиқым негізінен он атаға бөлінеді: Борас (Қарақойлы), Тоғатай, Шуылдақ (Байсейіт), Буас, Құлсейіт (Қусирақ), Ақылбек, Құттыбай, Есбол (Аққойлы), Есенгелді (Аққойлы мен Қарақойлы). Түрікмендер ішінде де Аққойлы, Қарақойлылар бар. Олар XIV—XV ғасырда Азербайжан мен Арменияда билікке таласты. М. Тынышбаевтың ескертуінше, оларды да Дулаттан шыққан деп шамалауға болады. Ел аузында Борас, Тоғатай мен Буасты Байсейіт атымен атайды. Байсейіттің шын есімі — Шуылдақ. Есбол мен Есенгелдінің ұрпақтарын жай ғана «Естілер» атандырған. Бәлкім, олар бір-біріне рухани жақын болған соң басқа аталастары мен көршілер солай жақау-ратып атаған шығар.

Сиқым руының жоғарыда аталған аталарының тегі туралы толық мағлұмат жоқ. Сондықтан қолдағы бар деректерге сүйеніп, таратып отырмыз.

Сөйтін, халықта Қарақойлы аталатын Борас негізінен бес үрім-бұтаққа бөлінеді: Қораз, Рүстем, Әжі, Наурызбай мен Томай. Бұл буыннан әрі қарай жіктеуге деректер жеткіліксіз. Буас атасы бес бұтақтан тұрады: Боса, Борық, Құл, Есторы мен Қызылқармыс. Боса Құдайберді мен Алакүшікке бөлінеді. Құдайбердіден Жарымбет, Сайкөк және Сары тарайды. Есторының екі ұлы бар: Тойшы мен Тілеуқабыл, Тойшыдан — Қараби, ал



одан — Сүйіндік пен Аталық. Тілеуқабылдан үлкен үрім-бұтақтың атасы болып есептелетін төрт ұл өсіп жетілді: Жаушы, Таңат, Көске, Қосмұрат. Ал, Көскеден — Есті мен Шотке. Естіден — Қарабатыр. одан — Шенет батыр; Шенет батырдан — Тұрыс би мен Рысбек батыр. Тұрыс биден — Батырбек датқа, одан — Тастамбек, Қожай мен Иса; Тастамбектен — Белқожа (М. Тынышбаевпен кездескенде 1925 жылы 50 жаста екен).

Қосмұраттан — Шахмұрат, одан — Қараби, одан — Мәлік би, одан — Асыл би, одан — Әлжібек датқа, одан — Байсейіт.

Ақылбек үш ата: Агабек, Мырзабек және Атайысқа бөлінеді. Құттыбай тармағынан Бағлан өрбиді. Есболдың (Аққойлы) екі ұлы бар — Омар мен Сатыбалды. Омардан — Қаржау мен Қайқы. Сатыбалдыдан — екі ұл: Елтүзер мен Бөрі. Елтүзерден — Рысбай мен Құттыбай. Бөріден — Елке мен Естембай. Ал, Есенгелдіден (Аққойлы) төрт ата: Үлебай, Сырлыбай, Төле мен Болат бөлініп шығады. Сонымен, Сиқымға кіретін 10 атаның тек алтауының тегін түгел болмаса да таратып, төртеуіне мәліметтер жетіспегендіктен, тоқталғанымыз жоқ. Соған қарамастан, келтірілген мағлұматтар Дулат руының Сиқым атасы туралы неғұрлым анық деректер береді.

Сиқым руының жауынгерлік ұраны — «Сиқым» (Н. Аристов, М. Тынышбаев, С. Аманжолов) және «Рысбек» (Н. Аристов, М. Тынышбаев бойынша). Рысбек — XVIII ғасырда өмір сүрген әйгілі батыр.

Сиқымдардың рулық таңбасы — I, L, ♀, бұл алғашқыда Н. Гродековтың еңбегінде көрсетіліп, кейіннен Н. Аристов, М. Тынышбаев, С. Аманжолов пен В. Востров өз жұмыстарында содан алып пайдаланады. Үшінші таңбаны жалпы Дулаттың белгісі — O түрі деп есептеп, ал алғашқы екі таңба сиқымдардың құрамына енген кірме басқа бір аталардың еншісі деуге әбден болады.

## ЖАНЫС

Ұраны — «Жаныс», «Төле», таңбасы — >

Жаныс — Дулат руы төрт атасының бірі (3 в-қосымшаны қараңыз). Қазақ шежіресі бойынша, Жаныс сегіз атадан тұрады. Олар: Жарлықамыс, Шегір, Өтей,

Жалмәмбет (Бөгетжайлы), Жантай, Жанту, Оймауыт (кірме) пен Жантақ. Өкінішке қарай, біздің құзырымызда Жаныс руының төрт атасы туралы мәлімет бар да, басқалары жайында деректер жетіспейді. Олардың екеуі — Жарлықамыс пен Жанту туралы мағлұмат толығырақ.

Сонымен Жарлықамыс екі бұтаққа: Байыс пен Қасқарауға (Бейімбет) бөлінеді. Байыс өз кезегінде бес ата: Қарымсақ, Назар, Жолсейіт, Қайыпберді, Байсейітке жатады. Қасқарау үш ата: Ораз (оның Сұлтанкелді, Бөкен атты ұлдары болды), Бұқар (Баба, Сырымбет, Құлболды мен Тілеуімбет) және Елтүзер (Төке, Туыс).

Өтей атасы екі бұтақтан өрбиді: Мәуетей мен Мауза. Жалмәмбетке (Бөгетжайлы) Бесқалмақ жатады. Бұл этноним жеке тұлғаның есімі емес, ол әлдебір себептермен Жанысқа қосылатын кірме қалмақтардың тобы деп түйюге болады. Ал, Жалмәмбет (Бөгетжайлы) атауының қалай, қайтіп шыққаны жайында нақты деректер қолымызға түспеді.

Бүкіл Жаныс кіндігінен өрбіген аталардың ішіндегі ең көбі жетіге бөлінетін Жанту: Жайылмыс, Ақберді, Өтеміс, Жаңабай, Құдайберді, Құжақ пен Қожамберді. Бізде бұл жетеудің үшеуі туралы ғана мағлұмат бар. Сонымен, Жайылмыстан жалғыз Қыбырай батыр (ол Төле биден жасы үлкен, Ташкенттен жоғары Шыршық өзенінің оң жағасында тұрды), ал Ақбердіден — жалғыз Шынәлі, одан үш ұл бар: Ақыл, Жандар, Қонысбай би; соңғыдан Ақжейде батыр. Біздің қолымызда Құдайберді ұрпақтары тегінің бір бұтағы туралы ғана мәлімет толық. Сонымен, Құдайбердінің жеті ұлы бар: Әлібек, Тоқпан, Түгел, Данай, Ақтай, Бақыбек, Құдайбек; Әлібектен — атақты Төле би мен бесеу: Елі би, Өтебай би, Тыныбек, Ақтобат пен Шора; Төле биден — Әуезбек, Сүйіндік, Қожабек, Ниязбек батыр мен Қожаберді батыр. Соңғыдан Дербісәлі, одан — Шойбек би және одан — Момбек датқа. Ниязбек батыр Ташкенттен жоғарырақ «Ниязбек» қамалын салса, Момбек датқа Кенесары Қасымовтың қолдаушысы болған еді.

Жантақтан екі ұл: Қадыке (Ерубай) мен Еламан. Соңғыдан екі ұл: Қотыр мен Жуанбек; одан — Қасқа батыр.

Көрініп отырғанындай, Өтей мен Жалмәмбет аталары туралы біздің мәліметіміз тапшы, ал Шегір, Жантай мен Оймауыт батырдың тегі туралы мүлде бейхабармыз.

Соған қарамастан, тұтастай алғанда Жаныс руының шығу тегі жайында недәуір мағлұмат алуға болады. Тіпті, XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Момбек датқаға дейін туыстық жүйе аңғарылады. Жанысқа ол оныншы атадан барып қосылады.

Жауынгерлік ұраны — «Жаныс» болғанымен, кең ауқымда жалпы дулат ұраны «Бақтиярды» да қолданады. Оның үстіне ішкі рулар арасында, әсіресе, бәйгелерде атақты Төле би есімін атап, «Төле» деп шабады.

Жаныстың рулық таңбасы Дулаттың да, басқа туыс аталары Ботбай, Шымыр, Сиқымдардың дөңгелек — ○. белгісіне жақын таңбаларынан да басқашалау — > (Гродеков пен Аристов), > (Аманжолов, Востров бойынша), бірақ, бұнда тұрған қым-қиғаш айырмашылық жоқ, бәлкім, әлдебір автор кішігірім өрнектеуде қате жіберіп алуы да кәдік, оның үстіне Н. Аристов бұл таңбаны келтіріп отырып, Гродековқа сілтеме жасайды, В. Востров болса өз жорамалында Гродеков пен Аманжоловқа нұсқайды.

Дулат рулары XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында негізінен Жетісу облысы Қапал, Жаркент, Верный уездерінде, сонымен қатар Сырдария облысының Шымкент, Әулиеата, Ташкент уездерінде тұрып келеді.

Ұлы жүз руларының саны жағынан ең көбі — дулаттар. Оның ең ірі аталары (Ботбай, Шымыр, Сиқым мен Жаныс) — Верный, Әулиеата мен Шымкент уездерінде қоныстанды.

Әрбір рудың уездерде қалай тұрғанын білу үшін ең алдымен, сол кездегі есеп-қисапқа жүгінген абзал. 1867—1884 жылдардағы көші-қон жағдайын қаз-қалпында беретін А. Макшеев, Гродеков, Смирнов пен М. А. Терентьевтің қомақты кітаптарынан цифр-мағлұматтарды алатын Н. Аристовтың еңбегінде қызғылықты нақты деректер ұшырасады. Әрине, ол мәліметтердің дәл екендігіне ешкім кепілдік бере алмайды, өйткені оларды әр кездегі адамдар (жиырма жыл бөдерінде) әр ресми мағлұматтардан алып отырды. Әйтсе де, олар рулардың қоныстану барысын белгілі жағдайда анық көрсетеді.

Сонымен, сол мәліметтер негізінде Дулат руларының Верный, Әулиеата мен Шымкент уездеріндегі санын келтіре кету жөн.

Рулар	Уездер	Жылдар	Деректер көзі	Үй саны	Ескерту
Ботбай	Верный	1867	А. Макшеев	1100	
	Әулиеата	—»—	—»—		
Шымыр	Шымкент	1889	Н. Гродеков	274	
	Верный	1867	А. Макшеев	3500	
	Әулиеата	—»—	—»—	—»—	
	Шымкент	1889	Н. Гродеков	3334	
Сиқым	Верный	1867	А. Макшеев	1500	
	Әулиеата	—»—	—»—		
Жаныс	Шымкент	1889	Н. Гродеков	4570	
	Верный	1867	А. Макшеев	700	
	Әулиеата	—»—	—»—		
	Шымкент	1889	Н. Гродеков	3374	
Дулат	Ташкент	1867	А. Макшеев	330	
Дулаттар				18682	

Бұлардан тыс Н. Аристов Смирновқа сүйеніп, дулаттардың Перовский мен Ташкент уездерінде тұрғанын көрсеткенімен, олардың санын келтірмейді, ру-руға бөлмейді, өйткені бұл аймақта аз қоныстануға байланысты болуы керек, оны Макшеевтің Ташкент уезі бойынша жасаған мәліметі де растайды.

Кестеден көрінгеніндей, бүкіл дулаттардың саны 18 682 үй болса, сол беттердің тағы бір тұсында Н. Аристов Іле мен Шыршық өзендерінің арасында шамамен 40 мың үй Дулат тұрып жатқанын атап кетеді. Бұл сан айырмасы 20 мыңнан астам шаңырақ, сол себепті оны біз білетін деректер көзімен түсіндіру оңай емес. Әйткенмен, кестеде келтірілген есеп-қисап дулаттар руының үш уезде қалай қоныстанғанынан біршама хабар береді.

Мәселен, егерде XIX ғасырдың екінші жартысында Ботбай руының көпшілігі (78%-і) Верный мен Әулиеата уездерінде тұрса, қалған жартысы (49 процент) бір ғана Шымкент уезінде қоныстанды. Егер Сиқым руының басым көпшілігі (75 процент) Шымкент уезінде болса, төрттен бірі Верный мен Әулиеата уездерінде (25 процент); ал егер Жаныс руы негізінен (83 процент) Шымкент уезінде, аздаған бөлігі (17 процент) Верный мен Әулиеата уездерін жайлады.

Сөйтіп, Дулат руының төрт атасы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Верный уезінің қазақтары арасында аралас-құралас жүрді. Верный уезі Қапал уезінің оңтүстік-батысындағы Іле өзенінің сол жағасында орналасқан. Оның жері ыңғайына қарай жаратылыс —

географиялық жағынан оңтүстікте тау етегі — қыраттар мен солтүстігінде жазық далаға ұласады.

Верный уездерінің қазақ тұрғындары толығымен Ұлы жүздің құрамына енетін Сарыүйсін, Дулат, Албан, Ысты, Шапырашты, Жалайыр мен Қаңлы руларының өкілдерінен құралады. Солардың ішіндегі ең көбі Дулат руының төрт атасы (Ботбай, Шымыр, Сиқым мен Жаныс). Сан жағынан басымы шығыста Сарыүйсіндер мен батыста Ыстылардың қыстауларының арасында орналасқан Ботбайлар болатын. Олардың арнайы пайдаланатын ұланбайтақ қыстаулары бар еді. Ботбайлардың бір қауымы Аңырақай тауының атырабында Сұмса өзенінің бойындағы Айдарке, Бесқауға, Ақсеңгір мен Доланқара шатқалдарында қыстады. Басқа бір қауымы Ащысу, Алмалы, Қызылсай мен Ұзынбұлақ шатқалдарын мекендеді. Үшінші бір қауымы Белбұлақ-Қарасу-Көтентай басы, Көлтоған, Қарағайлы, Сарыкемпір шатқалдарында қыстап жүрді. Ботбай қауымдастығының төртінші тобы Ақсай, Қаскелең, Қоралы, Бескөл шатқалдарын иемденді. Ботбайлар жайлауға Қастек, Қарақастек шатқалына шығып кетіп, көбісі қыстаудан жырақ кетпей, көктем, күз маусымында өз қыстауларының қасында қоныс тепті.

Сиқым руының аздаған қауымы Қараой, Қаскелең шатқалдары, Кіші Ақсай, Кіші Алматы өзені мен Қарасу бойында қыстады. Жайлауы сол маңдайдағы Алатау жоталарында болды.

Шымыр руының қауымы да аз еді, біреулері Қараой, Қызылеспеде қыстаса, екіншілері Ақжар мен Жалғыз-ағашты мекендеп, жаздыгүні Алатаудың жонын жайлады.

Верный уезіндегі Дулат руларының ішінде Ботбайлардан кейін көп тарағандар Жаныс атасы болып келеді. Олардың бірсыпырасы Қарашеңгел шатқалын қыстады, біразы Есік өзенін, Көжентай шатқалын, қалғандары Қарасу, үлкен Алматы өзендерін, бірнеше топ Ақши, Шамалған мен Көктөбені мекен етті. Жаныстардың үлкен бір тобы уездің батыс шекарасын жайлап, Жамақты, Балажал, Сарықайық, Дөңгелексаз, Боқтозақ, Айғыржалға, Шетенді, Күркіреу, Қордай, Қоянды, Ақтерек, Талдыбұлақ өзендері бойына қыстау салды. Жаныс руының жайлауы Алатаудың алып шабындықты аймағында болды.

Дулат руларының көп бөлігі төрт түлік өсіріп, сонымен қатар, суармалы жер мен сүдігерге егін салды. Сарыүйсіндермен салыстырғанда оларда түйе мен қой өте аз болды, ірі қара мен жылқы басым түсті. Верный уезіндегі дулаттар жартылай отырықшы өмір кешіп, негізінен

қыстауларынан онша алысқа ұзаған жоқ. Мүмкіндігі бар дәулетті адамдар жазға салым солтүстіктен тіке күнгеіге қарай көшіп, түпкілікті тау шабындықтарын жайлап, күзге қарай қайтадан теріскейге қарай көшіп отырды. Суармалы жермен негізінен тау өзендерінің алқаптарында айналысты.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Сырдария облысы, Әулиеата уезі қазақтарының басым көпшілігі негізгі рулардан (Сарыүйсін, Шапырашты, Ысты, Ошақты, Жалайыр мен Дулаттар) тұрса, ал Қарқаралы уезімен шектесетін Шу өзенінің оң саласының орта тұсында шамалы арғындар өмір сүрді. Бұл бір тектес рулар тобы Шу мен Талас өзендерінің бойында топтасып қоныстанды. Олардың бәрі белгілі айрықша қыстауларды иемденді. Көктемгі, күзгі қоныстары да, қысқы тұрақтарынан ұзамай, ең бастысы Мойынқұм өңірінің орталығына таман орналасты. Ал жайлауы, аймақтың оңтүстік жағындағы Тянь-Шань мен Талас Алатауының етегіндегі шұрайлы жерлерде созылып жатты, солтүстігінде Қарқаралы уезіндегі көптен бері өзара бөлісіп қойған телімге тірелді.

Осы орайда бізді Дулат руларының төрт атасы Ботбай, Шымыр, Сиқым мен Жаныстың көшіп-қонып таралуы қызықтырады. Олардың ішінде бұл уезде ботбайлар мен шымырлар көбірек те, өзге екі ата бұнда салыстырмалы түрде өте аз тұрады.

Сонымен, дулат руларының қыстаулары негізінен Шу мен Талас өзендерінің бойында қоныс тепті. Олар Шу өзенінің сол жағасынан, Верныйдан, Шымкент уездеріне дейінгі алқапты алып жатыр. Ботбай руы қауымдастығының мекені Шу өзенінің төменгі сағасында, оларға көлденең Шымыр мен Сиқымдардың қыстаулары жалғасты, одан әрі Шапыраштылар орналасқан. Сиқымдар, ал одан соң жалайырлармен қоңсы қонатын Жаныс рулары жайғасты. Шу өзенінің оң жағасында Дулат руының төрт атасы осылай қоян-қолтық тұрып жатты.

Дулат руының басқа бір шамалы тобы Талас өзенінің жоғарғы тұсында орын тепті. Шынтауайтында, жоғарғы Таластың оң жағалауында, Талас Алатауының баурайында Шымыр қауымдастығының қыстауы, ал сол жағасындағы ыстылардың ата қонысында Ботбай мен Сиқымдардың қыстаулары мидай араласып жатты.

Сөйтіп, төңкеріске дейін қазақтар Әулиеата уезінде Шу мен Талас өзендерінің бойында, олардан тарайтын кішігірім бұлақ пен бастаулардың аңғарында тұрақтап

жүрді. Бұндағы елді мекендер, қазақ ауылдары қомақты еді, ондағы шаңырақ саны 15-тен 50-ге дейін жететін. Бұндағы тұрақ-жайлар шағын болатын, ал суармалы жерді жаппай ұжымдасып пайдаланатын. Ол қауымдасқан егінжайды бірлесіп, арық тартып, ескі су жүйелерін жөндеп, әркім өз әлінше, қал-қадарынша еңбеккерлердің санына қарай игерді. Сүдігерге егін салу көп жағдайда әрбір шаруашылықтың мүмкіндігіне қарай жүргізілді. Қыстаулар қасындағы жайлау да ауыл-ауыл болып, немесе қауымдасып пайдаланылды.

Шаруашылықтардың көбісі қауымдастықтың қыстауларында жайласа, малы көп байлар Қырғыз бен Талас Алатауының қойнауына кіріп кетіп, баз біреулері тіпті атақты Сусамырға дейін өрлеп кететін. Күздеулер мен көктеулер, жайлау жолында, қыстаулар қасында, ең бастысы, Мойынқұм мен оның қойнауында болатын.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Шымкент уезінің қазақтары этникалық тұрғыдан үш жүзді түгел қамтыды. Кіші жүзден мұнда тамалар, жағалбайлылар мен шеркештер тұрды; Орта жүзден — қоңыраттар; ал Ұлы жүзден Ысты, Ошақты, Сіргелі мен Дулат руы төрт атасының басым бөлігі мекен етті. Сондықтан қазақ халқының мұндағы басым бөлігі Ұлы жүз өкілдері болып есептеледі.

Сонымен, Шымкент уезіндегі, Ұлы жүз руларының ішіндегі ең көп тараған этникалық топ — дулаттар. Бұл жерде де біз солардың арақатысын қарастырамыз.

Біз кестеден көргендей, бүкіл дулаттардың үш уездегі саны 18 682 шаңырақ болса, Шымкент уезінде солардың 11 782 түтіні тұрады, бұл аталмыш рудың 65 процентін құрайды. Егер Аристов көрсеткен басқа санға жүгінсек, онда олардың ара салмағы 30 процент болып, соңғы мәлімет Шымкент маңайындағы дулаттардың санын көбейте түседі. Сол себепті қалай дегенде де «65 проценті» шындыққа жақын деп есептейміз. Олай болса, Шымкент өңіріндегі Дулат руы төрт атасынан сикымдар — 4570 шаңырақ, жаныстар — 3 374, шымырлар — 3 334, ботбайлар — 274 шаңырақ болып, түтін түтетіп отырды.

Шымкент уезінде Дулаттар жинақы отырып, оңтүстік-батыс жақты қоныстанды. Айта кету керек, олардың мекен еткен жері ауа райы жағынан өте қолайлы еді. Мәселен, Дулат руларының қыстаулары, ең бастысы, ежелден суармалы егіншілік өрбіген, отырықшылық пен жартылай көшпелі өмір ошақтары өркендеген Сырдария, Арыс, Келес, Бөген, Арыстанды, Боралдай, Шаян, Иқан-

су, Бадам, Ақсу т. б. өзендердің екі жағалауын алып жатты. Дулаттар ұлылы-кішілі көптеген өзендердің жайылымында қысқа қарай малға жем-шөп өзірлейтін. Ал, Қызылқұмға жақын Сырдария өзенінің сол жағасында дәулеттілер отар-отар қой өргізіп, келе-келе түйе бағып, көшіп-қонып жүрді.

Шымкент уезіндегі қазақтар, әсіресе дулаттар шаруашылығының бір ерекшелігі бұл диқандардың қауымдастығы ірі болып келеді, мұнда орташа ауыл 30 және одан да көп болып, ынтымақтасып, су көзін пайдалануда, суармалы жер мен шабындықтарды игеруде тығыз байланысып, бірлікпен тіршілік етті.

Мәселен, көптеген жаныстар Ташкент уезінің шекарасынан бастап, Арыстың Сырдарияға құяр сағасына дейін екі жағалауда, Келес, Бадам өзенінің жоғарғы жағында тұрақтады. Арыс өзенінің оң жағында, Боралдай, Бөген бойында Шымыр руының өкілдері аумақ-аумақ болып отырса, Сайрамның солтүстігінде ботбайлардың аз бөлігі мекендеді. Арыстың төменгі саласында ең көп Сиқым руының өкілдері тұрып жатты.

Бұл уездегі Дулаттар руының шаруашылық пен тұрмыс тіршілігінде суармалы жер, диқаншылық пен бау-бақша маңызды орын алды. Жартылай көшпелі мал шаруашылығы, түрлі үй кәсіптері мен қолөнер де олардың арасында кең тарады.

Сөйтіп, Ұлы жүздің саны ең көп Дулат рулары Сырдария облысының Шымкент пен Әулиеата уездерінде, Жетісу облысының Верный уезінде орналасты. Оның үстіне, бұл уездерде шама-шарқынша Дулаттың төрт атасы да бар еді.

## АЛБАН

Ұраны — «Райымбек», таңбасы — ♀

Дулаттар одағының бір руы. Қытай деректерінде ежелгі дулулармен қатар албандар мен суандар да аталып кетеді. Бұл туралы орыс шығыстанушысы Н. Аристов былай деп жазады: «Қытайлар Хантәңірі мен Алтай арасын VII ғасырда мекендеген рулардың атын сақтап қалды: шу-юс, шу-ми, шу-мугун, чу-бан және басқалар. Мүмкін, Дулу бастаған бұл рулар ертеректе юсбан тұрғындарын құрайтын айрықша Шу тобын құраған шығар. Бұл атаулардан мәні — чу-бан мағынасы қырғыз-қазақтар қастер тұтатын дулаттарға тамырлас ад-бан (ал-



бан) мен су-бан (суан) шулықтардың рулары болатынына негіз бар, бәлкім, шу-бан есімімен Дулу аймағының құрамында болған шығар». Бұл қытай қолжазбаларының деректері қазіргі Албан мен Суан Дулат одағына кіргеніне дәлел бола алады. Қазақ шежіресі бойынша, Албан, Суан мен Дулат Бәйдібектің немересі болып келіп, Үйсінге алтыншы атадан барып қосылады. Бұл мәлімет олардың арасында туыстық-тамырластық қарым-қатынастар болғанын көрсетеді. Көптеген ғасырлар бойы олар Дулат басқарған Одақта болады. Ал, шын мәнінде дулаттар албандар мен суандарға қарағанда сан жағынан көп, олар Ташкенттен Алматыға дейінгі аймақты алып жатыр. Албандар болса, Верный уезінің шығыс жағында тұрақтады, қазір Алматы облысының Кеген мен Райымбек аудандарында қоныс теуіп отыр.

Албан руының ата тегі туралы ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы әдеби деректер мен қазіргі зерттеушілердің еңбектерінде кесте бар. Бұларда мағлұматтар жиі қайталанса да толық емес, ең дұрыс дегенде жалпы Албан атадан бері қарай 3—4 буын тармағы дәл. Солардың ішінде М. Тынышбаевтың деректері толық болып саналады. Оған қоса біз 1968 бен 1975 жылдары жинаған мағлұматтар оған қосымша болып есептеледі. Бұл Албан ата тегі туралы деректер салыстырылып, кейбір жағдайларда бұрын жіберілген сәйкессіздік толықтыра зерттелді. Бәрібір біз қаншама күш салып, бүкіл рулар, аталар, үрім-бұтақтар жайында мол мағлұматтар бергіміз келгенімен, деректер жетпегендіктен, ол мақсатымыз орындалған жоқ. Соның нәтижесінде Албан руының кейбір аталарын бүгінге жеткізіп, 10—13 атаға дейін ғана таратып әкелсек, кейбіреуі бойынша 3—4 атамен шектелдік (4а, ө, б-қосымшаларын қараңыз).

Бізге толығырақ мағлұмат беріп, көптеген құнды деректерге қол жеткіздірген мәлімет берушілердің есімдерін атай кетуді парыз деп білеміз. Олар: Шелек ауданындағы 1938 жылы туған (Сарықаңлы) Отан Мақашев; Шелек ауданындағы 1924 жылы туған (Найман руынан) Файзолла Балмағамбетов; Шелек ауданындағы 1897 жылы туған (Албан) Алмабай Шыңәсілов; Кеген ауданындағы 1885 жылы туған (Албан) Әкімбай Сөкеев; Таутүрген тұрғыны 1889 жылы туған (Албан) Әжімұрат Жапаров; Шелек ауданындағы 1910 жылы туған (Қызылбөрік) Көмек Жаныманов; Шелек ауданындағы 1940 жылы туған (Албан) Байділдә Әнесов; Кеген ауданындағы 1891 жылы туған (Албан) Көпбосын Тұрсынов.

Қазақ шежіресі бойынша, Албан руы үлкен екі тармақ: Шыбыл мен Сарыға бөлінеді. Шыбыл өз кезегінде екі ата: Қызылбөрік (шын аты Бөтей), Қоңырбөрікке (шын аты Өтей) бөлінеді. Қызылбөріктің екі ұлы: Молболды және Жолболды. Молболдыдан — Тотас пен Есен. Тотастан — Торғай мен Байназар. Есеннің бес ұлы бар: Базаркелді, Қазымбет, Еламан, Құланаяқ, Марша. Еламанның бес ұлы бар Қонақбай, Шағаман, Сапы, Шоқай, Найманбай.

Шағаманнан — Арыстанбай, Атымтай, Майрық пен Бисары. Бисарыдан — Жанбота, Көбек, Маңғыл. Жанботадан — Мойнақ, Бекберген, Тоқберген. Мойнақтан — Құрман, Жәнібек, Сәке. Сәкеден — Әкімбай (біздің мәлімет берушіміз, 1885 жылы туған). Шежіре бойынша, Әкімбайдан Албанға дейін 12 ата.

Найманбайдан — Қожамжар, Байназар, Сүгір, Алтай, Әжібай. Әжібайдан — Құдайберді, Қыдырәлі, Мәуке, Байыс, Жалбы, Бердіқожа, Айдар, Алқазы.

Қызылбөріктің екінші тармағы — Жолболдыдан екі ұл туады: Сақау (Қонақкелді), Кереқұл (Ағай). Сақау мен Кереқұлдан өсіп-өрбіген ұрпақ көп болғандықтан, біздің мәлімет берушілеріміз оларды таратып бере алмады. Сондықтан біз Сақау мен Кереқұлдан бері қарай 12 ата шығарамыз: Әзет, Нәзет (Абыз), Еспер, Мәмбет, Бердікей, Тілеу, Дәуетек, Байжан, Жапалақ, Тұманбай, Өтес, Қожас.

Албан руының ірі тармағы Қоңырбөрік үшке топтасады: Қалқаман, Бойдақ, Жарман. Қалқаманнан — Біте, Базар, Майлы, Тама. Бойдақтан — Құртқа мен Мамай. Жарманнан — Қарақұл, Сарықұл. Қарақұлдан — Естемес, Кешкіл. Бұдан Қоңырбөріктің үрім-бұтағы туралы біздегі мағлұматтардың аздығы көрінеді. Біздің мәлімет берушілеріміздің арасында бұл рудың бірде-бір өкілі болған жоқ.

Шежіре бойынша, Албанның Сары руы екіге айырылады: Сүйерқұл мен Таубұзар (Сүйменді), бірақ, бұл есімдер халық ішінде ата болып аталмай, олардың балалары атында бергі рулар кездесетіндіктен, этноним ретінде алынбайды. Мәселен, Сүйерқұлдың төрт ұлы: Шоған Абыз, Досалы, Қожбанбет, Жарты мен қызы Әлжан (Алжан) бар. Әлжан кірме Мәмбетке тиіп, ата-анасының қолында қалып, төрт ұл табады: Сырымбет, Шегір, Аламан мен Хангелді. Әлжанның жоғарыдағы төрт бауыры мен оның ұлы ел аузында «Сегіз сары» деп аталады.

Бүкіл дерлік әдеби деректерде Албанның тегін таратқанда «Сегіз сары» Қызылбөріктің бөлек атасы ретінде көрсетіледі. Иә, «Сегіз сары» атауының өзі де бұлардың Сары ұрпақтары екенін айқындайды. Албан тегінің бұл иірімін М. Тынышбаев өз кезінде анықтады, біздің зерттеулеріміз де оны нысықтай түседі. Алжан ұрпақтары да әдетте қазақ арасында халықта сіңісті болғандай әкесінің емес, анасының атымен аталады. Алжан балаларының бір үрім-бұтағы Хангелдіден XVIII ғасырда Жоңғар басқыншыларына қарсы белсенді күрес жүргізген атақты Райымбек батыр шықты. Кейіннен бұл есім күллі албандықтардың жауынгерлік ұранына айналды. Райымбекті халық қасиетті әулие тұтып, оның есімі ел аузында аңызға айналып жүр. Онда ол өлер алдында өсиет етіп, өзін дүние салғанда денесін ақ киізге орап, ақ аруанаға артып, оған қай бағытта да жүруіне бөгет жасамай, өзін інген шөккен жерге жерлеуді өтінді деседі. Мәйіт артылған ақ аруана қазіргі Алматы қаласына келіп шөгіп, осында Райымбекті арулап көміп, сабан кірпіштен ескерткіш тұрғызылады. Қазір мазар орнында белгі орнатылып, үлкен даңғылға Райымбек ата есімі берілгенінің өзі оған деген халық құрметі мен махаббатын көрсетіп, аруағын асқақтатады.

Сегіз сарылар ішінде үлкені де, беделдісі де Сүйерқұлдың үлкен ұлы Шоған Абыз — Тұғыжым (Айтбай, Сиқымбай) мен Дәулет (Аманқұл, Жәдік) болды. Досалыдан Шажаның көптеген ұрпақтары (Тыныбек, Жәнібек, Қалматай, Жәдік), Жансадық (Нияз, Шағыр, Рыскелді) мен Құлсадық (Баймен, Қуат, Биеке, Байсейіт, Еспенбет) өрбиді. Шажа ұрпақтарынан бізге мәлімет берген Ысқақ Мамаділов (1905 жылы туған) сегізінші ата болып келеді.

Қожбанбеттен — Тілеу (Қалдау, Тұрсын), Сағым (Балта, Қанай) мен Ағым (Бишал, Сары). Жартыдан — Тілеуберді, Еспер мен Жақоз. Бұл Сүйерқұлдан шыққан Сарының ұрпақтары түгел ел аузында «Сегіз сары» деп аталады, ал шындығында бұндай ата болған емес.

Сүйменді деп аталатын Таубұзардан да аз ұрпақ тараған жоқ. Одан екі тармақ тарайды: Айт пен Бозым. Ел ішінде оларды жиі қосып айтып, Айтбозым атайды. Соған қарамастан, олар мүлде әр түрлі Албанның ірі аталарып құрайды. Сонымен, Айттан Жанбаба (Қалдыбай), Абата (Бидайшы), Сүйіндік (Сайынбөлек), Маматайыр (Таңатар, Қалыбек, Жорт) мен Қарашаш атты қызы туады. Аңыз бойынша, ол әлде бір сұлтанның (төренің) ба-

ласына айттырылып қойылыпты. Бірде күйеу жігіт өз қалыңдығының аулына ресми ұрын барып, еліне оралған соң ол қайтыс болып, құдалар жағынан ешқандай хабар-ошар түспейді. Әйтсе де, Қарашаш өзінің атастырған жігітінен ұл тауып, есімін Жиенқұл деп қояды, бірақ оны әлденеге «Қыстық» деп атап, тараған ұрпақтары да солай аталып кете барады.

Жиенқұлдан екі ұл қалып, бірі Ақназар ел аузында «Ақдыстық» деп аталып кетеді. Ақназардан — Құлақай (Майлы, Сарман) мен Тілес (Шойқара, Жайып, Оңтағар, Бегім мен Таңат). Біздің мәлімет берушіміз Алмабай Шынасілов (1897 жылы туған) Ақназарға тоғызыншы атадан қосылады.

Қарақыстық деп аталған Тоқтамыстап — Бектемір, Қарақұс, Ескене мен Мәлике. Бұл Жиенқұлдың күллі ұрпақтары шежіреде қазірге дейін Қыстық деп аталып келеді. Аңызға сәйкес Қарашаш ұлы Жиенқұлды төркініне тастап, Жалайыр жаққа күйеуге шығып кетеді.

Бозымнан үш ұл бар: Жаншық (Әлмірек, Беснайза мен Олжай), Шобалтаз (Боздақ, Ноғай) және Сарыбай (Өтеп, Дәуіт). Біздің мәлімет берушіміз Көпбосын Тұрсынов (1888 жылы туған) Бозымға 9 атадан барып қосылады (Албан руларының толық ата тегін 4-қосымшалардан қараңыз). Албандар ішінде бүкіл Ұлы жүзге ортақ «Бақтияр» деген жауынгерлік ұраннан басқа XVIII ғасырда өткен атақты Райымбек батыр атымен — «Райымбек», «Райымбек ата» дейтін ұраны бар. Албандардың рулық таңбасы Дулаттың шеңберінің бір түрі секілді ♀ . Н. Аристов, Н. Гродековтың есеп-қисабына сілтеме жасап, XIX ғасырдың аяғындағы албандардың саны 15500 шаңырақ болғанын келтіріп, олардың негізінен Жетісу облысы, Верный, Жаркент уездерінде тұратынын атап кетеді. Бұл екі уезде қазақ халқы Ұлы жүздің бірнеше руларынан, атап айтсақ, Сарыүйсіндер, Дулаттар, Шапыраштылар, Ыстылар, Жалайырлар, Қаңлылар, Суандар мен Албандардан тұрады. Албандар бұл өлкенің оңтүстік-шығыс жағын алып, Іле өзенінің оң жағасын жайлап, Қытай шекарасына дейін Жаркент уезінің оңтүстік-батысын, Іленің сол және оң жағасын біртұтас мекендеді.

Верный уезінің көлемінде негізінен Қызылбөрік пен Сегіз сарылар орын тепті. Алғашқылары таудың оңтүстік аудандарын, ал кейінгілері уездің солтүстік-шығысындағы Іленің сол жағалауын ата қонысқа айналдырды.

Сегіз сарының рулық бірлігінің қыстауы Алабайтал, Сарыбұлақ, Асы сағасы, Сауысқан, Сарымсақты, Шөладыртеріскей, Сөгеті мен Бөгеті шатқалдарын, одан қалса, бір бөлігі Серектес пен Көктерек тау шатқалдарына орналасты. Жайлауы альпі шабындығы Асы мен Қарқарада болды.

Қызылбөріктердің тұрағы Сегіз сарылардан күнгейге қарай жоғарғы Шелек өзені, Далашық, Биесимес, Айдасу, Жая, Қызылмойнақ, Қараарша, Қондық, Сарыбұлақ, Қызылауыз бен Бақалы шатқалдарында орналасты.

Жаркент уезінде Албан руының көп атасы шашыраңқы орналасқан. Іле өзенінің сол жағасындағы оңтүстік бөлігінде шығыста Қытай шекарасына дейін, оңтүстігінде Іле Алатауының биік жоталарына дейін, батыста Верный уезінің жеріне дейін Қоңырбөрік рулары, Қызылбөріктің шамалы бөлігі, Сегіз сары, Айт, Бозым, Құрман мен Әлжапандардың аталары қоныстанды. Осы кең-байтақ өлкеде қыстаулар, күзеулер, көктеулер мен жайлаулар шоғырландырылып отырды, өйткені онда өзеннің құнарлы алқаптары, тау өзендерінің шатқалдары мен аса биік тау шабындықтары болды.

Мәселен, Іле өзенінің сол жағасын Қытай шекарасына дейін және батыста Шарын өзеніне дейін көптеген Сегіз сары атасының қауымдастығы мен Қоңырбөрік руы иелік етті. Олардан батысқа қарай Верный уезінің шекарасына дейін Айт пен Бозым аталары, ішінара Қызылбөріктер, ал Текес пен Шалқыдысу өзендері бойында Алжапандар мен Құрман аталарының қыстаулары қанат жайды.

Кеген мен Меркі өзендерінің алқабында, тау баурайларында Қоңырбөрік, Айт пен Бозым руларының қыстауы ірге көтерді. Күнгей Алатауының теріскейіндегі тау өзендерінің шатқалдарында Қызылбөрік рулары мекендеді.

Іле өзенінің оң жағасында Жаркент уезінің қарамағында Қоңырбөрік руы қыстаса, Айттар Алтынемел қыратының шатқалында, Алтынемел, Тізгін, Шылбыр, Үшбұлақ, Айнабұлақ өзенінің бойында, сонымен қатар Іле бойындағы Қаратөбе, Қызылжиде, Үшқоңыр, Қоянды мен Айдарлы шатқалдарында қоныстанды. Бұл екі уездегі Албан руларының күзеу, көктеулері қыстаудан онша алшақ емес еді, ал жайлауы таудағы альпі шабындықтарында болатын. Албан руына жататын қазақтардың басты кәсібі мал мен егін, қой-ешкі өсіріп, ірі қара мен жылқы бағып, шамалы түйені кіреге жіберіп, отырықшы және жартылай отырықшылық өмір кешіп, егін салды. Дән-

ді дақылдап кең тарағаны бидай, сұлы, арпа мен тары еді. Өз қыстауларының маңында қалып, телімдерінде егін өсірген жатақтар да аз болмаған.

## СУАН

Ұраны — «Байсуан», таңбасы — 

Суандар жайында көне деректерде мүлде ешнәрсе ұшыраспайды. Алайда, бұл бағытта жоғарыда келтірілген Н. Аристовтың сілтемесі аса құнды дерек көзі болып табылады.

Бұл мәліметті келтіре отырып, С. Аманжолов Н. Аристовтың пікіріне жап бітіріп, Албан мен Суан Дулат руының одағында болды дегенді қостайды.

Қазақ шежіресі де ежелден Дулат, Албан мен Суан руларының түп тамырластығынап, тіпті ол үшеуінің Жарықшақтың баласы екенін дәлелдейді.

Суандар Албандарға, әсіресе, Дулаттарға қарағанда онша көп емес. Сондықтан олар көп жағдайда қысымдық көріп, ең бастысы, жер тәлімі мен жайылымнан шеттетілді. Бұл жәйт әлі күнге дейін айтылып келе жатқан аңызбен де расталады. Онда бауырлар арасында сұр бұқаның ені үшін (ол кезде бұқа ені желінеді екен) дұрдараздық шығып, сыбаға тимеген Суан үлкен ағалары Албан мен Дулатқа өкпелеп, шалғай шығысқа көшіп кеткені әңгімеленеді. Шынында да, Суан руының қонысы Қытай шекарасындағы Іле өзенінің оң қабағында, үш ағайымдылар — Дулат, Албан, Суан жайлаған аймақтың ең шығыс жағында жатыр.

Суанның ата тегі туралы мәліметтер әдебиеттерде біршама. Бұндай деректер көзіне Н. Аристов, М. Тынышбаев, В. Востровтың бізге белгілі еңбектерімен қатар Жетісу облысының байырғы тұрғындарын зерттеген жұмыстарды жатқызуға болады. Оларда Суандардың екі ата Тоқарыстан мен Байтөгейге бөлінетіні айтылады. Бұның бәрі рас болғанмен, әлгілерде үрім-бұтақтың тыңғылықты кестесі жоқ болып шықты. Біз осы кем-кетікті толтырып, өз пайымдауларымызбен салыстыра отырып, Суандар туралы тармақтардың таралуын бір ізге салдық.

Суан руының шежіресі туралы біздің мәлімет берушілеріміз онша көп емес, дегенмен, солардың ішінде Талдықорған облысы, Киров ауданының тұрғыны 1892 жылы туған (Суаннан) Кінәз Дәуітәлиев пен сол облыстың Жаркент қаласының тұрғыны 1937 жылы туған (Суан-

нан) Нұрахан Хабимолдаевтан жипан алған деректерді құнды деп есептейміз.

Сонымен Суаннан ірі төрт ата тарады: Тоқарыстан, Байтөгей, Бағыс, Жесегір (соңғы екеуі Көлбағыс пен Досбағыс деген атпен Алматы айналасындағы дулаттарға сіңіп кеткен). Тоқарыстан мен Байтөгей ұдайы көше отырып, қазіргі қонысы Іле өзенінің оң жағасымен Қорғас өзеніне дейін жетеді. Суан руының негізгі ірі атасы төртке: Тұрдымбет, Мұрат, Бердіке мен Баубекке бөлінетін Тоқарыстан болып есептеледі. Тұрдымбет өз кезегінде үш тармақ: Бөргелтай, Есет, Тұрсынға тарайды. Есеттен — Қошқар, одан — Жанқозы, Бөлек, Одыр, Мейіз. Одырдан — Сүйімбай, Сабаз, Қабай.

Шежіреде айтылатындай, Мұраттың алты баласы болыпты: Орыс, Қараменде, Шегірен, Қарабек, Әбдісүгір, Байтөгей. Ел аузында Байтөгейден басқаларын Бес Мұрат деп те атайды. Мұраттың үлкен ұлы — Орыс, одан — Мырзагелді, Хангелді. Соңғының екі ұлы бар — Сұлтанқұл мен Ақша. Мырзагелдінің ұрпақтары недәуір болып, жеті атаға жіктеледі: Қожеке, Тілеке, Кебенек, Олдақсан, Туматай, Еділбай, Мәмбет. Мәмбеттің бірінші Қарлығаш есімді әйелінен — Мақпал туса, ал екінші әйелі Желкілдектен — жеті ұл көрген: Сүттібай, Құттыбай, Медеубай, Мес, Айдабол (сондықтан оларды анасының атымен Желкілдектің Жеті тазы деп те атайды).

Айдаболдан — Сабалы, Бабалы, Баба, Байшымыр. Соңғыдан — Тұрғынбай, одан — Жақып, Іркітбай, Бүркітбай. Соңғыдан — Қайынолда, Қатша, Әбділда, Қабимолда. Соңғыдан — Нұрсапа, Нұрахан (мәлімет беруші, 1937 жылы туған), Айдархан.

Біз келтірген үрім-бұтақ кестесінде мәлімет беруші Нұрахан Қабимолдаев пен Суанның арасында 11 ата жатыр. Байтөгей үш атаға бөлінеді: Елтінді, Молақ пен Жылгелді. Кейбір әдеби деректерге қарағанда Байтөгейдің ұрпақтары оның екі әйелінің атымен: Нөкейтін мен Сарықыз деп тарайды, бірақ, олар қалай бөлінетіні нақты көрсетілмегендіктен, түп-тұқиянын дәл анықтау мүмкін емес.

Молақтан — Құртымбет, Сексен, Шоқа, Қасаболат, Сүйімбай, Еркебай. Жылгелдіден — Аққабақ, Алдияр, Елшібек. Аққабақтың екі ұлы бар: Құдайберді (Аманқұл, Ақбура, Көтен) және Сатай (Абылай, Көпес, Бектемір, Досқұлы, Науке, Ақылбек, Әбдіке, Жетімқозы). Сатайдың бес әйелі болды, деп ел айтады. Төртінші әйелінен Әбдіке туыпты, одан — Әділбек, одан — Дәуітәлі, одан — Кінәз (біздің мәлімет берушіміз, 1892 жылы туған). Біздің кес-

теміз бойынша, ол он екі атадан барып Суанға қосылады.

Алдиярдан — Есалы мен Дат. Елшібектен — Құлжыкей, Алақүшік, Шабар, Алшор т. б. Сонымен Суан руы екі ата: Тоқарыстан мен Байтөгейге бөлінетінін қайта пысықтаймыз. Алайда, мағлұматтар тапшылығынан үрім-бұтақ кестесінде бүкіл буын қамтылмай қалды. Соған қарамастан екі ата туралы недәуір мәлімет алуға болады, өйткені біздің кестемізде Суан руының (5-қосымшаны қараңыз) бұл екі тармағының үрім-бұтағы біршама зерттелді.

XIX ғасырдың аяғындағы Суан руының қанша болғанын Н. Аристов еңбегінен табамыз, онда 4000 шаңырақ десе, М. Тынышбаев олар 1917 жылы 40 мыңға жетті деп нақтылайды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Суан руына жататын қазақтар негізінен Жетісу уәлаяты Жаркент уезінде тұрып жатты. Олар оңтүстікте Іле өзенінің оң қабағын, шығыста Қытай шекарасына дейін, ал солтүстікте Жоңғар Алатауының тау шабындықтары мен Батыста Верный уезінің шекарасындағы Көктерек өзенінің бойын қоныстанып жүрді. Демек, бұл Суандар көрсетілген жерлердегі құнарлы да шұрайлы топырақты аймақты алып жатты деген сөз, онда жер де, су да, ну да жеткілікті еді.

Бұрхан, Үлкен және Кіші Үсек (Өсек), Шыпжың мен Қорғас өзендерінің алқабы мен Алтынкөл көлінің маңайындағы құмда Байтөгей руының қыстаулары бар болатын. Өсек көлінің айналасында, Іле өзені мен Үсек өзенінің орта шенінде, сонымен қатар Көктерек бойында Тоқарыстан руының қысқы қонысы орналасты.

Суан рулары мал және егін салумен айналысты. Төрт түлік өсіріп, бидай, арпа мен тары екті, сөйтіп негізінен жартылай көшпелі өмір сүрді. Ірі байлар Жоңғар Алатауындағы альпі шабындықтарына шығып кетіп, шағын дәулеттілері тау етегін төңіректеп, жарлы-жақыбай, жатақтар қыстауларда қалатын.

## ШАПЫРАШТЫ

Ұраны — «Қарасай», таңбасы —  (айтаңба)

Ұлы жүз құрамына кіретін Шапырашты руы туралы ежелгі жазба деректерде ешнәрсе жоқ. Шапырашты қазақ шежіресінде Үйсіннің шебересі, Бәйдібектің немересі болып есептеледі, ал Бәйдібек болса Ұлы жүздің жеті руының (Сарыүйсін, Албан, Суан, Дулат, Ысты, Ошақты



және Шапырашты) түп атасы. Бұл рулардың ішіндегі ең байырғылары жазба деректерде бар Сарыүйсін, Дулат, Албан, Суан болып есептеледі, ал Ысты, Ошақты мен Шапыраштыға келетін болсақ, М. Тынышбаев олар Үйсін рулары одағына кейіннен енді деп есептейді. Бұл пікірдің жаны бар секілді.

Шапыраштының рулық құрамы жөнінде Н. Аристов, М. Тынышбаев пен В. Востров еңбектерінде мәліметтер ұшырасады. Біз оны өз зерттеулерімізбен толықтырып, ата тек туралы мұқият кесте жасадық (6-қосымшаны қараңыз). Шапырашты руларының үрім-бұтағы туралы қазақ шежіресінің тамаша білгірлерінен құнды деректер жиналды. Бұлар Жамбыл облысының Талас ауданының тұрғыны 1904 жылы туған (Шапырашты) Көшербай Құлыбеков; Алматы облысы, Жамбыл ауданының тұрғыны 1897 жылы туған (Шапырашты) Сәрсенбек Қонабаев; Алматы облысы, Шелек ауданының тұрғыны 1928 жылы туған (Шапырашты) Қожахмет Кәрібаев; Алматы облысы, Амангелді атындағы кеңшарының тұрғыны 1905 жылы туған (Шапырашты) Жүнісбек Өмірбеков; Алматы облысы, Таутүрген аулының тұрғыны 1900 жылы туған (Шапырашты) Жұмабай Жаманбалаев; Алматы облысы, Жарсу кеңшарының тұрғыны 1905 жылы туған (Шапырашты) Ыдырыс Сүлейменов; Алматы облысы, Амангелді атындағы кеңшардың тұрғыны 1898 жылы туған (Шапырашты) Аңласбай Юсупов еді.

Біздің мәлімет берушіміз Сәрсенбек Қонабаев Шапырашты руының шығу тегі туралы халық арасына кең тараған өте қызғылықты аңызды айтып берді. Онда Бәйдібектің екінші әйелі Зеріптен Жәлменде (Жалмәмбет) атты ұл туып, ол сымбатты да пысық жігіт болып өседі. Бірде ол қыстыгүні әкесінің жылқы тебінінде жүріп, Қоңырат руы, Қызыл биінің қызы Мапырашты сұлумен танысады. Сол жылы жазда Жәлменде әкесімен бірге қызды айттыруға Қызыл би ауылына барады. Жолай көкжал қасқыр кездесіп, оны соғып алады. Осы олжамен Қызыл би ауылына бұрылып, Жәлменде қасқыр терісін сыпыруға кіріседі. Сол сәтте оған Мапыраштың жеңгесі жас келіншек келіп, қасқырдың бауырын алып беруді қанша өтінесе де бас тартады, алайда ол жас әйелдің қиыла берген соң тілегін орындайды. Ол бауырдың өз сүйгені Мапыраштың жерігін басу үшін керек екенін түсінеді. Келесі күні әкесі құда түсу жайын айтқанда Қызыл би сылтау айтып, айнады. Тіпті болмаған соң, Жәлменде қыз әкесіне үш айлық бала күтіп жүргенін, туған соң оны өзіне қайтаруын алға

тартады. Қыз әкесі тығырыққа тіреліп, ақыры қызын күңі Сландымен бірге Жәлмендеге ұзатып, көп қалыңмал алады. Біраз уақыттан кейін айы-күні жетіп, Шапырашты сұлу ұл табады. Оның көзі шапыраш болып, содан Шапырашты деп аталып кетеді. Бір жолы Жәлменде Сланды күңмен де көңілдес болып қалады да, Сланды Жәлмендеден ұл тауып, оның атын Ысты қояды. Көп ұзамай Шапыраштының анасы дүние салып, Жәлменде балдызы Қарашашқа үйленеді. Жайлауда Қарашаш екіқабат болып жүріп қонақтарға түстік дайындап жатқанда кенет ошақ қасында босанып, оның есімін Ошақты деп атайды. Сонымен, Жәлменденің үш әйелінен үш ұл: Шапырашты, Ысты және Ошақты туады. Олар бөлек-бөлек жасау алып, өздерінше отау көтереді. Ал балалар әкесі өлген соң шешелерінен енші алып отырған. Сондықтан Жәлменде көзі тірісінде әр мұрагеріне енші беріп, олардың әрқайсысына айрықша таңба береді. Шапыраштыда —  $\Upsilon$ , Ошақтыда —  $\Delta$ , Ыстыда —  $\text{I}$ . Көріп отырғанымыздай, олардың таңбалары бір-бірінен мүлде бөлек, тіпті оларды жалпы әлде бір белгілердің түрлері деп есептеуге болмайды. Сөйтіп, оларды шежіреде бір әкеден тарады дегенмен, таңбалары бойынша туыс деп санауға болмайды. Бұл тұста халық дәстүрі бойынша, «әр әйелден туган бала бір рулы ел» дейтін мәтел расталғандай.

Шежіреде көрсетілгендей, Шапырашты үш рулық бірлестіктерге бөлінеді, атап айтқанда: 1) Малдыыстық, 2) Желдіыстық, 3) Қылдыыстық. Бұл этнонимдер ел аузында ру деп аталмайды, ал келесі ұрпақтар айқын аталар болып кете береді. Мәселен, Малдыыстық үш руға: Екей, Еміл, Есқожаға бөлінеді. Аңызда Есқожа Емілдің отбасына кірме (арғы тегі түркімен деседі) деп айтылады. Еміл ерте өліп, үйелмелі-сүйелмелі екі жас баласы жетім қалады. Есқожа Емілдің жесіріне үйленіп, жеткіншектерді қанатының астына алады. Халық аузында Есқожаны атақты бай, күшті және өте іскер адам деп сипаттайды. Оның бес әйелі, көп бала-шағасы болыпты. Кейіннен Емілдің де, өзінің де балалары Есқожа ұрпақтары деп аталып кетеді, бірақ ата-текті жақсы білетіндердің айтуынша Екей руы екі ата Жарымбет пен Бәйімбет болып бөлінсе, Жарымбет екіге топталады: Ақтөбет (Қайсыбай, Бисенбай, Изенбай, Жусанбай) пен Бердіс (Өтегүл, Өтеп, Күлкеней, Салағой, Текеш), Өтегүлдан—Сапболат, одан—Майемер, одан — Қалдан, одан — Қопабай, одап — Сәрсенбек (мә-

лімет беруші, 1879 жылы туған). Өтептен — Оршақ, одан Сәдібек, одан — Жабай, одан — қазақтың ұлы ақыны Жамбыл (1846—1945). Күлкенейден — Ботақара, Салағойдан — Бейсен, Текештен — Кінәз.

Бәйімбеттен төрт ата тарайды: Әлке, Сабыншы, Шындәулет, Бекпенбет. Еміл руынан — Жайық пен Алысай. Жайықтан — Қойайдар (Қошқар, Сарытілеу, Күсеп, Жолай), Жанай, Сүйіндік пен Қармыс (Тайторы).

Алысайдан — Сары, одан — Тілеуімбет, одан — Болай (Бикісі, Бүлкісі, Боранғазы, Жолдыбай, Шоқа), Боранғазыдан — Жаманқара (Ерқотан, Сералы мен Битан — Сарымсақ, Сарман, Сарыбай, Қармыс, Қарсақ, Тышқанқұлақ Байқұлақ, Бөрлібай, Махмет пен Қарсыбай (Нүсіп); Нүсіптен — Әлжанбай (мәлімет беруші, 1898 жылы туған). Одан Шапыраштыға дейін 13 ата.

Есқожа руы бес атадан тұрады: Шағаман, Тоғызтоқпақ, Төретұқым (Жаушы, Бақай мен Тоқтамыс), Шуаш пен Алтынай.

Алтынайдан — Абыз; Абыздан — Шегір, Қайдауыл, Қарасай батыр. Қарасай батырдың есімі күллі Шапыраштының жауынгерлік ұранына айналды. Одан — Өтеп (Нартайлақ, Асан, Бәлпеш пен Атығай), Көтеш (Айдар, Нәуеш, Жиек), Ауыз бен Түрікпен. Түрікпеннен — Тілеу, Жарылғап (Қойсоймас, Қойгелді, Қараш батыр (Кенесары Қасымовтың қанаттасы), Сатыпалды, Қараша мен Тоқты). Түлкіқұрт (Көкше — Ыстамбек-Саурық батыр) пен Малқара. Саурық батыр 1725 жылы Торғайда қалмақтармен соғысты. Малқарадан — Итаяқ, Быжыбай мен Қазақбай. Итаяқтан — Тайбағар, Шақабай (Үшке, Түлкі, Айтбек, Мөңдібай). Кебенек, Бірназар, Дабыл мен Талқан. Үшкеден — Тілеш, Бітеш, Айташ пен Қопабай. Тілештен — Өмірбек, одан Жүнісбек (мәлімет беруші, 1905 жылы туған). Ол Шапыраштыға 13 атадан қосылады.

Желдіыстық руы бірлестігінен ірі екі ата шығады: Шыбыл мен Асыл. Асылдан тарайтын Әжіке, Кеней, Теке мен Төлеміс «Төрт Асыл» деп аталады. Шыбылдан — Жәдік, Қарабайыс пен Сарыбайыс, Құлжұдырық. Соңғыдан — Шатыр Абыз — Бәйімбет, одан — Айбас, Балапан-Барақ пен Қайыпберді (Бажырық, Қарауыл мен Төлебай). Төлебайдан — Шыбылтай, Дәулет, Бөген, Мәмбет, Олжабай. Соңғыдан — Дербісәлі, Жиенәлі, Байдәулет, Көшкінбай. Одан — Кәрібай, одан — Қожахмет (1928 жылы туған). Ол Шапыраштыға 12 атадан барып қосылады.

Асылдан — Орынбет, Әжіке (Дәулет, Текелік, Мәмбет,

Кенен) мен Тұнқатар немесе Таңатар (Өмір, Көрпе). Өмірден — Бұзаушы, Төбет, Құлан, Жанай, Теке, Төлеміс. Текеден — Дәулетбай (Қара, Шақа, Сарыбай мен Ырысбай) мен Сатай (Батырбай, Тоқтабай, Жолшора, Ақбіте, Маншап). Ырысбайдан — Баян, Байқоныс, Байтемір, Жидебай, Қылышбай.

Төлемістен — Байет (Келдімұрат, Бардымұрат, Байсеңгір, Қарасеңгір, Наурызбай). Төлемістің ұрпақтарын бес немересімен ел ішінде «Алты ата Төлеміс» дейді.

Қылдымстың рулық бірлестігінен Айқым, одан — Қайдауыл мен Қалқаман. Өкінішке қарай, бұл аталардан одан әрі нақты деректер жоқ.

Шапырашты руындағы бес ірі аталар — Екей, Есқожа, Шыбыл, Асыл мен Айқымды елі ішінде «Бес шам Шапырашты» немесе «Бес таңбалы Шапырашты» дегенмен, олардың ерекше белгілері туралы да бізде мәлімет жоқ. Бұл ататек туралы әдебиетте мағлұмат мол болғанымен оның бәрі бар тағымды түгел қамтымайды. Мәліметіміз жоқ болғандықтан, бұл үрім-бұтақтың шыққан тегін барынша тарата алмадық.

Шапырашты руының жауынгерлік ұраны Есқожадан шыққан атақты Қарасай батырдың есімімен «Қарасай».

Рулық белгі — **У А** (айтаңба).

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Шапырашты руы, негізінен Жетісу уәлаяты Верный уезінде тұрып, олардың аз тобы Сырдария уәлаятының Әулиеата уезінде шашырап жүрді. Н. Гродековтың деректерін пайдаланып, Н. Аристов өз еңбегінде шамамен шапыраштылардың санын келтіреді, атап айтқанда, 7000 түгін десе, М. Тынышбаев 1917 жылы Верный уезінде 70 мың жан болды деп есептейді. Н. Аристов Шапырашты руының бес ірі атасының қоныстануын екшей келіп, Екейлер Ұзынағаш пен Шамалған болыстарындағы Қарасу, Тәукетайлақ, Қасқабұлақ, Қызылауыз, Ұзынағаш, Сасықбай, Текенді, Сүмек пен Сары Шыбыр шатқалдарын мекендейтінін айтады. Қастек, Кіші Алматы, Үлкен Алматыда, ішінара Ұзынағаш болысының Қарақастек, Құтырған, Найманбай, Түгереккөрші, Жиренайғыр, Қастек, Самсы өзенінің бойындағы, Қойжалдамалы, Қарабастау мен Тастыөзек шатқалдарында — Есқожа руының көптеген аталарының қыстаулары орын тепті.

Шыбыл руы Күрті болысының Тоқмоласаз, Қараөткел, Кемпірсай, Құрманбай, Қалбұлақ, Өтеген мен Үшшоқы шатқалдарын жайлады. Жайлаулары Іле Алатауында бол-

ды. Асылдың көптеген аталары Түгелсай мен Күрті болыстарындағы Терісбұтақ, Қаракемпір, Талдыбұлақ, Жаманбұлақ, Қосағаш, Ақсеңгір, Шыбық пен Үшарал қойнауларын мекендеді.

Асылдардың тағы бір тобы Кіші Алматы болысындағы Құрөзек, Талдыжиек пен Шамалғанға жақын Қаскелең өзенінің бойында қыстады.

Ең соңында, Айқым руы Қарғалы болысының жерінде Айдос, Қасқабұлақ пен Қызылауыз патқалдарында қоныстанып жүрді.

Сонымен, төңкеріске дейін шапыраштылар отырықшы, жартылай отырықшы болып күн кешті, негізінен төрт түлік өсіріп, суармалы жер мен сүдігерде егіншілікпен айналысты. Дәнді дақылдан бидай, арпа, сұлы мен тары екті.

## ЫСТЫ

Ұраны — «Жауатар», таңбасы — I (көсеу)

Ыстылардың ежелгі этникалық тарихы, оның үстіне этногенезі жайында айтудың жөні келмейді. Өйткені, көне деректерде ол туралы ештеңе жоқ. Тек Фахреддин Мүбәракшахтың «Тарихында» XIII ғасырда қазіргі Қазақстанның жерінде басқа рулармен көшіп-қонып жүрген Ысты руының Тілік тұқымы туралы сілтеме бар. Сол мәліметке сүйеніп, В. Востров «Ысты рулары Шу мен Талас өзендерінің арасын мекендеп, XV ғасырда Қазақ хандығының құрамына еніп, ал сонан соң басқа рулар мен аталарға еріп, шығысқа жылысып, Іленің сол жағасына қоныс тепті» деп атап өтеді.

Ысты руы туралы орыс деректерінде алғашқы мәліметтер А. И. Тевкелевтің Ұлы жүз руларын санамалаған еңбектерінде, сонымен қатар Ұлы жүзді Ресей боданына алу туралы Ұлы жүз сұлтандары мен билерінің қол қойған өтінішінің тізімінде еске алынады, онда Ысты — Ойық және Тілік деп екіге бөлінеді.

Әйтсе де бұл мәліметтерді В. Востров өз зерттеуінде келтіреді. Ыстының түп-негізі туралы бергі әдеби деректер де бар. Оған ең алдымен қырғыздардағы жер пайдалану туралы Н. Аристов, М. Тынышбаев және В. Востровтың жарияланымдарын жатқызуға болады. Осылардың бәрін есептей келіп, әдеби деректерді біздің зерттеуімізбен салыстыра отырып, Ысты руының толық тегін жасауға мүмкіндік туды (№ 7 қосымшаны қараңыз).

Ең білікті мәлімет берушілеріміз: Жамбыл облысы, Талас ауданының тұрғыны 1909 жылы туған (Ойық)

Жадабай Балтабаев; Жамбыл облысы, Сарысу ауданының тұрғыны 1895 жылы туған (Ысты) Орынбай Тұрысбеков; Алматы облысы, Жарсу кеңшарының тұрғыны 1928 жылы туған (Шапырашты) Қожахмет Кәрібаев; Алматы облысы, Жарсу кеңшарының тұрғыны 1905 жылы туған (Шапырашты) Ыдырыс Сүлейменов; Шымкент облысы, Төрткүл ауылының тұрғыны 1888 жылы туған (Қарақойлы) Қожатай Төлеков және басқалар.

Сонымен, қазақ шежіресінде қатталғандай, Ысты — Бәйдібекке немере, ал Бәйдібектің өзі Үйсінге шөбере болып келеді. Соған сәйкес Бәйдібек Ұлы жүздегі жеті рудың (Сарыүйсін, Дулат, Албан, Суан, Ысты, Ошақты және Шапырашты) атасы. Аңызға қарағанда Ысты Жәлменденің екінші әйелі Сландыдан (бұрынғы күң) туады.

Шежіре бойынша Ысты екі ата: Ойық пен Тілікке тарайды. Ойықтан төрт тармақ: Есім, Малай, Таз, Құланшы. Есімнен — Алақоз атасы шығады. Малайдан — Бәйтiк, Сүйiндiк, Қалжан, Қара мен Жантүгел; Таздан — Әлмамбет, Байменбет мен Сарыкемпiр; Құланшыдан — Амантай мен Жамантай. Тiлiк руы бiрнеше тармақ: Тазша, Таздар, Асаңқараған, Сексен, Байқараған, Қоңыр, Жырымсыз бен Ақмолда. Қоңырдан — Ахметей, Құралай мен Қамыс. Ахметейдiң үш ұлы бар: Қожамқұл, Сүйшi, Қозықырған. Қожамқұлдың жетi ұлы болды: Өтес, Бойша (Тойбай), Шөтен, Сартақ, Айдарбек, Қолсадақ (Алай, Байшехан), Қожансүгiр.

Құралайдан екі ұл: Аққойлы, Қарақойлы. Соңыдан — Төбе би, одан — Қарақораз бен Жайлау, соңыдан — Көшей (Рүстем) мен Көшімбет (Әжі, Наурызбай, Томай).

Ақмолда атасы беске бөлінеді: Есеншора, Ожырай, Боқмұрын, Итаяқ, Сүлгетай. Соңыдан — Бекбауыл, Төртсары, Итемген, Көзтаңбалы (№ 7 қосымшаны қараңыз).

Үрім-бұтақтың кестесінде көрінгендей, көптеген аталар, тармақтар мен ұрпақтарға келгенде, деректер жетпегендіктен көп жайды таратып бере алмадық. Соған қарамастан, біз ұсынып отырған ата-тек тарату Ысты рулары, оның рулық құрылымы жайында недәуір толық түсінік береді.

Ыстының рулық жауынгерлік ұраны — «Жауатар», ал таңбасы — **І** (көсеу). Бұл ұран мен таңбаны бізге белгілі бүкіл әдеби деректер бір ауыздан мақұлдайды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ысты рулары үш уезде: Верный (Жетісу), Әулисата мен Шымкентте (Сырдария) қоныстанды. Н. Аристовтың көрсетуін-

ше, бұл уақытта Верный мен Әулиеата уездерінде 1500 шаңырақ, ал Шымкентте 3500 шаңырақ, М. Тынышбаевтың мәліметі бойынша 1917 жылы Ыстылар Верный уезінде 10 мың жан, Әулиеатада — 20 мың, Шымкентте 20 мың жан болса, бұл өлкеде барлығы 50 мың жан Ысты түтін түтетіп отырды.

Бұл мәліметтер, әрине, бұлтартпайтын дәлел болмаса да, үш уездегі олардың қоныстануы туралы біршама түсінік бере алады.

Мәселен, Верный мен Әулиеата уездерінде Ойық руының көптеген өкілдері қоныс тепсе, ал Шымкент өңірінде Ысты руының Ойық та, Тілік те аталары қанаттас өмір сүріп жатты. Демек, бұл Ойық руы сан жағынан Тілік руынан басым түсіп жатқанын көрсетеді.

Верный уезінде тұратын Ойықтың әр түрлі қауымы негізінен үш жерге топтасты. Бірінші топ Іленің төменгі ағысында Жалайыр руының Байшегір атасымен араласып-құраласып, Астау, Қара, Көкібай құмында, Маңдай, Құдық, Қарағайқұдық шатқалында, Топар мен Көкталдың Ілеге құятын тармағында, Көкшекпен, Киікбай, Байтайлақ, Бескемпір мен Шоғырлы қойнауында тұрып жатты.

Ойық руының қауымдастығының екінші тобының Аңырақай тауының етегі, Жыңғылды, Еспе, Ашқұдық пен Қопалы өзені аңғарындағы Айтақсай, Райсай, Құрмансай, Қарасай шатқалдарында қыстаулары болды.

Ойық руының қауымдастығының үшінші тобы уездің ең қиыр оңтүстігінде Кіші Алматы, Тереңқарасу мен Исатайқарасу өңірінде қыстады. Күзеу мен көктеулері Қарой шатқалының маңайында болды. Бұл топтың көптеген малшылары жайлауда тауға кетіп, баз біреулері қыстаудың қасын төңіректен қалды.

Бұл топтардың қауымдастығы қай жерде болса да, олардың әрқайсысы жалпылай ортақтасып пайдаланатын жайылымы мен шағын жері болды. Мал өсіріп, егін салды.

Әулиеата уезіндегі Ойық руы қауымдастығының тобы, негізінен екі жерде тұрақтады.

Бір тобы Шу өзенінің төменгі жағында, сол жағалауды Шымкент уезінің шекарасына дейін жайлап, төлеңгіттер және дулаттармен қанаттас қоныстанды.

Мейлінше шоғырланған екінші тобы Талас өзені ағысының ортасында екі жағалауда: Ащыкөл мен Ақкөл көлдерінің атырабында, сонымен қатар Әулиеата айналасында өмір сүрді. Ойық руының бұл қауымдастығының топтары суармалы жерді баптап, оған қоса төрт түлік өсіріп, оты-

рықшы және жартылай отырықшы күн кешті. Дәулетті шаруашылықтар жайлауы алыстағы Қаратау қойнауына немесе Алатау аясына еніп кететін. Дәнді дақылдар егіп, бау-бақшамен айналысты.

Шымкент уезінің жерінде Ысты руының Ойық және Тілік аталары кең тараған. Егер Верный мен Әулиеата уездерінде тек Ойықтар тұрса, Шымкент уезінде Ойықтан басқа Тіліктер де қоныстанды. Айта кету керек, бұндағы Ойықтар саны аз болса, Тіліктер Ысты жұртының шамамен үштен төрт бөлігін құрады.

Ойық қауымдастығының шағын тобы Шымкенттің батыс жағында Арыс өзенінің сол жағасында, Сырдарияның оң жағасында қыстайтын Жаным қыстауларына дейін барып жүрді. Ысты руы қауымдастығы Тілік атасының үлкен екінші тобы Әулиеата уезінің шығыс шекарасына дейінгі орасан үлкен алқаптағы Боралдай, Бөген, Шаян, Мыңбұлақ, Арыстанды, Шалдыөзек пен Қарабас өзендерінің бойында орналасты. Бұнда Қызылжар, Ақтас, Қайнар, Майбұлақ шатқалдары бар еді.

Бұл осы өлкені жайлаған Ысты руы Тілік аталарының ең саны көп, шоғырланып отырған тобы болатын.

Ысты руының Тілік атасы қауымдастығының шағын тобы Шу өзенінің сол жағалауында солтүстік шекараға дейін көшіп-қонып жүрді. Тіліктердің қыстаулары Шу өзені мен батыста Мойынқұм құмының шегіне дейін жетіп, шығыста солтүстік-шығыс бұрыштағы Төлеңгіттермен қоңсы қонды.

Ысты руының бұл қауымдастарының тобы өз ағайындары сияқты отырықшы және жартылай отырықшы болып күн кешіп, мал өргізіп, суармалы жерлерді игерді. Егістік қыстау қасындағы өзендер жағасында, күзеулер мен көктеулер де алысқа кетпей, Мойынқұм маңайында болатын. Жазғы жайлау Қаратаудың теріскейі мен күнгейінде Қазығұрт беткейінде орналасты.

Сонымен, Іле, Шу, Талас, Арыс және өзге де оңтүстік өзендерінің жағасын жайлаған Ысты руының қазақтары қысқа қарай түндігі ашық бірнеше қанатты шошала тігетін. Оларды қамыстан, тас пен шикі кірпіштен тұрғызатын. Бұл үйлер орталықтағы ошақпен немесе бұрыштағы қазандықпен жылынатын. Жылытатын пешті ілуде біреу болмаса, көпшілігі білген жоқ. «Жатақ» аталатын жарлы-жақымбайлар, көбінесе, жеркепелерде тұрды. Ысты руының малы көп ірі байлары Қызылқұм мен Мойынқұм құмдарын жиі қоныс аударып мекендеді. жазда да, қыста да ыңғайлы киіз үй тұтынды.



## ОШАҚТЫ

Ұраны — жалпы үйсіндерге ортақ «Бақтияр»,

таңбасы —  $\triangle$  (тұмар таңба)

Ошақты руы туралы да көне жазба деректерде ешқандай мәлімет жоқ. Тек қана орта ғасырдағы бір мағлұматта Ошақты емес, оның бір Байлы руы жөнінде XV ғасырға жататын араб саяхатшысы Масуди «Тарихи Абулхайрхани» шығармасында там-тұм ескертіп өтеді.

Орыс әдеби деректерінде XIX ғасырдың 70-жылдарына дейін де Ошақты руы туралы бірде бір сөз айтылмайды. Тек 1867 жылы Ю. Южаковтың еңбегі жарияланып, онда Ошақты мен Шапырашты Суанның баласы деп қатеге ұрынады. Бірақ, Ю. Южаков Ошақты руының тегі туралы ешқандай мәлімет бермейді, Н. Аристов та қолында дерек жеткіліксіз болғандықтан, бұл ірі қауымдастықтың ата тегі туралы ешқандай ауыз тұшытарлық мағлұмат келтірмейді. Тек М. Тынышбаев қана Ошақтылардың рулық құрылымы туралы біраз хабардар етеді, сол біздің ата тек тарату жұмысымызда біршама бағдар болды.

Қазақ шежіресі бойынша, Ошақты Үйсінге шөбере болып келеді. Оның әкесі Жәлменде үш әйел алады: біріншісі Мапыраштыдан — Шапырашты, екіншісі Қарашаштан — Ошақты және үшінші әйелі Сландыдан — Ысты. Демек, қазақ шежіресі олардың туыстық байланысын айқындап береді. Оның үстіне, В. Востров Қоңыр атасының Ошақты мен Ысты құрамында болуының өзі олардың туыстық қатынаста болғанын көрсетеді деп есептейді.

Ошақты руының тегін тарқатуда бізге мәлімет беруші Жамбыл облысы, Талас ауданы, Үшарал ауылының тұрғыны 1889 жылы туған (Ошақты) Мықтыбай Махамбетов көп көмектесті.

Қарапайым әдеби деректер мен біздің зерттеулеріміздің негізінде Ошақты руының тегін жүйелеп, олардың қоныстанған ауданын айқындаудың мүмкіндігі туды (№ 8 қосымшаны қараңыз).


Сонымен, Ошақты руы алты атадан тұрады: Байлы (немесе Байназар), Қоңыр (Қойназар), Аталық (немесе Бекназар), Тасжүрек (Ақназар).

Байлы төрт атаға бөлінеді: Сүзік (Созақ), Байсары, Қасқа, Қабыл. Соңғыдан Қосберді, Есенгүл, Есберді. Есбердінің үш ұлы бар: Ауызек, Есенәлі, Мүсірәлі. Соңғыдан Бекен, одан — Панг батыр (К. Қасымовтың ізбасары).

Қоңыр руы төрт тармақ: Шуылдақ, Алданар, Жаман-тымақ, Түлкіші. Аталық атасы да беске бөлінеді: Орақ (Төртауыл, Қарсақ), Жалмәмбет (Берді, Сүгір, Тобет, Тас).

Көп аталы Тасжүрек он екіге тарайды: Қосақ, Солақай, Сейіт, Тоқтыауыл, Қараман, Келмембет, Бөлек, Тас, Тілеу, Қайқы, Таз, Кенже.

М. Тынышбаевтың мәлімдеуінше, Тасжүрек руынан әйгілі Саурық батыр шығып, 1725 жылы Торғайда Бұланты, Бөленгі өзендерінің жағасында қалмақтармен болған соғыста жеңіске жетіп, ол ара әлі күнге Қалмаққырған деп аталады. Айта берсе, Ақназар, Қойназар, сонымен қатар көп аталар, Қоңыр, Аталық, әсіресе Тасжүрек жайында мағлұматтар аз болғандықтан шектелуге тура келді.

Ошақтылардың рулық айрықша жауынгерлік ұраны жөнінде ешқандай деректер жоқ, сондықтан оларда үйсіндерге ортақ ұран — «Бақтияр» деп шамалауға болады. Аристов, Тынышбаев, Аманжолов пен Востровтың айтуынша, рулық белгі —  (Тұмар таңба). Ошақтылар онша көп емес, Н. Гродеков, И. Смирнов мәліметтерін негізге алып, Н. Аристов олардың жалпы санын шамамен ХІХ ғасырдың аяғында Әулиеата, Шымкент, Ташкент уездерінде 2000 үй деп көрсетеді. М. Тынышбаев 1917 жылы Әулиеата уезінде 60 мың жан, Шымкентте 10 мың жан, екі уездегі олардың бәрі 70 мың жан болды деп тұжырымдайды.

Ошақтылар Талас өзенінің төменгі ағысында екі жағаны қоныстанды. Бұл тұрғындар көпшілігінің қыстауы Әулиеата уезінде де, шамалы бөлігі Шымкент уезінің жерінде орналасқан. Талас өзені Шымкент уезіне мүлде жетпеді, бірақ онда басқа өзендер бар болатын.

Ошақтылар да өз қандастары сияқты отырықшы және жартылай отырықшы өмір кешті. Отырықшылар деп жылдың төрт маусымында да Талас өзенінің алқабында қалып, суармалы егін шаруашылығымен айналысқан жатақтарды атайтын. Ал, көшпелі тұрғындар, оның ішінде малы көп байлар Мойынқұм құмын қыстап, киіз үйде тұрып, сексеуілден қора-қопсы жасап, таластағылар жөртөле қазып, шошала тұрғызып, қамыс пен сексеуілден ашық немесе жабық мал тұратын шарбақтар құрады. Малға арнайы азық дайындалған жоқ, көктеу мен күздеу қысқы жайылымнан алыс емес болатын, ал жайлау Қаратау қойнауында еді.

Төрт түлік мал түгел сай болып, өрісте жататын. Көші-қонда түйеге жүк артатын, жылқы мен өгіз де пайдаланылатын.

## ЖАЛАЙЫР

Ұраны — «Қоблан» («Бақтияр», «Бөрібай» дейтіндер де бар), таңбасы — **Л, П, М** (тарақ)

*Зерттеушілер атап көрсеткеніндей, Жалайыр руы туралы көне қытай жазбаларында да, тіпті IX—X ғасырдағы араб деректерінде де айтарлықтай мәліметтер жоқ. Ол жайындағы алғашқы мағлұматтар монғол дәуіріндегі XIII—XV ғасырдағы жазбаларда ғана бар.*

Мәселен, Рашид ад-Дин ежелден жалайырлар көп өніп-өскен ру деп көрсетеді. Сондай-ақ, ол: кезінде жалайырлар Тұран мен Иранда өмір сүргенін, оларды қытайлардың күйретіп, біразының монғолдарға — «Шыңғыс-хан бабаларына» тұтқынға түсіп, ол Шыңғыс-хан кезінде көбісі бек аталып, қоғамда құрметті орын алғанын жазады. Оған қоса Рашид ад-Дин Жалайыр руының 10 ірі атадан тұратынын нұсқайды: Жәйіт, Қоң-қауыт, Оят, Көркін, Торы, Тоқырауыт, Құмсауыт, Нілкін, Төлеңгіт, Саңғыт.

С. Аманжолов Рашид ад-Дин көрсеткен Жалайыр аталарының кейбір тегі қазіргі қазақтар ғана емес, өзге де рулық тармақтарда барын аңғарады. Мәселен, осы рулардан, — деп жазады ол, — Қоң-қауыттан — қаңлыны, Сан-қауыттан — саңғылды, Жәйіттен — Жүйді (Кіші жүз), сонымен қатар қырғыздарды (шайтейіт руы) көруге болады.

Қазіргі заманғы қазақ пен алтай төлеңгіттері ежелгі Жалайырдың төлеңгіттеріне сәйкес келеді. Тордан «торғұлдар» (Алтайдағы татарлар) танылады. «Тоқырауыт» пен «Нілкін» сөздерінен Нілкі немесе Нылқы (Іленің бір тармағы) мен Тоқырауын (Жезқазған) өзендерін аңғарамыз.

Бәлкім, Көркін — Құрыған, немесе Үшқұрыған (Орхон жазуында) сақалардың ата-бабаларының түп тамыры шығар. Сөйтіп, әзірше Оят пен Құмсауыт өз төркінін таппай отыр, әйтсе де олардың анық түрік сөзі екенін мойындамай қала алмаймыз.

Соған қарамастан Рашид ад-Дин өз еңбегінде XIII ғасырларда Жалайырлар монғол тілдес деп тұжырымдайды. Бұл орайда екі ұштылық жоқ деп ойлаймыз, өйткені әуелгіде монғолдарға тұтқынға түсіп, одан соң Шыңғыс-хан мен

оның балалары әскерінің құрамына еніп, XIII ғасырда монғолша сөйлеуі де мүмкін. Бәлкім, осы мәліметтерге сүйеніп, Ш. Уәлиханов пен академик В. Бартольд Жалайырларды монғол рулары деп есептеген шығар. Олардың ізінше М. Тынышбаев монғол тарихшысы Соном Сесеннің еңбегіне сілтеме жасап, «Жалайырлар Еке-монғол (ұлы монғол) деп аталатын саны көп, күшті монғол тобынан шықты» деп есептейді. Шыңғыс-хан қаз-қаз тұра бастағаннан жалайырлар оны жақтап, оның Қытай, Тибет, Түркістан мен Персияға жорықтарын қолдап отырды.

Қытайды жаулап алған Шыңғыс-ханның әйгілі қолбасшысы Мұқылы-Тобан Жалайыр руынан шыққан. Шыңғыс-хан тұсында да, кейініректе де Жалайырлар төрт атаға топтасады: біріншісі Монғолия мен Қытайда қалды; екіншілер — Жошынның балаларына беріліп, Шу өзенінің орта ағысынан шығысқа қарай қоныстанып, Шу-манақ деп аталды; үшіншілер — Шыршық пен Ангрен алқабында қоныс теуіп, Жалайыр ордасы аталуымен мәлім (Сыр-манақ); төртінші топ Гулагу ханмен Персияға кетті. Одан әрі М. Тынышбаев жалпы нышандармен жалайырдың соңғы үш тобының негізгі тарихи белестерін қуалайды. Мәселен, Ақсақ Темір көтеріліп келе жатқанда оны қолдап, 1370 жылы олар оның қарсыластары Дулаттар жағына шығып кеткені үшін жалайырлар талқандалып, бытырай қоныстандырылды. Парсы тобы Иранда негізгі маңыз атқарды; жалайыр әулеті тіпті Солтүстік Иранда, ал бір кезде Бағдатта да патшалық құрды. Жалайырлардың басты бөлігін 1370 жылғы қашқын Сыр-манақтар келіп қосылған Шу-манақтар түзеді.

Бұдан әрі М. Тынышбаев Жалайырлардың Жошы ұлысынан шығысқа қарай ойысып, Ежен ханның Ақ ордасына тірек болғанын, Орыс ханның кезінде олар әмірші әскерінің ұйтқысына айналғанын айтады. XVI ғасырдың аяғында жалайырлардың қалың көпшілігі Ұлы-Тауя ауданында болған деседі, осы кезде Оразмұхамет сұлтан өзінің жақыны Қадырғалимен орыстардың тұтқынына түсіп, Мәскеуге жөнелтіліп, Борис Годунов патша оларға Қасымов (Касимово) қаласын беріп, Қадырғали Жалайыри онда Оразмұхаметтің ата-тегінің шежіресін жазды.

XVIII ғасырдың басындағы Жоңғар шапқыншылығына дейін Жалайырлар Шу өзенінің орта ағысына оралып үлгіреді, бірақ «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада» қайтадан Бетпақдала шөліне қарай серпілді. Одан кейін Жалайырлар XVIII ғасырдың ортасында Қазақ жерін азат етуге белсене араласып, қытайлар Жоңғарияны

біржола күйреткенше, Аягөз өзеніне дейін жетті. Соның нәтижесінде азаттық алғаннан кейін, Жалайырлар Жетісудың Қаратал өзені жағасы мен Іле сағасын мекендеп қалды. Дегенмен, зерттеушілердің ішінде бірінші болып Н. Аристов Жалайыр руларының аттары негізінде олардың монғол тектес емес, арғы тегінің аралас түркі-монғолдан шыққанын ұсынды.

Н. Аристовтың пікірін растай отырып, С. Аманжолов оның тұжырымын нақтылап, кемшіліктерін көрсетіп, Жалайырлардың ежелгі түріктерден тарайтынын сенімді түрде дәлелдейді.

«Мен Аристовтың пікіріне қосыламын,— деп жазады С. Аманжолов,— Жалайыр руы мен аталары Ұлы жүзде де әр текті рулар одағының бөлігі. Бірақ, бұл, меніңше, бүкіл қазақ, қырғыз, өзбек руларына да тән. Нағыз жалайыр деп ол, бәлкім, монғол нышандарын айтатын шығар. Бұл тағы да халықтардың қоныс аударуына байланысты қате көзқарас. Жалайырдың бүкіл рулары кейін түріктеніп кеткен монғол тектес дегенге итермелейді».

Ал, жағдаяттар басқаша баяндайды. Жалайырлар тармағының ішінде монғол билігіне дейін көптеген ежелгі түрік руларының болып, басқа да Ұлы жүз бен қырғыздар руларының құрамында олардың таңқаларлықтай мидай араласып кетуі, олардың (Жалайырлардың) монғол шапқыншылығына дейін түркі тектес болғанын көрсетеді.

Хиуа ханы Әбілғазы Баһадүрхан Жалайырларды монғолдың Хайду ханының тұтқыны болғаннан кейін ғана монғол атанды деп есептейді. Бұдан Жалайырлардың басым көпшілігі монғол емес, небәрі олардың (500 «бүлікшілері») құлдыққа түсіп, монғолданып кеткен аз бөлігі деп түйіндеуге болады. Ежелгі монғолдардың салт-дәстүрі бойынша, олар өз мырзаларының қосынында қызмет етіп, «күнәдан» арылып, жоғары шен, атақ-дәрежеге (бек немесе қолбасы) жетуіне болатын еді. Сондықтан Қытайды жаулап алғандардың ішінде Жалайыр Мұқа-ноянның болуы таңғаларлық емес (Әбілғазы). Одан әрі С. Аманжолов Жалайыр руы ата-тегінің құрамын талдай келіп, олардың Сыр-манақ пен Шу-манақ тармақтарына айрықша назар қойып, бұлар ежелгі Дулудың бес аймағын тағы да қайталайтынын еске салады: шу-ми, шу-муғун, шу-бань және басқалар. Олармен, бәлкім, қырғыз-қыпшақтарының қырғыз аталары: жаманақ пен оманақ та байланысты болуы мүмкін. Диалектілерді зерттеу барысында біз Арал теңізі аймағындағы Шектілердің өздерін Жаманақ деп атайтынын анықтадық. Осыдан қазақ пен қырғыздардың

одан да жақын туыстығы мәселесі туындайды, меніңше, «манақ» ең әуелі рулық атау емес, ол тіршілік ету сипатына байланысты белгілі мекендердің тұрғындарына берілуден шығатын ат секілді. Шу-манақ сөзін «Шу бақташылары» (егер монғолдың «манақ» сөзін негізге алсақ — бағу, қарауылдау, сақтау) және «Шу бағбандары» (егер түріктің «манау» — бағбан) деуге болатындай.

Әрі қарай С. Аманжолов өз еңбегінде деректер негізінде Жалайырлардың қоныстануын қадағалайды. Жалайырлардың басым көпшілігі бар уақытта Жетісудағы Қапал уезінде тұрды, — деп жазады ол, — Бәлкім, біраз бөлігі Зеравшан алқабына қоныс аударған шығар. Жорықтарға қатысушылар, әулеттер мен хандарды көтерген жалайырлар (Қытай, Персия, Мысыр, Ресейдің оңтүстігі мен Сібірде), бәлкім, Шыңғыс-хан мен ұлдарына қызмет еткен жоғарғы әскери топтың өкілдері болуы мүмкін. Жалайырлардың мүлде аздаған тобы бурят-монғолдар ішінде де бар. Олар мүмкін Әбілғазы жазған Хайду хан құлдарының ұрпақтары шығар.

XVIII ғасырдың ортасынан бастап, орыс деректерінде жалайырлар туралы құнды-құнды мағлұматтар кездеседі, солардың негізінде бұл рудың этникалық құрамы жайында недәуір мағлұмат табамыз. М. Тынышбаев қазақ халқының үш жүзінің тегі туралы, соның ішінде Жалайырлар жайында да орасан еңбек жариялады. Бұл деректердің бәрін зерттеп, өз жинағын мағлұматтарымен салыстыра отырып, жалайырлардың рулық құрамы мен қоныстануын В. В. Востров монографиялық жұмысында ашып берді. Алайда, Жалайырдың бұл рулық құрамында оның 13 атасының ғана тізімі беріледі.

Салыстырмалы түрде біз Жалайырлардың тегін сәл де болса анықтайтын қолда бар деректердің бәрін зерттеп, өз бақылауларымызбен толықтырып, қал-қадарынша Жалайыр руының қомақтық құрамының таралуы жайын түздік (9 а, ә, б, в-қосымшаны қараңыз).

Экспедициялық зерттеулер кезінде біздің мәлімет берушілеріміз: Жамбыл облысы, Жамбыл атындағы кеңшардың тұрғыны 1891 жылы туған (Жалайыр) Камал Дүйсенбаев; Талдықорған облысы, Киров ауданы, Қуйбышев атындағы кеңшардың тұрғыны 1899 жылы туған (Жалайырдың Мырзабәйбіше руынан) Қожахмет Нұрлыбаев; Талдықорған облысы Киров ауданы, Ленин атындағы колхоздың тұрғыны 1910 жылы туған (Жалайырдың Андас атасынан) Нұрғазы Иманғазиев; сол облыстың Гвардия ауданы, Киров атындағы кеңшарының тұрғыны 1906

жылы туған (Жалайырдың Андас атасынан) Әбілқасым Жантайлақов; Талдықорған облысы, Киров ауданы, Мұсабек атындағы кеңшардың тұрғыны 1906 жылы туған (Жалайырдың Орақты атасынан) Әлдибек Естаев; Талдықорған облысы, Киров ауданының тұрғыны, 1909 жылы туған (Жалайыр) Байжомарт Дәндебаев; сол облыстың Киров ауданының тұрғыны 1904 жылы туған (Жалайырдың Андас атасынан) Шайық Самалтыров; Талдықорған облысы, Киров ауданынан 1901 жылы туған (Жалайырдың Сыпатай руынан) Бекмұхамбет Байтұрбаев; Талдықорған облысы, Киров ауданы, Октябрь аулының тұрғыны 1891 жылы туған (Сыпатай руынан) Әбділда Боранбаев; Талдықорған облысы, Киров ауданының Бозтоған аулының тұрғыны 1900 жылы туған (Жалайыр) Бекқожа Біләлов; сол облыстың Киров ауданы, Кеңарал аулының тұрғыны 1896 жылы туған (Жалайырдың Қарашапан руынан) Сапарғали Майсұтов; Алматы облысы, Бақанас аулының тұрғыны 1916 жылы туған (Жалайырдың Күшік руынан) Керім Байжомартов; Алматы облысы, Бақанас аулының тұрғыны 1888 жылы туған (Жалайырдың Күшік руынан) Мезет Жиенбаев; Алматы облысы, Бақанас аулының тұрғыны 1890 жылы туған (Жалайырдың Күшік руынан) Қосбай Кенжебаевтар қол ұшын аз берген жоқ.

Бұл ақсақалдар Жалайыр руының қоныстануы, ата тегі, көші-қонның өтетін жолдары туралы біраз мағлұмат берді. Ал, кейбір қазақ шежіресінің білгірлері Жалайыр руының тұтас ата-тегі туралы жақсы мәлімет түсірді. Солардың санатына Қожахмет Нұрлыбаев, Медет Жиекбаев пен Нұрғазы Иманғазиевты жатқызуға болар еді, олар бүкіл Жалайыр руының жіктелуі және соған байланысты этникалық тарихы жөнінде көптеген аңыз жазып берді.

Сонымен, қазақ шежіресінде қатталғандай, жазба деректерде сақталғандай, Жалайыр руы жерсінуіне байланысты екі ірі аймақтық топқа — Сырманақ пен Шуманаққа бөлінеді. Біздің мәлімет берушілеріміз Нұрғазы Иманғазиев және басқалардың көрсетуінше тағы бір Бірманақ тобы болған, алайда ол сыртқы жаулаушының қолына түсіп, сонда қалып кетеді. Ол жергілікті қызға үйленіп, одан Қосай және Қосымбет қалады. Балалары жас кезінде Бірманақ дүние салып, өлер алдында: «Тарақ таңбалы елдеріңді табыңдар» деп өсиет айтады. Жалайырдың рулық белгісі — **П** (тарақ таңба). Әкесінің аманатын орындап, балалары қандастарына қайтып оралады. Аңызда

айтылғандай, жасөспірім Қосайды Шуманақтың ұлы Андас, ал Қосымбетті Сырманақтың ұлы Байшегір паналайды. Сөйтіп, олар Жалайыр руының құрамына Күшік (Қосай) пен Арықтыным (Қосымбет) болып енеді.

Ұлы жүздің басқа рулары арасында, Жалайырдың өз ішінде де жалайырларды «Он екі ата Жалайыр» деп атайды. Алайда, жеме-жемге келгенде әуелгі атағанның өзінде олар 13 ата болып келеді. Ең алғашқы Жалайырдың рулық құрылысы жөніндегі мәліметті біз 1825 жылғы архив деректерінен табамыз, онда жалайырдың он екі атасы: Андас, Мырза, Күшік, Сыйерке, Қалпе, Балхлы, Қарашапан, Сыпатай, Байшегір, Қайшылы, Ларақтынауыл мен Қығысылдар. Бұнда көптеген бұрмалаулар болғанмен, қазіргі этнонимдерді оңай ұғуға болады: Андас Мырза, Күшік, Сыршы, Сыпатай, Байшегір, Қайшылы, Арықтыным мен Қырғыздар. Алайда, бұл жерде де аздаған дәлсіздіктер бар, біріншіден, әуелгі атадан тарайтын екі ру — Орақты мен Ақбұйым жоқ, екіншіден соңғы ру Қырғыздар Андасқа кіреді, сондықтан ол ата болып есептелмейді, кейінгі үрім-бұтақтарға жатады. Келесі Жалайырлардың ру-тайпалық құрылымы жөнінде толық та дәл сипаттама беретін дерек көзі ХІХ ғасырдың 60-жылдардың ортасында пайда болды. Н. Абрамов өзінің бұл еңбегінде: Жалайырлар басты 12 атаға бөлінеді, олар бейне бір Шуманақ мен Сырманақтан тарайтындай. Шуманақтан жеті ата: Андас, Мырза, Қарашапан, Орақты, Ақбұйым, Қалпе мен Сыпатай; Сырманақтан бес ата: Арықтыным, Байшегір, Сыршы, Балғалы мен Қайшылы. 13 ата кейінірек Балғалымен қосылды. Оның кіріккен аты Н. Абрамовтың ойынша, Күшік болып саналады. Бұл автордың жоғарғы этнонимдердің қазақша баламасын дәл бергендігін атап өту ләзім, себебі тек қана Қайшылыны «Қалшылы» деп бірақ рет жаңсақтық жіберген. Бұдан Н. Абрамовтың ата тегін таратуда біздің зерттеуімізде айтылғандай, үшінші «Бірманақ» тармағы жоқтығы көрінеді. Бірманақ рулық бірлестігі жалғыз Н. Абрамовта ғана емес, бүкіл орыс деректерінде кездеспейді. Әрине, бұл жағдай біздің мәліметшілеріміздің деректеріне күмән туғызбай тұра алмайды.

Байыпты тұрғыдан Н. Абрамов өз пайымдауларының негізінде жалайырлардың қандай атаға бөлінетінін келтіреді. Мәселен, Андас Қалқа мен Тұлымбек болып екіге бөлінеді. Олардың аға сұлтаны би Тіленші Балпықов болды. Қалқа жеті атадан тұрады: Дүйсенбі, Андабай-Тоғат (600 үй), Қанай-Қонай, Қырғыздар, Жомарт, Айтымбет



пен Қарақұс (600 үй). Тұлымбек төрт топқа таралады: Меңлібай, Кенжеке, Шүрек пен Қошқар (350 үй).

Мырза атасы үшке бөлінеді: Әліке (500 үй), Бәйбіше (150 үй), мен Аман (660 үй). Олардың аға сұлтаны Жайнақ Темірбеков. Қарашапан атасы үш тармақтан тұрады: Тәңірберген, Баташы мен Қалжамбет (500 үй). Аға сұлтан Тәжі Қанхожин.

Орақты руы екі топ: Жайықбай мен Көкшекөз (300 үй). Аға сұлтан — Шынәсіл.

Ақбұйым (230 үй) атасының аға сұлтаны Елшін Құлмамбетов, Қалпедө (200 үй), аға сұлтаны Қамбар Аланов, ал олар қандай атаға бөлінетінін Н. Абрамов айтпайды.

Сыпатай руы алтыға жіктеледі: Ақ марқа, Қара марқа (300 үй), Сауық (150 үй), Шылымбет (180 үй), Есеней мен Күшік (200 үй). Олардың аға сұлтаны Қамбар Аланов болып есептеледі.

Арықтыным үш атаға бөлінеді: Өтес, Сүтісіңген мен Өміржан (600 үй). Аға сұлтаны Тілегіүшел Тілеубаев.

Байшегір екі атаға ажырайды: Тыныш пен Жамбет (700 үй). Аға сұлтаны Бақай би.

Сыршы руы екі тармаққа тарайды: Сырымбет пен Бәйімбет (800 үй). Аға сұлтаны Тілеуберді Ескелдин.

Балғалы руы төртке бөлінеді: Құлым (240 үй), Шағыр (80 үй), Өгіз (55 үй), Нияз-Барақ (55 үй). Аға сұлтаны Тысыбаев Бөлек би мен құрметті сұлтан Жиқы Айдаров.

Қайшылы руы (200 үй). Аға сұлтаны Ұйықтұс Будабаев.

Күшік руы төрт тармаққа тарайды: Таз, Жабысқан, Қарасақал мен Маржа (700 үй). Аға сұлтаны Есен Дәулетов.

Осылай келіп, Н. Абрамов Жалайырды 12 негізгі атаға бөліп, 13-ата Күшікті кейіннен қосылған деп санайды. Н. Аристов Абрамовпен іле-шала Жалайырдың негізгі 12 атасын санамалап, Күшік — оған кейін келіп, балғалы қосылатынын нұсқайды.

М. Тынышбаев 12 атаны екі тармақтан — Шуманақ пен Сырманақтан қарастырып, Андастың орнына Маңғытай-Күшікті атайды, себебі, оның мәлімдеуінше, Маңғытай — Андастың атасы, ал Күшік бұл руға қосылған болып есептеледі. Бұл орайда Күшік руының тегі туралы аңызды айта кету артық емес. Оның тағы бір түрінде Шуманақ Ахметқожаның екі ұлы болыпты: Маңғытай мен Барақ. Маңғытайдан — Андас, ал Барақтан — Наркелді, одан — Қосай мен Қосымбет шығады. Наркелді ерте өліп, оның жетімектері — Қосайды Андас, ал Қосымбетті Байшегір

бауырына басады. Қосайды Андас «Күшік», Қосымбетті Байшегір «Арық» деп еркелетеді. Қосымбет кішкентай, әлжуаз, бір жағынан қартайған Байшегірге қамқор болғандықтан, ол әрқашан «Арығым» деп еркелетеді. Осыған байланысты тағы бір аңызды айта кеткен жөн. Қосымбеттің қызы Арғынға күйеуге шығып, ол төркініне Әлмамбет деген баласын жетелей, екіқабат болып оралады. Көп ұзамай ұл бала дүниеге келіп, оны Тыным деп атайды. Есі кірген Әлмамбет әкесіне кетіп, Тыным нағашыларына сіңіп, Байшегірдің бір атасы болып кетеді. Кейіннен Арық (Қосымбет) пен Тынымның ұрпақтары қосылып, өз алдына жеке Жалайырдың Арықтыным атасын құрайды.

Аңыз бойынша Күшік Андастың тұстасы, сондықтан біз Күшіктің Жалайыр руының 12 атасына кірмейді дегенге күмәнданамыз. Оның үстіне Н. Аристов Жалайыр күшіктерінің құрамында ежелгі қырғыздар болғандықтан, оларды қарақырғыздардан шықты деп есептейді. Біздің мәлімет берушілеріміздің бәрі бір ауыздан «12 ата Жалайыр» деп мойындай отыра, Жалайыр руының бірінші буынын міндетті түрде 13-ке жеткізеді. Ал, біздің бұл сәйкессіздік себептерін сұраған сауалымызға ешкім тиянақты жауап бере алған жоқ.

Әлбетте, біз Жалайыр тегінің аралас шығып, ежелден келе жатқан ру екеніне күмәнданбаймыз. Бұл туралы Рашид ад-Диннің ізінше Аристов те, Аманжолов та атап отеді. Демек, ең әуелі жалайырлар әлде бір көсем мен күшті рудың бастауымен біріккенде 12 ата болған, ал сонан соң табиғи өсім нәтижесінде әлде бір тайпа суырылып шығып, өзінен өзі бірінші буынға қосылады, әйтпесе сырттан әлде біреулер киіп-жарып ексе, ол халық зердесінде қалмай қоюы да ғажап емес. Бұл орайда, Н. Аристовтың Жалайыр руларының кейбір аталарының шығуы туралы оның: «Күшік пен Арықтыным қарақырғыздан шығуы мүмкін, өйткені Күшік пен Арықтың сүйегі ежелгі қарақырғыздар руына жатады. Бұған қоса, Жалайыр рулары Дулат ішінде де кездеседі (Саршалар — Ботбай руында, Шығыр — Жаныстарда, Байшегір — Жалайырда, Албандарда — Сырымбет пен Қошқар). Андас руындағы Қарақырғыздар (Қырғыздар) олардың құрамына бертініректе енуі де мүмкін. Жалайыр руындағы Сыпатай, Ақмарқа мен Қарамарқа өз есімдерімен Алтайдың Марқакөлін еске салып, олар осы есімді Қарлұқ руының бір қалдығы ма деген ойға да түрткі береді; Қарлұқтар Батыс Хантаңіріне оңтүстік-батыс Алтайдан келіп, бұнда Марқа есімін тара-

туы да мүмкін... Жалпы, Ұлы жүздің Жалайыр тармағы әр түрлі рулардан шығып, бас құраған одақтың бөлігі, олар бастапқыда Жалайырдың әлдебір көсемінің бастауымен алғашқы кезде Жалайырлардың нағыз өзі аз болғанымен бірігіп, әр түрлі жағдайдың әсерімен күшейіп, мызғымастай тұтасып кетуі мүмкін» деген пікірге ден қойызады.

Қалай дегенде де Ұлы жүз руларының ішінде Жалайыр — ноқта ағасы, ең үлкені, құрметтісі және жауынгері болып есептеледі. Жалайырлардың жауынгерлігі жайында көптен бері қалыптасқан «Әзірейіл барда жаным бар деме, Жалайыр барда малым бар деме» деген қазақтың халық мәтелі де растайды. Жалайыр руы өкілдерінің ағалығы мен құрметтелетінін Н. Гродеков та қуаттайды. Ол: «Жалайырлар қазір ноқта ағасы болып есептеледі. Жиын-тойда, табақ тартқанда рулардың үлкені Жалайыр бар ма деп сұрайды. Жалайырлар жоқ болса, құрметке Ошақты руы ие болады» деп жазды.

Сонымен, әдеби деректер мен қазақ шежіресіне сәйкес, жалайырлар Сырманақ және Шуманақ болып өкіге бөлінеді. Аңыздағы Бірманақ пен оның ұрпақтары (Қосай мен Қосымбет) туралы жоғарыда айтылғандықтан, оған қосыңаларымыз жоқ. Сырманақ тармағы бесеу: Арықтыным (Қосымбет), Байшегір, Сиыршы (Байкөбен), Балғалы мен Қайшылы. Аңыздағы Бәйшегір «Арық» деп атайтын Қосымбеттен — Қауыс, Жылкелді, Өміржан, Алтын Базар мен Қытай ұрпақтары өрбиді. Тыным Қосымбеттің жиені, тағдырдың айдауымен нағашысында қалып, одан Майемген, Етемген мен Сүтемген енші алды. Соңғыдан Омажан мен Тілес, кейіннен Арық пен Тыным ұрпақтары қосылып, Сырманақ ішінде бір ру Арықтыным аталып, ақырында 12 ата Жалайырға еніп кетті.

Біздің мәліметіміз бойынша, Байшегірден көп ата бөлінеді: Жиенбет, Бекпенбет, Нұрымбет, Тынымбет, Абыс, Қобыс, Мыржық, Итай, Есқара, Ақтеке, Атайбоз, Дәулендабыл, Ақша мен Есімбол. Біз Байшегірден бүкіл алғашқы 14 атаны таратқанмен, бәлкім, олардың кейбіреуі кейінгі буындар болып кетуі де кәдік. Алайда, олардан басқа салыстыру үшін деректер жоқ болғандықтан, ата-тек кестесінде бұл этнонимдерді Байшегірден тараған бірінші ата деп көрсетуге тура келді. Ал, олардың Байшегір руына жататынына күмән жоқ.

Сиыршы (жанама аты) руы аталмыш шежіреде Байкөбен деп аталады. Бұл есім халық арасы мен ғылымда

кеңінен тарағандықтан, бұдан былай қарай да осы этнонимді қолданамыз. Спыршы алты атаға ажырайды: Сырымбет, Шәлімбет, Жақсымбет, Тоқымбет, Жолымбет, Бәйімбет. Тоқымбеттен — әйгілі ақын Бақтыбай Жолбарысұлы (1835—1903) шықты. Бәйімбеттен — Жылгелді мен Ескелді би туды.

Балғалы екі атадан тұрады: Құлымбет пен Құлып. Құлымбеттен алты ұл өніп-өседі: Шағыр, Дәулетай, Қаракөз, Тоқбай, Өгіз, Ниязбарақ. Құлыннан бес тармақ: Шоқы, Алдаберді, Жарым, Ақжол, Барлы.

Өкінгенмен, қолымызда Қайшылы руы туралы әдеби де, зерттеу де деректері жоқ (9а қосымшаны қараңыз).

Жалайыр тайпасының Шуманақ рулық бірлестігі сегіз ірі атаға айырылады: Андас, Күшік (Қосай), Мырза, Қарашапан, Орақты, Ақбұйым, Қалпе, Сыпатай.

Шуманақтардың ішіндегі ең көбі мен ірісі — Андас руы, ол 10 атаға бөлінеді: Қырғыз, Қалқа, Ақтолымбет, Қаратолымбет, Құттық, Байқара, Жұман, Меңдібай, Алқұлы, Кенже.

Қалқа атасынан — Дүйсембай, одан — Қайдауыл мен Дәрбісәлі. Қайдауылдың 4 ұлы болды: Түрке, Саурық, Аспан, Сайбақ. Дәрбісәліден де 4 ұл тараған: Балық би, Салпық, Білдебай, Кешубай. Ел арасында әулие саналатын Балпық бидің есімі Андас руының жауынгерлік ұранына айналады.

Ақтолымбет үш атадан тұрады: Қошқар, Шүрек, Төлек. Қошқар өз кезегінде екі тармаққа тарайды: Төлебай мен Құлболды. Шүректен — Сәмен мен Есімбек. Кейінгіден — Таймөкке мен Тәттібай батыр (Абылай ханның замандасы). Таймөккеден көп ұрпақ өрбіді: Кембала, Көбес, Айдар, Бектас, Жантас, Бейбіт, Бекқалы, Ералы, Байтас, Байыс, Тоқтауыл, Тоқтамыс, Қылыш, Қарамырза. Тәттібай батырдың үш ұлы болды: Түйте, Қаңтарбай, Қарымбай би, соңғыдан — Назарбай, одан — Керімқұл (1925 жылы ол 65 жаста болған). Қаратолымбеттен екі бұтақ: Аңқау-Абыз бен Лаулық-Абыз.

Құттықтан да екі ата бөлініп шығады: Қарақұс, Саттар. Байқарадан да екі бұтақ: Андабай мен Таңат; Жұман атасынан төрт үрім-бұтақ кетеді: Әйтімбет, Жомарт, Шәкі мен Шүкі. Меңдібайдан — Көтен мен Бөрте.

Кенжеден, біздің қолымыздағы мәлімет көрсеткендей, екі бұтақ өрбиді: Арқар мен Құлжа. Қырғыз бен Алқұлы аталарының тегі туралы біздің қолымызда әдеби де, зерттеу де деректері болмады.

Күшік (Қосай) руы беске бөлінеді: Таз, Жабысқақ, Қарасақал, Самбақ, Сары-Бөкенбай. Таздан — Байқара — Есентүгел. Есентүгелдің төрт ұлы болды: Майқы, Марқа, Бекназар, Асан. Еспенбеттің бес ұлы атқа қонды: Баба, Досай, Жаманқара, Бақы, Сирақ.

Қарасақал бес атаға айырылады: Дәулет, Бекбау, Ырысымбет, Әділ, Жармұқан.

Самбақтан—Молдас пен Сүйіндік. Молдастан төрт ата: Қарамеңде, Сырымбет, Жалаңтөс, Қойгелді. Сүйіндіктен — Байсары, Байтоқ, Өтебай.

Орақтыдан бес тармақ кетеді: Әжіке, Тоқа, Кенже, Көкшекөз, Жайықбай. Әжіке екі атаға: Сауыр мен Көшейге бөлінеді. Көкшекөзден — Өстемір мен Шынтемір, Жайықбайдан — Қарабай, Алшынбай, Ақша.

Ақбұйым атасы екі атадан тұрады: Құяс пен Сары (9-қосымшаны қараңыз). Мырзадан — Бәйбіше (Бәйдек), Аман, Әліке. Бәйбішеден (Бәйдек) — Тоқты, одан — Тағайбек, одан — Бегім. Бегімнің екі ұлы болды: Асыр мен Жәнібек. Асырдан — Төлебай, Қалыбай, Керік (Сақау). Керіктен — Алқазы, одан — Телбай, одан — Жұмыр, одан — Қалжатай, одан — Нұрлыбай, одан Қожахмет (мәлімет беруші 1899 жылы туған). Біздің мәлімет берушімізден Жалайырға дейін 15 ата. Жәнібектің бес ұлы болған: Сойырғас, Жарылғас, Жайылмас, Борсық, Мама-Тайыр.

Аман — Қожаназар, Есберді мен Артық болып бөлінеді. Соңғыдан Ораз бен Жанақ. Қожаназардың ұрпағы көп: Сәбдеп, Қалыбек, Есенбай, Есенқабыл, Есқара, Есберлі, Дәулетбай, Асан, Тілеубай, Үсен.

Әліке атасы 6 буын: Сүйінішәлі, Қадам, Қожамқұл, Сарыбай, Жиенәлі, Шұңғыр. Сүйінішәліден екі ұл: Сары мен Амандық; Жиенәліден үшеу: Үшқара, Сарғалдақ, Байгелді; Шұңғырдан — Сатыпалды мен Қараша. Сатыпалдыдан екі бұтақ тарайды: Өмірұзақ пен Тауасар; ал Қарашадан — Маясар, Тақабай, Дуан. Қожахмет Нұрмановтан жазып алған қолжазбамызда Мырза руының тегі бүгінге дейін жетеді. Бірақ, біз одан бері 3—4 атамен шектелдік.

Қарашапан руы 8 ата: Тәңірберген, Боташы, Қалмамбет, Айтқұл, Кентай, Қуат, Еспен, Дәулет. Соңғыдан — Кішкенебай, одан — Шәрілдей, одан — Мақабай, одан — Майсұт, одан — Сапарғали (мәлімет беруші 1897 ж. туған).

Сыпатай руы үш бөлек: Саулық, Шілімбет, Марқа. Шілімбет атасы үш тарау: Бекбау (Бәйімбет, Майлыбай,

Жолдыбай, Шымырбай, Көзайдар), Есенәлі (Байсейіт-Айларке, Елмәмбет, Байқара, Едіге) мен Кеңже (Байдәулет, Үзбасар, Бекмырза, Сасық).

Марқа руынан үшеу: Өтеп, Еселей, Көшек. Көшектен — Есназар, Ерназар, Маматай. Соңғыдан — Есенгелді, Байжігіт, Мәуке. Қалпе руының этникалық құрылымы бойынша әдеби деректерден де, біздің зерттеуде де ешнәрсе табылмады.

Жалайырдың рулық жауынгерлік ұраны жалпы Ұлы жүз бен Дулатқа тән — «Бақтияр» (Гродеков, Аристов), «Бақтияр» мен «Қоблан» (М. Тынышбаев), «Бөрібай» (С. Аманжолов), «Қоблан» (Востров пен біздің зерттеуімізше). Бұлардан басқа кейбір аталардың өз ұраны болған. Сиыршының ұраны — «Ескелді» (Ескелді би есімімен), Андаста — «Балшық» (Балшық би есімімен), Ақбұйым, Сыпатай мен Қалпеде ортақ ұран — «Бекбау». Мырза мен Арықтынымның, сонымен қатар жалпы ру ұраны «Әдіке». Бұндай рулық ұрандардың жақындығы олардың әлде бір туыстығын танытады.

Жалайырдың рулық таңбасы — **Л** немесе **П** (Гродеков, Аристов пен Аманжоловтың көрсетуінше). **П** (М. Тынышбаев). Бұл белгілердің түрлері тарақ таңба делінеді.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Жалайыр рулары Жетісу уәлаятының Верный мен Қапал уездерін қоныстанды, ішінара топтары Сырдария уәлаятының Шымкент, Әулиеата уездерінде жайлап жүрді. Бұл уездердегі Жалайырлардың саны әр түрлі деректерде өткен ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында келтірілгенмен шамалас. Мәселен, Н. Абрамов XIX ғасырдың екінші жартысының басында Жалайырлардың рулық құрамы, саны мен қонысы туралы 1867 жылы мақала жариялады. Онда Қапал уезіндегі Жалайырлардың санын 13 атамен береді. Андас (1550 үй), Мырза — 1310, Қарашапан — 500, Орақты — 300, Қайшылы — 200, Ақбұйым — 230, Қалпе — 280, Күшік — 700, Сыпатай — 830, Арықтыным — 660, Байшегір — 700, Сиыршы — 800, Балғалы — 430 үй — бәрі 8410 үй. Бұл мәлімет бәлкім дәл болмас, дегенмен, ру аталарының ара-қатысы жайында жақсы мағлұмат танытады. Н. Аристов өз еңбегінде басқа құрылымды келтіреді, онда 1889 жылғы жалайырлардың саны айтылады. Ол бойынша бүкіл Жалайыр 17 000 шаңырақ. Солардың 16 098-і Жетісу уәлаятының Қапал уезінде, қал-

ғандары Сырдария уәлаятының Әулиеата, Шымкент пен Ташкент уездерінде мекен еткен.

М. Тынышбаев 1917 жылғы Жалайырлардың санын есептеп, онда Қапал уезінде 120 000 жан, Әулиеата — 10 мың, бәрі 130 мың жан болғанын тайға таңба басқандай етіп көрсетеді.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Жалайыр руының ең көп атасы Андастың қыстаулары үш қонысты алып жатты. 1) Қаратал — Тентек аралығынан бастап Қараталдың Балқаш көліне құяр жеріндегі Аралөткел, Еспай-Төлебай, Жаршаған, Үшмола, Жалғызтораңғы, Ақжал, Тентек, Мақаншы қойнауы; 2) Малайсары мен Желдіқара таулары, Құлөзек, Шөладыр, Ашудасты, Қарасу шатқалдары; 3) Верный уезінің оңтүстік батысындағы Бесмойнақ шатқалы мен Бұғымүйіз жазығы. Аз ата Мырзаның қыстауы әр жерге орналасты. Қауымның көпшілігі Қаратал, өзенінің оң жағасындағы Қарақой, Бурақой, Дауылбай мен Қайрақты жоталарында, Сарыбастау, Қызылауыз, Қарашоқы мен Шаңырақ шатқалдарында; басқа бөлік Қаратал өзенінің сол жағасындағы Шөпадыр, Достарболды мен Жосалы шатқалдарын сағалады. Мырзаның кейбір атасы Сарыкөл жағалауында қыстады.

Мырза руының жалпы ортақ жайлауы қыстаудан қашық емес Дегерес, Сарыжазық қойнауларында еді.

Қарашапан қыстаулары Қаратал өзенінің жағасындағы Кеңарал, Көксу өзенінің Шолақ, Желсаз шатқалдарында, сонымен қатар Алатау баурайына кірігіп жатты.

Орақты руының қыстаулары Қаратал өзенінің орта ағысының батысындағы Жуанқұм мен Жетіжал, Биже өзенінің жоғары жағындағы Ақжал шатқалдарын, сонымен бірге Малайсары тауындағы Өгіз ұшырған қойнауларын алып жатты. Ақбұйым руының қыстаулары Алтын-емел тауларында, Қызыл мен Тамшыбұлақ, Іленің төменгі тұсындағы Шарқат шатқалдарында ірге көтерді.

Қалпе руы Биже мен Тентек өзендерінің сағасында, Баулыбай, Аралқұм, Ақжал, Жаманқұм мен Бестас құмдарын қыстады.

Сыпатай руының біраз қауымы зерттеушілердің көрсеткеніндей, үш жерде тұрақтады — көпшілік бөлігі Ешкіөлмес, Мұқыр, Лабасы тауларының Бөлекпі, Дүңгене, Алтыбай, Киден шатқалдарын қыстаса, басқалары Алтын-емел тауының Ащыбұлақ, Қызылбұлақ шатқалдарын, ақырында үшінші топ олардан солтүстікке қарай Жертоған, Қарағайлы, Үшөзек қойнауларында қоныс тепті.

Арықтыным руының қыстаулары Қаратал мен Іленің сағаларында, өзендердің екі жағасындағы Қаратал-Қаракөл, Майлыбай, Балқожа, Іленің оң жағындағы Жиделі, Көкөзек, Қүрөзек, Ақсақал, Бозтөбе, Есенқожа, Құрлы шатқалдарында болды, ал сонымен бірге кейбір топтар Оңтүстік Балқаш құмын, Бақанас өзенінің құр табанын қыстап жүрді.

Байшегір руының көптеген қауымдастығы Арықтынымдықтармен қоңсылас Іле өзені сағасының екі жағын алып жаты. Қапал мен Верный уездерінің шекарасы Іле арқылы өткендіктен, Байшегірлер Балқаш көлінің оңтүстігіндегі байтақ жермен қоса Верный уезінде де тұрып жатты. Байшегір руының көпшілік қауымы Қапал уезінде Іле өзенінің оң жағасында қоныстанды. Бұл қауымдастық та үш жерде топтасты: байшегірліктердің шағын қауымдастығы балғалылықтармен бірге Аққаптал шатқалында қыстаса, басқа бір бөлігі Іле өзенінің оң жағасында Қараөзек, Көкөзек, Күркі және басқа шатқалдарда, ал үшіншілер Балқаш көлінің жағасында Іле сағасындағы құм жиектерінде өмір сүрді. Көктеу мен күзеулер де қыстаулар маңайында орналасты. Жайлауға оңтүстікке қарай ойысты, Балықты, Сарыноқай, Қазыбек, Қоскөл қойнауларына дейін жетіп, жарлы-жақыбай жатақтар Іле сағасындағы Балқаш көлінің бұғаздарында тіршілік етті.

Байшегір руының егістігі қыстаулар қасындағы Іледен шыққан арық, тоғандар төңірегінде жатты.

Спыршы руы қауымдастығының недәуір басым көпшілігі Гавриловка, Қарабұлақ, Қаратал мен Жалғызағаш елді мекенінің маңайында, Лабасы, Ешкіөлмес тауларында көшіп-қонып, жүрді. Бір бөлігі Қаратал өзенінің жоғары жағында Қызылжар, Ықлас, Сарыноқай, Текелі, Қусақ, Тастыарық, Түйемойнақ, Өтенай мен Шұбар қойнауларына қыстау салды.

Балғалы руының біразы Іленің төменгі ағысындағы оң жағадағы Шеңгелді, Бесапан, Құмбасы, Құланбасы, Жуантөбе, Ақдала, Қаракөл, Аққаптал, Үшқызылжар, Жіңішке қойнауларын қыстап шықты. Бұл рудың кейбір қауымдастығы Қапшағайдан бастап, Арқарлы мен Малайсары тауларына дейін қоныс тепті. Олардың күздеуі мен көктеуі Малайсары тауларының ішінде, қалғандары қыстаулар маңайында болды. Балғалының байлары жайлауға Жоңғар тауларындағы шұрайлы шабындыққа шығып кетіп, кедейлер ескі жұртты төңіректенді.

Қайшылы руының салыстырмалы аз тобы ХІХ ғасырдың ортасына таман Іле қамауы мен Балқашта тұрды.



Біздің байқауымызша, XIX ғасырдың 80-жылдарында олардың екі тобы Талас өзенінің аңғарына қоныс аударып, Верный уезімен шекаралас жерде Әулиеатаның Шу өзені аңғарына тұрақтады.

Шу аңғарындағы Қайшылықтар сонда қыстап, жазғытұрым Жамбыл тауына қарай көшті. Олардың қыстаулары мен жайлаушың арасы 35—50 шақырымға созылды. Бұл қонысты Қайшылықтар Ұлы жүз ішіндегі Дулат руының Бестерек атасымен, сонымен қатар солтүстікте Орта жүздің Арғын руына кіретін шұбыртпалылармен текетіресте иемденген болатын. Біз Қайшылықтардың Іле сағасынан Шу аңғарына неге қоныс аударғанының себебін сұрағанда, біздің мәлімет берушілеріміз Камал Дүйсенбаев т. б. «Суы балыққа, қыры киікке» толы жайлы қоныс іздеп келсе керек деп түсіндірді.

Іленің төменгі ағысындағы өз қоңсылары Байшегір, Арықтыным, Күшіктермен салыстырғанда Қайшылы аз ата екені мәлім. Сондықтан қайшылының ата-жұртын тастап кетуіне қайсы бір күшті қақтығыс себеп болуы да мүмкін.

Күшік — Жалайырдың өніп-өскен аталарының бірі. Олардың басым көпшілігі Іле өзенінің Ақдала, Көкдала, Көрбі, Шұрықтан шығыстағы Сарыбұлақ, Ортаөзен, Сасық, Тораңғылықақ, Үшөзек шатқалдары мен Биже өзенінің орта ағысына дейін тұтас жазықта қыстаулары орналасты. Аздаған бөлігі Қаратал бойында қалса, негізгі Күшік руы — Найман сүйегі, Әулиеағаш, Қосқұрған және басқа қойнауларда көшіп-қонып жүретін. Жазды күні Күшік руы қауымдастығының көпшілігі Жоңғар Алатауының оңтүстігінде жайлауға шығып кететін еді. Кедей-кепшіктер жұртта отыратын. Көктеу мен күзеулер де қыстаудан алыс емес болатын. Суармалы егістік жер Іле, Қаратал, Биже өзендерінен тартқан арықтар, тоғандар маңайында тоқайласты.

Сөйтіп, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қайшылыдан басқа 12 ата Жалайыр руы Жетісу уәлаяты Қапал уезінде Қаратал мен Іле өзендерінің арасында қоныстанды. Олардың қонысы солтүстікте Балқаш көлі мен оңтүстікте Жоңғар Алатауымен шектелді. Бұл аймақтың қолайлы ауа райы Жалайыр руының көптеген қауымдастығының мал өсіріп, суармалы егіншілікті күйттеп, балық аулап, аңшылықпен айналысуға жағдай жасады.

Ұраны — жалпы Үйсінге ортақ «Бақтияр», таңбасы —

Ⓕ, Ⓖ, Ⓒ, Ⓓ, Ⓔ, Ⓕ, Ⓖ, Ⓗ

Қазақ шежіресінде Сіргелі Ұлы жүздің құрамындағы ежелгі тайпалардың бірі. Мәселен, біз келтіріп отырған ата-тегінің таралуына қарағанда (1-қосымша), Сіргелі — Бақтиярдың немересі, Үйсінге бауыр болып келетін Ойсылдың ұлы. Сөйтіп, қазақтың шығу тарихы сіргелілерді үйсін дәуіріне дейін апарды. Алайда, зерттеушілер көне деректерден Сіргелі туралы мәлімет тапқан жоқ. Кеңес кезеңінде бір топ зерттеушілер Н. А. Баскаков пен С. К. Ибрагимов XV—XVI ғасырға жататын Рузбехан еңбектерінен Сіргелі руы туралы мәліметтер тапты.

Рузбеханның көрсетуінше, қазақтар жазда Еділ бойын жайлап, қыста Сырдария жағасына, Түркістан төңірегіне қарай көшіп кетіп жүрген. Қазақстанның батыс аудандары бір кезде Ноғай ордасына қарады. Ноғай ордасы ыдырағаннан кейін олардың бір бөлігі солтүстік Кавказға кетіп, басым көпшілігі жаңа құрылған қазақ хандығының құрамына енді. Бұл туралы қазақ ру-тайпаларының көбісінің (наймандар, қыпшақтар, қоңыраттар, үйсіндер, ергенекті, ашамайлы, телеу), сонымен қатар солтүстік Кавказда ноғайлар ішінде сіргелілердің ұштаңбалы руларының болуы көп жайды аңғартады.

В. Востров бұл мәліметтерді өз еңбегінде келтіре отырып, «бұл екі ру мен аталардың тек жай ұқсастығы емес, сөз жоқ, ноғай ордасы ыдырағаннан кейін екі туысқан халықтың құрамындағы сол ру мен тайпа» деген қорытынды жасайды.

Сөйтіп, сіргелілер Батыс Қазақстаннан Сырдария мен Түркістанға, Талас пен Шу бойына Жәнібек және Керей сұлтандармен бірге келген рулар құрамында осы маңда қалып кетуі де ғажап емес.

Қалай дегенде де XV—XVI ғасырларда Сіргелі руларының аталары Талас пен Түркістан төңірегін мекендеді.

Әдеби деректерде Сіргелі руының ата-тегі туралы деректер азын-аулақ. Мәселен, орыс шығыстанушысы Н. Аристов өз еңбегінде Сіргелі руы сегіз ата:— Байжігіт, Қарабатыр, Батырлар, Ұштаңбалы, Айтбозым, Елібай, Төрттаңбалы, Жаңабайға бөлінетінін тұңғыш рет айтады.

Оған іле шала М. Тынышбаев та Сіргелі руы (манат)

төменгідей болып жіктелетінін дәлелдейді: Төрттаңбалы, Үштаңбалы, Батырлар, Қарабатыр, Жанай, Бөдене.

Біздің ғасырдың 20-жылдарының басында Шымкент уезінде жүргізген зерттеуінің нәтижесінде Э. А. Шмидт Байұлы мен Үштаңбалыға бөлінетін Сіргелі руының ата-тегінің толық таралуын көрсетеді. Байұлы өз кезегінде Елібай, Айтбозым, Шақабай, Шалдар (Қойсой, Шоман, Қоңыр), Жайдақ (Алпар, Тұрсынай, Итемген), Батыр (Құдайберді, Бердібай) болып келеді.

Үштаңбалы болса: Ақкеңірдек (Шеңгелді, Маңдай, Үшқара, Қожамберді, Құдыс), Тутаңбалы, Қайшылыға бөлінеді. Бұл мәліметтер тек қана Шымкент уезіндегі Сіргелілер тегі туралы ғана сипаттама беретіндіктен, Әулиеатадағы бұл аталар жайында ешнәрсе жоқ. Сондықтан оны түгел емес деп есептейді.

Ұлы жүздің тегін қарастыратын В. Востров өз еңбегінде Сіргелілер туралы тек қана Н. Аристов деректерімен шектеледі, сол себепті оның зерттеулері Н. Аристов мәліметтерімен дәл келетіндей.

Бұл әдеби мағлұматтарды аз болса да өз байқап-түйгенімізбен салыстыра отырып, Сіргелінің ата-тегін жасауға тырыстық (10-қосымшаны қараңыз). Сіргелі шежіресі бойынша, біз біраз мәлімет берушілерден құнды мағлұмат жинап алдық. Олар: Шымкент облысы, Созақ ауданы Жуантөбе кеңсарының тұрғыны 1893 жылы туған (Тама) Әбдуәлі Қондыбаев; сол облыстың Бабаата ауылының тұрғыны, 1892 жылы туған (Дулат) Жұматай Тоқбаев; Шымкент облысы, Алғабас ауданы, Майбұлақ кеңсарының тұрғыны, 1888 жылы туған (Байжігіт) Тәжібай Бердібаев пен Төрткүл ауылының тұрғыны, 1888 жылы туған (Қарақойлы) Қожатай Төлековтер еді.

Олардың ішінде Сіргелі ата-тегі туралы ең білгірлер бізге бұл рудың этнонимі жайында қызық аңыз айтып берген -- Бердібаев пен Төлеков.

Мәселен, Тәжібай Бердібаевтың айтуынша, Жәнібек ханның замандасы, бақуатты Бақтиярдың ұлы Ойсылдың бірнеше әйелі және 30 ұлы болыпты. Олардың арасында ақылмандары да, көрікті еркетотайлары мен іскерлері де бар екен. Солардың бірі Жәнібек ханның сұлу қызына ғашық болып, ол қыз екіқабат болып қалады. Бұны білген хан ашуланып, Ойсылдың барша ұлдары мен келіндерін қонаққа шақырып, бәрін қырып тастапты. Тек қана Ойсылдың қырда жылқы бағып жүрген ұлы Өтеп пен оның Ізбике атты екіқабат әйелі Ошақтыда төркіндеп жүріп, аман қалып, Манат атты ұл туыпты. Ол ес жиып, ат жа-

лын тартып мінуге жараған кезде оған сіргелі тай мінгізіп, еліне шығарып салыпты. Ол ата-жұртына жеткенде көкпардың үстінен шығып, бұл додада өзінің еңті әрі күшті екенін танытып, тайының да тұлпар тектес топжарғандығын көрсетіп, жиналған ел-жұртты таңғалдырыпты. Оны енді байқап, бір-бірінен сұрастырып, «сіргелі тай мінген мына мықты бала кім?» дегенге келеді. Тойдан кейін әкесі Өтептің ағасымен көрісіп табысады, ол әмеңгерлік жолмен Ізбикеге үйленіпті. Өтептің ағасынан Тутаңбалы мен Қайшылыны табады; ал ханның екіқабат қызы егіз Ақкеңірдек пен Қаракеңірдекке босаңғаннан кейін, оларды Өтеп пен Ізбике асырап алыпты. Ал Манат есімі ел ішінде ұмытылып, «Сіргелі» атымен этноним тұрақталып, бүкіл кейінгі әулетке көшіпті. Бұлардың төңірегінде тікелей ұрпақтары ғана емес, басқа да туысқандары, тіпті кірмелер де топтасыпты. Аңыз бойынша Сіргелі дәулетті кісі болып, бірнеше әйел алып, көптеген бала-шаға өрбітіпті.

Мәлімет беруші Тәжібай Бердібаевтың айтуына, Сіргеліден — Байұлы тарайды, одан — Айтбозым, Жаңабай, Елібай, Батыр, Қарабатыр, Жайдақ, Құлшығаш, Шалдар. Өтептің ағасының балалары Тутаңбалы, Қайшылы, Ақкеңірдек, Қаракеңірдек те кейіннен Сіргелінің құрамына кіреді.

Қожатай Төлековтен жазып алған аңызда Сіргелінің әкесі өте дәулетті кісі болып, бірнеше әйел алып, ешкімге де, тіпті ханның өзіне де бағынбайтып 30 ұлы бар екен деседі. Олардың қаңлы мен қатағанның ханы Тұрсынмен жұлдызы қарсы болыпты. Бірде Тұрсын хан Ойсылдың балаларының бәрін үй-ішімен шақырып, өлтіріп тынады. Одан әрі оқиға алғашқы аңызбен сәйкес келеді. Бұдан көрінгендей, алғашында тарихи тұлға Жәнібек бейнесі айтылса, кейінгі аңызда Тұрсын ханның тұлғасы алға тартылады. Аңыз айырмашылығы да осында. Аңыз түрлері уақытқа байланысты айрықша болып көрінеді. Аңыз бойынша Жәнібек хан XV пен XVI ғасыр аралығында өмір сүрсе, Тұрсын хан — Жәнібектің немересі, Есім ханның тұрғыласы. Есім хан құба қалмаққа қарсы жорықта жүргенде Ташкентте отырған Тұрсын хан елін шапқаны үшін, оны өлтіріп жібергені тарихтан мәлім.

Бұдан басқа біз Қажытай Төлековтен Сіргелі руының ата-тегі туралы мол мағлұмат алдық. Оның дерегі бойынша, Сіргелінің 6 әйелі болып, әрқайсысынан бірнеше бала көріп, олардан бірнеше ата тарайды, ал олардан бертініректе оның мәліметі болмай шықты. Бірінші әйелінен —

Батыр мен Байжігіт, екінші әйелінен — Қарабатыр, Байтуған, Шоқай, Ақпан, Қаракемпір, Шыбыт, Дәушауқар, Есім мен Доспабақ; үшінші әйелінен — Сәмен, Шақаман, Өтеу, Бекбау, Избасар, Қонақбай, Мамыр мен Ботбай; төртінші әйелінен — Жаңабай мен Айтбозым, бесінші әйелінен — Қаракеңірдек, Ақкеңірдек, Шалдар; алтыншы әйелінен — Тұтаңбалы мен Қайшылы.

Әрине, бұл ата-тектің тізімі түгел емес, әсіресе онда бізге басқа деректерден мәлім ірі рулар ұшыраспайды. Бұлардан басқа біздің мәлімет берушілеріміз жеткізгендей 2 және 3-әйелден тараған рулар Алғабас ауданында тұрып, бір-бірімен қыз алыспайды. Демек, олар өзара әлі жеті атаға жетпеген болып есептеледі. Қазақтар арасында бұл салт бүгінге дейін бұзылмай келгендіктен, олар деректерде кейінгі ұрпақ болып саналады. Төлековтың мағлұматтарын басқа деректермен салыстырғанда, Сіргеліні 1, 4, 5 және 6-әйелінен тарағандар бірінші, екінші ата, ең әрі кеткенде үшінші атадан келіп қосылады.

Әдеби деректер мен біздің шежірені зерттеуімізді салыстыра талдағанда, Сіргелі руы: Батыр, Құлшығаш, Қарабатыр, Айтбозым, Үштаңбалы, Жайдақ, Елібай, Жаңабай, Қаракеңірдек, Ақкеңірдек, Шалдар, Ақсирақ, Қарасирақ, Тұтаңбалы, Қайшылы, Төрттаңбалы, Жанай, Бөдене болып келеді. Сіргелінің бұл аталары ел ішінде руға бөлініп, өзара қыз алыса беруіне рұқсат етіледі. Бұл, демек, олардың әрқайсысы экзогамдық кедергіден өтті. Осынау 18 ру алғашқы ата болып есептелмейтін шығар, алайда Сіргеліден бастап екінші, тіпті үшінші буын болғанмен, олар көп ұрпақты рулар болып саналады. Бұл аталардың әрқайсысы туралы тыңғылықты тектану құрастырмасақ та, кейбірі жайында толық мәлімет беруге тырысамыз.

Мәселен, Құлшығаштан — Байжігіт атасы, одан — Амалдық, Оразымбет, Келімбет, Көшімбет, соңғыдан — Сары, одан — Сайдуалы, одан — Шақан, одан — Байдәулет, одан — Таңсық, Желкен, Дербісәлі, соңғыдан — Бәсібек пен Бердібай, Бердібайдан — Тәжібай (мәлімет беруші, 1888 жылы туған).

Шежіре бойынша Сіргеліден Тәжібайға дейін 11 ата.

Батыр екі ата: Құдайберді мен Бердібайға ажырайды. Шалдар руы үш ата: Қойсой, Шоман, Қоңыр. Жайдақ руы үш ата: Алпар, Тұрсынай, Итемген. Ақкеңірдектен бес ата тарайды: Шеңгелді, Маңдай, Үгіқара, Қожамберді мен Құдыс. Бөдене екі ата: Жәлмәмбет пен Қарқын,

соңғыдан — Көшек, Артық. Артықтан — Мендіқожа, Меңдай.

Бұдан тыс біздің зерттеуімізде Шымкент облысы, Алғабас ауданында өз дамуында әлі экзогамдық кедергіні өтпеген бірнеше ата тұрып жатыр. Оған Байтуған, Шоқай, Ақпан, Қаракемпір, Шыбыт, Дәушауқар, Есім, Досшабақ, Сәмен, Шақаман, Өтеу, Бекбау, Избасар, Қонақбай, Мамыр, Ботбай, Шақабай жатады. Олар Сіргелінің анық қай атасына жататыны туралы мәлімет болмады.

Сіргелі руының жауынгерлік ұраны «Бақтияр», ал кейбір аталардың өз ішінде басқа да ұраны бар. Мәселен, Елібайдың ұраны — «Елібай», Айтбозым — «Байтемір», Жаңабайда — «Жаңабай», Шалдарда — «Тоғанас», Жайдақта — «Даубай», Батырда — «Есболат», Ақкеңірдекте — «Тайлақ», Тутаңбалыда — «Ақшабдар», Қайшылыда — «Ақшабдар» болып жалғасады.

Әдетте қазақ рулары мен тайпаларының ұраны түп атасының немесе ұлт тарихында маңызды орын алатын батырлар мен билердің атымен аталады. Кейде сирек болса да ұранға аргымақтардың аты айналады. Бұл жерде Тутаңбалы руының ұраны — «Ақшабдар» мысал бола алады.

Сіргелі руларының таңба белгісінің әдеби деректерде бірнеше түрі келтіріледі. Гродеков, Аристов, Тынышбаев, Шмидт, Аманжолов пен Востров бойынша — **Е, Я, И,**

**+, Ф, #, У.**

Бәлкім, халық арасында басқа да түрлері бар шығар. Бұл таңбалардың алғашқы екеуі бұзау мен құлын енесін ембеу үшін тұмсығына кигізетін «сіргені» елестетсе, соңғы екеуі сол күйі «қурай таңба» аталады. Соңғы Шмидт бойынша, ұштаңбалы руының белгісі.

Сіргелі руы мен аталарының таңбасын Н. Аристов та, одан кейін В. Востров та өзге қазақ руларының таңбасымен ұқсас, немесе кейбір шығу тегінің нышандары дәл келетінін мойындауға бейім. Рулар мен тайпалардың этногенезін анықтау шындыққа жиі келе бермейді. Кейде таңбаларды сол күйі көшіре салуға болмайды, сондықтан алыс аталарды бір-бірімен туыс деу жаңсақ секілді. Мысалы, Ұлы жүзде Сіргелі руының, Орта жүзде Керейдің, Кіші жүзде Телеудің таңбалары **+** бірдей, сәйкес келеді, алайда олардың тегінің туыстығы ешқандай ежелгі деректерде айтылмайды. Біздің зерттеуімізде аңыз түрінде болса да олардың туыстығы туралы мағлұмат жоқ.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Сырдария уәлаятының Шымкент, Ташкент және Әулиеата уездерінде тұратын Сіргелілер 7000 үйден астам болды. Олардың 4871 үйі Шымкент уезінде (Гродековтың көрсетуінше), 1410 үй Ташкент (Макшеев), ал басқалары (Смирнов) шағын топпен Әулиеата уезінде қоныс теңті.

М. Тынышбаев өз еңбегінде 1917 жылы Сырдария уәлаяты Шымкент уезіндегі Сіргелілер 70 мың жан деп жалпы санын көрсетсе, Әулиеата бойынша ешбір мәлімет бермейді.

Сіргелілердің ат төбеліндей тобы Шу өзенінің орта ағысының оң жағында Ақмола мен Қарқаралы уездерінің түйіскен жерінде қоныстанды. Олардың Шу өзеніндегі қыстаулары Жалайыр руы қонысының батыс жағын алып жатты. Шу өзенінің сол жағасындағы Сіргелілер қыстауының қарсысында Шапыраштылар көшіп жүрді. Сіргелілердің көктеуі мен күзеуі Шудың шалғай солтүстігіндегі Бетпақдалаға кірігін жатты. Жарлы-жақыбайлар қыстаулардан алыс ұзамай, жаз бойы суармалы жерде егіс егін, күзеу мен көктеуді төңіректен, малдылары Бетпақдалаға еңдей еніп, өзі үшін де, төрт түлік үшін де құрақтарды пайдаланды.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың тоғысында Сіргелілердің басым көпшілігі Сырдария облысы, Шымкент уезінде отырықшыланып қалды. Олардың қыстаулары Бөген, Шаян мен Боралдай өзендерінің бойында орналасты. Тұрақты тұрмыс кешіп, жартылай көшіп-қонып жүрді. Егін суғарып, сүдігерді де іске асырды. Онда бидай мен арпа егін, өзендер аңғарындағы суармалы алқаптарда тары, жүгері мен бақша өнімдерін өсірді. Диқандардың құралы қарапайым болатын (жерағаш, уа, пал, ағаш тырмалар мен орақ). Егіншілікпен тек қолы қысқалар ғана айналысты. Олар күнкөріс қамы үшін байлармен ортақтасып, олардан тұқым, сауынға сиыр мен түйе алып, күш көлігі үшін өнімнің жартысын беріп отырды.

Сіргелілердің жатақтарында тігерге тұяқ аз болды. Олар төрт түлік өсіріп, әсіресе қой мен түйені ұстады. Қысқа қарай жем-шөп дайындады. 100 басқа дейін малы бар қожайындар малдарын қорада ұстады. Ал, байлар әдетте Мойынқұм қойнауын қыстады.

Сіргелілер ішінде отбасылық ұсталардың әр түрлі кәсібі өркендеді, әсіресе, ағаш, сүйектен, темірден зергерлік бұйымдар жасалды. Бұған өзбек ағайындармен қоңсы қону да недәуір әсер етті. Мәселен, XIX ғасырдың екінші жартысында Шаян өзенін мекеңдейтін Сіргелі руының

Байжігіт атасынан ағаш пен темірден түйін түйіп, «бес ұста» аталған шеберлер шықты. ХІХ ғасырдың 60-жылдарында Қаратау күнгейіндегі диқан Сырымбеттің Құлжан, Батырқұл, Байлар, Айдарқұл, Құрманқұл атты бес баласы болды. Көп ұзамай әкесі өліп, шешесі шиеттей бала-шағасымен Қазығұрт тауының баурайына көшіп барып, балалар ағаш пен темірді өңдейтін кәсіп үйренеді. Ағайындылар недәуір шеберленіп алған соң еліне оралып, үйінде отырып, тұтас жасау-жиһаздар жасап, көрік басып, зергерлікпен айналысыпты. Олар бірге өмір сүріп, ерінбей еңбек етіпті, әлгілерді өнері үшін «бес ұста» деп атайды. Олар дайындаған жасау-жиһазға, киіз үйдің әшекейлі есігі, сандық, жүкаяқ, піспек, төсағаш, кебеже мен адалбақан кіретін болған. Олардың бұйымдары әдемі өрнек пен нәзік нақыштармен ерекшеленетін. «Бес ұстаның» заттары Шымкент пен Әулиеата уездеріне кеңінен тарады.

Сіргелілер қыстауда жертөле қазып, бір бөлмелі үйлер тұрғызып, қора-қопсы салды. Жазда киіз үйде өмір сүрді.

## ҚАҢЛЫ

Ұраны — «Байтерек», «Айрылмас», таңбасы — **І**  
(көсеу таңба)

Қаңлы Ұлы жүз құрамына кіретін ежелгі түріктің руы (тайпасы — ред.) болып есептеледі. Бұл рудың (тайпаның — ред.) этногенезі мен тарихы туралы жазба деректер аз емес. Сондықтан біз олардың кейбіреуіне толық тоқталамыз. Олардың ішінде аумақты тұтас зерттеу орыс шығыстанушысы Н. Аристовтың еңбегі болып табылады. Онда аталмыш автор былай деп жазады: «Қаңлылар — дулаттар тәрізді ежелгі түрік руы. Бәлкім, Авеста пен Махабхаратта Қаңқа деп еске алынатындар солар шығар. Қытайлар біздің жыл санауымызға дейінгі бір жарым ғасыр бұрын Сырдариядағы, Зеравшан мен Әмударияның төменгі ағысындағы ұсақ отырықшы аймақтар бағынатын Кангюйдің ұлан-байтақ иелігіне кез болады. Кіші хандар дәуірінде (25—221 ж.ж.) Кангюй мен Қаңлылар Арал мен Каспий теңіздерінің аралығындағы алаңдарды биледі. 568 жылы Византия елшісі Земарх Дзивул түрік ханына келіп, бұл кезде Холиат аталатын түрік қаңлыларының жерін басып өтеді. ХІ ғасырда Мауараннахр мен Батыс Азияны жаулап алған селжүктердің өздері қаңлы болмаса да, Рашид ад-Дин атап көрсеткендей, олардың әскерінің негізгі сүйегі қаңлылардан тұрды. Баласағұндағы соңғы қарлұқ билеушісі ХІІ ғасырдың



екінші ширегінде өзін қаңлы шабуылынан қорғау үшін Қарақиданның Гурханын шақырды.

Сұлтан Мұхаммед Хорезмшахтың қосынында Талас-тан келіп он мыңдаған Қаңлы қызмет етті. 1200 жылы Гивь елшісі Буксин Шыңғыс-ханға келе жатқан жолында Мауараннахрда кездескен Қаңлы руының санын айтады. Плато Карпини құмандардан (қыпшақтардан) кейін Қаңлы елімен жүріп өтті. Рубрук та 1258 жылы бұл көшпелілердің (cangle) ата-жұртын басып, сапар шекті. Ақсақ Темірдің кезінде қаңлылар Сырдың оң жағасын жайлады, бірақ саны көп емес еді.

Ғасырлар бойы ортасынан оңтүстік пен батысқа басым көпшілікті аттандырып отырды, өйткені Европаға құйындай тиген ғұндар мен қыпшақтардың жауынгерлері өздерімен бірге қаңлыларды ілестіре кетіп, барған сайын олар азайып, өз ата-жұрттарында билігі әлсіреп, шығыстан дулаттар мен солтүстіктен қыпшақтар қыспағына ұшырап, Сырдарияның орта ағысындағы жағалауларға ығысты.

Қазақ-қырғыз одағына қаңлылар аз ру болып қосылды, себебі олардың көпшілігі Шайбани әулетімен Мауараннахрға кетіп қалған еді. Қырғыз-қайсақ хандары мен сұлтандарына жеке, сарай күзетшілері мен қосындардың басты құрамын (төлеңгіттерді) бере отырып, қаңлылар бүкіл қазақ даласына тарап кетіп, қазіргі кезде жекелеген рулық топ ретінде тек Ташкент уезінде ғана кездеседі.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында, Н. Аристов көрсеткендей, қаңлылардың рулық тобы Ташкент төңірегінде ғана емес, сонымен бірге Жетісу уәлаятының Қапал мен Верный уездерінде де қоныстанды.

Қаңлы руының тегі туралы орыс этнографы А. Харузин өз еңбегінде ғажайып аңыз мәлімет береді. «Қаңлы тайпасы...» бір кездерде Жалайырлар сияқты жеке ру болып өмір сүрді. Қаңлы атын, Рашид ад-Диннің айтуынша, Оғыз ханның (түріктердің атасы) өз туыстарымен күресінде оның жағына шыққан түрік рулары алды: олар «малды жегіп, өз қал-қадарынша арба жасады және түріктер арбаны қаңлы дейді» деп жазды ол.

Қаңлылардың шығу тегі туралы Әбілғазы төмендегідей аңызды келтіреді: «Оғыз хан барып, татарларға тиді. Татар ханы сан мың әскерімен оған қарсы шықты; олар шайқасып, Оғыз хан кенет шабуыл жасап, оның (татар ханының) қолын быт-шыт қылды. Оғыз ханның қолына көп олжа түсті, оларды тиіп алып кетуге лау жетпейді. Олардың қасында қолы епекті бір шебер кісі болып, ол ойлаып-толғанып арба жасады. Оған қарап, бәрі де арба

құрастырып, оған олжаны тиеп, бәрі үйіне қайтып келді. Арбаны «қаңлы» деп атады. Бұған дейін оның (арба) аты да, заты да болған емес, ол қозғалғанда қаңқ деп дыбыс шығаратын себепті оны «қаңқ» атады. Оны жасаған адамды «қаңқылы» деді. Бүкіл Қаңлы елі — сол адамның үрім-бұтағы».

Академик В. В. Бартольд те қаңлылар туралы құнды мағлұмат беріп кетеді: «Құмандар мен қыпшақтардың түйісуі, соңғылардың қаңлылармен жақын туыстығы күмән туғызбайды. XII ғасыр мен XIII ғасырдағы мұсылман жылнамашылары қаңлы мен қыпшақ сөздерін синоним ретінде қолданады. Егер кангюй мен қаңлы атауларын өзара жақындастыру мүмкіндігі болса, онда бір кезде түрік халқының ең батысын жайлаған ежелгі тайпа қаңлылар болып табылады». Одан әрі оқымысты: «Бәлкім, қаңлылардың өнері шығар, қара қырғыздардың сөз саптауы қырғыз-қайсақтарға Енесай түріктерінің тіліне қарағанда әлдеқайда жақын тұрады». Қара қырғыз халқының құрамына енген қаңлы мен қыпшақтар туралы Аристов жазды, одан басқа Қаңлы жұртының мекені бір кезде қиыр шығысқа қарай созылып жатқаны жайында бірқатар тарихи деректер келтіруге болады.

XII ғасыр басында қаңлылар қарлұқтармен бірге Баласағұнға қатер төндірді (Джувейни); XIII ғасырдағы Алмалықта құрылған түрік иелігін қаңлылар құруы да ғажап емес., ең ақырында Рашид ад-Дин қаңлылар Наймаңдар жерінде, Ертістің жоғары жағында тұрды деп көрсетеді.

Қалай болғанда да,— деп жазады С. Аманжолов,— М. Қашғари (XI ғасыр) өзінің әйгілі еңбегінде қаңлыларды ру ретінде еске алмайды. Ол: «Қаңлы — қыпшақтардың ұлы адамдарының бірі» деп жазады. Бұл тұжырым қыпшақтар мен қаңлылардың бірлігі туралы академик Бартольдтің ойына жан бітіреді, сондықтан қаңлылар хақында арнайы айтылмайтын шығар. Алайда, бұндай бірлік уақытша да болуы кәдік. XI ғасырдан кейін қыпшақтар мен қаңлылардың жеке өмір сүруі көп жайды аңғартады. Басқа қырынан қарағанда, М. Қашғари дәуірінде қаңлылардың көбісі Кіші Азияда болғаны себеп шығар дейтін ой келеді. Соңғы ұйғарым академик Гордлевскийдің зерттеулерімен пысықтала түседі, ол «оғыздан көп бұрын, елді түріктендіру жүрді. Қалаш, Қарлұқ, Қаңлы, Қыпшақтар көптен бері елдің түз тұрғындарын бағындырып жатты» деп жазады.

Қаңлылардың мүлде жоғалып кетуі туралы әңгіме

туындамайтыны айқын. Махмұд Қашғари ХІ ғасырда ғұмыр көшкен қаңлылардан басқа, Қазақстанмен қоса, Орта Азияда өмір сүрген көптеген руларды суреттеп, қамти алған жоқ. Дегенмен, басқа деректер бойынша қаңлылардың дені Қазақстан мен Орта Азияны өте ертеден мекендеп келеді. Бұл, біріншіден, Монғол шапқыншылары (ХІІІ ғасырдың басы) Самарқанға тигенде бұл шаһарда 40 000 қаңлы мен парсы сарбаздары бар еді. Одан әрі Темір жорықтарында айтылғандай, олар Жошы ұлысында Сырдария мен Талас арасында (Әбілғазы Баһадүр хан) ұшырасады. Қазақтардан басқа түркі халықтарының арасында қаңлылардың бар екенімен есептеспеуге болмайды. Мәселен, Алтай мен Енесай түріктерінің ішіндегі, сонымен қатар сақалар арасындағы кангаластарды өз қандастарынан өте ертеде бөлініп кеткен ежелгі қаңлылар деп қабылдамай отыра алмаймыз.

М. Тынышбаев өзінің «Қырғыз-қазақ халқының тарихына қосымшалар» деген құнды, шағын еңбегінде қысқаша, бірақ толық қисынымен Қаңлы тарихын зерттейді. Ол «Қаңлы қытайларға кангюй атымен б. э. дейінгі ІІ ғасырда мәлім болды» деп жазды. Дау жоқ, Қаңлы — Сырдария өзенін мекендеген түрік руы. Самарқан, Бұхара мен Хорезм өңірі де қаңлыларға бағынып отырды. Б. э. алғашқы жылдарында қаңлылар ғұндармен бірігіп, үйсіндер және қытайларға қарсы шайқасты. VI ғасырда қаңлыларда төрт доңғалақты арба болды. X ғасырда қаңлылар арасынан Селжүк әулетінің негізін салған Селжүк деген әлдекім қара үзіп шығып, XII ғасырдың екінші жартысы мен XIII ғасырдың бірінші жартысына дейін Сырдарияның жоғары жағы мен Кіші Азияда билік құрды. XI ғасырдың басында бұл рудың халарлы атты бір бөлшегі Арменияға қоныс аударды, соның негізінде XIII ғасырда болашақ Осман империясының ұйтқысы құрылды. XII ғасырда қаңлылар Шу өзенінің бойында ұшырасады. X ғасырда Мауараннахрды баса-көктеген түріктердің ең көбі қаңлылар еді. Содан бастап, Мауараннахр — Түркістан деп аталады. Хорезмшах (Мұхаммед Хорезмшах) дәуірлеп тұрғанда, Түркістанда қаңлылардың дегені жүріп тұрды; Хорезмшахтың анасы Түркен-қатын қаңлыдан шыққан болатын. Отырар қамалының өміршісі Қайыр хан — оның жиені. Хорезмшахтың Шыңғыс-ханға қарсы қойған басты күші қаңлылар болыпты.

XIII ғасырда Плано Карпини мен Рубрук қаңлылар жерімен өтіп, олардың қонысын Сырдарияның төменгі ағысы мен Қарақұмда кездестірсе, Темір жорықтарынан

біз олардың XIV ғасырдың аяғында Жошы ұлысының бір бөлігін құрап, Сырдария мен Талас арасында көшіп жүргенін түсінеміз. XVII ғасырдың басында Ташкент уезінде тұратын қаңлылар мен қатағандарды Тұрсын хан жеке билеп-төстеді. 1629 жылы «Еңсегей бойлы ер Есім» оңтүстік өңіріндегі қазақтарды тонағаны үшін Тұрсын ханды өлтіріп, қаңлы мен қатағандарды қуғындады. Олардың бір бөлігі Сырдың арғы бетіне бас сауғалап, қалғандары «Шанышқылы» атымен қаңлыларға қосылды.

В. Востров өз еңбегінде қаңлылардың ежелгі тайпа және олардың түркі тілдес екенін үзілді-кесілді мойындап, көрсетілген деректер негізінде рудың қысқаша тарихын шолып, ол не себептен екені белгісіз, Қаңлы руының аталық құрамы жөнінде ешқандай мәлімет бермейді.

Қаңлы руының этногенезі мен этникалық тарихы, тайпалық құрылымы мен ерекшеліктері туралы академик Ә. Қайдаровтың Қазақ энциклопедиясында мақаласы жарияланған.

Бұл мақаланы жазу үстінде ол жоғарыда көрсетілген және көрсетілмеген лингвистикалық деректерді мұқият зерттеген. Ә. Қайдаров Н. Аристов және басқалардың ізін алып, басқа мағлұматтарда кездеспейтін Қаңлы руының тайпалық құрылымын беріп, қысқаша тарихына тоқталып, олардың ежелгі түркі тілдес екенін салмақты дәлелдейді. Ә. Қайдаровтың тектану кестесінде қаңлылардың атасы Майқы би болып саналады. Қаңлы руы Сары-қаңлы мен Қара қаңлы болып екіге бөлінеді, оның үстіне Сырдария мен Жетісу қаңлылары да осылай жіктеледі. Ұлы жүз Төбейден таратсақ, одан — Байтерек, одан — Қаңлы, одан Қанқожек, Келдібек. Келдібектің бірінші әйелі Сары бәйбішеден — Сары қаңлы ұрпақтары, ал екінші әйелінен Қара қаңлы ұрпақтары өрбиді. Сырдария қаңлылары Сары қаңлы (олар бес ата: Ақбота, Ақынқожа, Телқожа, Омыртқа, Миям) мен Қара қаңлы (олар 6 ата: Тоғызбай, Оңбай, Тоғанай, Бақа, Батырақ, Қара). Жетісу қаңлылары да Сары-қаңлы (бес ата: Әлсейіт, Түрке, Шоқпар, Құйысқансыз және Шанышқылы) мен Қара қаңлы (6 ата: Ерезен, Қаспан, Еңке, Танта, Оразымбет, Бақа) болып тарайды. Бұл ата-текті салыстырып, Ә. Қайдаров Жетісу қаңлыларының атасы Сырдария қаңлылары болып табылады деген дұрыс қорытындыға келеді. Біздің зерттеулеріміз де соған сәйкес. Жетісуда қоныстанған қаңлының кейбір рулық тобы — «Ақ қаңлы» және «Қызыл қаңлы» деп те бөлінеді, соңғылары Сары қаңлының бір тармағы Телқожа атасының ұрпақтары болып есептеледі. Сонымен

қатар Ә. Қайдаровтың «Сары-қаңлы», «Қара-қаңлы», «Ақ-қаңлы», «Қызыл-қаңлы» этнонимдерінің бірігу салдары туралы пікірі де орынды. Ол әлгілер ата-бабаларының өз есімдері түр-түсі мен киіміне байланысты емес деп санайды. Бәрінен бұрын бұл қырғыздағыдай кейбір рулардың «сол қанат» пен «оң қанат» аталатын бір-бірімен қатысты географиялық орнын анықтайды.

Жоғарыдағы деректерге сүйеніп, Қаңлы руының этногенезі мәселелерін қозғап, оларды ежелгі кангюй-түріктердің тікелей тұқымы деп санаймыз.

Қаңлы руының шығу тегі туралы әлгі авторлар пікіріне қарама-қарсы тұжырым да айтылып қалады. Мәселен, белгілі этнограф, Т. А. Жданко біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырдағы кангюларды XI—XII ғасырдан кейін пайда болған қаңлылармен түйістіру дұрыс емес деп есептейді. Одан әрі ол кангюлер «тек қана қаңлылар ғана емес, ертедегі этникалық қабат» деп түсіндіреді. Қаңлылардың тілдік тәуелділігіне тоқтап, «Арал маңындағы тұрғындар-қаңғар-қыпшақтар этногенезінің негізіне жатады «оларды түркілендіру тек біздің дәуіріміздің IV—VIII ғасырында жүрді, сондықтан ежелгі кангюлерді түркі деп атауға негіз жоқ» деп түйеді.

Бұл автордың көзқарасын толық сыйлай отырып, — деп жазады В. Востров, — ежелгі кангюлер мен қаңлылардың этникалық астасуын көрмеу дұрыс емес деп есептейміз. Ондай ұласулар сөз жоқ болды. Шын мәнінде біз қаңлылардың Орта Азия мен Қазақстанның қазақ, өзбек, қарақалпақ халықтарының саяси және этникалық тағдырында маңызы ерекше екенін білеміз. Т. А. Жданко пікірінше, XI—XII ғасырдан бұрын пайда болған аздаған қаңлы ру-тайпалық бірлестігінің қолынан ондай әлуетті тіршілік келер ме екен? Оның үстіне Әбілғазы көрсеткендей, бұл қаңлылардың басым көпшілігін Шу мен Талас өңірінде монғол басқыншылары талқандап жіберген болатын.

Бұл жерде біз кейінгі уақыттағы қаңлылардың этникалық негізін құрайтын ежелгі әрі саны көп (20 мың шақырақ) кангюй халқымен тоқайласып отырмыз. Біз В. Востровтың ежелгі кангюйлер мен қазіргі қаңлылардың терең жалғастығы бар деген толық дәлелі бар дәйектеме-сін құптаймыз.

Әдеби деректерден тыс Қаңлы руының ата-тегінің кестесін жасауға өзіміздің зерттеуіміз көмектесті. Қаңлылардың шығу тегі туралы бізге мәлімет берушілеріміз де құнды мағлұматтар берді, олар: Талдықорған облысы, Қоғалы ауылының тұрғыны, 1906 жылы туған (Жалайыр)

Әбілқасым Жантайлақов; Алматы облысы, Шелек ауданы Қызылжиде кеңшарының тұрғыны 1905 жылы туған (Қаңлы) Нұрыш Нүсіпов; сол кеңшардың тұрғыны 1938 жылы туған (Қаңлы) Стан Мұқашев; Алматы облысы, Шелек ауданы Ащысай кеңшарының тұрғыны 1924 жылы туған (Найман) Файзолла Балмағанбетов; Алматы облысы, Шелек ауданы, Жарсу кеңшарының тұрғыны 1928 жылы туған (Шапырашты), Қожахмет Кәрібаев аз көмектескен жоқ. Бұлардың ішінде қолында жазба шежіресі бар білгірлер, әрине, болған жоқ, соған қарамастан олардың әрқайсысы есте қалғандарымен Қаңлы туралы недәуір мәліметтер берді. Әйтсе де, көптеген рулар, аталар мен топтар туралы толық тектану кестесін бере алған жоқпыз (№ 11 қосымшаны қараңыз).

Ұлы жүздің Төбейден басталатын шежіресінде, қайталап айтамыз, Төбейден — Бәйтерек, одан — Қаңлы, одан — Қанкөжек, одан — екі әйел алған Келдібек аталады. Бірінші қосағы Сары бәйбішеден — Сары қаңлы ұрпақтары, ал екінші әйелінен (әлде бір хан қызынан) — Қара қаңлы аталары өніп-өсті. Бұл әрбір топ тіршілік ету аясына байланысты екіге бөлінеді. Мәселен, Сары қаңлылар да, Қара қаңлылар да Сырдария және Жетісуда екі атадан тұрады. Сырдарияның Сары қаңлылары бес ата: Ақбота, Ақынқожа, Телқожа, Омыртқа, Миям; Жетісудың Сары қаңлылары 6 ата: Әлсейіт, Ақбарақ, Құйысқансыз, Бозым, Ешкілі, Шанышқылы. Сырдарияның Қара қаңлысы 6 ата: Тоғызбай, Онбай, Тоғанбай, Бақа, Бадырақ, Қара; Жетісудағылар да 6 ата: Ерезен, Қоспан, Едке, Танта, Оразымбет, Бақа. Бұл тізімнен Қызыл қаңлы мен Қаңлы рулық құрылымын қоспағанда, жоғарыда көрсетілген төрт топтан 23 ата тарайтынының өзі бұл тайпалардың бұрын көптігін көрсетеді.

Ә. Қайдаровта алғашқы бірінші буындағы аталар 22-ге жетеді. Ә. Қайдаров деректері мен біздің зерттеуіміздің айырмашылығы тек Жетісу Сары қаңлыларының этникалық жағдайына саяды. Оның Жетісу Сары қаңлылары бес атадан: Әлсейіт, Шоқпар, Түрке, Құйысқансыз, Шанышқылыдан тұрса, біздіңше олар 6 атадан құралыпты: Әлсейіт, Ақбарақ, Құйысқансыз, Бозым, Ешкілі, Шанышқылы. Біздің дерегіміз бойынша, Ақбарақтан — Шоқпар, одан — Түрке, демек, бұнда айрықша қайшылық жоқ. Қаңлының бұл 23 атасы туралы түгел ата-тегінің кестесін жасадық.

Кестеден көрінгендей, біз онда Шанышқылы, Онбай, Ерезен, Қоспан аталары, әсіресе, бүгінге дейінгі Жетісу

Сары қаңлыларына кіретін Ақбарақ руының таралу тегін мәлімет беруші 1938 жылы туған Стан Мұқашевтан жазып алып, толық келтіріп отырмыз. Оның айтуынша, оны түпкі атасынан 12 ұрпақ бөліп тұр.

Біздің басқа бір мәлімет берушіміз 1905 жылы туған Нұрыш Нүсіпов өз атасы Ерезеннен бастап, тікелей тұқым қуалап, өз баласына дейін жеті ата өтті деп есептейді, біздіңше, бұл жеткіліксіз болып көрінеді, өйткені Ерезен Ақбарақпен бірдей — бірінші ата, одан бері 12 ұрпақ ауысқан.

Сонымен, біздің Қаңлы руының тегі туралы жасаған кестеміз мүлде толық болмаса да, ол айқын суретті көз алдыға келтіреді. Көне түріктен бір кездегі қуатты Қаңлы руы ғасырлар бойында көптеген тарихи оқиғаларды бастап кешіріп, бізге дейін бірсыпыра түрік халықтары: қазақ, өзбек, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт және басқалардың құрамында жеке этникалық топ болып жетіп отыр.

Қаңлылардың жауынгерлік ұраны «Байтерек», «Айрылмас» (Аристов, Аманжолов, Тынышбаев, Қайдаров бойынша), ал рулық таңбасы жоғарғы деректерде — **■** (көсеу таңба).

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қаңлы руының аталары Жетісу уәлаяты Қапал мен Верный уездерінде, Сырдария уәлаяты Әулиеата, Шымкент пен Ташкент уездерінде қоныстанып жүрді.

XIX ғасырдың аяғында Н. Аристов Қаңлының шағын тобы Верный уезінде (300 үй) кездесетінін хабарлайды (Қайдаров). Әулиеатада — 350 үй (Мұқашев), Шымкентте 478 үй (Гродеков), Ташкент уездерінде 1650 үй (Мұқашев) мекендеді. Ол тағы бір тұста қаңлылар мен шанышқылардың жалпы саны — 10 000 үй болды деп көрсетеді.

Ә. Қайдаров Қазақ энциклопедиясында 1885 жылы Ташкент уезінде құрамалардың 24 400 түтіні болып, олардың ішінде қаңлылар мен шанышқылылар 14 мың түтін екенін айтады.

М. Тынышбаев өз еңбегінде қаңлылар мен шанышқылардың 1917 жылғы жалпы санын уездер бойынша береді. Мәселен, Ташкент уезінде 160 мың жан, Әулиеатада 20 мың жан, Верный уезінде 10 мың жан өмір сүрген. Жоғарыдағы үш уезде барлығы — 190 мың жан тұрып жатты.

Жетісу уәлаятындағы қаңлылар Қапал мен Верный уездерінде қоныстанды. Сойтіп, Қаңлы руының үш атасы Қапал уезінің жерінде Алтынемел тауларын қыстады. Қызыл қаңлы руының қауымы Арқарлы, Қоғалы, Байжанбастау, Мамырханбастау мен Дөненбайбастау шатқалдарында қоныс тепті. Қапсан қаңлы руы Қарабастау, Қасқажол, Құмалақты мен Майбұлақ қойнауларын жерсінді. Бадырақ қаңлы Құрөзек, Пішенсай, Шөладыр, Қоянкөз, Ұзынбұлақ, Майтөбе мен Манас маңайын жайлады.

Бұл аталардың көктеуі мен күзеулері өздері жеке пайдаланатын жердің төңірегінде жатты. Ол мекенге жақын тұста Шетенсай, Үшбұлақ, Қарағайлыбасы мен Доланалы шатқалдарында жайлауы орналасты. Жетісудың өзге қаңлылары Верный уезінің шығыс жағындағы Албан руы Сегізсарылармен, батыста Іле өзенінің сол жағасындағы Шапырашты руының Шыбыл аталарымен қоян-қолтық тұрып жатты.

Сырдария қаңлыларының аздаған тобы Әулиеата уезінің Талас өзенінің алқабында, Шымкент уезінің Арыс және Келес өзенінің құйылыстарында қоныстанды. Бұл өлке қаңлыларының көпшілігі Сырдың орта ағысындағы Ташкент уезінде орналасты.

Сырдария қаңлыларының негізгі шаруашылығы суармалы егіншілік болды, ал жетісулықтар егін салса да төрт түлік өсірумен шұғылданды.

## ШАНЫШҚЫЛЫ

Ұраны — «Айрылмас», «Шанышқылы», таңбасы —

↑ ↓ (қолтаңба)

Шанышқылы да Ұлы жүз құрамына кіретін ру. Бұл рудың шығу тегі мен тарихы жайында көне деректерде ешнәрсе жоқ. XVIII ғасырдың ортасынан бастап, орыс деректерінде (П. И. Рычков, А. И. Тевкелев, А. Левшин, Ш. Уәлиханов) «ол (шанышқылы) Ұлы жүз құрамына



кіріп, Қаратау мен Талас өзенінің күнгедейінде көшіп жүреді» деген мағлұмат бар.

Алғаш рет Шанышқылы руының тарихы мен шығуы туралы Н. Аристов өз жорамалын келтіріп, Шанышқылының отаны — Алтайдағы Бийдің бір саласы Аққу өзені мен Шошқалы, Шаңғылбұлақ, Қалжыр өзені ағып шығатын Марқакөлдің сағасындағы құмандар арасында деп тұспалдайды. Қаңлы мен Шанышқылының шығу тегі жоғарыдағы келтірілген аңызда Бақтиярдың өкіл баласы Қатағанмен байланыстырыла қарастырылып, Шанышқылының ежелгі мекені ретінде Алтай өлкесі айтылады. Қатағандар туралы Әбілғазы еске алып, өзі (Әбілғазы) қазақтар арасында 1632 жылы болғанда қазақ ханы Есім хан Ташкент билеушісі қазақтан шыққан Тұрсын ханды өлтіріп, Қатағандарды тонап, қысымшылық көрсеткенін айтады. Ол Қатағандарды Алұн-гоаның үлкен ұлы Бұқым-Қаттаннан шығарады. Ал Рашид ад-Дин Қатағандарды көшпелі ру Қатақин деп атап, оларды Алұн-гоаның үлкен ұлы Бу гунхатақидан таратады. Сол себепті қатағандар Түркістанда тек Шыңғыс дәуірінде, Шағатай сарбаздарының құрамында соларға қызмет етіп, пайда болды деп топшылауға болады. Әрине, олардың саны онша көп емес еді. Сырдарияда қатағандар жергілікті Қаңлы мен Шанышқылылар құрамынан тұрып, әлде бір қатағанның әйгілі бегін қорғау үшін соларға қосылғандар болатын. Одақтың ыдырап, Есім ханның қудалауының салдарынан Сырдарияның оң қабағындағы Қатаған руы да ізім-ғайым жоғалады. Олардың қалған-құтқан бөлігі басқа тайпаларға қосылып, немесе шанышқылы руларына сіңіп, шанышқылы болып кетті.

Қатағандардың басым көпшілігі Шайбани әулетімен бірге Мауараннахрға кетіп, бір бөлігі Қазақстан аумағын мекендеп қалды. XIX ғасырдың екінші жартысында қатағандар (қораластар) Әулиеата уезінде тұрып келді (Мақашев пен Смирнов көрсетуінше). Қатағандардың көпшілігі басқа қазақ руларымен мидай араласып кетті, мәселен, Ысты аталарының ішінде Асанқараған мен Байқараған әлі күнге Шымкент уәлаятында тұрып келе жа-

тыр деседі. М. Тынышбаев қатағандардың бір бөлігі Шанышқылы болып, Қаңлы руына қосылып кетті деп есептейді.

Шанышқылы руы туралы тағы бір жорамалды Н. Аристов алға тартып, ол: «Шанышқылы атауын сонымен қатар монғолдың — «Юактгаоми-шиде» айтылатын Чаншиут, әйтпесе Чанкшикит рулары профессор Березин Рашид ад-Дин бойынша қияттардың тармағы Женшқұт есіміне сай келеді. Олай болса, Шанышқылы ұрпағы Шағатай кезінде Қаңлының жергілікті руынан қалыптасып, Шағатай монғолдарынан шыққан Чаншиут немесе Шанышқылы атауының атын иемденіп, одақ түрінде құрылды», — деп есептейді.

Біздің қолымызда Шанышқылы руының шығуы мен тарихы туралы бұл жорамалды нақтылайтын жазба, немесе басқа деректер жоқ болғандықтан, осымен шектелуге мәжбүрміз. Соған қарамастан, Шанышқылы руы туралы Н. Аристовтың пайымдаулары көңілге қонымды екенін айта кеткен жөн. Шанышқылының Алтайдан шыққаны туралы топонимдер мен этнонимдер негізіндегі ой, атаулардың кейбір монғол этнонимдерімен сәйкестігі туралы, олардың жергілікті қаңлылар мен қатағандармен байланысы туралы тағы басқа мәліметтер толық назар аудартады.

Шанышқылының ата-тегінің құрамы хақында М. Тынышбаевтың шағын мақаласынан басқа әдеби деректер некен-саяқ. Тынышбаевтың зерттеуінше, Шанышқылыдан — Сымыршық, одан Айрылмас (шанышқылылардың ұраны); одан — Құрбақа (Балық, Саңырау, Мамыт), Дарқан, Қырықсадақ, Бектау (Қырпық, Арапшы, Сырым), Жойсын, Бағыс (Қырғызтекті).

Біздің зерттеуімізде де Шанышқылы туралы жарияланымдар жарытымсыз. Біз тек бір ғана мәлімет беруші Алматы облысы, Шелек ауданы Жарсу кеңсарының тұрғыны 1928 жылы туған (Шапырашты) Қожахмет Кәрібаевтың берген мағлұматтарына сүйене аламыз. Оның айтуынша, Қоғамнан үш ұл: Қаңлы, Шанышқылы, Қатаған туады. Шанышқылыдан — Балық, Күрпік, Дарқан, Саңырау. Балықтың кіндігінен төрт бала бар: Торқыс,

Көңсалық, Балта, Ақкерей. Күрпіктен — Мамыт, Араншы, Әжіке, Бесауыл, Сұрым, Қият. Дарқаннан — Құлтума, Еңкеш, Шотым, Оршақ. Саңыраудан — Көкмойын, Сәрке, Бақа, Жаңбыршы.

Бұл Шанышқылының ата-тегі туралы мәліметтер, әрине, аталарды ажырату үшін салыстыру мен айқындау үшін жеткіліксіз, алайда, барын қанағат тұтуға тура келеді.

Шанышқылы руының жауынгерлік ұраны — бәйгеде — «Айрылмас», ұрыс-қақтығыста — «Шанышқылы». Бұл туралы Гродеков, Аристов, Тынышбаев пен Востров жазды, ал Аманжолов «Айрылмас» пен «Бәйтерек» деп есептейді. Бұл кейбір шанышқылы аталарының қаңлылар құрамына кіргендіктен, олар «Бәйтерек» ұранын пайдаланатын болар. Шанышқылының рулық таңбасы **↑ ↓** (қолтаңба).

XIX ғасырдың аяғына таман (Мақашевке сүйенгенде) шанышқылылардың аз бөлігі Жетісу өлкесі, Верный уезінің Түрген өзенінің бойында ғұмыр кешкен. Сырдария уәлаяты Ташкент уезінде 2000 түтін, Верный, Қапал, Әулиеата, Шымкент және Ташкент уезінде барлығы 10 000 түтін болған. М. Тынышбаевтың дерегінше, 1917 жылы қаңлылар мен шанышқылылар Верный уезінде — 10 мың жан, Әулиеатада — 20 мың жан, ал Ташкент уезінде 160 мың жан өмір сүрген. Тағы да сол көрсету бойынша, жоғарыдағы үш уезд көлемінде 190 мың жан шанышқылылар қоныстанып жүрген.

Қаңлылар мен шанышқылылардың саны туралы мәліметтер олардың негізінен Қазақстанның оңтүстігіне таралғанын көрсетеді. Бұл барша уездерде қаңлылар мен шанышқылылар төрт маусым бойы қоян-қолтық көшіп-қонып жүргендіктен, олар бірге саналады, бірақ жан басы жағынан тепе-тең емес еді. Қапал, Верный, Әулиеата уездерінде шанышқылылардан гөрі қаңлылар басым болатын, ал Ташкент уезінде жоғарыда айтылғандай, шанышқылылар 2000 түтін құрады.

Қаңлылар мен шанышқылылардың Қапал уезіндегі ата-қонысы Алтынемел тауларының етегінде, Верный уө-


зінде — Түрген өзенінің аңғарында, Әулиеата уезінде — Талас өзенінің аңғарында және Ташкент төңірегінде — Келес пен Шыршық өзендері бойында орналасты.

Шанышқылы руының негізгі кәсібі төрт түлік мал өсіріп, суармалы егіншілікпен айналысу болатын. Олар жартылай отырықшы және отырықшы ғұмыр кешті. Әлбетте, отырықшылар егін салып, бидай, арпа, тары мен қауын-қарбыз еккен.

Сонымен, біз Ұлы жүздің ірі-ірі он бір руының рулық-тайпалық құрылымы, олардың Жетісудың Қапал, Жаркент пен Верный уездеріндегі, Сырдария уәлаятының Әулиеата, Шымкент пен Ташкент уездеріндегі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қоныстануы туралы қысқаша шолуымызды аяқтаймыз. Әдеби деректер мен біздің зерттеулеріміздің негізінде 11 рудың 20 ата-тегі туралы кесте жасалды.

Олардың тұтастығы мен толықтығы бойынша бұл тектану кестесі әр түрлі болды. Кейбір рулар мен аталар бойынша, олардың этникалық құрылымы жайында әлдеқайда мол қамтылды. Жалайыр, Албан, Шанырашты, Дулаттың кейбір аталары бойынша біздің зерттеулеріміз тектану кестесіне енбей, орташа мағлұматпен шектелінді, ал Сарыүйсіндер мен Шанышқылы жайында деректеріміз тақұлтұқыл болды. Соған қарамастан, біздің тектану кестемізден Ұлы жүздің рулары мен аталық құрамы туралы белгілі жүйеде түсінік алуға мүмкіндік бар.

Рулардың рулық құрылымы туралы мағлұмат бермей тұрып, алдымен мүмкіндігінше ежелгі рулар: Үйсін, Дулат, Жалайыр мен Қаңлылардың шығуы мен тарихы жайында деректер беру қарастырылды. Содан соң біздің кестемізге сәйкес, рулық-тайпалық құрамы келтірілді. Одан кейін рулар мен аталардың қоныстануы, көші-қоны да қағажу қалған жоқ. Ауа райы мен жер ыңғайына байланысты жеке рулар, аталар мен қауымдастықтың негізгі кәсібінің бағыты атап өтілді. Қал-қадарынша әр аудандардағы тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі де тілге тиек етілді.



Ұлы жүз (Ақарыс, Ақшора, Байшора, Үйсін) — Жұман (Жұманбай) — Кейкі би — Төбе би

*Ескерту:* бұл ктаптағы барлық шежіре кестелерін жалпы қазақтың ата-тек тарату кестесінің бір нұсқасы, үлгісі деп қабылдау керек.

<sup>1</sup> Аңыз бойынша, қазақтың, яғни Алаштың үш ұлы болған: Ақарыс, Жанарыс және Бекарыс немесе Ақшора, Жаншора, Бекшора.


<sup>2</sup> Н. Гроденов деректеріне, қазақтың енесі Алаштың үш ұлы болған: Байшора, Жаншора, Қарашора.

<sup>3</sup> М. Шорманов шежіресінде қазақтың арғы тегі Қотанның үш ұлы болған: Ақжол, Алшын, Үйсін.


<sup>4</sup> Диданбай батыр шежіресінде қазақтың арғы тегі Әбілқайырдың үш ұлы болған: Байшора, Жаншора, Қарашора.

<sup>5</sup> Махамбет бөрұш Көрйбаев Қожахметтің шежіресі бойынша.

## Төбе би




<sup>1</sup> Н. Аристов деректерінде қырық жүз бен мың жүз Майыңдан тараса, біздің деректер бойынша, қырық жүз — Қойылдырдан, мың жүз — Мекірейілден тарайды.

Сармүйсін






## ДУЛАТ



<sup>1</sup> Сәмен және Өлмес батырлар 1798 жылы Ташкенттіктермен соғыста Ботбай қолының сардарлары болған.

<sup>2</sup> Сыпатай батыр Кенесары Қасымов қозғалысына қосылмаған, маазары Мерке маңында.

ДУЛАТ



<sup>1</sup> Жиенбет ұрпағы оның баласы Күнту атымен аталады.

<sup>2</sup> Жаулыбай бұкіл Шіләмбет ұрпағының ұранына айналған.

<sup>3</sup> Байзақ датқа Кеңесары қозғалысына қатынасқан.

<sup>4</sup> Қойгелді, Мәмбет 1798 жылы Ташкенттің термен болған соғысқа қатысқан адамдар.

Бүралқы би  
Керімбай (1922 ж. өлген)

## ДУЛАТ

Ботбай		Шымыр		Сиқым		Жаныс	
Мырзасейіт	Байсейіт (Шуылдақ)	Тоқсейіт (Қусирақ)	Буас	Құлсейіт (Қусирақ)	Ақылбек	Құттыбай	
Аққойлы <sup>1</sup>	Қарақойлы <sup>1</sup>	Боса	Борық	Құл	Есторы	Қызылқармыс	Атабек Мырзабек Атайыс
Есбол <sup>2</sup>	Есенгелді <sup>2</sup>	Қара	Тоғатай	Құдайберді	Алақушқ		
Сатыбалды	Үлебай	Сырлыбай	Қораз	Жарымбет		Тойшы	Тілеуқабыл
Омар	Төле	Болат	Рүстем	Сайкөк		Қараби	Жаушы
Қайқы	Елтүзәр	Бөрі	Наурызбай	Сары		Таңат	Көске
Қаржау	Елүзәр	Бөрі	Томай	Әжі		Сүйіндік	Аталық
	Ырысбай	Елке				Есті	Шотке
	Құттыбай	Естембай				Қарабатыр	Қосмұрат
						Шенет батыр <sup>3</sup>	Қараби
						Тұрыс би	Рысбек батыр <sup>4</sup>
						Батырбек	датқа <sup>5</sup>
						Тастамбек	Қожай Иса
						Белқожа	(1925 ж. 50 жаста)

<sup>1</sup> Түркімендердегі Аққойлы, Қарақойлы рулары осы Дулаттан барса керек.

<sup>2</sup> Есбол, Есенгелді ұрпақтарын халық «Естілер» ұрпағы атандырған.

<sup>3</sup> Шенет батыр, Мәлік би 1723 жылы қалмақ шабуылынан кейін Буқара өңіріне өгіп кеткен


<sup>4</sup> Рысбек батыр 1798 жылы Ташкенттіктермен соғыста Сиқым қолын осықарған.

<sup>5</sup> Батырбек датқа Қоқанды жақтап, Кенесарыға қарсы болған.

<sup>6</sup> Асыл би 1798 жылы Шымкент маңына қоныстанып, «Асыл» арығын қаздырған

# ДУЛАТ

Зер-қосымша




¹ Оймаумт, монғол руы болу керек, Шыңғыс-хан заманында аталады.  
 ² Қыбырай батыр Төле биден үлкен, Шыршық өзенінің оң жағын жайлаған.  
 ³ Төле би Тәуке ханның мезінде Ұлы жүзге би-лік жүргізген.  
 ⁴ Ниязбек батыр Ташкенттен жоғары «Ниязбек» бесінісін салдырған.  
 ⁵ Момбек дағқа Кенесары қозғалысына қатынасқан.

Төле би³ Елі би Өтебай би Тыныбек Ақтобат Шора  
 Әуезбек Сүйіндік Қожабек Ниязбек батыр⁴ Қожаберді би  
 Дербісәлі Шойбек би  
 Момбек дағқа⁵


## АЛБАН

Сары





## АЛБАН

Шыбыл — Сары

Сүйеркүл<sup>1</sup> — Таубұзар (Сүйменді)

<sup>1</sup> Сүйеркүл ұрпағы, яғни 4 ағайынды Шоған, Досалы, Қоңбанбет, Жарты және қарындасм Әлжанның балалары — Сырымбет, Шегір, Аламан, Хангелді ұрпақтары «Сегіз сары» атанған. Әлжан кірме жігіт Мәмбетке тәліп, балалары шешесінің атымен Әлжан (Алжан) аталады.












СУАН



19 ғ. басында Бағыз, Жәсегірі рулары Суан құрамында болыпты. Суандар шығысқа жер ауғанда олар Дулат ішінде қалып қойып, Көпбағыз, Досбағыз деген атпен Дулатқа сіңіп кеткен.




СУАН




<sup>1</sup> Елшібек ұрпағы шешелерімен Нөкейті, Сарықыз атанған.

<sup>2</sup> Сатай бағыр 18 ғ. ортасында қалмақтарға қарсы қол басқарған.


ШАПЫРАШТЫ<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Екей, Есқожа, Шыбыл, Асыл, Айқым руларм ел ара-сында «Бес шам Шапырашты» немесе «Бес таңбалы Шапырашты» атандырған.

<sup>2</sup> Еміл отбасына Есқожа кірме болатын, Еміл ерте өліп, Есқожа оның жесіріне үйленіп, балалары Есқожа атанып кеткен.



<sup>1</sup> Аңыз бойынша Ескожаның бір тоқалына қонақ төренің «қол салуының» нәтижесінде туған бала ұрпағы «егере тұқым» атанса керек.



## ШАПЫРАШТЫ


Малдыстық		Желдімстық		Қылдымстық	
Шыбыл		Асыл <sup>1</sup>		Айқым	
Қарабайыс Сарыбайыс	Құлжұдырық Жедік	Орынбет	Әжіке	Тұнқатар (Таңатар)	Сейітқұл Қайдауыл Қалқаман
Шатыр Абыз	Дәулет Текелік Мәмбет	Өмір	Көрпе		Кенжек
Бәйімбет	Кеней				Қарамолда Бәйімбет
	Бұзаушы Төбет Құлан	Жанай	Төке	Төлеміс <sup>2</sup>	Сырымбет Жерімбет
Қайыпберді Айбас	Балапан-Барак	Қошқар	Дәулетбай	Сатай	Медет Жолақ
Бажырық Қарауыл Төлебай	Қара Шақа Сарыбай	Ырысбай			Келдімұрат
Шыбылтай Дәулет Бөген	Мәмбет Олжабай	Байқоныс	Байтөмір	Жидебай	Бардымұрат
Дербісәлі Жиенәлі	Байдәулет Көшкінбай	Баян	Қылышбай		Байсеңгір
	Көрібай				Қарасеңгір Наурызбай
	Қожахмет (мәлімет беруші, 1928 ж. т.)				Байет — Батырбай Тоқтабай Жолшора Ақбіте Маншап
					Байторы

<sup>1</sup> Асыл ұрпағын (Әжіке, Кеней, Төке, Төлеміс) ел арасында «Төрт асыл» атандырған.

<sup>2</sup> Төлеміс ұрпағын «Алты ата Төлеміс» атандырған.



## Ысты



<sup>1</sup> Аңыз бойынша Ысты ішіне сырған келген алты татар жігітінің бірі — Ақмолда Қоңырдың қыз алып, Тіліске сіңірген, ал қалған бесеуі Бұрылдай өлгінің бойына орнығып «Қызырай-Бестерек» атанып, Ысты ішіне сіңіп кеткен деседі.

## ОШАҚТЫ

Байлы (Байназар)	Қоңыр (Қойназар)	Ағалық (Бекназар)	Тасжүрек <sup>1</sup> (Ақназар)
Сүзік (Созақ)	Шуылдақ	Орақ	Жалмәмбет
Байсары	Алданар	—	—
Қасқа	Жамантымақ	Торғауыл	Берді
Қабыл	Түлкіші	Қарсақ	Сүгір
—	—	—	Төбет
Қосберді	—	—	Тас
Есенгүл	—	—	—
Есберді	—	—	—

Қосақ Солақай Сейіт Тоқтыауыл Қарамаң Келмембет Бөлек Тас Тілеу Қайқы Таз Кенже

Мүсірәлі Есенәлі Ауызек


Бекен

Панг<sup>2</sup>

<sup>1</sup> М. Тынышбаев деректері бойынша, Тасжүрек румын шыққан Саңырық батыр 1725 жылы Торғай өңіріндегі Бұланты, Бөленгі өзендерінің бойында «Қалмақ қырғаны» деген жерде қалмақтарға соққы беріп, оларды оңтүстікке қуып, Қарасиыр деген жерде тағы да ойсырата жеңген.

<sup>2</sup> Панг батыр Кенесары Қасымов қозғалысына белсене араласқан (М. Тынышбаев).

ЖАЛАЙЫР



¹ Шанғазиев Нұрғазы шежіресіндегі аңыз бойынша Бірманак бір соғыста қолға түсіп, сонда қалып қояды да, үйленіп Қосай, Қосымбет сынды ұлдар көреді. Өлерінде ұлдарына отарақ таңбалы едеріңді табыңдар деп өсиет етеді. Олар келіп елін тапқанда Қосайды Андас алады да «шүлік» атандырса керек, ал Арық-Қосымбетті Байшегір алып, ол «Арық» атанды. Қосымбеттің қызынан Тыным туады да, Қосымбетте тәрбиеленеді. Келешекте Қосымбет (Арық) пен Тыным ұрпақтары — Арықтаным аталады.

² Тоқымбет өулегінен атақты ақын — Бақтыбай Жолбарысұлы (1835—1903) шыққан.

³ Өулие атаған Ескеңді би Қаратал өзенінің оң жағында Көксу өзенінің құйылысында жерленген.

## ЖАЛАЙЫР


Сырманак		Шуманак		Бірманак			
Андас <sup>1</sup>	Күшүк (Косай)	Мыраа	Карашапан	Орақты	Ақбұйым	Қалпе	Сыпатай
Қырғыз	Қалқа Дүйсәмбай	Актолымбет	Қаратолымбет	Куттық	Байқара	Жұман	Мендібай Алқұлы Кенже
Қайдауыл	Дербісәлі	Қошқар Төлек Шүрек	Аңқау абыз	Қарақұс	Андабай	Әйтүмбет	Арқар Құлжа
Түрке	Балпық би <sup>2</sup>	Төлсебай	Лаулық абыз	Саттар	Таңат	Жомарт	Бөрте
Саурық	Салпық	Құлболды	Сәмен			Шәкі	
Аспия	Білдебай		Есімбек			Шүкі	
Сайбақ	Кешубай	Тәймөңке	Төттібай батыр				
		Кембала, Ералы	Түйтө				
		Көбес, Байтас	Қаңтарбай				
		Айдар, Байыс	Қарымбай би				
		Бектас, Тоқтауыл	Назарбай				
		Жантас, Тоқтамыс	Керімқұл				
		Бейбіт, Қылыш	Керімқұл				
		Бекқалы, Қарамырза	(1925 жылы 65 жаста)				

<sup>1</sup> Алқа бойынша Андас өте қайырымды бай адам болған да алты әйелден көптеген ұрпақ өсірген, сонымен бірге бөтен елдің жетім-жесірін балуарын ұярып, олардың көпшілігі Андас атымен кеткен Шөкіре дерентері бойынша 1-әйелінен — Қош-Байқара, Қар, Шүрек, Төлек, 2-әйелінен — Қалқа, Қырығ; 3-әйелінен — Мендібай, Кенже, 4-әйелінен — Жұман; 5-әйелінен — Шәкі, Шүкі, 6-әйелінен — Алқұла туалды.

<sup>2</sup> Балпық би өзіне атаған, Қаратай өзінің сол жағында, Ескелді би мазарының қарсысына жерлеген.




## ЖАЛАЙЫР




<sup>1</sup> Мырза ұрпағын халық «үш мырза» атадырған.

Жұмыр — Қалжатай — Нұрлыбай — Қожахмет (мәлімет беруші, 1899 ж. т.)



## СІРГЕЛІ (Манат)



<sup>1</sup> Айтбозым, Жайдақ, Ақкеңірдек, Қаракеңірдек рулары Ташкент маңында тұрады.


<sup>2</sup> Ақсирақ, Қарасирақ рулары Оңтүстік Қазақстан облысының Қаратағ ауылында тұрады.



## ҚАҢЛЫ

Қара қаңлы Қызыл қаңлы<sup>1</sup> Ақ қаңлы

Сары қаңлы

<sup>1</sup> Қызыл қаңлы шежіре деректері бойынша Сырдағы Сары қаңлының Телқожа руынан да шыққан деседі

Жетісудың Қара қаңдысы

Сыр бойынғың Қара қаңдысы

Тоғызбай  
Ошбай  
Торанбай  
Бақа  
Қара  
Бадырақ

Қозықожа  
Қонаққожа  
(Қызыл-қаңды)

Тоғанай  
Теңіз  
Мәмбет

Алпыс  
Бадырақ  
Құмырсқа

Тоқтағұл  
Самғрат  
Жәркей

Ерзеке  
Қоспан  
Еңке

Танта  
Оразымбет  
Бақа

Қыдырма  
Тура

Аран  
Жапдәулет  
Құлжан

Бөсеры  
Қарадоқ  
Өтетеңіз  
Елубай  
Сырлыбай  
Садақ  
Дәулетей  
Бейдек  
Құмай

Бәубек  
Балапан  
Қошақ  
Ыстыбай  
Рақым


Тазаеңке  
Қотыреңке


Құрманбай  
Құрманәлі  
Лепесбай  
Табылды  
Аманжол  
Шелек

Шыңту  
Аюке

Көпесбай  
Нүсіп

Нұрыш (мәлімет  
беруші, 1905 ж. т.)





## ШАНЫШҚЫЛЫ\*

Айрылмас	Дарқан	Бектау				Саңырау	
Құлтума	Балық	Күршік				Көкмойын	
Еңкеш	Торқыс	Үкібай	Дәулет	Араншы	Мықтай	Ағанай	Сәрке
Оршақ	Балта	Қармыс	Керік	Әжіке	Беймен <sup>2</sup>	Боқа	Бақа (Құрбақа)
Шотым	Сұрым	Қырықсадақ	Ақкерей	Қыят	Бесауыл	Жауынбай	Жаңбыршы
	Қарақалпақ	Қанай	Жиекбай	Құдайқұл	Көшек	Малай	Жауқашты
							Бесбай
							Жаптеке
							Жаулы
							Елеукер
							Жұдырық
							Қаратұқым
							Тоқымбай
							Қаламыш

\* Қоғамнан үш ұл тарапды: Қанды, Шанышқылы, Қатаған.

<sup>2</sup> Беймен ұрпағы «Бесауыл» атанса керек.

МАРАТ МҰҚАНОВ.  
тарих ғылымының докторы.  
профессор

---

ОРТА  
ЖҮЗДІҢ  
ШЕЖІРЕСІ

Орта жүз бірлестігін қалыптастырудағы Аргын тайпасының ықпалы мен орны өзгеше болатын. Сондықтан да халық Орта жүз қазақтарын «Орта жүз — аргын» атандырған. Оның құрамына — аргын, найман, уақ, керей, қыпшақ және қоңырат тайпалары енеді.

*(18-19-беттер)*

## І т а р а у

### ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ РУЛЫҚ-ТАЙПАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

XVIII ғасыр мен XX ғасырдың бас кезі аралығындағы тарихи кезеңнің қазақ халқы өмірінде одан бұрынғы ғасырлар мен кейінгі даму кезеңдерінен айтарлықтай ерекшеліктері болды.

Солардың бірі де бірегейі — қазақ халқын әйгілі «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» ұрындырған жоңғар шапқыншылығы. Ал оның сыртқы агрессияға қарсы жалпыхалықтық күреске әкеп соқтырғаны мәлім.

Бұл шапқыншылық қазақ тайпаларының батысқа қарай ығысып, Орта жүз қазақтарының жаз жайлауы, қыс қыстауынан уақытша айырылуына мәжбүр етті. Бірақ кейін басқыншыларға қарсы күрес қазақ тайпаларының шығыстағы байырғы мекеніне қайтып оралуына және Жоңғар хандығын геноцидтік қырғынмен мүлде құртып жіберіп, соңы қазақ жерлеріне өңмендей енген циндік Қытаймен жанасуына ұласты.

Осынау тарихи кезеңнің тағы бір ерекшелігі — қазақ хандықтары мен Ресей арасындағы байланыстардың кедерісі, қазақ жерінің солтүстік және шығыс шет аймақтарын бойлай казак бекіністерінің құрылуы, өздерінің жоңғарлар мен орыс империясының ортасында қыспақта қалып, соның нәтижесі ретінде қазақ жүздерінің Ресей бодандығына енуі болды.

Елдің әлеуметтік-экономикалық өмірінде де бірқатар өзгерістер орын алды. Жоңғарларды талқандағаннан кейін тайпалар өздерінің ежелгі мекеніне жай ғана оралып қойған жоқ, сонымен қатар ата қоныста уақытша бос жатқан жайылымдарды жайлап немесе бұрыннан орнығып қалған руларды ығыстырып отырды.



Жердің, жайылымның тарылуы тіршілік етудің жаңа көздерін іздестіруге — шөп шабуға, егіншілікпен және қолөнермен айналысуға итермеледі.

Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында да елеулі өзгерістер орын алды: жайылым үшін күресте шағын рулар біртұтас жаңа руға бірігіп жатты (мысалы, төртұл руы — төрт ұрпақ руы) немесе неғұрлым ірі де азулы руды паналап, өз көршілерімен жер дауы, жесір дауы дегендей талас-тартыстар кезінде солардың атынан іс-қимыл жасады.

Бұл арада қазақ әлеуметінің әлді, әулетті, үстем тобы да байырғы қуат-күшімен қала алған жоқ: хан билігі әлсіреп, беделі төмендеді, оның ақыры хандық жүйе жойылуымен аяқталды. Есесіне сұлтандар билігі күшейе түсті, бұрын «ақсүйек», «төре» аталып келген Шыңғыс ұрпақтары ғана қалың елдің төбесінеп жалғыз қарап келсе, енді олардың қатарына «қарадан» шыққан билер мен батырлар, беделді байлар да қосылды.

Этникалық құбылыс қазақтардың рулық-тайпалық құрылымында да өзгерістер туғызды. Әлеуметтік (ауылдық) қауымдар мен рулардың бөлінуі «жаңа рулардың», сонымен қатар жаңа туыстық жіктердің қалыптасуына алып келді.

Қазақтардың рулық-тайпалық құрылымына талдау жасаудың бір мәні сонда, ол — қазақ шежіресінің маңызды тарихи деректемесі екенін де көрсетеді. Мәселен, әр түрлі таксономиялық жіктерді зерделей келіп, белгілі бір рудың өмір сүрген уақыты мен ата қонысын, рулар арасындағы өзара қатынастарды анықтау үшін; сондай-ақ қазақ қоғамындағы туыстық байланыс мәселелері мен соған байланысты аталық әулеттердің тарау, тармақталу құбылыстарын және тұтастай алғанда революцияға дейін үстем болып келген патриархалдық-феодалдық қатынастардың мәнін ашу үшін рулық-тайпалық құрылымдарды зерттеудің ғылым үшін орасан зор пайдасы бар.

XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың басы — тайпалардың экономикалық, саяси және қорғаныс жағдайларының әсерінен туындаған ұлы көші мен жаңа жерлерге қоныс тепкен уақыты, мәдениет саласында жалпыхалықтық және аймақтық рухани қазыналардың жасалған кезеңі.

Жоғарыда қарастырылған жайлардың бәрі этникалық процестің мәні болып табылады, біз енді соның әр түрлі қырларын ашуға көшеміз.

## 1. Орта жүздің этникалық құрамы

Орта жүз — Арғын, Найман, Керей, Уақ, Қоңырат, Қыпшақ аталатын алты тайпаның бірлестігі.

Орта жүз қазақтарының рулық-тайпалық құрамы туралы құнды мәліметтің негізгі көздері патшалық Ресей сыртқы саясатының және кешегі КСРО Ғылым Академиясының архивтерінен ұшырасады. Республика зерттеушілері ол құжаттарды 1961 жылы баспасөз бетінде жариялаған (барлығы — 276 құжат)<sup>1</sup>; сондай-ақ тағы біршама құнды деректер Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде, бұрынғы КСРО Орталық мемлекеттік Тарих архивінде сақталған.

Бөгенбай батырдың айтуына қарағанда (1731 жылғы желтоқсан): «Қырғыз-қайсақ ордасы үш бөліктен, атап айтқанда: Ұлы жүзден, Орта жүзден, Кіші жүзден (Үлкен орда, Орта орда, Кіші орда) тұрады... Және де олардың бәрі көшпенді ордалар, егін екпейді, малды кәсіп тұтады».

Орта жүз қазақтарының рулық-тайпалық құрамының толық сипаттамасын алғашқылардың бірі болып 1748 жылғы қыркүйекте Сыртқы істер алқасының тілмәші (болашақ генерал-майор) А. И. Тевкелев қағазға түсірген. Алайда, оның жазбаларында ру, тайпа атауларының бұрмалануымен қатар, рулардың таксономиялық жігі де барлық ретте бірдей сақтала бермегенін ескерте кеткен жөн. Ал таксономиялық көріністің өзі рулық құрылым жасалған кезде ғана емес, сонымен қатар қазақтар өмірінің белгілі бір тарихи кезеңіне тән ұрпақтар жігін ажырату үшін де маңызды болып табылады. Осыған қарамастан А. И. Тевкелев мәліметтері ғылым үшін аса қажет, өйткені олар XIX ғасырдағы әдеби басылымдар деректерімен және біздің заманымыздағы этнографиялық экспедициялардың ел ішінен жинаған материалдарымен салыстыру үшін аса құнды.

«Орта ордада, — деп жазған А. И. Тевкелев, — күшті ру — Арғын. Ол он алты рудан тұрады, атап айтқанда: Қаракесек арғын, Сарыжетім шақшақ арғын, Қарақол қысық арғын, Атаған арғын, Тобықты арғын, Бәсентиін арғын, Қапжығалы қарауыл арғын, Шаншар арғын, Төрт ауыл арғын, Алтай арғын, Төбелі арғын, Бөргі арғын, Қаршық арғын, Ағын қалқаман арғын, Қозыған арғын,

<sup>1</sup> XVI—XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары (Құжаттар мен материалдар жинағы). А., 1961.

Көкшал арғын. Бұл рулардың билеушілері — Барақ сұлтан мен Абылай сұлтан.

Ал Орта ордадағы он бір рудан тұратын Найман — Арғын руына қарағанда шағындау, атап айтқанда олар: Ақ найман, Бура найман, Болатшы найман, Қаракерей найман, Терістаңбалы найман, Төрт ауыл найман, Көкжарлы найман, Іргеншілі (Ергенекті — *ред.*) найман, Семіз найман, Бағаналы найман, Садыр найман. Бұл рулардың билеушісі — Қарасақал, соңғы жылдары оның ықпалы уақыт өткен сайын әлсіреп барады.

Орта ордада Қыпшақ тоғыз рудан тұрады, бірақ Найман тайпасымен салыстырғанда шағындау, атап айтқанда олар: Торымайғыр қыпшақ, Көкбөрі қыпшақ, Түйшіке қыпшақ, Көлденең қыпшақ, Ұзын қыпшақ т. б. Бұл рулардың жеке дара билеушісі жоқ.

Кіші ордадағы жеті ру сияқты, Орта ордадағы Уақ-Керей бірлестігіне де Тәуке хан үш руды топтастырған, өйткені бұл рулар Орта ордада барлық рулардан әлсіз болса да, олар бәрінен де бай, дәулетті болған, ол бірлестікті құраған рулар: Уақ, Керей, Тарақты. Бұл үш рудың билеушісі — Әбілқайыр ханның ұлы Ерәлі (Ералы) сұлтан, ол кезінде аманатқа алынған; жоғарыда аталған әлгі рулық бірлестікке Төлеңгіт деп аталатын бір ру өз еркімен қосылған, ал төлеңгіт дегеніміз — «хан сарайының қызметшілері».

Бұдан әрі А. И. Тевкелев былай деп жазады: «Үлкен ордадағы өте қуатты рулардың бірі — Қоңырат. Бұл ру да Орта ордаға жатады, бірақ олардың Орта ордамен байланысы біраз уақыттан бері үзіліп қалған және Үлкен ордамен бірге көшіп-қонып жүреді. Ал бұл Қоңырат тоғыз руға бөлінеді, атап айтқанда олар: Байлар жандар қоңырат, Оразгелді қоңырат, Қаракісі қоңырат, Жетімдер қоңырат, Құйысқансыз қоңырат т. б.»<sup>1</sup>.

Көріп отырғанымыздай, А. И. Тевкелев өз жазбаларында Орта жүздің барлық алты руы ретінде (дұрысырақ айтқанда, тайпаларын — М. М.): Арғын, Найман, Керей, Уақ, Қоңырат, Қыпшақ руларын атап өтеді. Бірақ жоғарыда келтірілген біраз рудың, соның ішінде Қарауыл, Атығай, Қарпық және т. б. рулардың атын бұрмалап көрсеткен.

А. И. Тевкелевтің мәліметтерінде арғын — Мейрамсопы және Момын деген екі ірі тармақтан тұрады. Қаракесек руы Мейрамсопыдан тарайды, ал Момын тармағы: Шақ-

<sup>1</sup> XVI—XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары..., 407—408-б.

шақ, Атығай, Қарауыл, Бәсентіін, Қанжығалы<sup>1</sup> руларын біріктіреді. Бәсентіін және Шақшақ руларын қоспағанда, жоғарыда келтірілген барлық рулардың таксономиялық жігі бірдей, яғни бір-біріне ағайынды, немерелес болып келеді. Алтай, Төртүл (төртуыл), Қаршық т. б. руларға келетін болсақ, олардың таксономиялық жігі Мейрамсопы мен Момыннан тарайтын жоғарыда аталған рулардан төменірек. Мұндай әр түрлі ұрпақтар жігін анықтау рулық құрылымдар өзгерістерін қарастырған кезде маңызды, өйткені рудың бөлінуі одан жаңа рулардың туындауына және өсіп-өнуіне алып келеді, сөйтіп адамның қай руға жататындығы ендігі жерде оның жаңа руға қатынасымен, демек, осы ру мекендейтін аумақта өз жайылымын қорғау құқығымен анықталады.

А. И. Тевкелев келтірген басқа тайпалардың рулық бөлінісінде де нақ осындай көрініс байқалады. Сонымен қатар ол Қоңырат руын Орта жүзден бөлінің, Үлкен орданың тайпаларымен бірге көшіп-қонып жүрген ру ретінде (дәлірегінде, тайпа — М. М.) көрсетеді.

А. И. Тевкелев тайпалар арасына олардың санына қарай өзінше бір шек қояды. Мәселен, ол руларға «күшті ру Арғын», «Найман — Арғын руына қарағанда шағындау», «Қыпшақ... Найман алдында әлсіз», «Керей, Уақ, Тарақты — барлық рулардан әлсіз», «күшті ру Қоңырат» деген сипаттама береді. Бұлайша «сатылау» біздіңше, тайпалардың өзара сандық қатынастарына сәйкес алынса керек.

Кезінде XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақтардың рулық-тайпалық құрылымы туралы, соның ішінде Орта жүзге қатысты неғұрлым толық түсінік беретін бірқатар құнды еңбектер жарық көрді.

Осы құнды еңбектерге зор мән бере отырып, біз 1956—1989 жылдардағы этнографиялық экспедициялар<sup>2</sup> жинаған мәліметтерге көп сүйенеміз. Өйткені маңызды деректемелердің бірі этнографиялық материал болып табылады. Бізге ол не береді? Біріншіден, сол кездердегі қазақтар-

<sup>1</sup> Терминдерді анықтау үшін 1-кестені қараңыз.

<sup>2</sup> Мына этнографиялық экспедициялардың ел ішінен жинаған материалдары: 1956 жылғы Ақтөбе-Қостанай (бұдан әрі: А.-Қост. ЭЭ — 1956), 1957 жылғы Ақмола-Көкшетау (А — Қ. ЭЭ — 1957, 1—2-дәптер), 1980 жылғы Көкшетау-Павлодар (К — П. ЭЭ — 1980), 1982 жылғы Орталық Қазақстан (О — Қ. ЭЭ — 1982), 1987 жылғы Шығыс Қазақстан (Ш-Қ. ЭЭ — 1987), 1988 жылғы Ақмола-Көкшетау (А.-К. ЭЭ — 1988), 1989 жылғы Оңтүстік Қазақстан (О-Қ. ЭЭ — 1989).

дың этникалық атауларының түп-тамыры мен идеологиясын ашып көрсетеді; екіншіден, мүмкін болған жерінде әулеттердің, қауымдардың бөлініп шығу және бастапқы рулардан кейінгі рулардың өсіп-өрбу процестерін айқындайды; төртіншіден, рулық-тайпалық құрылымдағы әр түрлі таксономиялық жігін көрсетеді; бесіншіден... тағы сол сияқтылар.

Өзіміз жинаған қазақ шежірелерін революцияға дейінгі басылымдармен салыстырғанда, этнографиялық экспедициялар жинаған қазақ шежірелері тарихи жағынан әлдеқайда құнды деген қорытындыға келуге болады. Әдеби деректер мен біз жинаған шежірелер арасында өзіндік айырмашылықтар да бар, кейбір құнды шежірелер қазақтардың рулық-тайпалық құрылымының неғұрлым толық көрінісін береді.

Алайда, қазақтың әрбір рулық тегінен аңызға айналған генеалогия мен рулық-тайпалық құрылымының кейінгі кездегі таксономиялық жігін айыра білу керек. Егер аңыз-генеалогия мифологиялық сипатта болса, неғұрлым кейінгі таксономиялық жіктеріндегі тарихи тұлғаларды, сонымен қатар рудың (оның аталары мен әулеттерінің) өмір сүрген кезеңін дәл анықтап, этнонимдердің шығу тегін айқындауға болады. Яғни бұл құрылымдарда тарихи жағынан нақтылық бар.

Рулық-тайпалық құрылымның жоғары буындарындағы аңыз генеалогияның мифологиялық сипатта екенін мойындаумен қатар, солар жөнінде бірер ауыз сөз айта кету орынды. Себебі, олар тарихтың белгілі бір кезеңіндегі халықтың идеологиясын сипаттайды және ең бастысы — қазақ халқының этникалық сана-сезімін, біртұтас түп-тамырын (мифологиялық тұрғыдан болса да) бейнелейді. Этнографияға қатысты нәрсенің бәрі, соның ішінде аңыз-генеалогия да ой елегінен өткізіліп, зерттелуге тиіс, өйткені халықтың дүниеге көзқарасы этнос сипаттамаларының бірі болып табылады.

Әдетте, халық есінде сақталған тарихи тұлғалар, ауыздан ауызға көшкен сайып аңызға айналып, атақ-абырой

аспандап, ел атасы дәрежесіне дейін көтерілетіні бар. Мысалы Алаша хан хақындағы аңыздарды еске алып көріңіз...

Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди» деген еңбегінде (XVI ғ.) шағатай ұрпағы, Жүніс ханның ұлы Сұлтан Ахмет хан туралы аса құнды тарихи мәліметтер келтірілген, оның «Алаша хан» деп атану себебі айтылған. Монғолша «алашы» — «өлтіруші» деген сөз, тұтас аударғанда «өлтіруші хан» болып шығады. Бұл есімін Сұлтан Ахмет хан Орта Азияда, Моғолстанда үздіксіз соғыс жүргізгені үшін алған.

Бір аңыз бойынша Алаша хан түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың да арғы атасы саналады. Қазақ оның төртінші ұрпағы болып есептеледі. Ал енді бір аңызда Алаша хан қазақтың үш жүзінің негізін қалаған, оны үш жүз адам ақ киізге хан етіп көтерген.

Бұл аңыздармен қатар: сұлтан Ахмет «Алаша хан» атауын өзін хан етіп көтерген алашаға қатысты деп түсіндіретін көзқарас та жоқ емес. Қазақтардың шығу тегі, оның үш жүзге бөлінуі туралы өзге де аңыздар бар, төменде солардың біреуін ғана келтіреміз. Аңыз бойынша Ұлы жүз Ақарыстан тараған. Ал Орта жүз бен Кіші жүздің шығу тегі жөнінде қазақ шежірелері әр түрлі түсіндіреді. Біз жинаған далалық материалдарға қарағанда Орта жүздің арғы тегі — Жанарыс та, Кіші жүздің арғы тегі — Бекарыс. Қазақтар «арыс» деген сөзді тайпалық бөліністің ең жоғары сатысы — тайпаның шығу тегі деген ұғымда қолданады.


## АРҒЫН

Орта жүздің Арғын тайпасы ірі-ірі екі рулық бірлестіктен: Мейрам және Момын бірлестіктерінен тұрады. Арғын тайпасының таңбасы ○○, ұраны — «Ақжол».

Жалпы, осы кітапта шежіре-кестелердің бір-бір нұсқасы, үлгісі ғана келтіріліп отыр. Сондықтан да шежіре-кестелерді ақиқат үлгі деп қабылдамай, оларды көп үлгінің бірі ретінде салыстыру қажет.


АРҒЫН ТАЙПАСЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ<sup>1</sup> (МЕЙРАМСОПЫ)

АРҒЫН




<sup>1</sup> Кесте мына этнографиялық экспедициялар жинаған материалдар бойынша жасалған: Ақтөбе — Қостанай этнографиялық экспедициясы, 1956 жыл; Алматы — Қөкшетау этнографиялық экспедициясы, 1957 жыл; Қоңшетау — Павлодар этнографиялық экспедициясы, 1980 жыл; Шығыс Қазақстан этнографиялық экспедициясы, 1987 жыл; Алматы — Қоңшетау этнографиялық экспедициясы, 1988 жыл. Сонымен қатар Х. Аргынбаевтың (Айдабол руына қосымша), Мұсафар Әлімбаевтың (Қансал руына қосымша) мәліметтері пайдаланылған.


<sup>2</sup> Құтан (Қолан) тарихи тұлға (1370 жылы туып, 90 жыл өмір сүрген). Керей және Жәнібек сұлтандардың Әбілқайыр ханға қарсы күресінде сұлтандар жағында болған.




<sup>1</sup> Шежірелік аңыздардың көп нұсқасы болып келетіні сияқты, тарақты рум туралы да айтылатын аңыздардың бірінде Қара деген кісінің туығышы Аргын болса, кенжесі Тарақты еді дейді. Қара хайтыс болған соң Тарақты үлкен ағасы Аргынның қолында өседі. Шежірелік аңыз бойынша Тарақтының Орта жүзге нұқтағасы болуы үлкен шаңырақтың ата дәстүрі мен кенже баласында қалуынан деп түсіндіріледі. Сөз орайында үш жүздің нолсага рулары — Ұлы жүзде жалдайырдың, Орта жүзде баласында қалуынан деп түсіндіріледі. «Тарақ» таңба екенін айта кетуге болады. Демек, таңба ата жүзде тарақтының, Кіші жүзде табының таңбалары бірдей. «Тарақ» таңба екенін айта кетуге болады. Демек, таңба аталуы ру атауына негіз болған деуден гөрі, рулық құрылымның қоғамдық-әдеуметтік орнына орай таңбаның кейін орнығуы мүмкін десе қисынға келеді.



<sup>1</sup> Қалдыбай — Кеңесары Қасымовтың замандасы













## 1) Қаржас







## б) АЙДАБОЛ

Малқозы	Жанқозы	Қарақозы	Аққозы	Бозқозы	Тайкелтір	Көшетер	Қожагелді		
Лабақ	Төлебай	Сары	Қосқулақ	Еламан Олжабай батыр					
Момыт	Кесте	Ботпай Шымыр (барлығы 7 ұл)							
		Құдайберді							
		Есжан							
		Әбдірахман							
		Әбусәпиян (мәлімет беруші, 1900 ж. туған).							
Едіге	Еламан Елқелді						Малқелді	Жолан	
Қиғара	Шоң би <sup>1</sup>	Сарман	Торайғыр <sup>2</sup>	Қосдәулет					
Жәуке	Көрпелбай	Төлебай	Тұрсынбай	Шонты	Атан	Ботан	Нуралы	Жауқашар	Бақпай
	Бәжіл	Ботпай	Қызыр	Қылжырбай	Тасыбет	Шоқыбай	Бөтенсал		
		Махмет Қазыхан Өмірхан Мөнен							

<sup>1</sup> Шон би — XIX ғасырдың орта шеніндегі белгілі би (маам, шешен).<sup>2</sup> Баллауыл өңіріндегі көп соғың күрметіне аталған. Торайғыр — қазақ әдебиетінің классигі Сұлтанмахмұт Торайғырдың (1893—1920) атасы, олажалдан ата қонысы осы келдің жағасына жерленген.

### III. БЕГЕНДІК

а) Қозған ә) Тәдірберді б) Сарық

### IV. ШЕГЕНДІК

1) Қақсал

а) Қоңыр

Берібай

Қарамырза

Жанұзақ

ә) Жалба

Ожан

Сәңкібай

Жұман

2) Сары

Әлімбай (XX ғ. басында қайтыс болған) Сәлімбай

Айтмағамбет (1870—1932)

Қолабай

Мұхаметжан

Ахметжан


Зүфар Мұзафар — жазушы, мәлімет беруші,  
1923 ж. туған.

Баламер

II Сүйіндік		V. ҚАРАКЕСЕК	
Шуманақ	1) Қамбар 2) Майқы 3) Бошан 4) Тацас		
Айдабол	а) Жанғолы ә) Таз б) Байбөрі в) Машай г) Манат д) Жалықбас		
Мәуен	Наманбай Бұлбұл	Бөйімбет Керней Сәлем	Кәрсон Құяс Тоғай
Иманали (мәлімет беруші, 1963 ж. туған).	Күшік Шаншар Өсен	Құдайберді	Алдияр
Бөйбішесі Айбекеден:		Кіші әйелі Нұрбикеден:	
Алысай	Жәнібек Тыныбек	Келдібек	Асырбек Тұрлыбек Бергіс Тілеуке
		Қазыбек <sup>1</sup>	Бектемір Мәшене
Айт	1) Қамбар		
Олжас	Толыбай	Шана	Сарман Тілеу
			Қазанғап Битен Шитен
			Төттімбет <sup>2</sup>

<sup>1</sup> XIX ғасырдағы атақты би — «Қаз дауысты Қазыбек».<sup>2</sup> Қазақтың музыка мәдениетінің классигі, күйші-композитор.


## 3) БОШАН




<sup>1</sup> Ағасы қайтыс болғаннан кейін Байбөрі оның жесірін өйелдікке алған. Содан Көшім туған.  
<sup>2</sup> Шөптеміс — Байбөрінің Алдабег руына ұзатылған қызынан туған бала. Қызы қайтыс болғаннан кейін Шөптемісті Байбөрі бауырына басқан.

## V. ҚАРАКЕСЕГ

## 2) МАЙҚЫ



## 4) ТАҢАС




<sup>1</sup> Жидебай — XVIII ғасырдың аяғында дүниеге келген. Өлтеке руының қадірлі азаматы болған. Бала таныған әйелдер бала көтеру үшін оның бейітіне түнеген. Дос ұрпағы Жидебайдың есімін құрмет тұтып, өзара сертескенде оның атымен ату беріскен.

<sup>2</sup> Батырдың ұрпағы «Шор» (Ірі, күшті) аталып кеткен. Бұл рудан тараған ұрпақ: «Қара шормыл, құдайдан да зормыл» дейтін болған.

<sup>3</sup> Баты қызының жетім қалған балаларын қолына алған.

АРҒЫН (Жетімоын) ТАПНАСЫШЫҢ ШЕЖІРЕСІ  
АРҒЫН

екінші әйелі Момышпан			
2) Ақсопы	Б) Қарасопы	В) Сарысопы	Г) Откірсопы
VI) ҚАНЖЫҒАЛЫ VII) Тобықты VIII) Қарауыл		IX) Ағытай	
		X) Басентінін	XI) Шақшақ
1) Есен	2) Абыз 3) Шомық 4) Құдияр 5) Қара 6) Амандық 7) Сары	8) Қарабужыр 9) Қаратілес	
Осы 9-м бірігіп Сары Әжібай немесе Әжібай деп аталады			
а) Қарамыс ә) Қамбар б) Жапар			
Шағалақ	Бәйімбет	Тілеулі	Күділберді
Мәмбет	Өлібек	Сары	Досқана
Өтеміс	Баспан	Дәуім	Әлдеуім
	Дәуітбай	Жаңбыршы	Қошқар
Арыстанбай	Ақша		
Дос	Бегенбай	батыр	Базартай
Келібай	Таймасар		Жеңкүл
Жарылқап			



VII. ТОВЫҚТЫ<sup>1</sup>1 Рыспетек — 2) Дәулетек (Жуантаяқ<sup>2</sup>)а) Мұсабай<sup>3</sup> ә) Көкше б) ДаданТөлінқожа<sup>4</sup> СүйірбасӘліп<sup>5</sup> Қожаберген Сары

бәйбішеден: Қоңырбікеден:

Мәмбетей Умбетей

Мәмбетсопы Кішік (Күшік)

бәйбішеден: кіші әйелінен:

Санмұрыл Бәйімбет Әнет<sup>6</sup> Әйтек


Бақай

бәйбішеден: кіші әйелден:

Олжай

Байбөрі (Бөке) Қалқаман<sup>7</sup><sup>1</sup> Шежіре мына кітап бойынша жазылған С. Мұқанов. Жарқын жұлдыздар. Алматы, 1964, 162—165-б.<sup>2</sup> Дәулетек ұршыпша әрі төбелесқұмар болған. Бір тойда дау тұғызып, қарсыластарынан жуан таяқпен ұрып құтылыпты. Оның даққан аты осы оқиғадан тараған<sup>3</sup> Мұсабай Өз-Жөнбек ханның нәрікті білі болған (XV ғасырдың аяғы)<sup>4</sup> Төлінқожа жасқаншақ, орында жерінде сөз айта алмайтын, мыңжық адам болған. Сондықтан ол «жамаан», ал оның ұрпағы «жамаан тобықты» деп атаушы кетісіні<sup>5</sup> Аргынның бағыры Әлі Есім ханның Ташкент әміршісі Тұрсын ханға қарсы жорығына қатысқан, ол жорық Тұрсын ханның өлуімен аяқталған (1627 жыл) Әлі бағыр Тұрсын ханның қызы Қоңырбікені Інісі Сарыға қосқан.<sup>6</sup> Әнет баба — тобықтының нәрікті білі, аса дағты жұт болған, яғни бабалардың жоңғарларға қарсы күрес жүргізген 1723 жылғы 97 жасында қайтыс болған Жоңғарларға қарсы күресте оның алты ұлының бірі қаза тапқан. Солар қаза тапқаннан кейін жесірлерінің біреуі Ул тауыл, оны Бақай деп атаған.<sup>7</sup> Шөнершінің атақты «Қалқаман-Мамыр» даслауының кейіпкері





<sup>1</sup> Кеңгірбай би өз балаларынан үміт күтпей, бүкіл билікті Өскенбайға берген, оның әділ билігімен атағы шыққан. Мынадай мәтел сақталған: «Ісін адал болса, Өскенбайға бар, арам болса, Өскенбайға бар, арам болса, Ералыға (Кеңгірбайдың баласы) бар». Өскенбай 1850 жылы 72 жасында қайтыс болған.

<sup>2</sup> Улы ақын, офицер Абай Құнанбай. Құнанбайдың төрт әйелі болған. Абайдың андасы Ұлжан қаранесек руынан. Құнанбайдың бейбітшесі Күңке (найман Ағанас бауырдың қызы) Шөкерімнің әкесі Құдайбердінің (1829—1866) анасы.

## VIII. ҚАРАУЫЛ

1) Мәшек 2) Ақкісі 3) Бөлекей

ә) Қурманқожа

а) Құланшы

Есенбай Қараша Ананай Қоңырша

Амалдық Байшошқар Ылықбөк

Құттымбет Тілеуімбет

Малай Қанай Аю Бөкей

Бақы

Жаубасар

Еламан Елтоқ Айтбай Торғай

Тілеу Қарашес Қарамырза

Өтес Өтен

Ғабдолла

Мәлік

Артықжауар Бойынтық Сары


Қожагелді

Қайдауыл Қосай Белнат Жанболат

Қоңырағ Найман Жавазар Қалқұтты

Мырзағай Тұрымтай Күйкентай Жағалтай

Мәлік Ғабдуллин (1915—1973)— Кеңес Одағының Батыры, КСРО Педагогика Ғылым академиясының академигі, филология ғылымының докторы, профессор.



<sup>1</sup> Бекболат — Абылайды хан көтерген құрылтайға (1771) қатысқан би.

## VIII. ҚАРАУЫЛ

1) Мәшек	2) Ақкісі	3) Бөлекей					
Құлымбет							
ә) Тоқтауыл							
а) Бектауыл		б) Тұнғатар					
Сарғалдақ	Түрікпен	Жасқамыс	Орақ	Көшек	Ноғай	Кунсары	
Аман	Қарсақ	Сайыс	Саспақ	Есенгелді	Жиепбек	Қалақ	Малбақты
Алты ата ноғай Қарауыл							
Тарағай	Жайылған	Мұсақұл					
Майлыбай	Кендәулет	Байкелтір					
Қойлыбай	Шындәулет	Молақ					
Барақбай	Байдәулет						
Сарымай	Маман						
Егінші	Долбы						
Бұрау							
Маралбай							
Киікбай							
Құдас							



## Дәуіт (Атығай)

## 2) Тоғым

6) Бөйімбет 7) Қадыр 8) Құлансу 9) Майлы 10) Балта 11) Бабасан 12) Есентаңдық

в) Есенбай г) Сақболат д) Құдайқұл а) Соғыр

Қадырберді Қадыр Сады Елтоқ Қоқы Қарамолте Кене


Төлек

Жанұзақ Баубек Қабанбай Айтөк Байтоқ Гөлеу

Өмірғай Бектібай

Бекболат Бақболат

Асылболат Темірболат Кенжеболат (мәлімет беруші,  
1912 ж. туған).



## НАЙМАН

**Наймандар** — жоғарыда айтылғандай, Орта жүздің арғындардан кейінгі саны ең көп тайпасы болды (Қазір наймандардың саны арғындардан мол — М. М.). Наймандардың жалпы таңбасы  $\nabla$ , ұраны — «Қаптағай». Сонымен қатар әр рудың өзіндік таңбасы да болған, мәселен, Бағаналыда —  $\Psi, \Upsilon, \Psi, \Upsilon, \chi$ , балталыда —  $\rho, \rho$  Қаракерейде —  $\nabla$ , Матайда —  $\nabla$ , Ергенекті найманда —  $\nabla, \circ, \text{ЭЭ}$ , Садырда —  $\sigma, \tau$ , Теріс-таңбалыда —  $\rho, \rho$ . Рулық ұрандары да әр түрлі болған. Қаракерей руында — «Қабанбай», Матайда — «Бөрібай», Садырда — «Алдияр». Олардың шежіресінде де тайпаның өз атасы Найманнан тарауы туралы аңыз-генеалогияны атап өткен жөн.

Сондай аңыздардың бірінде: қартайған Найман ақсақалдың аң аулап, құс салуға құмар Тоққан есімді жалғыз ұлы болады. Ол бірде аң аулап жүргенде қазаға ұшырап, артында Айсұлу есімді әйелі қалады. Айсұлудың есімі кейбір мәліметтерде Назбура (Ұлы жүзден шыққан Дәулетбайдың қызы), Ақсұлу деп те аталады. Бірақ барлық шежірелердің арасында ол — Қыз ене атымен кеңінен мәлім.

Баласы қаза тапқаннан кейін қарт Найман ұрпақсыз қалады. Ол үшін бұдан асқан қандай қасірет болмақ?

Қарттың қабырғасын қайыстырған қасіретті көрген Қыз ене Найманға өзінің Қарақозы деген сиңлісі қосады. Найман Қарақозыдан ұлды болып, оны Белгібай деп атайды.

Белгібай 15 жасқа толғанда Қыз ене әмеңгерлік жолымен оның әйелі болады. Сол некеден Төлегетай туып, одан: Қаракерей, Садыр, Матай, Төртүл (төртуыл) деген төрт ру ел тарайды. «Төлегетайдың төрт бөрісі» деп те атайды.



Қыз ене Белгібайға тағы бір әйел — тоқал алғызады. Бұл некеден Сүгірші туып, одан найманның үш руы: Ергенекті, Бағаналы, Балталы тарайды.

Найман қайтыс болғаннан кейін оның әйелі үй қызметшісі Елтеге тұрмысқа шығады. Ол некеден туған екі бала Төлегетайдың балаларымен сыйыспай, анасымен бірге өздерінің нағашы жұртына көшіп кетеді. Сондықтан халық арасында «тоғыз таңбалы найман» аталады, бірақ іс жүзінде (аңызға қарағанда) олар жеті ру.

Бұдан сіздер этнографиялық мәліметтер арқылы халық арасында айтылып жүрген кейбір жорамалдарды, найман руларының санын қалай анықтауға болатынын көріп отырсыздар. Бұнымен қоса, аңыз-генеалогиялар халық шығармашылығы ретінде тартымды тамаша туындылар бола отырып, кейбір құқық, салт-дәстүр мәселелерімен, матриархат дәуірінің сарқыншақтары арагідік (сіңлісін атасына қосу, нағашы жұртына көшіп кету) ұшырасып отырады.


Белгібай, Төлегетай деген есімдердің өзі де қызықты: біріншісі — Найманнан қалған белгі, ұрпақ дегенді білдірсе, екіншісі — «төлеу» деген сөзден шыққан, яғни қаза тапқан Тоққанның «төлеуі».

Төменде келтіріліп отырған рулық-тайпалық құрылым да халық арасынан, көнекөз қариялар мен шежірешілердің айтуы бойынша жиналған этнографиялық материалдарға негізделген. Бұл құрылымның жоғары буындарында, аңыздарға қарағанда, Найманнан тарайтын руларға қосымша аталар енгізілген.

Мұнда бірнеше таксономиялық жіктер бір құрылымға топтастырылған, өйткені белгілі бір рулардың (рулар бірлестігінің) шығу тегі туралы аңыз-генеалогиялардың бәрі бірдей халық жадында сақтала бермеген. Бұл арада бізге таксономиялық деңгейлердің дәйектілігі аса маңызды, мұның өзі белгілі бір адамның өмір сүрген кезеңін дәл анықтауға мүмкіндік береді, ал бұл болса, рудың өмір сүрген уақыты мен орналасу аумағын анықтауға көмектеседі.

3-кесте  
**НАЙМАН ТАПАСЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ**

НАЙМАН<sup>1</sup>




<sup>1</sup> Кесте мына этнографиялық экспедициялардың жинаған материалдары бойынша жасалған. Ақмола — Көкшетау этнографиялық экспедициясы, 1957; Шығыс Қазақстан этнографиялық экспедициясы, 1987. Ақмола — Көкшетау этнографиялық экспедициясы, 1988.

<sup>2</sup> Ақсаға қарағанда, Кетбұға жылқыға таңбаны теріс басып, ру содан аталған.

<sup>3</sup> Рудың атауы таңбасы «бақанға» ұқсас болғандықтан шыққан (айырушты түрсуші).

<sup>4</sup> Балталы атауы таңбасы «балтаны» еске түсіретіндіктен қалыптасқан.

<sup>5</sup> Шоштанның ұрпақтары мен Сүйіндіктің төрт ұлы «Бесбала» деп аталған («Бес баланың» ұрпақтары).



ә) Сарыжомарт (Ергенәкті найман) 1 б) Төлегетай

III) Көкжарлы

IV) Қаратай<sup>2</sup>

V) Бура

I. БАҒАНАЛЫ

4) Шегедік

II. БАЛТАЛЫ

а) Сарғалдақ ә) Сары (Қарабала)

1) Бегіс

2) Мәрдан

Шалтеке

Оразай

Тастемір

Қараменде

Іәбасар

Саламат

Бекболат

а) Қалыш ә) Танатар

III. КӨКЖАРЛЫ

1) Жарымбет

2) Жәрке


3) Өтей

4) Отеміс


5) Андагұл 6) Мұңайтпас

<sup>1</sup> Рудың ергенесі атауы (таңбасы) киіз үйге кірмекші болған итті жасқайтын кұралға ұқсас болғандықтан қалыптасқан  
<sup>2</sup> Аңызда былай делінген: бір жолы бәйгеде елге бейтаныс бір бала озып келеді. Жұрт бір-бірінен: «Бұл қара тайға мінген бала кім?» — деп сұрасады. Рудың ағы да осыдан шыққан. Шешіріміздердің мәліметтеріне қарағанда, Қаратай ХVIII ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген, Қызылсу деген жерде (сол аттас өзен маңына) жерлескен. Қаратайлардың шығмыс Қазақстанның жеріне қоныстануы Жарылғастың (Қаратайдың бесінші ұрпағы) тұсында аяқталған.

## IV. ҚАРАТАЙ




## б) ТӨЛЕГЕТАЙ



<sup>1</sup> Байторы мен Ерторы — Есім ханның (1598—1628) замандастары.

<sup>2</sup> Байсынық ұрпақтары «бес семіз найман» деп аталған



<sup>1</sup> Аңызда былай делінген: Жолымбет базарда саудагер өзбенің арқасындағы баланы көріп, оны өзінің ұрдаған баласы екенін таныған. Дауды шешкен би әнесінің би әнесінің бұл бала нағыз найман («ақ найман») деген сөзіне иланған көрінеді. «Алты сары» деген атақ алған баланы содан тараған


<sup>2</sup> Айтолқын Желек қызының атты, оның күйеуі нашар адам болып шыққан. Айтолқын әнесіне қайтып оралып, оның балалары Желектің екінші ұлы Қонақбайдың балаларымен бірге өскен. Айтолқын мен Қонақбай балаларының ұрпақтары Айтолқын-Қонақбай деген қос этноним алған.

## Байыс (Байторынның иемерреси)

Мәмбеткүл (Қыржы) <sup>1</sup>	Сыбан	Болатшы	Шүрентай						
	а) Тума	ә) Байғана	б) Тоқпақ	в) Сары (Мұрын) г) Мақта <sup>2</sup>					
Жолымбет	Бәйімбет	Мәмбет	Жолболай	Таңдыбай	Көшек	Берді	Өгей	Барақ	батыр
	г) Мақта							Босан	Қадыр
		Ержігіт	Байжігіт					Дос	Басар
Тоғас	Мәмбет		Жұмық						
Сайболат	Болат	Қараша	Тәуке		Саты	Қожап			
а) Назар	ә) Қадыр	б) Әти	в) Өлігүл	г) Рақ	д) Аргыбас	е) Абақты			
			Мұрас	Құттымбет					
Жемболат	Құттықадам	Сәді	Әлке	Марқос	Қарымсақ	Ысмайыл			
Тәкебай	Жанай	Ырысақ	Сары	Шойтабан	Жарылғап				

<sup>1</sup> Мәмбеткүлдің ұрпақтары оның әнесі — Қыржынның атымен аталған; ол әйел, аңыздарға қарағанда ақылды да өділ болған.  
<sup>2</sup> Мақта — Орта Азиядан шыққан Токтарқожаның әйелінің аты. Олардан екі бала туған. Көп кешікпей Токтарқожа ұлы Ержігітпен бірге отанша қайтып оралған, ал оның осы әуелінен туған ұрық анасының атымен аталған.





Аңыз бойынша қамшымен сабағаны үшін Бегімбет әнесін өлтіріп, елден қашып кеткен. Бірнеше жылдан кейін оны нағашылары іздеп тауып, үш әйел алып береді. «Сегіз самай» деген ұрпақ содан таратқан.

## ҚЫПШАҚ

Қыпшақтар тайпасы сандық құрамы жағынан Орта жүзде үшінші орын алды және қазақтардың ғана емес, басқа да түрлі халықтардың этногенезінде маңызды қызмет атқарды. Таңбасы || (қос әліп), ұраны — «Ойбас».

VIII ғасырдан бастап, бір тайпалық құрылымға топтаса бастаған қыпшақтар XI ғасырдың аяғында қыпшақ тайпаларының күшті одағын құрады. Бірігу үрдісімен қатар, олардың мекендейтін кеңістік аймағын ұлғайту құбылысы да жүріп жатты, мұның өзі «Дешті-Қыпшақ» (қыпшақ даласы) және «Половец даласы» этнографиялық ұғымдарының, яғни қыпшақтардың шығыс қыпшақ және батыс қыпшақ (оңтүстік орыс даласы) этно-аумақтық құрылымдарының пайда болуына себеп болды.

Сөйтіп, Дешті-Қыпшақ тайпалары (шынына келгенде қыпшақтар мен оларға бағынышты тайпалар) қазақтардың этногенезінде және олардың кейінгі тарихында зор үлестерін қосты, ал бұл тайпаның тарихында болған оқиғалар мен дара тұлғалар есімдері халық арасында кеңінен мәлім әдебиет ескерткіштерінде, халық эпосында, дастандар мен аңыздарда сақталған.

Қыпшақтар мәдениетінің жоғары болғанының айқын куәсі ретінде XII ғасырдан бастап, олардың тілі қазіргі Қазақстан аумағының иегізгі бөлігіне таралды. Түркі тілдес халықтардың аса құнды әдеби ескерткіші — Қожа Ахмет Йасауидің «Диван и Хикмат» («Даналық кітабы») атты еңбегінің лексикасы да XII ғасырдағы қыпшақ тіліне тән. Орта ғасырлардағы қыпшақтардың дара тұлғалары мен тарихи оқиғалары, аңыздары мен этнографиясы бейнеленген «Қобыланды батыр» жыры, сондай-ақ ауыз әдебиетінің мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, жұмбақтар, әндер т. б. сияқты үлгілері сақталған «Кодекс Куманикус» (Қыпшақ сөздігі) еңбегі жалпы жұртқа мәлім.

ҚЫПШАҚ ТАҒАСЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ<sup>1</sup>

ҚЫПШАҚ

—  
СҮЛІМАЛЫП—  
КӨБІКҚАЛЫҚ (АҚ КӨБІК)—  
МҮЙІЗДІ САРЫАБЫЗ—  
Ә) Сары Қыпшақ

А) Қара Қыпшақ

Тойбастар Тоқтарба<sup>2</sup> Ойбас-баба<sup>3</sup>

1) Көлденең

Қараспан Жолжақсы Биқашты Шаңдияқ Қыжық Қарадең Ақбура

Таңабек Берді Науша

Қобыланды<sup>4</sup> Есім Сейіт Шуманақ Танабұғы Қарсақ Сопы Жолжақсы ЖолтайБобсейбай Күйібай<sup>5</sup> Жетімтай Жетімек

II) Қарабалық III) Торымайғыр

Қарамаханбет Қалбай

<sup>1</sup> Кесте 1988 жылғы Ақмола-Көкшетау этнографиялық экспедициясы жинаған материалдар бойынша жасалған. Қыпшақтардың тағбасы — Сокос өлді — аралық бірінші өрні) әліп атымен аталған, ұраны — «ОДЕАС».

<sup>2</sup> Тоқтарба (Тоқтарбай) — Қобыландының атасы, бай адам болған

<sup>3</sup> Ойбас-баба — бекзгіл би өрі бағыр, оның есімі қыпшақтардың ұранына айналған.

<sup>4</sup> Қобыланды бағыр — Обдлайыр ханның (1428—1466), Қазақ хандығының негізін салушылар — Керей мен Жәнібектің әулетінен.

<sup>5</sup> Күйібайдың анасы Қарлыға — Қобыланды бағырдың кіші әйелі.

## Мүйізді сарыабыз

Б) Қытай Қыпшақ — В) Торы Қыпшақ — Г) Құлан Қыпшақ

Жиембет — Алтай — Алтыбас — Мөтей — Тұрсынбай — Құдас — Бүйтін

## IV) Бұлтың

## 1) Мекіс

а) Жолоба<sup>1</sup> — ә) Елген<sup>2</sup> — б) Күрлеуіт

Ақжігіт — Жәңжігіт

Есенгелді — Әбілқас — Көшен

Сырымбет — Майрам — Дат

Жамса — Жолеске

## 2) Орыс

а) Төбет — ә) Саңдық — б) Қодас

Бөген

Мадияр — Жанайдар — Қосайдар — Құлағай

Олжагүл — Құрман


Саңлыбай — Көшім

<sup>1</sup> Жол үстінде бала ораған жерге табылады. Осы тауып алынған баланы Жолоба деп атаған.

<sup>2</sup> Елген — қыпшақтарға бір қақтығыс кезінде қосылған адамның есімі. Жолоба мен Елгеннің ұрпақтары халық арасында «буралық қыпшақ», яғни «көденненнен қосылған қыпшақ» деп аталып кеткен. Тегінде бұл қыпшақ ұрпақтарының өзара алауыздығына байланысты айтылса керек «Елген ел болмайды, ешкі қой болмайды» деген мақал осыны дәлелдейді.

III Торайғыр Қалбай


IV Бұлтың



Қошым <sup>1</sup>		Құлағай	Қодас
Жанке	Шонты		
Барақ		Жаманкүл	
Шоқа	Жанке	Күлеке	Арыс
		Қарабатыр	Әсем
		Дүйсенбай	Дүйсенбай
Тоғай	Елкетай	Елкебай	Шөкен
Төлен	Қазыбек	Қожамкүл	Байғонды
Өтен	Қарекө	Нарбота	Әзілбай
Шортық	Сары	Жарымбет	Қосқулақ
Дәулет	Майрық	Сақал	Ожыралы
Шортаңбай	Алтай	Туран	Қосылғырабай
Шаймерден	Кедей	Сусындық	Тілеке батыр
Мұхаммет-Рақым	Жалмыс	Өтеміс	Шуманақ
Қоғамыс	Түркен	Сүменбай	Асан
Түген	Түрке	Сарыбай	
Тоққожа	Сүменбай	Байбәрі	
	Ескен	Қаси	
		Сәкен	Қожан
		Бегалы	Сүйергүл
		Тілеуберді	
		Ұмбетей	Есіркеп
		Жарылқап	Егізек

<sup>1</sup> Қошым, Құлағай, Қодас — Бұлтының ұрпақтары.

в) Торы Қыпшақ		г) Құлан Қыпшақ	
Әлпейіс	Күлпейіс	Ораа	Есенгелді
Қитаба Түйшіке	Көкмұрын Шашты Лақ Қарамоын	Наурызбай	
Қайсар Шойсар	Қырау	Керімбет	Тоқтағұл
Молдыбек	Жиымбай		Мөңке
Молдықара	Абыз	Көзей	
Досым Есім	Анай	Жанай	Бегәлі
Мұрат Мәмбет	Қасым	Қонақбай	Құлжа
Серім Жаубөрі	Кенжебай	Майөмір	Бөкен
Мекі Бұқпантай	Молдажан	Бекмолда	Иба
Есперлі Қосы	Кенжеқара	Бұқақара	Бақ
Өтебай Өткелбай	Жырымбай	Ырысбай	Дөненбай
Нұрым Сырым	Наурызбай	Жырымбай	Жұмабай
	Байбатыр (мәлімет беруші, 1887 ж. туған).		Тынымбай
			Елгас





## КЕРЕЙ

Жалпы таңбасы  $\oplus$ , ашамайлыда  $\times$ , ұраны — «Ошыбай». Керейлер де Орта жүздің ең ірі тайпаларының бірі, олар туралы мәліметтер XIII ғасырдағы монғол деректерінде, Рашид ад-Диннің шежіресінде және басқа деректемелерде кездеседі.

Қазақ халқының құрамына енген басқа тайпалармен қатар, керейлер де халықтың әскери-саяси тарихына, оның экономикалық, әлеуметтік, рухани қалыптасуына белсене қатысты. Жоғарыда аталған этникалық құбылыстарға байланысты бұл тайпаның жекелеген рулары өздері мекендейтін негізгі аймақтармен қоса басқа тайпалардың, тіпті басқа жүздердің аумақтарына да қоныстанды.

Рулық бөлінісі жөнінен керей тайпасы екі ірі: ашамайлы және абақ бірлестіктерінен тұрады. Ашамайлылар — Шыңғыс-ханның күшейе түскен монғол державасы мен керейлердің (керейіттер) қақтығыстары кезеңінде шығыс аймақтардан Қазақстанның солтүстігіне қоныс аударған керейлер. Абақтар — монғолдар қолының қысымымен солтүстік-батыс Монғолияға кеткен керейлердің Шығыс Қазақстан аумағында қалған үлкен бір бөлігі.

Бұл бірлестіктердің атауы таңбаларының бейнесінен: ашамайлы «ашамай»  $\times$  (түйеге салатын ер) таңбасынан шыққан, ал абақтардың таңбасы «абақ таңба» —  $\boxplus$  «эф» әрпі тәрізді. Оның мәні беймәлім.

Түркі тілдерінде «омак», «умак», «обак» және монғол тілінде «обок», «обох» деген сөздер қандас туыстардың өзінше бір одағы ұғымын білдіреді. Абақ керей дегеніміз — қандас туысқан керейлер одағы деп жорамалдауға да болады.

Сондай-ақ, халық арасында Абақ-ана туралы да аңыз кең тараған. Абақ керей тайпасы сол анадан тарағаны, ол ана XVI—XVII ғасырда өмір сүрді деген тарихи дерек те бар...

Керейлердің жалпы тайпалық таңбасы зерттеушілердің анықтағанындай, айқыш сызық  $\oplus$  болып табылады, олардың айтқандарын ел арасынан жиналған материалдар да қуаттап отыр. С. А. Аманжолов пен Ниязов өз зерттеулерінде керейлердің мынадай:  $\boxplus$ ,  $\oplus$  екі таңбасын келтіреді, бұл орайда біріншісін олардың негізгі таңбасы деп санайды. Ал ел арасынан жиналған далалық этногра-

## КЕРЕЙ ТАПАСЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ

КЕРЕЙ<sup>1</sup>

Ә) Абақ

А) Ашамайлы

Шимойын

Танаш

## I) Сибаң

Ерімсары

Қортық

Күнкене

Шоқматар

Жылыбай

Қосай

а) Отарбай

Бекеу

Орыс

Сырымбет

Байбарақ

Бегіс

Бектемір

Бекқара

Тоққара

Жәдік

Байғожа

Қарасары

Омар

Оспан

Мұқан

Шүкей (1824—1851)

Мұқан (1851—1906)

Сәбіт (1900—1973)

Жәдік

Байғожа

Қарасары

Әтік

а) Ұлтөзіялр

Бобала

Сарлыбай

Арсымбет

Дәулетберді

Сырымбет

Мамыржан


Сама

Қадыр


Қыдыр

Келже


<sup>1</sup> Кесте мына экспедициялардың жинаған материалдары бойынша жасалған: Ақмола — Көкшетау этнографиялық экспедициясы, 1957; Шығыс Қазақстан этнографиялық экспедициясы, 1959; Ақмола — Көкшетау этнографиялық экспедициясы, 1988. Сонымен қатар С. Мұқановтың «Өмір мектебі» трилогиясындағы мәліметтер, Ж. Бектурлының мәліметтері пайдаланылды.



Ақсары	Исмайыл	Тезегей
Күлсары	Тезегей	Матақай
а) Есенәлі	ә) Есбол	б) Малай
Орман	Ақмырза	Қожамсейіт
а) Үмбетқұл	Қаракемпір	ә) Құлас
Аққошқар	Байқошқар	Құлшықай
Қожа	Қожа	Қожа
Ермәзар	Тілес	Жақау
Назар	Ақмырза	Тілеуімбет
Тезегей	Самай	Байтеке
а) Төлсбай	ә) Жанбура	б) Қапсейіт
Жарылған	Құдайқұл	
Толөке	Ақжігіт	Елтія
Ақбөжек		
Аткелтір	Жаңкісі	Алдаберді
Шығала	Байтума	Шағалақ
Төле	Анда	Қараша
Құтты	Құтты	Құтты
Айтбай	Бұқар	Бөкі



## Ысмайыл — Құлсары



<sup>1</sup> Қудайбердінің бес ұлы болыпты, бәрі қап-қара екен. Бірде солардың бесуі басқа бір рудың тойына шақырусыз барыпты. Той дастарқаны жиналған соң ойын басталады. Ортаға жауырыны жерге тикеткен балауан шығады. Онымен күресуге ешкімнің батылы бармапты. Сонда Қудайбердінің бес баласының біреуі шығып, жеңіп кетті. Таңғалған жұрт бір-бірінен: «Бұл бес қара жігіт кім?» — деп сұрапты. Қудайбердінің бес баласы ұрпақтарының атауы осыдан шыққанды екен.

фиялық материалдар таңбаның алғашқысын теріске шығарады және керейлердің таңбасы + белгісі болғанын, сирек болса да X белгісінің кездесетінін көрсетеді.

Керейлердің жалпы тайпалық ұраны — «Ошыбай». Керей тайпасының рулық құрылымы далалық материалдар мен этнографиялық деректерге қарағанда 5-кестеле көрсетілгендей болып келеді.

Тарихи-этнографиялық әдебиетте керей тайпасының ірі тармағы Абақ туралы мәліметтер сирек ұшырасады, бірқатар зерттеулерде олардың негізгі рулары ғана атап өтіледі. Мұның себебі, Абақ руларының Қазақстаннан тыс жерлерге қоныс аударуынан болса керек.

«Абақ», «обох» атауының монғол сөзі екені және «қандас туыстар одағы», яғни ру дегенді білдіретіні жоғарыда айтылады. Халық арасында қазақ тайпаларының, руларының, соның ішінде абақ-керейлердің де шығу тегі туралы төмендегідей аңыз айтылады. Кез келген генеалогиялық негіз сияқты, төменде келтірілетін аңыздың да мифологиялық сипаты бар және бір-бірімен араласып кеткен сансыз көп нұсқалардың бірі болып табылады. Бірақ мұндай шежірелердегі басты нәрсе сол — оларда халықтың этникалық сана-сезімі сақталады және руды құрайтын ұрпақ өкілдері өзгеріп, белгілі бір тайпаға жатқызады. Мұндай аңыздардан қазақ тайпалары мен руларының сандық құрамын, шығу тегін айқындап беретін мәліметтер табуға болады.

Аңыз бойынша Байқұтанның үш әйелі болған: бәйбішеден — Арғын, Найман, тоқалынан — Уақ, Керей, үшінші әйелінен Қоңырат, Қыпшақ туған.

Бұл шежіреге қарағанда Уақ — Керейдің ағасы, керейлермен көшіп-қонып жүрген, солардың арасында ерекше сый-құрметке бөленген.

Керейдің, аңызда айтылатынындай, Абақ атты сұлу да ақылды әйелі болған. Осы әйелінен Әбілғазиз есімді ұл туған. Көп кешікпей Керей өледі де, Абақ жеті жасар баласымен жесір қалады.

Әмеңгерлік<sup>1</sup> жолымен Уақ Абақты әйел етіп алмақшы болады, бірақ батыл, ақылды, сұлу әйел оған көнбейді.

---

<sup>1</sup> Жесір қайтыс болған адамның аға-інісінің біреуіне қосылған. Осы арқылы туыстардың мал-мүлкі мен балалары ру ішінде қалып отырған, өйткені жесірдің бөлінуі, кетіп қалуы немесе «бөтен біреуге» тиюі рудың жағдайына экономикалық және сан жағынан әсер ететін еді.

Уақтың күдерін үзу үшін ол ұлын балаларға арналған ашамайлы ермен ерттелген атқа отырғызып, Ұлы жүздің үйсін тайпасындағы төркініне кетіп қалады. Бұл жердегі қазақтарға мұсылман дінінің қанат жая бастаған кезі екен, үйсіндер арасында шыққан тегі өзбек Қарақожа имамның ықпалы зор болған деседі. Бірде алдап-арбап, енді бірде қорқытып, сол имам Абақты өзіне тоқалдыққа тиюге мәжбүр етеді. Осы некеден ұл туып, шешесі оны бұрынғы күйеуінің есімімен Керей деп атайды.

Ер жеткен соң Әбілғазиз өгей әкесімен сыйыса алмайды. Ол шешесі Абақты алып, Сарыарқаға көшіп кетеді.

Уақыт өте келе Әбілғазиз көркем, он саусағынан өнері тамған, шешен де ташқыр жігіт болып өседі, сол үшін оған «шешен» деген ат беріледі. Осы аңызға қарағанда ашамайлы-керейлердің арғы атасы Абақтан таратылады.

Жоғарыда келтірілген аңыз тарихи жағынан анық нұсқа ретінде емес, керісінше, мифтік болғанымен, керейлердің тегі туралы, сол заманның этникалық сана-сезімі мен идеологиясы туралы айтылатын этнографиялық дерек ретінде қарастырылады.

Бірқатар аңыздарда Орта Азиядан шыққан «сарт» этнонимінің өкілдері туралы айтылады. Сонымен қатар, Орта Азияның қазақ даласына қоныстанып, қазақ қыздарына үйленген сарт саудагерлері де «шала қазақтар» (жартылай қазақтар) деп аталатын тұтас бір топ қалыптастырған. Бұл көрініс ғасырлар бойы көршілер арасында этникалық байланыстардың орын алып келуінің айқын куәсі.

Жоғарыда келтірілген аңыз халықтың фольклорлық мұрасы ретінде кейбір рулардың халықтық этимологиясын (мысалы, керей тайпасының ашамайлы руы), ұлттық әдет-ғұрыпты (әмеңгерлік), әр түрлі жүз өкілдері (керей мен үйсін) арасындағы қыз алысуды және т. б. этнографиялық жайттарды анықтап береді. Аңызда келтірілген түрлі таксономиялық құрылымдардан керей тайпасының Абақ сияқты ірі бөлімінің аталық (патрилиниджи) және аналық (матрилиниджи) жағынан шығу тегін анықтауға болады.



ә) АБАҚ

Иәен (бала кезінде өлген)

Жусан

1) Мағналы

Байлау<sup>1</sup>

5) Жөдік

6) Жәңгекей

7) Шеруші<sup>2</sup>8) Тілеке (Шұбарайғыр)<sup>3</sup>

1) Игелі

2) Молқы<sup>4</sup>

а) Ақбақты ә) Күйік б) Баян

а) Қожақ

ә) Мошан

б) Құл

в) Қайып

АБАҚ тармағының кестесі мына экспедициялардың жинаған материалдары бойынша жасалған: Шығыс Қазақстан этнографиялық экспедициясы, 1959; Шығыс Қазақстан этнографиялық экспедициясы, 1987.

<sup>1</sup> Байлау — Мағналы қызының некесіз туған баласын асырап алған, ол ұлдың ұрпақтары төрт рудың негізін қалаған.

<sup>2</sup> Аңыз бойынша Байлаудың үш ұлы (5—7) жетім екен. Бір тойда олар қазада қойнап жатқан етті ұрлап жеп алаң-қазанды төнеріп тастайық?» Жөңгекей: «Олай етудің негеі жоқ. Дұрысы, етті өзіміз жейтін амалың қарастырайық», — дейді. Мұны естіп тұрған бір шал ағайынды балалардың болшағын былай деп жорыпты: «Жөдік, сен бауқеспе ұры. Шеруші, сен қатыс», қаныпәзер қарақшы боласың. Сендердің бөріңнен ең ақылды пікірді Жөңгекей айтты. Жөңгекей ақылды азамат болып есіп, ел құрметіне бөленеді». Ағайынды балалардың ерқайсысына қарттық айтқаны ел есінде аңыз ретінде сақталып қалған.


<sup>3</sup> Керейлердің жылқысын барымталап өметкен найман тайпасы қызыл руының ұрмының арасында Тілеке атты бала болыпты. Ол олжадан тиген шұбарайғыр жылқыға рипа болмай керейлерге көшіп кетіп, 12 ата абақ керейдің бір руының негізін қалаған. Сол руға Шұбарайғыр деген лақап ат таңылған.

<sup>4</sup> Молқы руынан атақты алтайлық Оспан батыр туған.

Жусан			
Сайдалы		11) Жапбас	
9) Жастабан	10) Меркіт	11) Көңсадақ	12) Құлтайболат
3) Қарақас		4) Сарыбас	
Қойлау			
а) Назар	б) Азар	в) Сары	а) Құлатай
			ә) Найманқұл
			б) Жусары
			в) Шұғыл
5) Жөдік			
а) Жанат		ә) Мөлік	
Байғазы	Тоқай	Қызыр	Тілеке
			Түтел
			Қостай
			Жарасбай
			Байқара
			Қунарбай
			Көген
			Итемген

Жабайдың қымы Шора Шүбіншәлінің ұлы Бараққа бала мезінен атастырылып қойып, соған ұзатылған. Олардан Құлттай және Болат деген екі ұл туады. Барақ өлгеннен кейін Жабай илғыз мен оның балаларық көшіріп алады. Бұл балалардан тараған ұрпақ Құлттай-Болат (Құлтайболат) деген есіммен аталады.

## 6) ЖӘНТЕКЕЙ



<sup>1</sup> Сүйінбай мен Шүйіншәлінің балалары Сүйінбайдың үлкен ұлының есімімен есегіз сөзменбесте немесе оған бір шүйіншәлі деген бір руды құрады, оған Сүйінбайдың, Шүйіншәлінің және оның ұлы Барақтың балалары біріккен.

<sup>2</sup> Есентайдың ұрпағы «алты есентай» аталады.

<sup>3</sup> Түкібай алты есентаймен бір руға біріккен, оның ұрпақтары есентайлармен бірге көшіп-қонып жүрген.


6) Жәңтөкей		6) Сүйіндік							
		Жайлау	Сары	Құнып	Есіркеп				
Есағасы		Сәлмембет							
		Қазыбек							
Бөген	Бердалы Келжалы	Қойбағар	Көкі	Салмықай	Жыргалы	Құдайберген			
Есентай	Тауасар	Шаншөке	Әжеке	Қожае	Ақмырза	Бекмырза	Арқан		
Қыстаубай		Төттімбай							
		Базарқұл <sup>1</sup>							
Тобыл	Бақай	Бұланбай	Есен	Шоқай	Қопдыбай	Қотырақ	Момыт	Дарқан	Қарқымбай
Барқы									
Бөгенбай		Мырзаш	Сатыбалды	Сатай	Қостай	Толғай	Жайсаң	Көпжөтай	

<sup>1</sup> Базарқұл мен оның бес ұлы біршама оқшауланған, ірі алты әулетті құрады.


## 7) ШЕРУШІ

а) Айтуған		ә) Сарт <sup>1</sup>	
Ожық		Шашас	
Есет	Түсет <sup>2</sup>	Құттымбет (Ұзынмылтық)	
Байқара (бала кезінде өлген)	Есенбай	Есенберді	Қоғабай
	Барақ	Айтбай	Айтқұл
	Елкелді	Бақат	Сүйіндік
		Сатыбалды <sup>3</sup>	Теңізбай
			Жайықбай
			Төлек
Киікбай			Арық
Көбеген			Забир
		Елібай	Толыбай
			Молыбай
			Құмдақбай
			Демесін
Ақтай	Бозтай		Ырысбай
	Қайым		
	Қорабай	Қостықбай	Малтық
		Жұртбай	Салдабай
			Салдабай
			Көрбай
			Албай

<sup>1</sup> Айтуған мен Сарттың балалары «алғы шеруші» деген бір руға біріккен.<sup>2</sup> Түсеттің төрт ұлы «сымрау» деген бір руға біріккен.<sup>3</sup> Сатыбалдының үш ұлы жасмы Үлкенінің есімімен «үш киікбай» аталып бір руға біріккен.



<sup>1</sup> Шығыс Түркістан мемлекетінің (1946 ж. қыркүйек) құрғандардың бірі — алғайлық генерал Дәлелхан Сүгірбайұлы.




<sup>1</sup> Құттымбеттің «ұзын мылтық» деген аты сақталып қалған. Аңызға қарағанда Құттымбеттің иелей болғаны сонша, өмірінде тоғ тамек ішіп, бүтін киім киіп көрменгі. Бала-шағасын аң аулап асыраса керек. Ол аласа бойлы екен, мылтығына иығана асып жүргенде мылтығы жерге сүйретіліп, ащымның тобығын қағып жүретін көрінеді. Оны құрдастары боғына сай келмейтін ұзын мылтығы үшін «ұзын мылтық» деп атаған да, ұрпақтарына да сол есім табылған.

<sup>2</sup> Жағалбай — қызы Зауленайдан туған ұл, атасы Барақ асырап алған.

<sup>3</sup> Әкелді-балалы Дүзбай мен Сақым Құрманның екі тармағын құраған.


<sup>4</sup> Төлекті балалары «бес төлек» деген атпен айтыл.



<sup>1</sup> Шұбарайғырдың ұрпақтары «Бес шам шұбарайғыр» деп аталған.



## УАҚ

Уақ тайпасының рулық-тайпалық құрылымын анықтауда оның қазақ халқының этногенезі мен этникалық процесінде атқаратын қызметі туралы қысқаша айта кету қажет. Уақтың жалпы таңбасы  таңбасы да кездеседі, ұраны — «Жаубасар».

А. Левшин бұл тайпаны: Тәуке хан құраған және ол үш рудан: уақ, керей, тарақты руларынан тұрған деп пайымдайды. Егер А. Левшинге жүгінер болсақ, уақ тайпасы XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында құрылған деп есептеу керек, алайда бұл тұжырым тарихи шындыққа сай келмейді. Ә. Х. Марғұлан уақтардың тегін XIII ғасырдағы мәліметтерге сүйене отырып, ертедегі керейлерден шығарады.


Уақтардың тарих аренасындағы қалыптасу кезеңі туралы Ш. Ш. Уәлиханов өз еңбектерінде құнды деректер келтіреді. Бұл — Алтын Орда ыдырап, халық аңыздарында уақ тайпаларынан Ер Көкше мен Ер Қосайдың есімдері аталатын кезең. Орта жүз аңыздарын негізге ала келіп, Ш. Ш. Уәлиханов қазақтар «өздерін батырлар жырларында сансыз көп ноғайлы жұрты аталатын Алтын Орда татарларының ұрпағы ретінде санайды» деп жазды. Қазақ эпостарындағы ноғайлыға қатысты жыр жолдары осының айқын куәсі.

«Ер Көкше», «Ер Қосай», сондай-ақ «Қамбар батыр» эпостарында уақ тайпасының қалыптасу тарихы жөнінде мәліметтер келтірілмегенімен, олардан (эпостардан) тайпаның басынан өткерген түрлі оқиғалары, оның тарихта есімі мәлім дара тұлғалары туралы құнды деректер кездестіруге болады.

«Никон жылнамасына» сүйене отырып, Ш. Ш. Уәлиханов Ер Көкшенің (жылнамада «Кокчю») өмірде болуының тарихи нақтылығын және оның қаза тапқан уақытын 1423 жыл деп біледі.

Ал уақтардың шығу тегі туралы халық аңыздарында не айтылады? Шежірелердің бірқатары Уақты Керейдің інісі, басқа біреулері — ағасы деп санайды. Аңыз бойынша, Керей мен Уақ ағайынды адамдар. Осы екі тайпаның үнемі бірге көшіп жүретіні, қыстауы мен жайлауының жақындығы, керейлердің саны көп тайпа ретінде саны аз тайпа — уақтарға құрмет білдіретіні, расында да Керей мен Уақтың туыстығын көрсетеді.

Керейлер мен уақтардың туыстығын уақтардың шежіресінен де байқауға болады. Онда, әдетте барлық шежіреде айтылатындай, рудың шығу тегі арғы бабасы Уақтан емес, қайта аты аңызға айналған Жаубасардан басталады. Мүмкін, Жаубасар — Керейден тарайтын бұтақ болар?

Уақтарда өздеріне ортақ рулық таңбамен қатар, керейлердің  таңбасына ұқсас тағы бір таңба бар. Бұл керей мен уақтардың туыстығының бір дәлелі болып табылады.

Бұл тайпалардың өзара жақындығы күмәнсіз, кезінде мұны А. Левшин, Ш. Ш. Уәлиханов, Н. Аристов, өз еңбектерінде атап өткен, шежірешілер мен көнекөз қарттардың есінде сақталған аңыздар да соны қуаттайды.

Уақ тайпасының төменде келтіріліп отырған шежіресі этнографиялық экспедициялардың ел арасынан жинаған жазбаларына, халық эпосының деректеріне негізделген. Бұл арада Ноғай заманындағы қазақ эпосында сақталған батырлар есімдерінің транскрипциясы жайында айта кеткен жөн, ондағы: Нар Бокше — Нар Көкше, Ер Бокше — Ер Көкше және т. т.

Қырғыздың «Манас» эпосын зерттей келіп, В. М. Жирмунский онда («Манаста») шығу тарихы жөнінен қазақ-ноғай эпосында ұшырасатын бірқатар батырлардың есімдері бар екенін, мұның өзі, сөз жоқ, бұл халықтардың этномәдени түп-тамырларының ортақтығын көрсететінін атап айтқан. Эпоста Ер Көкше бірде қалмақтарға қарсы күресте Манастың одақтасы ретінде көзге түседі, ал басқа бір нұсқа бойынша Манаспен жекпе-жекте қаза табады.

Қазақ эпостары «Ер Көкше», «Ер Қосай» және «Манас» эпосының тарихи бөлімдері қалмақтарға қарсы соғыстар жағдайында өрбиді. Г. Н. Потанин Ақмола қазақтарынан жазып алған эпоста Ер Қосай (Ир Госай) қара қыпшақ Қобыландыға қарсы үздіксіз соғыс жүргізеді. Эпостарда ала-құлалық жиі кездеседі, Уақ тайпасынан шыққан батырлардың жорығы туралы да бірнеше нұсқалар бар. Эпостың әр түрлі нұсқалары болуын белгілі бір тарихи уақыт аралығымен түсіндіруге болады, мұндай жағдайда белгілі бір оқиғалар белгілі бір топтың, белгілі бір ру, тайпалардың мүдделерін көздейді немесе жаңадан жасалатын идеологияға сәйкес ой елегінен өткізіліп, өзгертіліп отырады. Сондықтан да Уақтың аңызға айналған кейіпкерлері мен оның ұрпақтары бірде қалмақтарға қарсы соғыспен, бірде өз тайпаластарына қарсы күреспен



3) Ергенекті уақ<sup>1</sup>

6-кесте (жалғасы)


Қарақыз							Қантай			
а) Баржақсы							ә) Шәйгөз			
Қосық Малай Жиснет Бәйімбет Мырзамбет							Жәнібек Шойғара Қатымқұл Қосай			
Сәбітбек	ә) Жәбірек	б) Сүйіндік					в) Жансары			
ә) Биделі										
Қараша	Әлібек	Абраһ	Малап	Қудайқұл	Тоқай	Саман	Құрай	Қытан	Күндікпей	Тотау
Өгей	Дәуіт	Қараман	Қайдақұл	Амантай	Қожантай					

\* Халық эпосының деректері бойынша жеті ағайынды жігіттің ең кішісі Ер Көкше екен. Алты ағасы Тоқтаболат пен Тасболат бастаған қалмақтармен соғыста қаза тапқан. Ер Көкшенің ұлы Ер Қосай өнесі 60 жасқа келгенде дүниеге келіпті. Ер Қосай қалмақтардың қолынан қаза тапқан әнесінің негізін алған.

«Манас» эпосында Айдарханның ұлы, Қамбардың ұрпағы, қазақ ханы Ер Көкше (Эр Көкче) Манаспен жекпе-жекте қаза табады. В. В. Радлов Ер Көкше қарақшылық Қобландының қолынан қаза тапқан деп жазаған.

Г. Н. Потаниннің Ақмола қазақтарынан жазып алған жырда Ер Қосайдың Қобландты батырмен көп жылдық күресі және біріншісінің көп күнге созылған жекпе-жекте екіншісіні жеңгені жайында айтылады (Г. Н. Потанин жиналған қазақ фольклоры. Алматы, Ғылым, 1972, 130—134-беттер).


<sup>1</sup> «Ергенекті Уақ» этнонимінің шығу тегі туралы екі жорамал бар: 1) Жангелінің ұлы ергенекті найман руының қызына ұйысқан де, ұрпағы осылай аталған; 2) этноним — (ергенек) танбасынан қалыптасқан.



<sup>1</sup> Атама бойынша, Байқошқар Өтегеннің бейбітшісінен, Жанқошқар тоқалынан туған.

байланыстырылады т. г. Бірақ эпос мәліметтері ғылыми тұрғыда нақтылауды талап етеді, ал бұл арада мұндай міндет қойылып отырған жоқ. Егер тарихи жағынан анықтық жайында айтар болсақ, бәлкім, Қокчю (Ер Көкше) 1423 жылы қаза тапты дейтін Никон жылнамасының мәліметтерін қабылдап, бұл адам нақты өмір сүрген деп санауға болар. Бірақ, бұл да тек жорамал.

## ҚОҢЫРАТ

Қоңырат тайпасының таңбасы  («босаға таңба»), ұраны — «Алатау», «Мүкәмал». Түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың да этникалық тарихына қоңырат тайпасы зор үлестерін қосты.

Монғол деректері мен араб, парсы, Орта Азия және қытай авторлары шығармаларында айтылатындай, бұл тайпаның шығу тегі монғолдардан таратылатынын көреміз.

Түркілер арасындағы «қоңырат» этнонимі, яғни Орта Азия мен Қазақстан халықтарының этногенезіндегі бұл тайпаның тегі монғолдардан шыққанын теріске шығарады. Қоңырат тайпаларының қалыптасуында монғол-қоңырат элементтері елеулі болды, бірақ олардың негізгі көпшілігі түркі рулары еді. Бұл арада қоңырат тайпалары тобының жаңа этно-элеуметтік ұйымға бірігіп, Дешті Қыпшақ даласында үстемдік еткен Жошы әулеті ұрпағының бір бұтағы жаңа «қоңырат» атауын алғаны айқын. Дешті Қыпшақ тайпаларында «қоңырат» этнонимінің таралуы, біздің пікірімізше, монғол құрамында болған пөккөг, пөккөд (нөкер) институтымен байланысты. Нөкерлер дегеніміз монғол нойонының, баһадүрінің, мергенінің, яғни монғол қоғамының экономикалық, саяси және әскери өмірінде маңызды қызмет атқарған феодалдық тап өкілдерінің әскери жасағы. Осы ұландардың көмегімен монғол феодалдары бағындырылған халықтарға өз үстемдігін орнатты. Мысалы, Шыңғыс-хан Иранда монғол билігін жүзеге асыру үшін Шинк-гургенге қоңырат тайпасынан 4000 жігіт бөлген. Тегінде, қоңырат тайпасынан шыққан күшті бір әулет Дешті Қыпшақтың негізгі көпшілігі түркілерден тұратын кейбір руларды (тайпаларын) басқарып, жаңа этно-элеуметтік ұйымға үстемдік етуші феодалдық әулеттің

этнонимін қалыптастырғап болса керек. Н. Аристов пен В. В. Бартольд өз еңбектерінде осындай қорытындыға келеді.


Жоғарыда аталып өткендей, көшпенді халықтардың рулық-тайпалық құрылымындағы ірі буындардың түп-төркініне мифтік мағына тән, оларға халықтардың этникалық сана-сезімі мен идеологиясы әсер етті және таксономиялық жіктердің реттілігін, сондай-ақ олардағы кейбір буындардың жойылып кетуін реттеп отырды. Этникалық сана-сезім мен заман идеологиясы халық эпостарында, аңыздары мен жырларында және т. б. көрініс табады.

Түркі халықтарының этникалық тарихында қоңыраттардың үлкен қызмет атқарғанын Қоңырат тайпасынан шыққан Алпамыс батыр туралы батырлық эпостың әр түрлі нұсқаларының болуы айқын дәлел. Бұлар — қазақтар мен қарақалпақтардың «Алпамыс», өзбектердің «Алпамыш», башқұрттардың «Алпамыш пен Барсын Хылуу» эпостары, татарлардың батырлық ертегісі «Алпамша», алтайлықтардың «Алып — Манаш», қырғыздардың «Манас» эпосы.

Бұл эпостың әр түрлі (оғыз, қоңырат, қыпшақ) нұсқаларына, олардың пайда болған уақытына тоқталып жатпай, оның қыпшақ нұсқасын негізге алайық, ғалымдардың пікірінше, ол XIV—XVII ғасырларда Дешті Қыпшақ даласында пайда болып, дамыған.

Алпамыстың қоңырат тайпасынан шыққаны эпостың көптеген беттерінде айтылады, тіпті батыр шыққан Лақай руы да көрсетіледі. Эпоста Қоңырат тайпасының Орта жүзге жататыны, сондай-ақ осы тайпаға біріккен рулар саны отыз екі («отыз екі ата қоңырат») екені де айтылды. Эпостағы мәліметтерге сәйкес, Алпамыстың шыққан тегін былай деп есептеуге болады.

7-кесте



ҚОҢЫРАТ<sup>1</sup>

А) Көтелші — Э) Көктіңұлы

## 1) Жаманбай

1) Құрман 2) Қараша 3) Жанай 4) Ақболат 5) Қайрақ 6) Алғай 7) Қырғызәлі

а) Кекеш ә) Жары б) Тіней в) Ноғай г) Жауғашты д) Шоқпарлы е) Қара ж) Шегір

ә) Сасық

Тоқалдақ

Есенәлі

Сүйіндік

Өтеміс

Тәукөбай

Әміре

Өмірбек

ә) Көтең

Рысбике

Жалмырза

Базаргелді

Нәдір

Бекқұлы

Қалдыбай

Телқожа

Бекмырза

Бекқожа

Бағай

Амандық

Меңдбике

Құттыбике

Құттыбай


Қосан Талпақ Көрпе

Тілеген (мәлімет беруші, 1912 ж. туған).

<sup>1</sup> Кесте мына этнографиялық экспедициялар жинаған материалдар бойынша жасалған: Жамбыл этнографиялық экспедициясы, 1963; Оңтүстік Қазақстан этнографиялық экспедициясы, 1989



## Котопші



1) Құрман . . . → Талпақ

Жазбике

Бердібай    Боралдай    Боранбай    Сүгірбай  
 Құлта  
 Төреби    Жүсіп

Ырбарым

Ырыбай

Ырысымбет    Мамыр-Айым    Әріпбай

Әшірбай

Ыдырыс

Сәдуақас — мәлімет беруші, 1929 ж. туған.

III) Жетімдер

1) Сары

2) Сапар

д) Майдам-Талдық

б) Сыбантай    в) Таздар    г) Қапаған-жаймә

а) Есені    ә) Досалы

д) Сұлу    е) Күл    е) Бегенбай    ж) Кенжеқара  
 л) Қара    м) Қырқа    к) Беген    л) Қара



Эпоста Арыстан баб туралы айтылады, аңыздарға сәйкес, ол мұсылмандар дүниесінде атағы мәлім, әулиелік және діндарлық қызметімен әйгілі Қожа Ахмет Йассауидің ұстазы болған. Оның кесенесі (бұрыштарында төрт мұнарасы бар екі күмбезді) Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм ауданындағы Қоғам селосының маңында, Арыс өзенінің Сырдарияға құяр сағасында орналасқан. Эпосқа қарағанда, баласы жоқ Байбөріге ұлы Алпамыс пен қызы Қарлығаштың дүниеге келуі туралы басқа әулие-әнбиелермен бірге Арыстан баб та аян берген. Әрине, аңыздың аты аңыз, дегенмен де Арыстан баб кесенесінің қоңыраттар көшіп-қонып жүретін аймақта орналасуын елемеуге болмайды, қайта этникалық сана-сезім мен сол заман көрінісі деп түсіну керек. Соңғы кездерде этнографтар осы жағына баса назар аударуда.

Қоңырат тайпасының 8-кестеде келтіріліп отырған шежіресі ел арасынан жиналған материалдарға негізделген және қарастырылып отырған тайпаның құрылымын мейлінше толық бейнелейді.

## 2. Рулық-тайпалық құрылымның таксономиялық жіктері

Этникалық процесс — қоғамның этникалық тарихының, әлеуметтік-экономикалық дамуының бір бөлігі болып табылады, сондай-ақ ол халық тіршілігінің көптеген салаларын, атап айтқанда — сан ғасырлар бойы қазақтар тарихындағы айқындаушы, өзекті құбылыстың бірі болып келген рулық-тайпалық құрылымдағы өзгерістерді қамтиды.

Этностың ертедегі және орта ғасырлардағы саралануының ең жоғарғы таксономиялық өлшемі — халықты зерттеумен қатар белгілі бір тарихи уақыт аралығындағы рулық-тайпалық құрылымның даму кезеңін саралап түсіндіріп береді.

Қазақтарда бүгінгі күнге дейін сақталып келген рулық-тайпалық құрылым — тайпалық бөліністің белгісі, ежелден келе жатқан құбылыс. ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басындағы тайпалардың феодалдық дәуір жағдайында өмір сүрген сан ғасырлық кезеңі аралығында терең де күрделі өзгерістерге ұшырағанын әрдайым есте ұстау керек. Өткен ғасырлардағы Қазақстан аумағында орын алған этникалық процестерді нақ осы тұрғыдан қарастырып жөн.

Қоғам өмірінің кез келген көрсеткіші сияқты, рулық-тайпалық құрылым да қатып-семіп қалған құбылыс емес, керісінше, ол ылғи өзгерістерге ұшырап отырады, қоғамның қарыштап дамуы мен әлеуметтік-экономикалық, саяси және қорғаныс тарихындағы қайта құрулар сипаттас ел өмірінде кейде елеулі із қалдырады.

Көптеген этностардың құрамына енген түркі тайпалары қазақ халқының негізін құрады, ал оның рулық құрамы, тайпалық түп-тамырының ортақ екеніне қарамастан, Орта Азия, Орал өңірі, Алтай және басқа аймақтар халықтарынан ерекше болып келеді. Түркі халықтарының қалыптасуында олардың құрамына енген тайпалардың атқарған қызметі де бір тұрғыда емес. Мәселен, башқұрт жерінде қыпшақтар тайпалық бірлік ретінде көрінген жоқ. қазақтың қыпшақ руы ерекше рулар мен ру топтарының жиынтығы тұрғысында қалыптасты. Ол былай тұрсын, Фиссар алқабының оңтүстік бөлігінде өмір сүрген өзбек-маркілер (юз тайпасының бір атасы) құрамында қыпшақ тайпасының бір руы да кездеседі. Ал қазақ тарихында қыпшақтар — экономикалық, саяси, әскери және әлеуметтік ересен зор қызмет атқарған ірі тайпалардың бірі болды.

Орта Азия, Қазақстан және бұрынғы Кеңес Одағы халықтарының құрамына енген басқа да түркі тайпалары туралы нақ осыны айтуға болады. Бұл орайда басқа халықтардан ерекшелігі — қазақтар арасында түркі тайпаларының көптеп кездесетінін, ал егер қайсыбір тайпа ішінде басқа тайпалардан келген кірмелер болса, олар бұл тайпаның рулық құрылымын өзгертпей, оған етене сіңісіп кететінін атап көрсету керек.

Басқа тайпалардан келушілердің өзінің бастапқы тегін (түптаманын) сақтамай, басқа этно-әлеуметтік ұйымға ауысатыны неліктен? Бұлайша сіңісіп кетуге әлеуметтік-экономикалық себептер әсер етті. Кірмелерге малы үшін жайылым, өзінің жеке басы мен мүлкі үшін құқылық қорғау қажет болды, ал бұған жаңа тайпаның басшылығын мойындап, оның рулық-тайпалық құрылымына етене сіңісіп кеткен жағдайда ғана қол жететін еді.

Кірмелердің басқа бір категориясы да бар, олар — қазақтардың басқа халықтармен соғыс-қақтығыстары кезінде Қазақстанға көшіріліп қоныстандырылған өзге этностардың өкілдері. Қазақтардың тілін, мәдениетін қабылдап, оның бір тайпасының құрамына енген бұл қоныстанушылар (мәселен, қырғыздардың бірнеше рулары) өз этнонимін сақтап қалды және жаңа этникалық қазақ тайпасының

ортасында сол руларға тән артықшылықтар мен құқықтарды пайдаланды.

Орта жүз тайпалары үшін ортақ нәрсе — қоғамның тарихи дамуының белгілі бір кезеңінде туыстық жақындықты есептеудің рулық-тайпалық құрылымдарының (және соларға сәйкес әр түрлі таксономиялық жіктердің) көп сатылылығы болып табылады. Осы арада мынадай сұрақ туады: рулық-тайпалық құрылымда ұрпақтар жігінің реттілігі толық бейнеленген бе, әлде үзіліп қалған буындары да бар ма?

Рулық-тайпалық құрылымдағы аңыз-генеалогияны айыра білу керек, оған кейінгі орта ғасырдағы мифтік, жалған сипат пен көп сатылы ұрпақтар байланысы тән, олардың тегі мифтік ата-бабадан емес, қайта нақты өмір сүрген баба есімінен басталады және олар осылайша белгілі бір тарихи жағынан анық, рулық-тайпалық құрылымның әр түрлі таксономиялық жіктерді сипаттау үшін қолданылады.

Солтүстік Аравия арабтарының көшпенді қоғамын зерттей келе, А. И. Першиц былай деп жазады: «Туыстық белгі рулық-тайпалық құрылымның төменгі буындарында ғана нақты болды, ал жоғары буындарда ол көбінесе жалған, генеалогиялық сипатта еді».

А. И. Першицтің бұл айтқандарын қазақтарға да қолдануға болады. Мәселен, керейлердің, наймандардың, қоңыраттардың және басқа тайпалардың есімі монғолдарға дейінгі дәуірден, яғни олардың қазақ халқы құрамына енген уақытынан (XII—XIII ғасырлар аралығында) бұрын белгілі еді. Яғни тайпа басының аңызға айналған тұлғасы мен кейінгі орта ғасырлық ұрпақтар байланысы (лшнджи) жайында айтпағанның өзінде, нақтыландырылған қазақ руларының ұрпақ жалғасуы арасында төрт, бөлкім, одан да көп ғасырларға созылатын уақыт мерзімі жатыр. Демек, бұл кезең, ондаған ұрпақпен есептелуге тиіс. Шынына келгенде қазақтың генеалогиялық құрылымында рулардың негізін салушы — тайпа көсемінің мұрагер ұлы саналады немесе оның екінші-үшінші буындары ұрпағы болып табылады. Ендеше, Орта жүздің тайпалық құрылымында ұрпақ буындарының үзіліп, қайта жалғасып отыруы және рудың шығу тегі тікелей аңызға айналған дара тұлғадан басталуы қалыпты құбылыс. Найман тайпасы руларының негізін салушылар — Кетбұға (Терістаңбалы найман), Сарыжомарт (Ергенекті найман), Төлегетай — аңызға сәйкес, Найманның ұлдары болып есептеледі (3-

кестені қараңыз). Басқа тайпалар мен олардың рулық құрылымы жөнінде де нақ осыны айтуға болады.

Кейбір аңыз-генеалогияларда тайпаның негізін салушылар мен рубасыларының арасындағы аралық буындар келтіріледі (арғындардың рулық-тайпалық құрылымын белгілейтін 2-кестені қараңыз). Ол байланыстырушы ұрпақ өкілдері де, негізінен алғанда, қазақтардың тарихына қатысты, XV ғасырда өмір сүрген тұлғалар.

Мұндай рулық-тайпалық құрылым көшпенді және жартылай көшпенді мал шаруашылығы басым болған бірқатар халықтарға тән. Шөл және шөлейтті далаларды мекендеген көшпелі малшылардың осы ежелгі шаруашылық-мәдени үлгісі ұзақ уақыт бойы үстем болып келді және осындай үлгімен өмір сүрушілердің әлеуметтік-экономикалық уклады мен тұрмысында алғашқы қауымдық құрылысқа тән көне белгілер сақталып қалды.

Аңыз-генеалогиялардың болуын, оларда тайпаның негізін салушы аңызға айналған жеке адамнан нақтыланған қазақ руларына жетелейтін бірыңғай жүйеліліктің сақталмауын осындай себептермен түсіндіруге болады.

Ұрпақтар байланыстарының болмауы рулық-тайпалық құрылымның жоғары буындарына ғана тән емес, сонымен қатар олардың үзіліп қалып, кейде қайта жалғастық табуы төменгі таксономиялық жіктерден — патрилинидждер мен матрилинидждерден де байқалады. Соңғысы қазақтың көшпенді қауымының (әулетінің) бөліну процесімен, сондай-ақ патронимиямен байланысты.

М. О. Косвен табиғи көбею қауымының бөлшектенуіне, ірі әулеттердің шағын отбасыларына ыдырауына әкеп соғатыны туралы жазды.

Мұндай әулеттер, күрделі отбасынан тұратын бірлестіктер ұлғайып, нақ сондай ретпен (М. О. Косвеннің айтқанындай) бір бағыттағы туыс топтарға (патрилинидждер) бөлшектенеді.

Өсуді, бөлшектенуді және жаңа ауылдардың құрылуын 1901 жылы зерттелген Петропавл уезі қазақтарының өмірінен айқын көруге болады: 150 жыл бұрын (зерттелген жылғыдан — М. М.) уезд аумағында—228; 100 жылдан 150 жылға дейінгі кезеңде —339; 100 жылдан 50 жыл аралығында —814 ауыл болған, ал соңғы 50 жылда (яғни XIX ғасырдың екінші жартысында — М. М.) олар енді 1213 ауылға өскен.

Шаруашылықты жүргізудің көшпенді режимі жайылымдарды, су көздерін ұтымды да тиімді пайдалануға, малды соларға байланысты мүмкіндігінше кең аумаққа

орналастыруға негізделеді. Шаруашылықты жүргізудің көшіп-қонуға негізделген тәртібі үлкен әулеттердің бөлшектенуіне, қоғамдық қордан бөлінген жаңа жер учаскелерінде жаңа шаруашылық топтарының құрылуына алып келеді.

Уақыт өте келе бірнеше отбасынан тұратын қауымдар, ауылдар санының өсетіні соншалық, олар өздерінің экономикалық және әлеуметтік мүдделерін қорғау үшін жаңа топтарға бірігеді, соның нәтижесінде жаңадан құрылған осы әулетті қауымдар тобы (патрилиндждер) ортақ (рубасы мағынасындағы) туыстықты жаңадан есептей бастайды.

Бұл орайда рудың алғашқы атауы (тайпаның аты, рубасының есімі) этникалық сана-сезім мен идеология саласындағы дәстүрлердің тұрақтылығы себепті сақталып қалады, бірақ тұрмыстық қатынастарда қай руға жататындықты анықтаған кезде көбінесе бұрынғы ата-тегіне қарағанда неғұрлым жақын жаңа ру басының есімі аталады.

Әулеттердің, қауымдардың бөлшектенуін, сонымен қатар жаңа ауылдар мен ру топтарының құрылуын тиянақты зерттеу үшін алдымен көптеген мәселелердің, атап айтқанда, рулық-тайпалық құрылымдағы реттіліктің (ұрпақтан ұрпаққа) анықталуын қажет етеді. Рулық-тайпалық құрылымда арғы ата-тегі (рубасы) мен қауымдардың жаңа тобына есімін берген адам, яғни шын мәніндегі рубасы арасындағы байланыстырушы ұрпақ жігінің жойылып кетуі де жиі кездеседі. Мысалы, ХХ ғасырдың бас кезіндегі авторлар келтірген шежіреде Петропавл уезіндегі Преснов болысының алтыншы және жетінші буындағы ақсақалдары өздерінің арғы тегі болып табылатын Ақсарышы рубасы деп біледі. Оның үстіне керейлердің екі рулық тайпасы — ақсарылар мен құлсарылардың негізін қалаған Ысмайыл деген кісі әлгі Преснов болысы қазақтары үшін арғы ата-тек болып табылады. Мұнда байланыстырушы ұрпақтар буындарының үзіліп қалғаны айқып, өйткені рубасы Ақсары мен ХІХ ғасырдың аяғында өмір сүрген қарт адамдар арасындағы байланыстардың мұншалықты «қысқа» болуы мүмкін емес.

Мұны анықтау үшін біздің мәлімет берушілеріміздің бірі Ж. Бектұровтың (Қарағанды қаласында тұрған, белгілі жазушы) шежіре нұсқасын келтірейік. Оның қолында сақталған керей тайнасының шежіресінде таратылған рулық-тайпалық құрылым бойынша, ол — Ысмайылдың он төртінші ұрпағы болып табылады. Көріп отырғанымыздай, ХІХ ғасырдың аяғындағы автор келтірген қазақ



шежіресі мен Ж. Бектұровтың мәліметі арасында (көп сатылылық тұрғысынан алғанда) үлкен айырмашылық бар (5-кесте).

Осы тұрғыдан алғанда Ысмайылдың, рулық құрылымға сәйкес, Ақсары мен Құлсарының әкесі екеніне де күмән келтіруге болады. Бұл арада белгілі бір ұрпақ буыны түсіп қалған жоқ па екен?

Қазақтардың көпшілігі өздерінің жеті атасын білген. Бұл олардың өз ортасында болған экзогамия бойынша жеті атаға дейінгі адамдармен некеге тұрмауы үшін керек еді. Сөйтіп, бір жағдайда, жеті атадан алыс бір буын алып тасталып, шығу тегі арғы атадан — ру басынан бастап есептелеп отырған. Екінші бір жағдайда — туыстықты жаңа таксономиялық жіктен бастап есентеген кезде (ол жөнінде төменде айтылады) аралық буын үзіліп қалып, қауымдар жаңа ру атымен аталған, бірақ бұл орайда алыста қалған алғашқы (негізгі) ру басының есімі этникалық сана-сезім дәстүрі мен рулық таным ықпалымен есте сақталып қалған.

Сондықтан кез келген қазақ тайпасының рулық құрылымын бере отырып, алайда бұның өзі ұрпақтар байланыстарын толық қамтымайтынын еске салған жөн. Яки әр түрлі таксономиялық жіктер арасында «үзілістер» болуы мүмкін деп санау керек, ал мұның өзі зерттеу барысында айқын көрінеді.

Мәселен, сол Петропавл уезіндегі Полуден болысының қазақтарын арғын тайпасының негізін қалаушы Атығайдың үшінші ұрпағы деп санауға бола қояр ма екен? Бұл арада ұрпақтар байланыстарының үзілгені анық. Ал атығайлар XVIII ғасырдың басындағы құжаттарда айтылады, бірақ олардың ру ретінде одан да гөрі әріде пайда болғаны күмәнсіз.

Кез келген қазақ тайпасының рулық схемасы бойынша әр түрлі таксономиялық жіктерді аңғаруға болады (1—7-кестелерді қараңыз). Рулық-тайпалық құрылымдағы әр түрлі таксономиялық жіктерді жақсы түсіну үшін төмендей беретін мынадай сатылар бойынша белгілеу қабылданған:

A	..	..	..	..	N
I	..	..	..	..	N
1	..	..	..	..	13
a	..	..	..	..	я

Қайсыбір таксономиялық жіктерге талдау жасаған кезде оқырманға мынадай бағдар береміз. Біз арғын тайпасы-

ның Мәмбет руына деп қойдық делік. Бұл жағдайда туыстықты тігінен есептеу мына сипатта болады: 2-кесте: А—1—2—6, мұның мәнісі: Мейрам (А) — Қуандық (1) — Қарпық (2) — Мәмбет (6) деген сөз.

Рудың маңызы мен қуаты, оның басқалар арасындағы салмағы шаруашылықтарының санымен, сондай-ақ руды, тайпаны басқаратын адамның саяси орнымен анықталып келді.

XVI—XVII ғасырларда қазақ қоғамында сұлтандар тегінен шыққан адамдар руларды, тайпаларды басқаруға, тіпті олардың кейбіреулері қазақтың үш жүзіне хан болып сайлануға дейін мүмкіндігі зор артықшылыққа ие болды.

Олар (сұлтандар) әскери-саяси билікті де иеленумен қатар жайылымдарға, су көздеріне және т. б. игіліктерге жеке-дара иелік етуге құқылы болды. Зерттеушілердің есептеулері бойынша, XVII ғасырда сұлтандар тегінің саны мың адамға жетер-жетпес болған.

Ал XVIII ғасырда хандар мен сұлтандарға қарағанда румен неғұрлым байланысты болған ру басы — билердің (Шыңғыс тұқымынан тармаған) билігі мен беделі күшейе түседі.

Бұл мәселеге қазақ қоғамының сословиелеріне сипаттама беру үшін емес, басқа себеппен тоқталып отырмыз. Мәселе мынада: архив құжаттарында белгілі бір ру, тайпа көбінесе рудың билеушісі, ұлыс иесімен қатар беріледі. Рулық-тайпалық құрылымның қазақ қоғамы тарихының белгілі бір кезеңінде өмір сүрген таксономиялық жіктері жөнінде сол құжаттарға сүйене отырып пікір айтуға болады.

1759 жылғы 22-қаңтардағы құжатта Абылай сұлтан «қазір бүкіл Орта ордада бас әмірші ретінде саналады» деп жазылған.

Сыртқы істер алқасының жарлығында (1760 жылғы 18-шілде) Абылай сұлтан «Орта қырғыз-қайсақ ордасында тек бір Атығай руының әміршісі, ал қалған руларды басқа сұлтандар мен старшындар басқарады...» делінген. Сібір губернаторының міндетін атқарушы генерал-майор фон Фрауендорфтың 1763 жылғы 11-наурыздағы рапортында да солай көрсетілген. Нақ сол рапортта атақты старшын Қазыбек биге бағынышты «Арғын руының Қаракесек ұлысы» т. б. туралы айтылады.

Шежіреге сәйкес, Атығай мен Қаракесек Арғын тайпасының түрлі тармағынан (қараңыз: 2-кесте), бірақ бір таксономиялық жіктерге жатады, яғни олар бір-біріне немере ағайын болып келеді.

Алайда, сол кездің өзінде-ақ (XVIII ғасырдың ортасы) кейбір қауымдардың, ауылдардың руларға жатуы Арғын тайпасының (рулық құрылымының) неғұрлым төменгі таксономиялық жіктерімен анықталады. Мәселен, архив құжаттарында Алтай-Арғын руы едәуір жиі кездеседі, ал шежіреге сәйкес, Алтай — Қуандықтың баласы, Құтанның немересі болып табылады (қараңыз: 2-кесте).

Қазақ жүздерінің сұлтандары мен старшындарының ақпарларынан 1742 жылғы 23—30-тамыздағы құжатынан да соны аңғаруға болады. Арғын тайпасынан Атыған және Шақшақ руларының өкілдерімен қатар (2-кесте) және Алтай руларының билеушілері де орыс бодандығын қабылдаған, ал олар рулық құрылымда Атығай мен Шақшақтан бір саты төмен орналасқан (2-кесте).

Мұндай жаңа ру атының пайда болуы туыстықты жаңадан есептеумен (жаңа таксономиялық жіктермен) байланысты. Ол — бастапқы рудан, әулеттен жаңа топтардың өсіп, бөлініп шығуының нәтижесі, қайсыбір топ қожалықтары санының көбеюі және олардың экономикалық жағынан біршама оқшаулануы (өзінің маусымдық жайылымы, қошетін жолы, т. б.) болып табылады. Мал жайылымын экстенсивті пайдалану жағдайында көшпенді мал шаруашылығын жүргізу әулеттен жаңа ұрпақтар қожалықтарының (балаларының, немерелерінің және т. б. қожалықтары) бөлініп шығуын және олардың қауымдары мен бөлімдері жаңа рулық топтар — линидждер құруды қажет етеді.

Кейінгі тайпалық ұйымдардың өзіндік ерекшелігі мынада: қоғамның ұйытқысы енді ру емес, қайта әулет, көшпенді қауым болып есептеледі. Тайпалық байланыстар әлсіреп, тіпті үзіліп, аймақтық-өкімшілік бөліністерге орын береді.

Отбасылық қауымдар ыдыраған жағдайда жаңадан құрылған топтар шаруашылықтарының экономикалық жағынан біршама оқшауланғанына қарамастан, қауымды құрайтын үлкен әулеттер (негізгісі және олардан өсіп шыққандар) шаруашылық, қоғамдық және идеологиялық байланысын сақтап қалып, біз патронимия деп атайтын ерекше рулық топ құрады, бұл жағдайда рулық мүлік әлі де толық бөлінбейді, кейбір жер учаскелерін бірлесіп пайдалану орын алады, қоғамдық-идеологиялық байланыстардың әр алуан формалары сақталып қалады.

Қазақтарда әулеттер иелігіне қыстаулар бөлген кезде сол әулеттің, қауымның барлық мүшелері үшін жазғы жайылым (жайлау) ортақ болып келді (қауымдық пайдалана-

пу). Бұл құбылыс көктемгі (көктеу), күзгі (күзеу) жайылымдарды пайдаланудан да байқалады. Патронимия мүшелері ортақ мүдделер талап ететін кезде: суландыру жүйесін салғанда, бүкіл қауым атынан мүлік құқықтарын қорғағанда ұжымдасып әрекет етті. Бір атадан тарау мәселесінде ортақ идеология т. т. сақталды.

Әдетте, жаңадан құрылған топтың мүдделерін әлеуметтік және экономикалық жағынан қорғау талап етілді. Ал мұның өзі көшпенді тұрмыс пен патриархалдық-феодалдық қатынастардың, рулық негіздердің (тіпті өзгерген және қалдықты түрде болса да) үстемдігі жағдайында жаңа рубасы, сұлтан арқылы немесе өз әулетінің мүдделерін қорғауға әзір, өз ортасынан ұсынылған алғыр да беделді адам ырқымен жүзеге асырылатын еді.

Қазақ аңыз бойынша, Арғын тайпасы рубасыларының бірі Мейрамсопы шамамен XVI ғасырдың ортасында өмір сүрген. Әдетте, осы тармаққа жататын арғындар Мейрамды өздерінің шығу тегінің түп қазығы санайды.

XVII—XVIII ғасырлардағы қазақ шежірелері мен аңыздарында: жоңғарлардың Қазақстанға басып кіруі кезеңі мен ол басқыншыларды қуып шыққаннан кейін қазақ тайпаларын өздерінің ежелгі қоныстарына қайтару кезінде Қуандық, Сүйіндік, Қанжығалы руларымен қатар басқа да рулар жиі ауызға алына бастайды. Демек, бұл арада Арғынның Мейрам және Момын тармақтарының өсіп-өніп, бөлшектенуі нәтижесінде пайда болған жаңа рулардың құрылғаны айқын. Арғындардың осы ру жіктері арасында екі-үш ұрпақ буыны жалғасатын шежірелер де бар. Бірақ олар Арғын тайпасының рулық құрылымына толық сипаттама бере ала ма? Сену қиын. Яғни шежіреде уақыт өте келе рулық-тайпалық құрылымдардың кейбір сатылары естен шыққан.

Дегенмен де жоңғарлар қуып шығарылғаннан кейін қазақ руларын өз жерлеріне қайтару кезіне оралып, сол уақыттағы сатылы туыстық есебін анықтап көрейік.

Қазақтың ұлы ақыны Шәкерім Құдайбердіұлы (1858—1931) сол кездегі Еңлік пен Кебектің қайғылы махаббаты туралы дастанында жоңғарлар қуылғаннан кейін қазақ даласына қайтып оралған көптеген қазақ руларын атайды, олардың ішінде Арғынның Момыннан тарайтын тармақтары: атығай, қарауыл, бәсентіін, тобықты және қанжығалы бар. Демек, Еңлік — Кебек заманында негізгі таксономиялық жік басқалармен қатар жоғарыда келтірілген Арғын руларын да қамтыған.

Халық санының одан әрі өсуі ХІХ ғасырдың ортасында әулеттердің, қауымдардың одан әрі бөлшектенуіне, олардың жаңа шаруашылық ауылдары мен қауымдарына, әкімшілік өлшемдеріне топталуына әкеп соқты, ал бұдан кейін олар өз бабаларының есімдерімен (Қуандық, Сүйіндік және басқаша) емес, қайта өзінің ең жақын атасының, есімімен, яки қазақ тайпалары шежіресіндегі ең төменгі таксономиялық жіктермен белгіленді. Мәселен, Сібір қазақтары шекара басқармасының деректері бойынша (1841) Ақмола округінде мынадай Арғын болыстары болған:

9-кесте

р №№	Болыс атауы	Ауыл саны	Шаңырақ саны
1.	Енем-Түнқатар	8	436
2.	Қареке-Алтай	7	352
3.	Мойын-Алтай	7	386
4.	Тінәлі-Қарнық	8	416
5.	Айтқожа-Қарнық	10	620
6.	Алысай-Алтай	6	322
7.	Тарақтының бір бөлігі	2	46
8.	Тіләш	2	22
9.	Байдалы-Алтай	2	32
10.	Қырғыз-Төртүл	1	32

Барлығы 53

2664

Жоғарыда келтірілген 9-кестеге сәйкес, ауылдар Алтай-Қарнық руларына ғана (қараңыз: 2-кесте) бірігіп қоймайды, сонымен қатар қауымдардың одан әрі бөлшектенуі мен өсіп-өнуі басталған ең жақын аталарының есімдерін алған. Болыс атаулары соған сәйкес Қарнықтың шөбересі Түнқатардың, Қарнықтың ұлы Тінәлінің, Алтайдың балалары — Қарекенің, Мойынның, Алысай мен Байдалының есімдерімен аталған.

Ақмола округі бойынша жиналған деректерге қарасақ: Арғын тайпасы руларының өсіп, ең жақын атаның есімімен жаңа топтар — патрилиндждер құрылуына әкеп соққанын көреміз. Қауымның әрбір адамы өзін рулық-тайпалық құрылымның жаңа таксономиялық жіктердің мүшесі ретінде есептейді. Олар Қарнықтан немесе Алтайдан тарайтын ұрпақты жақсы біледі, бірақ көбінесе өзіне неғұрлым жақын атасын (Түнқатарды, Алысайды және басқаларды) атауы дәстүрге айналған. Ал рудың шыққан түп

қазығының есіміне келетін болсақ (мысалы, Қуандық), оны әркім атай алмайды. Біз бұған жасы егде тартқан адамдар, ақсақалдар (ХІХ ғасырдың аяғы — ХХ ғасырдың басында туған) арасынан шежірелер іздестірген кезде жиі кездестірдік. ХХ ғасырдың бас кезіндегі авторлар да осындай қиыншылықтарға кездесіпті, дегенмен оларға тарих қойнаулары бізден гөрі жақынырақ болғаны белгілі. Алайда, олар да Атығай мен төменгі рулық жіктер адамдары (Есенаман, Олжағұл және Тілеумет) арасындағы, сондай-ақ Қарауыл мен оның ұрпақтары (Қобай... Тілеп), т. б. арасын байланыстырушы ұрпақ буындарын дәл анықтай алмаған.

Ақмола округі арғындарының болыстары арасында Тарақты руының атымен аталатын Тарақты болысы бар. Барлық зерттеушілер оны Орта жүзге жатқызғанымен, бұл рудың шығу тегі туралы осы кезге дейін бір пікір қалыптасқан жоқ.

Н. Аристов ортақ таңба «тарақ» негізінде тарақты руы мен Кіші жүздің табын руы өзара туысқан деп жазады. Алайда, ол да Тарақтыны Орта жүзге жатқызады. Осы руды енді бір зерттеушілер арғындарға, екіншілері уақтарға қосса, ал үшіншілері оны мүлде дербес ру деп, бөліп көрсетеді.

Алайда, бұл рудың шығу тегі туралы егжей-тегжейлі айтып жатпаймыз, оны осы жолдардың авторы ертеректегі зерттеулерінде толық анықтап берді. Халық аңыздарына сәйкес, Тарақтының арғы шығу тегі ғана емес, бұны Тарақты таңбасының Арғын таңбасынан ерекше болуы да дәлелдесе керек.

Тарақты руының мысалынан біз этникалық процестің өзіндік ерекшелігін көреміз. Ол ерекшелік рулық-тайпалық бірлестіктің немесе тайпаның құрамына жаңа этникалық элементтердің енуінен және оларды ерекше «рулар немесе ру аталары» ретінде дәстүрлі генеалогияға міндетті түрде қосудан көрінеді.

Арғындар арасында тарақтылар ерекше ру болды. Басқа рулармен салыстырғанда өзінің саны аз екеніне қарамастан, Тарақты Арғынның құрметті ұлы деп саналды, қыстаудан жайлауға көшуді әрқашан сол ру бастап отырды. Сондықтан ол «Арғынның ноқта ағасы» яғни «арғындар арасында ноқтаны иеленуші», көшті бастап, Арғынның басқа руларына жол ашушы деп аталады.

Тарақтылардың ерекше жағдайын, бәлкім, мына мәселемен түсіндіруге болар: қазақтардың отбасылық қатынас-

тарында патронимия мүшелері (бауырлар) өз ана-қарындастарының балаларына (жиендеріне) ерекше құрметпен қараған.

Тарақтының рулық құрылымында, Арғын тайпасының басқа руларында байқалатынындай, жаңа таксономиялық жіктер құратын өсім (тарамдар) аңғарылмайды. Барлық төменгі ұрпақтар өздерін Тарақтымыз деп атайды.

Бұл рудың бар екені өткен ғасырдың 40-жылдарының бас кезінде екі округте атап өтілген.

Шаруашылық қауымдардың топталуы мен олардың жаңа атау (Төртұл) қабылдап, басқа рулармен өзара қатынастарында сол атпен іс-қимыл жасай бастаған кезі — жоңғар басқыншыларын қуып шыққаннан кейін қазақтардың Сырдария жағасынан Орталық Қазақстанға қоныс аударған уақытымен (XVIII ғасырдың екінші жартысы) дәл келеді. Өз мүдделерін қорғауға әзір адам саны басым рулармен қатар сандық құрамы шағын, сол себепті күштілермен жайылым, су көздері және қыстауға қолайлы мекендер үшін тартыста төтеп бере алмайтын әлсіз рулар да қайтып оралды. Осы шағын рулардың неғұрлым ірілеріне бірігуі ғана көршілерінің зорлық-зомбылығына тойтарыс беруге мүмкіндік алатын еді. Сондықтан Сүйіндіктен тарайтын төрт ұрпақтың өкілдері бірігіп, «төртұл» руы деген жаңа атау алды. Халық аңыздарына сәйкес бұл ру Малай, Жәдігер, Қойлыбай, Шағырбай деген ағайынды төрт адамның ұрпақтарын біріктірген.

Күшті руға қарсы тұру үшін бір топқа бірігу үлгісі қазақ тарихында аз емес. Бұл құбылыс әсіресе Қоңырат тайпасы руларының өзара қатынастарынан мейлінше айқын көрінеді (8-кесте).

Басқа тайпалар ығыстырған қоңыраттар Орта жүздің Ащысу, Сарысу өзендері бойынан, Ортау тауларының солтүстік және шығыс беткейлерінен, т. б. қоныс аударып, Қаратау қойнаулары мен Талас өзені төңірегінде көшіп жүрді.

Жаңа жерлерге көшіп-қонғаннан кейін де рулар арасындағы дау-дамай, қақтығыстар тоқтамады, бұның өзі экономикалық және әлеуметтік себептерге (жайылым үшін күрес, руаралық дауларды шешуде үстемдік, т. б.) байланысты дүркін-дүркін туындап отырды.

Көрнекілік үшін өзіміз ден қоятын таксономиялық жіктердегі Қоңырат тайпасының рулық құрылымын келтіріп өтейік.

## ҚОҢЫРАТ

А) Көтенші			Ә) Көктіңұлы	
1. Жаманбай	II. Аманбай	III. Жетімдер	IV. Божбан	V. Саңғыл
1. Сары		2. Сапар		
1. Маңғытай	Ақбай	Нұрбай	Самай	Боқай
			Қаратілес	Қошқар
				Қаракемпір
				Тіес

Қоңыраттардың ортақ таңбасы **П** — «босаға таңба», ұраны — «Алатау».

Аңыз бойынша, Сары, Сапар, Божбан Жаманбайдың балаларынан қысым көрген. Саңғыл мен оның ұлы Маңғытай қысым көрген ағайындыларды жақтаған. Міне, осы бес адам (ағайынды екі адам мен үш немере) өз ауылдарымен қоса жаңа одаққа бірігіп, олардың руы «бес ата» («бес атаның баласы») атала бастаған. Бұл одақ өздерін басқа қоңыраттардан айыру үшін Саңғылдың «Мүкәмал» деген ұранын қабылдаған. Осы орайда «Алпамыс батыр» эпосында «Алатау» дегеннен басқа ұран жоқ екені еске түседі. Егер бұл эпостың қыпшақ нұсқасы XIV—XVII ғасырларда қалыптасқанын ескеретін болсақ, демек, екінші ұран («Мүкәмал») XVIII ғасырда пайда болған. Сонымен қатар бұл одақ өкілдерінің өз рулық ұрандары: сапардың — «Айту», сарының — «Барқы», божбанның — «Қайнақ» деген өз орталарынан шыққан атақты билердің есімімен аталған ұрандары да болған. Осыдан I...V таксономиялық жік XVIII ғасырда құрылған деген қорытынды жасауға болады.

Қоңыраттардың рулық құрылымына талдау жасай келгенде екі таксономиялық жікті: жоғарғы сатыны (Божбан мен Саңғылды) және төменгі сатыны (Сары, Сапар, Маңғытай) атап өткен жөн. Саңғыл мен оның ұлы Маңғытай дербес рулық құрылымдар құрған, оның ұрпағы әкесінің руынан оқшауланып Маңғытай төңірегіне топтасып, Қоңырат тайпасының дербес руына айналған. Ал Маңғытайдың басқа сегіз інісі болса, өздерін бұрынғысынан Саңғыл руынан шыққанбыз деп санап, ағалары сияқты дербестікке ұмтылмаған.

Әрине, белгілі бір рудың дербестігі жайында сөз еткенде оны абсолютті көрсеткішке айналдыруға болмайды. Мә-



селен, шаруашылықты ауылдар, әкімшілік-аумақтық өлшемдер (ескілері мен жаңадан құрылғандары) бір-бірімен қалайда тығыз байланысты болған: екiнiң бiрiнде олардың көшетiн жолдары ортақ едi, бiрақ әрбiр жайылымдар әрбiр топтың белгiленген тұрағы болды, ал қыстайтын жер белгiлi бiр шаруашылыққа, ауылға бекiтiлiп берiлдi; аумақтық байланыстар барған сайын ығыстырып шығарыла бергенiмен, туыстық байланыс, яғни патронимияны анықтайтын белгiлер үзiлмей өз мәнiнде сақталған.

Әрбiр шаруашылық қауым өз қонысын ұлғайтып отыруға ұмтылды, алайда казак станицалары мен Орталық Ресейден қоныс аударушылар қазақ жерiне қазықты көп қаққан сайын жайылымдық алқаптар тез тарыла түскен едi. Бұған қоса бiраз жер көлемiн феодалдар мен старшындар (батырлар, билер, байлар) тартып алды. Халықтың табиғи өсiмi артып, жаңа шаруашылықты ауылдардың, тiптi болыстардың да пайда бола бастауы жер тапшылығын күн өткен сайын анық байқата бердi.

Егер ХIХ ғасырдың 40-жылдары басында Ақмола округiнде бiр ғана Тiнәлi-Қарпық болысы болса, ХIХ ғасырдың аяғы — ХХ ғасырдың басында бұл болыстық бес болысқа өсiп, ондағы тұрғындар бұрынғы алыс аталарын ауызға алмай, ең жақын таксономиялық жiктегi тұлғаның есiмiмен өздерiн тек тiнәлiлiктермiз деп атаған. Бұл жаңа патрилинидждiк құрылым қалыптасуының айқын көрiнiсi.

Таксономиялық жiк нағыз туыстықты негiзiнен алғанда бiр әке-шешеден туған немесе немере ағайындылар ретiндегi адамдардан бастауды қажет етедi. Бiрақ кейде басқаша да болады: таксономиялық жiктерге түрлi ұрпақтарға жататын адамдар да жатады, мысалы, ағайынды Тiнәлi, Мәмбет және олардың немере туысы Тоқа (2-кесте). Бұдан бiз бiрнеше әулеттер мен қауымдардың қуаткүшi басым дара тұлғалар төңiрегiне бiрiге топтасып отыратынын көреміз. Сондықтан архив құжаттарында, этнографиялық экспедициялардың материалдарында ру атауы Көзейден (Тiнәлi мен Мәмбеттiң ағасы) емес, Тоқадан басталады. Ол былай тұрсын, қауымдар одан әрi бөлшектенiп, Тоқаның ұлы Тұнқатардың төңiрегiне бiрiге бастады. Демек, дербес болысқа бөлiну дегенiмiз — рулық-тайпалық құрылымда жаңа таксономиялық жiктердiң құрылуына тура бастайтын жол болмақ.

Рудың ұлғаюы мен одан (бөлшектену мен топтардың бiрiгуi себебiн) жаңа рулардың пайда болу процесiн түсiнуде В. Маевскийдiң ХIХ ғасырдың 70-жылдарында Зай-

сан уезінің Көкпекті учаскесінен жазылған алғашқы мәліметтері ден қоярлық.

Сол кезде Нарын болысында Найманның 13-ұрпағы, Назардың (Мұрын руы ұрпақтарының бірі) сегізінші немересі, 80 жастағы Жарылғап деген қарт өмір сүрген. Жарылғап — Найманнан тараған он үшінші буынның бірден-бір өкілі және 12 ұлдың әкесі болған. Сол кездің өзінде-ақ (1874) қазақтар бәйге мен күресте рубасының есімін айтып, «Жарылғап» деп айбынды ұрандайды екен. Олардың саны 50—60 шаңырақ, яғни ер адамдары 200-дей жан болған. Жиырма төрт жылдан кейін (1898) жарылғаптар саны екі болысқа жеткен (160 шаңырақ немесе ерлер саны 560 жан), яғни 24 жыл ішінде олардың саны үш есе көбейген.

Көріп отырғанымыздай, бұл арада әулеттер мен қауымдардың бөлшектенуі жаңа ауылдар мен болыстардың құрылуына алып келген, мұның өзі жаңадан ру құрылуы басты айғақтарының бірі болып саналады.

Тінәлі ұрпақтарында да осындай құбылыс орын алған (2-кесте). Бізге мәлімет беруші Түсіпбек Сүлейменов — Тінәлінің оныншы буыны. Егер XIX ғасырдың бас кезінде Тінәлілер бір болыстан ғана тұрса, сол ғасырдың аяғында оның ұрпақтары өсіп-өніп, бес болыс болған, сөйтіп өз руының негізін қалаушы Қарпық емес, Тінәлі деп саналған.

Тінәлімен бірге арғындардың рулық-тайпалық құрылымында жаңа таксономиялық жік (туыстықты) құраған Алтайдың, Есенқарттың, Өмірдің, Темешенің, . . б. ұрпақтары туралы да осыны айтуға болады.

Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығының өзіндік ерекшелігіне байланысты рулық топтардың өсіп-өніп оқшаулануы, бірте-бірте жаңа рулық аталардың құрылуы башқұрттар мен Орта Азия халықтарына да тән болды.

Қазақ тайпаларының туыстық есебі аталар тарапынан жүргізілетіні белгілі. Бұның өзі — сөз жоқ, үш-бес, кейде одан да көп ең жақын ұрпақтар бір топқа біріккен патриархат дәуірінің белгісі болып табылады. Бұл — негізгі өндіріс құрал-жабдықтарына ұжымдық меншікті сақтау қажеттігі талап еткен үлкен әулеттің шаруашылық бірлестігінен көрініс тапты.

Бірақ қазақ тайпаларының генеалогиясында туыстықты әйел тарапы бойынша есептейтін матриархат дәуірінің неғұрлым көне формасы да сақталған. Оңтүстік славяндарындағы «домачица», словендердегі «господарица», орыстардағы «большуха» немесе «старшая» сияқты, кейбір қа-

зақ әйелдері де экономикалық және қоғамдық өмірде зор беделге ие болған. Ол былай тұрсын, кейде тіпті бір рудың атын алған әйелдер де қазақ тарихында баршылық.

Мысалы, наймандардың генеалогиясында бір қызықты аңыз сақталған. Мақта деген қыз (қаракерей руының бесінші буынында) Тоқтарқожа деген сартқа тұрмысқа шыққан. Олардан екі ұл туған. Тоқтарқожа бір баласын алып, Орта Азиядағы туыстарына кеткен де, Байжігіт деп аталатын екіншісі анасымен қалып, сан тарамды Байжігіт руының негізін қалаған. Бұл рудан көрнекті тарихи тұлғалар, мәселен, жоңғар басқыншыларын қуып шығу дәуіріндегі белгілі батырлардың бірі — Қабанбай шыққан. Ол ол ма, осы батырдың есімі қаракерейлердің ұрауына айналған. Абылай хан «Дарабоз» деп ат қойған.

Немесе басқа бір мысал келтірейік. Айтолқынның немересі Бисараның (3-кесте) күйеуі нашар адам болып шығады. Ол балаларын алып, ағасы Қонақбайға кетіп қалады. Қонақбай мен Айтолқынның балаларынан көптеген ұрпақ тарап, олар өздерін қосарлас Айтолқын — Қонақбай ұрпағымыз деп атаған.

Арғын тайпасына, оның матриархат дәуірінің көне формалары жайында сөз етуге болатын, XIX ғасырда пайда болған, материлиндж құрған бір тармағына қайтып оралайық.

Бұл үшін Шәкерім Құдайбердіұлы шежіресінен алынған арғындар құрылымының бір тармағын келтірейік:

*11-кесте*



Бұлбұл  
5 ұлдың біреуі

Шаншар

Шаншар 1627 жылы Есім хан өлтірген Тұрсын ханның екі қызы Айбике мен Нұрбикені әйел етіп алған.



Шаншар ұрпақтарының бірқатар өкілдері тарихымызда көрнекті орын алады. Губернатордың міндетін атқарушы генерал-майор Фрауендорфтың Сыртқы істер алқасына рапортында (1793 жылғы 11-наурыз) былай делінген: «...Жасы қазірдің өзінде тоқсан алтыға толған Қазымбек би ата-бабасы Қаракесек ұлысының Аргын руында әрқашан би және қазы болып келгендіктен де, Орта ордада атақты да қуатты, дәулетті болып саналады...».

Қаз дауысты Қазымбек би туралы халық арасында осы кезге дейін көптеген аңыз бар.

Тәттімбет (1815—1862) — көрнекті мемлекет қайраткері, жан тебірентер әсем күйлерімен халық сүйіспеншілігіне бөленген композитор. Кезінде императрица Анна Иоанновнаның Ор өзені сағасынан қала салуға рұқсат ету туралы грамотасы Әбілқайыр ханға Тәттімбет батыр арқылы берілген еді.

Тұрпанның қызы Ұлжан — Құнанбайдың әйелі, ол — ұлы ақынымыз Абайдың анасы, ал Жүсіптің қызы Ділда — Абайдың әйелі.

Шаншардың әйелдері: Айбике мен Нұрбикеден көп ұрпақ тарап, олар қауымдарға, ал қауымдар болыстарға бірікті. Бұл арада да рулық-тайпалық құрылымда жаңа таксономиялық жіктің пайда болғаны көрінеді, оның үстіне Шаншардың ұрпақтары аталарының есімімен қатар апаларының (Айбике және Нұрбике) есімдерін де қабылдаған.

1841 жылғы деректер бойынша, Қарқаралы округінде Айбике-Шаншар, Нұрбике-Шаншар атты болыстар да болған. Революцияға дейін бұл жердің қазақтары өздерінің қауымдық мүдделерін бөліп көрсеткісі келсе (мысалы, көші-қон, жайылымдық жерлерді белгілеген кезде), өздерін осы болыстардың атымен аталатын руларға жатқызып келген. Руаралық дау-дамай кезінде бұл екі тармақ Шаншар руының өкілдері ретінде ортақ ата атынан өкілдік еткен.

Сонымен қазақ шежіресінде туыстықты ата жолымен ғана емес, ана жолымен де есептеудің бір көрінісі осындай.

Қазақ тайпаларының рулық-тайпалық құрылымында әр түрлі таксономиялық жіктердегі рулар жеке адамдардың есімдерімен, сонымен қатар олардың лақап атымен, кей жағдайда тіпті өз таңбаларының (рулық белгілерінің) белгі атауымен аталған. Мысалы, жоғары шекті және төмен шекті рулары өз атауларын таңбаларының бейнесіне байланысты алған (қараңыз: 2-кесте). Арғын тайпасының ортақ таңбасы  $\bigcirc\bigcirc$ , ал жоғары шекті руының таңбасында жоғары қаратып салынған сызықша  $\text{bo}$ , ал төмен шектілерде төмен қаратып салынған —  $\text{po}$  сызықша бейнеленген.

Аталған Арғын рулары жоңғарлар шапқыншылығы кезінде Сәмеке ханмен бірге орыс шекарасына қарай көшкен.

Қаракесек руының атауы — лақап ат, ал рудың негізін қалаушының шығу аты — Болатқожа.

Бір аңыз бойынша, Болатқожа Арғынның күңінен туған да, енді бір аңызда: ол Кіші жүзден келіп, Арғын руларына қосылған.

М. Тынышбаев соңғы жорамалды дұрыс деп есептейді және рубасы Қазыбек би (ол жөнінде жоғарыда айтылды) тұсында Қаракесек руының күшейгені туралы айта келіп, бұл орайда найман тайпасынан шыққан ақынның мынадай өлеңін келтіреді:

Қаракесек қап-қара күңнен туған,  
Қазыбек би болып бетін жуған.

Қаракесек руының мысалынан біз, бір жағынан, жаңа этникалық элементтердің басқа бір рулық-тайпалық бірлестік құрамына қосылуының үлгісін, ал екінші жағынан — ру аты болып оның негізін салушының емес, лақап атының орнығуын көреміз.

Қаракесек руының кейінгі таксономиялық жіктерінде де лақап ат бар. М. Тынышбаев келтірген арғындар шежіресінің Шәкерім Құдайбердіұлы т. б. алға тартқан шежірелерден біршама айырмашылығы байқалады. М. Тынышбаев шежіресіне сәйкес Қаракесектің Бошпан және Таңас деген екі ұлы болған (11-кесте). Соңғысының Шор деп аталып кеткен немересі — Батыр. Оның ұрпақтары қаракесектер арасында ең көп және ең күштісі болғаны жөнінде М. Тынышбаев қазақтар арасында айтылып жүрген мынадай жолдарды келтіреді.

Қаракесек Шормыз,  
Құдайдан да зормыз.

\* \* \*

Рулық-тайпалық құрылымға талдау жасаған кезде құрылымның жоғары деңгейі мен төменгі көп сатылы ұрпақ құрылымына тән аңыз-генеалогияны ажырата білу керек. Бірінші жағдайда: ол — жалған, генеалогиялық сипатта, этникалық сана-сезім мен идеология ықпалында қалыптасқан.

Екінші жағдайда: көп сатылы рулық-тайпалық құрылым әр түрлі таксономиялық деңгейлерге бөлінеді және олардың әрқайсысын белгілі бір тарихи кезеңге жатқызуға болады.

Рулық-тайпалық құрылымда ұрпақтардың дәйекті байланысы жоқ. Бұл құрылымда (жоғары жіктерінде де, төменгілерінде де) кейбір буындар жоғалып кеткен, ұрпақ байланысы үзілген тұстары да ұшырасады.

Таксономиялық жіктердің құрылуы халық санының табиғи өсуіне, әулеттердің, қауымдардың бөлшектенуіне байланысты, өз кезегінде, келесі бөлшектенуді бастап береді. Бұл құбылыс жаңа шаруашылық қауымдарының көшпенді және жартылай көшпенді мал шаруашылығының (белгілі бір аумақтағы мал басының санына қарай) ерекшеліктері салдарынан осы жаңадан құрылған қауымдардың біршама оқшауланған топтарына немесе патронимия қатынастарына байланысты топтарға бірігуіне мәжбүр етеді.

Жаңадан құрылған топтар туыстық есебін осы шаруашылық бірлестігін қалыптастыруға мұрындық болған адам-

нан бастайды. Сонымен қазақ шежіресінде туыстықты бастаудың жаңа таксономиялық жіктері патрилиндждер мен матрилиндждер ықпалымен қалыптасқан дейміз.

Шынына келгенде, әрбір таксономиялық жік — жаңа рулардың жиынтығы, олардың атаулары бір атадан тараған және ата тегі — патрилиндж, бір анадан тараған матрилиндж тұрғысында белгіленген. Бұл орайда арғы атасының есімі этникалық сана-сезім мен идеологияның ықпалымен патронимияның көптеген мүшелерінің есінде сақталып қалады. Рулық-тайпалық құрылымды, халық зердесінде сақталып қалған аса көрнекті қайраткерлер туралы аңыздар мен жырларды тарих үшін сақтап қалған да сол дәстүр.

Әр түрлі таксономиялық жіктерді зерттей келе түрлі рулардың құрылған кезеңін, олардың мекендеген жерлерін, экономикалық және әлеуметтік өмірдегі бір-бірімен өзара қатынасын, жалпы алғанда — қазақтар тарихына қатысты т. б. көптеген мәселелерді анықтауға болады.

## ІІ т а р а у

### XVIII ЖӘНЕ XIX ҒАСЫРДА ОРТА ЖҮЗ РУ- ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ОРНАЛАСУЫ

Қазақ халқының пайда болған кезінен бастап оның тарихы сыртқы дүниемен өзара тығыз байланысты болды. Қазақ, Астрахан және Сібір хандықтарын бағындырғаннан кейін (XVI ғ.) Орыс мемлекетінің шекарасы көшпелі қазақтармен тоғысты; Қазақстанның шығыс шекарасында Жоңғар хандығының агрессиясы күшейді; қазақтардың Орта Азия хандықтарымен өзара қатынастарында үздіксіз шапқыншылықтар мен соғыстар орын алды.

Сөйтіп, XVIII ғасыр қауырт оқиғалармен басталды. Бұл кезеңдегі қазақ хандықтарының Ресей, Жоңғария сияқты көршілерімен өзара қатынасындағы екі бағытты атап көрсетуге болады.

#### 1. Ресейдің Қазақстанға енуі

Кейінгі орта ғасырлар дәуірінде қуаттана түскен кез келген мемлекет сияқты Ресей империясы да енді сауда жолдарын, шикізат базаларын, өнім өткізу рыноктарын жедел түрде іздестіруге ұмтылды. Бұған жету үшін басқа көршілес елдердің аумағына еніп, мүмкін болған жағдайда жаңа жерлерді қосып алу қажет болды. Бұның өзі бір жағынан жаңадан қосып алған жерлерден алынатын алым-салық арқылы өз қазынасын толықтыра түсуге мүмкіндік беретін еді.

«Өлкені орыстар отарлаған кезде,— деп жазды XX ғасырдың басындағы авторлар,— екі жағдайды: мұнда ерікті отаршылардың пайда болуын және олардың ізімен үкімет жасақтарының жылжуын аңғаруға болады. Ерікті отарлау ауыр тұрмыс жағдайларынан немесе баюдың оңай әдісі үшін қанқан шаруалардың, қылмыскерлердің, сектанттар мен әр түрлі қашқындардың пайда болуына байланысты жүзеге асырылды. Бұл жөнінен олардың мейлін-



ше назар аударған жерлері Оңтүстік Орал мен елдің Солтүстік-шығысы еді. Бұл жерлерде XVI, XVII және XVIII ғасырларда осындай аты-жөні беймәлім мыңдаған адамдар жиналды. Яки бейтаныс елге ілгерілей түсіп, «жер көру» жөніндегі ой туды».

Ресей, Қазақстан тарихында аты ерекше аталатын Ермак та осындай жасақ басшыларының бірі болатын, ал оның жеке басы мен отаршылдық іс-әрекетін кейбір зерттеушілер барынша боямалап көрсетіп, дәріптеп келді.

Қазақ даласына жоспарлы түрде ену XVIII ғасырда басталды және ол патша өкіметінің нысаналы мемлекеттік саясатының өзегіне айналды.

Қазақстанды отарлау екі бағытта: оның батыс бөлігі (Кіші жүз) мен шығыс (Орта жүз) бағытында басталды. Біз зерттеп отырған тақырып Орта жүз болғандықтан, енді Ресейдің осы жаққа өту процесіне шолу жасайық.

Патша үкіметі дала өңірінде тірек пункттерін жасамайынша, осы бір беймәлім, бірақ қай жағынан болса да бай өлкені қосып алу мүмкін еместігін түсінді. 1598 жылы Көшім хандығының соңғы иеліктерін (қазіргі Есіл-Ертіс даласы) бағындыруды осы отарлау саясатының басы деп санауға болады.

XVIII ғасырдан бастап Ресей казактардың бекіністі шебін құруға кірісті. Олар қазақ даласын осы шептермен қоршап алып, қамал-бекіністер салу арқылы ішке қарай сұғына енуді жоспарлады.

XIX ғасырдың 70-жылдарында Ф. Усов осы шептердің құрылуы туралы былай деп жазды: «Сібір казак қоныстарының тұтас тізбегі Орынбор казак әскерінің шегінен Сібір поселкесінен (№ 73) бастап, шығыс бойлығымен батыстан тура шығысқа қарай бағытталып. Омбы қаласына дейін (шығыс бойлығындағы 91°) жетеді, солтүстік ендігінің 50° географиялық параллелін бойлай өтеді, бұл шеп Есіл, Пресногорьков немесе Горькая шептері, сондай-ақ әскердің оң қанаты деп аталады; Омбыдан оңтүстік-шығысқа қарай күрт бұрылып, ол географиялық ендіктің 6-градусы арқылы, Азиядағы ұлы өзендердің бірі Ертістің оң жағалауын бойлай созылып жатыр; солтүстік ендіктің 49-градусы маңында солтүстік-шығысқа, Бұқтырма өзенінің тау аңғарына қарай бұрылады да, сол арада, 103°34, шығыс бойлығы маңында, Қытай шекарасына жақын жерде жаңадан салынған Урал поселкесімен аяқталады. Омбы мен Өскемен арасында казак шебі Ертіс, ал одан әрі оңтүстігінде Бұқтырма шебі деп аталады, олардың екеуі қосып алғанда (Сібір — М. М.) әскердің сол қапатын құрай-

ды. Сібір казактары шебінің Сібір поселкесінен Урал поселкесіне дейінгі жалпы ұзындығы географиялық бойлық бойынша 20° немесе ені 10 шақырымнан 30 шақырымға дейін жететін 1801  $\frac{1}{4}$  шақырым болады».

Сібір әскерлері казак қоныстарының орнығуы XVIII ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап, жүз жылдан астам уақытқа созылды.

Ертіс өзенін бойлай бекіністер салған кезінде қазақтардың иеліктеріне басып кірген жоңғарлар тарапынан қарсылыққа душар болды. Жоңғарлар Бухгольдтің үш мың адамдық әскерінің Ямышев көлі жанына бекініс салғаннан кейін Ертіс өзенін бойлай жоғары қарай жылжуына кедергі жасап, Ом өзенінің сағасына қайтып оралуға және сол жерде бекініс салуға мәжбүр етті.

Алайда жоңғарлар тұрақты әскерлердің ілгері жылжуына төтеп бере алмады. Ертіс бойында Семей бекінісі (1718) және Өскемен қамалы (1720) салынып, Ертіс бекіністі шебінің негізі қаланды.

Солтүстік жағынан Қазақстан аумағы оның шығыс бөлігінен (Орта жүздің жері) Горькая шебімен, Петропавл қамалымен және Омбы қамалынан Орынбор қамалына дейінгі бекіністер мен редуттар арқылы қоршап алынды, ал оның арғы жағынан Кіші жүздің жері басталатын.

## 2. Жоңғар шапқыншылығы

Егер Ресей қазақ даласына үлкен қантөгіссіз-ақ ішкі аймақтарға бекіністер салу, шеп құру арқылы (Ертіс, Горькая) енсе, ал жоңғарлар «берсең — қолыңнан, бермесең — жолыңнан» дегендей бірден күш көрсетіп, қазақ жеріне ащ қасқырдай ұмтылды, халқын қанға батырды. Бұл шапқыншылық қазақ тайпаларының батысқа қарай қойдай ығып, жөккіле көшуіне әкеп соқтырды, өйткені жеке-жеке бытырай қоныстанған олар жоңғарлардың ұйымдасқан тегеуірінді күшіне төтеп беріп тұра алмады.

Жоңғарлардың қазақ даласына баса көктеп кіруі сонау XVII ғасырдың бас кезінде-ақ басталған еді. 1621 жылы Есіл өзеніне казактардың отряды жіберіліп, олар қайтып келгеннен кейін «өздері далада түрлі бағыттарда жүрген қалмақтар ізінің көп екенін хабарлады». 1623 жылы Тобыл воеводасы Матвей Годунов (Толай тайшамен байланыс орнату үшін Дмитрий Черкасов бастаған елші жіберді. Черкасов «Толай тайша Қазақ ордасының жерінде, Көбік таудың маңында», яғни Алатаудың маңында деп жеткізген.

1637 жылы тайшаға жіберілген орыс елшісі «Ертіспен қайтып келе жатқан жолында өзі Железинка өзеніне дейін көптеген қалмақ адамдары мен олардың ұлыстарын көргенін, олардың тұсынан үш күн жүргенін» хабарлаған.

Сібірде орыс бекіністерінің болуы және әсіресе XVIII ғасырдың бірінші ширегінде Ертіс бойына бекіністер салуы негізінен жоңғарлардың Орта жүз тайпалары мекендеген Орталық және Солтүстік Қазақстан даласына кеңінен енуіне жол бермеді.

1716 жылы Орта жүздің сұлтаны Қайып хан Тобылға жіберген Бекболат Екешев пен Байдәулет Бөриев Сібір губернаторы кінәз Гагаринге былай деп мәлімдеді: «Ол, Қайып хан, ұлы мәртебелі патшамен мәңгі тату болғысы келеді, ал ол, Қайып хан, қонтайшымен көптен бері жау, ал қазір өз елшілері аттанып кеткеннен кейін он немесе он бес мың әскермен оған қарсы соғысқа аттанғысы келеді».

Кінәз Гагариннің 1718 жылдың жазында Қазақ ордасына қазақтардың қалмақтармен соғысы туралы білу мақсатымен жіберген Б. Брианцев деген адамы «Қысқы Ангус өзені жанында» (сірә, Аягөз болса керек — М. М.) қазақтардың 30 мыңдық әскерінің жеңіліс тапқанын, сондай-ақ қалмақтардың 1718 жылдың көктемінде жорық жасап, қазақтардың «Боқан, Шаян, Арыс деген үш өзені бойында» жеңіліске ұшырағанын хабарлаған.

Бұл арада мынаны атап өткен жөн. XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың бас кезінде қазақтар үш жүзге, бірнеше хандыққа бөлініп жатқан еді, яғни біртұтас мемлекет болған жоқ, ол жоңғарлардың шапқыншылығына қарсы тұруға үлкен кедергі болды.

«XVIII ғасырдың алғашқы онжылдығы, — деп жазды Ш. Ш. Уәлиханов, — қырғыз (қазақ — М. М.) халқының өміріндегі сұмдық уақыт болды. Жоңғарлар, еділ қалмақтары, жайық казактары және башқұрттар жап-жақтан ұлыстарын талап-тонап, малын айдап, көптеген қырғыздарды тұтас әулетімен тұтқынға алып кететін. Қақаған қыс, аштық пен жалаңаштық, аспаннан түскен сынақ сияқты, олардың қайғы-қасіретін еселей түсті».

Бұдан әрі Ш. Ш. Уәлиханов 1723 жылы жоңғарлардың қазақтарды қырып салғаны жайында жазады. «Құтырылған жоңғарлар түре қуған» Орта жүз қазақтары Самарқанд маңынан барып шықты, олардың бірқатары «көмек пен қамқорлық» іздеп, құдіретті Ресей шекарасына жақын қоныстанды.

Қазақтарлы біртұтас жасаққа біріктіру ғана жоңғар

шапқыншылығынан құтқарар еді. Халық батырлары: Кіші жүзден — Тайлақ, Орта жүзден — Қабанбай мен Бөгенбай, Ұлы жүзден — Саурық батырлар осындай бірліктің негізін қалады.

Ұлы Бұқар жырау бір толғауында жоңғарларға қарсы күреске белсене қатысқан батырлар руын атап көрсеткен: қаракерей Қабанбай (Найман тайпасынан — М. М.), қанжығалы Бөгенбай (Арғын), шақшақ Жәнібек (Арғын), шапырашты Наурызбай (Ұлы жүз), тағы басқалар.

Қабанбай батыр (ержүректігі мен ақыл-парасаты үшін) ерекше беделді болған. Ол Аягөз төңірегінде туған. Бүкіл-халықтық апат кезінде (1723) ол, аңыз бойынша, 31 жасқа толған екен. Демек, батыр 1692 жылы туған. Ерлігі мен оның жеткен жеңістері үшін ол «Дарабоз» (ердің ері) аталған, ал Абылай оны хан-батыр деп те атаған. Қабанбай батыр беделінің зор болғаны сонша, ол ауырып жатқанда қартайған Бұқар жырау оған барып, көңілін сұрай отырып, тез айығуына тілек білдірген.

Қаракерей Қабанбай туралы Ш. Ш. Уәлиханов та былай деп жазған: «Қарасақал (Шона) содан пана тауып, соның көмегімен найман ұрпақтарынан басқаруға шағын үлес алған...».

Сөйтін үш жүздің барлық батырлары тізе қоса отырып 1726 жылы Торғай даласының оңтүстік-шығысында жоңғарларға қатты соққы берді. Бұл оқиға халықтың рухын көтерді, ал оларды ойрандаған Қараспыр деген жер «Қалмақ қырылған» деп аталып кетті. 1730 жылы қазақ жасақтары қалмақтарды тағы да ойсырата жеңіліске ұшыратып, олар шегінуге мәжбүр болды.

### 3. Ресей бодандығына түсу

Бұдан бұрын, XVI ғасырдың аяғынан бастап, бодандыққа кіргенге дейін қазақ хандары мен Ресей патшалары арасында өзара әскери одақ туралы, Ресей бодандығына кірудің шарттарын анықтау тапсырылған қазақ елшіліктерін жіберу туралы келіссөздер жүргізіліп, Мәскеу мемлекеті қазақ хандықтары мен Ресей арасында сауда қатынастарын орнату және т. б. туралы мәселелер біршама қолға алынып та қойған-ды. Дегенмен, жалпы алғанда, негізгі қарым-қатынас келіссөздер жүргізу мен бір-біріне елшіліктер жіберуден әрі аспаған болатын.

XVIII ғасырдың басында орыстар бекіністі қоныстар шебін жасап, ал кей жерлерде қазақ даласына сұғына еніп жатқан кезде, қазақтарға жоңғарлар тарапынан қауіп төн-

ген тұста Ресей бодандығына кіру туралы Кіші жүз ханы Әбілқайырдың императрица Анна Иоанновнаға жолдаған хаты (1730) белгілі.

Сыртқы істер алқасы Әбілқайыр ханнан басқа тағы да екі хан — Барақ пен Әбілмәмбет бар деп көрсетті. Соңғылары Орта жүздің сұлтандары, жоңғарларға қарсы соғысқа белсене қатысушылар еді. Барақ және Әбілмәмбет сұлтандардың қарамағындағы қазақ рулары, әлгі құжатта көрсетілгеніндей, Ұлытау мен Кішітау маңында, Сырдария, Сарысу, Торғай өзендері бойында, Қарақұмда, яғни Орта жүз жерінің батыс бөлігінде көшіп жүретін.

1731 жылғы 19-ақпан Кіші жүз қазақтарының Ресей бодандығын алған күні деп есептеледі. Императрица Анна бұл жөнінде Әбілқайыр ханның атына жолданған Грамотаға сол күні қол қойған еді.

Ал, Орта жүздің Ресейге еріксіз қосылуы тұтас бір ғасырға созылып, XIX ғасырдың бірінші жартысында аяқталды.

Қазақстанда қалыптасқан патриархалдық-феодалдық қатынастар жағдайында, рулық-тайпалық ұйым институттары әлі де күшті болып отырған кезде, сұлтандардың сесті де жеке дара ықпалдылығына қарамастан, Ресей бодандығын қабылдау мәселесінде сол сұлтандардың пікірі бәрібір шешуші рөл атқарды. Олардың саны көп еді және бодандық туралы мәселенің шешілуі көбінесе осы сословиенің белгілі бір тобының үстемдігіне, белгілі бір адамның күші мен беделіне байланысты болатын.

Сонымен бірге халықтың салт-сана, мінез-құлық ерекшеліктерін де ескермеуге болмайды, нәсілдік жағынан да, діни көзқарасы мен мәдениеті, тұрмысы жағынан да көп айырмасы бар мемлекеттің бодандығына кіру қазақтар үшін оңай іс емес-ті. Тіпті ру, тайпа ішіндегі даулар да кейде шешуі қиын іс болып отырғанда, ділі басқа, тілі басқа жұрт тарапынан қандай қамқоршылық күтуге болады? Ал қазақтардың Ресей бодандығына кіруі немесе оған қарсы болуы көп жағынан солардың ерік-жігеріне байланысты еді.

1734 жылғы 10-маусымда императрица Анна Иоанновнаның Грамотасымен «Сәмеке ханға, старшындарға және бүкіл Қайсақ Орта ордасының әскерлеріне оларды Ресей бодандығын алғаны бекітілді» деп хабарланды.

Орынбор экспедициясының бастығы И. Кирилловтың баяндама хатында (1836) Орта жүз өкілдері: Ырғыз өзенінің жоғарғы басында көшіп жүретін Жәнібек батыр, Торғай өзені бойындағы Барақ сұлтан, Ертіс өзені маңай-

ындағы Әбілмәмбет сұлтан Ресей бодандығын растағаны жайында айтылады.

1740 жылғы тамыз айында Әбілмәмбет хан ұлы мәртебелі императрица ағзамға «өзінің бүкіл үрім-бұтағымен және ордасымен бірге мәдгі адал және бағынышты» болатынына ант берді. Оның інісі Абылай сұлтан да өзіне бағынышты адамдармен бірге Ресей боданы екенін қуаттады.

1742 жылы 23-маусымда императрица Елизавета Орта жүз қазақтарын тікелей Ресей бодандығына қабылдау туралы грамотаға қол қойды.

Барлық үш жүздегі бірсыпыра қазақ руларының ант беру парағы бойынша (1742 жылғы тамыз) Орта жүздің қандай тайпалары мен рубасыларының ант бергенін білуге болады. Негізінен Арғын тайпасының жан басы көп: Шақшақ, Айдабол, Атығай, Төртұл, Қарауыл, Алтай рулары; Керей, Уақ, Найман және Қыпшақ тайпаларынан азын-аулақ рулары бодан болған.

1742 жылғы қараша айында бүкіл ордасымен, атап айтқанда, қырық мың шаңырақ Найман руымен Барақ сұлтан Ресей бодандығын қабыл алады.

Орта жүздің қазақ тайпалары ішінен бәрінен кешірек бодандыққа бас сұққан — қоңыраттар. Олар 1745 жылғы қазан айында ант берді. Қоңырат тайпасы руларының бодандыққа кіруі ХІХ ғасырдың орта шеніне дейін созылды. Мысалы, 1848 жылы Орта Азиядан Ақмола ішкі округіне келген 274 шаңырақ (786 адам) қоңыраттар Ресей бодандығына қабылданды. Сол жылы оларға тағы да 61 шаңырақ (193 адам) қосылды.

ХІХ ғасырдың орта шеніне дейін созылған Ресей бодандығын алу процесі Орта жүздің барлық тайпасына тәп болды. Мысалы, 1840 жылы Уақ тайпасының Шақа (2588 шаңырақ), Сарман (712 шаңырақ) рулары Ресей бодандығына қабылданып, Аягөз округінің құрамына енгізілді.

1839 жылдан 1849 жылға дейінгі кезеңде Ресей бодандығына 2000 шаңырақ Қыпшақ, Арғын тайпасының Қарауыл руынан 800 шаңырақ т. б. қабылданды.

Ресей бодандығына ХІХ ғасырдың екінші жартысында да қабылданғандар болды. Мысалы, 1865 жылы Найман тайпасының Қызай және Байжігіт болыстары ант берді. Бодандықты бұлайша кеш қабылдау Қазақстанның Қытаймен және Орта Азия хандықтарымен шекаралас аудандарының көбіне тән болды. Көптеген (саяси, әскери, экономикалық) себептерге байланысты қазақ рулары Қазақстан шегіне қайтып оралып, жайылым, жер учаскеле-

рін алу үшін де олар Ресей қол астына еруге мәжбүр болды.

#### 4. Қазақ жерін жоңғарлардан азат ету және ру-тайпаларды орналастыру

Енді негізгі мәселені айту үшін жоңғар шапқыншылығы кезінде жан-жаққа бытырай көшуге мәжбүр болған қазақ тайпалары мен руларын XVIII ғасырда өз жеріне қайта орналастыру мәселесіне тоқтала кету орынды.

Орынбор экспедициясының бастығы И. Кириллов Орта жүз көшіп жүретін бірнеше ірі аймақтарды: Торғай өзенін, Ырғыз өзенінің бас жағын және Ертіс өзені бойын бөліп көрсетіп, оны императрица Аннаға (1734) және Сыртқы істер алқасына (1736) хабарлаған болатын.

И. Кирилловтың бұл мәліметтеріне қоса А. П. Тевкелев Орта жүз көшіп жүретін Тобыл мен Есіл өзендері бойындағы, Ертістің бас жағындағы және Көктау (Көкшетау — М. М.) алқабындағы аймақтарды қосады.

Иван Лапин мен сақмар қазағы Мансұр Асановтың айтуында да Орта жүз қоныстарындағы осы жерлер сөз етіледі (1743).

Орта жүздің бұлайша қоныстануы қазақтардың жоңғарларға қарсы күресінің, сондай-ақ Жоңғар хандығын 1745 жылы Циндік Қытай талқандауының нәтижесі еді.

Бірақ бұл арада қазақ руларының бұлайша қоныстануына Қазақстанның шығыстағы шет аймақтарын әлі де иеленіп отырған ойраттармен және Іле, Ертіс өзендері бойындағы жерлерге әскерлері жиі бас сұға берген қытайлар мен қазақтардың өзара қатынастары ықпал еткенін атап өткен жөн. Қытай тарихшысы Вэй Юань ойраттардың төрт хандығы (дұрысы — ұлыстары — М. М.): орталығы Іле өзенінде болған чоростардың, орталығы Үрімшіде болған хошоуттардың, орталығы Ертісте болған дөрбіттердің және орталығы Ярда (Тарбағатайда) болған торғаумттардың хандықтары туралы хабарлаған.

Осындай жағдайда Абылай сұлтан (1771 жылы үш жүзге хан болып жарияланды) ойраттардың ру ішіндегі және әулеттер арасындағы қырқыстарын пайдаланып (бірде Давациді, бірде Әмірсананы және т. б. қолдап), сонымен бірге күшейе түскен Циндік Қытаймен ашық жанжалға бармай, өзінің нағыз саясатшы екенін көрсетті.

Қытай ұлықтарының атап көрсетуінше, XVIII ғасырдың орта тұсында қазақтардың көшіп жүретін жерлері: Іле өзенінің солтүстік-батысында болып, содан соң олардың көбі біртіндеп солтүстік-шығысқа дейін жеткен.

XVIII ғасырдың орта шеніне қарай Ертістің солтүстік жағасында да олардың Әмірсана қоныстарымен шектесіп жатқан жерлері болған. Алайда қазақ әскерлері Даваиден жеңіліп қалады, бірақ бірнеше айдан кейін Абылай Батәм-Церемен (Әмірсананың бауыры — М. М.) одақтасып, 10 мың әскерді бастап барып, Даваидің Бөріталдағы қонысын шабады.

Даваидге қарсы күресте Абылай Қытайдың қарсыласы Әмірсанаға қолдау жасады. Цин императорлары Абылаймен тіл табысуға барын салып, оны өз вассалы етуге тырысқан, мұны өзара хат алысып, елшілік жіберуден көруге болады.

Осы дипломатиялық айла-шарғылардың бәрінде Абылай бір мақсатты — ежелгі қазақ руларына ежелгі жерлерін қайтарып әперуді көздеді. Мысалы, Қытай сарайынан жіберілген құжатта (1757 жылғы қараша) былай деп хабарланған: «Сіздің (Абылай сұлтанның — М. М.) елшілеріңіз Тарбағатайды сіздердің ежелгі қоныстарыңыз (аудандарыңыз) болып табылады деп, (осы жерді) сыйға тартуды сұрады».

Алайда император Цяньлун әскери кеңеске (1760 жылғы сәуірде) Тарбағатайда қазақтар көшіп жүр деген мәлімет бар дей келіп, «оларды (Тарбағатай) бұл арадан тыс жерлерге дереу қуып тастауға» әмір берді.

Бұл арада қазақтардың ойраттармен және қытайлармен өзара қатынастарын егжей-тегжейлі қарастырып жату қажет емес, тек қана мынаны айта кеткен жөн: күрес пен дипломатиялық келіссөздер ұзақ жылдарға созылды және сайып келгенде, басқыншыларды Шығыс Қазақстан аумағынан ығыстырып шығарумен тынды. Алайда олардың қайтып оралуы ұзаққа созылды, қазақ руларының орыс бекіністерінен қорған табуы сирек кездесті, дегенмен, XVIII ғасырдың екінші жартысында көшіп-қону процесі елеулі болды. Сондықтан XVIII ғасырда қазақ тайпаларының қоныстануын қарастырған кезде этникалық процестің осы жағын да ескеру керек.

Қазақ тайпаларының, рулары мен олардың аталарының қоныстануы халық шежірелері мен аңыздарына, архив құжаттары мен әдеби басылымдарға негізделген.

## АРҒЫН

Шәкерім Құдайбердіұлының халық аңыздары мен қазақ шежіресіне негізделген дастандарынан жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қазақ тайпаларының көшу жолдарын біршама аңғаруға болады.



Қалқаман мен Мамырдың махаббаты туралы қайғылы хикаясын Ш. Құдайбердіұлы қазақтардың жоңғарларға қарсы күресі жағдайында өрбітіп, халықтың жадында қалған адамдардың есімдерін атайды. Дастанға сәйкес, 1722 жылы қазақтар жоңғар шапқыншылығы салдарынан көшіп барып, Сырдария бойын мекен еткен. Арғындардың ел ағасы сол кезде 95 жастағы Әнет баба болған. Дастан авторының жетінші атасы Әнет бабаның інісі Әйтек еді, таксономиялық жіктерді айқындау мен ұрпақтар аралығындағы уақыт шамасын анықтау кезінде бұл да маңызды: Шәкерім 1858 жылы туған, ал оның жетінші атасы (Әйтек) Әнет бабаның замандасы. Демек, бір ұрпаққа 25—30 жылдан келеді. Бұлайша «жыл есептеу» шежірелерді тарихи деректеме ретінде пайдаланған кезде қажет, өйткені патронимия, рулардың бөлшектенуі, жаңа рулардың пайда болуы мәселелерін т. б. сол бойынша анықтауға болады.

Дастанда бүкіл Тобықты руын қалмақтарды жеңуге байланысты тойға шақырған Сәмеке хан да аталады. Сырдария бойында тобықтылардан басқа Арғын тайпасының Қанжығалы, Бәсентіін, Атығай, Қарауыл рулары мекендеген (қараңыз: 2-кесте).

Ш. Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» дастанында да қазақ руларының ауа көшуі мен олардың жоңғарларға қарсы күресі тіптен көбірек айтылады.

Дастанға сәйкес, «Ақтабан-шұбырынды...» аталған 1723 жылғы қалмақтардың ойраны себепті Шақшақ руынан шыққан Жәнібек батыр бастаған арғындар Сырдария жағасынан кетіп, Шу өзенінің жағасына, Саумалкөл төңірегіне қоныстанды және одан әрі Орталық Қазақстанда — Есіл, Нұра, Сарысу өзендерінің аңғарларына, шығысында — Қарқаралы тауларына, батысында — Ұлытау маңы мен Шалқар көлінің төңірегіне қоныс тепті.

Арғын тайпасының ірі атасы — момындарға енетін Атығай, Қарауыл, Қанжығалы, Тобықты және Бәсентіін рулары өз қыстауларын Қазақстанның солтүстігіндегі Ор, Елек, Ойыл, Қиыл өзендерінің жағаларын бойлай орналастырып, жаз кезінде Мұғалжар тауларындағы жайылымға шығып жүрген.

Әбілқайыр хан бастаған Кіші жүз қазақтары Жайық өзені аймағына көшіп барып, 1731 жылы Ресей бодандығын алды.

Дастанда баяндағанындай, мұны естіп, орыстардан қорыққан момындар Мұғалжардан кетіп, Ырғыз бен Торғай өзендерінің бойына барып қоныс тепкен.

Сол кезде Әбілмәмбет хан қалмақтарды талқандап, басқыншылардан көп малды тартып алады.

Орта жүз ханы Сәмеке мен Абылай сұлтан да барлық жүздің көп қазақтарын жинап, қалмақтарды талқандап, Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағы — Тарбағатай тауларына жетті, қалмақтарға қарсы күреске найман тайпасының Қаракерей, Матай руы белсене қатысты (қараңыз: 3-кесте).

Жеңіліс тапқан қалмақтар Нұржайсан және Шәуешек деген жерлер арқылы қашып, қазақтар ата қонысы — Арқа даласын қайта иеленді.

Шыңғыстау төңірегі қалмақтардан азат етілгенін матайлардан білген соң Жеті Момын бірлестігіне енетін рулардың бір бөлігі (Атығай, Қарауыл және Бәсентиін — қараңыз: 2-кесте) осы таулардың төңірегіне келіп, қоныс тепті.

Жеті Момын бірлестігі руларының бір тобы да Қанжығалы руынан шыққан Кеңгірбай және Қараменде (қараңыз: 2-кесте) билердің айтқанына көніп, Шыңғыстау жағына бет алды. Қанжығалылар Шыңғыстауға Матай руының орнығып алғанын естіп, жарты жолда — Шу өзенінің бойына қоныстанып қалды да, Тобықты руы одан әрі жүре отырып, аңсаған тауларына 1780 жылы әзер жетті.

Сонымен, Шәкерім Құдайбердіұлының қазақ шежіресіне негізделген мәліметтеріне сәйкес, Арғын тайпалары руларының Сырдария бойынан Мұғалжарға, Орталық Қазақстан даласына, одан әрі шығысқа қарай Шыңғыстау мен Тарбағатай сілемдеріне дейін көшіп барғанын көруге болады.

XVIII ғасырдағы архив құжаттарының көпшілігінде Орта жүз қазақтары қоныстанған жекелеген аймақтар ғана көрсетіледі, ал егер тайпалар мен рулардың жері туралы айтылар болса, ол жерлер сұлтандардың, батырлардың, билердің есімдерімен байланыстырылады.

Мысалы, генерал-майор А. И. Тевкелев пен алқа кеңесшісі П. Рычковтың хабарында (1758) былай делінген: «Сол Орта орданың адамдар саны осындағы, яғни Кіші ордаға қарағанда әлдеқайда көп әрі байырақ, олар Үй және Сібір шебінен Түркістанмен шектесе отырып, Жоңғар иеліктерінің өзіне тақау көшіп жүреді».

Қазақ қоғамы мен Орта жүздің феодалдық бытыраңқылығы жайында жоғарыда айтылды. Тіпті, Ұлы жүз ханы Әбілмәмбет билігінің өзі де нақты болмады, ол кейінгі ортағасырлық дәуірдің көрінеу белгісі сияқты, символ-

дық тұрғыда ғана билік етті. Сөйтіп, оның билігі өзімен бірге көшіп жүретін қазақ руларына ғана тарады. Деректерде кезінде Әбілмәмбет ханды Сәмеке ханның ұлы Есім хан Түркістаннан қуып жібергені беделі зор Қазыбек бидің айтуымен ғана 1762 жылы Түркістанға қайтарылып, Есім ханмен Түркістан билігін бөліскені айтылады. Қазақстанның феодалдық зор бытыраңқылықта болғанын осының өзі-ақ көрсетсе керек.

XVIII ғасырдың екінші жартысында, жоңғарларды қазақ иеліктерінен біржола қуып шығу кезеңінде Абылай сұлтанның беделі зор болды, бірақ оның өзі де «Қырғыз-қайсақтардың Орта ордасында бір ғана Атығай руын иеленіп, өзге руларды басқа сұлтандар мен ақсақалдар басқарған» еді.

Егер жоғарыда аталған феодалдар қарамағындағы қазақ руларының орналасқан жерлері жайында айтар болсақ, Әбілмәмбет Алтай-арғын (қараңыз: 2-кесте) руымен бірге Елек өзенінің бас жағында көшіп жүрген де, қыстығуі Түркістанда — қазақ хандарының қонысында орын тепкен.

Сібір губернаторының міндетіп атқарушы генерал-майор фон Фрауендорфтың Сыртқы істер алқасына берген рапортында (1763 жылғы 11-наурыз): Сібір шебіне жақын жерде көшіп жүрген Орта жүз «ұлыстары сапының көп» екені айтылады, «біздің Жоғарғы Ертіс бекіністеріміз маңында Абылай сұлтанның Атығай ұлысы, Қазыбек би старшынның Қаракесек ұлысы (Ямышев бекінісі маңында), Әбілпейіз сұлтанның Алтай-Қарнық-арғын ұлысы, Тәуке сұлтанның (Сәмеке ханның ұлы) Төртұл ұлысы, Сұлтанмәмет сұлтанның Қыпшақ ұлысы (Железинка бекінісі маңында) көшіп жүр, Қазыбек би қартайғаны себепті өз ұлысын ұлдары Бекболат пен Сырымбетке (Сырымбетейге) беріп, өзі Қаракесек ұлысының бір бөлігімен бірге Ерейментауға жақын Есіл өзенінің бас жағындағы Далба тауын қыстайды.

Қазыбек би бастаған Қаракесек руы Орталық Қазақстан мен Ертіс өңіріне Орта Азиядан, Самарқанд жағынан келген, ол жақта А. И. Тевкелев пен арғындардың Шақшақ руынан шыққан Бөгенбай батырдың хабарларына қарағанда (1748), қаракесектердің 4000 шақырағы көшіп жүрген.

Жалпы алғанда, қайсыбір ру немесе тайпа жайында айтар болсақ, олар түгелдей бір адамның иелігінде болмаған, қайта белгілі бір сұлтанмен, батырмен, бимен бірге бөлек-бөлек көшіп жүрген. Қаракесек руы да сондай: оның

бір бөлігі Қазыбек бимен, басқалары Барақ сұлтанмен т. б. бірге жүрген еді. Атығай руының да бір бөлігі Абылай сұлтанмен бірге ілесіп жүрсе, басқа бір бөлігі Құмары батырмен және т. б. бірге болған.

Сонымен қатар белгілі бір адамның қарамағына әр түрлі рулар, тіпті тайпалар кірген. Мысалы, Әбілқайыр ханды өлтіргеннен кейін (1748) Барақ сұлтан Найман, Қаракесек және Қоңырат тайпаларының (жалпы жауынгерлер санының өзі ғана 4000 адам болған) кейбір руларын бастап оңтүстікке көшіп кеткен. Солармен бірге Барақ сұлтан Сырдарияға құятын Жиделі өзенінің сағасында қарақалпақтарды бағындырған.

Жәнібек тарханның Орынбор губернаторы И. Нешлюевке жіберген хабарында (1749 жылғы шілде): «Барақ сұлтан өзіне берілгендермен бірге Ташкент пен Түркістан арасында, Ұлы орданың қырғыз-қайсақтары ұлыстарында жүргені» айтылады...

Иканның, Ташкенттің, Отырардың, Оғызтау мен Созақтың «диқаншы адамдары» («сарттарының» — құжатта осылай делінген — М. М.) Барақ сұлтанның билігін мойындағаны, оның (сұлтанның) «оларды нағыз ханы сияқты билеп-тостейтіні», ол қашып кеткенге дейін Сарысу бойында бірге көшіп жүрген Қаракесек ұлысы да енді оған көшіп барып, Шу өзені бойына қоныстанғысы және қоңыраттармен қоса Барақ сұлтанға Әбілқайыр хан әулетінің кек алуынан қорғағысы келетіні, Барақ сұлтанның күші мен ықпалы зор болғанын анық көрсетеді.

Бұл мысал XVIII ғасырда болған көшіп-қону процестерін байқатады: Барақ сұлтан бастаған Қаракесек руының бір бөлігі, сондай-ақ Найман, Қоңырат тайпаларының кейбір рулары Сырдария өзенінің төменгі сағасына кетеді. Соған соң Сарысуда қалған қаракесектер де қозғалып, Шу өзеніне қарай жылжиды.

XVIII ғасырдың аяғында қазақ тайпаларының орналасуы туралы бірқатар қызықты материалдар бар. Орынбор генерал-губернаторы Г. Волконскийдің «Әдетте Ұлы, Орта және Кіші жүздерге бөлінетін қырғыз-қайсақтар туралы» мәліметтерінде үш жүздегі қазақ тайпаларының әулеттер, аталар (мұны рулар деп түсінген жөн) саны, көшіп жүретін жерлері жайында көптеген құнды деректер кездеседі. Онда арғындар туралы мәселен былай делінген: Ең басты арғын руының бес атасында 30 000-ға дейін отбасы бар. Олардың қысқы қоныстары Баян-Авла (Баянауыл-М. М.), Қызылтау, Далба, Укитаказлық, Шыңғыс, Шаған тауларында, Торғай өзенінің бас жағында және

Алытав (Алатау — М. М.) таулары маңында. Жазда Иреймен тауының (Ерейментаудың — М. М.) маңын және Нұра мен Жалдысу өзендерінің бойын жайлайды.

Тарақты руының екі атасында 4000-ға дейін отбасы бар. Жазғы жайлаулары — Есіл өзенінің бас жағында және Сарысу өзенінің бойында. Қыста Үшқоңыр құмы мен Шу өзенінің бойын қыстайды...

Арғын руының екі атасында 9000-ға дейін отбасы бар. Қысы-жазы Ертіс бойында көшіп жүреді...

Екі атадағы арғындар 11 000 түтінге жетеді... Жазғы және қысқы қоныстары Есіл өзенінің бойында, Көкшетау мен Мұқатауда және Үшқұндақ, Үш Барлық, Қылшықты алаптарында. Бұл арғындар Орта жүз ханы — Уәли ханға бағынған.

Қанжығалы руының арғындары 2000 түтінге жетеді... Есілге құятын шағын өзендер мен Бішкентай алқабында көшіп жүреді.

Сарыжетім (Тоқал-арғын бірлестігі жоғары Шектінің Сары жетім атасы — М. М.) руының он екі атасында 8000-дай түтін бар. Олардың жазғы жайлауы Торғай, Тобыл өзендерінің және соларға дала жағынан келіп құятын өзендердің бойында. Қыстыгүні Обаған өзенінің бойындағы Құрқық алқабын қыстайды.

Бес атадан тұратын Шақшақ руының арғындары 6000 түтінге жетеді. Олардың жазғы жайлауы Тобыл өзенінен жоғарырақтағы Айт өзенінің бойында. Қыстыгүні Торғай даласын, Сары-Бұтан өзенінің бойынан оның Ұлмаян (Ұлқоян — М. М.) өзеніне құятын жеріне дейін... Қызылкөл мен Қоржын, Төбекөл көлдері маңында, Тұрсын құмындағы Бескөл маңында қыстайды.

Г. Волконский Тобықты руы арғындарының (2000 түтін) Бұхара жерінде көшіп жүргенін көрсетеді.

«Капитан Андреевтің 1790 жылы түрлі мәліметтерден жинаған Орта орда қырғыз-қайсақтарының шығу тегі туралы суреттемесінен» генерал-майор Клоттың жасаған жазбаларында Қазақстанның солтүстігінде Ертіс бойындағы Сібір шебі мен Горькая шебі маңында көшіп жүрген қазақ руларының орналасуы көрсетіледі. Капитан Андреевтің мәліметтерінде жер және ру атаулары біраз шатастырылған, оны тілге байланысты түсіндіруге болады. Мысалы, Қорғалжын көлінің, Ерейментаудың, Ұлқоян өзенінің, Атығай, Тобықты, Шаншар, Құдайберді руларының атаулары қате көрсетілген. Ал оның мәліметтерінің құндылығы мынада: рулардың орналасуы (автордың айтуына — болыстар) ғана емес, сонымен қатар рулық аталар

(автордың айтуынша — ұрпақтар) да көрсетіледі, мұның өзі таксономиялық жіктерді анықтау және әр түрлі деректемелерде айтылып жүрген сол ұрпақтарды орналасқан жерлеріне байлауыстыру кезінде өте маңызды.

Ертістің төменгі бойындағы Семей бекінісінен басталатын арғындар туралы мынадай мәліметтер бар (Омбы Мемлекеттік Тарихи архиві, 1264-қор, 1-тізім, 316-іс):

Бәсентінің 7-болысы. Күшік, Айтай, Андас, Апай, Бөрі, Сары, Шырақ, Ұзын буындарына бөлінеді. Олардың бір бөлігі Долонский форпосты маңында, басқа бір бөлігі Ертістен 200 шақырым жерде, Қыржан тау-тастары жанындағы Черемухов станицасының маңайында көшіп жүреді және бұл болыстың қонысы Ертіс өзенінің бойымен Ямышев бекінісіне дейін созылып жатады.

9-Қаракесек болысы (қаракесек руы — М. М.) Шаншар, Майлытамас, Шор, Бұланбай, Сарым, Айтекем, Альтыбет, Шұбыртпалы және Сіргелі ұрпақтарына бөлінеді. Қоныстары — Грачевский станицасынан 90 шақырым жердегі Мұржыс тауы, Дегелең, Сарықұлжа, Қоңырқұлжа, Кең Қазылық, Қарқаралы Қазылық, Қазылық, Бақты Қазылық, Қуқазылық, Грачевский станицасынан 40 шақырым жерде жатқан Қосқұдық пен Жолан алқабында.

10-Алтай болысы (Қуандық руының атасы — М. М.) Кәреке, Мойын, Қағыс, Қалқа, Сарыбағыс ұрпақтарына бөлінеді. Қоныстары Сарысу және Крехыстру өзендерінің бас жағында.

11-Төртүл болысы (төртүл руы — М. М.) Қаржас, Құлболды және Жадыр ұрпақтарына бөлінеді. Қоныстары Ертіс өзені бойы мен Баянауыл тауларында.

Ямышев бекінісінен Железинка бекінісіне дейін:

Түрлі ұрпақтардан тұратын 1-Тарақты болысы (тарақты руы — М. М.) Әлі және Құл бөліктеріне бөлінеді. Қоныстары тура Семияр форпостысы маңында, Югюр жотасы алқабында, одан бұлақтар ағып шығып, көлге құяды.

3-Атығай болысы (атығай руы) Әжігүл, Бараншы және Құдияр ұрпақтарына бөлінеді. Чернорецк форпосты жанында көшіп жүреді.

4-Қанжығалы болысының (Қанжығалы руы — М. М.) қонысы тура Чернояр станицасы маңындағы Ертіс өзенінің бойында.

Железинка бекінісінен Омбы бекінісіне дейін және соңғысынан Тобыл шебін бойлай Арғын (Атығай), Керей, Қыпшақ тайпаларының рулары аралас көшіп жүреді.

Петропавл бекінісінен Преснегорьков бекінісіне дейін:

1. Атығай болысы Құдайберді, Бәйімбет, Майлы, Балта, Қойлытағай және Баба-Асан ұрпақтарына бөлінеді. Қоныстары Есіл өзенін бойлай Жаңғызтау маңайында, Нұра, Есіл өзендерінің бас жағында, сондай-ақ Қорғалжын көлі маңында.

2-Қарауыл болысы (Қарауыл руы — М. М.) Қалды, Ногай, Батпан, Жаулыбай, Орақ, Құтымбет, Жадар, Ақшілік, Шашбақ, Атығай-Қарауыл, Тағышы және Қимақ-Тұрым ұрпақтарына бөлінеді. Қоныстары Есіл, Нұра өзендерінің бойында Атығай болысымен шектесіп жатыр және Көкшетау маңайы мен Шұбар жазығында, сондай-ақ Қылшықты және Көмішайт өзендерінің бойында, Имантау мен Бұлайманаңыртау маңайында.

3-Шақшақ болысы (Шақшақ руы) Сарыжетім, Қырықмылтық, Андарқи, Алабұқа ұрпақтарына бөлінеді. Олар Ерейментауды мекендейді; ал кейде Торғай және Үшқияқ өзендеріне шығады.

5-Қарауыл болысы Сарыжетім, Қырықмылтық, Андарқи, Қараман, Төлек ұрпақтарына бөлінеді. Қоныстары тура Алабұға өзенінің бойы мен Ерейментауда, ал кейде Торғай, Үшқияқ өзендеріне шығады.

Орынбор шебімен шектесіп жатқан Преснегорьков дистанциясы маңында бір Сарыжетім руы көшіп жүреді. Жаз кезінде Торғай өзенінің бас жағын мекендейді, ал қыста Тобыл өзені мен Алабұға өзенінің бас жағын қыстайды.

## НАЙМАН

Барақ сұлтанның билігіне мойынсұнған негізгі тайпа наймандар болды.

Бұдан бұрын айтылғанындай, Барақ сұлтан мекендеген негізгі аудан — Сарысу өзенінің бойындағы жер. Сонымен бірге, Н. Неплюевтің Сыртқы істер алқасына хабарлауына қарағанда (1745 жылғы қазап), Барақ сұлтанның наймандары Қалдан-Церенге бағынатын «жоңғарлармен шектес жүреді». Ал Қалдан-Церен, сақмар қазағы Мансур Асаиовтың хабарлауына сәйкес, өз әскерімен бірге Ямышев бекінісінен алты күндік жерде «Шах өзені басталатын Қамал-Табап тауында тұр...»

Демек, Барақ сұлтанның наймандары Ертістің оң жағасында көшіп жүрген. Мұны наймандардың Семей бекінісіне сауда жасауға келіп жүргені және 1764 жылғы қазап айында Найман тайпасының Төртүл руынан (қараңыз: 3-кесте) 3000 шаңырақтың жоңғар жеріне көшіп

барып, сонда орналасқаны..., яғни Шығыс Қазақстанның шет аймағына орналасқаны дәлелдейді.

Барақ сұлтанның қарамағында наймандардан басқа Арғын тайпасы Атығай руының кейбір қауымдары болған.

Әбілмәмбет ханның ұлдарының бірі Әбілпейіз сұлтанның қарамағындағы Найман тайпасының Қаракерей руы Қаратал алқабында (Жетісу — М. М.) көшіп жүрген. Бұл ру Іле өзенінде қытайлармен сауда жасаған.

Орта жүз хандарының бірі Күшік ханның қарамағындағы Найман тайпасының көптеген руы жоңғарлармен шектес (Қазақстанның шығысында, Ертіс бойында) көшіп жүрген. Мұндағы наймандардың саны құжатта (1745 жылғы қазан) былай көрсетілген: «3 он мың шаңырағы бар найман халқы Ұлы мәртебелі сізге ант беріп, құран сүйді».

Ағылшын көпесі Гоктің жазбасында (1742 жылғы маусым) Қонақай батыр (ақсақал) басқаратын Найман руының Елек бойында, «нақ елек тұзы шығарылатын жерге жақын маңайда...» көшіп жүретіні айтылған.

Қонақай батырға бағынышты Найман болысы туралы басқа бір құжатта да айтылады.

Әбілмәмбет ханның ұлы Әбілпейіз сұлтан наймандар арасында беделді адам болды. Негізінен Қаратал өзенінің бойында сол аттас алқапта көшіп жүретін саны көп әрі ықпалды Қаракерей руы әлгі сұлтанның қарамағында болды. Жоңғарларды талқандаған кезде Оңтүстік-Шығыс Қазақстан шегіне басып кірген қытайлар қаракерейлерге көрші болған еді. Қаракерейлер қытайлармен жанжалға бармай, олармен Іле өзенінде сауда жасасты.

XVIII ғасырдың екінші жартысындағы кейбір құжаттарда Орта жүз қазақтарының орыс әкімшілігіне адал болып, «қытайлар жағына онша ықылас білдірмейді» делінген. Алайда халықтар арасындағы жатысушылық та жиі болып тұрған құбылыс. Мысалы, 1764 жылғы тамыз айында Абылай сұлтанға барған М. Араповтың жазбаларына қарағанда, Найман тайпасы Төртұл руының 3000 шаңырағы қыстау үшін «жоңғар жеріне» (Ертістің оң жағасы, оны бұрын жоңғарлар басып алып, кейіннен қуып шығарылған — М. М.) көшіп кеткен де, бұл Абылай сұлтанды ренжіткен.

Капитан Андреевтің «Суреттемесінде...» жазылғанындай, наймандар Ертісті бойлай Семей бекінісінен төмен қарай мына жерлерге орналасқан:

2-Найманның Қаракерейлері (Қаракерей руы — М. М.) Тоқымбет, Ақымбет, Сыбан, Мұрын, Байжігіт, Қыржы,



Байғана, Бегімбет, Ақсеміз, Болатшы, Тұзақшы, Төртуыл, Садыр және Қожамбет болып бөлінеді. Қоныстары Шыңғыстауда.

4-Матай (Матай руы — М. М.) — Кенже, Шошқа, Бәкі, Самай, Қожанқұл, Қарауыл, Жасық, Қаптағай, Киді-Еменалы, Қайнар, Қуантай және Тентек ұрпақтарына бөлінеді. Қоныстары Шыңғыстаудың арғы тау-тастары жағында, Бестамақ және Қызайелі алқаптарында, ал алыстағы Тентек, Қуантай рулары өз ақсақалдарымен бірге Ертіс бойында, тура Төменгі жартастағы Барашков станциясы тұсында көшіп жүреді.

5-Бура-Найман (найман тайпасының Бура руы — М. М.) — Таздар, Алтыбай, Жағатай, Қоңдыбай, Дүрбеуіл, Байгозы ұрпақтарына бөлінеді. Қоныстары Семей бекінісінен Ертіс өзені бойымен төмен қарай, Долонский форпостысынан бастап аралдар мен жайылмаларда.

6-Терістаңбалы болысы (Терістаңбалы руы — М. М.) — Қонақ, Шелек, Ақтағыс, Шүрейіт, Қожагелді ұрпақтарына бөлінген. Тура Долонский форпостысының тұсында, Ертіс өзені бойында көшіп жүреді.

Петропавл бекінісінен Преснегорьков бекінісіне дейінгі Горькая шебі төңірегінде небәрі бір-ақ Найман болысы мекендеді:

4-Садыр (Садыр руы — М. М.) — Тоң, Шүйе, Сарыжетім, Малатай-Қарлығаш және Жаршы ұрпақтарына бөлінеді. Қоныстары Бұқан, Құқан өзендері маңында, сондай-ақ Сарысу өзені мен Нұра өзенінің бас жағына да шығады.

Г. Волконскийдің наймандар туралы мәліметтерінде мынадай деректер бар: «Найман руының алты атасында 35000-дай шаңырақ бар. Барлық уақыттағы қоныстары Ертіс өзенінің бойымен Қожан-Қайнақ бекінісі тұсында және Тарбағатай тауларында, қытай шекарасы жағында.

Бағаналы найман руының бір атасында 9000-дай шаңырақ бар. Жазғы жайлаулары Есіл өзенінің бас жағы, қыстаулары Торғай өзені, Аққол, Жыланшық өзенінің сағасы маңайында.

Бағаналы найман руының он екі атасында 6000-дай шаңырақ бар. Жазғы жайлаулары Торғай, Есіл өзендерінің бас жағында, Ұлытау, Кішітау маңында және Мұрын тарағай, Саңдық Кескен алқабында. Қыстыгүні Қарөзек өзенінің Сырдарияға ағатын бойындағы Қарақұмнан Қарабадал Қармақшы зиратының маңын, Қуаңға қараған Ақшабел жазығында және Сырдария үйінділеріне дейін қыстайды.

Найман руының төрт атасында 4000-дай шаңырақ бар. Олар негізінен Бұларарада қоныстанған».

## ҚЫПШАҚ

XVIII ғасырдағы орыс әкімшілігінің ресми құжаттарында Қыпшақ тайпалары мен оның руларының орналасуы жайындағы мәліметтер аз. Қыпшақ руының ақсақалы Төле батыр туралы (1731 ж.), Ресей бодандығына ант берген мырзалар мен батырлар туралы (1742 ж.), Ертіс бойында Железинка бекінісі маңында көшіп жүретін Оразмәмет тархан ақсақалдың Қыпшақ ұлысы туралы (1763), Орыс сұлтанның ұлы, Коряков форпостысына жақын жерде көшіп жүретін Сұлтанмәмет сұлтан туралы (1764) айтылады.

Капитан Андреевтің «...Суреттемесінде» қыпшақтар туралы былай делінген:

2-Қыпшақ болысы Қулан-Бұлан, Ұзын, Көлденең, Бұлтқы, Тасқор, Танабұғы, Қарабалық, Алтынбас, Шаңқалақ, Торыайғыр, Қара-Жұлба және Арық ұрпақтарына бөлінеді. Ямышев бекінісінен Железинка бекінісіне дейін жайылмалар мен аралдарды қоса Ертіс өзені бойында көшіп жүреді.

5-Күрлеуіт болысының (күрлеуіт руы — М. М.) бір бөлігі тура Песчаная станицасы тұсында — жайылмалар мен аралдарда көшіп жүреді.

Қыпшақтар Железинка бекінісінен Омбы бекінісіне дейінгі кеңістікте және Тобыл шебі бойында Покровск бекінісі тұсында арғындармен (Атығай руы) және керейлермен шектес көшіп жүрген.

Капитан Андреевтің мәліметтерін Г. Волконскийдің материалдары едәуір толықтыра түседі, оларды оқи отырып, қыпшақтардың былайша орналасқанын анықтауға болады.

Қыпшақ руының бір атасында 1000-дай шаңырақ бар. . .Есіл, Обаған өзендері маңында және Жасыр мен Бағар жазығында көшіп жүреді.

Қыпшақ руының төрт атасында 3000-дай шаңырақ бар. Жаз кезінде Тобыл, Аят өзендері бойында және оның сағасында көшіп жүреді. Қыстыгүні Дала бекінісінен Троицкіге өтіп, Усть-Уй бекінісіне дейін, сондай-ақ Үй өзені бойында, Тобыл өзеніне қарай және сол бекіністер тұсындағы даланы қыстайды.

Қыпшақ руының алты атадан тұратын Танабұғы тармағында 2000-дай шаңырақ бар. Жазғы қоныстары сол жерде.

Көлденең Қыпшақ руының төрт атасында 2000-дай шаңырақ бар. Сол жерде көшіп жүреді.

Тормайғыр қыпшақ руының төрт атасында 3500-дей шаңырақ бар. Олардың жазғы жайлауы шеп жақтағы Аманқарағай, Белібай жазығында, Ащыкөл маңында. Қыстыгүні Үшқияқ, Торғай өзендері төдірегін, құмдардың ортасын қыстайды.

Ұзын Қыпшақ руының алты атасында 2000-дай шаңырақ бар. Олардың жазғы жайлауы Торғай, Мойынты өзендерінің бойында, Обаған өзенінің бас жағында, Еділ және Теректі жазығында. Қыстыгүні Сарыбұлақ өзенінің бас жағынан Торғай өзеніне қарай, шығыс жағында Қайыңды тас өзеніне дейін қыстайды.

## КЕРЕЙ

Иван Лапин мен Мансур Асанов өздерінің Әбілмәмбет ханға сапарын (1843 жылғы тамыз) суреттей келіп, былай деп жазады: «Орскіден жүріп кеткеннен кейін әуелі біз Ералы сұлтанға қарасты Керей руымен жүріп отырып, төртінші күні Ералы сұлтанға жеттік...». Осы жазбаға қарағанда, керейлердің қоныстары Орск бекінісінен оңтүстікке қарай кең байтақ жерді алып жатқан (төрт күндік жол). Осы хабарда шіліңгір ыстық күндері жайылым шобінің күйіп кетуі себепті Ералы сұлтан өз қауымдарымен бірге «ең жақсысы — Ор немесе Ырғыз бойында» көшіп жүргісі келеді.

Нұралы ханның Орынбор генерал-губернаторы Н. Неплюевпен әңгімесінің (1749 жылғы 11—25-шілде) жазбасында да «керей руы» және олардың билеушісі Ералы сұлтан туралы хабарланған.

Тілмәш Ф. Гордеевтің Троицк бекінісінің коменданты П. Роденге рапортында (1761 жылғы 3-шілде) Тұрсынбай батыр ақсақалдың «Семей бекінісі тұсында көшіп жүрген...» және Алабұға өзені бойын мекендейтін Сағындық мырзаға қарасты Керей руының қазақтары туралы айтылады. Б. Тұраев, С. Мәмбетов деген қазақтардың жазбасында да (1768 жылғы наурыз) Сағындық мырза керейлерінің қоныстары «Усть-Үй бекінісі маңында...» делінген.

Г. Волконский керейлер орналасқан жерлер туралы төмендегіні хабарлайды.

Керей руының екі атасында 1000-ға тарта шаңырақ бар. Үй және Тоғыззақ өзендері бойын қоныстайды. Қыс айларында Верхноуральскіден Дала бекінісіне дейінгі шеп маңында және сол бекіністер тұсындағы далада қыстайды.

Керей руының төрт атасында 4000-дай шаңырақ бар. Жаздыгүні Есіл өзенінің шығыс жағында көшіп жүреді. Ал қыста Звериноголовск, Преснегор бекіністерінің тұсында, Обаған өзені бойындағы далада қыстайды.

Жоңғарларды қуып шыққаннан кейін қазақтар, соның ішінде, Керей тайпасының рулары да өздерінің шығыстағы жайылымдарына оралады. Бұл XVIII ғасырдың екінші жартысындағы құжаттарда көрсетілген. Өскемен бекінісінен бастап Ертісті бойлай керейлер бірнеше жерге жинақы орналасты.

2 бөлікке бөлінген 1-Сыбан-Керей болысы жаз кезінде Шар-Құрбан және Қызылке өзендеріндегі Оба форпостысы тұсын жайлайды, ал қыстыгүні Ертіс өзені бойындағы жайылмалар мен аралдарды қыстайды.

2-Ақымбет-Керей (Ақымбет руы — М. М.) 2 бөлікке бөлінген. Жаз кезінде шептен жүз шақырымдай алыстап, Шарқұрбан өзені бойымен Тарбағатай тауына және Қызыл шелек көліне кетеді; ал қыстыгүні Ертіс өзені бойында жайылмалар мен аралдарда, көбінесе Шульба форпостысы тұсында көшіп жүреді.

Семей бекінісінен Ертіс бойымен төмен қарай:

1-Шоқбатар-Керей (Шоқбатар руы — М. М.); қонысы — Ертіс өзені бойында әр жерде, бірақ көбінесе Талицк форпостысынан Семей бекінісіне дейін және бекіністің тура тұсындағы Семейтау.

7-Сыбан-Керей болысының алыс бөлігі, қонысы — Пяторыжск станицасы маңында.

8-Керей болысының Құмары (Құлсары руы болар? — М. М.) деп аталатын жеке бөлігі басқа болыстармен араласып, Ертіс өзенінің бойында Железинка бекінісіне дейін көшіп жүреді.

Железинка бекінісінен Омбы бекінісіне дейін және соңғысынан Тобыл шебіне дейін керейлер арғындармен (Атығай руы) және қыпшақтармен араласып бірге жүреді.

## УАҚ

Пенза гарнизондық жаяу әскер полкінің майоры К. Миллердің Жоңғарияға сапардың нәтижелері туралы жазбасында (1742 жылғы 28-қыркүйек) оның өзі жоңғарлармен көршілес көшіп жүретін Уақ-Керей руына барғаны хабарланады. Құжаттарда және кейбір зерттеушілердің еңбектерінде уақтар мен керейлерді бір ру етіп көрсету — жиі кездесетін құбылыс. Бұл тайпалардың тарихи

тағдырлары тығыз ұштасып жатыр және бұл тайпалардың рулық түп-тамыры ортақ екені аңыздарда да айтылады. Осы екі тайпа қауымдары көбінесе бірге көшіп жүрген және өз жайылымдарын, мүліктік мүдделерін қорғағанда, әулеттердің дауларында т. т. бір жақ болып қимылдаған. Сонан соң, 1742 жылы Ресей бодандығына ант берген құжатта Уақ-Керей руының атынан жалғыз Ақбота батыр қол қоюы да көп сырды аңғартса керек.

Осьморыжск форпостысына жақын Ертіс шебінде «Баба-Керей деп аталатын Уақ болысының бір бөлігі» көшіп жүрген.

Сібір әскерлерінің командирі генерал-поручик И. Шпрингердің Уақ болысы қазақтарының орыс бодандығын қабылдауы туралы рапортына (1770 жылғы сәуір) сәйкес бұл рудың орналасқан жерін, атап айтқанда — Ертіс шебі бойында Озерный станицасынан Ақтасқа дейінгі Семей бекінісіне жақын орналасқанын анықтауға болады. И. Шпрингер жаңадан бодандыққа кірушілердің санын көрсетпейді, бірақ оның айтуынша, олар 5000-ға дейін жауынгер шығара алады.

Уақтардың Ертіс шебі бойында орналасуы капитан Андреевтің «...Суреттемесінде» неғұрлым егжей-тегжейлі хабарланады. Өскемен бекінісінен Семей бекінісіне дейінгі кең даланың бір жерінде ғана Уақ болысы орналасқан:

3-Уақ болысы — Қойбағаш (қойбағыс — М. М.), Жапыбай, Шоқа, Ергенек (ергенекті-уақ — М. М.), Шоға (шаға — М. М.), Сіргелі, Бидалы, Бықашқан, Күлді, Майшабар ұрпақтарына бөлінеді. Қонысы — Талицк форпостысынан Долонс форпостысына дейін Ертіс өзенінің төменгі сағасында және жаз кезінде Ертіске жақын жерде көшіп жүреді, ешқашан далаға ендеп кіріп кетпейді.

Ертіс бойымен Семей бекінісінен төмен қарай Грачевск станицасы маңында Ертіс өзенінің аралдарында Уақ болысының Шоқа атасы көшіп жүреді.

Покровск бекінісінің дала жағындағы өңірде Атығай (Арғын), Уақ-Керей және Қыпшақ «аралас болысы» көшіп жүрген.

Уақтар тек керейлермен ғана емес, басқа жүздің руларымен де, мысалы, Кіші жүздің Жетіру руымен де бірге көшіп жүрген. Мысалы, үш атасында 8000-дай шаңырақ болған жетіру-уақ-керейлер жаздыгүні Есіл өзені бойындағы және Жайылма көлі маңындағы жайылымды жайлағанда, қыста Ертіс маңында қыстаған.

Әр түрлі жүзге жататын рулардың бұлайша бірге мекендеуін шаруашылықты жүргізу сипатының өзімен —

көшпенділікпен түсіндіруге болады, бұл орайда жазғы жайылымда әр түрлі жүздің рулары тоғысатын болған да, уақыт өте келе, экономикалық (жайылымның жетіспеуі), туыстық (негізгі бұқарадан наразылық білдіру ретінде көшіп кету) және басқа себептерге байланысты әр түрлі ру топтарынан көшпенді қауым құрылған. Мұндай көшіп кетіп орын ауыстыру сирек ұшыраспаған, сонымен қатар Орта жүз жерінен басқа жүздің руларын да кездестіруге болады. Кейде керісінше де болып отырған. Мәселен, сегіз атадан тұратын уақтар (2500 шаңырақтай) Ойыл өзені бойында, яғни Кіші жүздің жерінде қыстаған да, жазды-гүні Кіші жүздегі Байұлы тайпасының Жаппас руы жайылымына көшіп баратын болған.

## ҚОҢЫРАТ

XVIII ғасырдағы ресми құжаттарда қоңырат тайпасы туралы аз айтылады, олар Ресейге 1731 жылы ант бергендер арасында да, 1742 жылы ант бергендер арасында да жоқ. Барақ сұлтанның Орынбор губернаторы И. Ненлюевке хатында (1749 жылғы қыркүйек) ғана былай делінген: «...Қырғыз-қайсақтардың Қоңырат руы (яғни он мың адам) ұлы мәртебелі император ағзамның бодандығын қабылдап, мені, Барақты өздерінің ханы әрі билеушісі етіп алды».

Барақ сұлтанға қарастылардың саны ең көбі наймандар еді, Ресей бодандығын алған кезде олар 40 000 шаңырақ болған (1742 жылғы қараша). Ал кейбір деректемелерде қоңыраттардың («қоңырат халқы», «қоңырат руы») Түркістан маңында «Барақ... ұлыстарына жақын» жерде көшіп жүргені көрсетілген.

Қоңыраттар мен наймандардың бірге көшіп жүретінін Г. Волконский де былай деп хабарлайды: Он екі атадан тұратын Найман-Қоңырат руында 15000-дай шаңырақ бар.

...Қоныстары жаздыгүні Шажағай, Көксу, Қаратал өзендері маңында, Ақтуар тауы маңында болады да, қысқа қарай Түркістан мен Ташкент жағына кетеді.

Бұлар, тегінде, қоңыраттар мен наймандардың Барақ сұлтанға қарасты бөлігі болса керек. Жоғарыда келтірілген архив материалдарында Құлақ би, Талқан батыр, Жаңабай би және Айшуақ Есімов сияқты билеушілер көрсетіледі. Сірә, бұл адамдар жекелеген руларды (саны 12 болған аталарды) басқарып, олардың бәрі Әбілқайыр ханды өлтірген Бараққа — тіпті хан әулетінің кек алуынан да

қорқа қоймаған күшті феодал Барақ сұлтанға бағынышты болса керек.

Орта жүз бен Ұлы жүз қазақтарының рулық-тайпалық құрамын суреттеуінде А. И. Тевкелев қоңыраттар туралы былай деп жазған: Сол Ұлы ордадағы өте күшті рулардың бірі — Қоңырат руы, бұл ру Орта ордаға жатады, өйткені ол қаншама жылдарда бері Орта ордадан бөлініп қалып, Ұлы ордамен бірге көшіп жүреді, сол Қоңырат руы он екі руға бөлінеді, атап айтқанда, олар: Байлар-жандар қоңырат, Оразгелді қоңырат, Құлшығаш қоңырат, Божбан қоңырат, Тоқболат қоңырат, Жаманбай қоңырат, Қаракөсе қоңырат, Жетімдер қоңырат, Құйысқансыз қоңырат.

Бұл рулар Қоңыраттың Көтенші және Көктіңұлы деген екі тармағына жатады (қараңыз: 8-кесте). Орысша нұсқасында рулардың аты бұрмаланған, ал біреуінде (автордың алғашқы атағанында) екі ру біріктіріліп жіберілген. Бірінші тармағына мына рулар жатады: Божбан, Жаманбай, Жетімдер, Құйысқансыз; екінші тармағы — Көктіңұлына жататындар: Байлар, Жандар (Тевкелев бұл екеуін бір руға біріктіріп жіберген), Оразгелді, Құлшығаш, Тоқболат, Қаракөсе. Автор Аққой және Саңғыл деген екі руды айтпайды (қараңыз: 8-кесте).

Ал қоңыраттардың Орта жүз жерінен неге кетіп қалғаны келесі тарауда айтылады.

\* \* \*

Г. Волконскийдің есептеуінше, Орта жүздің 100 атасында 159 400-дей шаңырақ болған. Н. Е. Бекмаханова да нақ осы деректерді келтіреді.

Алайда, көшпелі отбасылардың Г. Волконский келтірген саны туралы мәліметтерді біздің жинақтап шығаруымыз өзгеше нәтиже береді. 106 атада (рулар мен олардың аталарында) 168 000 шаңырақ болған, оның ішінде арғындардың 29 атасында — 70000, наймандардың 23 атасында — 54 000, қыпшақтардың 25 атасында — 13 500, керейлердің 6 атасында — 5000, уақтардың 8 атасында — 2500, бірге көшіп жүретін наймандар мен қоңыраттардың 12 атасында — 15 000, жетіру-уақ-керейлердің 3 атасында — 8000 шаңырақ бар.

Бірақ бұл мәліметтерді де нақты деуге болмайды. Орта жүздің Г. Волконский келтірген сан құрамын И. Г. Андреевтің есептеулері толықтырады. Мысалы, Іле мен Ертіс, Бөкен мен Шығанақ өзендерінің арасында, Нарынның сағасында, Тарбағатай жоталары маңында, Аблакет өзенінің бойында және Өскемен бекінісі төңірегінде Орта жүз

қазақтарының негізінен найман және керей тайпаларына жататын 4250 шаңырағы көшіп жүрген. Ертіс аңғарында көшіп жүрген қожалықтар саны белгісіз, ол Орта жүз халқының санын едәуір көбейткен болар еді.

XVIII ғасырдың екінші жартысында орыс әкімшілігі қазақ жүздері арасында межедеу жұмыстарын жүргізе бастады, мұның өзі Ресей бодандығына жаңадан енгендерге салық салу және оларды империяның мүдделерін көздей отырып басқару үшін қажет болған еді.

Полковник әрі атаман Телятниковтың Ташкентке жорығы туралы жазбаларында (1796) Орта жүздің шығыс шеті Ертіс бойымен өткені, ал оңтүстігі — Балқаш көлі, Шу өзені, Түркістан қаласына дейінгі Сырдария аңғары болғаны көрсетілген.

Оңтүстік шекарасы Орта жүз иеліктерін Ұлы жүзден бөліп жатты. Капитан Андреев Орта жүздің оңтүстік шекарасын одан да әрі — Арал теңізіне қарай жеткізеді. Батысында Орта жүз бен Кіші жүздің қоныстарын бөліп жатқан шекара Ырғыз өзенінен Наурызым көлі мен Телікөл арқылы Тобыл өзеніне құятын Алабұға өзеніне дейін созылады. Орта жүз қазақтарының солтүстік шекарасы Сібір казак әскерлерінің жерімен шектесіп жатты және Звериноголовск бекінісінен шығысқа қарай Омбы бекінісіне дейін — Горькая шебінің бойымен өткен. Шығыс шеті Омбы бекінісінен Ертістің жоғары ағысымен Зайсан көліне дейін жеткен.

Қазақтар Ертістің екі жағында, Зайсан ойпатында көшіп жүрген. Алайда, оң жағалауындағы қазақтар кезінде Жоңғар хандығын талқандаған Қытайдың бодандары деп есептелген. Өз жайылымдарына қайтып оралған қазақ қауымдары қытай императорына тәуелді болған. Дегенмен, бұл тәуелділік болмашы ғана еді: қауымдар салық төлеген де, қалған жағынан (шаруашылық жүргізуде, әлеуметтік құрылыста, дауларды шешу ісінде және т. б.) олар дербес болған. Туыстарының өздеріне, Ертістің оң жағалауына көшіп баратыны сияқты, олар да сол жағалауға емін-еркін көшіп келетін, ал мұның өзі салық жинауда белгілі бір қиындықтар туғызған.



### Ш т а р а у

#### ХІХ ЖӘНЕ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ОРТА ЖҮЗ РУ-ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ОРНАЛАСУЫ

ХІХ ғасырдың басына қарай Орта жүз тайпаларының басым көпшілігі Ресей бодандығын қабылдады. Бірақ ресми құжаттарда Қырғыз даласы деп аталатын ұлан-байтақ жерде көптеген рулардың қоныстары бытырап жатқан еді.

«Солтүстігінен оңтүстігіне қарай,— деп жазды П. Завалишин,— ең қысқа жол 1100 шақырым, ал шығысынан батысына қарай 2500 шақырым деп есептеледі. Қырғыз даласының кеңдігі 40 000 шаршы географиялық миль, яғни Сібірдің үштен бірі және Ресейдің оңтүстік далалық оңірінен екі еседен астам үлкен деп саналады».

Орта жүздің осы ұлан-байтақ жерін тиімді басқару жүйесін енгізіп, оған алым төлейтін халықтың белгілі бір бөлігін бағындыру керек болды. Бұл — самодержавие қазынасын едәуір молықтыра түсетін салық саясатын жүзеге асыру үшін қажет еді. Далаға табан ілдіре беруге қазақтармен ғана емес, осы жерлерді басып өтетін ежелгі керуен жолдары арқылы Азия елдерінің басқа халықтарымен де сауда-саттық жасау себепші болды. Қытаймен мемлекеттік шекара белгіленуінің де маңызы аз болған жоқ. Ресей шығыс елдерінің «қақпасы» Қазақ даласын қосып алу арқылы енген еді.

ХІХ ғасырдың бас кезіндегі картада Зайсан көлінің төңірегіндегі жер мен Нарын өзенінің Ертіске құятын сағасына дейінгі кең алқап Ресей империясының құрамына енгізілмеген-ді. Онда көшіп жүрген қазақтар Қытай императорына бағынышты деп есептеліп, соған алым төлеген.

Бұл шекара ешқандай шартпен ресми заңдастырылмаған. Ал онда мекендеген қазақ рулары жоңғарлардың орнына келген қытай әскерлерінің болуы себепті Пекин сарайына бағынған.

Сонымен қатар, қазақтардың екі жаққа — Қытай мен Ресейге бірдей бағынуы да жиі кездескен. Өйткені көптеген рулар маусымдық жайылымдарға, Тарбағатай тауларынан Зайсан ойпатына, сосын одан кері қарай көшіп жүрді. Осы тұста Абылай ханның «екі жақты бодандығын» еске алсақ та болады.

1806 жылғы наурыз айында Сібір инспекциясының инфантерия жөніндегі инспекторы генерал-майор Лавров ұлы мәртебелі император ағзамға былай деп жазды: «...мен Өскемен, Омбы бекіністері арасында мәңгі көшіп жүру үшін Ресей шекарасының ішкі жағына мал-мүлкімен бірге... 1783 адам қабылдадым...».

Ұлы мәртебелі патша ағзамға жазған басқа бір хатында (1806 жылғы 4-шілдеде) генерал-майор Лавров қыс кезінде Қытай шекарасының ішкі жағында «қыстап», «Санкт-Петербургке өз депутаттарын жіберуді» өтініп жүрген Байжігіт және Тума-тоқпақ (Найман тайпасы Қаракерей руының Байжігіт, Тума аталары (қараңыз: 3-кесте) болыстары туралы хабарлайды.

Кінәз А. А. Черторыскийге жазған хатында генерал-майор Лавров Ресейдің Орта ордадағы мақсат-мүддесін былай деп ашып көрсетеді: «...қырғыздардың бүкіл Орта ордасында біздің билігіміз қытай билігінен үстем болуы үшін, бірақ оған Уәли ханның билігі толық жүрмей, ол күшті болыстар (рулар — М. М.) сұлтандары арасында бөлініп отырғандықтан, сол күшті адамдарға өз билігімізді бөлшектен нығайтуымыз..., Орта орданың Қытай шекарасында немесе соған жақын көшіп жүрген сұлтандарын тартуымыз керек». Күштілер қатарында Қамбар және Сүйік сұлтандар аталады.

Төменде келтіріліп отырған кестеде Ресей жағына көшкен адамдар саны көрсетілген.

Егер 1798—1808 жылдар аралығындағы кезеңде қазақтардың Ресей бодандығына қарауы жайында айтылар болса, бұлар Найман тайпасының Қаракерей руына жататын Байжігіт және Тума аталарына қарасты Зайсан қазақтары еді. Ал 1808—1810 жылдарда өткен қазақтардың қай рудан екені белгісіз. Оның үстіне бұл кезеңде Горькая шебін (Пресногор және Петропавл дистанциялары) бойлай жылжып жүрген қазақтар айтылады.

Сонымен, XIX ғасырдың басында көшіп келу мен көшіп кету сирек құбылыс болмаған. Мұның өзі салық алынуға тиісті бодандар санының беймәлім болуына әкеп соқты және рулар арасында да, қазақтар мен шеп бойындағы орыс халқы арасында да екінің бірінде жер (жайы-

лым үшін) дауын туғызып отырды. Сондықтан да Қазақ даласы тұрғындарын орналастыруда көптеген мәселелерді шешу керек болды.

*1-кесте*

Сібір шебі деп аталатын Ресей шекарасына қырғыз-қайсақтардың Орта ордасының бодандыққа өткен сұлтандарының, ақсақалдарының және еркек-әйелін қоса есептегендегі қырғыздардың ведомосі

1810 жылғы желтоқсан күні

Атап айтқанда	ерлер	әйелдер
1798 жылдан 1808 жылғы маусымның 14-і күніне дейін Сібір шебінің барлық аумағында генерал-лейтенант Нефедьев пен генерал-майор Лавровтың қарамағына	2290	1722
1808 жылдың 14 маусымынан 1810 жылғы желтоқсанның 24 күніне дейін менің қарамағыма өткендер мына дистанциялар бойынша		
Бұқтырма	54	80
Өскемен	93	71
Семей	481	371
Ямышев	1199	977
Железинна	271	219
Омбы	13	12
Преснегорьков	23	20
Петропавл	47	51
Генерал-лейтенант Глазенап		
Жиыны:	2181	1801
Барлығы	4471	3523

### 1. Дала тұрғындарын жерге орналастыру жөніндегі әкімшілік реформалар

Қазақ рулары мен тайпаларының орналасуын толық көрсету үшін Қазақ даласының бөлінуі мен оның тұрғындарын жерге орналастыру жайында айтып өту қажет. Өйткені адамдар мен олардың мекендейтін ортасы әрқашан да ажырағысыз, тұтас нәрсе болып табылады.

Бұрын Қазақ даласында болып көрмеген аумақтық бөліністі енгізген кезде орыс әкімшілігі ең алдымен белгілі бір рудың, тайпаның байырғы мекенін сақтауға, бір жерден екінші жерге көшудің ғасырлар бойы қалыптасқан

жолдарына, көшпенді қауымдардың жерді пайдалануындағы әдет-ғұрып, дәстүрлеріне сүйенді.

Сондықтан аумақтық өлшемдерді (мысалы, округтерді) ұйымдастырған кезде орыс әкімшілігі рулық-тайпалық принципті ұстанды. Осыған сәйкес түрлі кеңселердің ресми құжаттарында рулар мекендейтін жерлер (қыстаулар мен жайлаулар), әрбір болыста көшіп жүретін шаңырақ иелері мен ауылдардың саны мейлінше толық көрсетілген. Рулар мен тайпалардың орналасуын көрсеткенде бұл мәліметтер бағалы деректеме болып табылады.

Бұл мәліметтердің қазақтардың рулық-тайпалық құрылымындағы біркелкі жіктерді анықтауда да маңызы зор. Егер XVIII ғасырда көшпенділердің белгілі бір қауымы тайпаның немесе рудың атымен аталса (мысалы, Найман ұлысы, Қаракесек ұлысы), XIX ғасырда халық санының өсуіне байланысты қауымдар бөлшектеніп, жаңа патронимиялар құрылған. Осы себепті жаңа патрилиндждер, ал кейбір реттерде матрилиндждер де пайда болып, туыстық есебі енді жаңа буыннан бастап жүргізіледі, жаңадан біркелкі деңгейлер пайда болып, жаңа қауымдар мен болыстар соларға сәйкес аталған. Негұрлым кейінгі уақытта (XIX ғасырдың екінші жартысында) рулық негіздердің әлсіреуіне байланысты болыстардың атауларынан географиялық белгілерді, яғни мекендеген жер атымен аталғанын көреміз (мысалы, Шерубай-Нұра болысы — сол атас өзендердің атауларынан шыққан).

Бірақ далалы аймақтағы бұл реттеу жұмыстары ұзақ уақытқа — бір ғасырға созылды. Орта жүздегі хан билігі XIX ғасырдың басына қарай тарихи жағынан ескіріп, қазақ қоғамының дамуына кедергі жасай бастады.

Оны жоюға мынадай қолайлы жағдай туды: 1782 жылы 25-ақпанда хан етіп бекітілген Уәли сұлтан 1819 жылы қайтыс болды, ал Ресей монархы өзінің Абылай хан өлгеннен кейінгі (1781) әрекеті сияқты жаңа ханды таққа отырғызуға асыға қоймады. Ол бір империяға бір монарх жетеді деген ережені ұстанды. Өйткені: Қырғыз-қайсақ даласы кең-байтақ Ресей империясының бір бөлігіне айналды, ендеше дала халқын өз мүддемізге сай басқарудың аймақтық принциптерін шешуіміз керек деп санады.

1822 жылғы 22-маусымда Сібір губернияларын басқару енгізілді, соның күшімен Сібір: Батыс және Шығыс бөліктерге бөлінді. Біріншісіне Тобыл, Томск губерниялары мен Омбы облысы енді. Генерал-губернатор мен оның жанындағы Кеңестен құралған Батыс Сібір бас бас-

қармасы Тобыл қаласында болды. Орта жүз қазақтары Омбы облысының құрамына енді де, сол кезден бастап басқа қазақтардан айыру үшін оларды сібір қырғыздары (қазақтары — М. М.) деп атады. Омбы облысы ерекше ережелер бойынша орналастырылған ішкі (Омбы, Петропавл, Семей, Өскемен) және сыртқы округтерге бөлінді. Сонымен, ішкі округтер негізінен Ертістің оң жағалауында және Горькая шебінің солтүстігінде жатқан жерді, ал сыртқы («линия сыртындағы») округтер Ертістің батысына және Горькая шебінен оңтүстікке қарай, яғни қазақ даласының ішкергі жағында жатқан жерлерді қамтыды.

1822 жылғы 22-шілдеде «Сібір қырғыздары туралы жарғы» деген атпен арнайы ережелер қабылданды.

Бұл жарғыға сәйкес, сібір қырғыздарының елі шеп (линия) бойында құрылған округтерге тәуелсіз Омбы облысының округтері болады. Округтер — болыстарға (әрбір болыста 10—12 ауыл), болыстар ауылдарға (әр ауылда 50—70 шаңырақ) бөлінеді. Бұл округтер бір ру немесе ағайын деп саналатын және әрқашан бірге болып дағдыланған болыстардан құралады. Округтердің өз қоныстары болады, оған сәйкес өздерінің округтік сұлтандарының рұқсатынсыз басқалардың көшіп жүретін жерлеріне өз бетінше қоныстанбайды (қоныстанбауға тиіс — М. М.).

Ауылдарды — шаңырақ иелері 3 жыл мерзімге сайлайтын старшындар; болыстарды — сұлтандар билейді, олардың билігі мұраға қалады. Әрбір округте болыс сұлтандары өз араларынан 3 жыл мерзімге сайлайтын аға сұлтанның басқаруымен Округтік приказ құрылды. Аға сұлтан жанында Округтік дуан болды, ол облыс бастығы тағайындайтын екі орыс шенеунігінен және билер мен старшындар 2 жылға сайлайтын сыйлы екі қазақтан тұрды.

Сөйтіп, ішкі және сыртқы округтердің құрылуы хан билігінің жойылуына әкеп соқты. Бұл жаңадан енгізілген ережелердегі басты пәрсе билікті қазақ қоғамының феодал-бай топтарының қолында сақтай отырып, рулық белгі бойынша ауылдардың, болыстар мен округтердің ұйымдастырылуы болды.

Барлық шектеулеріне қарамастан, «Сібір қырғыздары туралы жарғы» қазақ қоғамының дамуында игі рөл атқарды. Округтердің ұйымдастырылуы жекелеген рулардың, қожалықтардың жерін анықтап берді. Қаншама жетілмеген болса да, ру басқарушылары мен сұлтандардың сайланып қойылуы дегенмен де бірсыпыра жариялылық орнатты. Және ерекше маңызды бір пәрсе — егіншілікке өт-

кең қожалықтарға «Жарғы» бойынша кейбір артықшылықтар берілді: оларға мұраға қалдырылатын қозғалмайтын меншік құқығымен жер бөлінді, олар ауыл шаруашылық құралдарымен жабдықталды, олардың жинаған өнімдері салық салудан босатылды т. б. Бұл көшпенді шаруашылықтарды әкімшілік жағынан жайғастырудың алғашқы тәжірибесі еді.

«Жарғыны» жүзеге асыру үшін 1824 жылдың көктемінде дала ішіне, жайлауға әлі көшіп үлгірмеген қазақ руларының қоныстарына орыс әкімшілігінің шенеуніктері жіберіліп, олар орыс және қазақ тілдерінде жазылған осы жарғыны халыққа жариялады. Сонымен бірге халық арасына «Сібір қырғыздарына» деген прокламациялар таратылды, онда тұрғындар даланы жайғастырудағы жаңа ережелерді қабылдауға шақырылды.

1824 жылы екі округ — Қарқаралы, Көкшетау округтері ашылды.

Қарқара (Қарқаралы — М. М.) округі Семияр форпостына көрші орналасты. Оны басқарушының приказы — сол форпостыдан 280 шақырым жерде, Қарқаралы алқабының оңтүстік-шығысында. Алғашқы ашылған жылы бұл округ 14 болыстан құралды, оларда 20 мыңдай шаңырақ немесе 60 мың ер адам болды. Кейін оларға тағы да төрт болыс қосылды.

Көкшетау округі Петропавл тұсында жатыр. Оны басқарушының приказы одан 240 шақырым жерде Үлкен Шағыл өзенінің бойында орналасты. Бұл округ 17 болыстан тұрады, оларда 15 мыңдай шаңырақ немесе 35 мыңдай ер адам бар.

Осы округтер ашылғаннан кейін 1824—1825 жылдар ішінде Батыс Сібір бас басқармасына Орта жүздің сұлтандарынан, билері мен старшындарынан округтер ашуды сұраған өтініштер түсті. Обаған өзені бойында және Теңіз көлі аудағында көшіп жүретін 32 арғын болыстарының, Өскеменнен 200 шақырым жерде мекендейтін бура-найман болыстарының және солармен аралас қоныстанған Сыбан-Керей болыстарының рубасылары осындай өтініштер жасады.

Алайда «Қарқаралы мен Көкшетау округтері бойынша табысқа қол жеткізуге уақыт болуы үшін» орыс үкіметі жаңа округтер ашуға асыға қоймады.

Бұл аталған округтердің ұйымдастырылуы көп ұзамай-ақ расында игі нәтижелерге жеткізді, сондықтан орыс үкіметі жаңа округтер құра басталды: 1831 жылғы 17-маусымда — Аягөз, 1832 жылғы 22-тамызда — Ақмола, 1833

жылғы 22-тамызда — Үшбұлақ және Баянауыл, 1834 жылғы 30-тамызда Аманқарағай округтері ашылды.

Кейіннен Үшбұлақ округі таратылғанымен, іс жүзінде ол одан әрі өмір сүре келіп, ХІХ ғасырдың 60-жылдарында ғана Баянауыл округіне қосылды.

2-кесте

1835 жылғы сыртқы округтер бойынша статистикалық мәліметтер

Округ	Саны		Жан саны		
	ауыл	шаңырақ	ерлер	әйелдер	бәріп қосқанда
Қарқаралы	343	18343	55039	73370	128409
Одан Ақмола және Баянауыл округтеріне берілгені	36	2355	5689	6234	11923
Көкшетау	144	8778	26187	30731	56918
Одан Аманқарағай және Үшбұлақ округтеріне берілгені	40	2166	3315	3000	6315
Аягөз	—	—	31099	32277	63376
Ақмола	—	—	28749	38322	67071
Үшбұлақ	—	—	24431	29913	54344
Баянауыл	—	—	28061	37403	65464
Аманқарағай	—	—	33271	39230	72501
Барлығы:	563	31642	235841	290480	526321

1846 жылы Аманқарағай округі Құсмұрын округі етіп қайта құрылды.

Әрбір сыртқы округке салық төлеуде бес жылға жеңілдік берілді. Қарқаралы және Көкшетау округтерінен салық іс жүзінде 1832 жылы, яғни ол құрылған күннен 8 жыл өткен соң ғана алына бастады. Салық мөлшері мынадай болды: 200 жылқыдан — 1 бас, ірі қараның немесе қойдың 150 басынан — 1 бас. Заттай салымдар ақшалай есеп айырысумен алмастырылды: бір жылқы — 35 сом, бір өгіз — 20 сом, бір қой 2 сом деп есептелді.

1832 жыл мен 1836 жыл аралығындағы кезеңде ақшамен есептегенде Қарқаралы округінен — 369 852 сом, Көкшетау округінен — 136 590 сом жиналды. Сонымен, бір округтен едәуір көп ақшалай салық жиналды, ал барлық

округтен жиналған салық сомасы самодержавие қазынасына сүбелі үлес болып қосылды.

Шеп (линия) аумағын бойлай, яғни өзендерді жағалай отырып, 10 шақырымдық өңір құрылуы да ішкі және сыртқы округтердің енгізілуімен тығыз байланысты, онда форпостылар, бекіністер, казак қоныстары құрылды.

Сонау 1765 жылдың өзінде-ақ генерал-поручик Шпрингер бекініс басшыларына қазақ көштерін шепке 5—10 шақырымнан жақын жібермеуді ұсынған болатын. Бұл 10 шақырым өңірдің шекарасы шамамен 1839 жылы белгіленді, ол кезде Батыс Сібірдің генерал-губернаторы кінәз Горчаковтың өкімімен топограф Кокуюлин Ертістің, т. б. өзендердің бойын суретке түсірген еді.

10 шақырым өңірдің құрылуы көп көлемде құнарлы жерді қазақ қауымдарының пайдалануынан айырды.

1838 жылғы 6-сәуірде «Сібір қырғыздарын жеке басқару туралы ереже» бекітілді. Ол бойынша Омбы облысы таратылды да, Сібір қазақтарын басқару үшін орталығы Омбы қаласында болған Шекаралық басқарма құрылды. 1838 жылғы 25-қарашада Ұлы мәртебелінің жарлығымен Батыс Сібір бас басқармасы Тобыл қаласынан осында көшірілді.

Орта жүз бен Кіші жүз қазақтарының қоныстары ежелден Обаған (Алабұға), Тобыл, Ой өзендерінің бойында, Торғайдың бас жағында шектесіп жатқан. Олардың Орынбор шекаралық комиссиясы (Кіші жүз) мен Омбы облысына, ал кейіннен Сібір қазақтарының Шекаралық басқармасына (Орта жүз) бөлінуіне байланысты қоныстары жасанды жолмен бөлінді, сөйтіп Орта жүз қазақтарының бір бөлігі бұрынғысынша Орынбор шекаралық комиссиясының қарамағына өткен жайылымдарында көшіп жүрді. Іс жүзінде көптеген рулық-тайпалық топтар Сібір ведомствосының қарамағында болды.

Орыс әкімшілігінің осы екі басқармасының арасындағы даулар (ведомстволар арасында шекара белгілеу, т. б.) көптеген жылға созылды. Бұл даулар негізінен бір жайылымға түрлі рулардың дәмеленуі мен феодалдардың басқа жүз руларын өздеріне бағындыра келіп, сол арқылы өзі жинап алатын салық үлесін қамтамасыз етуден туындап отырды.

Орынбор ведомствосының түрлі дистанциялары арасында Арғын, Қыпшақ, Керей, Уақ тайпаларының көптеген қауымдары көшіп жүрді.

XIX ғасырдың алғашқы ширегінде аралық сызықты анықтау жөнінде бірнеше комиссия жұмыс істеп, 1838



жылғы 7-маусымда Министрлер Комитетінің «Сібір және Орынбор ведомстволарының қырғыз-қайсақтарың бөлу туралы» Ұлы Мәртебелі бекіткен ереже шықты.

Осы ережеге сәйкес, шекара солтүстіктен оңтүстікке қарай Қызыл бағана дейтін жерден (Алабұға, Сібір бекіністері аралығында) Алабұға (Обаған) өзенінің бойымен, көптеген көлдер мен өзендерді (Ұлықөл, Қасықкөл т. б.) басып, Торғай, Есіл өзендері су айырығының бойымен Сібір ведомствосының құрамына кірген Ұлытауға дейін тартылды. Ұлытаудан шекара (кейін нақтылануға тиіс жерлермен) Телікөлге қарай жүргізілді.

Тағы сол ереже бойынша Орынбор ведомствосына Аманқарағай округінің болыстары өтті. Екі ведомствоның да әкімшілігіне жер межеленген соң «қошпенді тайпалардың бір жақтан екінші жаққа өтуінің қандайына болса да кедергі жасауға» бұйрық берілді.

Бірақ осы меже жүргізілгеннен кейін де бұл ведомстволардың рулары арасында жайылымдарға қатысты даудамай, қақтығыс болып тұрды. Өкінішке қарай, мұндай оқиғалар кейде қайғылы оқиғалармен тынып отырды. Дау әр түрлі жүз руларының арасында ғана емес, сонымен қатар бір рудың топтары, бір жүздегі тайпаластар арасында да туындап отырды. Мысалы, 1846 жылғы 15-мамырда Орынбор шекаралық комиссиясы Сібір қазақтары шекара бастығына мына оқиғаны хабарлаған: Ақмола округіндегі Төрткөл болысының 500 қазағы Торғай өзені бойында көшіп жүретін, «егіншілікпен айналысатын...» қыпшақ руынан шыққан Орынбор қазақтарына шабуыл жасаған, бірнеше адамды өлтіріп, жаралаған, көп мөлшерде мал айдап әкеткен, әр түрлі мүлік, соның ішінде 307 кетпен алып кеткен, сөйтіп 150 шығырға (механизммен суарылатын жер көлемі; бір шығырдан жиналған астық мөлшері 500 қойдың бағасына сәйкес келеді) жуық жерге егілген егісті таптап кеткен. Егер келтірілген залалды ақшаға шағатын болсақ (1 қой 2 сом тұрады), ол 150 000 сом болады.

Шекараның осындай нақты белгіленбеуі салдарынан жайылымға таласу Ұлы жүз бен Орта жүз қазақтары арасында да жиі орын алып тұрған.

1848 жылы Ұлы жүздің сұлтаны Сүйік Абылайханов Батыс Сібірдің генерал-губернаторына хат жолдап, онда Найман тайпасының кейбір рулары ежелден Ұлы жүз қазақтарына тиесілі Лепсі, Басқан, Қаратал, Көксу т. б. өзендер бойындағы жайылымдар мен егістік жерлерді басып алды деп жазған.

Батыс Сібір генерал-губернаторының өкімімен сібір қазақтарының шекаралық бастығы генерал-майор Вишневский мен кеңесші Коченов Ұлы орданың приставы барон Врангельмен бірге Ұлы жүз бен Орта жүз қазақтарының өзара дауларын бір жыл бойы анықтады. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде «аталған жерлер наймандардікі екендігі Аягөз және Көкпекті приказдарында бар жазбаша құжаттармен дәлелденетіні» анықталды. Әңгіме осы приказдар округтер ұйымдастырылған кезде берген және Лепсі, Басқан, Қаратал, Көксу өзендері бойындағы жерді наймандарға еншілеген құжаттар жайында болып отыр.

Ұлы жүз қазақтарының Найман болыстары жерінен одап әрі дәмеленуін тоқтату үшін патша жарлығымен бұл жерлер наймандарға бекітіліп берілді.

Вишневский мен Врангель комиссиясының жұмысы нәтижесінде Орта жүз бен Ұлы жүз қазақтарының қоныстарын мейлінше дәл көрсетіп, олардың Қаратал өзені бойымен шекарасын белгілеуге мүмкіндік туды. Бірақ бұл жүздердің қоныстары арасындағы шекара ғана болатын. Ал ресми әкімшілік шекара тек 1867 жылы, құрамына Семей облысының бір бөлігі кірген Түркістан генерал-губернаторлығы құрылған кезде белгіленді.

Жүздер арасында жер бөлінуімен бірге сібір қазақтарын ішкі жайғастыру жұмыстары да жүргізіліп жатты. 1844 жылы Көкпекті ішкі округі құрылды. Оның 12 болысына Аягөз округінің төрт болысы қоса берілді.

3-кесте

Сібір ведомствосы Орта ордасының ішкі округтері туралы статистикалық мәліметтер (1851 ж.).

Округ	Болыс	Ауыл	Шаңырақ	Жан саны	
				еркектер	әйелдер
Қарқаралы	18	147	18 325	39067	33839
Көкшетау	14	167	11147	26121	27804
Аягөз	12	118	16808	31248	26567
Ақмола	20	212	15007	27125	24701
Баянауыл	14	149	11819	21804	18502
Құсмұрын	5	63	4385	7002	6114
Көкпекті	15	106	13508	27876	23677
Ждыны:	98	962	90999	180243	161204

Ішкі жеті округте барлығы 341 447 адам болды. 1835 жылмен салыстырғанда (2-кестені қараңыз) округтер тұрғындары санының кемуін таратылған Аманқарағай округінің бір бөлігі мен Ақмола округінің бірнеше болысының Орынбор ведомствосына берілуімен түсіндіруге болады. Қауымдардың біразы ішкі жаққа, яғни қытай әскерлерінің ығыстырылып шығарылуына байланысты Ертістің оң жағалауына көшіп кеткен.

Кенесары Қасымов басшылық еткен көтеріліс те аз рөл атқарған жоқ. Ол өзінің ең жақын серіктерімен бірге 1837 жылы көктемде Ақмола округінің қоныстарына келген еді. Арғын, Қыпшақ рулары мен басқа да рулардың көпшілігі көтерілістің негізгі күштеріне айналды. 1837 жылдың аяғы мен 1838 жылдың басында Қарқаралы округінің барлық болыстары дерлік Кенесары Қасымовтың көтерілісіне қосылды. Аманқарағай округінің 2000 қазағы, Баянауыл округінің көптеген рулары мен т. б. Кенесары қозғалысына қосылды. Әрине, мұның бәрі қазақ руларының көшіп-қонуына ықпал жасамай қойған жоқ. Кенесары Қасымовтың жеңіліске ұшырауы көтеріліске қатысушылардың бұрынғы мекен еткен жерлеріне қайтып баруына әкеп соқты. Бұл орайда кейбір жағдайларда қайтып келушілер мен жаңадан қоныстанушылар арасында қақтығыстар болды. Жер дауы өрши түскен кезде көп мәселені билер соты шешіп отырды. Олардың үкіміне келіспеген жағдайларда істі орыс әкімшілігі қарауға тура келді. Бұл арада даладағы әкімшілік өзгерістер де жалғастырыла берді, патша өкіметі дала тұрғындарын тыныштандыруға, көшпенді қауымдар арасында жеке енгізуге ұмтылды.

1854 жылғы 19-мамырда «Семей облысын басқару жөніндегі ереже» бекітілді.

Бұл облыс құрамына: Семей ішкі округі, Көкпекті және Лягөз ішкі округтері, Қапал әскери округі енді.

Бұрынғы Сібір ведомствосының ішкі округтерінен (Көкшетау, Ақмола, Баянауыл, Қарқаралы, кейін 1859 жылы таратылып, Атбасар округі болып қайта құрылған Құсмұрын), екінші болыс — Сібір қазақтары болысы құрылды, бұл ретте шекаралық бастық-әскери губернатор деп аталды, ал Шекаралық басқарма Сібір қазақтарының облыстық басқармасы етілді. Әскери губернатор округтерге Округтік приказдар арқылы басшылық етті.

Семей облысы мен Сібір қазақтары облысы бұрынғыдай (1822 жылдан) генерал-губернатор басқаратын Батыс Сібір бас басқармасына бағынды.

Бұл заң бойынша ішкі округтердің жері мемлекеттік меншікке айналып, көшпенді шаруашылықтар ол үшін мемлекеттік салық қана төлеп отырды, ал Сібір әскері үшін алым алынбайтын болды.

Егіншілікпен айналыспақшы болған әрбір қазаққа жап басына 15 десятинадан, ал сұлтандар мен болыс басқарушыларына екі есе көп егістік жер бөлінді. Бұл үлесті жерлер кейін олардың меншігіне көшетін болды. Жайылымдарды өз бетімен басып алудың қандайына болса да тыйым салынды.

Сонымен, XIX ғасырдың ортасына қарай Қазақ даласын аумақтық жайғастырудың бірінші кезеңі аяқталды. Ал аумақ ұлан-байтақ болатын: ол — солтүстігінде — Сібір казак шебінің оң қанаты деп аталған Горькая шебімен; шығысында — Ертіс бойымен — казак шебінің сол қанатымен, соған соң — қытай бекеттік шебінің 800 шақырымын бойлап, Алатау жотасымен және Шарын өзенімен; оңтүстігінде — даладан Кунгей Алатау жотасы, Шу өзеніне құятын Далақайнар өзені бөліп тұрған қырғыздар жерімен және Шудан Телікөл-Тата көліне дейін шектесіп жатты. Батысында Орынбор ведомствосының жерімен шектеседі, олардың арасындағы шекара Телікөл-Тата көлінен (Ташкентке дейін) Көкалажар мүйісі мен Сарысу өзеніне дейін, содан соң Тоқымтыққан алқабымен, Майтөбе, Байқоңыр, Қайыңтөбе тауларымен, Сарытау, Ұлытау, Үшқашыл, Жақсы Арғанаты, Қу тауларының маңынан, Есіл аңғарын Торғай даласынан бөліп жатқан тау жотасымен, Бұрықтал, Обаған өзендерімен, Теңіз көлімен (Құсмұрын көлімен) кең даланы көктей өтіп, Алабұғаның жоғарғы ағысына дейін және онымен жүре отырып, Алабұға бекінісіне дейін жетеді.

Қазақ даласының ауданы (Орта жүз жері) 1 055 800 шаршы шақырым болған, мұның өзі  $150.828\frac{4}{7}$  географиялық миль, яғни 109 979 166—3/3 десятина болады.

Жерді қызмет сіңірген, отаршылдық саясат жүргізудегі өзінің сүйеніші — казак сословиесіне заң жүзінде бекітіп бергісі келген император нақ сол 1854 жылғы 10-қазанда «Сібір шептік (линиялық) казак әскері полктерін Станицалық Басқармаларға тіркеу туралы ережені» бекітеді. Ол біз үшін қазақ руларының едәуір көп болған казак полктары жеріне орналасуын қарастырған кезде маңызды болмақ. Деректемелерде белгілі бір полк жерінде көшіп жүретін ру жиі көрсетіледі. Көшіп жүретін жерлерді белгілі бір полкке жазылған станицалар бойынша

анықтауға болады. Сондықтан да полктерге не жазылғанын көрсетіп өту қажет.

1-полк: Кокшетау, Қотыркөл, Шалқап, Лобанов, Арықбалық, Томенгі Бөрлі станицалары; 2-полк: Атбасар, Жақсы, Жалғызтау, Ақмола және Ұлытау станицалары; 3-полк: Песчаная, Преснегорьков, Кобан, Островская, Преснов, Новорыбинск станицалары; 4-полк: Сеюкор, Становая, Новоникольская, Большевознесенская, Ангельская, Петропавл станицалары; 5-полк: Плоская, Полуденная, Лебяжье, Лосев, Николаев, Мельничная, Омбы, Ашайыр, Покров, Қызылбас, Черлаков, Больше-Ачинская станицалары; 7-полк: Черметон, Железинка, Песчаная, Чернорецкая, Коряков, Лебяжье, Семиар станицалары; 8-полк: Долоп, Семей, Оба, Краснояр, Өскемен, Северная станицалары, Бұқтарма және Мало-Большеарым бекіністері; 9-полк: Бобров, Верх-Алейская, Тигирецкая, Шар, Мазгальевская, Антоновская, Терская станицалары; 10-полк: Қапал, Аягөз және Көкпекті станицалары.

Қазақтардың пайдалануынан көлемі едәуір жер тартып алынды.

Басыбайлылық құқығы жойылғаннан кейін (1861) Ресейде аграрлық дағдарыс жыл өткен сайын асқына түсті. Патша өкіметі оны ауыл шаруашылығында капиталистік даму жолына түсе отырып, шет аймақтардағы байырғы тұрғындардың, соның ішінде қазақтардың да жерін тартып алу есебінен шеше алатын еді. Бірақ өзінің отаршылдық саясатын нәтижелі жүзеге асыру үшін патша өкіметіне қазақ жерлерін басқаруды орталық Ресейдің әкімшілік орындарымен сәйкес келтіру қажет болды.

Осы арқылы патша өкіметі жайылымдар мен жерді пайдаланудағы рулық негізді біржола жойғысы келді, қазақтарды әкімшіліктің жоғары және орта буындарындағы басқару ісінен шеттетуге, мемлекеттік (кабинеттік) жер қорын құрып, оны аграрлық дағдарысты шешуге және т. б. пайдаланбақшы болды.

1868 жылғы 21-қазапта «Орынбор және Сібір ведомстволарының қырғыз далаларын, Орал және Сібір казак әскерлерін басқаруды өзгерту туралы ереже» енгізіліп, соның нәтижесінде төрт облыс: Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстары құрылды. Орта жүз қазақтарының негізгі көпшілігі соңғы екі облыс құрамына енді.

1882 жылғы 18-мамырда Батыс Сібір генерал-губернаторының қызметі мен Батыс Сібір бас басқармасы Кеңесі жойылып, оның орнына Омбы қаласында орналасқан Дала генерал-губернаторының қызметі құрылды.

Дала генерал-губернаторлығының құрамына Ақмола, Семей, Жетісу облыстары енді, бұл орайда соңғысы Түркістан генерал-губернаторының қарауынан алынды.

Ресей мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекара да сол жылдары белгіленді. Мұның өзі сайып келгенде осы мемлекеттерге тиісті аумақ пен халықты анықтап берді.

Сонау 1830 жылдың өзінде Көкпекті округін ұйымдастыру кезінде орыс әскерлері Көкпекті өзенінде қытайлармен қақтығысып қалған еді. Қазақтар «өздерінің кімге, қытайларға немесе орыстарға қарайтынын осы кезге дейін білмейтін» жағдай қалыптасты.

Бірқатар себептерге сәйкес соғыс қақтығыстары болмай қалды: Тайшин көтерілісі (1850—1873) мен есірткі соғыстары (1840—1850, 1851—1861) Циндік Қытайда экономикалық және саяси берекесіздік туғызды. Бірақ бәрінен де ірі мәнге ие болған — 1864 жылғы Шығыс Түркістандағы көтеріліс еді, соның нәтижесінде Іле өзені аңғарында және Қашғарияның алты қаласында (Алты шаһар) орналасқан қытай гарнизондары жойылып жіберілді.

Осы сәтті пайдаланған орыс әскерлері 1871 жылы Іле (Құлжа) өлкесін жаулап алды.

1864 жылғы көтеріліс нәтижесінде пайда болған феодалдық құрылымдар (Дүнген, Ұйғыр, Қашғар әмірлігі) өзара қырқыстарға ұшырап, сайып келгенде олар Қытай әскерлерінің соққысынан құлады.

Қытаймен жапжалға барғысы келмеген Ресей 1879 жылы Құлжа өлкесінен кетіп, 1881 жылы Санкт-Петербург шарты жасалды, ол бойынша Іле өлкесінің батыс бөлігі, яғни ежелгі қазақ жерлері Ресей жағында қалды. Бірақ Қытайдың да үлесіне аз тиген жоқ: өйткені өлкенің Қытай жағында қалған шығыс бөлігінде Найман руының 5000-дай қожалығы, яғни 20000-дай адамы бар 12 болысы (сыбан, байжігіт, қызай) көшіп жүретін еді. Сөйтіп бір халықты екі империя екі бөлікке бөліп алды.

Жалпыресейлік басқару жүйесіне түпкілікті қошу 1891 жылғы 25-наурыздан («Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» күшіне енген кезден) жүзеге асырыла бастады.

Осы «Ереже» бойынша Ақмола облысы — Омбы, Атбасар, Петропавл, Ақмола, Көкшетау уездеріне; Семей облысы — Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан, Қарқаралы уездеріне бөлінді.

Бұл облыстарды, сондай-ақ Жетісу облысын басқару Дала генерал-губернаторының қарауында қалдырылды.

Облыстық басқару әскери губернатор мен облыстық басқарманың қолына шоғырландырылды.

Облыстардың отырықшы тұрғындары да, көшпелі тұрғындары да селолық мешандар құқықтарын пайдаланды.

Әрбір уезде көшпелі халық болыстарға, ал болыстар ауылдарға бөлінді. Шаңырақ иелерінің саны болыстарда — екі мың шаңырақтан, ауылдарда екі жүзден аспауға тиіс болды.

«Ережеге» сәйкес, болыстар мен ауылдар рулық белгісі бойынша емес, қайта «жерді бірлесіп пайдалану» принципі бойынша құрылады. Жер мен орман мемлекеттік меншік деп танылды және көшпелілердің мерзімсіз қоғамдық пайдалануында қалдырылды. Егін салу мен шөп шабу барынша көтермеленіп, ол үшін жекелеген шаруашылықтарға қыстаулар мен жайлауларда арнайы учаскелер бөлінді.

Көшпелі халыққа «шаңыраққа немесе осыған ұқсас қандай да бір үй-жайға..» төрт сомнан салық салынды.

Көшпелі және отырықшы халықты жерге орналастыру үшін XIX ғасырдың екінші жартысы мен әсіресе соңғы ширегінде әралуан жерге орналастыру топтары жұмыс істей бастады. Олардың міндетіне бір көшпенді шаруашылыққа, ауылға, болысқа арналған жер нормасын белгілеу, әсіресе — көшпенді халықтағы «басы артық» жерді анықтау енді. Жерге орналастыру топтарындағы патша шенеуніктері көшпелі шаруашылықты жүргізудің ғасырлар бойы қалыптасқан ерекшеліктерін білмей, маусымдық жайылымдар көлемін кесіп тастап, бұл орайда таңдаулы учаскелерді қазақ қауымдарының қарамағынан тартып алып отырды. Көптеген жағдайларда бұл әдейі істелді — Ресейден, Украина мен Белоруссиядан келген жаңа отаршыларға жер қажет еді.

Келімсектерді орналастыру жөніндегі комиссияға қатысушылардың біреуі міне, былай деп жазған: «Орыс қоныстанушылары жаңа өлкеге өз отанының ұғымдарымен, ниғыл-дағдыларымен келеді. Олар қырғыздардың (қазақтардың — М. М.) көшпенді мал шаруашылық тұрмысын мүлде түсінбейді, сондықтан олардың жерінің біршама көп болуы қоныстанушының ашу-ызасын келтіріп, осы бір «патшаға солдат бермейтін» және «аң сияқты інде тұратын» адамдар «біздің мырзаларымыздағыдан көп жерді» пайдаланып отыр деседі. Сондықтан қоныстанушылар қырғыздар шабындығынан шөп шауып, жаздыгүні пәсіз қалған қырғыз құрылыстарының ағамтарын тасып әке-

туді, қырғыз қыстауларын қыстыгүні борандардан қорғайтын тоғайларын кесіп, олардың ата-бабаларының қабірлерін тонауды әбес деп санамады. Бұдан асырып айту қиын!

Егер бұған Сібір шебінің 10 казак цолкіне алынған жерді, сондай-ақ қазыналық жерді және 10 шақырымдық өңірді қосатын болсақ, қазақтардан қандай көлемде жер тартып алынғаны және әлі де қандай көлемдегі жерді тартып алу көзделгені айқын болады.

Сонымен, XIX ғасырдың аяғына қарай Қазақстандағы, соның ішінде, Орта жүзде әкімшілік-аумақтық құрылыс негізінен аяқталды.

Семей облысының құрамына бұрыннан бар мына округтердің жерлері: Семей ішкі округі; Көкпекті, Баянауыл және Қарқаралы сыртқы округтері кірді; Аягөз сыртқы округінің едәуір бөлігі — Жетісу облысының құрамына, ал аз бөлігі Семей облысына тиді (Зайсан ойпатының оңтүстік бөлігі мен округтің шығыс бөлігі — Шыңғыстауы).

Ақмола сыртқы округінің Баянауыл және Қарқаралы сыртқы округтерімен шектес шығыс аудандары (Ерейментауға және Нұра өзенінің бас жағына дейін) Семей облысына қосылды.

Ақмола облысының құрамына Ақмола, Көкшетау, Атбасар сыртқы округтері енді. Аумақтары қазақ округтеріне кірмеген жаңа әкімшілік өлшемдері де: Семей облысында — Павлодар уезі (Қазақстанның солтүстік-шығысы), Ақмола облысында Омбы және Петропавл уездері (Қазақстанның солтүстігі) құрылды.

Семей және Ақмола облыстары арасындағы шекара Ертістен (Железинкадан сәл солтүстікте) оңтүстікке қарай Шу өзеніне және солтүстік Балқаш өңіріне дейін өтті. Ақмола облысының батыс шекарасы Обаған өзенінің бойымен, Торғайдың бас жағымен өтіп, Телікөл мен Шу өзеніне дейін жетті.

## 2. Орта жүз ру-тайпаларының орналасуы

Қазақтардың тіршілігі үшін негізгі өнімдер мен шикізатты (тамақ, шикізат т. б.) беріп отырған мал шаруашылығы жыл бойы маусым бойынша жайылымды ауыстырып отыруға негізделген еді. Осындай көппелі өмір салты рулар мен тайпалардың орналасуын анықтап, дөс-



түрлі көшіп-қону жолдарын орнықтырды және белгілі бір рулар мекендейтін жерлерін белгілеп берді.

Рулардың орналасуына ішкі (жайылым үшін руаралық даулар) және сыртқы (басқа халықтың басқыншылығы) оқиғалар да ықпал жасады.

XVIII ғасырда қазақ тайпалары көпшілігінің қоныс аударуында жоңғарлардың шапқыншылығы мен оларға қарсы күрестің едәуір мәні болды. Екінші тарауда қазақ тайпаларының батысқа көшуі мен жоңғарлардың қуып шығарылуына байланысты олардың ежелгі жайылымдарына қайтып оралуы айтылған болатын. Осы бір көшіп-қону жағдайы рулардың кейде өздерінің бұрынғы жайылымдарына, кейде жаңа қоныстарға орналасуымен қабаттасып отырды. Жайылым үшін руаралық даулар — бір руды екінші бір ру ығыстыру, жерін тартып алу оқиғалары жиі кездесетін еді, яғни XVIII ғасырда жаңа жерлерге көшіп кету мен көшіп бару сирек болмаған.

Бұл ретте қоңыраттардың көшіп кетуі жөнінде болмаса (ол жөнінде кейінірек айтылады), XIX ғасырда рулар мен тайпалардың бұлайша көшіп-қонуы кездесе бермейді.

Егер XIX ғасырдың бас кезінде рулардың орын ауыстыруы әлі де аңғарылатын болса, олардың орналасқан жері жыл өткен сайын жеке меншігіле айнала түседі. Бұған сыртқы агрессияның болмауы ғана емес, сонымен қатар орыс әкімшілігінің жерді белгілі бір руға, қауымға заң жүзінде бекітіп беруі де себепші болды. Патша өкіметінің отаршылдық саясаты мен жерді тартып алуына байланысты жайылымның барған сайын тарыла түсуі себепті қазақ руларының жерді көбірек қамтып қалуға ұмтылуы да әсер етпей қойған жоқ.

Орыс әкімшілігінің әр түрлі мекемелерінің архивте сақталған құжаттары мен билеуші сұлтандардың хабарлауына қарай отырып, рулар мен тайпалардың қоныстарын, сонымен бірге мекендеген жерін де белгілі бір аумаққа (болысқа, округке, облысқа) бөлуге болады.

Бір ретте тайпа, оның рулары кең-байтақ аумақты (мысалы, Қарқаралы округін) алып жатады, басқа бір жағдайда олар бүкіл Қазақстан бойынша бытырап жүреді.

Төмендегі материалдар, бұрынғысы сияқты, жеке тайпалар бойынша баяндалады. Мұның өзі тайпа мекендейтін негізгі аймақты анықтап, оның кейбір руларының басқа жерлерге көшіп кету себебін мүмкіндігінше ашып көрсетуге жағдай туғызады.

## АРҒЫН

Арғын тайпасының рулары бүкіл Қазақстанда қоныстанды, бірақ олардың мейлінше көп табан тіреген жерлері мыналар: Орталық Қазақстанда — Есіл, Құнанөтпес, Терісаққан, Қума өзендерінің аңғары, Қорғалжын, Теңіз көлдерінің төңірегі, Нұра өзені мен оның көптеген салаларының бойы; Шығыс Қазақстанда — Шыңғыстау, Шұбартау даласы, Тоқырау, Бақанас өзендерінің бойы, Солтүстік Балқаш өңірі, Қарқаралы таулары және оның көптеген өзендері бар төңірегі, Ащысу, Нұра өзендерінің бас жағы, Қарасор, Қатышкөл, Саумалкөл көлдерінің төңірегі, Баянауыл маңы мен Ертіс бойы; Солтүстік Қазақстанда — Кішіқарой және Ебейті көлдерінен бастап, одан әрі Есіл мен оның салалары бойымен батысқа қарай, Зеренді, Алабота, Жалбыркөл, Сәулекөл, Ақпан-бөрлі, Таисары, Жабай, Жыланды өзендерінің т. б. бойы.

Арғындар Кіші жүз жерінде де мекен еткен, ол жерлер: Қарақамыс, Шошқалы, Сарыкөл, Қойбағар көлдерінің төңірегі, көптеген шағын өзендердің бойы мен осы көлдер маңындағы алқаптар, Торғайға құятын Үлкентамды, Мойылды, Сарыторғай деген шағын өзендердің бойы, сондай-ақ Торғай өзенінің бас жағы және Сарыкөл төңірегі.

Жалпы алғанда, Арғын тайпасының қоныстанған жерлері осы. Рулардың орналасуы туралы деректерді архив құжаттарынан, әсіресе сыртқы округтер бойынша мәліметтер келтірілетін құжаттардан аламыз. Оларда мейлінше толық көріністер беріледі.

Арғын тайпасы руларының орналасуын Шығыс Қазақстаннан бастап, содан әрі жылжымыз.

Топонимика елеулі өзгерістерге ұшырағанын көруге болады. Кейде қазіргі карталардан рулардың ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырлардағы орналасқан жерлерін анықтау қиын, өйткені өлкенің отарлануына байланысты төңкеріске дейінгі әр түрлі деректемелерде көрсетілген атаулардың орнына, кейін орысша атаулар берілген. Бұл мәліметтерді неғұрлым кейінгі мәліметтермен салыстыруға тырысамыз және оқырмандарға түсінікті болуы үшін тым болмағанда оқырмандар біле бермейтін жерлердің шамамен алынған географиялық координаттарын немесе орналасқан жерлерін белгілі пункттерге, өзендерге, көлдерге, тауларға т. б. байланыстыра көрсетеміз.

Жоңғарлар қуып шығарылғаннан кейін қазақ руларының шығыстағы қоныстарына қайтып оралуы үш бағыт-

та: Орта Азия жағынан — Шу өдірі арқылы Сарыарқа даласы, Түркістаннан Ерейментау және Оңтүстік Сібірден (Ертіс, Ом өзендерінен) Ертіс алқабы бағытында жүрді.

Аңыздарға қарағанда, Сарыарқа даласына (Есіл, Нұра, Түндік өзендері бойына) алғаш келгендердің бірі Қанжығалы руының қауымдары болған. Осы рудың билері Абыз бен Шомақ бос қоныстарға өз тайпаластарын шақыра бастайды.

Жоңғар шапқыншылығы жылдарында көшіп кеткен Қаракесек руы Ташкент маңында тұрып, олардың биі Бертіс (қараңыз: 2-кесте — Бошаннан тараған төртінші ұрпақ — М. М.) осы қалада белгілі бір қызмет атқарған.

Қанжығалылардың ұсыныс жасауы уақыт жағынан Бертіс бидің шөбересі Қазыбек бидің (қараңыз: 2-кесте) заманына тұстас келеді. Қазыбек би көшіп бару мүмкіндігін білу үшін Қу және Едірей таулары төңірегін мекендеген Қанжығалы руының билеріне өз адамдарын жібереді. Өкілдері жақсы хабар әкелгеннен кейін Қазыбек би Қаракесек руының өзі билейтін Бошан атасымен және Қуандық руының Алтай атасымен (қараңыз: 2-кесте) бірге көтеріле көшіп Сарыарқаға, қанжығалылардың қоныстарына беттейді.

Аңыздарда былай делінеді: Темеш (алтай)<sup>1</sup> руынап Найман тайпасы 40 биені ұрлап, сойып алған. Наймандар ол етті ерулік дәстүрімен қонақасыға берген. Сосын жайылымды жаңадан көшіп келгендерге тастап, өздері көшіп кеткен.

Халық пен мал санының көбеюіне байланысты жердің таршылығы байқалып, қаракесектер қанжығалыларды Баянауыл тауына, ал Қуандық руының Алтай атасын Ақмола даласындағы Семізқыз тауына ығыстырған.

Қаракесек руының қауымдары Кент, Боқты, Қу, Едірей, Абыралы таулары мен соларға шектес жерлерді қоныстанды.

XIX ғасырдың бас кезінде Ақмола даласынан және солтүстіктен (Ом өзенінен) Қарқаралы тауларына Тарақты руы көшіп келді. XIX ғасырдың 40-жылдарында күші мығым Қамбар руы тарақтыларды Көкшетаудан ығыстырып шығарды.

---

<sup>1</sup> Алтай мен Темеш шын мәнінде әр түрлі патрилинджерге жатады: Темеш — Алтайдың бауыры Омардың баласы (қараңыз: 2-кесте).

XIX ғасырдың 40-жылдарында Абылай ханның кенже ұлы Шама сұлтан Солтүстік Балқаш өңірінің шөл дала-сынан көшіп келген Дадан-Тобықты руы Шыңғыстаудан қуып шықты. Осылайша көшіп келіп, бір руларды екінші-лерінің ығыстырып шығаруы аз болмаған.

Сонымен, солтүстік ендіктің 50 градусы мен шығыс бойлығының 40 градусынан шығыс ендіктің 48 градусы және одан оңтүстікке қарай солтүстік Балқаш өңірінде аргындар көшіп жүрген және басқалардан гөрі олардың арасында Қаракесек руы өте көп болған.

Осы көшпенді қауымдар негізінде 1824 жылы Қарқаралы округі құрылды, ал кейініректе олардың қысқы және жазғы қоныстары құрылды, төменде ол жерлер келтіріліп те отыр.

4-кесте

1841 жылғы деректер бойынша аргындардың Қарқаралы округі аумағында орналасуы

№№	Болыстар	Қоныстары	
		қыстау	жайлау
1	2	3	4
1.	Дүйсенбай-Шақшақ	Қазанған өзенінің аңғарында (Теміріші, Қызыладыр, Жақсы-Қаражал және басқалар)	Кіші Нұра өзенінен Үлкен Нұра маңындағы Сазға дейін
2.	Әйтiмбет Қара	Қазанған және Түндiк өзендерiнiң көптеген аңғарларында (Қадыр үлгiсi және Арқалы)	Талды өзеніндегi қыстаудан батысқа қарай, Қарақора өзенінде, Кiшi Нұра мен оның салалары бойында Сазға дейiн.
3.	Қарауыл-Қамбар	Екi Түндiк өзендерi аралығындағы, Көкшетау маңындағы алқапта	Талды өзенi, Қарағор көлi, Кiшi Нұра және Саз өзендерi бойында.
4.	Дадан-Тобықты	Балқаштың солтүстік жағалауында, Тоқырау өзенінің сағасынан Қаңдықты алқабына дейін	Тоқырау өзені бойымен оңтүстікке қарай
5.	Тарақты	Достар, Қырғынтас, Әбілтау және т. б. аңғарында	Кіші Нұра өзені мен Бағатор тауына дейін, Шідерті өзенінің бас жағында

1	2	3	4
6.	Көшім	Түндік өзенінің шығыс жағасындағы Қойтар, Қызыладыр, Сарыөзек алқабында	Түндік, Талды өзендерінде, Ащысу өзенінің бас жағында және одан әрі батысқа қарай Кіші Нұра өзеніне және Шідерті өзенінің бас жағына дейін
7.	Жалдықбас	Сарыжал, Дәулетбай және басқа алқапта	Талдысу, Ащысу өзендері бойында Шідерті, Өлеңті және Кіші Нұра өзендерінің бас жағына дейін
8.	Байбөрі	Істықкөл, Сарыжал, Арқалық және басқа алқапта	Түндік өзенінде, Тарақты және Шапшар болыстарымен бірге, сондай-ақ Шідерті, Өлеңті және Кіші Нұра өзендерінің бойында
9.	-әнінің Шаншар	Шапан өзеніне дейінгі көп алқапта	Баянауыл тауының оңтүстік беткейінде, Ащысу, Шідерті, Өлеңті өзендері мен Ерейментауға дейін жетеді
10.	Нұрбике-Шаншар	Бұл да сонда	Сарысу, Үлкен Нұра, оның салалары және Қызылкөксу өзенінің бойында
11.	Қарсен-Қарпық	Ақшатау, Толағай және басқалар алқабында, Сарысудың бас жағында	Сарысудың бас жағында, оның салалары бойында, Сарытау, Жылаңды тауларында, Атасу, Мойынты өзендері бойымен Мыңбұлаққа дейін
12.	Әлтеке	Тоқырау өзені алқабында	Сарысу, Үлкен Нұра өзендерінің бас жағында және одан әрі Қарсен-Қарпық, Қояншы-Тоғай болыстарымен бірге
13.	Қояншы-Тоғай	Шапан өзені аңғарында	Сарысу, Үлкен Нұра өзендері мен оның салалары және Қызылкөксу өзені бойында
14.	-од-дәрекеу бықты және Күшік-Тыбықты	Бір ұлы Жыңғыл аңғарында, Шыңғыстауда	Бақанас, Балғабек, Шаған өзендері бойында, Түндік өзенінің бас жағында

Жоғарыда келтірілген болыстар бойынша ауылдар, шаңырақтар, халық саны туралы да мәліметтер бар.

Қарқаралы округі тұрғындарының, ауылдарының саны (1831—1855 жж. деректер бойынша)<sup>1</sup>.

№№	Болыстар	ауылдар	шағырақтар	ерлер	әйелдер	бәрі
1.	Дүйсенбай-Шақшақ	13	798	2394	3192	5586
2.	Қара Әйтімбет	11	713	2139	2852	4991
3.	Қарауыл	4	240	720	096	1680
4.	Дадап тобықты	16	931	2793	3274	6067
5.	Тарақты	9	590	1770	2326	4096
6.	Көшім	8	460	1380	1840	3220
7.	Жалықбас	19	1021	3063	4084	7147
8.	Байбөрі	28	1823	5469	7292	12761
9.	Айбике-Шаншар	31	1761	5283	7044	12327
10.	Нұрбике-Шаншар	22	1273	3819	5092	8911
11.	Қарсен-Керей	18	1081	3243	4324	7567
12.	Әлтеке-Сарым	15	1048	3144	4192	7336
13.	Қояншы-Тоғай	11	544	1632	2176	3808
14.	Тобықты	50	2978	7934	11912	10846
15.	Алысам	14	781	2343	3124	5467
16.	Қамбар	10	490	1470	1960	3430
	Барлығы	279	16532	49696	65644	115240

4 және 5-кестелерді салыстыра отырып, XIX ғасырдың бірінші жартысында болған таксонимиялық жіктердің (туыстықтың басталуын), сондай-ақ бір облыстағы рулардың бөлшектенуін немесе әр түрлі рулардың бірігуін анықтауға болады.

XIX ғасырда болыстар ру атымен аталған және солар бойынша арғындардың рулық құрамындағы орнын анықтауға болады. Мысалы, Қарауыл, Шақшақ, Тобықты рулары арғындардың екінші тармағы — Момындарға жатады (қараңыз: 2-кесте).

Округтегі ең көп Қаракесек руы бірінші топқа — Мейрамсопыға жатады. Бұл жерде де туыстық ру басынан емес, Қаракесектен тарайтын жаңа патрилиндждерден басталады: Көшім — Қаракесектің үшінші ұрпағы Көшім атасының (қараңыз: 2-кесте). Қамбар-Қаракесектің асырап алған баласының; Байбөрі-Қаракесек немересінің; Айбике және Нұрбике-Шаншар-Қаракесектің Шан-

<sup>1</sup> Рет нөмірін біз қойдық, ал арғындарға жататын (одан кейінгілері сияқты) болыстар архив құжаттарынан алынды (М. М.).

шар әйелдері (Айбике мен Нұрбике) қосылған Қаракесектің төртінші ұрпағының; Қарсен-Қарнық — Қаракесектің төртінші ұрпағы болатын Қарсен атасы мен Қуандық руы Қарпық атасының; Әлтеке-Сарым — осы аттас аталарының Қояншы-Тоғай Қаракесектен төртінші ұрпақ болатын Қояншы және Тоғай аталарының атымен аталады.

Сондай-ақ, аргын тайпасында дербес болыс құрған Тарақты руын да атап өткен жөн. Егер XIX ғасырдың 30-жылдарында болыстар (5-кестені қараңыз), мысалы, Қарауыл, Әлтеке-Сарым сияқты біртектес болса, 40-жылдарда болыстардың бөлшектенуі немесе түрлі рулардың бір болысқа бірігуі де біртектес болды.

Мысалы, Тобықты болысы, Дадан, — Мәмбет, — Күшік-Тобықты (Дадан Тобықты, сондай-ақ Тобықтандан тарайтын бесінші ұрпақ — Мәмбет пен Күшік (қараңыз: 2-кесте) болып бөлінген. Ал Қарауыл-Қамбар болысы — екі, қарауыл қазақтарының бір болысқа біріккенін көрсетеді.

Алуан түрлі қауымдардың мұндай бірлестіктері жайылымдарды және жалпы алғанда өз мүдделерін бірлесіп қорғау қажеттігінен туды. Шынына келгенде, 30-жылдарда Қарауыл атасы — 4 ауылдан, ал Қамбар атасы 10 ауылдан тұрған (қараңыз: 5-кесте). Өстіп үлкен бір болысқа біріккенде ғана олар басқаларына қарсы тұра алатын еді.

Бірақ болыстардың бөлшектенуі бұдан әрі де жиі кездесті, оған жайылымдардың жеткіліксіздігі мен жаңа қоныстар іздестіру себебі болды. Мәселен, 30-жылдары Тобықты болысында басқалардың бәрінен де көп көрсеткіш — 50 ауыл болған (қараңыз: 5-кесте).

40-жылдардың басында олар Мәмбет-Тобықты, Күшік-Тобықты болыстарына бөлінді (қараңыз: 4-кесте).

1850 жылғы 18-қаңтарда Мәмбет-Тобықты болысының старшындары мен билері Қарқаралы округтік приказына бұл болысты (16 старшындық; 1723 шаңырақ) екіге бөлуді, одан 8 старшындықты (825 шаңырақ) бөліп шығаруды өтіне келіп, олар былай деген: «...басқа 8 старшындық пен болыс басқармасынан мүлде басқа жақта әрі алыс қашықтықта (200 шақырымнан астам) болғандықтан, заңда көрсетілген міндеттерді атқаруда да, тығыз орналасқан қоныста малды азықтандыруда да қиыншылықтарға ұшырап келдік, қазір де ұшырап отырмыз».

Сібір қазақтары шекаралық басқармасының ұсынысы бойынша, бұл болыс кейін: Мәмбет-Тобықты және Жүз-Мәмбет-Тобықты деген екі болысқа бөлінді.

Одан бұрын, 1843 жылы, Байбөрі болысы екіге бөлінген болатын.

Егер 30-жылдары 279 ауылдағы 16532 шаңырақта барлығы 115240 жан болса (қараңыз: 5-кесте), 1841 жылғы деректер бойынша Қарқаралы округіндегі 136 ауылдағы 15022 шаңырақта 101 251 адам болған. Ауылдардың, шаңырақтардың, халықтың бұлайша кемуіне, сөз жоқ, кейбір ауылдардың солтүстікке (Баянауыл таулары мен Ертіс жағына) және батысқа (Ақмола даласына) көшіп кетуі себеп болған.

Облыстық басқару формасына көшкен кезде Қарқаралы арғындары дербес әкімшілік өлшем — Қарқаралы уезі болып келген еді, ол уезд Шыңғыстаудың батыс сілемдерінен Мойынты өзені мен Ақадыр шептеріне дейін, Балқаш көлінен Баянауыл таулары аймағына дейін созылып жататын.

1897 жылғы деректер бойынша, уезде барлығы 104569 қазақ болған. Онда 181 старшындық болып, олардағы шаруашылықтар саны 30 528-ге жеткен. Алғашқы он жыл ішінде уезд халқы көбейіп, 38 616 шаруашылыққа жетті, олардың ішінде арғындар 32 515 шаруашылық еді. Қалған шаруашылықтар басқа тайпаларға жатады. (Олар жайында тиісті бөлімдерде айтылады).

Қазақстанда облыстық басқаруды енгізе отырып, орыс үкіметі жаңа әкімшілік өлшемдер енгізуге, оларға рулық атау бермей, топономикасын қоса өзгертіп, рулық негізді түп-тамырымен жоюға ұмтылды (мысалы, Тоқырауын — Тоқырауын өзені, Шұбартау — Шұбар таулары т. б.). Уезде барлығы 19 болыс болды. Мұндай саясат Ресейдің өзіндегі капитализм дамуына байланысты түбегейлі өзгерістерге сай келген еді. Жергілікті феодалдардың билігіне балта шабу арқылы патша өкіметі олардың қолынан экономикалық, саяси күштерді тартып алып, Қазақстанды жалпыресейлік қажеттерге байлап матады. Олар бұл арқылы ең бастысы — Қазақстанды өзінің өнеркәсіп тауарлары үшін шикізат базасы мен рыногына айналдыруды мақсат етті.

Тарақты руы Шыңғыстаудың солтүстік-батысындағы Босаға, Шаған өзендерінің бойын мекендеген. Оның 104 шаруашылығы 13у болысы болды. Бұл болыста сол рудың Жантоқа және Тоқтауыл деген екі атасы жайлады.

Уездің шығыс бөлігінде солармен қатар түрлі болыстарға бөлшектеліп кірген Қамбар руы тұрған. Айт және Олжас аталары (462 шаруашылық) — Темірші, ал Толы-



бай, Шана, Сарман, Тілеу аталары (240 шаруашылық) Абыралы болысы болған.

Кент тауларын Қарауыл руы мекендеген. Оның Байтуған, Құттықадам аталары (400 шаруашылық) Кент болысының құрамына енген.

Қуандық руы Нұра өзені мен соған құятын Шиелі өзенінің бойында, Батпаққара көлі төңірегінде көшіп жүрді. Бұл жерлерде Алтай тармағына кіретін және Ақсары болысын құрайтын Итболды, Байболды аталарының 250 шаруашылығы көшіп жүрген.

Балқаш көлінің сәл солтүстігінен бастап, даладағы Сарыбұлақ және Жәмші жылғаларына дейін, Мойынты өзенінің бойында Шұбыртпалы руының Көкала, Күйелі аталары мекен еткен. Бұл аталардың 500 шаруашылығы Мойынты болысының құрамына енген.

Қаракесек руынан кейінгі саны ең көп Тобықты руы Шыңғыстау мен оның төңірегіне, әсіресе Ащысу мен Шаған өзендерінің арасына, сонымен қатар Ащысуға құятын Шыңбай өзенінің бойына қоныстанды.

Аңыздарда Тобықты руынан шыққан Тоқтамыс XVIII ғасырдың 80-жылдарының аяғында Көкшетаудан Шыңғыстауға Абылай ханның кіші ұлы Шама сұлтанды әкеліп, ол көп ұзамай жуантаяқ атасы қазақтарының билеушісі деп жарияланған делінеді (қараңыз: 2-кесте). XIX ғасырдың 40-жылдарында Шама батыр Дадан атасын Солтүстік Балқаш өңірі мен Қотанбұлақ алқабына қуып жіберген. Көп кешікпей Шама батыр жоғарыда аталған алқапқа көшкен.

Шыңғыстауды жуантаяқ атасынан басқа Мұсабай, Көкше аталары (қараңыз: 2-кесте) мекендеген.

Шыңғыстауды және оның солтүстігі мен шығысында жатқан кең даланы мекен еткен тобықтылар XIX ғасырдың екінші жартысында Семей облысының құрамына еніп, Шаған (10 ауыл, 1167 шаңырақ), Бөрлі (10 ауыл, 1451 шаңырақ), Шыңғыс (11 ауыл, 1155 шаңырақ), Мұқыр (2 ауыл, 1586 шаңырақ) болыстарымен қоса Қызылмола болысының бір бөлігін иеленген.

Семей облысындағы 2606 шаруашылықтан тобықтылардың үлесіне (Бесқарағай болысындағы азын-аулақ Тарақты руын — 8 ауыл, 1239 шаңырақты қосқанда) 11284 шаруашылық тиген, ал барлық арғындар 12525 шаруашылық болған.

Тобықты руынан қуып жіберіліп, Балқаш өңіріне кеткен Дадан атасы (қараңыз: 2-кесте) Қарқаралы уезінің 1252 шаруашылығы бар Батыс Балқан болысы болды.

Уезд жерінің қалған басын көпшілігі Қаракесек руының, оның Бошан, Майқы, Танас, Жылықбас, Сарым деген т. б. аталарының (қараңыз: 2-кесте) қонысына айналды. Олар Тоқырауын, Қусақ, Ашақбел, Мұқыр өзендерінің бойын, Қарқаралы, Кент, Қу, Едірей, Қаршытай, Қызыларай, Қоңыр тауларын, осы өңірдегі көптеген алқаптарды мекендеді. Оларда 28036 шаруашылық болды.

Қазақстанның шығысындағы жайылымдарға қазақтардың Орталық Қазақстан даласынан Ерейментау арқылы және одан әрі шығысқа қарай Баянауыл тауы мен көлдеріне, Ертіс өңіріне қайтып оралғаны жоғарыда айтылды.

Баянауыл тауына бірінші болып Сүйіндік руы келген. Олардың келуі Сүйіндік руының көптеген тармақтарын бастап келген Айдаболдың немересі Олжабай батырдың есімімен байланыстырылады (қараңыз: 2-кесте). Айдаболдың өзі Ташкент маңында өлген.

Олжабай батыр Абылай сұлтан әскерінде қызмет етіп, қалмақтарға қарсы күреске белсене қатысқап. 1730 жылы ол Айдабол руының жеті ұрпағымен Баянауыл төңірегінде қалмақтарды оңтүстікке қарай қуып, жері құйқалы, көлі тұнық, орманы киіздей Баянауыл тауы мен оның төңірегін өзіне қаратып алған. Айдаболдар өз веліктерін одан әрі Далба, Қызылтау тауларына дейін кеңейткен.

Айдабол руының жазғы жайлауы Көкшетау округінің солтүстігінде, Айдабол руының белгілі биінің есімімен аталған Торайғыр көлі аймағында болған.

Жоғарыда айтылғанындай, қаракесектер Қарқаралы тауынан ығыстырып шығарған Қанжығалы руы Ерейментауға, бір бөлігі Ертіс өзенінің бойына, Песчаный поселкесінің тұсына көшіп барған.

Сол жылдары Қызылтау мен Далба тауына Сүйіндіктің асырап алған баласы Қаржастың ұрпақтары көшіп келген. Мұса Шормановтың (белгілі би, қоғам қайраткері әрі өлкетанушы) бабасы Саты Түркістаннан келіп, Қызылтауға қоныс тепкен. Оның қыстаған жері Сатытас деп аталып кеткен. Жаздыгүні Саты өзінің Қаржас руымен, сондай-ақ Құлболды, Жанболды және Орманшы руларымен (халық арасында олар төртұл — төрт туыстың ұрпағы деп аталып кеткен) бірге батысқа қарай алыстап, Итемген, Мамай көлдеріне кетіп қалған, ал ол көлдер сол жерлерде жерленген төртұл билерінің есімдерімен аталған.

Айдаболдың Қаржас тармағымен қоса бұл жерлерге Бегендік руының Қозған, Тәңірберді және Сарық аталары көшіп келіп, Қызылтауға ірге тепкен.

Осы жерге Жолболды руының Орманшы атасы көшіп келді, бірақ олар, арғындардың басқа аталары сияқты, Орталық Қазақстаннан емес, қайта Шу өзенінің оңтүстігінен келген еді.

Ертістің сол жағалауын Бәсентіін руының көптеген аталары мекендеді. Сәмек, Бәйімбет, Күшік аталары (қараңыз: 2-кесте) Ертіс бойына 1800 жылы келген. Орыс үкіметі оларға Ямышев, Подстепной поселкелері арасындағы жерді берді. Бәсентіін руының қауымдары жаз кезінде алыстағы Обь өзеніне дейін емін-еркін көшіп барып, Алтай таулы округінің жерінде еркін жайлап жүрді. Бірақ Сібірді отарлаудың күшеюіне байланысты (XIX ғасырдың 70-жылдары) Бәсентіін руының қазақтары қайтадан сол жағалауға көше бастады (қараңыз: 2-кесте).

Бәсентіін руының Апаі атасы кейіннен Павлодардың негізі қаланған жер маңында көшіп жүрген. Көлденең және Сатыбалды аталарының (қараңыз: 2-кесте) қонысы төртұлдар келгенге дейін де Баянауыл тауларының шығыс беткейінде болатын. Төртұлдар келген соң, олар ығыстырылып шығарылып, өздерінің Апаі атасындағы туыстарына көшіп барды.

1833 жылдың жазында жаңадан екі округ: Ямышев бекінісі тұсынан, Баянауыл және Омбы бекінісінің оңтүстік-батыс жағынан Үшбұлақ округі құрылды. Басқаларымен бірге бұл округтер де Арғын тайпасы рулары мен аталарының көпшенді қауымдарына қараған.

Егер Арғындардың рулық құрылымына назар аударатын болсақ, аталған болыстарға көбінесе өздері әр түрлі патрилиндждер мен таксономиялық жіктерден бастау алатын қауымдардың біріккенін көреміз. Мысалы, 1—5-

6-кесте

**1841 жылғы деректер бойынша арғындардың Баянауыл округі жерінде қоныстануы**

№№	Болыс	Көшіп жүретін жерлері
1	2	3
1	Ақбура-Тұлпар-Орманшы	Қыста — Қызылтау, Базаркөл, Үшбұлақ, Сарышоқы алқабы, Приказдан 45—70 шақырым; жазда — Аққұдық, Бесшоқы, Шақпақ алқабынан солтүстікте, Ащысу өзені бойында және одан әрі Штемген, Мамай, т. б. көлдерге дейін.

1	2	3
2.	Күлік-Қаржас	Қыста — Жасыбай тауының маңы, Приказдан 12 шақырым; жазда — Саумалкөл мен Бораншоқы, Приказдың батысында.
3.	Сатылған-Алтын-Нұра	Қыста — Далуантөбе және Орманшы деген жерлер, Приказдан 20 шақырым; жазда — Алакөл, Кішішорабай алқабы арқылы солтүстік-батысқа қарай Аталыққұм мен Шоқманға дейін.
4.	Жанғозы-Айдабол	Қыста — Қарашат алқабы, Приказдан 65 шақырым; жазда — Сатылған-Алтын-Нұра болысымен бірге солтүстік-батыста Ащысу өзені бойында Аталыққұм мен Шоқманға дейін.
5.	Күлік	Қыста — Сандықтас, Қызылтау алқабы, Приказдан 55 шақырым; жазда — солтүстік-батыста Аққозы, Жабай, Шақшақ алқабы арқылы Қарабатыр мен Мезгілге дейін.
6.	Қозған	Қыста — Жылысбай алқабы, Приказдан 9 шақырым; жазда Ащысу, Талдыкөл, Шөптікөл, т. б. өзендер алқабы арқылы солтүстік батысқа көшіп, Шідерті өзені маңайын жайлайды.
7.	Бәсентінін	Қыста — Ертіспен төмен қарай Балта аралы, Приказдан 190 шақырым; жазда — Қылащы, Есентуған, Қасымкөл алқабы арқылы оңтүстік-батысқа, Өлеңті өзеніне дейін.
8.	Бәйімбет-Бәсентінін	Қыста — Ертістің сол жағалауында Ямышев бекінісінен Подстепной рудуына дейін; жазда — батысқа қарай Қалқаман, Алтыбай, Қызылсор алқабы.
9.	Әжібай-Қанжығалы	Қыста — Шақшақ, Беспоқы, Жуантөбе, Аққозы алқабы, Приказдан 70 шақырым; жазда — Қайдауыл, Қарасор, Кокөзен алқабы арқылы батысқа қарай, Жайылма өзеніне дейін.

болыстар сүйіндік руына, ал оларға енетін қауымдар әр-алуан жіктер мен аталық жіктерге жатады. Айтар болсақ, бірінші болыс үш негізден таралған: Ақбура мен Тұлпар ағайынды, ал Қаржас оларға немере болады (қараңыз: 3-кесте). 5-болысқа Қаржас ұрпақтарынан: оның (Қаржастың) ұлы Алтын (Алтынторы) мен немересі Сатылған-

нан (қараңыз: 2-кесте) тарайтын ұрпақтар жиналған. Мұндай нәрсе Сүйіндік руының басқа болыстарынан да байқалады. Бұған оқырман Арғын руының құрылымына назар аударып көз жеткізе алады.

Қозған болысы Бегендік руына жатады (қараңыз: 2-кесте), ал қалған болыстардың қайсысына жататынын атауларынан аңғаруға болады.

Баянауыл округі құрамында 122 ауыл болып, оларда Арғын тайпасының әр түрлі руларына жататын 6955 шаңырақ бар деп есептелген. 1835 жылғы деректер бойынша, округте 65 465 адам болған.

Баянауыл округіне жатқызылған бірнеше болыс Томск губерниясында: 19 ауылдан тұратын (1001 шаңырақ) Сәмеке-Бәсентіін болысы — Бийск округінде Подстепной станицасы мен Босаға алқабына жақын жерде, 4 ауылдан тұратын (60 шаңырақ) Күшік болысы (Күшік — Қаракесектің төртінші ұрпағы (қараңыз: 2-кесте) Барнаул округінде Қарағай және Ақсеңгір алқабында көшіп жүрген.

Сібір мекемелерінің бұратаналарды басқару туралы «Заңдар жинағының» 188-бабы негізінде бұл қазақтар ішкі шеңберден сыртқы округтер аймағына қуып жіберілуге тиіс болатын. Алайда сыртқы округтерде бос жайылымдардың болмауы себепті бұл шаруашылықтар Томск губерниясында уақытша қалдырылған еді.

Санкт-Петербургтегі М. Е. Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасының қолжазба бөлімінде (қосымша тізбе, № 64) Жеке Сібір корпусы Бас штабы жанында жасалған «Сібір бастықтарына қарасты Қырғыз даласының картасы» сақтаулы, онда қазақ рулары қоныстарының шамамен алынған жерлері көрсетілген.

Архив деректері мен әлгі картаның көрсетулеріне сәйкес, Үшбұлақ округінің шекарасы батысында Үшбұлақ мекені (Көкшетаудың оңтүстік-шығысында) ауданынан басталып, солтүстік-шығысында Ертіске дейін созылып жатқан; солтүстігінде — Үлкен-Қарой, Теке көлдерін, оңтүстігінде — Сілеті-Теңіз көлін қамтыған. Бұл аумақ Үшарал округі таратылғаннан кейін Көкшетау округінің оңтүстік бөлігіне айналды, бірақ біз барлық мәліметтерді бастапқы округ бойынша келтіреміз, өйткені Сібір ведомствосының архив істерінде ол жөніндегі мәліметтер тым аз.

1835 жылғы мәліметтер бойынша округте 54344 адам болған.

Сонымен, округ аумағын Арғын тайпасының: қанжығалы және қарауыл руларының аталары мекенде-

1840 жылғы деректер бойынша аргындардың  
Үшбұлақ округі жерінде орналасуы

№ №	Болыс	Саны		Қыс қыстайтын жерлері
		ауыл	шаңы- рақ	
1.	Қанжығалы	10	680	Ерейментау алқабы, Приказдан шығысқа қарай 300 шақырым.
2.	Әжібай-Қанжығалы	7	340	Аққум, Қандыкөл және басқалар алқабы, Приказдан шығысқа қарай 350 шақырым.
3.	Жауар-Қарауыл	10	371	Қожаз алқабы, Приказдан шығысқа қарай 90 шақырым.
4.	Мылтық-Қарауыл	8	368	Шот алқабы, Приказдан шығысқа қарай 50 шақырым.
5.	Қанжығалы	9	433	Ерейментау алқабы, Приказдан шығысқа қарай 300 шақырым.
6.	Айтық-Қарауыл	9	444	Қона, Қойтас алқабы, Приказдан шығысқа қарай 150 шақырым.
7.	Қанжығалы	9	506	Ерейментау алқабы.
Жиыны:		62	3142	

ген. Олардың қоныстары көбінесе Ерейментаудан шығысқа қарай болған да, оның батыс жағына қарай көшкен (қараңыз: 2-кесте). Әжібай тармағы Қанжығалы руының 8 атасын біріктірген. Жоңғарларға қарсы күресте ерекше көзге түскен Бөгенбай батыр Қанжығалы Бөгенбай деп те аталады (қараңыз: 2-кесте, сегізінші ұрпақ).

Ішкі жақта, яғни Ертістің оң жағалауында тұрған қазақтарға да арнайы тоқтала кеткен жөп.

Бұл жерлер Семей ішкі округінің бір бөлігі болатын және әр түрлі ведомстволарға бағындырылған еді.

Жер пайдалану ережелеріне сәйкес, қазақтар Кабинеттік жерлерде — барлығы 787 шаруашылыққа (39,4%) учаскелерді жалға алып, Белағаш даласы дейтін жерде; «еркін дала» аймағында — 657 шаруашылық (33%); Сібір казак әскерінен жалдап алынған жерде — 168 шаруашылық (8,4%) тұрды. 112 шаруашылық (6%) Семейде тұрақты мекен етіп, олардың Белағаш даласында егістігі

болды. Округке есептелген 266 шаруашылық (13%) округ шегінен тыс жерлерде көшіп жүрді.

Белағаш даласы дегеніміз — Семейдеп солтүстікке қарай жатқан кең-байтақ жер, ал «еркін дала» — Жалқарағай, яғни Шульба тоғайы.

XVIII ғасырдың аяғында Жалқарағай бос жатқан жер еді, оған қазақтар қыстыгүні сол жағалаудан өздерінің табындарын айдап апаратын. Бұл жерге бірінші болып Уақ тайпасының қауымдары көшіп барды да, Семей округін ұйымдастырған кезде болыстың аты солардың атымен (Байуақ) аталды. Мұнда біртіндеп түрлі тайпалардың басқа рулары да көшіп келе бастады, сөйтіп көп ұзамай Белағаш және «еркін дала» бір Белағаш болысына айналды.

Бұл болыстың 1444 шаруашылығынан Тобықты руының қауымдары — 551 шаруашылық (38,2%), Қаракесек — 170 шаруашылық (11,79%), Тарақты — 79 шаруашылық (5,49%) болды, ал бүкіл Арғын тайпасының шаруашылықтар саны 700 еді (55,59%).

XIX ғасырдың екінші жартысында Баянауыл және Үшбұлақ сыртқы округтерінің, Семей ішкі округінің қазақтары Семей облысындағы Семей және Павлодар уездерінің құрамына енді (1868, 1881 жж. реформалар).

Семей уезіндегі 26 062 шаруашылықтан арғындардікі 12 525 шаруашылық болды. Саны ең көп Тобықты руы еді, олар уездің оңтүстік-батыс бөлігін — Шыңғыстау жазығын мекендеді. Тарақты руының көпшілігі солтүстік жағында, Черный поселкесі ауданында көшіп жүрді.

1893 жылғы санаққа қарағанда Павлодар уезінде 21 877 шаруашылықты біріктірген 144 старшын болған.

XX ғасырдың бас кезінде уездегі шаруашылықтар саны 13,5 мыңнан астам шаруашылыққа көбейді. Мұншама көп шаруашылық қайдан келген және оны туғызған не? 1891 жылы дала облыстарын басқару туралы заң енгізілгеннен кейін орыс әкімшілігі қазақ шаруашылықтарының әр облыс, уезге қарайтынын түпкілікті анықтауды талап етті. Павлодар уезі Томск және Тобыл губернияларымен шектесіп жатты да, оның көптеген шаруашылықтары осы губерниялардың жерлерінде, әсіресе Құлынды даласында көшіп жүретін, ал Құлынды даласында көшіп жүруге Министрлер Кабинетінің 1880 жылғы 22-қарашада бекіткен ережесіне сәйкес рұқсат етілген еді. Тегінде, Павлодар уезінде шаруашылықтардың бұлайша күрт көбеюін халықтың табиғи өсуімен ғана емес, сонымен қатар бұрын Томск және Тобыл губернияларының жерлерінде көшіп

жүрген қазақ шаруашылықтарының далаға қайта қуылып тығылуымен де түсіндіруге болады.

Уезде Орта жүз қазақтарының 35 396 шаруашылығы көшіп жүрген, олардың ішінде арғындардікі — 27327 шаруашылық.

Аумақтың негізгі бөлігін Сүйіндік руының Қаржас, Құлболды, Орманшы, Жанболды аталары алып жатты. Осы аталар «төртүл» деген бір этнонимге бірікті (қараңыз: 2-кесте).

Құлболды мен Айдабол аталары Баянауыл, Далба, Қызылтау тауларын қыстап, жаздыгүні Есіл даласындағы Торыайғыр көліне қарай солтүстік-шығысқа қашықтап кетіп отырған.

Бәсептің руы (Сәмек, Бәйімбет, Күшік, Апай, Көледен, Сатыпалды аталары — қараңыз: 2-кесте) Ертістің сол жағалауында Ямышев бекінісінің тұсынан Песчаный поселкесіне дейін көшіп жүрген.

Қанжығалы руы (Әжібай тобы) Жасанақ көліне құятын Шідерті өзенінің бас жағын, Жалаулы, Шолақ көлдерінің маңын мекендеген.

Бегендік руының қауымдары Ертістің оң жағалауында Белағаш даласының солтүстік бөлігінде көшіп жүрген.

Арғындардың Шығыс Қазақстандағы орналасуын қарастыра келгенде, олардың батысқа — арғындар ұйыса мекендеген Орталық және Солтүстік Қазақстан даласына ойысқанын көреміз: оңтүстігінде солтүстік-батыс Балқаш өңірін бойлай — Сарысу, Сарыкөңгір және Қаракөңгір өзендерінің бас жағымен, одан әрі солтүстікке қарай оңтүстік-сібір жағына дейін жетеді. Осы кең өңірде барлық Орта жүз тайпаларының көптеген рулары мекен еткен, бірақ көбінесе арғындар басым болып отырған.

Су көздері мен жайылымдары мол осы аймақты да кезінде жоңғар басқыншылары басып алып, қазақтар оларды кейін қуып шыққан.

XIX ғасырдың аяғында жазылған аңыздар бойынша, арғындардың ірі атасының негізін салушы XVI ғасырдың орта шенінде өмір сүрген Мейрам Ертістен Есілге, одан әрі Сарысуға дейін, яғни осы аймақтар шегінде көшіп жүрген.

Бұл жерлерге жоңғарлар XVII ғасырдың 20-жылдарында келді де, қазақтар негізінен батысқа және Сырдария бойына, ал кейбіреулері Нұра өзенінің орта ағысына ауа көшкен. XVII ғасырдың екінші жартысында Нұра өзенінің орта ағысы мен бас жағында — Қуандық, Қар-



нық, ал Ерейментау даласында Қанжығалы рулары көшіп жүрді.

Қазақтардың жаппай көшіп келуі жоңғарлар қуып шығарылғаннан кейін басталды. Қанжығалылар Ерейментауға, одан әрі Ертіске және Ом өзеніне қарай қоныс аударды. Қарауыл, Атығай рулары Зеренді, Жалтыркөл, Саумалкөл т. б. көлдер айналасына, Мезгіл ормандарына, Көкшетауға, Есіл даласының солтүстік аудандарына көшіп барды. Бірақ негізгі көшіп қоныстанушылар Қуандық руының шаруашылықтары болды. Олар Есіл өзенінің орта ағысында Нұраның төменгі ағысын бойлай жатқан көлдер төдірегінде, Нұраның орта және жоғарғы ағысы бойында, Құланөтпес өзені аңғарында, Қосағаш, Наршөккен, Семізқыз, Бұғылы, Сарытау, Нілді, Жамантоғалы, Ортау тауларында орын тепті.

Терісаққан өзенінің Есіл өзеніне құяр жеріне дейінгі далаға Қуандық руының қауымдарымен шектесіп, Сүйіндік руы қоныстанды.

Осы кең далада көшіп жүрген Орта жүз руларының қазақтары негізінде, жоғарыда айтылғанындай, үш округ: Ақмола, Көкшетау, Құсмұрын және кейіннен Атбасар округтері құрылды. Солардың алғашқысында басқалардан гөрі арғындар мейлінше көп болды.

Ақмола округтік приказының деректері бойынша, Ақмола қонысының төдірегінде біржола орныққан, мал шаруашылығымен бірге диқаншылықпен де айналысатын 3 ауыл (215 шаңырақ) болған.

Жоғарыда келтірілген кестеде болыстардың атаулары рубасылардың есімдерімен емес, қайта олардан тараған патронимиялар және таксономиялық жіктер арқылы берілген. Мұның өзі рулардың өсіп-өніп, бөлініп, жаңа эпонимдер мен патрилинидждер пайда болатынын, уақыт өте келе жаңа рулардың, өзінің рулық тегін жаңадан есептей бастаудың пайда болуына әкеп соғатынын көрсетеді.

Енем-Тұнғатар болысына бір кезде — Қарауыл, ал XIX ғасырда тек оның немересі Тұнғатар рубасы болған (қараңыз: 2-кесте) қауымдар бірікті. Бұл болыс атауының бірінші бөлігінің (Енем) тегі рудың неғұрлым ұсақ атасы немесе болыстың, ауыл ақсақалының аты болса керек.

№ 2, 3, 6, 9-болыстар Алтайдан (Қуандықтың ұлы) басталады. Осы болыстарға енген қауымдардың негізіне әр түрлі эпонимдер: Қареке, Мойын, Алысай, Байдалы (қараңыз: 2-кесте) алынған.

№ 4, 5-болыстар да — Қуандықтан (екінші баласының немересінен (Қарпық-Тінәлі; қараңыз: 2-кесте), ал № 8-

1841 жылғы деректер бойынша аргындардың  
Ақмола округі жерінде орналасуы

№ №	Бо­лыс	са­ны		қо­ны­ста­ры	
		ауыл	шаңы­рақ	жазғы	қысқы
1	2	3	4	5	6
1.	Енем-Тұн­гатар	8	436	Семізқыз, Қосағаш, Қоянды, Тектұрмас алқабында, Нұра өзені бойында, Топар, Құндызды алқабында Есіл өзеніне дейін және керісінше қыстауына қарай.	Алатау, Ортау, Алабас тауларында; Қотыроба және Манақ өзендері бойында.
2.	Қареке-Алтай	7	352	Семізқыз, Қосағаш, Кіші Нұра алқабында, Көкпекті өзені бойында және Нұра мен Есіл өзендеріне шығады.	Кіші Нұра (Тектұрмас, Құмадыр, Қызылмола алқабында) және Топар өзендері бойында.
3.	Мойшы-Алтай	7	386	Батпаққара, Шешенқара, Елтоқтат, Қызылжар алқабында, Нұра, Есіл, Құндызды, Қарағанды, Көкпекті, Қоянды өзендері бойында.	Көпшілік бөлігі Енем-Тұнғатар болысымен бірге қыстайды.
4.	Тінәлі-Қарпық	8	416	Сілеті, Шідерті, Өлеңті, Есіл, Маралды өзендерінің бойында, Қоңырадыр, Қызылжар, Қызылағаш алқабында және Нұра өзеніне дейін жетеді.	Аққұм, Біртабан, Қорғалжын көлдері маңында.
5.	Біріккен Айтқожа-Қарпық	10	620	Есіл, Өлеңті, Шідерті өзендері бойында, Сарыоба, Шыбынды көлдері маңында, Көкпекті, Нұра, Құланды өзендері бойында. Нұра, Құланды өзендері бойында.	Нұра өзені бойымен Балықты, Байтарыға дейін, Шошқалы алқабында және Амантауда.

1	2	3	4	5	6
6.	Аяисай-Алтай	6	322	Нұра, Есіл өзендері бойында, Нарынқұм, Қосағаш, Семізқыз алқабында, Соқыр өзенінде, Жауар өзенінде және одан әрі Шідерті өзені мен Шортанды өзенінің бойымен Балтағараға дейін.	Қарқаралы, Серіктас, Тұнғатар, Сарытау, Сырымбет таулары мен басқалардың алқабында.
7.	Тарақтының бір бөлігі	2	46	Енем-Тұнғатар болысымен бірге.	Енем-Тұнғатар болысымен бірге.
8.	Темеш	2	22	Есіл өзені бойында, Майбалық көлі маңында, Нұра өзенінде, Қосқан, Бортас, Шынат көлдерінде.	Нұра өзені бойында, Шынат, Қосқан, Аққұм көлдерінде.
9.	Байдалы-Алтай	2	33	Тінәлі-Қарпық болысымен бірге	Тінәлі-Қарпық болысымен бірге.
10.	Қырғыз-Төртұл	1	32	Майбалық, Талдықөл көлдері, Есіл және Қозыкөш өзендері бойында.	Тінәлі-Қарпық болысымен бірге.
Барлығы:		53	2665		

ші болыс — үшінші баласының немересінен (Өмір-Темеш; қараңыз: 2-кесте) тараған.

Соңғы Қырғыз-Төртұл болысына әр түрлі этнос біріккен. Бұл жөнінде сәл таратып айтқан жөн.

Көшпенді қырғыз қауымдары Ақмола даласына сонау жоңғарларды қуып шыққан кезде келген еді. Кейіннен оларға Көкшетау төдірегінен келген қырғыздар қосылды. Соңғылары, тегінде, Кенесары сұлтанның Қырғызстанға жорығы кезінде соның жағында соғысқан қырғыздар болса керек. Кенесары жеңіліске ұшырағаннан кейін бұл қырғыздар қазақтармен бірге кеткен де, оларға Балуан көлі мен Сасықкөл маңынан жер берілген.

Уезд атауының екінші бөлігіне келетін болсақ, аңыздарға қарағанда, Төртұл — ру басы Сүйіндіктің төртінші ұрпағы болған Малай мен Жәдігердің (қараңыз: 2-кесте) ұрпақтарын біріктірген. 1837 жылғы статистикалық дерек-

1824 жылғы деректер бойынша аргындардың  
Көкшетау округі жерінде орналасуы.

№ №	Рудың атауы және олардан болыстардың құралуы	Басты рудан тараған аталардың атауы	саны		
			шаңырақ	ерлер	әйелдер
1	2	3	4	5	6
1.	Атығай руынан 1-Майлы-Балта- Атығай болысы	Бабасан	200	600	400
		Сүйіндік қара	70	210	140
		Қадыр	160	480	320
		Сары баласы	210	630	420
		Елтоқ	140	420	280
		Жиыны:	780	2340	1560
2.	2-Бағыс-Атығай болысы	Атығай-Бағыс	300	900	600
		Ақкиік	100	300	200
		Баба	200	600	400
		Құлансу	50	150	100
		Қойлы-Атығай	200	600	400
		Жиыны:	850	2550	1700
3.	3-Құдайберді- Атығай болысы	Құдайберді	1000	3000	2000
		Бөйімбет	500	1500	1000
4.	Қарауыл руынан 10-Жаулыбай- Қарауыл болысы	Жаулыбай	400	1200	800
		Ыдықбай	100	540	360
		Баққошқар	180	300	200
		Жиыны:	2180	6540	6060
5.	11-Атқы-Жапар- Қарауыл болысы	Атқы	300	900	600
		Жапар	200	600	400
		Мұнтық	70	210	140
		Сары	80	240	160
		Қылды	50	150	100
		Жиыны:	700	2100	1400
6.	Қанжығалы руы- нан 14-Қанжығалы болысы	Қамайшар	260	780	520
		Барақ-шабақ	160	420	280
		Қылтышар	180	480	320
		Қошкелді	140	540	360
		Жолымбет	120	360	240
				Жиыны:	860

тер бойынша Ақмола сыртқы округінде 67091 адам болған.

Солтүстік ендіктің 52-градусынан Қазақстанның солтүстік шекараларына дейін орналасқан қазақ қауымдары (Сібір казак әскерлерінің Петропавл бекінісінен Пресногорьков бекінісіне дейінгі жерін қоспағанда) Көкшетау сыртқы округіне біріктірілді. Осы кең-байтақ аумақта Орта жүздің басқа тайпаларымен шектес тұрған Қарауыл, Атығай, Қанжығалы рулары мекендеген. Мұнда тек арғындарға ғана тоқталайық.

Көкшетау округіндегі 13 810 шаңырақтан (69 050 адам) арғындардың үлесіне 5370 шаңырақ тиген, оларда, өз есептеуіміз бойынша, 26 850 адам болған.

XIX ғасырдың 40-жылдарына қарай, яғни Көкшетау округі құрылған уақыттан 16 жыл өткеннен кейін шаңырақтар мен болыстар саны көбейген, ал төменде келтіріліп отырған кестеден бұған көз жеткізіп қана қоймай, сонымен бірге арғындардың көшіп жүрген жерлерін де білуге болады.

1824 жылғы ведомоста бар Қанжығалы болысының көрсетілмегеніне қарамастан, 16 жыл ішінде шаңырақ саны 3313 шаңыраққа артқан. Тегінде, ол болыс руластары Ерейментауда көшіп жүретін Баянауыл округіне берілсе керек.

Көкшетау арғындарының тоғыз болысының алтауы — Атығай руы да, үшеуі — Қарауыл руы. 1824 жылмен салыстырғанда, 1840 жылға қарай табиғи өсімнің және басқа жерлерден туыстарының көшіп келіп қосылуына байланысты болыстар ұсақ бөлшектерге бөлінген.

Көкшетау округі қазақтарында да жаңа патрилиндждердің құрылып, жаңа туыстық (таксономиялық жік) басталғанын көруге болады. Атығай руының өкілдері мынадай болыстарда бар. 1-болысқа ағайынды екі адамның ұрпақтары — Майлы мен Балта біріккен, олар Атығайдан тарайтын төртінші ұрпаққа жатады (қараңыз: 2-кесте).

Төмендегі халық аңызына қарағанда, Майлы деген — лақап ат. Бір ашаршылық жылы бір топ қазақ көршілерінен 90 түйені ұрлап сойып алады да, сонымен тіршілік етеді. Көршілері бұған кешірім жасайды (аштықтан аман қалу да олжа ғой!), бірақ ұрыларды «майлы», яғни «семіз ет жегендер» деп атап кеткен.

2-болысқа немере туыстар — Бабасан мен Бағыс біріккен (қараңыз: 2-кесте). 3-болыстағы Ақкиік, Қойлы мен Құлансу да сондай (қараңыз: 2-кесте). 4-болыста ағайынды екеудің ұрпақтары — Баба мен Бағыс біріккен (қара-

**1840 жылғы деректер бойынша аргындардың  
Көкшетау округі жерінде орналасуы**

№	Болыс	саны		Көшіп жүрген жері
		ауыл	шақырақ	
1	Майлы-Балта	20	1289	Көшібай, Шалқар, Қалыбек, Алабота, Шортық көлдері маңы, Приказдан солтүстік-батысқа қарай 60—100 шақырым.
2	Бабасан-Бағыс	15	949	Жыршейіт алқабы, Қалыбек көлі, Көкшетау маңы. Приказдан солтүстік-шығысқа қарай, 70—90 шақырым қашықтықта.
3	Ақжүзік-Қулансу-Қойлы	10	660	Жамантүз және Шағалалы көлдеріне жақын, Приказдан солтүстікке қарай 100 шақырым.
4	Баба-Бағыс	12	808	Қалыбек және Малай көлдері алқабы.
5	Андай-Рысай	12	658	Тереңкөл маңы, Приказдан батысқа қарай 120 шақырым.
6	Есенбай	20	1107	Мезгіл бекетінің төңірегі, Приказдан солтүстікке қарай 50—65 шақырым.
7	Андагүл-Ораз-Бәйімбет	14	975	Көкшетау селоларының төңірегі, Приказдан оңтүстік-батысқа қарай 15 шақырым.
8	Қылды-Ноғай	16	1072	Ақжар көлінің төңірегі, Приказдан солтүстік-шығысқа қарай 60 шақырым.
Барлығы:		119	7518	

ңыз: 2-кесте). 7-болысқа біріккендер — Бәйімбет пен оның немересі Андагүлдың ұрпақтары (қараңыз: 2-кесте).

Қалған үш болыс Қарауыл руының ұрпақтарына жатады. 6-болыс — Есенбайдың (Қарауылдан төртінші ұрпақ) ізбасарлары — Қараша мен Ноғай, оның ұрпақтары халық арасында «алты ата ноғай-қарауыл» деп те аталады (қараңыз: 2-кесте).

Арғын рулары Омбы мен Петропавл ішкі округтерінің жерінде де көшіп жүрген. Өкінішке қарай, біздің қолымызда көшіп жүрген шаруашылықтардың саны туралы мәліметтер жоқ. Н. Е. Бекмаханованың есептеулеріне қарағанда, Омбы ішкі округінде — 11285, Петропавл округінде 23949 қазақ болған.

Біздің ел арасынан жинап жасаған жазбаларымыз бойынша, аталған ішкі округтерде арғындардың екі руы: Атығай мен Қанжығалы қоныстанған. Атығайлар Ұлпан-Қарой, Бейті көлдеріне, одан әрі батысқа қарай Кіші Қарой, Алабота, Жамантүз, Тораңғал көлдеріне шектесіп жатқан Есіл өзеніне дейінгі жайылымдарды мекендеген, сондай-ақ олардың осы өзеннің оң жағалауында да бірнеше ауылдары болған. Мәлімет берушілеріміздің айтуына қарағанда, атығайлар Солтүстік Қазақстанға XVIII ғасырдың аяғында өздерінің көкшетаулық руластарынан көшіп келген. Атығайлар арасында Қарауыл руының да бірнеше ауылы болған.

Қанжығалы қауымдары да XVIII ғасырдың аяғында келген, аңыздарда бұлар да оңтүстіктен келген деп көрсетіледі. Олар Есіл өзенінің батыс жағындағы Сарыарқа даласына жинақы орналасқан.

Орта жүз жерінің батысында, Кіші жүз жерімен шекара өтетін жерде, Қараторғайдың жоғарғы ағысынан Обан және Есіл өзендеріне дейінгі дала Аманқарағай сыртқы округінің аумағы болды, оның халқы негізінен Орта жүз тайпаларына қарады. Осы округте тұратын көшпелілердің қайда қарайтындығы, осыған сәйкес округтің немесе оның бір бөлігінің халқынан салық алу құқығы туралы мәселе жөнінде Сібір және Орынбор ведомстволары арасында өте үлкен тартыс болып келді. Тайпалардың, рулардың екі ведомствоның біреуіне бағындыру құқығынан туындайтын жайылым жолында да дау жүріп жатты.

Аманқарағай сыртқы округі шебінде арғындардың екі болысы көшіп жүрген. 8 ауылдан тұратын (500 шаңырақ) Қанжығалы болысы Пресногор бекінісі тұсындағы шен маңында, Жарқайың, Мойылдөң және Қызылсу алқабында қыстап келді. Жазды күні Қанжығалы болысының қазақтары Приказдан 150—200 шақырым қашықтықтағы Шалқар, Мезгіл, Есіл өзені жағасына, Қызылсу, Қойбағар және Таңтүгір өзендеріне дейін көшіп баратын болған.

XIX ғасырдың бірінші жартысында жекелеген рулардың Ресей бодандығына өтуі одан әрі жалғасты, өйткені мұнсыз округтер шегінде көшіп жүруге рұқсат етілмейтін еді. 1843 жылы арғын тайпасының Жоғары шекті руы

(қараңыз: 2-кесте) бодандыққа кіріп, ол Аманқарағай округінің Қанжығалы болысына қосылды.

Арғындардың округтегі Ақташы-арғын деген екінші болысы 10 ауылдан (500 шаңырақ) тұрды, олар Преснокамышловск бекінісі тұсындағы шеп (линия) маңынан Избике, Жаркөл, Шақкөл т. б. алқабынан, Тобыл өзенінің бойынан және одан әрі батысқа қарай 700 шақырым жерден қыстау алған. Жаздығүні Жасылбағар, Тырапқойнақ, Жарғайың секілді басқа да көлдер маңындағы алқапта, Приказдан 400—600 шақырым жерде көшіп жүрген.

Бұл болыс Жоғары шектімен бірге Тоқал арғынның (қараңыз: 2-кесте) ірі бірлестігін құраған Төмен шекті руының Ақташы (ақтәжі) атасынан тұрған.

1843 жылғы ведомость мәліметтерінің мәні үлкен. Онда Жоғары шекті және Төмен шекті руларының аталары көрсетілген (халықтың орналасқан жерлері айтылған), олар бізге белгілі әдебиетте кездескен жоқ және оларды біздің шежірелік кестемізбен салыстыруға болады.

Жаз кезінде Жоғары шекті және Төмен шекті рулары аталарының осы 6 626 шаңырағының бәрі Торғай өзенінің бас жағында, Торғай мен Тобыл арасындағы шағын өзендер мен көлдер маңындағы жерлерде мекендеген.

Жоғарыда келтірілген архив құжаттарында айтылған Шақшақ атасы біздің шежіремізде — Жоғары шектіден тарайтын үшінші буын (қараңыз: 2-кесте) Аманжол-Шақшақ. Шақшақтан тарайтын ұрпақтардан біздің рулық схемамызда Бақай, Дүзей, Ақназар, Томыт бар (қараңыз: 2-кесте). Бәйімбет пен Әлімбет, құжатта көрсетілгеніндей, Шақшақтың балалары емес — бауырлары. Басқа аталар (Аю, Қошқар т. б.) біздің схемамызда жоқ, олар, біздіңше неғұрлым төменгі таксономиялық жіктердің өкілдері болса керек.

Айдарке атасынан біздің схемамызда Қадырымбет (құжатта: Қадірілбет), Ожан (Ұясап), Бөдене бар да, Жылқайдар жоқ.

Қырықмылтық пен Қарамап аталарында жоғарыда келтірілген архив құжаты да біздің схемаға сәйкес келеді.

Төмен шекті аталары жайында да солай деуге болады, бірақ айырмашылық та бар. Архив құжатында Жауғашты руы мен оның аталары Алдияр мен Мадияр Төмен шектіге жатады. Біздің рулық схемамызда — Жоғары шекті — Жауғашты бірлестігі тармақтарының бірі және ол ірі ру Сарыжетімнен тарайды. Мадияр мен Алдияр — Жауғаштының ұлдары (қараңыз: 2-кесте).



1843 жылғы деректер бойынша Орынбор ведомствосының  
Шығыс, Орта және Батыс бөліктерінің қазақтары  
туралы ведомость

№ п п	Тайпа, ру, ата	тармақ	Саны		Қыстаулары
			таңы- рақ	еркек- тер саны	
1	2	3	4	5	6
1.	Шығыс бөлігі: Арғын: Жоғары шекті	Қошқар	310	1472	Торғай өзені бойын- да, Сарықона көлінде, Тосын құмында, Қар- сақбай және Қаракөл көлінде.
		Аю	150	754	Торғай өзені бойын- да, Сарықона көлінде және Аманқарағай тоғайы маңында.
		Қалқаман	150	741	Саусың көлі мен Да- набике, Терек деген жерлерде.
		Қарабас	70	310	Торғай өзені бойын- да,
		Тінет	60	290	Сарықона көлі мен Тосын құмында.
		Бақай	250	1448	Маңайындағы барлық көлдермен және жер- лермен қоса Аманқа- рағай төңірегінде.
		Дүзей	75	773	
		Ақназар		749	
		Емпазар	150	216	
		Томат	40	729	
Бөйімбет	150	331	Торғай өзені бойын- да, Сарықона көлінде, Тосын құмында, Әбі- лет көлінде, Қазанбас алқабында		
Әлімбет	310	1235			

1	2	3	4	5	6
2.	Айдарке (әрі Сом- жүрек)	Қадірелбет	416	2063	Торғай өзені бойында, Бесқожа көлінде және Сужарған-Алқау, Қаракөз жайылмасында.
Жылқайдар		430	2162		
Ұлсан		310	1578		
		Бөдене	100	496	
3.	Қырық- мылтық	Бесқара	110	561	Сарықопа көлінде, Тосын құмында және оның төңірегінде, Обаған өзенінің оң жағалауында, Жосалысай деген жерде, Алакөл, Қазанбас көлдерінде және Қарағай жайылмасында
Жаманкүл		120	589		
Тоңмойын		100	546		
Ржаной		20	87		
Сарыбай		30	166		
		Олжагүл- Қожеке	140	698	
4.	Қарамаң	Таубұзар	80	381	
Таз		60	316		
Сүйіндік		30	164		
Жарас		30	129		
5.	Төлек		30	125	
		<b>Жиыны:</b>	<b>3876</b>	<b>19108</b>	

**Төмен-шекті:**

1.	Жаугашты	Алдияр (немесе Таа)	340	1654	Обаған өзені бойында, Сексенбайқожа, Жамаң және Сарытүбек көлдерінде, Теректі өзенінде, Қарақамыс көлінде.
2.		Шымболат- Өтей	Мәдияр	375	1862
			210	949	
	Бекбаулы		250	1247	
	Жарас		185	820	
	Құшагүл		30	143	
	Тайыркүл		50	273	
	Өтегүл	40	214		
		Сотангелді	215	1091	
3.	Құлықай Ескерту: алғашқы төрт ата бір руға бірі- геді	Күшімбет	60	282	Обаған өзені бойында, Қарақамыс, Байғын, Төлебай көлдерінде
		Тоқан	—	—	
		Жәдік	55	303	
		Алтынай	50	216	
		Алшағыр	—	—	
		Төлебай	30	145	
	Ораз	20	98	Теректі өзенінде	

1	2	3	4	5	6
4.	Жолдыбай	Сүгір Жылбет	500 30	2613 171	Наурызым, Қарағаш, Сармойын көлінде,
5.	Ақташы		190	832	Өтей қазақтарымен
6.	Тағышы		30	151	бірге
7.	Байтәжі		80	344	
		Жыпыны:	2750	13408	
		Барлығы:	8626	32516	

Архив құжатында Шымболат пен Өтей бір руға біріктіріліп жіберілген, ал біздің рулық схемамызда бұлар — дербес екі ру. Құжатта Құлықбай деген ру бар, біздің схемамызда ол — Құлбай.

Архив құжатында Тағышы руы бар, біздің шежіремізде бұл Тағышы руы — Бегіс руының екінші ұрпағы.

Сонымен, Аманқарағай сыртқы округінде Орта жүздің басқа тайпалары ішінде арғындардан бары: Жоғары шекті — 3876 шаңырақ, Төмен шекті — 2750 шаңырақ және қанжығалылар (Бораншы, Әжігүл, Жолымбет, Әлібек, Сақау, Аتكелтір — қараңыз: 2-кесте), 1851 жылғы ведомосқа қарағанда, 466 шаңырақ, ал округтегі барлық арғындар — 7092 шаңырақ.

Сібір ведомствосына бағынатын, бірақ Кіші жүз жайылымын пайдаланған мұшшама шаңырақ саны Орынбор ведомствосының шағымдарын туғызды. 1838 жылы генерал В. А. Перовский әскери министрге жазған хатында Аманқарағай округін таратуды сұраған, ал Сібір бастықтары Торғай, Обаған өзендері бойындағы, көптеген көлдер жағасындағы кең-байтақ жайылымдардан айырылғысы келмей, бұған қарсы шықты. Дау тыйылмады. Дегенмен де, Сібір және Орынбор ведомстволары арасындағы межені белгілеген кезде (ол жөнінде жоғарыда айтылды) бүкіл жерімен қоса Аманқарағай округі Сібір ведомствосының құрамына енді.

1844 жылы Аманқарағай округінің аты өзгертіліп, Құс-мұрын округі деп аталды.

Көптеген арғын рулары Орынбор ведомствосына тікелей бағынып, соның ырқымен көшіп жүрді. Әскери-тарих архивінде Орынбор ведомствосының шығыс жағында Орта жүз тайпалары пеленген қоныстардың картасы бар. Онда мынадай түсініктеме берілген: «Оралдың арғы бетіндегі даланың Орынбор бастықтарына қарасты шығыс бөлігіндегі осы кең-байтақ жерде, бұрынғысынша, Орта орда қырғыздарының мына аталары қалады: 1) Шақшақ,

- 2) Айдарке, 3) Қырықмылтық, 4) Қараман, 5) Сарыжетім, 6) Қыпшақ, 7) Балтагерей және 8) Өлеңші-Уақ».

Орынбор ведомствосында көшпелілер дистанциялар (екі бекініс арасындағы учаскелер) арқылы басқарылды. 1841 жылы межелеу кезінде Сібір ведомствосынан Орынбор ведомствосына келген 30000 шаңырақ арғындардан 10 дистанция (32—41-ші) құрылды. 1847 жылы 510 шаңырақ арғындар үшін тағы да 4 (52—55-ші) дистанция құрылды. (Егер бұл мәселемен базбіреу неғұрлым толық танысқысы келсе, оларға Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінен мыналарды қарап шығуды ұсынамыз: 4-қор, 1-тізім, 3587-іс, 2—7, 39—44-б.).

Рулардың дала өңірінде орын ауыстыруы бүкіл XIX ғасыр бойы тыйылмады, бұл процесті тіпті округтердің құрылуы да тоқтата алмады. Бұған рулар арасындағы жайылым үшін тартыс, ең бастысы — казак әскері, жаңа қоныстар үшін байырғы халықтан жерді тартып алу себеп болды, мұның өзі, сайып келгенде, руаралық тартыстардың өршуіне басты себептердің бірі болған еді, өйткені әрбір ру басқа рудың есебінен өзіне жайылымды бекітіп алуға тырысты. Ол былай тұрсын, рулық байлаңыстар жыл откен сайын жойылып, мәселе ең жақын «ру басынан» таралатын туысқандар бірігетін аумақтық қауымдардың нығаюына қарай бет алды.

Мысалы, көшектер өз руын рудың негізін салған Қарауылдан, тіпті оның тармағынан (Тоқтауылдан) да емес, қайта неғұрлым берідегі бабалары Көшектен бастаған. Көшкенде, өз мүдделері үшін күресте ауылдарды да осы этноним біріктірген (қараңыз: 2-кесте).

Мәселен, XIX ғасырдың басында көшектер өздерінің Айыртау мен Қолтықкөл маңындағы жайылымдарынан қуылып, Ақмола даласына барып, Садық және Тасөткел деген өзендерге қоныстанған. Бастапқыда үш ауыл барып қонған еді, сонан соң жаңадан келгендер есебінен олардың саны 10-ға дейін жетті.

Сол XIX ғасырдың бас кезінде Көкшетаудан Қарауыл руының Бектауыл тармағы көшіп келіп, Есілдің саласы Қызылсу өзеніне орнықты (қараңыз: 2-кесте). Бектауылдар Кенесары Қасымов көтерілісіне қатысқан. Көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан кейін Баубек батыр өзінің Бектауыл руын өз туыстарының жаңа қонысы — Қызылсу, Қоңырсу өзендеріне, Қаражан обасы деген жерге, яғни қазақтар Кеңтүбек деп атайтын кең далаға әкелген. Уақыт өте келе, XIX ғасырдың аяғына қарай халықтың табиғи өсуі мен басқа жерлерден рулас-

тарының келіп қосылуы есебінен бектауылдар саны 1000 шаруашылыққа жетті. Әлбетте, жаңа шаруашылықтардың күзгі-көктемгі жайылымдарға: Шаңқан, Сарыоба, Көксай, Бесоба, Байжігіт деген жерлерге, Терісаққан өзенінің бойына орнығып, олардың аумағы да кеңейді. Жайлаулары солтүстік-батыс жағында: Қызылсу, Құмай, Қарамұрт, Қоңырсу өзендерінің бойында болды. Бектауылдардың оңтүстігіндегі Тассуат, Боранкөл деген жерлерде олардың ең жақын туыстары Тоқтауыл атасының қауымдары қыстаған (2-кесте). Олар да бектауылдар жайлауында жайлаған. Қауымның феодалдық үстем тобының қысым көрсетуі салдарынан рулардың көтеріле көшу жағдайлары болған. Мысалы, 1797 жылы Уәли ханға бағынышты 15000 шаңырақ өз билеушісі тарапынан жасалған қысымға шыдамай, Көкшетау төңірегіндегі жерін тастап, Ертістің оң жағалауына көшкен де, онда Сібір (Ертіс) шебінің Омбы учаскесіне қоныстанған.

Қазақстанның басқа аудандарынан да нақ сондай процестерді аңғаруға болады. Мысалы, Керей тайпасының Қозы атасы Қотыркөл, Жөкей көлдерінің төңірегінде көшіп жүріп, Тосанқыстау, Сарымсақты, Молдасқұм деген жерлерде қыстаған.

Кенесары Қасымов көтерілісі жеңілгеннен кейін көтеріліске белсене қатысушылардың бірі Аңғал батыр атығайларды, оның Елтоқ атасын (2-кесте) сол жерлерге әкеліп, керейлерді қуып жіберді, олар солтүстікке, Есіл өзеніне қарай кетуге мәжбүр болды.

Аңғал батырға байланысты мынадай аңыз бар. Қозы керейлер осы жерлерден кеткен кезде, қуып шығушылардан кек алу үшін Кене атасының қауымдарынан 70 мың биені айдап әкеткен. Бұл барымта керейлерге сәтсіз болған. Аңғал батыр жауынгерлерімен оларды Аққайың деген жерде қуып жетіп, керейлерге: «Атым Аңғал, істеген ісіме таң қал!» деп, семсерімен тасты шауып, қақ бөлген. Сол тас Аққайыңнан 15 шақырым жерде осы кезге дейін жатыр дейді аңызда.

Әлбетте, көшу жолы мен жазғы жайылымның қашықтығы да қысқарады.

Қуандық руының Алтай, Қарпық тармақтары (2-кесте) Ертістің орта ағысына XVIII ғасырдың аяғында келіп, XIX ғасырдың бас кезінде Сібір казак әскерлеріне берілген жерден ығыстырылып шығарылды да, батысқа, Қорғалжын көліне қарай алыстан кеткен. Жаз кезінде олар Ертістегі жайылымға әлі де келіп жүрді, бірақ округтердің құрылуына байланысты бұлайша жазда көшіп келу

тоқтатылған. XIX ғасырдың екінші жартысында Қарпық тармағының Тінәлі атасы Сарысу өзенінен Есілге (солтүстіктен оңтүстігіне дейін 300 шақырымдай) құятын Қулан-өтпес өзеніне дейінгі кең даланы мекендеген. Бес болыс болған Тінәлі атасы жазда Жантеке, Инедікті, Ұзынкөл, Алакөл көлдерінде, одан әрі солтүстікке қарай Есіл өзені жағында жайлаған. Қыстауынан жайлауына дейінгі қашықтық 4 күндік жолдан аспаған (шамамен 120 шақырымдай).

Рулардың көшіп-қонуының, қыстаулардың жақындай түсуінің мысалдары өте көп.

Облыстық басқарудың енгізілуіне байланысты рулардың қоныстануы біршама тұрақтанды. Жоғарыда қарастырылған ішкі округтердің арғындары Ақмола облысының мына уездерінің құрамына енді. Ақмола уезі Ақмола ішкі округінің шығыс бөлігі негізінде құрылып, оған округтің оңтүстік межесінен (Теңіз көлі — Нұра өзені) Қуандық руының қауымдары көшіп жүретін Шу өзеніне дейінгі кең-байтақ аумақ қосылды.

Уезд аумағында негізінен Қуандықтан тарайтын Алтай, Қарпық, Бөріші, Темеш тармақтарының көптеген аталары қоныстанды (2-кесте). Алтайлар уездің оңтүстік бөлігінде, Сарысу өзенінің жағалауына және осы өзеннің оңтүстігіне орын тепкен. Жазғы жайылымдары Сарысу өзенінің оң жағалауында болды.

Уездің Сарысу өзенінен Ақмолаға дейінгі орталық бөлігі, шығысында Есіл бойынан Терісаққан, Қайрақты өзендеріне, Теңіз және Қорғалжын көліне дейінгі жерлер — Қарпық тармағының иелігі.

Қарпықтардың Есіл бойындағы иеліктерінен шығысқа қарай, Теңіз көлінің төңірегі — Өмір тармағына жататын Бөріші және Темеш аталарының қыстаулары мен жазғы жайылымдары.

Қуандық руы иеліктерінен оңтүстікке қарай Шұбаркөл, Мешке көлдерінің төңірегіне, Сарыкеңгір, Қаракеңгір өзендерінің бас жағына Тарақты руының қауымдары қоныстапған.

Қанжығалы руының аталары уездің солтүстік-шығыс бөлігінде, Сілеті өзенінің бойына, Қарасор, Жаманшал, Шолақсор көлдерінің төңірегіне орналасып, Павлодар қанжығалыларының жеріне де жетіп жатқан.

Ақмола сыртқы округінің Теңіз және Қорғалжын көлдерінен, Қоңыр, Бордаған, Жабай өзендерінен Есіл өзеніне дейінгі батыс бөлігі Атбасар уезінің құрамына енді. Оңтүстік шекарасы Шу өзенінің бойында болды.

Қаракеңгір өзенінің бас жағынан бастап, одан әрі Терісаққан өзені мен оның көптеген салаларының бойымен солтүстікке қарай және осы өзеннің Есілге құяр сағасы маңайын түгелдей арғындар иеленді.

Тарақты руының (2-кесте) қыстаулары Есіл өзенінің бойындағы Қима деген жерден Барлықөл көліне дейінгі кең далада болды. Жаздыгүні солтүстікке қарай Құмай өзенінің бойын жайлады. Бұл жердегі Тарақты руының шаруашылықтары 700-ге дейін жеткен.

Қарауыл руынан тарайтын Бектауыл мен Тоқтауыл қауымдары уездің Есіл өзені, оның Ащылы, Қоңыр, Сарқырама деген салалары бойындағы солтүстік бөлігінде және тарақтылардың шығысында, Тассуат деген жерлерде көшіп жүрген. Бұл аталар Қарауыл руының ең батысындағы қоныстары болған.

Қаракеңгір өзенінің бас жағынан солтүстікке қарай Есілдің сол жағалауына дейін, одан әрі Терісаққан өзенінен шығысқа қарай, Теңіз, Қорғалжын көлдеріне дейін Қуандық руы мен оның Алтай тармағынан тарайтын Байдалы, Қарпық тармағынан тарайтын Тінәлі және Аманқарт тармағынан тарайтын Қалқаман (2-кесте) аталары мекендеген.

Сүйіндік руынан бір тармақ — Мәжік пен Жәдігер ұрпақтары (2-кесте) біріккен төртұл болған. Бұл ру Қаракеңгірдің бас жағынан солтүстікке қарай, Терісаққан өзенінің бойын, әсіресе сол жағалауын, Есілге құяр жеріне дейін қыстаған.

Көкшетау сыртқы округінің қазақтарынан Көкшетау уезі құрылды.

Оған арғындардан екі ру: Қарауыл мен Атығай енді.

Қарауылдар уездің шығыс жағына: Сілеті өзенінің бойына, Сарыкөл, Жаркөл, Жалаңтұз, Құмдықкөл деген т. б. көлдердің маңына, яғни Сілеті өзені — Сілетітеңіз көлі — Көксеңгірсор көлі аралығындағы даланы мекендеген.

Қарауыл руы қоныстанған тағы бір ірі аймақ — уездің оңтүстік бөлігі: Дәулет, Айдабол, Зеренді көлінен, Шағалалы өзені мен оған жапсарлас жатқан жайылымдардан бастап, одан әрі батысқа қарай, Блесойған, Қарқылдақ көлдеріне дейін, осы кең-байтақ далада Имантау, Шалқар, Жақсы-Жалғызтау, Қамыскөл деген көлдер төңірегіндегі жайылымдарды, Есіл мен оның салалары (Аққанбірлік, Иманбірлік және басқалары) аңғарындағы жерлерді қамтыды.

Уездің солтүстік-батысындағы Саумалкөл-Қаракөл-Жалтыркөл-Тереңкөл-Алабота көлдерінен солтүстік-батысқа қарай Есілге құятын Иманбірлік өзені мен Тораңғыл көліне дейінгі байтақ жер атығайлардың иелігіне қарады.

Петропавл, Омбы уездері өздеріне тиісті ішкі округтерден құрылды. Атығай руы Есіл өзенінің бойында және одан шығысқа қарай Қалыбек — Ебейті көлдері шебіне дейінгі жерге қоныстанған.

Атығайлар иеліктерінің нақ орталығында дерлік, Шағалалы көлінен бастап, солтүстік-батысқа қарай Есілге дейінгі жер Қарауыл руының иелігінде болды.

Атығайлар өздерінің ата-бабалары XVIII ғасырдың 50—60 жылдарында Тораңғыл көлінен, Иманбірлік өзенінен және өз туыстарының көпшілігі тұрған басқа да жерлерден келген, ал қарауылдар нақ сол жылдары Теке көлінен, Үлкенқарой көліне құятын шағын өзендерден (Ащысу, Қарасу т. б.) келіп қоныстанған, бұл жерлерден оларды керейлер ығыстырып шығарған деседі.

Қанжығалы болысы болған Мезгіл ормандарын қыстаған қанжығалылар да өздерін басқа жақтан келгенбіз деп есептейді. Ал қайдан? Уезд ақсақалдарынан ХХ ғасырдың басында жиналған ауызекі хабарламалар болмаса, ол жөнінде құжаттарда мәліметтер жоқ.

Біздіңше, бұл — Пресногорьков бекінісі тұсында көшіп жүрген (бұл жөнінде жоғарыда айтылған) және Аманқарағай сыртқы округінің құрамына кірген Қанжығалы болысы. Сібір және Орынбор ведомстволары арасындағы көшіп жүрген рулардың қайсысына бағыныштылығы туралы зор дау-дамай кейбір рулардың Орта жүз шегіне көшіп баруына, ал Кіші жүз жерінде қалғандарының Орынбор ведомствосының билігіне түсуіне әкеп соққан. Қанжығалы болысының Орынбор ведомствосы жерінен кетіп, Мезгіл ормандарына қоныстанғаны, сойтіп Петропавл уезі құрамына енгені күмәнсіз. Мұны факт дәлелдейді: 1843 жылы Орынбор ведомствосының шығыс бөлігінде көшіп жүретін арғындар туралы ведомоста қанжығалылар жоқ, ал 1843 жылғы ведомоста айтылатын Жоғары шекті және Төмен шекті рулары нақ соларға қосылған. Бұл нұсқаны растайтын тағы бір дерек мынадай. Уездер құрылған кезде болыстар топонимиялық, яғни географиялық атаулармен, өзендердің, көлдердің т. б. атауларымен аталды. Мысалы, Пресногорьков — осы аттас станица маңында жатқан ащы көлдер жүйесінің, Тайышша — бір кезде осы аттас атақты жәрмеңке болған



жердің атымен аталған. Ал Қанжығалы болысы өзінің бұрынғы рулық атауын сақтап қалған.

Өздерінің Петропавл уезіндегі руластары сияқты оңтүстіктен келген Атығай, Қарауыл рулары Омбы уезінің аумағына қоныстанған. Атығайлардың иеліктері — Омбы қаласының оңтүстік-батысында, ал қарауылдардың иеліктері — Үлкенқарой, Кішіқарой, Қалыбек, Алабота көлдерінің төңірегіндегі жайылымдарда, яғни уездің шығыс бөлігінде болған.

Арғындар Кіші жүздің жерінде де көшіп жүрген. Төмен шекті және Жоғары шекті рулары Қостанай уезінің құрамына кірген бұрынғы Аманқарағай округінің даласын мекендеген. Нақ осы рулар Торғай уезінің шегінде, Торғай өзеніне құятын Үлкендамды, Мойылды, Сарыторғай өзендерінің бойын қоныстанған, бұл рулар Торғай бойында, сондай-ақ Сарықопа, Ақсуат көлдері мен басқа да ұсақ көлдердің төңірегінде мекендеген.

Арғындар Сырдария бойында: Жаңақорғанның солтүстік-шығысындағы Сұлутөбе, Сарышығанақ, Жаманағаш деген жерлерде, Сырдарияның көптеген салалары маңында, оңтүстік-шығысында Төменарық деген жерге дейін қоныстанған. Бұлар, тегінде, XVI ғасырда Тәуке хан мен Есім ханның Самарқанд пен Бұхарға жорықтарына қатысқан арғындар тобының «қалдықтары» болса керек. Аңыздарда арғындар бұл жерлерге Қаратаудан келген делінеді.

Әулиеата уезі шегіндегі Шу өзенінің бойында Ұлы жүздің Жалайыр тайпасының қыстауларымен шектес Баймұрат және Сарытөбе алқабында арғындардың да қыстаулары болған.

Арғындар бұл жерлерге XIX—XX ғасырлар аралығында Қарқаралы жағынан келген. Шу болысы 1905 жылға дейін Қарқаралы уезінің құрамында болған, бірақ уездің қаладан қашық болуы (Қарқаралыдан 550 шақырым) себепті Түркістан өлкесінің Әулиеата уезіне берілген. Шу болысының арғындарынан Шу өзенінің оң жағалауында Арғын болысы құрылып, онда 419 шақырақ болған. Олардан шығысқа қарай, Сарыөзек, Қаратау болыстарында және Шу өзені бойында орналасқан Қыршу болысының бір бөлігінде де арғындардың 700 шаруашылығы қоныстанған.

## НАЙМАН

Наймандар Орта жүздің саны жөнінен аса ірі тайпасы. Оның көптеген рулары Қазақстанның екі аймағындағы: Оңтүстік-шығысы мен Оңтүстік Қазақстандағы көң байтақ алқапты қоныс еткен. Бірінші аймақ Алтай тауларынан басталып, оңтүстік-батысында Оңтүстік Балқаш өңірі құмдары мен Қаратай өзеніне дейін созылып жатыр. Ол жерлер Таулы Алтай мен Тарбағатай сілемдері сияқты әдемі өңірлерді, Азияның аса үлкен өзендерінің бірі Ертіс пен басқа да арынды тау өзендерін (Қалжыр, Бұқтырма т. б.), Марқакөл, Зайсан, Алакөл секілді мөлтілдеген әсем көлдерді қамтиды.

Екінші аймақта су көздері де, жайылымдар да кемшін. Наймандардың шаңырақтары Ащыкөлге құятын Сарысу өзені мен оның салалары бойында шашырай орналасқан.

Наймандар Ертістің сол жағалауында да, Семей бекінісі тұсындағы және одан әрі солтүстікке қарай Черемухов бекінісіне дейінгі далаға шағын топтарға бөлініп қоныстанған. Олардың батыс жағындағы Түндік өзенінің бойы мен Қызылтау беткейлерінде де, одан әріде, Ертіс бойында Чернояр бекінісі тұсында қоныс еткен.

Наймандар Сарысу өзені аңғарын мекендеген негізгі көпшілігінің солтүстік жағында Есіл өзенінің екі жағалауында да көшіп жүрген.

Шығыс Қазақстан тұрғындары арасында сақталған аңыздарға қарағанда, жоңғар шапқыншылығы жылдарында наймандар Арал теңізінің батыс жағалауына қоныс аударған. Олардың шығысқа қайта оралуы жоңғарлардың қуып шығарылуына қарай XVIII ғасырдың екінші жартысында басталып, сол ғасырдың аяғына қарай олар Алакөл ойпаты мен Аягөз өзеніне дейін жеткен.

XIX ғасырдың бас кезінде Зайсан ойпатына келген қазақ рулары онда Жоңғар хандығы құлағаннан кейін орын тепкен қытай бекеттерін (Өрелде, Нарын өзенінде т. б.) ғана кездестірген. Қытайлар жаңадан қоныстанушылардың келуін заңдастыруды талап етті. Сол кезде Бұрхан ұлы Шәкен Үрімшіге жіберіліп, қытай ұлығынан Қатын және Ертіс өзендері арасындағы жерді иеленуге грамота әкелген.

Шанақ Ауғанбаевтың (1889 ж. туған) айтуынша, Қатын, Бұқтырма және Ертіс жағалауына Қаратайдың балалары: Беске, Дәулет, Шеруші және Болат келген. Қаратайдың өзі Ертіске оңтүстік жағынан құятын Қызылсу өзенінде жерленген. Демек, наймандардың ірі тармақта-

рының бірі саналатын Қаратай XVIII ғасырдың аяғында өмір сүрген. Бұл наймандардың рулық схемасына талдау жасағанда өте маңызды. Және бұл — Қаратайдан көп ұрпақ тарап, кейін олар «алты қаратай» деп аталатын алғашқы екі ұлының патрилиндікдерін анықтағанда да мейлінше маңызды (3-кесте).

Сақталып қалған аңыз бойынша, Қаракерей руынан шыққан Қабанбай батыр мен оның серігі әрі немере інісі Дәулетбай батыр (олардың екеуі де байжігіт атасынан — қараңыз: 3-кесте) қалмақтарды қуалай отырып, Қызылсу мен Шар (Ертіске оңтүстік жағынан құяды) өзендерінің аралығына жеткен де, байжігіттер бастапқыда сол жерге қоныс тепкен.

Олардың бұдан кейін Зайсан ойпатының оңтүстік жағына қоныстануы мынадай аңызға байланысты. Қабанбай батыр қырғыздарға қарсы бірнеше рет жорық жасап, солардың бірінде Барын атты жас жігітті қолға түсірген. Ол ақылды да ойлы адам болып шығып, бір жылы малдың жаппай қырылуына, ашаршылыққа, адамдардың өлім-жітіміне әкеп соққан жұттың жақындап қалғанын болжап айтқап. Сонда Барынға Қабанбай батыр: «Қалағаныңды істе, мал мен адамдарды құтқарып қал!» дейді. Барын бір адам ертіп, малды айдайды да, Қалба тауына, одан әрі бораннан мал мен жанға ық болар Манас деген жерге жетеді. Ол басқа жерлерді де шолып, жақсы жайылым тапқан. Содан осы Манас деген жер мен Терісарық өзенінің жоғарғы ағысына — Жұмық балаларының қауымдары, ал Тарбағатай тауындағы Екіарғанақты деген жерге Тоғыстың балалары көшіп барады. Қабанбай батыр шыққан Мәмбет атасы Қызылсу мен Шар өзендері арасында қалған (3-кесте).

Зайсан мен Марқакол көлдерінің төдірегіндегі жайылымдарға, Ертіс және Қара Ертіс, Күршім, Бұқтырма, Шар өзендері мен басқа да өзендердің бойына, Алтай, Тарбағатай тауларына және басқа жерлерге байжігіттермен бірге Ақнайман мен Қожамбет (шежіреге қарағанда, Қаракерейдің немересі — қараңыз: 3-кесте) ұрпақтары, сондай-ақ төртұл (3-кесте) руларының аталары көшіп келген.

Наймандар көшінің екінші легі Сырдария жағалауы мен Арал теңізі жағасынан Шу өзені арқылы өткен.

Бұрын наймандардың өз жайылымдарын Түркістаннан Қарқаралы тауларына келген арғындарға беріп, өздері шығыс пен оңтүстік-шығысқа кеткені жайында аңыз болған.

Жинап жасалған жазбаларға сәйкес, наймандардың

көшу жолы мынадай: олар Шу өзенінен солтүстік Балқаш өңірін басып, Шұбартауға және Шыңғыстаудың оңтүстік беткейіне қарай бет алған. Арғы руларының қысымымен наймандар XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Аягөз, Көкпекті, Ақсу өзендеріне, Тарбағатай тауының етегі мен жоталарындағы жайылымдарға көшкен де, одаң да асып, Алакөл мен Сасықкөл және Тентек, Шілікті, Лепсі, Ақсу өзендері төңірегіндегі жайылымдарға қоныс аударып, Қаратал өзеніне дейін жеткен. Ал оның арғы жағында Ұлы жүз тайпалары көшіп жүретін еді.

Оңтүстік Балқаш өңірі, Алакөл көлі, Жоңғар Алатауы және Қаратал өзені аралығында жатқан жер үшін Орта жүз бен Ұлы жүз көшпелілері арасында дау-дамай болып тұрған.

1848 жылы Ұлы жүздің сұлтаны Сүйік Абылайханов Батыс Сібір генерал-губернаторына баяндама хат жазып, онда: Ұлы жүз қазақтарына тиесілі Лепсі, Басқан, Қаратал, Көксу өзендері алқабындағы жайылымдар мен егіншілік учаскелерді найман руларының басып алғанын хабарлағаны туралы бұрын да айтылған еді.

Батыс Сібір генерал-губернаторының нұсқауымен сібір казактарының шекара бастығы генерал-майор Вишневский мен кеңесші Коченов Үлкен орданың приставы барон Врангельмен бірге аталған екі жүз қазақтарының өзара талаптарын бір жыл бойы анықтаған. Төреші комиссия «бұл жерлердің өздеріне тиесілі екендігіне наймандардың құқығы Аягөз және Көкпекті приказдарында бар жазбаша құжаттармен дәлелденген» деп анықтады. Бұл арада округтер құрылған кезде осы приказдар берген және Лепсі, Басқан, Қаратал, Көксу өзендері бойындағы жерлер наймандарға бекітілген құжаттар айтылып отыр. Бұдан былайғы дауларды тыю үшін бұл жерлер патша жарлығымен наймандарға бекітіліп берілген. Аягөз сыртқы округі 1831 жылы ашылды. Сонау 30-жылдардың аяғындағы мәліметтерде айтылатын Көкпекті қазақтарының 12 болысы 1844 жылы бір Көкпекті ішкі округіне біріктіріліп, оған Мұрын болыстары (мұрын тармағы) дейтіндер қосылатын болып ұйғарылды. Қапал ішкі округі 1854 жылы ашылды.

Аягөз округі мына шекара ішіндегі жерді қамтыды: оңтүстігінде — Тарбағатай және Сауыр жоталары, оңтүстік-шығысында — Лепсі өзені мен Балқаштың оңтүстік-шығыс жағалауы, солтүстігінде — Шыңғыстаудың оңтүстік-шығыс сілемдерінен одаң әрі Зайсан ойпатының оңтүстік бөлігіне дейін, шығысында — Сауыр жотасы мен Кендірлік өзені аңғарын қамтыды, батысында Шыңғыстау-

1841 жылғы деректер бойынша наймандардың  
Аягөз сыртқы округі жерінде орналасуы

Бо­лыс	Қо­ны­ста­ры	
	қысқы	жазғы
1	2	3
1-Матай	Жіңішкенің оң жағалауы мен жақын жатқан таулар, Бұқа өзені, Қарабұжыр, Жаңағаш таулары, Байқора, Шоқа алқабы, Құмайағаш бұлағы, Жаншора алқабы, Делбегетей тауы, Былқылдақ өзенінің бойы, Қаражолбала, Қылжақтастау таулары, Приказдан 200—300 шақырым.	Шар, Қызылсу, Көкпекті өзендерінің бойымен солтүстікке және кері қарай, Қалба жотасы, Былқылдақ өзенінің көптеген алқабы, Йуантөбе, Салқынтөбе, Қаражал тауларының маңы және басқа жерлер.
2-Қаршы	Қаңылшоқа, Сандықтас, Қаражал, Жамантас тауларының маңы, Әулікөл көлі, Арқария, Жылаңды және басқа таулар, Аягөз, Шақырты өзендері, Тарбағатай таулары және басқа жерлер, Приказдан 80—200 шақырым қашықтықта.	Көкпекті, Шорсу өзендерінің бойымен батысқа қарай және кері қарай Шыбынды, Күрмелді, Көкпекті өзендеріне және Бөрлі, Аягөз, Нарын, Шақырты өзендері бойымен оңтүстікке қарай, Бұғас, Қилы, Ертіс өзендері бойымен шығысқа қарай, ал соған соң Бөкен, Шигелен, Көкпекті өзендері бойымен солтүстік-батысқа, Қалба тауына, Шар, Қызылсу өзендеріне қарай және сол жерлермен кері қарай.
5-Мұрын	Аягөз, Жалаңаш өзендері, Берке, Қызылтөбе, Долаң таулары, Шақырты өзенінің бойы, Тарбағатай, Көкпекті таулары т. б. жерлер, Приказдан 100—160 шақырым қашықтықта.	Аягөз өзенімен оңтүстікке, Талкөл тауына, Шақырты өзені бойына, Ақшолты тауына қарай және Үржар өзенімен жоғарыда аталған жерлермен кері қарай.
6-Мұрын	Қайрақты өзені, Қызылтас, Иманжелді таулары, Босаға өзенінің бас жағы, Тарбағатай, Көкпекті, Желді, Қалбағай таулары, Базар, Діңгек өзендері, Қарабұға-	Бигесу, Жіңішке, Бөкен, Балта өзендерімен Сандықтау, Долаң, Тарбағатай тауларына оңтүстік-батысқа және кері қарай.

1	2	3
	ның бас жағы, Тастөбе, Басман, Қаражал таулары және басқа жерлер, Приказдан 120—130 шақырым қашықтықта.	
7-Мұрын	Қарақойтас, Қошқар, Жағалбайлы тауларының маңы, Бестамақ өзені, Тарбағатай, Қаражал таулары, Талды өзені, Базардың, Ақбұлақтың бас жағы және басқа жерлер, Приказдан 180—280 шақырым қашықтықта.	Жылдығар тауымен, Зергебұлақ өзенімен оңтүстікке, Бөрлі, Ескібалта, Шоқа өзендерінің бас жағына, Сарытау, Егіз тауларына, Қызылсу, Нарын өзендеріне қарай және кері қарай.
10-Семіз Найман	Аягөз өзенімен Ақши алқабына дейін төмен қарай, Коксараның бас жағына, Бақанастың орта ағысына, Қойтас алқабынан Балқаш көліне дейін, одан әрі Арғынаты тауы, Жасағаш алқабынан Лепсі өзеніне дейін, Ащыбұлақ, Майбүйрек, Тайшасу өзендерінің бойы және басқа жерлер, Приказдан 200—300 шақырым қашықтықта.	Көксал өзені, Ақшатау тауы, Сарық көлі бойымен Саңдықтас арқылы, Мамыр өзенімен Аягөз арқылы Нарын, Уржар, Лепсі өзендерінің бойына және сол жерлер арқылы кері қарай.
11-Садыр	Лепсі өзенімен Қымсақш тауына, Көктерек алқабына, Приказдан 280 шақырым.	Алатауда, Жамантас алқабында.
12-Семіз Найман	Аягөз өзенінің бойымен, Ақши алқабынан Қызыладыр тауларына, Аягөз өзенінің оң жағалауымен Терісайырық бұлағынан Аягөзбен жоғары қарай және оң жағалаумен Ақшоқы алқабына, Аягөз өзенінің бас жағындағы қамыста, Балқаш көліне қарай, Жасағаш алқабы және басқа жерлер, Приказдан 25—150 шақырым қашықтықта.	Таңсық, Аю өзендерімен Қарақопаның бас жағында, Тарбағатай тауына қарай және сол жерлермен кері қарай, кейде Ақшатау тауына және басқа жерлерге кошеді.
13-Тума	Тарбағатай тауындағы Үшбұлақ өзені бойы, Қарақұм алқабы, Тартар, Барлық таулары, Тарбағатайдан солтүстікке қарай Майбүй-	Шығысқа, Тарбағатай тауына, Түлкілі, Қаракөл, Танша алқабына және басқа жерлерге қарай.

1	2	3
	рек және Шолаққопа құмдарына дейін, Тарбағатайдан оңтүстікке қарай Лепсі өзенімен Сарыкөлге дейін, Приказдан 200—300 шақырым қашықтықта.	
15-Болатшы	Жетісу, Лепсі өзеніне құятын Мақаншы өзені, Приказдан 250 шақырым.	Тарбағатай тауынан Үржар өзеніне қарай, Сарыбұлақ маңы және кері қарай.
16-Қаптағай-Матай	Жолқа тауындағы Құтырлы өзені, Бақанастың бас жағы, Алатау тауы, Приказдан 250—300 шақырым.	Сарқан, Ақсу, Бүйен өзендеріне және кері қарай.
17-Қайнар-Матай	Ақсу өзенінің бойы және Балқаш көлінің шығыс жағалауы. Жаңасу өзенінің бойы, Приказдан 280 шақырым.	Сарқан және Ақсу өзендерінің бойы.
18-Садыр	Лепсі өзені, Балқаш көлінің оңтүстік-шығыс жағалауы, Арқарлы және Қысқаш таулары, Приказдан 250 шақырым.	Қаптағай-Матай болысымен бірге көшіп жүреді.
19-Аталық-Матай	Қаптағай-Матай болысымен бірге көшіп жүреді.	
20-Садыр	Лепсі өзенінің бойы, Балқаштың оңтүстік-шығыс жағалауы, Бөрлі өзені, Арқарлы және Қысқаш таулары, Приказдан 250 шақырым.	Алатау беткейі, Ақжайлау, Көктас, Жүкті алқабы және басқа жерлер, Лепсі, Бақанас өзендерінің екі жағы және кері қарай.
21-Садыр	20-Садырмен бірге.	
22-Қаракерей-Семіз-Наймаң	Тоқтар тауынан Ақсу өзеніне дейін, Тештек, Лепсі, Басқан өзендерінің бойы, Приказдан 250—350 шақырым.	Садыр болыстарымен бірге көшіп жүреді.
23-Қаршы	Қоңыршәулі тауының маңы, Қаракөл өзенінің бойымен Құлантөбе, Тарбағатай тауларына дейін, Арганаты құмы, Лепсі өзеніне жақын. Приказдан 80—180 шақырым.	Тарбағатайдың оңтүстік беткейінде Лепсі өзеніне дейін және кері қарай.

дан Аягөз өзенінің аңғарымен Балқаш көлінің солтүстік-шығыс басына дейін.

Сонымен Аягөз округінің қазақтары наймандардың үш руына жатқан: қаракерей руынан — Қаршын, Мұрын, Тума, Болатшы, Семізнайман (3-кесте) аталары; Матай руынан екі ата — Аталық, Қаптағай аталары; Садыр руы бар.

Аягөз округінің оңтүстік-батыс шекарасы (Лепсі өзенінің бойында) Қапал округімен шектескен, ал оның солтүстік-шығыс жағы — Лепсі өзенінен Қаратал өзеніне дейінгі жер — найман тайпасының Матай руының (3-кесте) иелігі болған. Бұл Орта жүз бен Ұлы жүз қазақтары арасында ерекше көп дау туған және жоғарыда айтылғанындай, сайып келгенде Орта жүздің көшпенді қауымдарына бекітіліп берілген жер болатын.

Аягөз округінің солтүстік жағы — өзі аттас сыртқы округ болған Көкпекті наймандарының иелігі.

Көкпекті округінің шекарасы шығысында Зайсан көлінен басталып, Ертістің оң жағалауын, оның ішінде Нарын, Бұқтарма өзендерінің төменгі ағысын да қамтыды. Осы арада шығыс шекарасы Сібір казак әскері жерінен Ертістің сол жағалауына бұрылып, Семей бекінісіне дейін барған. Округтің батыс шекарасы Семей бекінісі жанынан басталып, меридиан бойымен, оңтүстікке қарай Аягөз округінің шекарасына жеткеп.

Көкпекті уезінің аумағында Ертіске құятын Шар, Қызылсу, Бұқтырма, Нарын сияқты суы мол өзендер мен олардың төдірегіндегі қазақ қауымдарын сумен және жайылымдармен қамтамасыз еткен негүрлым тайыз сулы (Көкпекті, Жылансу, Былқылдақ) өзендері болды.

Жоғарыда айтылғанындай, Аягөз округінің Мұрын болыстары Көкпекті округіне қосылды. Басқа рулардың орналасуын 13-кестеден көруге болады.

Көкпекті уезіне берілген Найман қауымдарының көбі жайылымның жетіспеуі себепті казак әскері жерінде мекендеді, ол төменде келтіріліп отырған кестеден көрінеді (басқа тайпалар жөніндегі мәліметтерді келтірмейміз).

Сонымен, Сібір казак әскері жерінде, Бийск округі шебінде наймандардың екі руының мына аталары: Сарыжомарт деген ортақ ата біріктірген рулар тобына енген Бура руынан тарайтын Ақтас, Ақтағыс, Құрман, Жуатай, Дүрбеуіл, Құдайқұл, Алтыбай (Ергенекті найман, қараңыз: 3-кесте); Кетбұғадан тарайтын Қожағұл, Жаман терістаңбалы, Төртқара (Терістаңбалы — 3-кесте) аталары қоныстанған.



1839 жылғы деректер бойынша наймандардың  
Көкпекті сыртқы округі жерінде орналасуы

Боғыс	сағы		Қоныстары
	ауыл	шаңырақ	
1	2	3	4
Бура Найман	1079	4879	Қызылсу, Шар өзендерінен, Құлыртөбе және Жуантөбе тауларынан Былқылдақ және Жылансу өзендеріне қарай, Приказдан солтүстік-батыс жағына қарай 90 шақырым.
Сары жомарт Найман	170	700	Былқылдақ және Қалғұты өзендерінен салаларымен қоса Қызылсу өзеніне қарай, Приказдан солтүстік-батыс жағына қарай 100 шақырым.
Көкжарлы Найман	80	350	Үрімші, Аблақат, Себіңкі өзендерінен Ұланқы өзеніне қарай, Приказдан солтүстік-батыс жағына қарай 100 шақырым, Себіңкі, Шыбынды, Аблақат өзендерінен Приказдың солтүстік жағында.
Терістаңбалы Найман	557	1593	Ұланқы, Томрашы, Жайлыөзек өзендерінен Былқылдақ, Қызылсу, Шар өзендеріне қарай, Приказдың солтүстік-батыс жағында.
Матай	100	500	Қызылсу, Шар өзендерінен Құлыртөбе, Жуантөбе тауларына қарай, Приказдан солтүстік-батыс жағынан 90 шақырым.
Жыны:	1986	8022	

Қазақ әскері мен Бийск округі жерінде көшіп жүрген барлық Көкпекті наймандары 352 шаңырақ, ал олардағы ерлер — 784, әйелдер — 668, барлығы 1449 адам болған.

Жайылымның көпшілік жері келімсек халықтың қоныстарына айналды және қазақ полктерінің пайдасына тартып алынған жайылымның жетіспеуі салдарынан Көкпекті наймандарының қаншалықты алысқа көшіп барғанын көшпелілердің сонау Бийск округі жеріне (Змеев,

Көкпекті округінің казак фөрпостылары мен деревняларында  
 тұратын қазақ халқының 1849 жылы заседатель  
 Бекмүрзин жүргізген санағы

Болыстар	Саны			Қайда және қанша қашықтықта
	маңы- рақ	ерлер	әйел- дер	
1	2	3	4	5
Бура-Найман атасы:				
Ақтас-ақтағыс	9	21	22	Семей қаласы маңындағы Бобров аралында
—»—	7	15	14	Долан ф. тұсындағы тоғай мен
—»—	8	21	18	Ұзынағаш алқабында, 7 к. п. тұсында, Черемухов өзені маңында.
Ақтас	14	30	30	Семей қаласы тұсындағы өзеннің арғы бетінде 6 к. п. Грачевский ф.
Ақтағыс	11	19	18	
—»—	3	6	6	Черный өзеніндегі 6 к. п.
—»—	4	13	10	Бийск округі, Змеев б. Половинка д.
—»—	12	29	23	Семей тұсындағы өзеннің арғы бетіндегі Бобров ал.
—»—	7	12	14	Грачевский ф. тұсындағы тоғай мен Қасаболат ал.
—»—	8	10	8	Бийск округінің Локтев заводындағы Ұзынағаш ал.
Ақтас	9	28	21	Бийск округі, Колыван б. Новая д.
Құрман	14	37	24	Семей тұсындағы өзеннің арғы бетіндегі Бобров ал.
—»—	18	42	35	Доланға қарсы Сабан алқабындағы тоғай
Құрман	7	18	9	Известковый өзеніндегі 6 к. п.
—»—	11	30	23	Грачевский ф.
—»—	9	19	13	6 к. п., Подпуска ф.
—»—	22	51	39	Бийск округі, Локтев заводының маңы; Ұзынағаш ал.
—»—	4	16	10	Бийск округі, Змеиногор б., Кульков д.
Қаратаз	3	7	5	Семей қаласына жақын Татар слободкасы.
—»—	6	13	10	Белокаменск ф. тұсындағы тоғай, Қызылқамыс ал.
—»—	5	9	9	Грачевский ф: тұсындағы тоғай, Ұзынағаш ал.
—»—	19	49	40	6 к. п. Кривой ф. Подпускная өзені жағындағы тоғай, Ұялы ал.

1	2	3	4	5
—»—	3	4	6	Подстепной өзеніндегі 6 к. п.
—»—	4	13	11	Бийск округі, Змеев б., Половинкин д.
—»—	6	11	11	6 к. п., Грачевский ф., Сыбан ал.
—»—	2	7	4	Бийск округі, Змеев б., Куткова д.
—»—	11	25	16	7 к. п.
—»—	20	42	39	6 к. п., Подпускной ф.
—»—	16	13	30	6 к. п. Грачевский ф.
—»—	7	12	11	6 к. п., Подпускной ф., Подстепной р., Ямышев б.
—»—	22	32	32	Долан ф. тұсындағы тоғай, Көксерке ал.
				Жалдағар ал. болысы жанында

Барлық болыс 301 654 561

Терістаңбалы- Найман болысы Қожағұл	1	2	—	Семей қаласының Татар слободкасы.
Жаман- терістаңбалы	4	9	12	Семей қаласы маңындағы Бобров ал.
Төртқара	3	6	10	8 к. п., Семьяр ф.
—»—	1	1	3	Ямышев б., 6 к. п.
Қожағұл	3	10	9	8 к. п., . . . . . р. (?)
Жаман-	2	6	4	Бийск округі, Змеев б., Тостелиха д.
Қожағұл	1	3	2	Бийск округі, Змеев б., Трусов д.
—»—	1	2	3	Бийск округі, Оба б., Лосиха д.
Төртқара	2	6	4	8 к. п., Черыш д.
Қожағұл	1	2	2	Бийск округі, Змеев б., Каменка д.

Барлық болыс 19 47 49

Жуатай-Бура- Найман болысы Дүрбеуіл	2	4	4	Семей қаласы тұсындағы Татар слободасы.
Құдайқұл	1	3	3	Бийск округі, Крутоберезов б., Лосиха д.
Жуатай	3	3	5	Семей қаласы, Белокаменка өзені тұсындағы тоғай, 7 к. п.

1	2	3	4	5
Алтыбай	3	11	12	б. к. п., Семияр ф.
— а —	15	34	23	Сонда
Құдайқұл	4	9	8	Бийск округі, Колыван б.,
Алтыбай	1	6	2	Плоская д.
Ал барлық болыс	29	70	59	

Ескерту: ф.— форт, р.— редут, к. п.— казак полкі, д.— деревня, ал.— алқап, б.— бекітсе.

Колыван, Крутоберезов болыстары мен басқаларына) дейін жеткенінің өзінен-ақ байқауға болады.

Бекмұрзин мәліметтеріндегі рулық таңбалардың келтірілуі біз үшін аса маңызды. Бұл мәліметтер бойынша 1 шаңыраққа келетін жан санының орташа мөлшерін есептеп шығаруға және оны көшпелі қауымдар тұрғындарының санын есептегенде пайдалануға болады, өйткені көптеген мәліметтерде көшпелілердің шаңырақ саны ғана беріледі. Егер жоғарыда келтірілген санақты негізге алсақ, бір шаңыраққа орта есеппен 4—5 жаннан келеді.

Ведомость бойынша 1866 жылы Көкпекті округінде 27196 еркек пен 23 561 әйел, барлығы 50 757 адам болған. Егер оларға округтен тыс жерлерде көшіп жүргендер санын қоссақ, түрлі рулар мен аталарындағы наймандар саны 52 206 адам дейміз.

Нақ сол ведомоста 1860 жылы Аягөз деп аты өзгертілген Сергиополь округі бойынша да деректер келтірілген. Сергиополь округінде 44 664 қазақ (24 622 еркек және 20002 әйел) болған.

Қапал округінің солтүстік-шығыс жағында орналасқан Матай руы туралы статистикалық мәліметтер жоқ. Бірақ жинақтап жасаған жазбалар бойынша, оларда 10 болыс, әр болыста 1000 қаралы шаңырақ болған. Егер 1 шаңырақта 4—5 жаннан бар деп алсақ, әр болыста шамамен 4 500 адам, ал 10 болыста Матай руынан 45000 адам болған. XIX ғасырдың аяғындағы санақ деректері бойынша, Қапал уезінде 127 774 қазақ тұрған. Сондықтан матайлардың біз есептеп шығарған санын уезд тұрғындарының жалпы санында ескеруге болады.

Облыстық басқару жүйесіне көшкен кезде (1891) наймандар Шығыс Қазақстанның негізгі халқы болған. Лепсі округінің негізгі халқы наймандар мен оның рула-

рынан құралды: қаракерейлер — 163 қауым, садырлар — 49 қауым, Төртұл мен Матай 30 қауым болды.

Қаракерейлер Аягөз өзені мен оның көптеген салаларының (Айғыз, Балтақора, Қурайлы т. б.) Үржар, Қаракөл, Қусақ, Қатынсу, Егінсу өзендері мен басқаларының бойын және Балқаштың шығыс жағалауынан Тарбағатай мен Жоңғар Алатауының баурайларына дейінгі кең даланы қыстаған.

Төртұл руы Жалаңаш, Теректі өзендері аралығында Қотыртас баурайында, Тоқты тауында, Алтыбай, Бұлақбай, Ескөл алқабында және уездің оңтүстік-шығысындағы басқа да жерлерде көшіп жүрген.

Төртұл мен Матай рулары уездің шығыс шекарасында — Қарақоға, Жантезен, Туматай, Ұзынағаш алқабында т. б. жерлерде қыстаған.

Басқа тайпалардан Аягөз бен Нарын бойында бірнеше қауым көшіп жүрген.

Уезде барлығы 156 107 қазақ болған.

Матай руы Қапал уезі шегінде: уездің солтүстік-шығыс бөлігінде — Сарқан өзені бойында, Сайынбұлақ тауында, Ақсу, Бүйен, Қызылағаш өзендерінде, Үшкөл, Қасқалдақ деген және басқа көлдер төңірегінде көшіп жүрген.

Абақ керейлер мекендеген оңтүстік-шығыс бөлігін (Сауыр тауын, Қобда, Қырын, Кендірлік өзендерінің аңғарын) қоспағанда, Зайсан уезінің бүкіл аумағын наймандардың қаракерей және төртұл руларының қыстаулары мен жайлаулары алып жатты.

Зайсан уезі Аягөз сыртқы округінің оңтүстік-шығыс бөлігінен (Ертістің сол жағалауы, Зайсан ойпатының оңтүстік бөлігі мен Сауыр жотасы) және Семей ішкі округінің шығыс бөлігі жерінен (Ертістің оң жағалауы, Марқакөл көлі және Алтай бөктері) құрылды.

Төртұл руының Тоқан және Тоғыз деген екі атасы (Зекесте) Қара Ертіс аңғарындағы даланы алып жатқан бір Қара Ертіс болысы болды. Бұл болыс 9 старшынан құралды, олардың біреуі Қара Ертістің оң жағалауына, ал қалған сегізі осы өзеннің сол жағалауындағы далаға орналасқан еді. Төртұл руының оңтүстік шекарасы Зайсан бекетіне дейін жетіп, шығыс жағы Алтай жотасына ұласып жатқан. Төртұл руының қазақтары 7761 адамы бар 1373 шаруашылыққа біріккен. Олардың қыстаулары Қара Ертіс пен оның Қорған және Ақарал деген салаларының жағалауына, Қаратал, Сарыбұлақ өзендерінің аңғарына, Қарабұлақ, Жемей, Зайсан алқабына, Кендірлік

өзеніндегі Кокжота, Шеңгелді, Маңырақтау, Қабыргатал, Кеңарал деген жерлерге, Бозайғыр, Құмтөбе құмдарына орналасқан болатын. Жаздығүні олар Күршім өзені мен Марқакөлге дейін көшіп барып жүрді.

Жердің қалған басым бөлігін қаракерейдің Байжігіт, Ақнайман, Қожамбет және Мұрын деген тармақтары иеленді. Қаракерейлер 15 болыс болып, 83 808 адамы бар 20 358 шаруашылыққа біріккен.

Уездің Марқакөл мен Қалжыр өзенінің Қара Ертіске дейінгі аңғарын қамтып жатқан шығыс бөлігі Қожамбет тармағының (3-кесте) иелігіне қараған. Олар 5571 адамы бар 1327 шаруашылыққа біріккен. Қожамбеттер 8 старшын болып, Марқакөл төңірегіне, Қалжыр өзені мен оның салалары аңғарындағы Қарғын, Қураймалды, Жарқұдық, Қарашілік, Сарқұдық, Үштерек, Батпақ, Қаршыға деген жерлерге, Алқабек және Қарой өзендері бойына, қазіргі Горный төңірегіне орналасқан. Олардың жазғы жайылымдары Марқакөл маңындағы: Мыңбұлақ, Теректі, Сартау, Жиренбайтал, Қуыс, Бесқарағай, Көкбұқа, Зортабан, Жаңғыз Қарағай деген жерлерде болған. Ақнаймандар (3-кесте) Қожамбеттерден батысқа таман Күршім өзені, Зайсан көлі және Қалғұты өзені аралығында қоныстанған. Олардың қыстаулары — Теректібұлақ, Шитүбек, Тоқбура, жайлаулары — Танаш, Қарлығаш, Күйік деген т. б. жерлерде болған. Ақнаймандар Майтерек болысына бірігіп, оған 6759 адамы бар 1423 шаруашылық енген.

Уезд аумағының батысында — Аягөз өзенінен шығысында — Қара Ертіс өзеніне дейінгі және солтүстігінде Көкпекті өзенінен оңтүстігінде Тарбағатай жотасына дейінгі жартысынан астам жерін Байжігіт тармағы (3-кесте) қоныстанған.

Ұрпақтап ұрпаққа ауысып келе жатқан аңыздарда Байжігіт тармағы өз арасынан Қабанбай батыр мен Дәулетбай батыр сияқты атақты адамдардың шығуы себепті наймандар арасында ең құрметті деп саналып келеді. Бұрынғы барлық салтанаттарда ең құрметті тағамның байжігіттер өкілдеріне тартылып келгені тегін емес.

Байжігіттер төмендегі жерлер мен солардағы болыстарды мекендеген: Тарбағатай жотасы мен Маңырақ тауы арасындағы беткейлері Шілікті болысына қараған. Ол халқы 6557 адам болатын 1531 шаруашылықты біріктірген. Қыстайтын жерлері: Қараөгіз, Шорғы, Манас, Болатсу, Қарашақ т. б. Жайлаулары негізінен Терісаққан өзені бойында (Қотанасы, Сартай жоны, Малкөктем деген жер-

лерде), Тарбағатай тауында (Кеңадыр, Саңрақтас, Ақжалағы, Малкөктем т. б. жерлерде) орналасқан.

Терісайырық болысы Шілікті аңғарының бір бөлігін, Жетіарал өзеніне құятын Қандысу және Терісаққан өзендері аралығындағы даланы алып жатқан. Онда 4415 адамы бар 1033 шаруашылық болған.

Қыстайтын жерлері: Терісайырық, Болатсу, Кішкентай, Шаты, Ырғайлы, Маңырақ, Ақжар өзендері бойында, Жақсы Арғанаты, Жаман Арғанаты тауларында. Жазғы жайылымдары қыстауларына жақын — 15—20 шақырым жерге орналасқан.

Маңырақ тауы мен оның айналасындағы жерлерді алып жатқан Маңырақ болысы 5665 адамы бар 1263 шаруашылықты біріктірген. Аңызға қарағанда, осы таудың маңындағы жайлауға қора-қора қой әкелініп, маңыраған дауыстары үздіксіз естіле берген де, таудың аты содан шыққан. Қыстаулары Маңырақ баурайында (Қарақойын, Айтқанжол, Қойбас, Құршат, Құсту, Қызылқайың деген жерлерде) болған. Жазғы жайылымдары қыстауларынан алыс емес.

Зайсан уезінің солтүстігінде — Ертіс, Көкпекті өзендерінің оңтүстігінде — Тарбағатай жотасына дейінгі батыс бөлігі Қыржы мен Мұрын тармақтарының (3-кесте) иелігіне қараған. Қыржы, Мұрын деген ру аттары рубасы әйелдерінің есімдерінен шыққан. Бұл матрилиндждер ертедегі матриархат дәуірінен қалған.

Қыржы тармағының саны аз болған да, Мұрыннан тараған Қыдыр атасының қауымдарымен бір — Лаба болысына біріккен. Басқа бес болысты Мұрын ұрпақтары: Тоғас болысын — Қыдыр, Мұрас аталары, Нарын болысын — Назар атасы, Көкпекті болысын — Құттымбет атасы, Қарабұға болысын — Құттықадам және Базар болысын — Жанай аталары (3-кесте) мекендеген. Шежіре кестесінен көрініп отырғаныдай, болыстарға түрлі таксономиялық жіктердегі туыстар біріккен.

Мұрын болыстарының қыстаулары: Ертіс және Көкпекті өзендері мен Қарғыба, Базар, Бұғал, Аңғыр, Жіңішке, Батпақ өзендері бойында, ал жайлауы — көбінесе Тарбағатай, Мұрын, Сандықтас тауларында.

Мұрын руында 29 000 адамы бар 8000 шаруашылық, Қыржы руында 4600 адамы бар 1328 шаруашылық болған.

Наймандардың иеліктері одан әрі солтүстікке қарай, Оңтүстік Алтай жоталарын — шығысында Марқакөл жа-

ғасын, Күршім және Нарын жоталарын, одан әрі Ертістен Қалба жотасына дейінгі жерді алып жатқан Өскемен уезінің шегіне дейін созылып, солтүстік-батысында Үлбі мен Жайма өзендеріне тіреледі.

Уездің 11 болысында 15 823 шаруашылыққа біріккен халқы бар 80 старшыл болған. Оның ішінде 146 шаруашылық — керейлер де, 68 шаруашылық — уақтар. Шаруашылықтардың қалған басым көпшілігі найманның Бура Көкжарлы, Қаратай, Терістаңбалы және Матай руларының шаруашылықтары. Қаратай руының қауымдары (3-кесте) Нарын, Бұқтырма өзендерінің бойын қоныстанып, бір Шыңғыстай болысына біріккен. Олармен іргелес Ертіс, Күршім, Жіңішке, Бөкен өзендерінің және одан әрі Қызылсу өзенінің бойында сегіз болыстан тұратын Көкжарлы (3-кесте) руының қауымдары мекендеген. Қалба тауының беткейлерін — бір болысқа біріккен Матай, Терістаңбалы рулары, Қызылсу өзенінің бойында және одан шығысқа қарай шаруашылықтары екі болыс болған Бура руы (3-кесте) мекендеген.

Ресей отаршылары Ертіс бойына қоныс тебе отырып, отарлау үрдісін одан әрі жүргізіп, Өскемен мен Зайсан уезі халқының әр жерге қоныс аудара беруіне көп жағынан мәжбүр етті. Олар отаршылар Бөкен, Күршім, Бұқтырма өзендері бойынан Ертіс шебінің «үзінділері» дейтінді жасады. Пайда болған мекендер (Бөкен, Батинск, Берел, Березовка, Катонқарағай, Солдатово т. б.) қазақ қауымдарынан жерді одан әрі тартып ала берді. Мұны Шыңғыстай болысы наймандарының мысалдарынан байқауға болады. Наймандар 200 жыл бойы Бұқтырма өзенінің екі жағалауын, ал жаздығүні Шабанбай (Бұқтырманың сол жағалауында) және Тарбағатай жайлауларын қоныстанып келген. 1867 жылдан бастап Бұқтырма өзенінің сол жағалауына орыс поселкелері құрыла бастады да, сол кезде 1830 шаруашылығы болған Қаратай руының қауымдарын қыстауларынан айырды. Шабанбай тауы Ұлы мәртебелі Кабинетінің иелігіндегі жерге көшті. Бірнеше жылдан кейін орыс қоныстанушылары Бұқтырма өзенінің оң жағалауына да ірге тебе бастады. Болыс қазақтарына Тарбағатай баурайынан жайылымның тар өңірі ғана қалдырылды. Осынша шектелген жерде малын да, өзін де асырауға мүмкіндігі болмаған қаратайлар әр жаққа босып кетті: бір бөлігі бөлініп Бийск округінің 2-ші Шуя болысына, Змеиногор уезінің шаруа селоларына, Қытай жағына кетіп қалды, ал қалғандары бір кезде өз иеліктерінде болған Шабанбай тауы мен Бұқтырма өзені бойынан



учаскелер жалдан ала бастады. Шыңғыстай қазақтары түрлі учаскелерді жалға алғаны үшін 10 000 сом, земство алымы мен жеке міндеткерлікке 15 000 сом, барлығы 25 000 сом төледі. Қазақтардың қайыршылық жағдайы орыс шенеуніктерінің өзі де алаңдатты, өйткені көшпелілердің Қытайға, басқа да жерлерге көшіп кетуі мен жаппай кедейленуі қазыпаға түсетін түсімді азайтатын еді. «Жүнімен қоса терісін де сыпырып алмау» принципін ұстаған орыс әкімшілігі ұзақ жылдарға созылған айтыстартастан немесе жай бастартулардан кейін Шабанбай мен Үкен, Қалғұты, Жазатыр өзендері бойындағы бірнеше алашты қазақтардың пайдалануына қалдыруға, жал ақысын жойып, түтін салығын ғана алуға шешім қабылдады. Бірақ бұл көшпелілерді жайғастыруды шеше алмады. 1907 жылы Шыңғыстай болысы қазақтарының бір бөлігі Қарқаралы уезіне көшірілетін болып ұйғарылды. Семей облыстық басқармасы өз қаулысымен (1910 жылғы 10-сәуір) Шыңғыстай болысы шебіндегі Бұқтырма және Нарын өзендерінің бас жағынан қоныстану учаскелерін құру мүмкін емес деп тапты.

Қазақ қауымдарының ХІХ ғасырдың 60-жылдарынан ХХ ғасырдың басына дейін ауа бастағаны байқалады. Бақты әскер бастығының рапортында (2.11.1878) Қаратай руының екі болысы Алтайдан Қытай жеріне қашып көшкені жайында айтылған.

1901 жылдың ақпан айында Зайсан уезі Шілікті болысындағы Байжігіт руы қазақтарының 200 жылқысы мен 1300 қойы аштан қырылып, адамдары қайыршылық жағдайға ұшырады. 590 шаңырақ болатын Байжігіт старшындары өздерінің Қытайдың хэбей-амбанынан 1901 жылдың 20-наурызынан 1-қазанына дейін Қытай шегінде көшіп жүруін сұрап, оған рұқсат алды, әрине, ақы төлейтін еді.

Жетісу облысы әскери губернаторының Құлжа істері жөніндегі кеңесінің мәліметтері бойынша жасалған төмендегі кестеден Қытай шегіне көшіп кеткен кейбір қазақ руларын білуге болады.

1881 жылы Ресей мен Қытай арасында осы мемлекеттердің шекарасы белгілепген шартқа қол қойылғаннан кейін Құлжа өлкесі халқының бір бөлігін (қазақтар, ұйғырлар мен дүнгендерді) Ресей аймағына қоныстандыру туралы мәселе туды. Сол жылы орыс үкіметінің Құлжаны Қытайға беру жөніндегі өкілетті комиссары генерал-майор Фриченің атына 9 болыс (Байжігіт, Қызай және Тәңірберлі) өтініш жазып, өз болыстарындағы 1595 шаңырақтың көшіп баруы үшін Жетісудан жер бөлуді сұраған.

1877 жылғы деректер бойынша Құлжа ауданы  
Солтүстік учаскесінің қазақ болыстары

Болыс	Жылдар бойынша шаңырақ саны	
	1876	1877
Суан	1903	2046
Байжігіт	1213	1297
Қызай	1598	1586
Жиыпы:	4714	4929

Қазақтарды көшіру көптеген жылға созылды, бірақ Қытайға қараған жерде қалып қойғандары да көп болды.

Қалжыр болысы 1885 жылы Қытаймен шекара белгіленген кезде құрылған. Оған кірген Қожамбет руының 1003 шаңырағы мынадай бірнеше аталарға бөлінеді: Мысқал — 286 шаңырақ, Атақозы — 286 шаңырақ, Егізқара — 265 шаңырақ, Жарболды — 166 шаңырақ (3-кесте). Болыста 3563 адам болған.

Бірақ Ресей мен Қытай арасындағы шартқа қол қойылғаннан кейін де бәз-баяғы себеппен — жайылым мен шөптің жеткіліксіздігінен көшіп кету жалғаса берді. Мысалы, 1895 жылы Қытай жағына Қара Ертіс болысынан — 107 шаңырақ көшіп кеткен.

Бура руының Өскемен уезінің солтүстік-шығысындағы Қызылсу өзені аңғарына қоныстанғаны жоғарыда айтылды. Бұл рудың одан әрі Семей уезінің шегінде де: Шар өзенінің бас жағында, Көкпекті тауының солтүстік беткейінде, Шаған өзені бойында, Арқалық және Едірей тауларының Түндік өзеніне дейінгі төңірегінде қоныстары болған. Бұл жерлерде көшіп жүрген аталар рубасы Бураның 12-ұрпағы еді.

Наймандардың 215 шаңырағы Белағаш даласында, жекелеген топтары (терістаңбалылар) Кононер поселкесі мен Стеклый поселкесінің (ергенекті наймандар) жерінде де тұрған. Семей уезінің жерінде наймандардың барлығы 7194 шаруашылығы болған.

Қазақстанның Шығысындағы ең солтүстікте тұрған наймандар — Павлодар уезінің Чернояр және Григорьев поселкелері тұсындағы Ертістің сол жағалауын мекендеген наймандар еді. Оларда 2189 адамы бар 354 шаңырақ болған.

Наймандар қоныстанған екінші бір үлкен аймақ: Шу

өзенінен солтүстігінде Сарысу өзеніне құятын Сарыкөңгір және Қаракөңгір өзендерінің бас жағы мен осы өзендердің аңғарынан — Аймысық, Шадралы тауларына дейін созылып жатты.

Қазақ даласының орталық бөлігінің осы кеңістігінде наймандардың ең саны көп Бағаналы, Балталы деген екі руы көшіп жүрген.

XVIII ғасырдың аяғы — XIX ғасырдың басында Есілдің арғы бетіндегі дала көптеген рулардың, соның ішінде оңтүстіктен, Сырдария жағалауынан келген наймандардың да жазғы жайлаулары болған. Олар саны көп Бағаналы, Балталы руларына бөлінген (3-кесте).

Даланың оңтүстік бөлігі мен Сырдария бойын мекендеген Кіші жүз руларымен бағаналылар жайылым жер, қыстақтық мекендер үшін жиі жанжалдасқан.

XIX ғасырдың 30-жылдарынан бастап Сырдарияның бүкіл дерлік оң жағалауы Қоқанның қолына түсіп, Найман, Арғын, Уақ тайпалары алыс солтүстікке ығыстырылып тасталған. 1842 жылы 500 шаңырақ бағаналылар Шу өзені мен Қаратау алқабынан Көкшетау округіне көшіп барып, приказға өздерін бодандыққа қабылдауын, сөйтіп өздерінен дербес болыс құруға, қыстау үшін жер бөлуге өтініш жасаған. Олар дербес болысқа бөлінген жоқ, Қарабала-Төртқара-Сарғалдақ болысына қосылды.

Қарқаралы, Ақмола, Құсмұрын, Баянауыл округтері мен басқа округтердегі Арғын, Қыпшақ, Керей тайпаларының көптеген рулары Кенесары Қасымовтың көтерілісіне белсене қатысты. Бағаналыларға келетін болсақ, бұл көтеріліске олардың Қарақоңыз өзені мен Сарысудың төменгі ағысында қыстап, жаздыгүні Есіл өзені бойына келіп жүрген азын-аулақ қауымдары ғана қосылды.

Көтеріліс жеңіліске ұшыраған соң Есілдің арғы бетіндегі көп қазақпен қоса наймандар да оңтүстік пен шығысқа көшіп бара бастаған. Бағаналылар соғыста қаңырап қалған Ұлытау, Кішітау баурайларына қоныс тепті.

1859 жылға дейін бағаналылар Орынбор ведомствосына бағынып келген болатын, ал оңтүстік пен шығысқа қарай алыстап, одан барған сайын ұзай бергендіктен, сол жылы олар Сібір ведомствосына ауыстырылған еді. 1867—1868 жылдарда Сырдария және Ақмола облыстары құрылған кезде бағаналылар Сарысу өзені Саумалкөл мен Телікөл көлдеріне 150 шақырымнан астам жетпей, оңтүстікке қарай күрт бұрылатын Қоғалыжар деген алқабына дейін жеткен. Бағаналы және Балталы рулары Ақмола облысындағы Атбасар уезінің құрамына енді.

Сырдария облысы әскери губернаторының 1894 жылғы 25-қазапта Түркістан генерал-губернаторының атына жолдаған хатында былай делінген: «Ұлытаудың солтүстік беткейі мен Есіл маңы даласын (Арғын болыстарының жерінде) жайлай отырып, бағаналылар ерте дегенде алпысыншы жылдарда оңтүстіктегі тамалардың, қыпшақтардың, жаппастардың, бақтиярлардың және Шу маңы мен Сырдария маңындағы қырғыздардың басқа да руларының жайлайтын жерлерін өздеріне қыстау ете бастады».

Бағаналылар оңтүстікке қарай 26 жыл бойы бет алып, Ұлытаудың оңтүстік беткейіне, Сарысудың орта және төменгі ағысына, Мойынқұмға, Жетіқоңыр алқабына, Шу өзенінің оң жағалауы мен көлдер маңындағы жазираларға (оазистер) орын тапты. Сол жерлерден Сырдария бойының тоғайларына, сондай-ақ Қаратауға барды. Бағаналылар қыпшақтардан — көлдер аймағын, тамалардан — Жетіқоңыр алқабын тартып алғанға дейін Шу, Сырдария өңірі қазақтарынан көп қарсылық көрген жоқ.

Бағаналылардың 6000 шаңырағы солтүстік ендіктегі 44° пен 53° аралығын, яғни 200 000 шаршы шақырым жерге қоныстанды, соның 1/7 бөлігін ғана оңтүстік қазақтарына қайтарып беру қажет болып, бағаналылар соған қарсылық көрсетті. Ол былай тұрсын, қыс кезінде бағаналылардың 1000 шаңырағы — Перовск уезінің, ал 500 шаңырағы Шымкент уезінің шегіне кетіп қалған. Бағаналылар Перовск мен Жүлекке жақын Телікөл-тат алқабында тұрақты мекендейді.

Ерте көктемде бағаналылардың 5000 шаңырағы Есіл өңірі даласына кетіп, онда Арғын болыстарымен бірге көшіп жүреді. Қалған мың шаңырағы Атбасардан Сырдария өзеніне дейінгі жерде ұсақ топтар болып көшіп жүреді. Бағаналылар күзге қарай Есіл даласынан кетіп, қыстап шығу үшін Ұлытаудың солтүстік-шығыс беткейлеріне орналасады, бір бөлігі (150-ге дейін шаңырақ) одан әрі оңтүстікке қарай бет алып, Сарысудың төменгі ағысы мен көлдер аймағына тоқтайды да, сол жерден кейбір қауымдар қыс кезінде Перовск мен Жүлек арасындағы Сырдария жағасының тоғайларына көшіп барады. Сөйтіп, оның екі жағалауына орнығып, тіпті Қызылқұмға дейін жетеді, ал кейбір қауымдар Шу өңірі даласын және Қаратаудың батыс баурайына жақын жерлерді қыстап қалады.

Сарысу өзенінің батыс жағына, оның Жезді, Қаракеңгір және Сарыкөңгір салаларына наймандардың басқа бір руы — балталылар қоныстанды.

Бағаналы, Балталы руларының кейбір қауымдары осы рулардың негізгі көпшілігінен бөлініп, Есіл бойында: Тас-өткел, Тассуат, Күркетал, Шолақсай, Жарқайың, Кебіс-қалған, Бұлақ т. б. жерлерде тұрған. Жаздыгүні Қарағай-лықөл, Ерденкөл, Жоңжиек көлдеріне, Қарамұрт, Қызыл-су өзендеріне, Шолақталдық, Тоқпан (құдық) деген жерлерге, Қойтас өзеніне, т. б. барып жайлаған.

Егер біздің рулық схемаларымызға қарайтын болсақ, Қазақ даласының орталық бөлігіне Бағаналының мына тармақтары қоныстанған: Ақтаз (Бодан, Тіней, Сейіт аталары — 3-кесте), Қызылтаз (Байназар, Қожас аталары мен оның ұрпақтары — Кебеке, Жұртшы, Қоқан, Жырық), Шегедік (Шоштан және Бесбала аталары), Шегелік (Сарғалдақ, Сары, Қарабала аталары). Балталы руынан Бегіс, Мардан (Қылыш, Таңатар аталары) тармақтары қоныстанған.

Осы рулардың арасында Терістаңбалы руының Төртқара тармағының азын-аулақ топтары мекен еткен (3-кесте: Терістаңбалы-Төртқара). Олар 700-дей шаруашылық болған.

Атбасар уезінде бағаналылардың барлығы — 7724, Балталы руының 142 шаруашылығы қоныстанған.

## ҚЫПШАҚ

Жоғарыда айтылғанындай, 1838 жылы Орынбор және Сібір ведомстволарының жерлері арасында межелі шеп белгіленді. Осы заң актісі бойынша қыпшақтардың басым көпшілігі Орынбор ведомствосының қарамағына енді.

1866 жылғы 17-қазандағы құжатта Шығыс бөлігінің шекарасы туралы былай деп хабарланған: «...шығыс жағынан Звериноголов станицасынан оңтүстікке қарай Сырдария шебімен Шу өзені төңірегіне дейін созылып жатқан Сібір қырғыздары облысы. Оңтүстігінен — Сырдария шебі, батысынан — облыстың Орта бөлігі, Ұя өзеніндегі Степная станицасынан, Маршенск станицасы, Тобылдың бас жағы, Ащысай және Ұлқияқ өзендері, Шалқартеңіз көлінің батыс шеті арқылы Сырдағы № 2 фортқа дейін. Солтүстігінен — Ұя өзені бойындағы Степная станицасынан Звериноголов станицасына дейінгі шеп бойымен Орынбор губерниясы».

Бұрынғы КСРО-ның Орталық мемлекеттік әскери-тарихи архивінде «Орта орда қырғыздары мекендейтін көшпелілер картасы» бар. Осы картаны түсіндірген жазбада Орынбор бастығына бағынатын қазақ руларының, соның

1843 жылғы деректер бойынша қыпшақтардың  
Орынбор ведомствосы жерінде орналасуы

Ру	саны		қоныстары	
	ауыл	шаңырақ	жазғы	қысқы
1	2	3	4	5
Қарабалық	1715	4743	Аргындармен шектес Тобыл өзенінің оң жағында, Тобыл және Шортанды көлдері арасында жатқан көлдерде, Жылқуар, Аят, Тоғыззақ өзендері бойында, сондай-ақ Ескі және Жаңа шептер аралығында.	Даладағы Усть-Уйск бекінісімен Жайылмаға, Ары тоғайына дейін, Шортанды, Жылқуар, Аят, Тоғыззақ, Құмсойған, Қарасан өзендері бойында, осы өзендер аралығында жатқан алқаптар, көлдер, ойпаттар бойымен Ескі және Жаңа шептерге дейін, осы линияларды бойлай Усть-Уйск және Варваринская станцияларынан «Наследник» бекінісіне дейін
Танабұғы	1065	4825	Қыс пен жазда қарабалық руы мекендейтін жерлерде	Сырдария бойында, Ақмешіттен жоғары Жүлек маңында, Түркістанға таяу дерлік, Жыланды өзені бойында және оның төңірегінде, салаларымен қоса Торғай өзенінде.
Көлденең	2240	10518		
Ұзын Торыайғыр	580	2822		
	800	4050	Сырдария өзені бойында, Қаратау маңында, Жыланды және салаларымен қоса Торғай өзендерінің бойында.	
Барлығы:	6400	26958		

ішінде қыпшақтардың Оралдың арғы жағындағы далада орналасуы туралы айтылған.

Орынбор қазақтары облысының Шығыс бөлігінде көшіп жүретін рулар мен аталардың тізімінде қыпшақтардың Қарабалық, Танабұғы, Көлденең, Ұзын, Торыайғыр

рулары айтылады. Тізімде келтірілген 12 атадан бізге біреуі — Алтыбас қана белгілі (4-кесте), ал қалғандары — Қыдыр, Көбік және басқалары біздің мәліметтерімізде жоқ. Олар қоныстандыру комиссиясының материалдарында да жоқ. Бұлар, тегінде, орыс шенеуніктеріне хабарланған ұсақ аталар болар (мүмкін, старшындар атауы шығар?).

Қыпшақтардың көптеген қауымдары Қазақстанның әр жерінде топтасып көшіп жүрген. Рулық белгісі бойынша құрылған мына Қыпшақ болыстары: Жалыбай қыпшақ (9 ауыл, 513 шаңырақ, 1799 адам), Сақал қыпшақ (12 ауыл, 718 шаңырақ, 2827 адам), Құлатай қыпшақ (8 ауыл, 511 шаңырақ, 1647 адам), Құлап-қыпшақ (9 ауыл, 550 шаңырақ), Айтқұл-Жәдік-қыпшақ (1 ауыл, 60 шаңырақ), Жолоба-қыпшақ (1 ауыл, 28 шаңырақ) Ерейментау ауданы мен Ақкөл көлі маңында қыстап, жазда Баянауыл төңірегіне кетіп жүрген. Болыстардың атауларында рулардың этнонимдері де (мысалы, Құлан), туыстық басталатын неғұрлым берідегі аталарының есімдері де (мысалы Жолоба) айтылады. Қыпшақтар жөніндегі қолда бар шежіреден белгілі бір эпонимнің туыстық жүйесінде алатын орнын анықтауға болады, өкініштісі, бәрін бірдей анықтау мүмкін емес (4-кесте). Жоғарыда аталған болыстардың бәрі Бұлтың және Құланқыпшақ деген екі руға жатқан және Ақмола сыртқы округінің приказына бағынған.

Қыпшақтардың көптеген қауымдары осы округке берілген, бірақ бос жайылымның болмауы салдарынан округтен тыс жерлерге, тіпті Қазақстаннан тыс жерлерге де көшіп кеткен. Бұл ең алдымен округтер құрылып, жайылымдар Ресей бодандығына бұрын кірген қауымдар арасында бөлініп қойғаннан кейін бодандыққа жаңадан кіргендерге қатысты.

Қыпшақтардың осы шет аймақтарда көшіп жүрген барлық аталары да Бұлтың руына жатады (4-кесте).

Құлынды даласында (Омбы ішкі округі) 5- және 6-казак полктерінің жерінде 516 шаңырақ Қыпшақ көшіп жүрген.

Қазақтардан жерді тартып алу және «...өңірден (10 шақырымдық — М. М.) қырғыздардың өздігінен кетуі үшін» олардың іргелі құрылыс тұрғызуына тыйым салу үрдісінің күшеюіне байланысты қауымдардың билеушілері шекара басқармасына өздеріне жер бөлу туралы өтініш жасайды. Осы мәселеге орай, хаттардың бірінде былай делінген: «олардың ата-бабасы (қыпшақтар) халқымен бірге

осыдан көп жыл бұрын Сілеті, Ерейментау, Көкой, Ақкол деген т. б. алқаптарды, ішінара Есілдің сол жағалауындағы шабындықтарды мекендеген... сыртқы округтер ашылған кезде қыпшақтардың көптеген шаруашылықтары барымтадан қауіптеніп, орыс бекіністері қорғайтын Ертіске қарай ішкі шепке көшіп кетті..., ал жоғарыда аталған жерлерді Қанжығалы және Керей қырғыздары иеленіп қалды...». Болыс басқарушылары Шекара басқармасынан бұрын өздеріне тиесілі болып келген жердің берілуін сұрайды.

Орыс әкімшілігі Ақмола округтік приказының аға сұлтаны Арыстан Құдаймендинге қыпшақтарды қанжығалылар мен керейлердің арасына орналастыруға нұсқау берген. Оған аға сұлтан мынадай жауап қайтарғанын көреміз: «Қуандық дистанциясынан басқа бос жер көрмей отырмын. Бұл жердің бір бөлігі Есілдің жоғарғы жағында, Ақмоладан 70 шақырым қашықтықта жатқан Ұршат көлімен қоса Қотырадыр, Аюлы, Нпяз, Қоянды, Теріқыстау, Балтақара алқабы, Шідерті өзенінің жоғарғы жағы, онда кемінде 500 шаңырақ сыя алады...». Шекара басқармасы мен Ақмола округтік приказының содан кейінгі хат-абар алысуына қарағанда, Сілеті өзеніне қыпшақтардың шағын бөлігі орналастырылған. Рубасыларына жаңадан келген қыпшақтарды «бірге қыстап шыққаны үшін» ешқандай ақы талап етпестен...» қабылдауға өкім берілді.

Көкшетау ішкі округінің қыпшақтары туралы ол кезеңнің мәліметтері жоқ, өйткені бұл тайпаның көптеген руы Орта жүздегі көтеріліс кезінде Кенесары Қасымовтың қосынында болған. ХІХ ғасырдың 40-жылдарында қыпшақтар бұрынғы мекендеріне қайта орала бастаған. 1841 жылы Ұзынқаз қыпшақтардың 245 шаңырағы бағаналылармен бірге көшіп жүрген өз тайпаластарына қосылған.

Құсмұрын округі шегінде керейлермен бірге Күрлеуіт руының 123 шаңырағы (406 адам) көшіп жүрген.

Қарабалық, Көлденең, Торыайғыр рулары мен Торылардың шағын топтары Қостанай уезіне қоныстандырылды. Қарабалық руының қауымдары сонымен бірге Тобыл өзенінің оң жағалауына және одан әрі қарай шығысында Ұя өзеніне солтүстігінен құятын Тоғызқак өзеніне дейін ірге тепті. Олар оңтүстікте Қамысыаят, Сынтасты өзендері мен Досайқопа, Тұмарлық көлдерінің бойын мекендеді. Олардың қыстаулары мен жайлаулары Жаркөл, Қынабайкөл, Тізгін, Қособа, Қарасор, Сайымбет, Үлкеннұрлы, Шұбаркөл, Үлкенқоскөл көлдерінің төңірегінде болды. Қарабалық руы сонымен қатар Алқакөл өзенінің солтүстік жа-



1849 жылы Ресей бодандығына кіріп, сыртқы округке қосылған қыпшақ руларының тізімі

Округ, болыс, ру, ата	саны		Қоныстары
	ауыл	шаңы- рақ	
1	2	3	4
Ақмола округі			
Қосайдар-қыпшақ болысы:			
Қосайдар атасы	1	36	Томск губ., Бийск округі, Подстепной станицасына жақыи.
Айтқұл-Жәдік →—	1	64	Омбы округінің Коряков ст. маңында.
Мәдияр →—	1	29	Айтқұл атасымен бірге.
Құлай →—	1	32	Омбы округінің Чернояр және Коряков ст. аралығында.
Қосайдар →—	1	98	Бийск округі, Қарасу және Бөрлі болыстарының деревняларында.
Мәдияр →—	1	18	
Жансара →—	1	16	Бийск округі, Ямышев бекінісінен 40 шақырым қашықтықта.
Қыпшақ болысы:			
Жолоба атасы	1	7	Бийск округі, Ямышев және Лебяжье ст. тұсындағы тоғайда.
Сақал →—	1	43	Омбы округі, 7-полктің Железница және Башмачной ст. аралығында, Ертіс бойында.
Қосайдар →—	1	9	Омбы округі, Татар ст. тұсындағы тұрғындық жағында.
Құлан-қыпшақ болысы:			
Құлан атасы	1	9	Ақмола округі, Тұншақты алқабында.
Сақал қыпшақ болысы:			
Сақал атасы	1	10	Ертіске қарай, Татар ст. тұсы, сыртқы жақта.
Мәдияр қыпшақ болысы:			
Мәдияр атасы	1	7	Атмасс ст. маңында.
Қыпшақ болысы:			
Құлатай атасы	1	8	Омбы округі, Татар ст. сыртқы жақта.
Барлығы:	14	446	

ғында Тобылдың оң жағалауына және осы Тобылдың солтүстікке бұрылатын жеріне дейін, Сарт, Тастымбике көлдері төдірегіне қоныстандырылды.

Торғай уезі аймағында Қарабалық руы Қара Торғай өзенінің сол жағалауын, Улы Жыланшық өзенінің бойын және осы өзен құятын Жақсы Ақкөл өзенінің шығыс жағалауын мекен етті.

Көлденең руы Қостанай уезі шегінде Ұя өзенінің Тобылға құятын жеріне дейінгі оң жағалауын, Тобылдың Қарақамыс көлінен солтүстігіндегі оң жағалауын және оңтүстікте Сасықкөлдің солтүстігінде мекендеді. Кейбір жерлерде бұл рудың көшіп-қонатын орындары Обаған өзеніне дейін жетті.

Торыайғыр руы Қостанайдың оңтүстігінде орналасты. Олар негізінен Тынымбике мен Сарт өзендерінің төдірегінде қоныстанды. Бұл — қыпшақтардың басқа руларына қарағанда адам саны аз ру болған.

Ұзын руының негізгі көпшілігі Торғай, Қараторғай өзендерінің аралығында Құмкешу және Қостөбе деген жерлерге дейін (Торғай уезі), сондай-ақ бірнеше қауымдары Құсмұрын өзенінің батысында (Қостанай уезі) тұрған.

Торы, Құланқыпшақ руларының негізгі көпшілігі Торғай уезі шегінде орналасты: торылар Қараторғайға құятын Сарыторғай өзенінің бойында, Сарыкеңгір мен Қаракеңгірдің бас жағында қыстады. Бұл рудың бірнеше қауымы Қостанай уезінде Арғын руларының қоныстары арасында тұрды. Құланқыпшақ руы Торғай өзеніне құятын Тасты, Қарынсалды өзендерінің бойын мекендеді.

Қыпшақтар оңтүстікте Сырдария өзенінің бойында: Сұлутөбе деген жерден шығысқа қарай Сырдарияның екі жағында және Жаңақорған ауданында (Перовск уезі) қыстады. Жаз кезінде олар Торғай даласының жайылымдарына және одан да солтүстікке — Тобыл, Обаған өзендеріне барып жайлаған.

Павлодардың Ертіс өңіріне ел XVIII ғасыр мен XX ғасырдың бас кезі аралығында қоныстанған, қыпшақтар мұнда XVIII ғасырдың ортасында келді. Олар Ертістің оң жағалауына Бобров форпостысының тұсы мен шығысында Жалаулы көліне дейін қоныстанды. Бұл Бұлтын руы мен оның Қосайдар, Сейтімбет, Ақпыш, Жолоба, Елетен, Айтқұл, Күрлеуіт, Қожамжар, Қосқұлақ, Жарымбет аталары (4-кесте) иеліктерінің оңтүстік шегі болатын. Осы шептен солтүстікке қарай қыпшақтардың қоныстары басталып, Қызылқақ көлін, ал солтүстігінде Омбы уезі шегінде —

Теке, Алабота көлдерін қамтыды, одан әрі солтүстік-шығысында Ертіске дейін жеткен. Павлодар, Омбы қыпшақтары аталған көлдердің төңірегін, сондай-ақ Қарасу өзенінің бойын, Табылсор, Жамантүз көлдерін қыстаған.

Чернояр және Песчаный поселкелері аралығындағы он шақырымдық өңір тұсындағы Ертіс жағалауына да едәуір қыпшақтар қоныстанды. Қыпшақтар 10 шақырымдық өңірден Ертістің шығысындағы Табылжан және Әжібұлақ көлдеріне қарай көшіп жүрген.

XX ғасырдың басында Павлодар уезінің жерінде қыпшақтардың 2962 шаруашылығы болған. Омбы уезіндегі жоғарыда аталған аймақ шегінде қыпшақтардың Шарлақ болысы болып, ондағы ауылдар саны 196-ға жеткен (1565 шаруашылық — 9829 адам).

20 жылдық кезең ішінде, XIX ғасырдың 30—50 жылдарында Ақмола даласында Орта жүз тайпаларының көшіп-қону үрдісі күшейе түсті. Бұл бірінші кезекте тайпалардың Кенесары көтерілісіне қатысушының салдарынан болған еді. Ақмола приказы аумағында өз мекенінен жаппай көшіп кетуі байқалды. Кенесары Қасымов Қазақстанның оңтүстігіне ауғаннан кейін көптеген рулар өз орындарына қайтып келе бастады. Бұл арада бір қауымдардың бұрын өздері кетіп қалған жерді қайтарып алу мақсатымен басқаларға күшпен қысым жасағанын, сондай-ақ өздерінің пайдалануына жақсы жайылымдар алуға ұмтылғанын атап өткен жөн. Ертіс өңірі қыпшақтары батысқа қарай бет алып, Ерейментау жайылымдарын пеленген.

Алайда, бұл жерлердің иелері — қанжығалылар оларды Сілеті, Дамса өзендері төңірегіндегі Ерейментаудан ығыстырып шығарды. Қыпшақтардың едәуір бөлігі Ақмоланың батыс жағына, Есіл, Дамса, Қалытон өзендерінің бойына орналасты. Қыпшақтардың бір бөлігі Ортаудан Арғып руларымен бірге Есіл жаққа кетті. Оған Бұлтың руының Құдас, Мәдияр, Қосайдар т. б. аталары, Қарабалық руының Кеңже, Майлыбай, Тілес аталары, Құланқыпшақ руының Қашқарбай, Есенгелді аталары қатысты.

Ақмола уезінде қыпшақтардың 189 ауылы болып, олар 1764 қожалықты біріктірген, бұл уездегі ауылдар (2503) мен қожалықтардың (18627) жалпы санына проценттік қатынасы 7,5 және 9,5% болды.

Қазақстанның солтүстік шет аймағы — Петропавл уезінде де қыпшақ қауымдары бар. Аңызда айтылуы бойынша, мұнда Торыайғыр және Бұлтың руларының аталары Теке көлі мен Сілеті өзенінен келіп, Уақ иеліктерімен қатар Жаңғыр, Биесойғап, Қойбағар көлдерінің төңі-

регiмен уездiң оңтүстiк-батыс бөлiгiндегi Есiл өзенiнiң бойына қоныстанған. Солтүстiк Қазақстан қыпшақтары 35 ауыл құрған (252 қожалық), мұның өзi уездегi қожалықтардың жалпы санына шаққанда барлығы 2,2% болды.

## КЕРЕЙ

Сырдария бойынан, Арал жағалауы мен Түркістан төңірегiнен жоңғарларды Қазақстан шегiнен қуып шығу кезеңiнде тайпалардың жалпы қоныс аударуымен бiрге керейлер шығыс пен солтүстiкке бет алған. Көштің бүкiл бойында кей жерлерде жақсы жайылымдар кездесiп, кей-бiр рулар соларға орын тепкен де, қалғандары iлгерi кеткен. Мысалы, Қосай, Бекназар аталары Шұбартау алқабында қалып, қалғандары Аягөз өзенiнен әрi асып, Семен бекiнiсi жағына қарай көшкен, сөйтiп оған шамамен екi күндiк жер (15 шақырымдай) жетпей, Үшқарауыл деген жерге тоқтаған. Ал онда әлi де жоңғарлар бекетi бар едi.

Халық аңыздарында жоңғарлардың қуып шығарылуы мен қазақ руларының шығысқа қарай қоныс аударуы Абылай хан серiктерiнiң бiрi Жәнiбек батырдың есiмiмен байланыстырылады. Жәнiбек батыр бастаған қазақ жауынгерлерi жоңғарларды барған сайын тықсыра қуып, ақырында оларды Маңырақ тауынан Қызылсу өзенiнiң арғы жағындағы Сауыр жотасы жүйесiне асырып жіберген. Сөйтiп, Керей рулары осы тауға қоныстанған. Сiргебаев Нұржақынның (1892 жылы туған) айтуына қарағанда, бұл жерлерге оның төртiншi атасы келген, демек, керейлер бұл жерлерге XVIII ғасырда келiп iрге тепкен.

К. Струве мен Г. Потанин былай деп жазған: жоңғарлар қуып шығарылғаннан кейiн «бұл жотаны (Сауыр — М. М.) қырғыздар (қазақтар) өте тез арада мекендеп алды. 1780 жылы бiз қырғыздарды Қабырғабазар өзенi бойынан кездестiреміз, олар — атап айтқанда, сол кезде Қожаберген бастаған және 1750 жылға дейiн Шарқұрбан өзенiнiң шығыс жағында көшiп жүрген керей руы... Қырғыздардың ең шығыс қоныстары Шарқұрбан, Бақанас өзендерiнiң бойында болған. Өткен ғасырдың ортасынан осы кезге дейiн қырғыздар Сауыр шебiне шектес Қанасқа дейiн жылжыған, бұл 300 шақырымдай болады».

Жамкенов Жұртыбай (1901 жылы туған) мен Сымтықов Бегалының (1904 жылы туған) деректерiне қарағанда, Маңырақ тауы мен оның төңірегiне абақ-керей тармағы және оның Қойлау, Байлау, Жәдiк, Жастабан, Меркiт деген рулары (5-кесте) қоныстанған.

Керейлер Маңырақ тауынан да солтүстікке көшкен. Олар азын-аулақ қауым болып Ұлан өзенінің бойында, Шыңғыстай тауында, Ертістің оң жағалауындағы Белағаш даласының Жалқарағай деген жерінде қыстап, жайлаған.

Керейлер сонымен бірге Ертістің батыс жағындағы Қызылтауда арғындармен шектес те тұрған.

Аңыздарға қарағанда, XVIII ғасырдың бас кезінде Ақмоладағы Есіл өңірінде Есенберді және Есенбақты (5-кесте) басқарған керейлер мекендеген. Олар жалпы рудың негізін салушы Ақсарының немерелері еді. Ағайындылар арасында дау туады да, үлкені Ертіске көшіп барып, өз қауымдарымен Кеңтүбек алқабына қоныстанады. Есенберді солтүстікте мөлдір көлдер мен жақсы жайылым барын есітіп, оның рас-өтірігін анықтау үшін шолғыншылар жібереді. Шолғыншыларға Үлкенқарой көлі ұнап, соған өз қазығын қағады, яғни, даладағы дәстүр бойынша, осы жерлерді өздеріне бекітіп алады. Кейін Есенберді тармағы нақ осы жерге келіп қыстаған да, жаздыгүні солтүстікке қарай көшіп жүрген.

XVIII ғасырдың бас кезінде Баянауыл тауы мен Ерейментаудан және XIX ғасырдың орта шенінде Қалмаққырған тауынан басқа керей рулары (аталары) да осы жерлерге келген. Кеңесары көтерілісі жылдарында кейбір Керей рулары Ақмоладағы Есіл өңірінен көшіп, Үлкенқарой, Теке көлдерінің төдірегіндегі жайылымдарға келіп қоныстанған.

Алайда керейлердің негізгі көпшілігі орталық және солтүстік Қазақстанды мекендеді. Ақмола даласына келгеннен кейін олар орманды тауларға, Сілеті өзені бойындағы ормандарға, оның жартасты жағаларына ірге тепті.

Кеңесары көтерілісі кезінде олардың бір бөлігі онымен бірге оңтүстікке, ал басқа бір бөлігі солтүстіктегі орыс бекіністеріне қарай кеткен. Алайда бұл көтеріліс керейлердің Ақмола даласына, таулары мен жазығына қоныстауып тоқтатқан жоқ. Олардың қоныс аударуы өздерінің Ертіс өңірі жайылымдарынан, Омбы өңірі көлдерінен ығыстырылып шығарылуына байланысты ерекше күшейе түсті. Көшпенділердің шығыстан және солтүстік шығыстан қоныс аударуының жедел болғаны сонша, орыс пенеуніктері бұл кезеңді «керей кезеңі» деп атап кетті, өйткені сол кезде құрылған 81 қауымның ең көбі (32 қауым) керейлер қауымдары еді. Керейлердің бұлайша көтеріле кошуі өз руластарының санын көбейту есебінен өз биліктерін нығайтуға ұмтылған Құрсары руынан шыққан Нөкербек және Тұрлыбек Қошанов (5-кесте — Құрсарыдан

алтыншы буын) сұлтандардың есімдерімен байланыстырылады.

XIX ғасырдың 40-жылдарындағы мәліметтерге қарағанда, керейлер Ақмола, Аягөз, Қарқаралы, Көкпекті, Үшбұлақ және Амашқарағай сыртқы округтері мен Семей, Омбы ішкі округтерінің жеріне қоныстанған.

Осы болыстардың бәрі Ерейментаудың солтүстік беткейінде, Сілеті өзенінің бойында, одан әрі солтүстік-батыста Мамай, Итемген көлдеріне дейін көшіп жүрген. Болыстардың атауларында Ақсары және Құрсары (5-кесте) руларының аталарына ат берген есімдер (этнонимдер) бар.

1843 жылы Көкшетау приказынан Ақсары керейлердің 1 ауылы (15 шаңырақ) және Құрсары керейлердің 7 ауылы (167 шаңырақ), берілді. Бір ауылдан басқаларының бәрі Ертіс бойында: Ақсары керейлер — Семияр және Кривой станицаларының төңірегінде; Құрсары керейлер Осморыжская станицасына жақын Ертіс бойында, 7-ші казак полкінің, Бобров станицасының жерінде, Шарлақ және Айтмас станицаларының тұсында көшіп жүретін еді. Бұл жердің бәрі Омбы округтік приказының қарамағында болатын. Тек 1 ауыл ғана (11 шаңырақ) Ақмола округі шегіндегі Қын алқабын мекендеген.

Барлық болыстардың біреуі (4-ші) ғана Ақсары руының және оның Есенбақты атасының өкілдері (5-кесте) ал қалғандары Құрсары руының бірнеше ұрпақтары деңгейлерінен құралған.

Округтегі көшпенділер екі руға: Сибан және Ақсары рулары мен соңғысының Ақымбет, Әжі деген аталарына жатады (5-кесте).

Бұл рулардың өкілдері Көкпекті сыртқы округінде де қоныстанған. 1839 жылғы деректер бойынша, округте керейлердің мынадай екі болысы болған: Ақымбет-Керей — 170 ауыл (700 шаңырақ) — Делбегетай тауында қыстап, жаз кезінде Қызылсу өзеніне көшіп жүрген; 100 ауылдан (400 шаңырақ) тұратын Сибан-Керей болысы Доғалы және Көрке тауларында қыстап, жаз кезінде Қызылсу өзені бойындағы Арқат алқабын жайлаған.

Рубасыларынан түскен өтініштерге сәйкес, 40 жылдар бойы Керей аталары Көкпекті округінің құрамына қосылған. 1840 жылы Ақсары руының Әжі және Ақымбет деген екі атасы Ресей бодандығына кіріп, осы округке берілді. Олар 1623 адамы бар 6 ауыл (370 шаңырақ) құрамында Керей болысын құрған.

1849 жылы Сибан руының 83 шаңырағы Көкпекті округінің 28-ші болысына (19-кестені қараңыз) қосылып,

1844 жылғы деректер бойынша сыртқы округтерде болған керей болыстарының саны туралы ведомость

Округ	№	болыстар	саны				
			ауыл	шаңырақ	еркектер	әйелдер	екеуі
1	2	3	4	5	6	7	8
Ақмола	3	Есенбақты-Керей	11	819	1504	1420	2924
	4	Төлеке-Құрсары-Керей	8	417	746	712	1458
	5	Бурас-Құрман-Құрсары-Керей	11	802	1441	1381	2822
	6	Боқтыбай-Малай-Сақал-Құрсары-Керей	11	588	1090	999	2089
	7	Дуадақ-Төбет-Құрсары-Керей	4	304	565	539	1104
		Барлығы	45	2940	5346	5051	10397

жаңадан Ақымбет-Сибан-Керей болысы болып құрылған. Алайда көшіп-қонатын жерлері мен жайылымдары бұрынғысынша округ жерінен, тіпті Қазақстан шегінен тыс болып қала берген. Олар Бийск округі, Колыван болысының Гилев, Карнов және Трусов деревняларының төңірегінде болды.

Көкпекті округіне қосылған 76 шаңырақтан тұратын бір ауыл Белағаш даласындағы, Ертіс өзенінен шығысқа қарай жатқан Қараөзек алқабында Локтев заводы маңында көшіп жүрген.

Қарқаралы округінде 10 ауылдан тұратын бір Керей болысы мекендеген, оның құрамында 4960 адамы бар 1143 шаңырақ болған.

Қарқаралы керейлерінің қыстаулары Шоқмантас, Құсмұрын, Аршалы, Көкшетау, Тұлпар және т. б. өзендер бойындағы көптеген аңғарларға орналасқан. Жаздыгүні Дегенделді өзенінің бойына, Талдың бас жағына көшкен.

Бұл округте түрлі таксономиялық жіктердің қауымдары мекендеген. Егер Сибан, Көшебе мен Балта бір этнонимнен (Танаш) тараған бір деңгейдегі ағайындылар

1840 жылғы деректер бойынша керейлердің  
Үшбұлақ сыртқы округінің жерінде орналасуы

Болыс	саны		Қоныстары
	ауыл	шаңырақ	
1	2	3	4
1. Бектібай-Малай-Құрсары-Керей	11	558	Теміркөл және Қарабалық алқабы, Приказдың шығыс жағында 100 шақырым.
2. Төлеке-Құрсары-Керей	8	396	Алқакөл, Жарлықкөл алқабы маңында, Приказдың солтүстік-шығыс жағында 250 шақырым.
3. Дуадақ-Төбет-Құрсары-Керей	4	262	Николаев бекінісінің маңы, Приказдың солтүстік-шығыс жағында 210 шақырым.
4. Есенбақты-Керей	11	643	Баймырза-қоныс алқабында, Приказдан 60 шақырым.
5. Бурас-Құрман-Жанбике-Құрсары-Керей	12	648	Талдытеке алқабында, Приказдан 150 шақырым.
	46	2507	

болса, Самай мен Матақай — жоғарыда аталғандардың бауыры Тарышының шөберелері, яғни олардың таксономиялық жіктері негізгі рулық жіктерден үшінші ұрпақ (5-кесте). Мұның өзі рулардың өсу, олардың бөлшектену, жаңа топтарға бірігу процесі және туыстықтың жаңа эпонимінен (мысалы, Самай мен Матақайдан) есептеле бастауы қазақтың рулық-тайпалық құрылымы жүйесінде әлі де жүріп жатқанын тағы да дәлелдейді.

1844 жылы Аманқарағай округі негізінде Құсмұрын сыртқы округі құрылды.

Егер соңғы екі кестеде келтірілген мәліметтерді салыстыратын болсақ, 11 жыл ішінде үш болыс, 582 шаңырақ кемін кеткен. Бұл жайылымның жетіспеуі салдарынап болған, яки отаршылар кейбір руларды жаңа жайылым іздеп, округтен тыс жерлерге көшіп кетуге мәжбүр етті. Орынбор шекара комиссиясының мәліметтерінде дәл сол



1841 жылғы деректер бойынша керейлердің Аягөз  
ішкі округі жерінде орналасуы

Болыстар	Қыстаулары	Жайлаулары
1	2	3
8-Сибан	Алтын, Қандығатай, Адыр таулары мен басқаларында, Жарлы, Төрейырық өзендерінде, Қарашоқы, Қаражал таулары мен басқаларында, Сарыбұлақ өзенінде, Балта, Тарақ және Құлгұты тауларында, Приказдан 70—120 шақырым.	Жаздың алғашқы аяларында оңтүстікке қарай, сонан соң шығысқа қарай Аягөз, Балтағора өзендерінің бойына, Сарытау тауына және нақ сол жерлермен кері қарай Балықкөлге, Көкпекті өзенінің бойына, Құсмұрын тауы арқылы Нарын өзені бойына, Қоңыршопті тауына көшеді.
9-Сибан	Шығыс-Борлі тауы маңында, Мұқыр және Тақыр өзендері бойында, Аягөз, Құндыз, Қызғатай өзендері бойында, Приказдан 50—125 шақырым.	Жаздың алғашқы айларында Аягөз өзенінің бойымен Қоңыржаулы тауына, содан соң батысқа қарай Нарын, Ащысу, Қаракөл өзендеріне және кері қарай көшеді.
14-Ақымбет	Қоңыржаулы тауы маңында және Қаражал тауынан 150 шақырым жердегі Қарғалы және Қарашоқыға дейінгі құмда, Балта, Тарақ, алқабында, Жарлы, Төрейырық, Қызылшелек өзендері мен т. б. бойында, Приказдан 60—150 шақырым.	Тарбағатай тауында, Түлкілі алқабында, Аягөз өзені бойында, Қайрақты алқабында, Балта тауында, Құнқоңыр, Ақшәулі алқабында және кері қарай.
26-Әжі-Керей	Жартас, Қосымбет және Арқат таулары маңында, Приказдан 160—280 шақырым.	Ақымбет болысымен бірге көшеді.
28-Ақымбет-Керей	Жартас, Құлымбет, Арқат тауларында, Приказдың солтүстік жағында 160—180 шақырым.	Шар, Ащысу өзендері бойымен солтүстік-шығысқа қарай, Балықкөл ауданында.

1851 жылғы ведомоста көрсетілмеген Балта және Көшебе рулары туралы айтылады да, олар енді Орынбор ведомствосының жерінде, оның Шығыс жағында көшіп жүреді делінген. Керейлердің Кенесары Қасымов көтерілісіне қатысқаны да ескермеуге болмайды, оның қосынында Аманқарағай округінің 2000 қазағы, оның ішінде керейлер де болған.

Қазақстан жерінде облыстардың құрылуына байланысты (1868, 1891 жылдардағы реформа) керейлердің ең

1840 жылғы деректер бойынша керейлердің  
Аманқарағай сыртқы округі жеріне орналасуы

Болыс	саны		жаздыгүні	қыстыгүні
	ауыл	шаңырақ		
1	2	3	4	5
Сибан-Керей	6	403	Тоғызайыр, Жаркөл, Шошқалы алқабы, т. б. арқылы Пресногорьков бекінісі шебіне қарай, Приказдан 200 шақырым.	Бүрлік өзені бойына, Нұрлыбас, Қабаңтас, Базарбас, Жиде алқабына, т. б. Приказдан 120 шақырым.
Балта-Керей (Көкшетау округінен қосылған)	4	246	Сибан-Керей болысымен бірге.	
Көшебе-Керей	10	573	Жасылбағар алқабы арқылы Кладбинск редуты шебіне қарай, Торыайыр, Мезгіл, Қойбағар алқабына қарай, Приказдан 200 шақырым.	Бақырған, Сарыөлеңті, т. б. алқаптарында Пресногорьков бекінісі тұсында, Приказдан 250 шақырым.
Еменәлі-Керей	11	700	Жалтыр, Қызылсу, Қалмақкөл алқабы, т. б. арқылы Кладбинск редуты шебіне сондай-ақ Мезгіл алқабындағы Пресногорьков бекінісіне қарай.	Шоққызыл, Аққұман, Майбалық, Қаратас, Қойдырағаш т. б. жерлерде, Приказдан 200—300 шақырым.
Самай-Керей	10	570	Становой бекінісі шебіне қарай Тоғызайыр, Жасылбағар алқаптарында, Есіл өзені бойында.	Үшқара, Қамшы, Майбалық алқаптарында, т. б., Приказдан 200—300 шақырым.
Матақай-Керей	21	700	Пресногорьков бекінісі шебіне қарай және Жасылбағар, Итраң, Қойнақ алқабында, т. б.	Обаған өзені бойындағы алқаптарда.

Барлығы: | 62 | 3192 |

көлемді жер алқаптары Ақмола облысының аумағында, одан азырағы Семей облысында болып шықты да, басқа облыстар құрамында жекелеген қауымдары болды.

Ақмола уезінде Құрсары руы шығысында Сілеті өзенінің бойында, одан әрі батысқа қарай Ащыкөл мен Қанжығалы көлдеріне дейінгі кең даланы мекендеген, ал мұның өзі рудың оңтүстіктегі шегі болған. Құрсарылардың иелігі сол жерлерден басталып, солтүстікте Итемген, Мамай көлдеріне дейін және ру иелігінің солтүстік шекарасы Ақсу өзеніне дейін созылып жатқан. Қыстаулары мен жайлауының арасы жақын, Мамай, Итемген, Ащыкөл (Құрсары иеліктерінің солтүстігі мен оңтүстігінде осындай атас көлдер бар), Қын, Шендікөл, Барлықөл көлдерінің төңірегінде, Ақсу, Тасмола. Ақсуат өзендерінің бойында, Қарабұлақ, Жалтыркөл, Қын, Қырыққұдық алқаптарында т. б. орналасқан.

Одан әрі Мамай көлі — Итемген көлі — Борай көлі — Қамысты көлі шебінің солтүстік-батысында Бурабай көлдері мен Көкшетауға дейінгі жер — Ақсары руының иелігі. Құрсарылар жоғарыда аталған көлдерден басқа, Аталық, Жокей, Қымызкөл (қазіргі Бурабай көлі) көлдері мен басқа да көлдер төңірегіне, Көкшетау, Бурабай тауларының ормандары мен тау бөктері жайылымдарына, Сарымсақты, Сарыбұлақ, Тәттімбет өзендерінің алқабында т. б. орналасқан.

Керейлердің бір бөлігі Сілеті өзенінен Ертіс, Ом өзендері жағына кеткені бұдан бұрын айтылған болатын. Омбы уезі құрамына кірген қауымдар нақ солардан құралды. Осы уезд өңіріне Ертістің Павлодар өңірінен де керейлер келген.

Уезд аумағында керейлердің ең көп рулары — құрсарылардың Сақал, Бурас, Дуадақ, Төбет, Сары аталары (5-кесте), Матақай (Құдас аталары), Бесқара атасы. Құрсары руы аталарының қоныстары — Үлкен Қарой көлінің солтүстігі мен шығысына (Сақал атасы), Теке көлінің төңірегіне және одан әрі солтүстік-шығысқа қарай Ом өзеніне дейін (Бурас атасы), Сілеті, Теңіз көлінің шығыс, солтүстік және батыс жағына (Дуадақ, Төбет аталары) орналасқан. Сары атасы Ертіс бойында, Ом өзені құяр жерде, сондай-ақ Омбының батысына таман көшіп жүрген. Ақсарылар Үлкен Қарой көлінің шығыс жағындағы даланы ғана мекендеген (Ақымбет атасы).

Жазғы жайылымдары: Құндыкөл көлі, Қаратекер, Майлығаш, Топат деген жерлер, Ұлықөл көлі, Қосқоңыр алқабы, Талдысай, Ақымбет өзендерінің бойы т. б.

1851 жылғы деректер бойынша керейлердің Құсмұрын  
сыртқы округі жерінде орналасуы

Болыс	саны			Қоныстары
	ауыл	шаңы- рақ	тұр- ғып- дар	
1	2	3	4	5
Сибан-Керей	11	923	3258	Жазда — Тоғызайғыр, Шошқалы, Жасылбағар, Жаркөл деген жерлерде; қыста — Қаратерек, Шанақалған, Талдықұм, Үшқарағаш, Арқалық, Бақырлген, Сатыбалды, Жаркөл, Майбалық, Ұзынкөл деген, т. б. жерлерде.
Еменалы-Керей	10	755	2632	Жазда — Айырмола, Үшкөл, Қоржынкөл, Қызылой, Саздыағаш, Тоғызайғыр, Шошқалы, деген жерлерде; Қыста — Шарбақты, Боскөл, Қаратал, Балуанкөл, Бокенкөл, Жалғызкөл деген, т. б. жерлерде.
Матақай-Керей	13	928	4143	Нақ сол Тобыл өзені мен Сібір шебі аралығындағы алқаптарда.
Барлығы:	34	2606	10033	

Омбы уезіндегі Покров, Қорған болыстары керейлерден құралған.

Олардың біріншісінде — 9829 адамы бар 196 ауыл, екіншісінде — 5883 адамы бар 101 ауыл болса, екеуін бірге қосқанда, барлығы — 15712 адамға жететін 297 ауыл болған.

Солтүстік Қазақстан керейлері Петропавл уезінің құрамына енді. Адам саны ең көптері — Сибан, Көшебе және Балта рулары. Керейлер уездің солтүстік-батыс жағында, Есіл өзенінен Обаған өзеніне дейінгі, уездің оңтүстік жағында Түнтүгір өзенінен (шығысында) Обаған өзеніне (батысында) дейінгі жерде неғұрлым жинақы тұрған.

Тарышы руының Самай атасы Шұбаротты, Сайаған алқаптарында қыстаған. Бұл алқап Мінгесер көлінің атымен аталған Мінгесер орманында. Жаздыгүні Көккөл, Сасыққошқар көлдерінің маңайын жайлаған. Самайлар жеке Мінгесер болысы болып, кейіннен Преспов болысына қосылған.

Көшебе руының Таузар атасы самайлар иелігінің солтүстігіне таман, Бақырлген, Майлыағаш, Аралағаш, Сатыбалды т. б. жерлерді қоныстанған. Жазда Шөпқалы колін, Сасыққошқар, Алыпқаш, Қоралы жайылымдарын мекендеген.

Көшебе руының Жарқайың көліне жапсарлас жатқан иеліктерінің солтүстік жағындағы даланы Сибан руы қоныстанған (Күнтимес, Қаршығалы, Қаратерек, Сұлуөзен деген жерлер).

Уездің солтүстік шет жағында Сибан, Көшебе, Балта руларының бірге қыстап, бірге көшіп жүруі жиі кездескен. Бұл жерде Ақсары, Құлсары руларының да бірнеше ауылы қанаттаса жүрген.

Балта руы туралы сәл тоқтала кеткен жөн. Басқа рулармен салыстырғанда адам саны аз болса да, ол керейлер арасында мейлінше құрметтеледі. Бұл рудың өкілдері басқа Керейдің рулары арасында шағын топ болып тұрып, солармен бірге қыстайды және жаз жайлауға да бірге атанады.

Петропавл уезінде керейлер 509 ауыл құрып, оларда 4380 қожалық болды, бұл — олардың жалпы санының 38,5 проценті еді.

Семей облысының құрамына енген керейлер Зайсан, Өскемен, Қарқаралы уездерінің аумағында неғұрлым жиі шақы тұрды және Павлодар, Семей уездерінде шағын топтары орналасты.

Қарқаралы уезінде Керей тайпасының екінші ірі аталары — Абақ керейлер мекендеді. Қаралып отырған уезде бұл аталардың өкілдерінен Жастабан руы мен оның Қосай, Бекназар деген аталары қоныстанды. Бұл аталар уездің шығыс жағында Шыңғыс жотасынан солтүстік-шығысқа қарай, Ащысу мен Шаған өзендерінің арасына орналасқан Шұбартау жазығын, Бақанас өзенінің бойын мекен еткен. Қосай-Нұралы, Сарыбай, Малмыр, Қаса аталарынан тұрды; Бекназар, Шоқантай, Қожакеді, Малдыбай, Можақ аталарына бөлінді (5-кесте). Қосайларда — 1477 қожалық, ал бекназарларда — 1098 шаруашылық болып, олар Дегелең, Бақанас болыстарына бірікті. Бұл аталардың шағын топтары Нұра, Жарлы өзендерінің аралығына (уездің солтүстігінде) қоныстанды.

Зайсан уезінде Кендірлік болысының көпшілігі абақ керейлер болды. Болыс шығысында Қытаймен шектесіп жатты; оның (болыстың) солтүстік шекарасы — Қаратал және Жеменей өзендерінің, батысында — Үйдене өзенінің бойымен, оның ағысын бойлап жоғары қарай Сауыр жо-

тасына дейін барды, оңтүстік шекарасы Сауыр жотасымен өтті. Осы аумақта Кендірлік болысындағы абақ керейлердің 9 старшыны орналасты. Болысқа абақ керейлердің 1757 шаруашылығы біріккен, олардың басты рулары мына жерлерге қоныстанған: Жастабан — Сауыр жотасының солтүстік баурайын қыстаған; Меркіт — Сауыр жотасының солтүстік баурайында, сондай-ақ Кішкентауда, Шірікқайың бойында, Кендірлік өзенінің аңғарында және Сауырдың оңтүстік беткейінде қыстаулары болған; жайлауы Алтайдағы Қыран, Қобда өзендерінің аңғарында орналасқан. Меркіт руының өкілдерін орыс саяхатшылары екінің бірінде осы өлкенің таулықтары деп атайды, өйткені олар жылдың көп маусымын тауда өткізетін еді; Жәнтекей руы — Шілікті және Кендірлік өзендерінің аңғарында, Тарбағатайдың солтүстік баурайында қыстап, Қыран, Қобда, Сақай өзендерінің аңғарын, бірнеше ауылы Қара Ертістің бас жағын жайлаған; Ителі руы — Бурылтоғай тоңірегінде, ондаған шаңырақ Кендірлік аңғарында қыстаған; жайлауы Қара Ертіс аңғарында болған; Шеруші руы — Қыранның төменгі ағысында, Қобда өзені аңғарындағы тауларда, Жайыр тауында қыстаған.

Г. Е. Грумм-Гржимайлоның мәліметтері толық емес, кейін ел ішінен жиналған материалдарға сәйкес, абақ керейлер алып жатқан жер аумағы мынадай: қыстаулары — Қаратал, Кендірлік өзендерінің бойы, Сайқан тауы (Сауыр жотасы сілемінде), Теректі, Темірсу, Жеменей, Үйдене, Қызылқыз өзендері, Жалпаққарағай деген жер. Аба өзенінің бойы, Алтай және Қарой деген жерлер. Олардың жайлайтын жері Алтайда: таулардың ортасындағы көптеген арынды өзендер келіп құятын Бұғымүйіз көлі, Сарылтай үстірті, Шыбырағаш, Ақжай, Үшқұрмынқор, Көкжота алаптары. Жаз жайлауы Сауырда: Сәмен, Үлкен, Жеменей, Темірсу, Үйдене өзендері.

Азын-аулақ абақ керейлер Нарын және Бұқтырма өзендерінің бас жағында, әсіресе аталған жоталар арасындағы Шыңғыстай асуы жазығында көшіп жүрген. Абақ керей қауымдары Ұлансу (Ұланке) өзенінің бойына да қоныстанған. Абақ керейлер жеке старшын болған жоқ, оларда небәрі 146 қожалық болған, мұның өзі жалпы шаруашылық санының 0,85 проценті ғана. Олар негізінен Өскемен уезін мекендеген найман рулары арасында бірге ілесіп жүрген.

Жайылымның жетіспеуі абақ керейлерді алыс солтүстікке Сібір губернияларына және оңтүстіктегі Қытай шегіне көшіп кетуге мәжбүр еткені жоғарыда айтылды.

1900 жылдың желтоқсан айында Алтай діни миссиясының бастығы Бийск епископы Сергей былай деп жазған: «Қосағаш селосына жақын жерде (Таулы-Алтай автономиялы облысындағы Чуя (Шу — ауд.) өзенінде) бірнеше жылдан бері біздің жерімізде шағын мемлекет, дәлірек айтқанда: еркін сұлтандық бар. Оның негізін салушы — бір кезде Қытай жеріне қашып кеткен Семей қырғызының баласы, өзін еркін сұлтан деп атаған Әбділда (Абдолла — ред.) деген қырғыз (қазақ — М. М.)... Еркіндік сүйгіш қырғыздарды мұнда кең жайылым, байтақ жер, алым-салық салынбауы, бастықтардың болмауы қызықтырады. Жаз кезінде олар Алтайдың Арғыт, Жазатыр және Қарақан өзендерінің бас жағындағы өте биіктегі, адам жете бермейтін ну ормандарында Қытай шекарасына жақын жерде көшіп жүреді де, күзге қарай Чуя (Шу — ред.) жазығымен Қосағашқа түседі». Епископтың мәліметтеріне қарағанда, олардың саны 200-дей шаңырақ. Жергілікті тұрғындар, телеуіттер мен орыстар Қосағаш қазақтарынан қысым көргендерінен шағым айтуда, сондықтан епископ «бұл орданы Қытайға болса да, Чуядан басқа бір қашығырақ жерге аударып жіберуді» сұрайды.

Олардың қай қазақтар екенін, қандай руға жататынын және олардың қайдан келгенін мына құжаттан көруге болады. 1900 жылғы 16-тамызда Томск губернаторы Дала генерал-губернаторына мынаны хабарлады: 1893 жылы өз адамдарымен бірге Бийск округінің Қосағаш алқабына жақын жерде көптен бері көшіп жүрген қытай боданы Әбділда (Абдолла — ред.) өзіне бағынышты қазақтармен бірге Ресей бодандығына қабылдауды сұраған. Миистрлер комитетінің қазақтарға құлынды даласы шегінде көшіп жүруіне рұқсат ету туралы 1880 жылғы 22-қарашада бекіткен ережесіне сәйкес, оларға жалға алып уақытша пайдалану құқығымен Қалғұты және Узек өзендері аңғарындағы бос жерлер бөлінген. Шыңғыстай қазақтары сияқты, «керей, найман тайпасынан» тараған Қосағаш қазақтары да бұрын Ресей боданы болмаған және бастапқыда Семей облысы шегінде тұрып, содан соң Монғолияға кетіп қалған. XIX ғасырдың 80-жылдарының бас кезінде олар Ресей шегіне қайтып келіп, 1900 жылғы 30-маусымда Ресей бодандығына қабылданған.

Семей облысының вице-губернаторы 1900 жылғы 2-желтоқсанда Дала генерал-губернаторына жолдаған хатында кейбір мәліметтерді былай деп анықтай түседі: «...Бийск округі шегіндегі Қосағанита тұратын қырғыздар 1867 жылы... орыс бодандығын қабылдаудан бас тартып, Қытай

шегіне өтіп кеткен қырғыздар, ал содан соң олар дүнген көтерілісі (Шыңжаандағы — М. М.) кезінде орыс шекарасынан өтіп, Қосағашқа көшіп келді де, осы кезге дейін Томск губерниясының жерінде тұрып жатыр. Аталған қырғыздар 100 шаңыраққа жетеді... Олармен бірге көршілес Өскемен уезі Шыңғыстай болысының 100 шаңырақтан астам қырғыздары көшіп жүр, себебі олардың тіркелген орындарында бос жер жоқ».

Сонымен, жаңа жайылымдар іздестіру абақ-керейлерді Қытай мен Монғолия шегіне көшуге мәжбүр етті. Көптеген керей рулары елімізден тыс жерлерде қалып қойды: олар Монғолияда Баянөлгий ауданының негізін құрады, Қытайда орталығы Сарысүмбе (қазіргі Алтай қаласы — Ред.) деп аталатын округ болып, Алтай бөктеріне қоныстанды.

Керейлердің жеке қауымдары Семей уезінде: Ертістің сол жағалауындағы Озерный поселкесінен Пьяноярск поселкесіне дейінгі 10 шақырымдық өңірмен шектесетін жерлерде де тұрды; Ертістің оң жағалауындағы Белағаш даласында да едәуір көшпенді керейлер мекендеген.

Олар барлығы 12 525 шаруашылық болып, екі болысқа бөлінген, азын-аулақ топтары Орта жүз тайпаларының басқа болыстарына да енген.

Ертіс өңірі керейлері бірінші аталарға — негізінен, жоғарыда, айтылғанындай, Орталық және Солтүстік Қазақстанда қоныстанған ашамайлыларға жатқан. Семейдегі ашамайлы керейлер Ақсары, Құрсары, Сибан рулары болған. Павлодар уезінде ашамайлы-керейлерден небәрі 376 шаңырақ болып, олар Ертістің сол жағалауында Бобров поселкесі тұсында қоныстанған.

Керейлердің бірнеше қауымы Ұлы жүздің жерінде Лепсі уезінде — Нарын өзеніндегі Қарашиев, Берікқара алқабында, сондай-ақ Аягөз өзеніндегі Көктал алқабында орналасқан.

## УАҚ

Уақ тайпасының рулары мен аталары жоңғарларды қуып шығу кезеңінде қазақтардың Орталық және Шығыс Қазақстанға қайтың оралуы тұсындағы жалпы ағын бойынша қозғалған.

Бастапқыда уақтардың бірнеше қауымы Ерейментау жазығына (мысалы, Тұраққопа алқабы) қоныстанған да, басқалары Ертістің оң жағалауына (Арқатау тауы жазығына) кеткен. Ерейментаудан олар Ертістің сол жағалауына, Шар, Ащысу секілді өзендер бойына көшеді. Ер-



тістің оң жағалауында уақтардың біразы жалға: 1 шаңыраққа — 40 тиын, 1 ірі қараға — 15 тиын, 1 қойға — 5 тиын, әрбір шаңырақтың түтін салығына 30 тиын төлеп, кабынеттік және әскери жерлерде көшіп жүрген. Жайылым мен учаскелерді жалға алатын ақшасы болмаған кейбір қауымдар Ертістің сол жағалауына, ал басқалары Томск губерниясы мен Алтай таулы округінің жерлеріне кетеді. Мысалы, Жансары руы 1876 жылға дейін Алтай таулы округінің жерінде қыстап жүрген де, өзінің Семей облысына қосылуы себепті Ертіске көшіп келуге мәжбүр болған.

XIX ғасырдың бірінші жартысында уақтар барлық округтерде қоныстанды деуге болады, алайда олар Аягөз, Аманқарағай (Құсмұрын), Баянауыл сыртқы округтері мен Омбы ішкі округінде көп болған.

Салық төлемеген болыстар жөнінде жасалған 1841 жылғы ведомость бойынша, ондайлар: Сарман-Уақ болысында 3220 адамы, 736 шаңырағы бар 12 ауыл, ал Шоға-Уақ болысында 3999 адамы, 913 шаңырағы бар 14 ауыл болған. Уақтардың екі болысында барлығы 26 ауыл, 1649 шаңырақ, 7219 адам есептелген. Бұл көшпенділер — өздерін Уақтан тараған сегізінші буынбыз деп білетін ағайынды Шоға мен Сарманның ұрпақтары (6-кесте).

Сібір шебі төңірегінде көшіп жүрген 374 шаңырақ уақтар 7-ші казак полкінің жерінен қуып шығарылып, 1844 жылы Аягөз округінің Уақ болыстарына қосылды.

Шоға (6 ауыл, 621 шаңырақ) мен Ергенекті уақ (5 ауыл, 430 шаңырақ) біріккен бір Уақ болысы Томск губерниясындағы Бийск округінің жерінде, Черемухов және Белокаменный станицаларына жақын жерде көшіп жүрген. Ал олар барлығы 11 ауыл болып, 1051 шаңырақты біріктірген.

Баянауыл, Ақмола сыртқы округтеріне қосылған уақтардың көпшілігі Томск және Тобыл губернияларында көшіп жүрген.

1849 жылғы деректер бойынша, 4 әкімшілік ауылдан (384 шаңырақ) тұратын Баянауыл уақтары (ергенекті уақ руының Бидалы атасы — 6-кесте) Томск губерниясының Бийск округіндегі Семияр станицасының маңында, Сарбеубел алқабында, сондай-ақ Тобыл губерниясының Омбы округінде, Песчаный станицасына жақын маңда көшіп жүрген.

1840 жылғы деректерге қарағанда, ашылмақшы болған Көкпекті округі шегінде Делбегетей тауы мен Жартас алқабынан Шар өзеніне, Приказдан солтүстік-батысқа қарай

1840 жылғы деректер бойынша уақтардың  
Аяғоз сыртқы округінде қоныстануы

Болюс	саны		қоныстары	
	ауыл	шаңырақ	жазғы	қысқы
1	2	3	4	5
Сарман-Уақ	7	485	Ертістен Ащысу, Шар өзендері бойына, Балықшы көліне және кері қыстауына қарай, Приказдың солтүстігінде 200 — 300 шақырым.	Көкен, Ертіс бойында, Семейден төменірек Арқалық тауында, Сарыбұлақ маңында, Приказдан солтүстікке қарай 200—300 шақырым.
	4	225	Ертіс бойында және Семейден 10 шақырым далада.	Ертіс бойымен төмен қарай, Семейге жақын және одан 10 шақырым, 50 шаңырақ Ескі-Семей рудыты тұсында қыстайды.
Барлығы	11	710		
Шоға-Уақ	8	456	Шар, Ащысу, Шарлы өзендері бойында, Сарқыт, Әлжан тауларында, Приказдан солтүстікке қарай 115—200 шақырым.	Қоянды, Қазалы, Қорғанбай, Қарауылшоқы таулары маңында, Сарыбұлақ өзенінде, Приказдан солтүстікке қарай 180—220 шақырым.
	7	483	Ащысу, Шаған өзендері бойында, олардың төңірегі мен Ертіс бойында, Приказдан солтүстік-батысқа қарай 200—300 шақырым.	Қоқан, Шаң, Байтемір, Шат тауларында, Қарасор көлінде, Приказдан 200—300 шақырым.
Барлығы	15	939		
Жыны:	26	1649		

150 шақырым қашықтықта көшіп жүрген уақтардың 170 шаңырағы болған.

Омбы округіндегі казак полктері жерінде көшіп жүрген уақтар көп болған. Мысалы, 5-ші, 6-шы казак полкте-

## 1840 жылғы деректер бойынша уақтардың Аманқарағай сыртқы округі жерінде орналасуы

Болыс	саны		қоныстары	
	ауыл	шаңырақ	жазғы	қысқы
Баржақсы-Уақ	11	660	Кабанье бекінісі мен Пресногорьков редуты маңына, Майбалақ және Сорбалық, Шошқалы, Кіші және Үлкен Жаркөл арқылы, шентен 40 шақырым.	Қайрадағаш, Алтыбайағаш, Қоралыағаш алқабында, Приказдан 200 шақырым.
Бидалы-Уақ	10	660	Кабанье бекінісі мен Пресногорьков редуты маңына, Тоғызайғыр, Ұзынкөл алқабы арқылы, шентен 60 шақырым.	Қарақамыс, Нұрбай, Қаракөлталы, Айдаң, Аралағаш алқабында, Приказдан 150—200 шақырым.
Жансары-Уақ	11	637	Пресногорьков және Кabanье бекіністері маңына, Мезгіл, Тоғызайғыр, Жаркөл, Шошқалы және Есілбағар алқаптары арқылы, Приказдан 100 шақырым.	Қарақамыс, Шонабайарал, Ұзынкөл алқаптарында, Приказдан 180 шақырым.

рінің жерінде (Құланды даласы)—665 шаңырақ, Ертістің сол жағалауындағы 10 шақырымдық өңірде, 7-ші полктің жерінде 909 шаңырақ көшіп жүрген.

Ақмола сыртқы округіне қосылған 10 қауымнан тұратын (898 шаңырақ) Шоға Ергенекті уақ (Бидалы, Жансары аталары —6-кесте) рулары да округтен тыс жерлерде: Томск губерниясының Бийск округіндегі Лебяжье, Ямышев, Семияр станицалары маңында; Тобыл губерниясының Омбы округіндегі Качиры және Песчаный станицалары аралығында, Черлак станицасының маңында, сондай-ақ 7-казак полкінің жоғарыда аталған станицалар маңындағы жерінде көшіп жүрген.

Сібір ведомствосы жерінің батысында, Орынбор ведомствосының жерімен шектес, Аманқарағай уақтары орналасқан.

Уақтардың шағын топтары Кіші жүздің жерінде, Тамды, Қарақобда және Сарықобда өзендерінің бас жағын мекендеген. Өз тайпаластарынан бөлініп қалған бұл уақтар Кіші жүз рулары (әлімұлы, байұлы тайпалары) арасында қоныстанған. Бұлар, мұнда не жоңғар шапқыншылығынан кейін қалған немесе өз тайпаластарымен ренжісіп, олардан айырыла көшкен болса керек. Соңғысы — жиі болатын құбылыс. Мысалы, Орта жүз тайпалары арасынан өз руластарынан бөлініп, Орта жүз қауымдарына кетіп қалғанына көп болған жағалбайлыларды, тамаларды т. б. жиі кездестіруге болады.

Өскемен уезінің жерінде, Бұқтырма өзенінің бас жағында және Аршаты тауының төңірегінде керейлермен бірге уақтардың 68 қожалығы көшіп жүрген.

Семей уезінде уақтардың 5728 қожалығы болған. Төрт болыс пен Қызылқұм болысының бір бөлігі солардан құралған. Олардың орналасқан жерлері — Семей қаласынан оңтүстікке қарай Семейтау, Белтерек, Арқалық тауларының жазығы, Ащыкөл өзенінің төңірегі және Ащысу өзенінің бас жағы. Олар Ертістің оң жағалауында уездің 10 шақырымдық өңірін бойлай және одан әрі шығысқа қарай Лебяжье, Черный поселкелері аралығындағы жазыққа орналасқан.

Ертістің оң жағалауындағы Белағаш даласында қазақтар Кабинеттен, Сібір казак әскерінен жалға алған Қараөзек, Қарағанды т. б. «бос дала» деп аталатын жерлерде тұрды.

XVIII ғасырдың аяғында Жалқарағай (Шульба тоғайы) мен Қараөзек (Ремев даласы) ормандары мүлде бос болған. Қыс кезінде бұл жерлерге сол жағалаудан мал айдап әкелініп жүрген. 1780 жылдар шамасында Уақ тайпасынан шыққан Есібар өз руластарымен Жақсы Қараөзекке (Ремев даласы) қоныстанды. Ол кезде бұл қоныстанушылар алым төлемеген. XIX ғасырдың алғашқы отыз жылдығында Семей округтік приказы жаңа қоныстанушылардан Байуақ болысын құрып, ол 1874 жылы оның аты Белағаш болысы деп өзгертілді. Бұл болыста 1444 қожалық болған, ал оның 25,75 проценті уақтардың қожалықтары еді. Белағаш даласындағы түрлі тайпалар руларының өздерін қырық ру деп атағанын көрсете кету орынды.

Павлодар уезінде уақтардың 1399 қожалығы болған. Олар Ертістің оң жағалауындағы 10 шақырымдық өңір-

ден (Крутояр поселкесі — Песчаный поселкесі) шығысқа қарай Барабин даласымен шектесіп жатқан көштеген көлдерге дейінгі далаға орналасқан. Уақтар иелігінің оңтүстік шегі Әжі-Болат-Қарасу көлдері бойымен өткен.

Ертіс өңіріне уақтардан негізінен алғанда Бидалы (Ергенекті уақ) тармағының Әжібек, Абырай аталары мен аздаған Шоға руы (6-кесте) қоныстанды.

Қазақстанның солтүстігінде, Петропавл уезінде, уақтар Обаған өзенінің шығыс жағалауында, Алабота, Қойбағар, Шалқар, Жарқайың, Шошқалы көлдерінің жазығында, Есіл, Қойбағар, Түнтүгір өзендерінде көшіп жүрген. Ондаған шаңырақ Теке өзені маңында қоныстанған. Петропавл уезінде 221 ауыл (2260 шаруашылық) болған, бұл барлық шаруашылық санының 19,8 проценті болады. Уезде ергенекті уақ руының қауымдары көбірек те, Шоға руының өкілдері азырақ болған (6-кесте).

## ҚОҢЫРАТ

Орта және Ұлы жүздер қазақтарының рулық-тайпалық құрамының 1748 жылы А. Тевкелев жазған суреттемесінде қоңыраттардың «күшті ру» екені, «Орта ордаға жататыны», көбінде «Үлкен ордамен бірге көшіп жүретіні» айтылған. Ш. Ш. Уәлиханов қоңыраттардың Орта ордадан Уәли хан тұсында (XIX ғасырдың бірінші жартысы) бөлініп, «Бұхарада, Қоқанда, Ташкентте, бәрінен бұрын Қаратауда және Талас өзені бойында өзбек руларымен (көршілес) көшіп жүретінін» жазған. Хабарлар арасындағы айырмашылық 80 жылға жуық, бірақ олардың (қоңыраттардың), Орта Азия мен Ұлы (Үлкен) жүз қоныстарына кетіп қалғаны жайында XVIII ғасырдың ортасында да, XIX ғасырдың бірінші жартысында да айтылады. Ал олардың бұлайша кетіп қалуына не себеп болғанын авторлар айтпайды. Осыны анықтауға тырысайық, дегенмен, басқа тайпалар тарихында байқала бермейтін тайпаның бұлайша жаппай көшіп кету көрінісі айқын болу үшін бұл тайпаның тарихына қысқаша тоқталып өту керек. Нақ сол Уәли хан кезінде айрыла көшудің болғаны рас, сол хан тарапынан көрсетілген қысымшылыққа наразылық ретінде 1797 жылы 15000 шаңырақ арғындардың Ертістің оң жағалауына көшіп кеткенін айтсақ та болады. Бірақ ол арғындар (атығайлар) қалай қоныс аударса да Орта жүз жері ішінде қалған, ал қоңыраттар бұрынғы мекенінен мүлде шығандап, оңтүстік өңіріне тым тереңдеп кеткенін көреміз.

Мұның қысқаша тарихы мынадай. XVIII ғасырда қоңыраттар көшпенді өзбектердің мемлекеті кезінде болған бұрынғы құдіретінен айрылды, ал ол кезде қоңыраттар оның жауынгерлік сол қанатына енген еді. Шайбани хан Дешті-Қыпшақтан Мауараннахрға бет бұрған кезде көптеген қоңыраттар сол жаулап алушы ханға еріп кетті. Шайбани хан қаза тапқаннан кейін Мауараннахрда өзара қырқыс күшейіп, XVI ғасырдың аяғы — XVII ғасырдың басында ол дербес екі хандыққа: маңғыттар басқарған Бұхара және қоңыраттар басқарған Хиуа хандықтарына бөлінді.

Мауараннахрға кеткен қоңыраттар қарақалпақ халқы компоненттерінің біріне айналды.

Дешті-Қыпшақ даласында қалып, қазақ халқының құрамына енген қоңыраттар Орта Азия халықтары тағдырына жасаған бұрынғы зор ықпалынан енді айрылып қалды. Бұл арада, әрине, халық тарихында тұтастай бір тайпаны қалайда төмендету немесе дәріптеу бар деуге болмайды. Феодалдық дәуірде жеке бір адам мен оның тайпасының билік етуі, оның басқа адамдарға немесе басқа тайпаларға үстемдік жүргізуін көрсеткен.

XVIII ғасырда қоңыраттардың қазақ қоғамындағы жағдайы (маңызы) қандай болған? Белгілі бір тайпаның, рудың салмағы ұлысты, старшындықты (ресми құжаттарда алынған терминдер) басқарған жеке адаммен (ханмен, сұлтанмен, батырмен, бимен) байланыстырылған. Бұл жеке адам мен оның төңірегіндегілер, негізінен оның жақын туыстары өз руластарының, өз тайпаластарының мүдделерін қорғау арқылы өзі де жоғарылап, жайылымдарды иелену мен қоғам өмірінде өз беделін көтеру үшін қажетті күшке ие болған. Наймандардың 40 000 шаңырағын билеген Барақ сұлтан, осы тайпаның 10 000 шаңырағын басқарған Күшік хан, Атығай руын бір қолында ұстаған Абылай сұлтан, Қыпшақ ұлысын соңынан ерткен Төле батыр т. б. осындай тұлғалар болған.

Темірқазықтай жеке тұлғалары болмайынша, өз мүдделерін қорғау өте қиын екенін көшпенділер де түсініп, олар көбінесе Шыңғыс ұрпақтарын таңдап алған. Мысалы, Тобықты руынан шыққан Тоқтамыс Көкшетаудан Шыңғыстауға Абылай ханның кіші ұлы — тоғыз жасар Шаманы әкеліп, ол көп ұзамай Тобықты руының сұлтанына айналған. Шама сұлтан тобықтылардың мүдделерін қорғаған, сондықтан XIX ғасырдың 40-жылдарында Дадан тобықтыларды Балқаш көліне дейін апарып, олар бұрынғы жайылымдықтарын иеленген.

Мұндай (жеке адам мен ру, тайпа қатынастарынан) мысалдар аз емес. Міне, осы арада мынадай сұрақ туады: қоңыраттарда өз мүдделерін өздері қорғай алатындай күш болды ма, олардың арасында Абылай хан, Барақ сұлтан, Қазыбек би сияқты тұлғалар кездесті ме?

Тілмәш М. Арапов айғақтарының жазбасында (1749) Найман руларымен және Арғын тайпасының қаракесек руымен қатар Барақ сұлтан әскерінің негізін қоңыраттар құрағаны, сол қоңыраттардың Барақ сұлтан ұлысымен қатар болғаны айтылған. 1749 жылы 10000 шаңырақ қоңырат Ресей бодандығын алып, олардың атынап қоңыраттар өз жетекшісі етіп сайлаған найман ұлысының билеушісі Барақ сұлтан ант берген.

Г. Волконскийдің мәліметтерінде: 15000-дай отбасынан тұратын 12 атасы бар, жаздыгүні Көксу, Қаратал өзендері маңайында, Ақтуартауда көшіп жүріп, қыстыгүні Түркістан мен Ташкентке қарай кететін «найман-қоңырат руы» туралы айтылады.

Сонымен, XVIII ғасырда қоңыраттар қайсыбір ұлыстың бөлігі болып, «өзін билеуге» сырттан жеке адам шақырып алып отырған. Бұл — сірә, көшпенділік рудың, тайпаның маусымдық жайылымдарды пайдалануын біршама анықталуын қажет еткенімен, оларды өзге ру топтарының басып алуы сирек кездеспейтін құбылыс болғанын, сондықтан жайылымдарды басып алуға қарсы тұруға және өз мүдделерін қорғауға қабілетті күш керек еткенін көрсетеді. Қоңыраттар адам саны неғұрлым көп тайпалардың (мысалы, наймандардың немесе арғындардың) күші-қуатына төтеп бере алмаған да, соның «өзін билеуіне» мойынсұнуға өмірдің өзі итермелеген. Тегінде, қоңыраттардың біресе арғындармен (Қаракесек руымен), біресе наймандармен бірігуіне осы себеп болса керек.

Қоңыраттар өздерінің көшіп-қону кездерінің бәрінде оңтүстікке, Түркістан мен Ташкентке ойыса беретін себебі — халық зердесінде өзбектер, қарақалпақтар мен қырғыздар құрамына енген Орта Азия қоңыраттарымен генетикалық байланыстың сақталып қалғандығы ма дейміз, оның үстіне ол қоңыраттар әлгі халықтардың этногенезі мен этникалық процесінде елеулі орын алған. Алпамыс туралы жырдың өзі де Орта Азиямен байланысты. Қисса былай деп басталады:

Бұрынғы өткен заманда,  
Дін мұсылман аманда,  
Жиделі-Байсын жерінде,

Қоңырат деген елінде,  
Байбөрі деген бай боқты...

Қиссаның басқа бір жерінде Байбөрінің ауылы Байсыннан екі күншілік жерде болғаны айтылады. Байсынтау — Гиссар жотасының оңтүстік-шығыс сілемі, Бұхарадан Гиссарға және одан әрі Әмударияға баратын ежелгі керуен жолы сол арқылы өткен. Жиделі Байсын осы таудың Сұрхан өзеніне қарай жатқан беткейінде.

Ә. Диваевтың ХХ ғасырдың бас кезінде қазақтардан жазып алған мәліметтеріне қарағанда: «Жиделі-Байсын екі бектіктің: Куляб және Гиссар бектіктерінің шегінде. Онда Байсын деп аталатын үлкен көл бар. Онда Кіші орданың қырғыздары (қазақтары — М. М.) тұрады. Орта орданың қоңыраттары мен арғындары да бар».

Қоңыраттардың оңтүстікке, ата-бабаларының жеріне, басқа халықтардың құрамына енген туыс тайпаларға қарай көшуіне түрткі болған себептердің бірі ата-мекен туралы түсінікпен тығыз байланысты этникалық сана-сезім екеніне күмән жоқ.

1824 жылдан бастап, қазақ даласында сыртқы округтер құрылған кезде, Орта жүздің барлық тайпаларына округ шегінен көшіп-қонатын жер берілді және қоңыраттар солардың біреуінде ғана — 1824 жылы Қарқаралы округі ашылған кезде ол құралған 14 болыстың 11-сі Қоңырат-Арғын болысы деп аталған. Көріп отырғанымыздай, мұнда да қоңыраттар дербес болыс болмаған. Орта жүз тайпасының Тобыл және Томск губернияларында, казак полктерінің жерінде көшіп жүрген қазақ руларының дегенмен де белгілі бір сыртқы округке жатқызылғанына назар аудару керек. Ал қоңыраттар, Қарқаралыны қоспағанда, барлық бес округтің бірде-бір ведомосында жоқ. Тегінде, олар ХІХ ғасырдың алғашқы отыз жылдығында «Бұхария мен Ташкент жағына» кеткенінен қайтып оралмай, сол арқылы Орта жүзден бөлініп кеткен секілді.

Қоңыраттар Сырдарияның солтүстік жағына ХІХ ғасырдың 30-жылдарында келген. Нақ сол жылдарда Ташкенттің беклер-бегінің қоңыраттардан, қыпшақтар мен тамалардан құралған 12 мың әскері Сырдарияның арғы бетінен қазақ даласына басып кіріп, Найман тайпасының бағалалылықтарын қуып шығып, Сарысу өзеніне ірге тепкен.

ХІХ ғасырдың ортасындағы деректер бойынша, қоңыраттардың қоныстары Балқаш өзенінің солтүстік-батысындағы Ащысу, Сарысу өзендерінің аралығында, Ортаудың солтүстік және шығыс бөктерлерінде, Ащысу, Сары-



су өзендерінің аралығында ағып жатқан Көкпекті, Талды-манақ, Қараеспе, Құрмапақ өзендерінің бойында болған.

Одан кейінгі жылдарда қоңыраттардың Орта Азиядан солтүстіктегі Қазақстан аймағына көшуі орын алды, бірақ ол 1858 жылы жаппай сипатқа ие болды. Қокан иеліктерінен көшіп келген қазақтар туралы бір құжатта былай делінген:

Шу өзенінен өтіп келген және көбінесе Қоңырат руына жататын мұндай келушілер саны әрқайсысында — 160, кейде одан да көп ауыл бар 15 болысқа дейін жетеді.

Егер 1 әкімшілік ауыл 60 шаңырақтан тұрған деп есептер болсақ, қоңыраттардың көшіп келген 15 болысының әрқайсысында 1000-ға тарта шаңырақ болады, мұның өзі Қазақстанда болыстар мен округтер құрған кездегі нормаға сәйкес келеді. Демек, Шу өзенінің арғы бетінен көшіп келген қоңыраттар саны 15 000 шаңырақ болған.

Сібір қазақтары облысы әскери губернаторының өкіміне сәйкес, Шу өзенінің арғы жағынан жаңа көшіп келгендерге Шу және Сарысу өзендерінің бойында көшіп жүруге рұқсат беріліп, бұл орайда ол жерлерде көшіп жүрген қазақ руларына таршылық жасамау шарт етіліп қойылды.

Қоңыраттар Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейіне, Бөген, Шаян, Арыстанды, Арыс өзендерінің бойында, Сырдария өзеніне дейін қоныстанып, оның сол жағалауын алып жатты. Олардың қыстаулары Жаңақорған, Балдыр, Шалдырөзек тауларынан ағып шығатын көптеген шағын өзендердің төменгі және орта ағыстарында, Сырдария жағалауында орналасқан. Жайлау үшін Қаратаудан ағып шығатын өзендердің бас жағына, ал малы көптері одан әрі солтүстікке, Атбасар, Ақмола жағына кеткен.

Қоңыраттардың түрлі аталары былайша қоныстанған: Көтеншіден тараған рулары (8-кесте) — Түркістан, Жаңақорған шегінде, Шаян, Бөген өзендерінің бойында және Сырдария жағалауында; Көктіңұлынан тараған рулар (8-кесте) Арыс өзенінен оңтүстікке қарай Монтайтас, Қабылсай, Шеңгелді, Сарыағаш, Шардара деген жерлерде, Ташкентке дейін.

Қоңыраттың кейбір рулары (мысалы, Жәтімдер) жартылай отырықшылық өмір сүріп, Сырдариядан тартылған арналарды бойлай қоныстанған. Аңызға қарағанда, Көтеншінің үш әйелінен туған балалар үш арна бойын мекендеп, егіншілікпен айналысқан, тары, бидай, бақша дақылдарын еккен. Малды құмға айдап апарған. Сырдария тасыған кезде су арықтарға құйылып, егістік солармен суарылған. Сондай-ақ ойпаң жерлер мен жыраларға жиналған су да пайдаланылған. «Қақтың суын ішкен қоңырат» деген сөз содан шыққан.

Шу өзенінің бойын Арғын болысы мекендеген, оның құрамында арғындардан басқа (700 шаңырақ) қоңыраттардың да 127 қожалығы болған.

Мойынқұмның солтүстік шетінде қоңыраттардың 130 қожалығы мекендеген.

\* \* \*

Орта жүз қазақтарының саны орыс әкімшілігінің түрлі ведомосы бойынша жасалып, төменде келтіріліп отырған кестелерден көрінеді:

Соңғы үш округ Семей облысына қараған. Ұлы жүз қазақтары тұратын, сондықтан да біз алға тартпай отырған Қапал округі де нақ сол округке кірген. Семей облысы әскери губернаторының 1866 жылғы есебінде: «облыстағы қазақтар саны — 32275 шаңырақ, мұнда ерлер мен әйелдерді қоса есептегенде шамамен 150 000-нан астам адам» екені айтылған.

Біздің есептеулеріміз бойынша, сыртқы бес округте — 295 208 адам, ал Семей облысының үш округінде 152801 адам болған.

Кіші жүздің, яғни Орынбор облысының жерінде көшіп жүрген Орта жүз қазақтарын да ұмытпаған жөн. Егер 19, 21, 22 және 26-дистанциялар арасында мекендеген Орта жүз тайпалары туралы 1851 жылғы мәліметтерді жинақтайтын болсақ, ол былай болып шығады: қыпшақтар — 2928 шаңырақ, керейлер — 1361, арғындар — 364, уақтар — 14, Орта жүз қазақтарының барлығы — 4667 шаңырақ. Ақ-

1866, 1867 жылдардағы деректер бойынша Сібір қазақтары болысының округтері мен Семей облысы округтеріндегі болыстардың, ауылдардың, шаңырақтардың, халықтың саны туралы ведомость

Округ	с а н ы				
	болыс- тад	ауыл- дар	шаңы- рақтар	еркек- тер	әйелдер
Баянауыл	12	94	12144	20822	17214
Көкшетау	17	102	17595	32403	27337
Атбасар	20	181	19922	43965	39888
Ақмола	7	43	5704	16704	16430
Қарқаралы	15	187	17356	43244	37911
<b>Жиыны:</b>	71	607	72721	157138	138780
Семей				21983	22574
Көкпөкті				33688	29892
Сергиполь (Аягөз)				24662	20002
<b>Жиыны:</b>				80333	72468
			Барлығы	237471	211248

сақалдардың ақыл-ойын басшылыққа ала отырып көшпелі қауымдардағы 1 шаңырақта 3 адам болады деп санасақ, Орынбор ведомствосының жерінде 14001 адам мекендеген.

Егер сыртқы бес округтің, сондай-ақ Семей облысындағы үш округ пен Орынбор өңірінің халқын жинақтай ой түйсек, өздерін Орта жүз руларына жатқызған қазақтар саны 462010 адам дер едік.

Сол кездің мәліметтері мен біздің есептеулерімізге сәйкес, XIX ғасырдың ортасында Орта жүз қазақтарының саны 1835 жылмен салыстырғанда 64.359 адамға кеміп кеткен. Бұл, әрине, халық санының табиғи кемуін көрсетпейді. Керісінше, Н. Е. Бекмаханованың есептеуінше, XIX—XX ғасырдың басында Қазақстанда халықтың біршама табиғи өсуі байқалған.

Сонда Орта жүз қазақтары санының кеміп кетуін немен түсіндіруге болады? Мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, халық бұқарасының патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бой көрсетуі. Мысалы, 1824—1836 жылдары Саржан сұлтан басқарған Қарқаралы және Көкшетау округтерінің стихиялы түрде көтерілген бұқарасы патша отаршыларына және оларды жақтаған аға сұлтандарға қарсы күрес жүргізді. Күрес тең болмады, оқ ататын қарулары мен зенбіректері бар тұрақты әскерлерге Саржан сұлтанның қылыш-найзалы сарбаздарының төтеп беруі қиын болды, сондықтан қазақ бұқарасының Алатаудан әрі асып, Ташкент күшбегінің жеріне көшіп кетуіне тура келді.

Ағасы Саржан мен басқа да туыстары қаза тапқан соң іле-шала атқа қонған Кенесары Қасымов бастаған 1837 жылғы Орта жүздегі көтеріліс одан да ауқымды болды. Ақмола, Қарқаралы, Аманқарағай, Баянауыл округтері мен өзге де округтердің көшпелі бұқарасы Кенесарыға қосылды. Мұндағы жеңістер де, жеңілістер де қазақтардың жашпай қоныс аударуына әкеп соқты. Орта жүз, әсіресе Арғын тайпаларының көптеген көшпелілері Кіші жүз жеріндегі Торғай өзеніне көшіп кетті. Одан кейінгі жылдарда да Орта жүз тайпаларының қауымдары өз жеріне бірде қайтып келіп, бірде патша әскерлерінің қуғынынан қашып, Кенесары Қасымовпен бірге тағы да сахараның о жақ, бұ жағына кезек ауып жүрді.

Мұның бәрі Орта жүз халқының санына әсер етпей қойған жоқ — біреулері қаза тапты, енді біреулері атамекенмен асыға қоштасты.

Орта жүз аумағынан тыс жерлерге жайылым іздеп көшіп кетудің де көрінісі аз болған жоқ: Сібірге, одан әрі Монғолияға, Қытайға, Ұлы жүз бен Кіші жүз жеріне қоныс аударды. Орта жүздегі халық санының кемуін тек осындай жағдаяттармен ғана түсіндіруге болады.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда облыстар бойынша әкімшілік-аумақтық бөлініс енгізілді (1866, 1891 жылдардағы реформалар). Орта жүз қазақтары Семей және Ақмола облыстарының құрамына енді, олар Же-

тісу облысының Лепсі уезінде, Торғай облысының Қостанай, Торғай уездерінде халықтың едәуір көпшілігі болды. Орта жүз тайпаларының өкілдері азын-аулақ топтар болып Торғай, Сырдария облыстарының кейбір уездеріне де қоныстанды.

Сонымен, негізінен Орта жүз қазақтары енген екі облыста 130 болыс, 1048 старшын, 183668 шаңырақ болған. 1889 жылғы санақ бойынша, Семей облысында — 519 887 қазақ, Ақмола облысында 466 364 адам болған, ал бір кезде Орта жүз тайпаларының иелігі болған аумақта барлығы 985 251 қазақ тұрған. 1897 жылғы санақ бойынша, халық саны көбейіп, Ақмола облысында — 682608, Семей облысында — 684590, барлығы — 1267198 қазақ тұрған.

Ресейден келген қоныстанушыларды да айтпай кетуге болмайды, олардың жартысынан көбі (52,2%) Ақмола об-

25-кесте

1888 жылғы деректер бойынша Семей облысы жөніндегі статистикалық мәліметтер

Уездер	болыстар саны	с а н ы	
		старшын	шаңырақ
1. Өскемен	11	80	15823
2. Қарқаралы	19	181	30528
3. Зайсан	15	115	21899
4. Павлодар	17	144	21877
5. Семей	19	172	26062
Барлығы	81	692	116189

**1888 жылғы деректер бойынша Ақмола облысы жөніндегі  
статистикалық мәліметтер**

Уезд	болыстар саны	с а н ы	
		старшын	шаңырақ
1. Көкшетау	8	62	11704
2. Ақмола	19	132	25870
3. Омбы	5	32	6477
4. Атбасар	9	55	12596
5. Петропавл	8	69	10832
Барлығы:		49	356
		356	67479

лысына, 10 проценті Семей облысына келді. Түрлі жылдардағы қазақтар мен келімсектер үлес салмағының өсуі мен санының өсу қарқынын білгісі келгендерге Н. Е. Бекмаханованың зерттеулеріне жүгінуді ұсынамыз.

Алайда, қарастырылып отырған облыстарда келімсектер санының өсуіне байланысты жергілікті халықтың үлес салмағы төмендегеннің өзінде қазақтар саны 1897 жылғы деңгейінен сәл кем болып қалды. Ақмола облысында 1917 жылы 524,5 мың қазақ тұрды, ал олардың үлес салмағы облыстың бүкіл халқына шаққанда, 33,03% болды. Семей облысында бұл тиісінше — 630,3 мың, 67,39%.

Сонымен, XIX ғасырдың екінші жартысы — XX ғасырдың басында қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында түбірлі бетбұрыс болған дейміз. Қазақтардың рулық-тайпалық бөлінісі ескіріп, олар қоғамның экономикалық және рухани өмірінде айқындаушы рөл атқарудан қалды. Руы, тайпасы, жүзі ендігі жерде XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағыдай үлкен мәнге ие бола алмайды. Жыл өткен сайын оның орнына көршілестік қауым орныға түсіп, белгілі бір жер учаскесін (жайылымды, егістікті) пайдалану құқығы нығайған. Көшу жолы қысқарып, маусымдық жайылымның кейбір түрлері жойылады, ең жақсы дегенде қыстаудан оған жақын орналасқан жайлауға ғана көшетін болған. Мұндай өмір салтын жартылай отырықшылық деп атауға болады, өйткені мал шаруашылығы ерекшеліктерінің өзі-ақ көшпеліні өз малын жайылымға айдауға мәжбүр етті. Бірақ жыл өткен сайын халық

шөп шабуға икемделе түсті, өйткені қыста малды онсыз жемшөппен қамтамасыз ету мүмкін емес-ті; егістік пен егіншілер үлесі көбейе берді, өйткені мал өнімдерінің өсімдік шаруашылығы өнімдеріне алмастырылуы кеми бастаған (олардың өздеріне де жетіспейді ғой), сөйтіп қазақтар өздерінің өмір сүруі үшін қосымша өнім ретінде қолөнерімен де айналысатын болды. Осының бәрі көшпелілердің XVIII—XIX ғасырдың басына тән болған жаппай көшуінің ғана емес, шағын топтары көшуінің де тоқтауында зор рөл атқарды. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ рулары мен тайпаларының орналасуын көрсеткен кезде мұқият ескерілуге тиіс басты айырмашылық осында. Қазақ қоғамының әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріндегі өзгерістерді назарға алмайынша, қазақ тайпалары орналасуының толық көрінісін беру мүмкін емес және бұл өзгерістер түрлі дәуірлер үшін нақтылай түсуді қажет етеді.

МАРАТ МҰҚАНОВ.  
тарих ғылымының докторы

ВЕНИАМИН ВОСТРОВ  
тарих ғылымының кандидаты

---

КІШІ  
ЖҮЗДІҢ  
ШЕЖІРЕСІ



Ноғай Ордасынан бөлінген қазақ тайпаларының, яғни Алшын одағының негізінде Кіші жүз бірлестігі қалыптасты. Сондықтан да Кіші жүз қазақтарын ел арасында «Кіші жүз — Алшын» атандырған. Оның құрамына — 12 ата Байұлы (адай, алшын, жаппас, алаша, байбақты, беріш, масқар, таз, есентемір, ысық, қызылқұрт, шеркеш); Жетіру (табын, тама, кердері, керейт, жағалбайлы, телеу, рамадан); 6 ата Әлімұлы (қаракесек, қарасақал, төртқара, кете, шөмекей, шекті) енеді.

*(20-21-беттер)*

## І тарау

### КІШІ ЖҮЗ\* РУ-ТАЙПАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Кіші жүздің рулық құрамы туралы алғашқы мәліметтер бізге 1748 жылдан мәлім және оны А. И. Тевкелев келтірген. Кіші жүздің рулық-тайпалық құрамын суреттей келіп, бұл жүзді ол мыналардан тұрады деп жазады: «Ірі ру Алшын, ал алшын екіге, яғни Қаракесек және Байұлы болып бөлінеді. Қаракесек бәрінен де ірі, алты рудан тұрады, атап айтқанда, олар: Шекті, Қаракесек, Шөмекей, Төртқара, Қаракете, Қарасақал... Қаракесекке қарағанда Байұлы орташа, 12 рудан тұрады, атап айтқанда олар: Адай, Жаппас, Алаша, Байбақты, Беріш, Масқар, Таздар, Есентемір, Алтын, Шықтар, Шеркес, Тана... Жетіру, яғни жеті ру Кіші жүздегі ең шағын рулар, атап айтқанда, олар: Табын, Тама, Кердері, Керейіт, Жағалбайлы, Телеу, Рамадан».

Нақ осы жерде А. И. Тевкелев жетіруға кірген рулардың бұрын бытыраңқы болып, неғұрлым күшті рулардан теперіш көріп келгенін айтады. Олар өздерін бірігу ғана сақтап қалатынын аңғарып, Тәуке ханның ақылымен, туыстық жағынан байланысты емес одақ — Жетіру болып бас қосқан. Орыс тарихшысы әрі географ В. Н. Татищев өз еңбектерінің бірінде табын руы туралы айтып өтеді.

Кіші жүздің рулық құрамы туралы келесі бір мағлұмат П. И. Рычковтың еңбегінде бар, ол былай деп жазады: бүкіл Кіші орда екі бөлікке — Алшындар мен Жетіру болып бөлінеді және «бұл ордадағы аса атақты рулар немесе аймақтар: Алшын, Адай, Масқар (Машқар), Тама, Табын, Кете, Қаракете, Шөмекей, Шекті, Жағалбайлы».

П. И. Рычков өзінің басқа бір еңбегінде де шамамен нақ осы деректерді келтіреді. А. И. Тевкелев пен П. И. Рыч-

---

\* Кіші жүз бөлімі мына кітаптан алынды: В. В. Востров, М. С. Мұқанов. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX— начало XX в.).— Алматы, 1968.

ковтың деректерін Кіші жүздің рулық құрамы туралы ең кейінгі, неғұрлым толық және дәл мағлұматтармен салыстыра келгенде, біз А. И. Тевкелевтің мәліметтеріне қарағанда П. И. Рычковтың мәліметтерінде елеулі олқылықтар бар екенін, олардың онша толық және дәл емес екенін аңғарамыз.

Егер Тевкелевтен біз Кіші жүздің барлық үш ру — Байұлы, Қаракесек (Әлімұлы) және Жетіру бірлестіктерін көрсек, П. И. Рычковта тек Алшындар мен Жетіру ғана бар. Тевкелевте Байұлы құрамында Қызылқұрт руы ғана жоқ, ал басқа екі бірлестік толық келтірілген. Рычковта он ру ғана жазылған. Онда Кіші жүздің барлық үш ру бірлестіктерінің өкілдері біріктіріліп, араластырылып жіберілген.

П. И. Рычковпен салыстырғанда А. Левшиннің мәліметтері Кіші жүздің ру құрамының дәлдігі мағынасында бір қадам ілгерілеушілік болып табылады. Ол былай деп жазады: «Кіші орда бұрын ең ірі алшын тайпаларынан және Тәуке (Тәуке хан — В. В.) жеті текті біріктірген жеті шағын рулардан тұрған. Алшындар Әлімұлы және Байұлы болып бөлінген».

Бұдан әрі ол ру бірлестіктері мыналардан тұрады деп көрсетеді: Әлімұлы алты ру — Қарасақал, Қаракесек, Кете, Төртқара, Шөмекей, Шекті; Байұлы он екі ру — Адай, Жаппас, Шеркеш, Тана, Қызылқұрт, Шық, Алаша, Байбақты, Масқар, Беріш, Таз, Есентемір; Жетіру — Табын, Тама, Кердері, Жағалбайлы, Керейіт, Телеу, Рамадан.

Н. А. Аристов та өз еңбегінде А. Левшинге сілтеме жасай отырып, Кіші жүздің ру құрамын нақ осылай береді. Алайда, Кіші жүздің ру құрамы бойынша өзімізге белгілі ең толық деректердің бәрін салғастыра отырып, біз бұл мәселені барлық зерттеушілердің Байұлы рулық бірлестігіне он екі ру кіреді дегені қате екеніне көз жеткізіп отырмыз.

Шынына келгенде, А. И. Тевкелев, А. Левшин, Н. А. Аристов және басқа зерттеушілер келтірген байұлы руларының тізімін тағы бір қарап өтсек, Тевкелевте Байұлы құрамында Алтын руы бар екенін, ал А. Левшин мен Н. Аристовта оның жоқ екенін көреміз. Оның есесіне соңғыларында Қызылқұрт руы бар да, ол Тевкелевте жоқ. Сөйтіп, Тевкелевте оның он екі руында Қызылқұрт руы жетіспейді, ал Левшин мен Аристовта он үшінші ру — Алтын руы жоқ. Байұлында он екі емес, он үш ру бар деген біздің пікірімізді жинақтаған материалдар, сондай-ақ М. Тынышбаевтың деректері толық растайды. Бір қызы-

ғы, С. А. Аманжолов өз еңбегінің бір жерінде Байұлының он екі руы бар екенін айтады да, басқа бір жерінде он үш ру туралы деректер келтіреді.

Тарихи әдебиетте Кіші жүз рулары көпшілігінің шығу тегі мен слардың этникалық жағынан қайда жататыны туралы мәліметтер өте аз. Олар негізінен Н. А. Аристовтың еңбегінде келтірілген және көбінесе жорамал сипатында болып, қандай да болсын иланымды деректемелермен дәлелденбейді. Н. А. Аристов алпындар мен Кіші жүздің басқа да көптеген ең ежелгі руларының негізі «түріктердің батыс дивлиндермен қоспасынан» басталады деп санауға бейім. Г. Е. Грумм-Гржимайло да солай дейді. В. В. Бартольд та осы теорияға толық қосылған. Бұл осылай ма, қарап көрелік.

## КЕРДЕРІ

Кіші жүз құрамына кірген ежелгі рулардың бірі — Кердері руы. Кезінде Якуп «Кердер — Хорезм аймағындағы немесе оның түріктер аймағымен шекарадағы жер» деп жазған. Осы көрсетуді негізге ала отырып, П. И. Лерх пен Н. И. Веселовский, ал содан соң С. П. Толстов та Кердер деген жерді онда ғұн-кидариттердің мекендеуімен байланыстырады және қазақтың Кердері руы атауында кидариттер этнонимі сақталып қалған деп біледі.

Бұл пікірді олар Масудидің ғұздардың, қарлұқтардың және басқа тайпалардың арасында наукерде тайпасы айтылатын төрт түрік тайпасымен күресі туралы деректерімен тиянақтайды, ал мұндағы нау — иранша «жаңа», керд — «қала» терминінің негізі. X ғасырда Арал теңізі Кердері теңізі деп аталған. Оң жағалаудағы Хорезм жағы да Кердері делінген; нақ сонда екі кердері қаласы болған. С. П. Толстов басшылық еткен Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының жұмысы барысында Оңтүстік Арал өңірінен осы қалалардың Жанкент деп аталған біреуі табылып, аршылды, бұл «Наукердтің жаңа қаласы» дегенді білдіретін. Қарақалпақтардың фольклорлық материалдарында мүйтен тайпасына кірген кердерлі руы аталады. Сірә, қазақтың кердері руы қарақалпақтың кердерлі руымен туыс және соңғылары сияқты Арал өңірінен шыққан болуы ықтимал.

Кердері руының таңбасы ♀ (Левшин, Мейер бойынша), Q (Тынышбаев бойынша) белгісі болып табы-

лады, ел арасынан жиналған деректер олардың таңбасы

Q деп көрсетеді. Таңбалардың бейнеленуінде айырмашылықтар бар сияқты болып көрінгеніне қарамастан, тұтас алғанда олар өте жақын. Кердері руының ұраны — Хожакмед (Тынышбаев бойынша), Қожахмет (Аманжолов бойынша).

## АДАЙ

Кіші жүздегі саны көп рулардың бірі — Адай руы. Маңғыстау адайларының шыққан тегі туралы нақты деректер мәрдымсыз болды. Тек С. А. Аманжолов қана адайлар, оның өзі жазғандай, Геродот пен Страбонның мәліметтеріне қарағанда, б. з. б. II ғасырдың өзінде-ақ Каспий теңізінің жағалауында мекендеген ежелгі даулардың ұрпақтары болуы мүмкін деген жорамал пікір айтқан. Сол арада ол адайлар оғыздардың «ада» (арал) — «адайлар» (аралдықтар) деген сөзінен шыққан деген нұсқасын да келтіреді. Бізге дайлар (дахтар) адай руының алыстағы бабалары деген нұсқа әбден ықтимал болып көрінеді. Осы пікірді дамыта отырып, рудың шыққан тегі көрінісін мүмкін болғанынша жаңғыртуға тырысайық. Дайлар (дахтар) туралы алғашқы мәліметтерді біз I Дарийдің Накширустемдік жазбаларынан табамыз, онда б. з. б. VI—IV ғасырларда Яксарттың (Сырдария) сағасы жағында тарадарайя немесе парадарая сақтары тұрған, дахтар солардың одағына кірген делінеді.

Геродот пен Страбонның мәліметтеріне қарағанда, біз б. з. б. V— біздің заманымыздағы I ғасырда-ақ Сырдарияның төменгі ағысында емес, Каспий теңізінің оңтүстік-шығыс жағында, яғни қазіргі Иран мен Түркіменстан шекарасындағы аймақта мекендегенін көреміз.

В. М. Массон да «Ксеркстің мерзімі б. з. б. 486—480 жылдар деп белгіленетін белгілі антидевовтық жазбаларында Ахеменидтік Персияға бағынған халықтар мен елдер арасында даһа атауы келтірілген, зерттеушілердің көпшілігі оны Страбонның дайларымен салғастырады» деп көрсетеді.

Бұл да дайлар туралы бірден-бір мағлұмат емес, С. П. Толстов «хорезмиліктердің оңтүстік-батыс және солтүстік-шығысындағы көршілері дах тайпалары болып табылады» дейді. Бұл мәліметтер де б. з. б. II—I ғасырларға қатысты. С. П. Толстовтың айтуынан дахтар Сырдарияның төменгі ағысында және ішінара Теджен өзені аңғарындағы өңірде, яғни олардың (Геродот пен Стра-

бон бойынша) б. з. б. V ғ.— біздің заманымыздағы I ғасырда мекендеген жерінде орналасқаны көрінеді.

Б. з. б. VI—IV ғасырларда Сырдарияның төменгі ағысында мекендеген дахтар III ғасырдың өзінде-ақ, Геродот пен Страбонның деректеріндегідей, ішінара Теджен өзені аңғарына қоныс аударып, қалғандары бұрынғы жерінде тұра беруі ықтимал. Дайлардың (дахтардың) Сырдарияның төменгі ағысынан оңтүстікке қоныс аударғанын Страбон да көрсетеді. Ол Аршакидтік патшалыққа орын тепкен «парна-дайлар Меотидояның арғы жағында», яғни Арал теңізінің арғы жағында «мекендейтін дайлар аймағынан шыққандар» дейді. Арал өңірі дайларының Теджен өзені бойына қоныс аударғанын С. П. Толстов та айтады. Дайлардың бұдан кейінгі тарихы бізге былайша сияқты. Кангюй (қаңлы) тайпалық одағының мейлінше гүлдеген кезеңінде (б. з. б. III ғ.— біздің заманымыздағы I ғ.) ол өзінің ықпалын Хорезм, Ферғана, Соғда аймақтарына таратқан. Осы кезеңде дайлар кангюйлердің билігіне ұшырауы ықтимал. Кангюй тайпалық одағының орнына жаңа тайпалық бірлестік — Батыс Түрік қағанаты келіп, оның құрамында өз тұтастығын сақтап қалған дайлардың күшті де саны көп тобы болған. Сонан соң (IX ғ.) дайлар тобы оғыз тайпалары одағына кірген. Тегінде, дайлардың (дахтардың) Маңғыстауға орын тебуі сол кезеңде (IX—X ғғ.) болуы мүмкін. Бұл жағынан әл-Истахридің гуздер елі туралы «Китаб Месалик-ал Меналик» деген кітабында келтірілген мәліметтер назар аударарлық. Атап айтқанда, онда былай делінген: «...Онда (Сиякух — Маңғыстау — В. В.) түрік тайпасы тұрады, олар онда гуздар (оғыздар — В. В.) мен өздері арасында туындаған араздық салдарынан жақында қоныстанған. Олар әлгілерден (гуздерден) көшіп кетіп, оны (Сиякух — В. В.) қоныс және жайылым еткен». Сиякух бұл арада арал деп көрсетілген. Гуздерден бөлініп кеткен «түріктер тайпасы» дайлар (дахтар) болуы, гуздер осы «арал» халқын адайлар деп атауы да мүмкін, өйткені гуздер (оғыздар) тілінде «арал» — «ада».

Біз, Әбілғазының мағлұматы бойынша, нақ осы кезеңде Маңғыстауда оғыз тайпалар одағының құрамына кірген түрікмен руларының пайда болғанын білеміз. Демек, түркімендер Маңғыстауға әл-Истахри айтатын, біз адайлар деп санап отырған түрік тайпасынан кейін келіп, онда солармен бірге көшіп жүрген.

Сол кезге қарай (XI—XII ғғ.) Махмұд Қашғаридің «Диван лұғат ат-түрік» деген шығармасында Маңғыстау

туралы алғашқы хабар пайда болады, онда Ман-Кашлак — гуздер еліндегі жер атауы делінген. XI ғасырда адайлар, сірә, басқа да бірсыпыра тайпалар мен рулар арасында қыпшақ тайпалары одағының құрамында болса керек. Жайылымдар мен құдықтар үшін түркімендермен шексіз қақтығыстар адайларды солтүстікке, Жем, Ойыл, Сағыз өңіріне кетуге мәжбүр етіп, олар сол жерде монғолдар келгенге дейін көшіп жүрді. XII ғасырдың басында Қазақстан аумағын монғолдар басып алған кезде, адайлар Жошы ұрпағының, яғни Алтын Орданың билігіне түсті. Алтын Орда, одан соң Ақ Орда ыдырағаннан кейін басқа рулар мен тайпалар қатарында адайлар, тегінде, Өзбек хандығының, ал кейініректе — Ноғай Ордасының құрамына кірсе керек. Қазақстанның батысында қазақтардың Кіші жүзі құрылуына байланысты оған Ноғай ордасының құрамдас бөлігі болған көптеген рулар мен тайпалар қосылды.

Жалпы тарихи сипаты жағынан, біздің ойымызша, ата-бабалары Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы дайлар (дахтар) болған адай руының пайда болу тарихы осындай.

Бұл жағынан Сырдариядағы қазақтардан жазып алынған аңыз қызғылықты. Онда былай делінген: бұрын Арал теңізі болмаған, ал Сырдария мен Әмудария Каспий теңізіне құйған. Арал теңізінің орнында адағы халқы тұрып, тасыған теңіз суы басуы салдарынан құрып кеткен. Бұл аңызда сол кезде Сырдарияның төменгі ағысында тұрып, содан соң батысқа кеткен (аңыз бойынша қырылып қалған) дайлар (адағылар) жайында айтылып отырған да болуы мүмкін.

Тағы да мынаны анықтау қалады: XIII ғасырдың басында адайлар, әлгінде келтірілген аңызда айтылғанындай, өздері кеткен Маңғыстаудан Сауран маңына қалай және қашан келген? Бәрінен де бұл өзбек хандарының өзара қырқысқан күресіне байланысты болуы ықтимал, соның салдарынан XV ғасырдың орта шенінде Керей және Жәнібек сұлтандар өздеріне бағынышты қазақтармен, соның ішінде дайлармен (адайлармен) бірге батыс Жетісуға көшіп кеткен.

Ұлы жүз рулары арасында Кіші жүз қазақтарының жекелеген бөліктерінің осы кезге дейін де бар екені кездейсоқ емес. Жәнібек пен Керей Кіші жүзге 50 жылдан кейін қайтқанымен, рулардың бір бөлігі, соның ішінде адайлар ол жерде әлі де ұзақ уақыт қалған болуы ықтимал. Тек XVIII ғасырдың басында, яғни үш ғасырдан

кейін ғана бір кездерде Қазақстанның батысында мекендеген ата-бабаларын мүлдем ұмытқан адайлар бұл жерді қайтадан апты деуге болады.

Халықтың жадында адайлардың Маңғыстауға оралуы туралы мынадай мәліметтер сақталған. Осыдан екі жүз жылдай бұрын Байұлы, Жетіру және Әлімұлы бірлестіктерінің кейбір руларының, соның ішінде адай руының қазақтары Сырдария бойында (Сауран маңында) мекендеген. Бос жерден тапшылық көрген олар бірте-бірте батысқа, Арал теңізінің жағалауына қарай жылжи бастайды. Бірнеше рубасылары, соның ішінде адай руына Қосайдың немересі Есентүгелдің Есені Жемді бетке алып, әрі қарай кетті. Онда жеткен соң олар бұл жерді қалмақтардың алып қойғанын көрді. Олар Маңғыстауда қыстап, жайлауға солтүстікке, Жемге, қалмақтар жеріне келетін түркімендермен де осында кездесті. Жем, Ойыл өңірін көшіп жүруге қолайлы деп тауып және қалмақтардың әлсіздігін пайдаланып, оларды бұл жерден ығыстырып шығарды. XVIII ғасырдың аяғында Кіші жүзде жер дағдарысының шиеленісуі салдарынан адай руы оңтүстікке Үстірт және Маңғыстау жондарына, түркімен руларының аймағына ығысуға мәжбүр болды. Рас, адайлардың кейбір топтары бұған дейін де қыс мейлінше қатты болғанда Үстіртке көтеріліп жүретін, ал XVIII ғасырда бүкіл түбек пен Үстіртті адайлар біржола қаратып алды. Түркімен руларының негізгі көпшілігі адайлардың қысымымен оңтүстікке, Қарабұғаз-Гол шығанағына қарай кетті де, үш мыңдай адам ғана адайлар арасында одан әрі көшіп жүрді.

Революцияға дейінгі және кеңестік тарих әдебиетінде адай руының генеалогиялық құрылымын ешкім жариялаған емес. М. Тынышбаев келтірген бірден-бір деректер этнографиялық экспедицияда тексерген кезде толық болмай шықты. Сондықтан біз осы арада сол рудың ру құрылымын толық келтірген жөн деп білдік.

Адай руының ұрандары — «Бекет», «Тегелен» (Мейер бойынша), ал таңба белгілері: ↗, ↓, ⌋ (Бламберг бойынша), +, ↓, √, O, ♂ (Аманжолов бойынша).

Әр түрлі деректемелерде келтірілген барлық таңбаларға талдау жасай келгенде, біз олардың шынында да сегіз болып шығатынын көреміз. Оларды өз кезегінде ұқсастығы жағынан үш топқа бөлуге болады. Бірінші топқа үш белгі кіреді: ↗, ↓, ↓. Соңғы белгі іс жүзінде ал-



ғашқы екеуімен бірдей. Олардың бәрі адайлардың негізгі таңба белгілері болып табылады.

Белгілердің басқа бір  $\mathcal{J}, \mathcal{O}, \mathcal{S}$  түрлері, сірә, адай руына басқа рулар мен тайпалардан қосылған топтардікі болса керек. Адай руының өсу үрдісі, тегінде, оның бүкіл ұзақ тарихы бойында жүрген болса керек және оны адай руының тіпті бастапқы түрінде-ақ саны көп әрі ықпалды ру болуымен, сондықтан көршілес әлсіз рулардың немесе олардың бөлігінің оған бағынуға ықылас білдіруімен түсіндіруге болады. Бұл кірмелердің кейбіреуі адай таңбасын қабылдап, кейбіреуі өз таңбасын сақтап қалуы мүмкін.

Шынында да, осы таңбалардың бәріне талдау жасау бізді  $\mathcal{J}, \mathcal{O}, \mathcal{S}$  таңбалы адайлар, айтар болсақ, 200 жылдан астам бойы адайлармен қатар көшіп жүрген табын руынан шыққандардікі деп жорамалдауға мәжбүр етеді.  $+$  және  $\nabla$  таңбаларының жөні бөлек.  $+$  таңбасы адайлардан басқа телеу, кете және төртқара руларында бар. Осы таңбалы адайлардың бір бөлігі аталған рулардан немесе нақ осындай таңбасы бар керей тайпасынан да (Орта жүз) болуы мүмкін. С. А. Аманжолов келтірген  $\nabla$  таңбасы басқа ешбір деректемеде кездеспейді. Басқа қандай да болсын қазақ руларында бұған ұқсас таңба жоқ. Оны С. А. Аманжолов қандай деректеп алғаны анық емес болып қалып отыр.

## КЕРЕЙІТ

Керейіттер туралы алғашқы деректер XII ғасырдың басына жатады. Онон, Керулен өзендерінің бойында және Бұйырнұр көлінің жағалауында, яғни Монғолия аумағында, деп жазады Рашид ад-Дин, керейіт тайпасы мекендеді. Алайда, бұл тайпа аталған уақыттан едәуір ертеректе өмір сүрген деп санау керек, өйткені XII ғасырға қарай ол Шыңғыс-ханға қарсы тұрған аса қуатты күш болған. XIII ғасырдағы керейіттер туралы мәліметтерді біз Г. Рубруктің, Плано Карпинидің, одан соң Марко Полоның жазбаларынан табамыз. Бұл арада осы тайпаның саяси тарихын қарастырып жатудың қажеті жоқ, бұл біздің міндетімізге кірмейді. XIII ғасырдың басында керейіттердің Ван-

ханы Тоғырыл қаза тапқаннан кейін керейіттердің Шыңғыс-хан билігіне көшіп, оның империясы құрамына кіргенін ғана айтып өтпекпіз. Керейіттердің қазіргі Қазақстан аумағына келуі туралы мәселенің айқын еместігі сияқты, бұл тайпаның содан кейінгі тарихы да айқын емес.

Біздіңше, керейіттерді Шыңғыс-хан талқандап, оларды монғол мемлекетінің құрамына енгізгеннен кейін олар монғолдардың батысқа жасаған жаулап алушылық жорықтарына қатысқан да, сонда мекендеп қалған тәрізді. Мұхаммед Хайдардың деректеріне қарағанда, XIV ғасырдан бастап, керейіттердің қайсыбір бөлігі Моғолстан моғолдарының құрамына кірген. XV ғасырда керейіттер өзбек тайпалар одағының құрамына, ал кейініректе қазақ халқының құрамына енген.

Ш. Уәлихановтың мағлұматтарына қарағанда, қазақ халқы құрылғаннан кейін керейіттер Ұлы жүздің құрамына кірген, ал көп ұзамай олардың негізгі бұқарасы одап бөлініп шығып, өзбек туыстарына кеткен. Керейіттердің қазақтарда қалған шағын бөлігі жетіру ұрпақтарына қосылған.

Керейіттер туралы енді Кіші жүзге кіретін ру ретіндегі келесі мағлұматты XVIII ғасырдың орта шеніндегі А. Тевкелевтен, ал содан соң А. Левшиннен табамыз. Бұл ру неғұрлым кейінгі зерттеулердің еңбектерінде де үнемі кездесіп отырады.

Керейіттердің этникалық тегі туралы мәселе өте маңызды. Бұл жөнінде зерттеушілерде бір пікір жоқ. Рашид ад-Дин өз шығармасында XIII ғасырда керейіттер түркі тілдес емес, қайта монғол тілдес болған деп көрсетеді. Нақ осы автор басқа бір жерде керейіттердің шыққан тегі туралы мәселеде оншама үзілді-кесілді айтпайды. Ол «ертеректе монғол атын алмаған» халықтар арасында керейіттер де болды деп жазады. Ал бұдан әріректе «керейіттер өздерін мақтану үшін монғолдар деп атай бастады», ал ерте кезде «бұл атауды мойындамайтын» деп көрсетеді.

Бұл пікірді былай деп түсіну керек: монғолдар үстемдік еткен кезеңде олардың бодандары, соның ішінде керейіттер де өздері монғолдар болмағанымен, жаулап алушылардың этникалық атауын қабылдаған. Ш. Ш. Уәлиханов, В. В. Бартольд керейіттерді әбден айқын монғолдарға жатқызған. Грумм-Гржимайло да керейіттердің түріктерден шыққанына күмән келтіреді. Г. Н. Потанин, Н. А. Аристов, Х. Ховорс және басқалар мүлде қарама-қарсы көзқарас ұстанды. Мысалы, Г. Н. Потанин оларды

түріктер, Шыңғыс-хан кезінде ғана «өздерінің атақ алуы үшін» монғолдар деп атай бастаған деп санайды. Бір-бірімен байланысы болмаса да, Х. Ховорс пен А. А. Аристов бір мезгілде керейіттердің түріктерден пыққаны туралы пікірге келген. Х. Ховорс өз пайымдауын керейіт хандарының түрік есімдері мен атақтарын көрсетуге негіздеген.

Керейіттердің шығу тегі туралы С. Аманжолов та соншалықты айқын көзқарас ұстанды, ол «керейлер (керейіттер — В. В.) ешқашанда монғолдар болған жоқ және монғолдар деп аталған емес» деп жазды. Ал одан әрі: «Монғолдар шапқыншылығы кезінде батысқа қоныс аударуға мәжбүр болған бөлігі (керейлердің — В. В.) керейіттер деп аталды, ал бұрынғы жерінде қалғандарының бәрі өз атауларына «-іт» жалғауын қабылдамады».

Бізге бұл мәселені шешуді екі тұрғыдан қарастыру қажет тәрізді. Біріншіден, керейіттер мен керейлерді бір тайпа деп санау дұрыс па: өйткені бір зерттеушілер оларды бір тайпа деп санауға бейім, ал басқалары олай емес. Екіншіден, керейіттердің монғолдарға немесе түріктерге жататындығы туралы мәселе біріншісімен тығыз байланысты және белгілі бір дәрежеде соған тәуелді.

Шығыстаушы Н. А. Аристов, В. В. Бартольд, М. Тынышбаев пен С. А. Аманжолов осы екеуін бір тайпа деп білді. Н. А. Аристов бұлайша балауға түсіндірме бермейді, жай ғана керейлер мен керейіттер жөнінде бір тайпа ретінде айтады. В. В. Бартольд та нақ солай істейді. М. Тынышбаев болса, неғұрлым сақ, өйткені керейіттер керейлердің Шыңғыс-ханнан қашу кезінде бөлініп шығып, батысқа кеткен бөлігі болуы мүмкін деп жазады. М. Тынышбаев сияқты С. А. Аманжолов та жоғарыда өзіміз көргендей, керейіттерді керейлердің бір бөлігі деп есептейді.

Керейіттер туралы айта келіп, Х. Ховорс оларды керейлермен ешбір байланыстырмайды. Грумм-Гржимайло керейлер — цюй-линь, ал керейіттер — кэле (хэре) деп аталатын «Цзинь-Ляо Юань саны-ши-юйцзе» («Цзинь, Ляо және Юань әулеттерінің тарихтарында кездесетін байырғы халық атауларын түзетулер сөздігі») сияқты деректемеге сілтеме жасай отырып, оларды әр түрлі тайпалар деп санайды.

М. Тынышбаев пен С. А. Аманжоловтың батысқа кеткен керейлер керейіттер деп атала бастаған деген пікірін, біздің пікірімізше, онша дәл емес дегеннен бастайық. Біз деректемелерден шығыста, атап айтқанда, Монғолияда

да керейіттер мекендегенін білеміз. Біздің бұрын көрсеткеніміздей, бұл жөнінде Рашид ад-Дин, Рубрук, Марко Поло және П. Карпини айтады. «Қасиетті аңызда» (§ 96, 104, 105, 126 және басқа) керейіттер (кэленти) туралы айтылады. Басқа да бірқатар деректер мұны айқын дәлелдейді. Мәселен, «Юаньшиде» Он-ханның серігі Хасан кэ-ле-я (керейіт) тайпасынан шыққан делінген. Керейіттер — кэлен туралы «Синь Юаньшиде» де айтылады. Демек, керейіттердің Шыңғыс-хан талқандап, батысқа кеткен керейлерден шыққандар болуы мүмкін емес, өйткені олар Монғолияда сонау XII ғасырда, мүмкін, одан да бұрын болар, мекендеген.

Керейіттердің болғаны және олар мекендеген жер жөнінде Н. Д. Мартин хабарлайды, ол керейіттер Толе, Орхон, Онгон өзендері бойынша көшіп жүрген және шығысында наймандармен шектесіп жатқан деп жазады. Біз Н. Д. Мартиннің керейіттер мекендейтін жер деп Рашид ад-Дин айтқан жерлерді атайтынын көреміз. Бұл пікірді «Юаньши» де растайды, онда «Ван-хан алқашқыда (бір кезде) осы жерлерде тұрды» делінген. Бұл арада Енисейдің оңтүстік-батысында, қырғыздардың оңтүстік-шығысында, Танну-Оланың солтүстігінде жатқан Цзяньчжоу — Кемчжаут аймағы айтылып отыр.

Сонымен, бізге белгілі деректемелердің бәрінде керейлер емес, керейіттер туралы айтылады. Бұдан пығатыны: көптеген зерттеушілердің айтып жүргеніндей, керейлер мен керейіттерді бір деп санауға, керейіттер керейлердің «батысқа кеткен» бөлігінен шыққан деп есептеуге болмайды.

Біз X—XIII ғасырларда керейлер болған жоқ, керейіттер болған, олар өздерін Шыңғыс-хан талқандағанға дейін ертедегі феодалдық күшті мемлекет еді, ал «олардың көсемдері құдіретті патшалар болған» деп саваймыз. Керейіттерді Шыңғыс-хан талқандағаннан кейін олардың бір бөлігі Ертістің төменгі ағысын бойлай қашып, оның мүмкін болған жерінде орын тепкен. Керейіттердің бір бөлігі Ертістің батыс жағына, содан соң одан да әрі қарай бет алған. Олардың көбісі өздерімен көршілес Алтай халықтарының құрамына кірді. Бірқатары тіпті басқа халықтардың құрамында да өздерінің бастапқы этникалық атауын сақтап қалған. Керейіттердің Ертіс бойымен, содан соң Солтүстік Қазақстан даласына кеткен бөлігі өз атауындағы «-іт» жалғауын жоғалтып, «керей» деп атала бастаған да, содан соң дербес керей тайпасы ретінде қазақ халқының құрамына кірген.

Керейіттерді біз доолос тайпасы қырғыздарының арасынан да көреміз. XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басында Кіші жүзге кірген керейіт руының шыққан тегі туралы мәселе бізге қысқаша алғанда осылай сияқты.

## ШӨМЕКЕЙ

Шөмекей руының да тарихы едәуір ертеден келеді деп санау керек. Н. Аристов пен Г. Грумм-Гржимайло шығыс деректемелері негізінде оларды VI ғасырда Барлық пен Тянь-Шань арасында мекендеген, шу тайпаларына жатқан чу-му-гувь тайпасының ұрпақтары деп санайды. Өкінішке қарай, бізде бұл рудың тарихы жөнінде қандай да болсын басқа бір деректер жоқ, сондықтан Н. А. Аристовтың болжамын қабылдаймыз. Шөмекей руы туралы алғашқы анық мәліметтер орыс деректемелерінде бар және XVIII ғасырдың Шөмекей руы туралы келесі мағлұмат П. И. Рычковта бар, ол бұларды «осы ордадағы аса атақтылар» деп санаған.

Чу-му-гувь тайпасының VI—VII ғасырларда дулаттардың (Ұлы жүз) ата-бабасы болған дулу тайпалар одағына кіргені мәлім, алайда шөмекей руының таңба белгілері де, ұраны да олардың туыстығын дәлелдемейді. Сонымен бірге шөмекейлердің негізгі таңбасы  $\Lambda$  (Аманжолов бойынша) немесе  $\nabla$  (Гродеков пен Тынышбаев бойынша) жалпы алшындардың  $\Lambda$  таңбасына (әсіресе біріншісі) ұқсас. Бұл шөмекей руының алшындар құрамына ерте кезден енгенін дәлелдейді. Осыған байланысты бұл рудың шыққан тегі туралы А. Левшиннің біршама аңғал түсінігі ықылас қоярлық. Ол былай деп жазады: «Кіші орданың шөмекей руы бұрын қырғыз-қазақтарға жатпаған... өз атауын олар Шыңғыспен жауласқан кезде одан бөлініп шығып, өзін жақтаушылармен бірге қазір Орта орда алып жатқан жерге келген өз ханы Шөмекейден алған деп санайды. Оның ұрпағы Аю-Сырым Сарысу өзенінің төңірегіне не болып алып, өзінің жалғыз мұрагер қызын Әлімнің (Әлімұлы ұрпағының бабасы) ұлына күйеуге берген, содан барып оның бодандары қырғыз-қазақтармен біріккен».

Шөмекей руының басқа бір таңбасы  $\succ$  (Н. Мейер мен Аманжолов бойынша), біздің төменде көретініміздей, Кіші жүздің Қаракесек руының таңбасына жақын. Шөмекей руының ұраны — Дойт (Гродеков, Тынышбаев және Аманжолов бойынша).

М. Тынышбаев жазып алған шежіре мен ел арасынан жиналған мәліметтердің деректері бойынша, Шөмекей руының көнек, тоқа, аспан және бозғұл деген төрт тармағы бар. Т. А. Жданко келтірген аңыздарға қарағанда, біз қарақалпақтар арасынан Шөмекей руынан шыққан, анна, құйын, әйтеке және шеруші руларының бабасы болған Тәлке есімді көсемнің бар екенін көреміз.

Жоғарыда біз шөмекей рулары таңбаларының бірі, атап айтқанда,  $\Sigma$  таңбасы қаракесек руының таңбасына ұқсас дедік. Бізге белгілі тарихи әдебиеттерде Кіші жүзге кіретін Қаракесек руы туралы мәліметтер жоқ. Сонымен бірге Орта жүзде аса ірі тайпалардың бірі (арғын) құрамында Қаракесек руы бар. Кіші жүздің Қаракесек руының өкілдері Орта жүздің қаракесектеріне туыс деп жорамалдауға болады. Кезінде Н. А. Аристов та осындай пікір айтқан. Кіші жүз қаракесектерінің таңбасы —  $\Omega$

## КЕТЕ

Әлімұлы ұрпағында Кете руы бар. Бұл ру туралы алғашқы мәліметтер XII ғасырға қатысты, онда қидандарға бағынышты, 1120 жылы бекзадалары Елюй-Дашы қоластына жипалып, содан соң қараханидтерге қарсы жорыққа қатысқан 18 тайпа арасында кити (hi-ti) тайпасы айтылады. Біршама кейініректе, Мүбәрәк-шах тізімінде келтірілген тайпалар арасынан біз хита тайпасын көреміз, ол қазіргі кетелердің ата-бабасы болуы мүмкін. Кете руы туралы келесі ретте Кіші жүз руларының 1748 жылы А. Төвкелев жасаған тізімінде айтылады. Кете руының этникалық тегін айта келгенде, бұл мәселеде бір пікір жоқ екенін көрсету қажет. Г. Грумм-Гржимайло олардың тегі аралас, дивлиндер мен түріктердің, угро-финдердің (остяктардың) және алтайлықтардың буданы деп санаған. Мүбәрәк-шах оларды түріктерге жатқызады. Бізге ертедегі кете (hi-ti) тайпасы негізінде түріктер болған тәрізді.

Рудың таңба белгілеріне зерттеушілер назар аудармаған: ол Левшинде де, Гродековта да, Тынышбаевта да жоқ. «Қазақ ССР тарихы жөніндегі материалдарда» ғана ру тармағы қаракетенің  $\times$  таңбасы келтірілген. Ел арасынан жинаған мәліметтер кете руының таңбасын анықтауға мүмкіндік берді. Ол мынадай белгі + Егер бұл белгілі ру тармағы қаракетенің екінші белгісімен

салыстырсақ, біз олардың бірдей және тек түрліше орналасқан айқыш сызықты таңба екенін көреміз.

## БАЙБАҚТЫ

Біздің ойымызша, Байбақты руының тарихы өте қызықты. Айтар болсақ, Кіші жүз руларының көпшілігі сияқты, бұл рудың да шығу тарихы осы уақытқа дейін айқын болмай қалып отыр. Байбақты руының шежіресін қарастыра келгенде, тоқсаба оның төртінші ұрпағы болып келетінін көреміз. Осыған байланысты XV ғасырдағы орыс деректемелерінде және Бейбарыс (>) пен Ибн-Халдуңда бар ертедегі қыпшақтардың тоқсаба руы туралы мағлұмат қызықты, онда тоқсаба руы бірінші болып көрсетіледі. Бұл жайт бізге бүкіл байбақты руы болмаса да, оның әлде бір бөлігі ертедегі қыпшақтардан шыққан деп жорамалдауға мүмкіндік береді, оның үстіне неғұрлым кейінгі кездегі қыпшақтарда тоқсаба руы жоқ. Басқа да көптеген қыпшақ тайпалары сияқты, тоқсабаның кейіннен Кіші жүз құрамына, ал бір бөлігі ішінде қыпшақ руы бар қарақалпақ халқына енгені анық; соңғыларының ұраны Тоқсаба болып табылады.

Ал рудың жаңа атауы (байбақты) шынында да жиі жорамал болып келгеніндей, кейіннен пайда болуы мүмкін. Ертедегі деректемелерде Байбақты руы туралы айтылмауы, бәлкім, осымен түсіндіруге болар. Байбақты руының таңба белгілері: >, >, >, > және J (Тынышбаев бойынша). И. Мейер де бір ғана J белгісін келтіреді. Таңбалардың осы әр алуан түрін мұқият қараған кезде олардың бәрі бірдей ұқсас екені және біреулерінде кішкене сызықшалардың негізгі сызыққа тік бұрышпен, ал басқаларында қиғашталып келуімен ғана ерекшеленеді. Байбақты руының ұраны — «Дәуқара», бізге Н. И. Гродеков пен М. Тынышбаевтың деректері бойынша ғана мәлім.

## МАСҚАР

Тарихи әдебиетте Масқар руының да шыққан тегі беймәлім. Біздің ол туралы ғылыми ізденістеріміздің бәрі ешнәрсе бермеді деуге болады. Біз ден қойған бірден-бір дерек мынадай. Батыс Монғолия халықтарының арасында хотондар (дорбет тайпасының бір бөлігі) тұрған. А. Н. Самойлович оларды түріктер деп санаған. Хотондардың өздері де өздерін түріктер деп санайды. Потанин жазып алған хотондардың жеті руының арасында мас-

қар руы кездеседі. Осы түрік руының бір бөлігі батысқа кетіп, сонан соң өз атымен қазақ халқының құрамына қосылуы әбден мүмкін. Масқар руында қырық-садақ бөлімшесі бар. Қарақалпақтар тайпасының кендеклі руы, өзбек — локайлар бөлімшесі және шанышқылы тайпасының бір руы да (Ұлы жүз) дәл солай аталады.

Масқар руының, Кеппен пайымдағандай, үш емес, құттықадам және масақ деген екі тармағы бар. Рудың таңбасы — (Левшин, Гродеков, Мейер бойынша). Ұраны — «Қаратай» (Тынышбаев бойынша); Кеппен «Майлыбай» деп атайды, бірақ бұл дұрыс емес.

## РАМАДАН

Ерте кезеңдегі Рамадан руы туралы біздің қолымызда тарихи дерек жоқ. Ол туралы алғаш рет Кіші жүз руларының 1748 жылы А. Тевкелев жасаған тізімінде айтылады. Содан соң ол А. Левшиннің деректері мен басқа да материалдарда кездеседі. Жорамалдау тұрғысынан болса да туыстық байланыстарды, демек, ішінара рудың шығу тегі мәселесін де анықтауға мүмкіндік беретін бірден-бір нәрсе таңба мен ұран болып табылады. Рамадан руының таңбасы ♀ (Гродеков пен Тынышбаев бойынша), ұраны — «Дулат». Бұл таңбаны қарау бізді Ұлы жүзге әкеледі, онда дулат және албан тайпаларының кейбір руларындағы таңба Рамадан руының таңбасымен өте ұқсас. Оның үстіне Рамадан руы ұранының Дулат аталуы да дулаттардың немесе оларға туыс албандардың әлдебір бөлігі бөлініп, қазіргі Қазақстанның батысына барған да, содан соң Кіші жүздің құрамына дербес ру ретінде кірген, сөйтіп өз ата-бабаларының таңбасын, ұран ретінде Дулат атын сақтап қалған болуы мүмкін деген жорамал болуы ықтимал және мұның бірлі-жарым жағдай емес екенін Кіші жүздің басқа бір өте ірі руы — Табын руының құрылу тарихы растайды.

## ТАБЫН

Осының алдындағы ру сияқты, ол туралы да алғашқы деректерді біз А. Тевкелевтен ғана кездестіреміз. Ел арасынан жинаған мәліметтер мен Тынышбаев келтірген табын руының жаманкерей, бозым, бегім және қайырқожа деген төрт тармағы бар.



Табындардың таңба белгілері әр түрлі. Жалпы ру таңбасы ○ (тостаған); сонымен бірге табындарда тағы да ♀ (шөміш, шөмішті-табын тармағында), ♀, ≡ (тарақ, тарақты-табын тармағында) және | (әліп) таңбалары бар. Жалпы рудың таңба белгісін салғастыру бізді тағы да дулаттарға (Ұлы жүз) әкеледі, оларда да жалпы тайналық белгі дәл осындай, ал ♀ және ♀ белгілері дулаттардың кейбір руларының таңбалары мен албан тайпасының таңбасынан еш айырмасы жоқ. Табын руы Ұлы жүзден шыққан деп жорамалдауға болады. Бұған дәлел ретінде табын руында да, албан тайпасында да бозым руы бар екенін көреміз. | (көсеу) таңбасы қаңлы тайпасының (Ұлы жүз) таңбасына, ал ≡ (тарақ) таңбасы нақ сол жүздегі жалайыр тайпасының таңбасына ұқсайды. ≡ және ≡ тарақ таңбасының жалайыр тайпасынан шыққандардікі екенін табын руы шежіресі нұсқаларының бірі көрсетеді.

Табындардың тегі аралас екенін оларда бірнеше ұран болуы да көрсетеді. Гродековте бар мәліметтер бойынша, Сырдария табындарының ұрандары — «Серке» және «Тостаған», ал ел арасынан жинаған мәліметтер бойынша, батыс табындарының ұрапы — «Алаш». С. И. Руденко өз еңбектерінің бірінде монғолдарға дейінгі уақытта, аңыз бойынша, башқұрттар он екі руға бөлінген деп жазады. Бұдан әрі ол осы рулар, ішінде табындар да болған деп көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін, сондай-ақ С. И. Руденконың деректемесін ескере келгенде, табын руының тарихын былайша негіздеуге болады. Монғолдардың шапқыншылығынан көп бұрын қазіргі Батыс Қазақстан мен Оралдың арғы жағындағы далаларда басқа тайпалар мен рулар арасында сол кезде-ақ жергілікті табын тайпасы болып, ол саяси немесе экономикалық сипаттағы әлдебір жағдайлардың әсерінен бөлініп кетуі ықтимал. Оның бір бөлігі солтүстікке, қазіргі Башқұртстан аумағына барып, Иби Фадман айтқан Башқұрт халқының құрамына кірген.

Монғолдарға дейінгі уақыттың өзінде-ақ башқұрттар құрамына табындардың енгенін біз бұдап бұрын көрсеткенбіз. Алайда табындардың көпшілік бөлігі өз жерінде қалып, монғолдардан кейінгі кезеңде руының атын

сақтап қала отырып, Ұлы жүз тайпаларынан шыққандарды өз құрамына қабылдаған болуы мүмкін. Ал ұлыжүздіктердің қосылған бөлігі олардың ру атын қабылдап, оларға өз таңбаларын берген. Табын руының едәуір бөлігі, атап айтқанда, бозым (төртұл) Орта жүздің керей, найман және арғын сияқты ірі тайпаларының құрамына енген, олардың арасында төртұл және өзбектер құрамына енген (локайлар) да аталады.

## ТАЗ, ТЕЛЕУ

Таз және Телеу руларында да осындай жағдай орын алған болса керек. Таз және Телеу атын біз бірінші рет А. Тевкелевтен кездестіреміз. Алайда, мұның өзі бұл рулар XVIII ғасырда ғана пайда болды деген сөз емес. Табындар сияқты, бұл екі ру да башқұрттар құрамына кіреді, дегенмен де олардың тайпалар мен рулар құрамында қазіргі Қазақстан аумағында мекендеп, әлде бір бөлігі ғана башқұрттарға кеткені күмәнсіз. Мұның қашан болғанын айту қиын. Таз (тазлар) руының құрамы абдал, шарғы, жастабан деген үш тармақтан тұрады.

Мұнда абдал тайпалық атауы зор ықылас туғызады, оның тұптамасы IV—V ғасырларда, яғни эфталдар (эфталиттер) дәуірінде жатыр, олардың атауынан А. Ю. Якубовский түркімен абдалдарының бабаларын көреді. Қазақ және түркімен абдалдарының бір кезде ірі болып, екі бөлікке бөлінген, бірі түркімендерге қосылып, содан соң түркімендер арқылы қазақтардың құрамына енген эфталиттер тайпасының қалдықтары болуы да әбден мүмкін. Сонымен, эфталиттер түркімендердің ғана емес, Кіші жүз қазақтары абдалдарының да арғы бабалары болып табылады.

Түркімен абдалдары XIX ғасырда-ақ Маңғыстауды мекендеген. Бұл арада жай ғана сәйкес келу екенін немесе мұның қазақтардың Таз руына қосылған абдал руының шынында да әлдебір түркімен тобы болғанын айта қою қиын. Мұның осындай болуы да ықтимал, өйткені XVIII—XIX ғасырдың өзінде-ақ түркімен рулары, соның ішінде сол кезде Маңғыстау мен Үстіртте қыстап жүрген абдал руы жаз жайлауы солтүстікке көшіп, онда қазақ руларымен жанасып жатқан. Ал қазақ рулары да қыс өте қатты болған кезде оңтүстікке барып, онда түркімендермен көрші қоныстанған. Оның үстіне таз руы әрқашанда Жайық өзенінің төменгі ағысын және Каспий теңізінің жағалауын бойлай, Гурьевтен оңтүстік-шығыс жағындағы жерлерді мекендеген.

Абдал руы дегеніміз өзбек-ноғайлар. Таздар руының сарыбағыш атты қырғыз тайпасының құрамында болу фактісінің де қызықты болуы күмәнсіз. Таз руының таңба белгісі — ' ↷ жауыпгерлік ұраны — «Бақай».

Телеу руында әжіахмет, ноғай, самат және керейлі деген төрт бөлімше бар. Рудың таңба белгілері † ' † (Гродеков бойынша), ұраны — «Тұлпар» және «Арғымақ». Башқұрт халқын қоспағанда, Телеу руы өзбектер құрамында да бар. оның бір бөлігі, сірә, XVI ғасырдың басында Шайбани ханмен бірге кеткен болса керек.

## ҚЫЗЫЛҚҰРТ

Біз бұл руды Кіші жүз құрамында алғаш рет А. Левшиннен кездестіреміз. М. Тынышбаев келтірген шежіре бойынша, біз қызылқұрт руында емірей, олжашы, ерші деген үш тармақ болғанын көреміз. Бламбергтің материалдары мен ел арасынан біз жинаған мәліметтерге қарағанда, онда үшеу емес, қайта төрт тармақ кездеседі. Жоғарыда аталғандарынан басқа тағы да төртінші тармақ — сүбе (саба) бар, мұны біз ең дұрысы деп санаймыз.

Қызылқұрт руының таңба белгісі . † (Мейер бойынша), † (Тынышбаев және архив материалдары бойынша), ұраны — «Жиенбай». Таңбалардың әр түрлі болуы бұл рудың шыққан тегінің аралас екенін дәлелдейді. Ал оған қандай компоненттер кірген?

Бұл жөнінде ең алдымен тым болмағанда қызылқұрттың тармақ ретінде Кіші жүздің тама руында бар екені және дәл сондай тармақтың ысты тайпасының (Ұлы жүз) ойық руында бар екені бойынша пікір айтуға болады. Бұл ретте олардың соңғылармен тіпті таңбасы да ұқсас — † (көсеу).

Бұл екі жайт Қызылқұрт руы ысты тайпасынан шыққан және оның бір кезде бөлініп кеткен бөлігі Тама руына тармақ ретінде қосылған деп кейбір анықтық үлесімен жорамалдауға мүмкіндік береді. Әрине, бұл ру қалыптасуының басқа нұсқалары да болуы мүмкін, өйткені оның шыққан тегі туралы біздің қолымызда анық мәліметтер жоқ, бірақ қандай жағдайда да Қызылқұрт, Тама және Ысты арасында туыстық барын теріске шығаруға болмайды. Қырғыздардың сару тайпасында, жетауру бөлімшесінде қызылқұрт руы ұшырасады. Этнонимдердің сәйкес келуі кездейсоқтық па, әлде олардың туыстығын

дәлелдей ме — қазір мұны айту қиын. Бұл — болашақтағы зерттеулердің мәселесі.

Қызылқұрт руының басқа таңбалары ең алдымен басқа рулардан, атап айтқанда, таңбасы У болып табылатын байбақты руынан, таңбасы Ё болып табылатын масқар руынан және т. б. шыққандар да бар.

## ТАМА

Тама руының шыққан тегі тарихи әдебиетте ешқандай көрініс таппаған. Орыс деректемелерінде тама руы туралы алғаш рет 1748 және 1762 жылдарда айтылады. Ол жөнінде А. И. Тевкелевтің тізімінде және П. И. Рычковта, сонымен қатар Ларионовтың рапортында да кездеседі.

Бұл рудың неғұрлым ертеректегі тарихын анықтау үшін, біздің ойымызша, Рашид ад-Диннің монғол тайпаларының ішінде баргу-бурут бөлімдерінің бірі Енисейдегі қырғыздар арасында мекендеген тума (тумәте) болғаны туралы мағлұматы қызықтырарлық болып табылады. Жорамал ретінде бұл тума — тама руының ата-бабалары болып табылады деп санауға толық мүмкіндік береді. Және де бұл арада мәселе үндестікте болып отырған жоқ, қайта туманың қазіргі қырғыздарда да, наймандар арасында да кездесетіндігінде болып отыр. Қырғыздың сару тайпасы арасында ахынай (ақынай) руы бар, оның тегі қазақтардан шыққан делінеді. Шынына келгенде, қазақтың тама руында да ахынай бөлімшесі бар. Тумалардың әлдебір бөлігінің дербес ру ретінде алшындар құрамына енуі әбден мүмкін.

Тама руының шежіресін қарастыра келгенде, біз онда есенгелді, жабыл және жоғы деген үш тармақ бар екенін көреміз. Рудың таңба белгісі: || — қос әліп (архив деректері, Гродеков, Мейер және басқа деректемелер бойынша). Тамалар таңбасы қазақтың қыпшақ тайпасының таңбасынан еш айырмасы жоқ екенін атап өту керек. Оның үстіне Тама руы ертедегі қыпшақтардың ежелгі жерінде, яғни Оңтүстік Оралда, Жайық және Тобыл өзендерінің жоғарғы ағысында үнемі мекендеп келген.

XIV—XVI ғасырларда батыр Шора бастаған тама тайпасы Дешті-Қыпшақта, Қазақ хандығының, Ноғай ордасының саяси өмірінде зор рөл атқарды. Осының бәрі тамалардың Дешті-Қыпшақпен тығыз байланысын, олардың қыпшақтармен этникалық жағынан туыс екенін көрсетеді. Тама руының ұраны — «Қарабура».

## ЖАППАС

Жаппас руы Кіші жүздегі ірі рудың бірі болып табылады. Өкінішке қарай, тарихи деректемелерде бұл ру туралы ерте кездегі деректер жоқ. Кіші жүз құрамындағы Жаппас руы туралы алғашқы рет айтқан да сол А. Тевкелев. Кіші жүздің П. И. Рычков келтірген «аса белгілі» руларының арасында жаппас аталмайды. Орынбор шекара комиссиясының шенеунігі Ларионовтың 1829 жылға қатысты рапортында және А. Левшинде бұл ру туралы айтып өтеді.

Ең кейінгі жазбаша деректерде Кіші жүз бен Бөкей ордасының құрамдас бөлігі ретінде бұл ру Небольсинде, Ханыковта, Бламбергте, Кеппенде және басқаларында үнемі кездесіп отырады. Ол туралы архив материалдарында да мағлұматтар бар. ХІХ ғасырдың екінші жартысы — ХХ ғасырдың басындағы деректемелерге қарағанда, рудың құрамына тоғыз бөлімше кірген, олар: шолтақ, сумұрын, бесбалуан, баймұрат, онғұт, қаракөз, киеке, ыстық және өтеп. Кеппен — жеті, ал Небольсин алты бөлімшені ғана келтіреді.

«Қырғыздардың жер пайдалануы жөніндегі материалдар...» мен біздің ел арасынан жинаған мәліметтерімізде ру бөлімшелерінің түрлі саны келтіріледі. Бұл арада мәселе мынада: Жаппас руы, дұрысырақ айтқанда, оның бөлімшелері орасан зор аумаққа бытырап кеткен. Бұдан әрі көретініміздей, олар Торғай облысының әр түрлі уездерінде, Бөкей ордасының, Сырдария және Орал облыстарының аумағында мекендеді.

В. В. Радлов та Жетісудағы Жаппас руы туралы Үлкен орданың батыс қанатына енді-міс деп хабарлайды. Бұл жағдайда В. В. Радлов Қапал уезі жалайырларының арасында мекендейтін, бірақ, әрине, Ұлы жүз құрамына ешбір кірмеген осы ру шаруашылықтарының саны болмашы екенін айтып отыр. Сондықтан зерттеушілер мен саяхатшылардың белгілі бір жерді мекендеген ру бөлімшелерін көрсеткені түсінікті, ал ру құрамының толық көрінісін осы материалдардың бәрін салыстыра отырып қана жаңғыртуға болады.

Біздің 1960 жылы ел арасынан жинаған мәліметтеріміз рудың мейлінше дәл құрамын береді, айта кетелік, оны М. Тынышбаевтың деректерімен бірдей деуге болады. Алшақтық мынада ғана: бізде тағы да күшік (қошық) бөлімшесі бар да, ол М. Тынышбаевта жоқ. Жаппас руының таңба белгісі: Z, C, 4, ұрандары — «Баймұрат» және «Бақтыбай» (Бламберг).

## ТӨРТҚАРА

Төртқара руы туралы да біз бірінші рет А. Тевкелевтің деректерінен білеміз. Соған соң бұл ру А. Левшинде айтылады. Барлық деректерге қарағанда неғұрлым соңғы кезеңде Төртқара руы Кіші жүздің Әлімұлы ру бірлестігінің құрамында үнемі кездесіп отырады. Рудың таңбасы + (Гродеков, Мейер, Аманжолов бойынша) және +, | (Тынышбаев бойынша); ұраны — «Алдияр» (Гродеков бойынша) және «Айыртау» (біздің мәліметтеріміз бойынша).

Бұл рудың шыққан тегі туралы мәселеге қайтып орала отырып, осының алдындағы сияқты Төртқара руының да жақында (ерте дегенде XVI—XVII ғғ.) пайда болғанын және біздіңше, оның негізгі көпшілігі әлдебір белгісіз себептермен найман тайпасынан (матай руынан) бөлініп шыққан тәрізді, өйткені оның құрамында да төртқара бөлімшесі бар. Рудың бір бөлігінің керей тайпасынан шыққаны күмәнсіз, оның таңбасы олардың таңбасымен бірдей. Басқа, неғұрлым ұсақ компоненттерінің болуы да ықтимал.

## БЕРІШ

Кіші жүздің саны ең көп руларының бірі беріш руы болып табылады. П. Кеппеннің деректері бойынша (1851 ж.) Бөкей ордасында ғана оның 3600 шаңырағы болғанын, бұл (әр шаңыраққа 5 адамнан деп есептегенде) 18 мың адам екенін айтудың өзі жеткілікті. Бізге белгілі деректемелерде бұл ру бірінші рет Кіші жүз қазақтарының рулық-тайпалық құрамының А. И. Тевкелев жасаған тізбесінде 1748 жылы ауызға алынады. Беріш руы шенеунік Ларионовтың 1829 жылға қатысты рапортында да, А. Левшин келтірген рулар тізімінде де айтылады. Неғұрлым кейінгі деректемелерде (соның ішінде архивтерде, сондай-ақ әдебиетте де) бұл ру үнемі кездесіп отырады. Рудың мынадай тоғыз бөлімшесі бар: жайық, есенғұл, қаратоқай, құлкеш, бегіс, есен, жаңбыршы, себек, басқасқа. Н. Ханыков пен М. Тынышбаев келтірген мәліметтерден айырмашылығы, бұл деректерді дұрыс деп санаймыз.

Алайда, бұл рудың өзімізге белгілі барлық шежірелерінен оның бірқатар бөлімшелерінің негізін қалаушы Байбақты болып табылады. Байбақты руының шығу тарихын қарастыра келіп, біз оның тегі, сірә, қыпшақ тайпасынан (Орта жүз) басталуы мүмкін деп анықтадық.

Беріш руында байбақтының болуы негізінен алғанда бір кездерде байбақтылардың бір бөлігі одан бөлініп шығып, дербес руға айналғанын дәлелдейді. Осылайша, байбақты және беріш руларының жақындығын анықтай келіп, біз беріш руының өзі де қыпшақ тайпасынан шыққан деп едәуір дәрежеде анық пайымдай аламыз. Бұл пікірдің дәлелін біз С. А. Аманжоловтан табамыз, ол араб жазушысы әл-Айнидің деректеріне сілтеме жасай отырып, «мысыр» (мамлюк) сұлтандары Бейбарыс (1260—1279) пен Қалауын (1274—1290) біржолғы руынан шыққан қыпшақтар болған дейді. Мұның үстіне олардың біреуі берген айғақ былай деп жазылған: «Мен түріктердің беріш руының ұлымын». Біз қазір С. А. Аманжоловтың X—XI ғасырларда қыпшақтардың бір бөлігі батысқа бет алып, Мысырға дейін барғаны туралы пайымдауын дәлелдеуге немесе теріске шығаруға бармайық, бұл біздің міндетімізге кірмейді. Бірақ қыпшақтың беріш руы туралы ауызға алынуының өзі бұл рудың (берч-беріш) XII—XIII ғасырлардың өзінде-ақ болғанын және қыпшақтар құрамына енгенін дәлелдейді. Осының бәрі біздің Байбақты және Беріш рулары туыс, демек, олардың екеуі де қыпшақтар тайпасынан шыққан деген пікірімізді растайды. Беріш руының құрамында бессары бөлімшесі бар. Бессары руы қарақалпақтардың қытай тайпасы руларының арасында да ұшырасады.

Беріш руының таңба белгісі  $\int$  (Гродеков, Аманжолов, Кешпен, Ханыков бойынша). Бұл таңбаны біз әулеттік меншік заттарынан ғана емес, сонымен қатар ру өкілдерінің құлпытастарынан да кездестірдік.

### ШЕКТІ

Кіші жүзде Шекті руы өте ірі және саны көп ру болған. Ол туралы ертеректегі мағлұматтарды таба алмадық. Шекті аталатын бұл ру алғаш рет XVIII ғасырдың ортасынан бастап орыс деректемелерінде Әлімұлына кіретін ру ретінде айтылады. Ол туралы П. И. Рычков пен А. Левшинде де мәліметтер бар. Біздің бірқатар хабарламашылардың айтуымен жазып алған шежіреміз бойынша, Шекті руы айт, бұжыр, орманбай, жақайым, ожырай, байкөбек, жанқылыш және орыс деген сегіз бөлімшеге бөлінетіні көрінеді.

М. Тынышбаев келтірген шежіре бойынша, Шектінің арыс, баубек және жақайым деген үш бөлімшесі ғана бар. «Қырғыздардың (қазақтардың — Ред.) жер пайдалануы жөніндегі материалдарда» келтірілген шежірелер

біздің мәліметтеріміздің дәл екенін растайды, дегенмен, мұнда да алшақтықтар бар.

«Қырғыздардың (қазақтардың — Ред.) жер пайдалануы жөніндегі материалдарда» біз айтқан сегіз бөлімшеден басқа тағы да жекей және шірен деген екі бөлімше көрсетілген. Шынына келгенде, олардың екеуі де бұжырда тарайтын келесі буынға жатады.

Шектінің рулық таңбасы — Ч. Рудың таңбалары туралы «Қазақ КСР тарихы жөніндегі материалдар» неғұрлым толық түсінік береді, онда он екі белгі келтірілген, олар: Ч, Ч, Р, К, <, <, <, Ч, Ч, Ч, Ч, Ч, Ч, Ч.

Бұл белгілерді салыстыра келгенде, біз олардың көпшілігінде тек ұсақ-түйек айырмашылықтар бар екенін көреміз. Мәселен, біріншісі, екіншісі, үшіншісі, жетіншісі, сегізіншісі, тоғызыншысы мен оныншысы ұқсас, жалпы Ч белгісінен шығады және С. А. Аманжоловтың келтіргеніне сәйкес келеді. К немесе Ч, Ч, < белгілері де ұқсас. Олардың айырмашылығы қосымша тік сызықтың болуында немесе болмауында және оның орналасуында ғана. Ожырай руының Ч таңба белгісі ерекше тұр. Сонымен, іс жүзінде шектінің негізгі үш таңбасы: Ч, Ч, Ч бар. М. Тынышбаев келтірген таңбалар басқа деректермен дәлелденбейді.

Бұл таңбаларды басқа рулар мен тайпалардың таңбаларымен салыстыра келгенде, біз біріншісі (шектеі руының негізгі үш таңбасынан) Алаш руының (Кіші жүз) таңбаларына және найман тайпасының (Орта жүз) бағаналы руының таңбаларының біріне өте жақын келетінін байқаймыз. Екінші таңба — жалпы найман таңбасымен, ал оның бір түрі (сызықша қосылған) Шөмекей және Алтын (Кіші жүз) руларының таңбаларымен бірдей. Бұл фактілер, айтар болсақ, Алаша сияқты, Шектеі руының да негізгі бөлігі найман тайпасынан шыққандардан тұрады деп жорамалдауға мүмкіндік береді.

Кезінде С. А. Аманжолов та осылай болуы мүмкін деп көрсеткен еді. Шектеілердің соңғы таңбасы өз тегін арғын тайпасының (Орта жүз) қаракесектерінен бастайтын қаракесек руының таңбасымен жақын, сондықтан да шектеілердің бір бөлігінің, атап айтқанда ожырай бөлімшесі ата-бабаларының арғындардан шығуы мүмкін екенін теріске шығармайды.



## АЛАШ

Жоғарыда біз Кіші жүз руларының тағы біреуі — алаш руының, дұрысырақ айтқанда, оның бір бөлігінің, егер таңбаларының ұқсастығы жағынан алсақ, наймандардан (бағаналылардан) шығатынын айтқан да болатынбыз. Демек, шекті руы сияқты оның да тегі біршама жақын уақытта жатыр. Ол туралы алғашқы хабарлардың XVIII ғасырдың орта кезінен ғана кездесетіні кездейсоқ емес. Бұл рудың найман құрамында тағы да таңбаларының бірнеше түрлерінің болуы дәлелдейді.

Мәселен, «Қазақ КСР тарихы жөніндегі материалдарда» таңбалардың мынадай үш түрі: ♀, ζ, V келтіріледі.

Архив деректерінде болса, мынадай F, Ч, ♀, V төрт таңба туралы айтылады. М. Тынышбаев та шамамен алғанда нақ осындай белгілерді келтіреді. «Қазақ КСР тарихы жөніндегі материалдардағы» бірінші таңбаның дулат немесе албан таңбасы екені анық. Мұны алаш руында — қоңырбөрік бөлімшесі, ал албан тайпасында қоңырбөрік руы бар екені дәлелдейді. Басқа екеуі — сызықша қосылған әдеттегі найман таңбалары. Архив материалдарынан алынған алғашқы таңба алаш руының Гродеков келтірген таңбасына ұқсайды, екіншісі мен үшіншісі — бағаналылардыкі (бақан) және соңғысы — жалпы найман таңбасы. Сонымен, алаш руы таңбаларының осы барлық әр алуан түрлері оның негізгі бөлігінің өз тегін наймандардан бастайтынын ғана дәлелдейді.

## АЛТЫН

Біздің бұдан бұрын айтқанымыздай, Кіші жүздің басқа бір руы Алтынның да тегі найман болуы ықтимал. Біздің қолымызда бар барлық деректемелерге қарағанда, бұл рудың мынадай екі таңбасы бар: Λ, M олардың негізінде жалпы найман таңбасы жатыр. Бұл ру, біздіңше, біршама жақында пайда болған сияқты, өйткені А. Тевкелевтің деректерін негізге алғанда, ол туралы алғашқы хабарлар XVIII ғасырлардың ортасында ұшырасады. Одан неғұрлым ертеректегі деректемелерде бұл ру айтылмайды.

## ЕСЕНТЕМІР, ШЕРКЕШ ЖӘНЕ ЫСЫҚ

Біріншіден, бұл үш рудың бәрі Байұлы ұрпағына кіреді, дегенмен де бұл белгі туыстықты барлық уа-

қытта бірдей дәлелдей алмайды; екіншіден, ең бастысы, олардың таңба белгілерін бірдей деуге болады. Мәселен, Есентемір руының таңбасы  $\Upsilon$  (Гродеков, Тынышбаев және Аманжолов бойынша), Шеркеш руында —  $\Upsilon$  (нақ сол деректер мен «Қазақ КСР тарихы жөніндегі материалдар» бойынша), ысық руында —  $\Upsilon$  (нақ сол деректер бойынша), «Қазақ КСР тарихы жөніндегі материалдарда» ғана  $\succ$  таңбасы берілген. Бұл таңбаларды басқа рулар мен тайпалардың таңбаларымен салыстыру, олардың сырттай қарағанда бағаналылардың таңбасымен (бақан) және жалпы наймандардың  $\nabla$  таңбасымен бірсыпыра ұқсастығын дәлелдейді. Бұл рулардың негізгі ұйытқысының түп-төркіні найман болуы мүмкін. Сонымен бірге серкеш (шеркеш) руы өзбек-локайлар құрамында да бар.

Бұл рулар туралы алғашқы хабарларды біз А. Тевкелевтен кездестіреміз, олар П. И. Рычковқа белгісіз. Қалай дегенмен де, Кіші жүздің олар келтірген «аса белгілі» руларының арасында бұлар аталмайды. Кейініректе олар Ларионовтың рапортында, А. Левшиннің еңбегінде және неғұрлым кейінгі зерттеулерде кездеседі.

Телеу руы — VI ғасырдың өзінде Түрік қағанатының құрамына кірген ертедегі теле тайпасы болуы мүмкін. Т. А. Жданконың пікірінше, осы ежелгі тайпаның (теле) бөлшектері кейіннен қарақалпақтың мүйтен руының құрамына кірген, олардың ішінде телі және самат рулары бар. Қазақтың телеу руы — саматтың бөлімшесі. Нақ осындай самат руы мүйтендердің құрамында кездеседі.

Кіші жүз рулары туралы мәліметтер жалпы алғанда осындай. Кіші жүздің рулық-тайпалық құрамы туралы қарастырылған мәселелерді 1801 жылы құрылған Бөкей ордасының (Ішкі орда) рулық құрамын қысқаша баяндап беру арқылы аяқтау қажет. Бөкей ордасының халқы, біздің бұдан әрі көретініміздей, Кіші жүзден шыққан, сондықтан да нақ сол рулармен аталған.

Бөкей ордасындағы ең көбі — Байұлы ұрпақтары. Мұнда оның құрамында Алтын руы ғана жоқ; Жетіру ру бірлестігінен Телеу, Жағалбайлы, Рамадан және Керейіт болмаған. Ақырында, Әлімұлы ру бірлестігінен оған кете руы қауымының бір бөлігі ғана қоныстанған.

Алайда Бөкей ордасы руларының арасында Ноғай руы да бар. Оның пайда болу тарихы әзірше анықталма-

ған күйінде қалып отыр. Оның Бөкей ордасының құрамындағы ру екені туралы алғашқы хабарлар 1829 жылы айтылған. Жайықтың арғы бетінен келген Кіші жүз руларының құрамында бұл ру болмаған. Демек, ол мұнда Бөкей ордасы құрылғаннан кейін барып бір жақтан келген немесе осында Ноғай деген әлдебір қарттың, бидің басшылығымен әр түрлі рулардың бөлшектерінен пайда болған дейді А. Харузин. Біздің ойымызша, оның бұл тұжырымы дұрыс емес тәрізді. Шынына келгенде, Бенаи мен Рузбиханның дәлелдеуіне қарағанда, бұл ноғай ұлысының құрамына кірген және XV ғасырдың өзінде-ақ Еділ бойындағы жерді мекендеген маңғыттардың (ноғайлылардың) қалдықтары болса керек. Бұл ұлысқа, ал содан соң қазақ хандығының құрамына кірген тайпалардың нақ солардың өзі екеніне еш күмәніміз жоқ. Маңғыттардың бір бөлігі (Ноғай ұлысы ыдырағаннан кейін) Солтүстік Кавказға кетіп, ал олардың басқа бір бөлігінің Еділ маңындағы бұрынғы көшіп жүрген жерлерінде қалған болуы мүмкін.

Астрахан губерниясында тағы да қараноғайлылар мекендеген, олардың бір бөлігі өздерін қазақтың ноғай руына жатқызған. Бөкей ордасы құрылғаннан кейін ертедегі ноғайлылардың қалдықтары Кіші жүз қазақтарына қосылып, оның дербес руы болған. Мемлекеттік архивтерде ноғайлылардың Солтүстік Кавказдан «қырғыз даласына, өздерінің ежелгі туған жеріне» қоныстануы туралы ноғай бекзадаларының өтініштері мен князь Потемкиннің жобасы сақтаулы.

Ноғайлардың Бөкей ордасы қазақтарының арасында мекендеу себептері қандай болғанымен де, бізге бір нәрсе айқын: бұлар — осы жерде XV ғасырдың өзінде көшіп жүрген ноғайлардың қалдықтары. В. Ф. Шахматов та осындай пікірге келген, ол былай деп жазады: ноғай руы «ертедегі ноғайлардың ұрпақтарынан құралды, олар Кіші ордаға ірге тенті, сонан соң қазақтармен бірге Жайық пен Еділ арасындағы жерге көшіп, қазақтардан тілі жөнінен де, тұрмысы жөнінен де айырмашылығы болмай, солармен бірге көшіп жүрді». Егер біз келтірген үзіндінің бірінші бөлігі біздің жорамалымызды толық растаса, екінші бөлігінде В. Ф. Шахматов та қате жіберген. Біз Жайықтың оң жағасына көшкен Кіші жүз руларының арасында Ноғай руының болмағанын бұрын да айтқанбыз. Бөкей ордасының құрамына ол құрылғаннан кейін ғана кірген.


## КІШІ ЖҮЗ

Венарыс

Алшын

Алау-батыр

Құлиар-батыр





## 2) Адай

1а-кесте

а) Келімберді		ә) Құдайке	
Ақбан Құнанорыс Бұзау	Балықшы Тобыш Мұғал	Әлі	Бәйімбет Жаулы
Айтұмыш Жөменей	Ораз Есетей Алағулан	Райымберді Сабытай	
Шілім Кедей Жомарт Алдасай	Жайық Шегем	Медет Жандай	
Алмамбет		Боққара Сарболат	Санабай
Тобынай Зорбай	Баубек Шолай	Бибоз Жанбоз	
Жәдігер Боқсары Төкей Жанақ Ырысай (Сарықасқа)		— Өтеулі	Жары Жанөлі
Атамбек Байшығыр Әнет Мамыртау Жақау		— Матай	— Косқулақ
Кәрімқұл Қадырша Бабақұл Мая Төлөк Қоштан		— Жамаңқара	— Тоғалақ
Ширақ Қоразы Тоқпақ Жанқора Бекежан Доша Шатық		— Шаха	Мыраағұл
Әбілқайыр Сатыбай Бықыл Исатай Есекмерген		— Есекді	Бекет
Елсеген Қожаш Ақмырза (1891 ж. т. мәлімет беруші)			
Даулетәлі Кешке Мете Жетімек Тоқтамыс Бегтеміс Базар			Тәжіке Қосай
— Қанағұл Азберген	— Ман	Байбод	Түрелі
— Шортан	— Пұсырман	Ағтай	Есетей
— Мейдібай	— Үргембай	— Арық	Бөлі
Тілене Бабсе		— Мамбетқұл	Сүйіндік
Төбей		— Арық	— Жарбол
Майтан Досланбет Құлғалай Қаржау		— Ганат	— Өтеп
			— Есен
			— Есберді
			— Қалпақ
			— Мыраа
			— Бегей

3) Жаппас











## 2) Шекті (Жаманақ)







Күни Жылы Дауылбай Үмбет Кешубай







6) Тама  
 Қарабура  
 Шотқара  
 Есенгелді  
 Бұрмақ

Кенжебай		Аташал		Дәулеткеді		Қызылқұрт	
Құрман Таз	Құдайқұл	Бұйра	Тұрым	Қошан	Назар	Қосым	Бағалақ
— Олжас	Жанәлі	Баарқұл	Баасқұл	Оразақ	Дәулақ	Қоян	Қармыс
— Айырсақал	Толыбай	— Бекбаулы	— Көкс	Жіңкей	— Қонысбай	Отегұл	
— Бұйрасақал (Баянды)	Мәмбет	— Қожагелді	— Байыр	— Төлөкс	— Төлөкс	Есет	
— Манатау	Ақжігіт	Толыбай	— Райым				
— Әжі	Дат	— Байқошқар	— Шуақ				
— Ембет	Құлмұхаммед	— Жанқошқар	— Сары				
— Сары		— Асан	— Қошқар				
— Жүзжасар	Құдайназар	Базар	Есназар	Құрман Сығдай	Баєт	Жайын	Тоғай
Теңізбай	Елдібек	Жантау		Атамбет	Еділ	Қосбақ	Қараш
Жанаш	Дәулет			— Итегтен	Қосай	Ағымбай	Есет
Бегімбет	Келей			— Сүтей	Ақыл	Жаптақ	Елісар
				— Жаман	Саназар	Аралбай	Жолбарыс
				— Жанатбай	Қошан	Тоқбай	Ламұхамед
				— Күріс	Баян	Есмыраа	Баймұхамед
					Нурлыбек	Ермұханбет	Турмұхамед
					Қойсар	Дербісәлі	Мұхамедәліяқ
					Сары		
	Тілес—Сәмбет	— Дүйсінбай	— Бәкеш	Нұрмұхамед	→	Әлімбай	
	Шыңқай						

## ІІ тарау

### ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ — ХХ ҒАСЫР- ДЫҢ БАСЫНДА КІШІ ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ОР- НАЛАСУЫ

#### Сырдария облысы

Сырдария облысы 1867 жылғы 11-шілдедегі «Далалық облыстарды басқару туралы уақытша Ереже» негізінде құрылып, Түркістан өлкесінің құрамына кірді. Ол 818 479 халқы бар 8595 шаршы шақырым жерді алып жатты. Облыс құрамына Қазалы, Перовск, Шымкент, Әулиеата, Ташкент уездері мен Әмудария бөлімі кірді. Облыста қазақтардан басқа, орыстар, қарақалпақтар және басқа халықтар тұрды. Алдыңғы төрт уездің негізгі халқы барлық үш жүздің қазақтарынан құралған.

#### Қазалы уезі

Қазалы уезі Сырдария облысының солтүстік-батысы бөлігінде орналасқан. Ол солтүстігі мен солтүстік-батысында Торғай облысымен шектесіп жатты. Уездің батыс шекарасы Арал теңізінің жағалауын бойлай өтетін. Оңтүстігінде ол Әмудария бөліміне, оңтүстік-шығысында Перовск уезіне шектесетін.

1872 жылғы деректер бойынша, уезд 89 966 халқы бар 1610 шаршы шақырым жерді алып жатты. Табиғи-климаттық жағынан шұғыл континенталды. Уезді оңтүстік-шығысынан солтүстік-батысына қарай кесіп өтетін Сырдарияның жағасын қопа қамыс пен тоғай көмкерген. Ал одан әрі шөлейт дала басталады. Қызылқұм мен Арал өңірі Қарақұмының едәуір алқабы соның аумағында жатыр. Арал теңізінің жағалауы да қамыс қопасына бай.

Жергілікті қазақ халқының негізгі кәсібі ежелден экстенсивті көшпелі мал шаруашылығы болып келеді. Сырдарияның жағасында ғана егіншілік учаскелері болған. Кедей және орташа қазақ қожалықтары Сырдария өзені мен оның салалары аңғарларында, өздерінің азын-аулақ



малы толық жайыла алатын жайылымдарда қыстаған. Жаз кезінде бұл қожалықтардың көпшілік бөлігі Сырдариядан өтіп, одан көп ұзамаған. Шынына келгенде, көктемгі және жазғы қоныстарының арасында айырмашылық болмады, өйткені бір суаттан (құдықтан, көлден) екіншісіне көшіп бару жолы 5—10 шақырым болатын. Кедейлердің болмашы бөлігі ғана (батырақтар ретінде немесе кедей туыстар құқығында) мал иеленуші байлармен бірге Орынбор және Сібір ведомстволары өңіріндегі жазғы жайылымдарға кететін. Мал иеленуші байлар өздерінің жер қайысқан мал табындарын қыстату үшін Сырдария аңғарындағыға қарағанда неғұрлым қолайлы оңтүстікке, Қызылқұмға жіберіп отырды. Өйткені құм ішінде кең көлемді жайылым бар еді және климат жағдайлары да солтүстіктегіден гөрі жұмсағырақ болатын.

XIX ғасырдың екінші жартысынан көшіп-қону жолдарының шектелу үрдісі басталды, мұның өзі қазақ даласына капиталистік қатынастардың енуі нәтижесінде өндіргіш күштер дамуының, қазақ қоғамының таптық жағынан жіктелуінің салдарынан болған еді. XIX ғасырдың аяғында Орталық Ресейден шаруаларды қоныс аудартудың күшейе түсуі де айтарлықтай рөл атқарды. Шаруалар арқылы отарлау үрдісі Қазақстанның басқа аудандары арасында топырағы құнарлы Торғай және Ақмола облыстарын да қамтыды, ал Сырдария қазақтарының көптеген жайлаулары солардың жерінде болатын. Жер алабының шектелуі қазақтардың отырықшылануы мен көшіп-қону қашықтығының қысқаруына әкеп соқты. Халықтың бір бөлігі біржола отырықшылыққа көшті, ал басқа бір бөлігі егіншілікпен көшпелі тұрмыс салтын сақтай отырып айналысты.

Бұдан бұрын көрсетілгеніндей, Қазалы уезінің аумағында Кіші жүз рулары мекендеді, олардың көпшілігі Әлімұлы ру бірлестігіне, Шекті, Қарасақал, Төртқара, Шөмекей және Кете руларына жататын.

Құланды түбегінен (Арал теңізінің солтүстік-батыс жағалауы) оңтүстік-шығысқа қарай Қазалыға дейінгі кең-байтақ аймақта үш болыста: Қаракөл, Қостам және Райым болыстарында тұратын Шекті руының қыстаулары шашырап жатты. Райым болысында Шекті руының өкілдері 73,6% болды. Қалған халық Төртқара, Қаракесек, Қарасақал рулары мен т. б. рулар болып бөлінеді, олардың әрқайсысының үлесі 3 проценттен аспады.

Қаракесек руының саны аз рулық топтары Қаратал түбегінде (Арал теңізінің солтүстік-батыс жағалауы) ор-

наласты. Қаракесек руы халықтың басым көпшілігін құраған Ырғыз уезі Қабырға болысының бір мүісі сияқты болатын. Олардың батысынан Қазалы уезінің аймағына негізінен Ырғыз уезінің Толағай, Теректі, Талды және Қызылжар болыстарында орналасқан Төртқара руының иеліктері сыналап кіріп тұрды. Шекті руының өкілдері Қостам болысында — 81,4%, Қаракөл болысында 50 проценттен астам болды. Сөйтіп, Қаракөл, Қостам және Райым болыстарында негізінен Шекті руы мекендеді (шамамен 75%, 4693 отбасы). Қаракөл болысының құрамында (Қазалы маңында) Қаракесек руының 456 қожалығы қыстап жүрді, бұл болыс халқының 14,8 проценті болатын.

Әлімұлы бірлестігінің шекті, қаракесек рулары мен басқа да көптеген топтарының қыстаулары Құланды, Қаратал түбектерінде, Сырдарияның жағасын бойлай және Аманөткел, Райым, Қаракөл, Жалаңаш деген жерлерде, Қамыстыбас, Мақпал, Тұщыбас көлдерінің айналасында және Қосқұдықтан бастап Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағалауына қарай және Боскөл шығанағына дейін орналасты. Шекті руының иеліктерінен оңтүстік-шығысқа қарай жатқан Сарытоғай болысында негізінен (70 процентке жуық) Төртқара руы мекендеді. Бұл болыста Шекті, қаракесек рулары мен басқа да рулар кездесті (0,9 проценттен 3 процентке дейін).

Төртқара руының қыстаулары Сырдария аңғарын бойлай Қазалыдан шығысқа қарай Төретам деген жерге дейін, Сырдарияның екі жағындағы көлдердің маңында, Жуанқұм құмында, Сарытоғай болысының оңтүстік жағындағы құдықтар маңында және Қызылқұм құмдарында шашырап жатқан. Бұл рудың құрамында 1182 қожалық болды. Одан әрі Төртқара руының оңтүстік-шығысында уездің едәуір аумағын алып саны көп Шөмекей руының қыстаулары орналасқан, ондағы қожалықтар саны 5646 болатын.

Шөмекей руының қыстаулары төменгі Сырдария жағасы бойында, оның солтүстік жағындағы Қараөзен өзенінде, Қарадүзгенқабақ және Қарасу сайларында, Сырдариядан оңтүстікке таман Тарнабай-Тегіс және Жосалы сайларында, Наурызбай, Жарма арналарының маңында, сансыз көп құдықтар маңында және сайларда тура Қызылқұмға дейін шашырап жатты.

Шөмекей болыстарының шығыс шетінде Байұлы рулық бірлестігінен Алтын руының 400-дей шаңырағы көшіп жүрді. Уезд аумағында Қарасақал руының небәрі

789 қожалық болатын үш ауылы көшіп жүрді. Түркістан статистикалық басқармасы ұйымдастыру комиссиясының Қазалы өңірінде Қарасақал руының небәрі 32 қожалығы көшіп жүрді деген мәліметтері дәл емес.

Қазалы уезінің аумағында «қожа» діни сословиесінің 94 шаңырағы көшіп жүрді.

Уездің оңтүстік-батыс бөлігінде қарақалпақтардың 39 отбасы көшіп жүрген. Ұйымдастыру комиссиясының мәліметтеріне қарағанда, уезде 3 сұлтан мен 11 төлеңгіт болған. Өз төлеңгіттерін ерткен бұл сұлтандар солтүстік-батыстағы үш болыстың шекті рулары арасында көшіп жүрген.

Егер уезд бойынша әр түрлі рулардың проценттік арақатынасына қарайтын болсақ, ол мынадай болып шығады: шекті — 40, төртқара — 15, шөмекей — 30, қаракесек — 4, қарасақал — 7, «қожа» сословиесі, сұлтандар, төлеңгіттер, қарақалпақтар — 4 процент.

Қыстаудан жазғы жайылымдарға көшудің бірнеше жолы болған. Көшудің бірінші жолы Сырдариядан Ырғыз уезінің Аманқұл болысы арқылы Егізқара тауына дейін өткен; екінші жол (Ырғыз уезінің шегіне кіріп) Толағай және Қызылжар болыстары арқылы Буратал және Ащыбұлақ өзендеріне дейін жетті; үшіншісі — Толағай болысы арқылы Үшқамшы, Жарбұлақ және Қандай өзендеріне дейін барды.

Шекті руы Ырғыз уезі шегіндегі жазғы жайылымдарға екі жолмен беттеген: біріншісі Толағай, Аралқи болыстары арқылы Қызылжар болысы шегіне, Ащысай өзеніне дейін барған; екіншісі, Арал теңізі жағалауынан Сақпартөбе және Обалы тауларына дейін жеткізген. Шөмекей руы да Қарақұмнан шығып, Ырғыз уезіне екі жолмен беттеген. Бірінші жол Тауын және Кенжеғара болыстары арқылы солтүстік-шығысқа беттеп, Торғай уезіне, Әйке көліне жеткізген. Ру осында жайлап қалған. Қаракесек және қарасақал сияқты саны аз топтарға келетін болсақ, олар жайлауға өздері кірген әкімшілік қауымдардағы рулармен бірге көшіп барған.

Сонымен, жоғарыда аталған рулар солтүстіктегі жазғы жайылымдарға, Ырғыз, Торғай, Тобыл өзендері мен Мұғалжар тауларына беттей отырып, Сырдария ведомствосы мен Орынбор қазақтары облысының әкімшілік шекараларынан өткен. Арал теңізінің солтүстік-батысында қыстайтын Шекті, Төртқара және Қаракесек рулары Ырғызға, Мұғалжар тауларына және Жем өзеніне дейін жайлауға көшіп барған.

## Перовск уезі

Перовск уезін (Ақмешіт — қазіргі Қызылорда облысы) Сырдария өзені қақ бөліп жатыр. Қазалы уезімен оңтүстік-шығысынан шектеседі. Жергілікті тұрғындар Кіші жүздің Жетіру, Байұлы, Орта жүздің Қыпшақ, Найман және Арғын руларынан тұрады. 1872 жылғы деректер бойынша, уезде 107 567 адам тұрған.

Табиғат жағдайы іргелес Қазалы уезіндегідей, шаруа жайы да, жерді пайдалануы да ұқсас. Жергілікті халық негізінен мал шаруашылығымен шұғылданады. Оның жер жағдайы да соған ыңғайлы. Жаз бойына шыбын-шіркейі, қаптаған масасы болмаса, Сырдарияның қалың қамысы, шүйгінді даласы, төрт түліктің еркін жайлар жайылымы. Сондықтан жаз шығысымен малшылар мүмкін болғанына солтүстік жаққа, жайылымға бай Арал-Ертіс су айырығына дейін ұзап баруға ұмтылатын. Оған екінің бірі емес, әлді, ауқаттылар өріс ұзатар еді де, кедей-кепшік мал аяғы жетер Сарысу өзенінен әрі аспайтын. Мал бабын білетін іргелі байлар қоңыр салқынды солтүстіктен сонау жерге қырау түскен қыркүйектің орта шенінен бастап Сырдарияға қайтып, ызғарлы аязға ұрынбай, сол жағалауындағы ықтасынды қыстауға оралар еді. Көшпелілердің қыстаулары бұйрат-бұйратты Қызылқұм және Қарақұм қойнауларында қоныс тебетін. Мұндағы ел мал шаруашылығымен қатар егіншіліктен де құралақан емес-ті, оның үлес салмағы ең кедей және ішінара дәулеті орташа қожалықтар арасында ерекше айқын сезілетін.

Қазақстанның басқа да өзен аңғарларындағы сияқты, Сырдарияда да суармалы егіншілікке ден қойылды. Ол бүкіл егіс алқабының 60 процентін алды. Әдетте егістік жеке адамдардың қауым-жүйесі есебінде қолдан қазылған арналар мен арықтар пайдаланылған. Жер мемлекеттік меншік ретінде қожалықтарға пайдалануға берілгенімен, XIX ғасырда-ақ ол рубасыларының билігіне көшті. Айтқанына көніп, айдауына жүрмеген қожалықтар судан айырылатын да, содан олардың еккендері қурап, босқа арамтер болатын. Отбасынан өскен жаңа қожалық үшін суармалы учаске бөліп беруге көштеген алым салынды. Жер учаскелерінен айыру немесе оларды беру, суландыру жүйесі жоғарыда айтып өткеніміздей, кімде билік бар, солардың қолында болды.

Егер біз Қазалы уезіндегі рулардың негізінен жинақы орналасуын, олардың арасында «кірме» саналатын саны аз рулардың шағын тобы ойық-ойық болып кездесеті-

нін байқаған болсақ, ал Перовск уезінде істің жайы басқаша еді. Перовск уезінің аумағында даланың әр түкпірінен түрлі рулардың өкілдері ағылып келіп, сауда мен айырбас жасайтын қалалар, бірінші кезекте Ақмешіт (қазіргі Қызылорда) қаласы болып табылатын. Олардың біреулері жақын орналасқан сауда орталығының пайдалы екенін біліп, осында орнығып қалды (қазақтың ертедегі «Қобыланды батыр» эпосында: «Қала бар жерде — базар бар» делінетіні тегін емес); басқалары осында келіп, мол егінді көрген соң осы жерлерге қоныс тепкен.

Уездің Байұзақ (Сырдариядан солтүстікке қарай), Шаған және Жомарт (Сырдариядан оңтүстікке қарай) болыстарынан тұратын солтүстік-батыс аумағында түрлі тайпалар қоныстанды. Әсіресе, бұл соңғы екеуіне тән, онда белгілі бір жерде түрлі рулар қыстап шығатын еді. Мұндағы ең ірі рулар бүкіл халықтың 42 проценті болған кетелер (2284 отбасы) және 26 проценті болған керейіттер (1385 отбасы) еді. Байұлы тайпасының әр түрлі рулары (шеркеш, алтын, есентемір және т. б.) 17 проценті болды (941 отбасы). Уездің солтүстік-батыс шекарасында шөмекей руының 610 отбасы (11%) көшіп жүрді. Осы үш болыс шегінде көшіп жүретін қожалықтардың жалпы саны 5471 отбасына жеткен.

Шаған және Жомарт болыстары қауымдарының қыстаулары Тоғыл, Көксу, Көксай, Ақарық, Шандыкөл, Сарыкөл, Көкжиде және т. б. жерлерде болды.

Байұзақ болысында түгелдей Жетіру бірлестігінің Табын және Тама рулары қоныстанды. Болыс халқының 90 проценті табын (1687 отбасы), 10 процентіндейі тама (140 отбасы) руларынан тұрды. Бұл рулардың қыстаулары Қаракеткен, Қаракөң, Қарасары алқаптарында, Қараөзек өзенінде және Сырдарияның солтүстік жағында орналасқан басқа да жерлерде болатын. Уездің орталық бөлігіне (Патшалық болыс) негізінен Кіші жүздің Жаппас руы (халықтың 80 проценті, 1714 отбасы) және Байұлы тайпасының Алшып (12%, 257 отбасы) және Алтын (8%, 170 отбасы) руларының өкілдері мекендеді. Олардың қыстайтын жерлері Сырдарияның екі жағын бойлай, Жартыкөл, Барқазған, Бесмола, Қарасор, Қарашоқы, Сатыбалды, Жыңғылды алқаптарында және т. б. жерлерде шашырап жатты. Одан әрі оңтүстік-шығысқа қарай, шамамен Сұлутөбе алқабынан уездің шекарасына дейін Орта жүз руларының иеліктері орналасты. Жүлек болысының аумағында қыпшақтардың 2481 қожалығы (болыс

халқының жалпы санының 90%) және арғындардың 259 қожалығы (10%) қыстайтын.

Далалы аймақта жүргізілген зерттеулер кезінде біз арғын тайпасының бірнеше отбасын кездестірдік. Бұлар — арғындардың «журнақтары», дәлірек айтқанда, XVI ғасырда Тәуке хан мен Есім ханның Самарқант пен Бұқараға жорықтарына қатысқан топтарының қалдықтары. Сұрастырып көргенімізде, қарттар бізге олардың аңыздар бойынша, Қаратаудың арғы жағынан келгенін айтты.

Бұл болыс қауымдарының қыстаулары Сұлутөбе, Сарышығанақ, Жаманағаш алқаптарында, Сырдарияның көптеген салалары маңында, оңтүстік-шығысында Төменарыққа дейін орналасқан. Перовск уезінің соңғы болысы — Жаңақорған болысы өзінің рулық-тайпалық қоныстануы жағынан Шаған және Жомарт болыстарына өте ұқсас. Мұнда да рулардың әдеттен тыс ала-құла орналасуы байқалады.

Саны ең көбі Бақтияр тайпасы — 104 қожалық, яғни бүкіл болыс халқының 33 проценті. Түркістан статистикалық басқармасы ұйымдастыру комиссиясының мәліметтеріне қарағанда, бұл тайпаның негізгі көпшілігі Иранның оңтүстік-батысында өмір сүрген парсы тілдес халықтарға жатқан. Алайда, статистикалық басқарма шеңберлерінің мұндай пайымдауларының ғылыми түрде негізі болғандығы екіталай.

Одан кейін келетіндері: наймандар — 588 отбасы (19%), қыпшақтар — 464 отбасы (15%), арғындар — 350 отбасы (10%), қоңыраттар — 301 отбасы (10%). Осы әртекті жұрттың қыстаулары Төменарықтан Айгүл-Бінтымақ су қоймасына дейін, Құмсоба, Жалпытал, Тортоғай, Кіпкқырған деген және басқа жерлерде, Сырдарияның екі жағындағы арналар, өзеншелер мен құдықтар маңында шашырап жатты. Егер жалпы уезд бойынша рулардың проценттік арақатынасын қарастыратын болсақ, мынадай көрініс шығады: жаппас — 28, қыпшақ — 20, табын — 13, керейіт — 11, кете — 10%. Қалған 12 проценті басқа да саны аз рулық топтардың үлесіне тиеді. Қазалы уезіндегі сияқты Перовск уезінің сол жағалық қазақтары Сырдариядан өтіп, солтүстік жаққа, жазғы жайылымдарға барған. Сәуір айы мен мамырдың алғашқы күндерінде олар Дариялық жазығындағы көктемгі тұрақтарға көшкен. Шаған және Жомарт (кете, керейіт, шеркеш, алтын, есентемір), Байұзақ (табын және тама), Жүлек (қыпшақ) болыстарының рулары және Патшалық болыс қауымдарының кейбір бөліктері мамыр айының ба-

сында солтүстікке қарай одан әрі көше берген. Сарысу өзенінің бойымен жоғары өрлей отырып, олар маусымның басында Кеңгір өзенінің Сарысуға құяр жеріндегі Қаражар алқабына жетіп, сонда жазғы жайлауды өткізуге орналасқан, нақ сол болмыс қауымдарының басқа бір тобы Ұлытау мен Кішітау тауларына өтіп кетіп отырған. Кеңтүп және Патшалық болыстарының Жаппас руы түгелімен солтүстікке жаппай көшкен; оның қожалықтары Тобыл өзенінің жоғарғы ағысына жетіп, одан әрі Троицк шебіне барған да, сол аумақта жайлап қалған.

## **Торғай облысы**

Торғай облысы 1868 жылы «Дала облыстарын басқару туралы уақытша Ереже» бойынша құрылды. Облыс құрамына Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз және Торғай уездері кірді. Облыстың негізгі халқы Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарынан құралды. Орыстар мен басқа халықтар мұнда аз болған. Облыс аумағы ежелден қазақтардың жері болып келген. Олардың қыстаулары Торғай, Ырғыз өзендері аңғарларында, Үлкен және Кіші Борсық құмдарында, Қарақұмда, Арал теңізінің солтүстік жағалауларында, тіпті Сырдария өзенінің төменгі ағысында, яғни көбінесе Торғай және Ырғыз уездерінде орналасқан. Қостанай және Ақтөбе уездерінің жерлері Сырдария қазақтары үшін жайлау және күзгі-көктемгі жайылымдар болды.

XVIII ғасырдың аяғында Кіші жүзде пайда болған жер тарлығы қыстау алқабын кеңейту қажеттігін туғызды. Сондықтан бұрынғы жайлайтын жерлердің бір бөлігі біртіндеп қыстауға айналдырыла берді; бұл үрдіс бір ғасыр бойы дерлік, яғни XIX ғасырдың аяғына дейін жүріп жатты.

## **Қостанай уезі**

Қостанай уезі Торғай облысының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Солтүстігінде ол Үй өзенінің сол жағалауына ұласып жатыр, солтүстік-батысы мен батысында «миллион үлеске бөліп беру» деп аталатын жерлермен, яғни бұрын қазақтар иеленіп келген, бірақ олардан тартып алынған жерлермен шектесті. Қостанай уезі оңтүстігінде нақ сол облыстың Ақтөбе, Ырғыз және Торғай уездерімен, ал шығысында көршілес Ақмола облысымен шектесіп жатты. Табиғаты жағынан уезд негізінен алғанда кей жерлерінде аздаған төбелері бар, сансыз көп

сай-жыралар айқыштап тастаған жазықтық болып табылады. Оның бүкіл солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс аумағын тікейді ағаштар, ал кей жерлерде үлкен орман алқаптары (Аманқарағай тоғайы) алып жатыр.

Уезде сансыз көп өзендер мен көлдер түріндегі су көздері мол. Уезд арқылы ағып отетін ең ірі өзендер — салаларымен қоса алғанда Тобыл, Алабұға, Жарлыбұтақ және басқалар; көлдер — Обаған, Қарақамыс, Шалқар, Егізқара, Әйеке, Кіндікті-Қона және басқаларды атауға болады.

Уезде егістікке жарамды жер көп. Толып жатқан өзен, көл аңғарлары мен жайылмалар мұнда шөп шабу үшін қолайлы. Осы жағдайлардың бәрі Қостанай уезі қазақ халқының мал шаруашылығымен қатар егіншілікпен де, шөп шабумен де кеңінен айналысуына әкеп соқты. Бастапқы кезеңде (XVIII ғасырда қоныстанғаннан кейін) уезд аумағында қазақ халқының негізгі бұқарасы көбінесе мал шаруашылығымен айналысты. Бұл орайда жер пайдалану сипатында табиғи жайылымдарды белгілі бір ру топтарының дәстүрлі пайдалану нысандары үстем болды. Шөп шабудың дамуына байланысты ең жақсы шабындық учаскелерін мейлінше күшті рулардың жыл бойы оқшауланып, пайдалануға басып алуы басталады.

Уездің жеделдете қоныстандырылуы, егіншіліктің дамуы, әдетте шабындық алқаптарымен қатар қыстау маңындағы аумақта жатқан егіске жарамды учаскелерді одан әрі басып алу мен оқшаулануға әкеп соқты. Қазақстанның барлық жерлеріндегі сияқты, негізгі шаруашылық бөлінісі шаруашылық ауылы болды. Ауылдар жер қауымына бірікті, онда бұрынғы рулық байланыстар бірте-бірте жалпы шаруашылық мүдделерге орын бере бастады. Орта есеппен алғанда, уезде шаруашылық ауылдарының саны 1-ден 10-ға дейін ауытқып отыратын қауымдар басым болды. Олар барлық қауымдардың 83,9 процентін құрады. Ауылдардың көлемі де нақ осылайша ауытқып отыратын. Негізгі көпшілігі 26—60 қожалығы бар ауылдардан тұрды.

Уезде қауымдық жер шекаралары барлық жерде бірдей бола берген жоқ және олар онша қатаң күзетілмеді. Ал қауымдар ішінде, ауылдар арасында, әсіресе егіншілік қайта дамыған болыстарда, жайылымдардың шекарасы қатаң сақталды. Шабындықтар ауылдар арасында бөлінді, олардың жекелеген қожалықтардың пайдалануына көшуі жиі кездесетін. Жалпы пайдаланудағы жайылымдардың, әсіресе жазғы жайылымдардың рулық шекара-



лары болмады, алайда әрбір ру немесе оның бір бөлігі жыл сайын бір ғана суатқа барып жайғасуға ұмтылды.

Сонымен, уезде жерді пайдаланудың бірыңғай принципі болған жоқ, ал тұтас алғанда белгілі бір алқаптың құндылығы, шаруашылықтың сипаты, егіншілік пен шөп шабудың даму дәрежесі және т. б. сияқты факторларға байланысты болды. Жалпы алғанда жер пайдаланудың бұрынғы түрлері XIX ғасырдың аяғына қарай елеулі өзгерістерге ұшырады.

Әкімшілік жағынан Қостанай уезі 10 болысқа: Меңді-қара, Кеңарал, Арақарағай, Обаған, Қарабалық, Аманқарағай, Дамбар, Бестөбе, Жітіқара, Құмақ болыстарына бөлінді. Бұл болыстарда 81 441 қазақ тұрды. Олардың ішінде Керей, Арғын, Қыпшақ (Орта жүз) тайпаларының өкілдері бар еді. Кіші жүзден мұнда Жағалбайлы, Телеу, Тама және Жаппас рулары мекендеген, олардың ішінде алғашқы үшеуі Жетіру рулық бірлестігіне кіретін де, Жаппас Байұлына жататын.

Жазбаша деректемелер мен Қазақ КСР ҒА Тарих институты этнографиялық экспедицияларының даладан жиналған материалдарының дәлелдегеніндей, уезд аумағының бір бөлігі (Бестөбе және басқа болыстар) бұрын Сырдария бойын қыстаған қазақтардың жазғы жайылымдары болатын.

XVIII ғасырдың аяғы — XIX ғасырдың басында Тобыл өзенінің орта және төменгі ағысы бойында Орта жүз тайпалары—қыпшақтар (Торайғыр, Қарабалық, Көлденең, Торы, Ұзын рулары) мен арғындар (Бәсентінін, Жоғары Шекті, Төмен шекті, Қаракесек рулары) қыстаулар сала бастады. Жайық және Тобыл өзендерінің кең-байтақ су айырығында оңтүстікте Ырғыз уезі шегіне дейін көшіп жүрген Жағалбайлы руының қыстаулары орналасқан. Ал XIX ғасырдың орта шенінде мұнда Жаппас руының өкілдері пайда болады, олар мұнда (өздерінің бұрынғы жайлауына) Сырдария облысынан көшіп келген еді.

Қостанай уезіне ең соңы болып Телеу руының (Жетіру) қазақтары қоныстанды. Уезді зерттеу материалдары (XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басы) уезді қоныстанудың уақыт бойынша барысының да, мұнда пайда болған қыстау-ауылдардың аумақтық орналасу ретінің де едәуір айқын көрінісін береді. Уезде XVIII ғасырдың орта шеніне дейін негізі қаланған қыстаулар 14,3% болады, бұл ретте олардың негізгі бөлігі (67,2%) Кеңарал болысында, сонан соң Қарабалық (26,5%) және Меңді-қара (21,4%) болыстарында құрылған.

Қыстаулар XVIII ғасырдың аяғынан бастап, XIX ғасырдың ортасына дейін едәуір көп (34,6%) салынды. Бұл қыстаулар негізінен алғанда Обаған (84,4%), Аманқарағай (54,5%) және Меңдігара (36,4%) болыстарында орналасты. Қалған (51%) қыстаулар XIX ғасырдың ортасынан бастап, XX ғасырдың басына дейінгі кезеңде пайда болған. Оның үстіне уездің барлық ауылдарының 7,1 проценті соңғы 20 жылдың үлесіне тиеді.

Сонымен, бұл деректер бәрінен бұрын солтүстік-шығыс, шығыс және оңтүстік-шығыс болыстар, яғни біздің бұдан әрі көретініміздей, XIX ғасырдың аяғы—XX ғасырдың басында керейлер, қыпшақтар мен арғындар мекендеген болыстар қоныстандырылғанын тағы да дәлелдейді.

XIX ғасырдың аяғына қарай Қостанай уезінің аумағында қазақтардың қоныстануы мынадай түрде болған. Бүкіл оңтүстік-батыс бөлігін (Жетіқара, Құмақ болыстары) Жетіру рулық бірлестігінің Жағалбайлы руы алып жатты. Бұл ру қыстауларының негізгі көпшілігі Қарағанды, Қарабұтақ, Жарлыбұтақ, Шортанды, Тобыл (оның салаларымен қоса), Бүйректал өзендерінің бойында және Шалқар, Шалқар-Егізқара, Әйеке, Қарасор көлдерінің төңірегінде орналасты. Оның үстіне күзгі-көктемгі және ішінара жазғы жайылымдары да осы аумақтар төңірегінде болатын. Бұл жерлердің бәрі оқшауландырылған еді және оларды Жағалбайлы руы қауымдарының белгілі бір топтары ғана пайдаланатын. Мұнда оқшауланған жерлермен қатар жалпы пайдаланылатын учаскелер де болды, оларды Жағалбайлы руының жекелеген қауымдары жайлап жүрді.

Жалпы пайдаланылатын негізгі жайлау Ақтөбе уезімен шекарада, Кіндік-Қарасу, Көкпекті өзендерінің бойында, Шөптікөл көлінің шығыс жағында және т. т. орналасты. Жетіру ұрпақтарынан Жағалбайлы руымен Телеу және Тама руларының өкілдері аралас қоныстанды. Үезде олардың екеуі де аз. Телеу руының қауымдары уездің оңтүстік-шығыс түкпірінде, Кіндіктіқопа, Қайыңдысор, Таңдыс көлдерінің төңірегінде және Аңдысор көлінен шығысқа таман мекендеді. Үезде Тама руының қазақтары одан да аз. Олардың қожалықтарының болмашы саны Сасықсор көлінің төңірегінде, уездің солтүстік-шығыс бөлігінде мекендеді.

Жетіру ұрпақтарының арасында Жаппас руынан шыққан байұлылықтар да мекендеді. Олардың қыстаулары Тама руынан алыс емес, Желқуар өзенінің бойында, сон-

дай-ақ, даладағы Сандықсор, Айқамыс, Соналы, Қаракөл, Қоянды және басқалары сияқты көптеген көлдердің төңірегінде орналасқан.

Уездің қалған бөлігінің бәрінде Орта жүз қазақтары, соның ішінде керей, қыпшақ, аргын тайпаларының көптеген рулары алып жатты. Керей руларының қыстаулары уездің солтүстігі мен солтүстік-шығысында, Қарақамыс көлінің төңірегінде және Алабұға өзенінің екі жағасын бойлай орналасқан да, олардың бір бөлігі біршама оңтүстікке қарай, Алакөл өзенінің төңірегінде қыстаған. Уездің бүкіл шығыс және оңтүстік-шығыс бөлігін аргындар мекендеді. Олардың негізгі қыстаулары орыстардың Степновский, Ивановский және Михайловский кенттерінің төңірегінде, Ақмола облысының шекарасына дейінгі жерде, ал оңтүстігінде Обаған өзенінің оң жағасын бойлай Обаған көліне дейінгі жерде, Жалтыр, Қарақамыс көлдерінің төңірегінде, Ащы өзенінің бойында, Аманқарағай орманының төңірегінде және уездің оңтүстік-шығыс түкпірінде, Торғай уезі мен Ақмола облысының шекарасында болды. Аргындардың батыс жағында қыпшақ тайпаларының қысқы жайылымдары жатты. Олар негізінен Тобыл, Аят өзендерінің бойында және уездің солтүстік-батыс бөлігіндегі көптеген көлдердің төңірегінде орналасқан еді.

Жаппас руы Орта жүз қазақтарының арасында да қоныстанды. Бұл рудың бірқатар қауымдары Обаған көлінің батыс және оңтүстік жағалауында аргындар арасында тұрды. Қарасу өзенінің оң жағасын бойлай және одан әрі солтүстікке қарай, Алқасор, Жаңғызкөл, Майтау және Қаражалтыр көлдерінің төңірегінде, солтүстігінде Тобыл өзенімен шектесетін жерлерде аргындар мен қыпшақтардың арасында да Жаппас руының едәуір үлкен тобы мекендеген. Сондай-ақ Жаппас руы қауымдарының тағы бір тобы Қостапай қаласының шығыс жағында, Өзен, Мамыр, Үшқамыс көлдерінің төңірегінде қыстады.

Уездің оңтүстік бөлігіндегі сияқты, мұнда жеке пайдаланылатын жерден басқа жалпы пайдаланылатын едәуір алқап та болған, онда жаз кезінде әр түрлі рулық-тайпалық топтардың қазақтары өз малын жайып отырған. Жалпы пайдаланудағы жайлаудың негізгі алқаптары Қоскөл, Жалжарған, Қарақона көлдерінің төңірегі мен басқа да жерлерде орналасқан.

Жайлаудың басқа бір алқабы Усть-Уйск станицасының оңтүстік-шығыс жағында, керей және қыпшақ тайпаларының қысқы жайылымдарының арасында болған.

Жалпы пайдаланылатын жайлаудың едәуір бөлігі уездің шығыс бөлігіндегі арғындар мен жаппастар көшіп жүрген жер арасында, Торғай уезімен шекарада, Дөңгелек, Жанқора көлдерінің төңірегінде орналасты. Сонымен қатар уездің солтүстік және орталық бөлігінде шашырап жатқан, жалпы пайдаланылатын, айтарлықтай шүйгін деуге келмейтін жайлау алқаптары да болған.

## Ақтөбе уезі

Торғай облысының Ақтөбе уезі солтүстігі және солтүстік-батысы жағынан Жайық өзенінің бойымен, Орынбор казактарының жерімен, солтүстік-шығысында Қостанай уезімен, шығысында Ырғыз уезімен, оңтүстік және оңтүстік-батысында Орал облысымен шектесіп жатты. Уездің аумағы Орал жотасының оңтүстік сілемдерінен басталып, оңтүстік-шығысқа қарай созылып жатқан дала болып табылады. Бұл далада көптеген өзендер ағып жатыр, олардың көпшілігі — Жайықтың салалары. Ең алдымен бұлар — көптеген салаларымен қоса Тамды өзені, (Ойсылқара, Қамсақты, Мамыт және басқалар) Кіші және Үлкен Қобда, Бөрті және басқа көптеген салаларымен қоса Елек өзені.

Уезде қазақ ауылының экономикасында мал шаруашылығымен қатар егіншілік ежелден бері елеулі орын алып келді. Егіс алаптарының ұлғаюы, шаруашылықтың неғұрлым прогрессивті түрлерінің дамуы, тамаша жайылымдар бірте-бірте бірқатар рулардың көшіп-қонатын аумағының қысқаруына, олардың табын құрамының өзгеруіне әкеп соқты. Көшпелі ауылды отырықшы және жартылай отырықшы қоныстар және дала облыстарының басқа да көптеген уездеріндегіден гөрі едәуір көп қожалықтары бар ауылдар ауыстырды. Мәселен, XIX ғасырдың аяғында ауылдың орташа көлемі — 85 жаны бар 14 қожалықтан тұрды, сол кезде көршілес Қостанай уезінде ауылдар 53 жаны бар 9 қожалықтан, ал Көкшетау және Атбасар сияқты уездерде ауылдар тиісінше 8 және 5 қожалықтардан тұратын. XVIII—XIX ғасырдың басында уезд аумағында мекендеген қазақ қауымдарының саны болмашы болатын. Жайылымға қолайлы алқаптар көп болғандықтан қауымдар арасында қандай да бір жер шекарасы қажет болған жоқ. Уезд халқы табиғи өсім есебінен де, осында көшіп келген өзге қауымдар есебінен де көбейді. Отырықшылық қоныстар негізінің қалануы, шөп шабудың өріс алуы, жақсы жайылымдар үшін күрес және оларды қауымдардың феодалдық тобының жеке пай-

далануға тартып алуы, Қазақстанның барлық жерлеріндегі сияқты жекелеген қазақ қауымдарының жер пайдалану шекарасын белгілеу қажеттігін әкеш соқты. Алайда, бұрынғы рулық жер қауымы әлі де бірсыпыра уақыт бойы одан әрі тіршілік етіп, жазғы, ішінара көктемгі-күзгі жайылымдарды пайдалануға өзінің қауымдық-рулық құқығын таратып отырды. Ал, қыстау маңындағы аумақ, егістіктер мен шабындықтар әрбір ауыл қауымының немесе осындай қауым ішіндегі әрбір қожалықтың пайдалануына көпші.

Л. Чермақтың деректеріне қарағанда Қазақстанның жер-жеріндегі сияқты, Ақтөбе уезінде де жер қауымының дағдылы түрі жайылым аумағының ортақтығына байланысты шаруашылық ауылдарының топтары болды. Мұндай ауылдар тобының ортақ жайылымдық жері болды, әрбір шаруашылық ауылы оған өз малын кедергісіз жая алатын еді. Ал шабындықтар мен егістіктердің ауылдар бойынша шекарасы белгіленіп, ауылдар ішінде оларды үй басына бөліп пайдаланды.

Әкімшілік жағынан Ақтөбе уезі он екі болысқа: Аралтөбе, Ойсылқара, Теректі, Ақтөбе, Бестамақ, Бөрілі, Бұрты, Қаратоғай, Елек, Қарақобда, Тұзтөбе, Қобда болыстарына бөлінді. XIX ғасырдың аяғында уезде қазақ халқының саны 104 411 адам болған.

Көршілес Қостанай уезінен айырмашылығы, мұнда халықтың негізгі көпшілігі Кіші жүз қазақтарынан, барлық үш рулық бірлестіктің өкілдерінен құралды. Мұнда Жетірудан Табын, Тама, Жағалбайлы және Кердері рулары мекендеді. Халықтың басым көпшілігі де солар болатын. Одан кейін Әлімұлы рулық бірлестігінен Шекті, Шөмекей, Қаракесек, Кете және Төртқара рулары тұрады. Ақырында, Байұлының Жаппас руынан шыққан азын-аулақ қауымдар болды. Сондай-ақ Орта жүзден Уақ тайпасының қазақтары мекендеді.

Уездің Ор өзені мен оның салалары бойындағы бүкіл шығыс және солтүстік-шығыс бөлігін, Жайықтың сол жағасын бойлай, ал оңтүстігінде Қарағайлы, Қосістік және Дамбар өзендерінің бойын Жағалбайлы руының қауымдары алып жатты. Жағалбайлы қоныстарының батыс жағында жалпы пайдаланылатын жазғы жайылым жатты. Алып жатқан жері бойынша Жағалбайлы руынан кейінгі орында Табын руының қазақтары болатын. Бұл рудың қыстаулары негізінен уездің оңтүстік-батыс және едәуір азы орталық бөлігінде орналасты. Олардың қыстауларының ең көбі Қобда, Қара Қобда, Кіші Қобда және

Сары Қобда өзендерінің бойында, сондай-ақ Терісаққан, Тамды, Қарағанды, Елек өзендерін бойлай, ал уезд орталығында Жаманқарағайлы өзенінің бойында орналасты.

Тама руының қыстаулары көбінесе Жайық өзенінің сол жағасын бойлай (уездің солтүстік-батыс бөлігінде), Бөрти, Орта Бөрти өзендерінің бойында және Қиялы-Бөрти өзенінің бас жағында шоғырланды. Уездің оңтүстігінде олар Елек, Орта аша, Көктөбе, Елубай өзендерінің жоғарғы салаларын бойлай және басқа жерлерде қоныстанды. Тама руының аздаған қауымдары уездің басқа жерлерінде де, ең батыста жағалбайлылар арасында және Ақтөбе қаласының солтүстік-шығысында Табын руы арасында да жүрді.

Жетіру ұрпағынан тағы бір ру — Кердері. Ол мұнда едәуір аз, Қобда өзенінің бас жағында және Елек өзенінің сол жағасында, Богословская станциясының тұсында мекендеді. Әлімұлы ұрпақтарынан ең елеулі топ уездің орталығында, Ақтөбе қаласынан оңтүстікке таман, Шолақсай, Пішенсай, Табантал, Жайлаусай өзендерінің бойында орналасты. Бұл топ Кете және Шекті руларынан тұратын. Кете руы қазақтарының бір бөлігі уездің оңтүстігінде мекендеді, ал шектілер уездің бүкіл дерлік шет жақтарында, атап айтқанда, Ор өзенінің бойында, ең шығысы мен ең оңтүстігінде — Қара Қобда өзенінің ең бас жағында, ал қиыр батысы мен солтүстік-батысында — Елек және Жайық өзендерінің бойында және Бөрти өзенінің орта ағысында шашырап жүрді. Мұнда олар барлық жерде дерлік басқа рулардың арасында: орталықта Шөмекей руы мен Қаракесек руының арасында, шығыста Шөмекей, Қаракесек және Төртқара руларының арасында тұрды.

Уезде Кіші жүз өкілдерінен басқа, біздің бұрын да айтқанымыздай, Орта жүздің уақ тайпасының қазақтары тұрған, олардың қауымдары бүкіл уезде шашырап жүрді. Олар Тамды өзенінің бас жағы мен уездің ең батысында мейлінше көп болды.

## **Ырғыз уезі**

Торғай облысының оңтүстік-шығыс бөлігі Ырғыз уезі болды. Ол солтүстік-шығысында — Торғай, солтүстігінде — Қостанай және солтүстік-батысында Ақтөбе уездерімен шектесіп жатты. Оңтүстігінде бұл уезд Сырдария облысы мен Арал теңізіне ұласты. Облыстың басқа уездері сияқты, Ырғыз уезінің біржола қоныстануы туралы

азды-көпті дәл мәліметтер XVIII ғасырдың аяғына жатады. Бұл кезеңде уездің бір бөлігі қалмақтардың қолында болып, оның ең шеткі оңтүстігінде ғана қазақтар мекендеген еді.

Уездің жері ерте кезден-ақ Сырдария облысы қазақтарының жазғы және күзгі-көктемгі жайылымдары болған. Жекелеген қысқы қоныстар бұрын да болған, бірақ жаппай қыстау салу XIX ғасырдың орта шенінде ғана басталды. Табиғат жағдайларының сипаты бойынша уездің солтүстік бөлігі алуан түрлі шөпке бай дөңесті дала болып табылады, ол уездің орталық бөлігі Торғай мен Ырғыз өзендерінің бойындағы жазыққа ұласады, ал одан әрі оңтүстік жағында едәуір кең алқаптағы ыспа құм (Үлкен және Кіші Борсық, Арал маңы Қарақұлын және басқалар) басталады. Уездің Қостанай уезімен шектесетін жерінде көлдер көп, солтүстік жартысы ғана су көздеріне бай.

Уездің оңтүстік-шығысында солтүстіктен Шалқар-Теңіз көліне құятын Ырғыз өзені кесіп өтеді. Шығыс шекарасында Ұлқияқ өзені жатыр, ол Торғай өзеніне барып құяды. Оның төменгі ағысы Ырғыз уезінің аумағын қамтиды.

Уездің солтүстік бөлігінің, сондай-ақ Ырғыз бен Торғай өзендері аңғарының топырақ-климат жағдайлары егіншілікке қолайлы, сондықтан да мұнда отырықшы мал шаруашылығымен қатар егіншілік те дамыған. Уездің шөбі шүйгін, құмдауыт оңтүстік бөлігі ерте кезден уездің көптеген қожалықтарына қысқы тұрақ болып келген.

Сапақшы П. Хворостанскийдің деректерінде, егер уездің солтүстік бөлігінде егіншілікпен қожалықтардың 47 проценті айналысса, оңтүстігінде 1,5 проценті ғана айналысқаны көрінеді. Бұл сандар Ырғыз уезінің әр түрлі бөліктерінің шаруашылық жағынан сараланғанын тағы да айқын көрсетеді.

Бастапқы кезеңде қазақтар уездің ірі-ірі құмды алқаптары — Үлкен және Кіші Борсық, Қарақұмда басым болған оңтүстік болыстарын, сондай-ақ көшпелі мал шаруашылығы мен қысқы уақытта қоныстар жасау үшін мейлінше қолайлы өзендер мен Арал теңізінің қамысы көп жағалауын мекендеген болатын. Содан соң қоныстар солтүстікке қарай, салаларымен қоса Төменгі Торғай және Ырғыз өзендерінің аңғарларына, ендігі жерде жартылай отырықшы немесе тіпті отырықшы мал шаруашылығы мен егіншілік жүргізуге мүмкіндік беретін, кең-байтақ сұлы шабындықтары бар көптеген көлді жерлерге

қарай жылжыды. Сол жерлерде қоныстар пайда бола бастады.

Ақырында, уездің солтүстік өңірінде егіншілік неғұрлым кең көлемде дамыды. Сонымен бірге бұл жерде шөбі шүйгін тамаша табиғи жайылым алқаптары бар еді. Уездің бұл бөлігінде отырықшы мал шаруашылығымен қатар егіншіліктің де тез таралып, мұнда тұрақты үлкен қоныстардың жасалуына әбден табиғи жағдай қалыптасты. Сөйтіп, оңтүстік болыстардың көшпелі малшылары құм арасында қыстап шығып, көктемде солтүстік және орталық болыстардың бос жатқан көктемгі-жазғы жайылымдарына көшіп барған. Демек, мұнда қыстау маңындағы аумақ қана межеленген де, көктемгі-жазғы және жазғы жайылымдар жалпы пайдалануда болған.

Орталық болыстардың қазақтарының ішінара бөлігі солтүстікке жайлауға барып отырған. Ал, басым көпшілігі өз орындарында қалған. Мұнда екінің бірінде күзгі-көктемгі және жазғы жайылымдар да кіретін қыстау маңындағы аумақпен қатар шабындық жерлер мен егістіктер қауым ішінде де, ауыл ішінде де бөлініп отырған. Солтүстік болыстарда тұрақты қоныстардың негізі қаланғаннан кейін қыстау маңындағы аумақтардың бұрынғыдан да қатаң межелеуі түсуі орын алды.

Оқшауланған аумақтар мұнда едәуір көп еді. Олардың әрқайсысының ішінде қыстау маңындағы алқап, егістік, шабындық жерлер, күзгі-көктемгі және жазғы өрістер болды. Ауылдар арасындағы шекара қатаң сақталды, сөйтіп қожалықтар малын өздерінің қыстау маңындағы өрістерінде ұстап, ешқайда көшіп бармады.

Әкімшілік жағынан Ырғыз уезі он төрт болысқа: Талдық, Бақсай, Қызылжар, Аманкүл, Кенжеғара, Теректі, Толағай, Тәуіп, Темірастау, Қарасай, Жыңғыл, Қабырға, Ордақонған, Құланды болыстарына бөлінеді.

Жалпы алғанда, ХІХ ғасырдың басында уезде қазақ халқынан 105 446 адам тұрды. Негізгі халқы Кіші жүздің Шөмекей, Төртқара, Шекті, Қаракесек, Телеу және Алтын руларының қазақтарынан тұрды. Орта жүзден мұнда уақ тайпасының азын-аулақ қауымдары тұрды. Шөмекей руы шығыстағы бірнеше болыстың (Кенжеғара, Тәуіп және Аманкүл) аумағын алып жатты. Рудың қыстаулары Ырғыз өзенінің төменгі ағысының екі жағын бойлай, Боққара, Қонысбайтам, Жаманқұм, Сасыққұм, Аманқұм, Әулиеқона, Бектаскөл, Құмөткел алқаптары мен басқа да жерлерде орналасты.

Қауымдардың бір бөлігі Шалқар-Қарасу және Мешіт-



Қарасу көлдерінің жағалауларында қыстады. Басқа бір қауымдар Торғай уезімен шекараға жақын, Ұлқияқ өзені мен Торғай өзенінің (оң жаға) бойында, Баршақұм, Мамыт, Бәребіқұм, Бөрілі құмдарында және Шалқар-Теңіз көлінің төңірегінде орналасты.

Төртқара руының саны көп қауымдары Қызылжар, Бақсай, Балдақ және Темірастау болыстарын қыстады. Олардың қыстаулары шығысында шөмекейлердің қыстауларымен, солтүстігінде — Ақтөбе уезімен жапсарлас жатты. Бұл ру қауымдарының тағы бір тобы уездің оңтүстігінде (Теректі және Толағай болыстарында) қыстады. Төртқара қауымдары солтүстігінде Ырғыз өзенінің жоғарғы және төменгі ағысы (екі жағасын бойлай) мен оның көптеген салаларын, сондай-ақ даладағы шағын көлдердің жағалауларын алып жатты. Оңтүстігінде рудың қыстаулары Кіші Борсық құмдарында, Арал өңірі қамыстарында және Бөрібіқұмда орналасты.

Қаракесек руы Қабырға және Қарасай болыстарын мекендеді. Бұл ру қауымдарының бір бөлігі Арал теңізінің жағалауы маңындағы қамыстар арасында, Паскевич шығанағынан Тұщыбас шығанағына дейінгі аралдарда, Қабырғакөл, Таңатар, Тораңғылысай, Шөмішкөл, Ақбасты, Қаражиде алқаптары мен Көкарал аралында қыстап шығатын. Бұл рудың басқа бір қауымдары Мұғалжар тауларының солтүстік-шығыс сілемдері мен Шет-Ырғыз, Қарасай, Қайыңды өзендерінің бас жағында, Сырлыбай, Шүкірқұм, Жолши, Қопасор алқаптары мен басқа да алқаптарда қоныстанды.

Шекті руы уездің солтүстік-батыс болыстары (Құланды және Ордақонған) аумағын алып жатты. Бұл ру қауымдарының негізгі көпшілігі Арал теңізі жағалауындағы қамыстар арасында, Құланды түбегі мен оған жақын жатқан аралдарда, сондай-ақ Үлкен Борсық құмдары мен Шошқакөл тауларында қыстайтын. Ру қожалықтарының азын-аулағы Мұғалжар тауларының оңтүстік-шығыс сілемдерінде қыстап шығатын.

Қарасай және Жыңғыл болыстарының көпшілік бөлігін Телеу руы алып жатты. Бұл рудың қауымдары Торғай өзенінің сол жағасында да (оның төменгі ағысында) мекендеді. Алайда, олардың негізгі көпшілігі Үлкен Борсық құмының солтүстік жағы мен Мұғалжар тауларының шығыс беткейлерін мекендеген еді.

Алтын руы азын-аулақ екі көпшілік болып Торғай өзенінің сол жағасы мен оң жағасында (оның төменгі ағысында) қыстады. Оның қыстаулары шөмекейлер мен

Телеу руының қыстауларымен шектесіп жатты. Және ақырында, уақ тайпасы (Орта жүз) қауымдарының шағын тобы Арал теңізінің жағалауын бойлай, Құланды түбегіне жақын жерде және жағалауға жақын аралдарда шектілер арасында қыстап жүрген.

## Торғай уезі

Торғай уезі шығысында Ақмола және оңтүстігінде Сырдария облыстарымен шектесіп, облыстың ең оңтүстік-шығыс бөлігін алып жатты. Ол солтүстігінде Қостанай, ал батысында Ырғыз уездерімен шектесетін. Торғай уезінің аумағы солтүстігінде жазық дала болып, оңтүстігіне қарай шөлейт далаға ұласады. Уезд аумағында, әсіресе оның оңтүстік жартысында едәуір көп құмды алқаптар кездеседі, олардың ең ірілері — Мойынқұм, Тосын, Сарықұм құмдары және басқалары.

Уезде суы тұщы, көбінесе көлемі едәуір үлкен көлдер (Сарықона, Шұбартеңіз, Арыскөл, Сарымойын т. б.) және толып жатқан салаларымен қоса (Ұлқияқ, Мойылды, Қабырға, Жыланшық және т. б.) Торғай сияқты өзендер көптеп саналды.

Уездің солтүстік бөлігінде Наурызымқарағай, Сынсық және басқа да орманды алқаптар бар.

Уездің топырақ-климат жағынан өзіне тән ерекшеліктері жергілікті қазақ халқы шаруашылығының ерекшеліктерінен де өз көрінісін тапқан. Көршілес Ырғыз уезіндегі сияқты, мұнда да уезде басым болған мал шаруашылығының дамуына қолайлы, кең-байтақ, тамаша табиғи жайылымдар бар. Егістік жері мол көптеген өзен аңғарлары мен көл жағалаулары суармалы егіншіліктің кеңінен дамуына игі әсер етті.

Белгілі бір қауым жерінің көрші қауымдарымен қатаң шекаралары болды. Ал, қауым ішінде қыстау маңындағы жер мен егістік жер бөлінді. Шабындықтар жекелеген қожалықтардың пайдалануында болғандықтан, бірлесіп шөп шабу сирек кездесті. Көптеген рулық қауымдардың қыстау маңындағы жері ішінде күзгі-көктемгі, тіпті жазғы жайылымдары болды. Мұның өзі көшіп-қонудың едәуір азаюына елеулі ықпал етті. Сонымен қатар уезде көптеген рулар жалпы пайдаланылатын жазғы жайылымдар да болды.

Уездің солтүстігінде жалпы пайдаланылатын жайлаулар Қарағайлытау, Қызбелтау таулары мен жақын маңайдағы далаларда орналасып, оңтүстікке қарай 80—

100 шақырымға дейін созылып жатты. Бұл жайлаулар негізінен Арғын руларынікі болатын. Жалпы пайдаланылатын жайлаудың тағы бір үлкен алқабы Жалдама (солтүстік-батыста) және Қарақұдық (оңтүстік-шығыста) өзендерінің арасында жатты. Ол солтүстігінде Ашутасты-Торғай өзенімен жанасып, оңтүстігінде Қараторғай өзеніне дейін жетті. Бұл жайлауды арғындар да, қыпшақтар да пайдаланды. Шұбартеңіз көлінің маңында орналасқан кең-байтақ жер алқабы да жазғы жайылым болатын. Білеуті, Бұланты, Байқоңыр, Қарғалы өзендерінің аңғарларымен қоса алғанда, Шұбартеңіз көлінің ауданы қыпшақтарға қарайтын.

Көршілес Ырғыз уезімен қатар, Торғай уезі тіпті ХХ ғасырдың басында да орыс қоныстанушыларымен қоныстандырылмады деуге болады. Тек 1912 жылға қарай оның ең солтүстігінде ғана азын-аулақ көлемде қоныстанушыларға учаскелер бөлініп, олардың көпшілігі ұзақ уақыт бойы бос жатты. Мұны уездің темір жолдан көп алыс жатқанымен, қандай да болсын қатынас жолдары мен құралдарының болмауымен түсіндіруге болады.

Соның нәтижесінде ХХ ғасырдың басына дейін уезде толығымен Орта жүздің және ішінара Кіші жүздің қазақтары ғана қоныстанды. Әкімшілік жағынан уезд он екі болысқа: 1-ші Наурызым, 2-Наурызым, Майқара, Тосын, Сарықона, Шұбалаң, Қараторғай, Сарыторғай, Қайдауыл, Ақкөл, Қызылжыңғыл, Қарақоға болыстарына бөлінді. Уездегі қазақ халқының жалпы саны 93 242 адам болды. Уездегі халықтың негізгі көпшілігі Орта жүздің арғын және қыпшақ тайпаларының қазақтары болды. Кіші жүзден мұнда Жаппас, Шекті, Алтын және Тама руларының аздаған қауымдары мекендеді. Олардың ішіндегі саны көбі Жаппас руы болатын. Кіші жүздің қалған рулары қожалықтарының саны болмашы еді.

Арғын тайпасы қыстауларының негізгі алқаптары уездің батыс және орталық бөлігіндегі аумақты алып жатты. Тоғыншы руының қыстаулары Үлкен және Кіші Қосқона, Мерген көлдерінің төңірегінде, Сарыторғай өзенінің оң жағасында (оның орта ағысында) орналасты. Уездің оңтүстік-батыс бөлігінде, Ұлы Жыланшық өзенінің төменгі ағысы бойында, Жақсыкөл, Жаманкөл көлдерінің төңірегінде, Тосын құмдарында, Қарақамыс көлінің төңірегінде, Ұлқияқ пен Шортандының жоғарғы және орта ағысында да Мерген, Ақташы, Тоғыншы, Қарамылтық руларының арғындары мекендеді. Торғай өзенінің сол жағасы оның орта ағысында Мерген руының арғындары-

на, ал Сарықопа көлінің төдірегіндегі аумақ Тоғыншы руына қарады.

Одан әрі Арғын руларының қыстау алқаптары Қосқопа көлінен шығысқа қарай Қарыңсалды өзенінің оң жағасына дейін созылып жатты. Арғындардың тағы да біршама шағын екі тобы уездің солтүстігінде, Ақсуат көлінің төдірегінде және солтүстік-шығысқа қарай Терісбұтақ, Сарыторғай, Үлкентамды өзендерінің жағасын бойлай, одан әрі Жыланды өзенінің сол жағасына дейін қыстап жүрді.

Қыпшақтар уездің солтүстігінде Жыланды өзенінің сол жағасын бойлай, ал оңтүстігінде Ақмола облысының шекарасы бойында, Қарыңсалды, Тасты және Үлкенқайыды, Торғай өзендерінің жоғарғы ағысы бойында мекендеді. Уездің Бұлақты, Білеуті өзендерінің бойындағы және Төменгі Сарысу өзенінің оң жағасы бойындағы бүкіл оңтүстігін де қыпшақтар алып жатты. Уездің орталық бөлігінде қыпшақтар Үлкен Торғай өзенінің орта ағысы (оның сол жағасы) бойындағы аумақты мекендеді.

Бұл айтылғандардан арғын және қыпшақ тайпалары қазақтарының қыстаулары өте қолайлы жерлерге, атап айтқанда, жайылма сулы шабындықтарға бай өзендерінің аңғарларында және су басатын және қопа қамысы бар көптеген өзендер төдірегінде орналасқаны көрінеді. Арғындардың едәуір көп бөлігі Торғай өзенінің бойындағы Тосын құм алқабында қыстаған.

Кіші жүздің Жаппас руы уезд шегінде жатқан Арал маңы Қарақұмының солтүстік бөлігінде мекендеді. Солардың маңында, біраз оңтүстік-шығысқа таман Алтын руының қыстаулары жатты. Уездің ең оңтүстігінде қыпшақтармен қатар, Арыс көлінің жанында тама руының аздаған қожалықтары қыстады.

Сарықопа көлінің солтүстік шетінде Шекті руы қауымдарының қыстаулары бытырап жатты. Азын-аулақ шектілер уездің солтүстік бөлігінде, Сарымойын көлінің батыс жағында да мекендеді. Олардың қыстаулары көптеген дала көлдерінің жағалауларында шашырап жатты.

Торғай облысының аумағында қазақтардың рулық-тайпалық орналасу көрінісі осындай. Қорыта келгенде, Торғай облысын шартты түрде екі бөлікке бөлуге болатынын атап айту керек. Торғай және Ырғыз уездері, әсіресе олардың оңтүстік өңірлері ежелден Орта жүз бен Кіші жүз қазақтарының қысқы жайылымдары, ал олардың солтүстік өңірлері осы қауымдар үшін көктемгі-күзгі және жазғы жайылымдар болып келген. Олар Сырдарияның

төменгі ағысында қыстаған қауымдар үшін де қысқы жайылымдар болған.

XX ғасырдың басында да орыс қоныс аударушылары бұл уездерге тіпті қоныстанбаған деуге болады. Сондықтан XX ғасырдың басына қарай мұнда қалыптасқан көшіп-қонатын жерлер мен көшу жолдары елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ. Сонымен бірге бұрын бір бөлігі оңтүстік қауымдарының жайлаулары болып келген, ал бір бөлігі бос жатқан Қостанай және Ақтөбе уездері XVIII ғасырдың аяғынан бастап қана қысқы жайылым ретінде игеріле бастағанын және біз XIX ғасырдың орта шеніне қарай қазақ руларының орналасуы біршама тұрақтанғанын аңғарамыз. Алайда, көп ұзамай-ақ отарлауға орай қоныстану учаскелерінің кесіп алына басталуына байланысты, бірқатар қазақ қауымдарын мейлінше қолайлы жерлерден ығыстырып шығару, мұнда қалыптасқан көшу жолдарын бұзу басталды.

В. Тревятскийдің мәліметтеріне қарағанда, 1906 жылға дейін ғана, яғни шаруаларды қоныстандырудың негізгі кезеңіне дейін-ақ Торғай облысында қазақтардан ең жақсы 1 022 167 десятина жер тартып алынған. Мұның негізгі бөлігі Қостанай және Ақтөбе уездерінің үлесіне тиетін еді. Сайып келгенде, мұның бәрі қазақ қауымдары қыстауларының едәуір тығыздалуына, жалпы пайдаланылатын (жазғы және күзгі-көктемгі) алқаптардың тарылуына әкеп соқты.

## **Орал облысы**

1868 жылы құрылған Орал облысы әкімшілік жағынан төрт уезге: Орал, Ілбішін, Гурьев, Темір уездеріне бөлінді; біршама кейініректе (1874) оған Маңғыстау приставы кірді. 1897 жылғы «Жалпыға бірдей халық санағына» сәйкес, облыста 645 121 адам, соның ішінде 460 173 қазақ халқы болған.

Облыс аумағында Кіші жүз қазақтары мекендейді. Мұнда оның барлық үш бірлестігінің — Байұлы, Әлімұлы және Жетіру рулары бар.

## **Орал уезі**

Уезд орал казактары қоныстанған оң жаға және қазақ рулары мекендейтін сол жаға етіп Жайық өзені бейнебір екі бөлікке бөлгендей, облыстың солтүстік бөлігін алып жатыр. Уездің қазақ бөлігіне ғана ден қоюмызға байланысты, біз ендігі жерде тек соны ғана қарастырамыз. Уездің солтүстік-батыс және солтүстік жағынан Жайық

өзені жапсарласып жатқан бұл бөлігінің шекарасы шығысында Елек өзенінің бойымен, ал оңтүстік-шығысында Қобда өзенінің бойымен өткен.

Оңтүстігінде Орал уезі Ілбішін және Темір уездерімен шектесіп жатты. Уездің қазақтар бөлігі мынадай сегіз болыстан тұрды: Жиренкөне, Қарағаш, Шілік, Қарашығанақ, Шыңғырлау, Бөрілі, Жымпиты, Қараоба.

1897 жылғы санақтың деректері бойынша, уездегі халық саны 293 619 адам, соның ішінде қазақтар 150 901 адам болған. Облыстың болыстары топырақ-климат жағдайларының сипаты жағынан, демек, шаруашылықта пайдаланылуы жағынан да бірдей емес. Солтүстік болыстар (Шыңғырлау, Қарашығанақ, Қараоба және Бөрілі) егіншілік үшін өте қолайлы, мұнда (әсіресе алғашқы екі болыста) шаруашылықтың негізгі саласы — егіншілік. Оңтүстік және оңтүстік-шығыс болыстар негізінен алғанда мал шаруашылығына қолайлы, бұларда егіншілік тек қосалқы сипатта ғана болды. Әлбетте, мұның бәрі жерді пайдалану нысанына да, қазақ халқының орналасу сипатына да өзінің ізін қалдырды.

Алғашқы төрт болыста егіншіліктің біршама кең дамуы, оларда көшпелі мал шаруашылығының мүлдем дерлік болмауы ХІХ ғасырдың аяғына қарай мұндағы барлық қазақ халқының отырықшылыққа көшуіне әкеп соқты. Бұрынғы рулық қауымның орнына селолық қауым келді. Бұл қауымдар өз халқының тұрақтылығы жөнінен, жерді пайдалану нысандарының ерекшеліктері жөнінен орыстың селолық қауымына өте жақын болды. Шынында да, бұл болыстарда егіншіліктің кеңінен дамуы соларда тұратын халықтың отырықшылануына, көбінесе тұрақты тұрғын контингенті бар тұтас қазақ қоныстарының пайда болуына әкелді.

Олар үшін шаруашылықтың негізгі саласы ендігі жерде егіншілік болды. Азды-көпті жарамды жерлердің бәріне егін салынды. Ал аумақтың қалған бөлігі шабындық пен жайылым етілді. Шалғынды шабындықтарда үй салынып пайдалануға көшірілді немесе жыл сайын қайта бөлісіліп отырды, бірақ егістік сияқты бұлдіруден қатаң күзетілді. Себебі, мұндай жағдайларда көшпелі мал шаруашылығына үлкен зиян келетін еді. Уездің бұл солтүстік болыстарына көрші уездерден бірде-бір мал шаруашылығы қожалығының жайлауға келмегені кездейсоқ емес. Өрістер мен табиғи жайылымдар аталған болыстарда қауымдық пайдалануда қала берді. Дегенмен де, мұнда бұрынғы рулық қауымның өзі де айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Бұ-

рынғы рулық қауымның әлеуметтік-экономикалық өмірдің орталығы енді шаруашылық ауылға ауысты.

Оңтүстік-шығыстағы мал өсіретін болыстардан айырмашылығы, шаруашылық ауылдар отырықшы немесе жартылай отырықшы халық тұрмысы себепті, нақ осында қожалықтардың едәуір санын (150—200) біріктірді. Өз кезегінде бұл болыстардың жер қауымдары да шаруашылық ауылдарын көп мөлшерде қамтығаны соншалық, көбінесе тұтас болыс іс жүзінде бір-екі қауымнан құралды. Мысалы, Қараоба болысы нақ осындай бір қауымнан, Бөрілі, Шыңғырлау және Қарашығанақ болыстары екі-екі қауымнан тұрды және т. т.

Уездің оңтүстік-шығыстағы өзге төрт болысында жердің пайдаланылу нысандары жөнінен істің жайы біршама басқаша болды. Жоғарыда айтылғанындай, мұнда шаруашылықтың негізгі саласы мал шаруашылығы болды, дегенменде XIX ғасырдың аяғына қарай, егіншілік пен шөп шабу да одан әрі дами түсті. Рас, оны табиғи жағдайлардың қолайсыз болуы шектеп отырды.

Мұнда егіншілік шаруашылықтың қосалқы саласы болғандықтан, бұл болыстарда егістікке жарамды учаскелер алғашқы (солтүстік) болыстар тобындағыдай бағалы болған жоқ. Сондықтан егістік жерлер үй басына бөлінбей, қауымдық меншік болып, қауым мүшелері пайдаланды, олар қай жерді қаласа және қанша қаласа, сонша егін салды. Шөп шабудың дамып, мал шаруашылығының тауарлы шаруашылыққа айналуы, айтар болсақ, бұл болыстарда біршама аз болған шабындық учаскелердің құны зор болуына әкеп соқты. Сондықтан да олардың бәрі түндік басы болып пайдалануға көшті немесе жыл сайын қайта бөлінің отырды. Табиғи жайылымның бәрі (дала) қауымдық пайдалануда қала берді. Бұл болыстардағы қауым да онша үлкен болған жоқ. Әкімшілік ауылда екі және одан да көп қауым болды. Сондықтан болыстардың әрқайсысындағы осындай қауымдар саны 10-нан 18-ге дейін жетті.

Уездегі қазақ руларының орналасу сипаты олардың шаруашылығының ерекшеліктері мен жерді пайдалану нысандарына тығыз байланысты еді. Осы бөлімнің басында көрсетілгеніндей, Орал уезінде 150 901 қазақ тұрды. Бұлар Табын, Тама, Кердері, Байбақты және Масқар руларының өкілдері болатын. Алғашқы үш ру Жетіру рулар бірлестігіне жататын да, Байбақты және Масқар рулары Байұлына кіретін.

Мұнда Табын руынан бозым және жаманкерей (тарақ-

ты табын) бөлімшелері мекен етті. Бұл ретте алғашқылары аз болса, жаманкерейлердің мұнда бес бөлімшесінен екі бөлімшесі — амандәулеттер мен туатайлар ғана болғанымен, олардың саны едәуір еді. Солай бола тұрса да, бұл екі бөлімшенің өкілдері төрт (Жирикөпе, Қарағаш, Шілік және Қарашығанақ) болысты алып жатты. Бұл ру қыстауларының негізгі көпшілігі көптеген өзендердің, атап айтқанда, Жайық және Елек өзендерінің аңғарларында орналасты. Уездің солтүстігінде қыстаулар Қобда, Утва өзендерінің бойында, сондай-ақ Қуағаш, Қалдығайты, Бұлдырты өзендерінің жоғарғы ағыстарында және олардың салаларында шашырап жатты. Көктемгі-күзгі жайылымдары қыстауларынан алыс болмады, ал жазғы өрістері сол өзендердің жоғарғы ағыстары мен солардың маңайындағы далаларда орналасты. Қалай дегенмен де, мұнда ХІХ ғасырдың аяғында-ақ жалпы пайдаланудағы жайлаудың азды-көпті елеулі алқаптары болған жоқ.

Жымпиты болысында Байбақты және Масқар рулары мекендеді. ХІХ ғасырдың басына дейін бұл болыстың жерлері бос жатты деуге болады, тек мұнда Жайық өзенінің сол жағасында, Мерген форпостысының жанында қыстап шыққан Байбақты руының қазақтары ғана андасанда жайлауға келіп жүретін. ХІХ ғасырдың 20—30 жылдарында Жайық өзенінің бойында қожалықтардың шоғырлануы себепті жер тарлығына ұшыраған бұл рудың бір бөлігі өздерінің жайлауына көшіп барып, сонда қыстап қалған. Шалқар көлінің жағалауы мен Көпір-Аңқаты өзендерінің қамыстары қыстау етілді. Осында қыстап қалатын қожалықтар саны жылдан-жылға, әсіресе қазақтар Жайық өзенінің жағалау өңірінен тоғыз шақырымға көшірілгеннен кейін біртіндеп өсе берді. Қыстаулар орындары Өлеңті және Шідерті өзендерінің құйылысында да пайда болып, содан соң олардың бүкіл бойына таралды. Мұнда көктемгі-күзгі жайылымдар мен жайлаулар сол өзендердің жоғарғы ағыстары мен айналасындағы далаларда да болды. Өткен ғасырдың 80-жылдарында мұнда сол кезге дейін Ілбішін уезінің оңтүстік болыстарында (Индер және Қарасу) қыстап келген Масқар руының қожалықтары көшіп келді. Олар өз қыстауларын Аңқаты өзенінің жоғарғы ағысына, Байбақты руының жайлауына орналастырып, сол арқылы Жымпиты болысының бүкіл солтүстігін қаратып алды.

XX ғасырдың басында (1907) Жымпиты болысы екі болысқа: атап айтқанда, бұрынғы болыстың оңтүстік-шығыс бөлігінің жері енген Жымпиты және Шідерті бо-



лыстарына бөлінді. Соңғысына Шідерті өзенінің бойындағы (солтүстік-батыс бөлігі) аумақ енгізілді. Бірінші болыста Байбақты руының, ал екіншісінде — Масқар руының халқы басым болды.

Шыңғырлау және Бөрілі болыстарын мұнда екі бөлімшесінің де (есенгелді және жабал) өкілдері болған Тама руы мекендеді. Бұл рудың қыстаулары мен қоныстары көбінесе уездің солтүстік бөлігінде, яғни Жайықтың тоғыз шақырымдық оңірі шегінен тыс жағалауын, Утва өзенінің төменгі ағысы бойында, сондай-ақ даланың шатын өзендері (Солянка, Қараоба, Бесағаш, Улысай және т. б.) жағалауы мен сайларын бойлай орналасты. Ақырында, уездің ең шеткі солтүстік-батыс түкпірінде (Қараоба болысы) өзінің екі бөлімшесімен (жабағы және смайыл) бірге Кердері руы мекендеді. Көршілес (Шыңғырлау және Бөрілі) болыстарындағы сияқты, мұнда да қыстаулар Жайықтың жағалауында, сондай-ақ Барбастау өзенінің оң жағасында орналасты. Жазғы өрістері осы өзеннің сол жағасы мен іргелес жатқан далада болды. Жоғарыда аталған болыстардағы сияқты, мұнда да егіншіліктің кең дамуы себепті, біздің мал шаруашылығымен айналысатын болыстардағыдай шүйгің жайлаулар болмады. Бұл өрістер тікелей қыстаулар мен егістіктерге жапсарлас жатты.

1920 жылы Орал уезі екі уезге — Орал және Елек уездеріне бөлінді. Рудардың қоныстануында да бірсыпыра өзгерістер болды. Революцияға дейін ең жақсы жерлер (Жайық өзенінің оң жағасының бойы), атап айтқанда, Шыжы, Көшім, Балықты және т. б. өзендерінің жайылмаларындағы тамаша шалғынды өрістер Орал казактары әскерінің қолында болып, қазақтарды жібермейтін еді. Қазақстанда Кеңес өкіметі жеңіп, жер пайдаланудағы ұлттық артықшылықтар жойылғаннан кейін Жайықтың оң жағасындағы жерлер қазақ халқының пайдалануына көшті. Орал уезі қожалықтары да ішіпара осында көшіп келді.

### Ілбішін уезі

Уезд Орал облысының солтүстігінде, ал шығысында Темір уездерімен шектесіп, нақ сол облыстың батыс бөлігі аумағын алып жатты. Оңтүстігінде Ілбішін уезі Гурьев уезімен шектесетін. Бұрын қазақ рулары қыстауларының едәуір бөлігі Жайық өзенінің суармалы шабындықтар мен ормандарға бай сол жағалық жайылмасында орналасқан болатын. Алайда XIX ғасырдың орта

шенінде Орал казактары әскерінің әкімшілігі сол жаға бойында он шақырымдық өңір жасап, қазақтарды одан сыртқа көшіріп жіберді. Соның нәтижесінде өзеннің бүкіл жайылмасы шұрайлы жайылымдарымен және қыс кезіндегі малға ықтасын жерлерімен қоса қазақтардан тартып алынды. Оларға малын Жайықтан суару үшін айдап апаруға белгілі бір жерлерде шағын орындар қалдырылды. Көршілес Орал уезіндегі сияқты Ілбішін уезінің де бүкіл оң жаға бөлігі Орал казактары әскеріне ғана тиесілі болды, ал оның көлемі сол жағасына орналасқан жартысына тең болатын. Қазақтардың ол жаққа кетуге құқықтары болмады. Сонымен бірге тамаша егістік жерлер мен көшім және шыжы жайылымдарының кең шалғындары нақ оң жағада жатқан еді.

Уездегі халық саны 169 673 адам, соның ішінде қазақтар 144 257 адам болды. Осы халықтың бәрі 154 ауылы бар 15 болыста тұрды. Бұлар мына болыстар: Жұбанышкөл, Шалқар, Құройыл, Қарасу, Бұлдырты, Өлеңті, Мәтеш, Сабынкөл, Суналы, Қызылжар, Жақсыбай, Қаракөл, Индер, Қалдығайты.

Уезд халқы болыстарда біршама біркелкі орналасты. Тек Жұбанышкөл және Сабынкөл болыстарының ғана кейбір ерекшелігі болды. Уездің әр түрлі болыстарының табиғи ерекшеліктері жер пайдалану нысандарына әсер етті, мұның өзі өз кезегінде ру топтарының қоныстану сипатына да әсер етпей қоймады.

Топырақ-климат жағдайлары қолайлы солтүстік-батыс болыстар (Өріктікөл, Жұбанышкөл және Қалдығайты) уездің астықты өңірі болды. Мұнда барлық жерге егін салынды деуге болады, халық тұрақты қоныстарда немесе қыстауларда отырықшы және жартылай отырықшы өмір сүрді. Жазда көшу мүлде дерлік болмады, сондай-ақ мұнда басқа уездер мен болыстардан көшіп келуге рұқсат етілмеді. Көршілес Орал уезінің солтүстік-батыс болыстарындағы сияқты, барлық егістік жерлер үй басына бөлініп беріліп, мұраға қалдырылып пайдаланылды. Шабындық алқаптар не үй басына бөліп берілді немесе көктем сайын қайта бөлініп отырды. Оңтүстік-шығыс болыстардың (Қаракөл, Жақсыбай, Сабынкөл, Бұлдырты) көп бөлігін едәуір ауқымды құмды алқап алып жатты (Көкөзек, Тайсойған, Бүйрек, Есерқамыс және басқалары). Құмдарда су мен шөптің мол болуы оларды тамаша қысқы жайылым етті. Бүкіл құм үшін Ілбішін уезінің осы болыстары ғана емес, көршілес болыстарының да казактары қыстау еткені кездейсоқ емес. Қыстаулар жа-

нындағы барлық алқаптар, сондай-ақ оларға жақын жатқан көктемгі-күзгі жайылымдар қожалықтар арасында бөлінді. Негізінен уездің орталық болыстарында жатқан жазғы жайылымдар қауымдық пайдалануда болды.

Уезде Кіші жүздің барлық үш рулық бірлестігінің өкілдері мекендеді. Алайда халықтың негізгі көпшілігін Байұлы рулары (9 ру), содан соң Жетірудың Табын және Кердері рулары мен Әлімұлының Кете руы құрады. Уездегі саны ең көп рулар Алаша және Байбақты рулары болатын. Алаша руы қауымдарының қыстаулары Өлеңті-Ащысай өзендерінің орта ағысын, даладағы Соркөл, Есентеміркөл көлдері мен басқа да көлдердің жағалауларын алып жатты. Бұлдырты өзенінің орта ағысы мен Шұбаркөл көлінің жағалауы да Алаша руының қарамағында болды.

Бұл рудың басқа бір едәуір үлкен тобы Жайық бойындағы он шақырымдық өңірі шекарасында, Котельный, Кругловский форпостылары тұсында және жапсарлас жатқан далада, Итмұрынкөл, Тұздыкөл көлдерінің жағалауларында, Қоскөл алқабында т. б. жерлерде қыстады. Алаша руының тағы бір үлкен тобы Қалдығайты, Жақсыбай өзендерінің төменгі ағыстарында, Жамбай, Сұлу-көл, Жақсыбай көлдерінің жағалауларында, Есерқамыс құмдарында мекендеді.

Байбақты руы Шалқар көлінің солтүстік-батыс жағалауын бойлай, Жайық өзеніне құятын Солянка өзенінің бойында, шағын Дуан көлі мен оған солтүстік жағынап құятын жылғалардың жағасын бойлай Қурайлысайдың бойы мен Ащы-Өлеңтінің төменгі ағысында қыстап жүрді. Байбақтылардың қыстаулары Қамыстыкөл, Ащыкөл, Тұздыкөл көлдері мен оларға жақын жатқан басқа көлдердің жағалауы маңындағы қамыстары ішінде де орналасты. Рудың бірқатар қауымдары Қалдығайты өзенінің орта ағысын алып жатты. Байбақты ауылдарының едәуір бөлігі Жайық өзенінің сол жағасында (он шақырымдық өңірден тыс) Калмыковский форпостысынан Орловский форпостысына дейінгі жерлер және Индер өзенінің жағалауын мекендеді.

Ысық руының қыстаулары Жайық, Қалдығайты (оның жоғарғы ағысында) өзендерінің бойында, Бүйрек, Тайсойған, Көкөзек және Жамапағаш құмдарында болатын. Бұл рудың қоныстану ерекшелігі оның біршама жинақылығы еді. Көріп отырғанымыздай, бұл уезде рудың барлық қауымдары екі жерде шоғырланған, оның үстіне қыстауларының негізгі көпшілігі құм ішінде орналасқан.

Уезде Тама руының өкілдері көп болған жоқ және олардың қыстаулары да жинақы, екі жерде орналасты. Рудың бірнеше қауымы Өлеңті өзенінің жоғарғы ағысында жатты, ал басқалары Көкөзек құмының батыс бөлігінде қыстады. Сонымен бірге, ру қауымдарының бір бөлігі Жайық өзенінің бойындағы Кулагин және Гребенчиков бекіністерінің маңында қыстаған байбақтылармен келісім бойынша, солардың арасындағы қыстауларда қоныстанды.

Уезде ондаған қожалығы бар Масқар руының қыстаулары уездің ең солтүстік-шығыс түкпірінде, Шідерті өзенінің оң жағасы бойында, оның орта ағысында Есентемір, сондай азын-аулақ қожалықтары көлдер төңірегінде, Соркөл алқабында, Үлкенашы және Жаманашы өзендерінің төменгі ағыстарында қыстап жүрді. Беріш руы қожалықтарының қыстаулары да осында болатын. Бұлдырты өзенінің оң жағасы бойында, оның орта ағысында есентемір руы қыстауларының тағы бір шағын тобы болды.

Ілбішін уезінде табын қожалықтарының саны едәуір көбірек еді. Олардың қыстауларының негізгі көпшілігі Бұлдырты өзенінің орта және жоғарғы ағысын бойлай орналасқан. Табындардың шағын тобы Жайық өзенінің сол жағасын бойлай, Кожехаровский форпостысының тұсында қыстап жүрді. Жайықтың ағысы бойымен олардан жоғарырақта, Орал уезімен шекараға дейін және Шалқар көліне құлайтын Қарағайғаты, Сарыөзек өзендерінің аңғарлары бойында Кердері руының қыстаулары жатты. Жақсыбай өзенінің жоғарғы ағысында Кете руының аздаған қожалықтары қыстады.

Ақырында, уездің ең оңтүстігінде, Ойыл өзенінің ең төменгі ағысында Шөптікөл, Ақтөбе, Жалтырсор, Қарасор көлдерінің төңірегінде және одан әрі оңтүстікке қарай көптеген көлдердің маңы мен Булықияқ өзенінің бойында адайлардың қыстаулары болды.

## Темір уезі

Темір уезі Орал облысының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Ол оңтүстігінде Закаспий облысының Маңғыстау уезімен жанасып, шығысы мен солтүстік шығысында Торғай облысымен, солтүстігінде Орал облысының Орал, ал батысында Ілбішін уездерімен шектесіп жатты.

Уезд он жеті болыстан: Қарағанды, Қиыл-Ойыл, Қайыңды, Қазыбек, Ойыл, Құмды-Ойыл, Қалмаққырған, Темір-Ұрқаш, Жем-Темір, Жем, Жиделі-Сағыз, Жетікөл,

Оймағұт-Желтау, Доңызтау-Аққолқа, Қошқарата, Ұлысам, Самматай болыстарынан құралды.

Уезд халқын Кіші жүздің барлық үш рулық бірлестіктерінің — Әлімұлының, Байұлы мен Жетірудың қазақтары құрады; орыстардың, украиндар мен татарлардың шағын тобы ғана болды. Уезд бойынша 95 071 адам болатын. Жалпы халық санының 94 094 адамы қазақтар еді.

Табиғаты жағынан уезді шартты түрде екі бөлікке бөлуге болады. Алғашқы 12 болыс кірген бөлігінде біршама қолайлы топырақ-климат жағдайлары және едәуір мөлшерде су көздері, атап айтқанда, көптеген салаларымен қоса алғанда Ойыл, Қиыл, Темір, Жем және басқа өзендер болды. Бұл бөліктің оңтүстік шекарасы Жем өзенінің орта ағысы еді. Уездің басқа бір бөлігі — Доңызтау-Аққолқа, Оймағұт-Желтау, Ұлысам, Самматай болыстары су көздері аз немесе мүлде сусыз шөл және шөлейт дала болатын.

Уездің бірінші бөлігінің болыстарында мал шаруашылығымен бірге қазақтардың шаруашылығында егіншіліктің де ежелден зор маңызы болғаны түсінікті. Бұл болыстардың халқы XIX ғасырдың алғы — XX ғасырдың басында қыстыгүні тұрақты үйлерде тұрып, жаздыгүні онша алысқа ұзамай, өз болыстары өңірінде көшіп жүрді. Облыстың солтүстік уездерінен айырмашылығы, Темір уезінде егіншілік пен отырықшылық біршама нашар дамыды. Мұның өзі қыстау маңындағы алапты ғана үй басы пайдалануына қаратып алуға әкеп соқты. Егістік, жазғы және көктемгі-күзгі жайылымдар жалпы пайдалануда болды. Әрбір қауым мүшесі қай жерге егін салғысы келсе, сонда егіс екті және өз мағын жалпы пайдаланудағы алапқа жайып жүрді. Уезд қыстауларының негізгі көпшілігі, біздің бұдан әрі көретініміздей, оның нақ солтүстік бөлігінде орналасты. Мұнда жайлайтын жайылымдар да аз болмайтын.

Бөлімнің басында-ақ айтылып өткеніндей, уездің халқы Кіші жүздің барлық үш рулық бірлестігінің өкілдерінен құрылды. Солтүстік болыстар (Қарағанды, Қиыл-Ойыл және Қайыңды) XIX ғасырдың 80-жылдарына дейін көбінесе осында Темір уезінің оңтүстік болыстарынан, сондай-ақ Гурьев және Маңғыстау уездерінен келетін Адай және Табын руларының жаз жайлауы ретінде пайдаланылды. Осы және басқа рулар қожалықтарының бір бөлігі осында қыстап қалатын. Бір жағынан, егіншілік пен шөп шабудың одан әрі дамуына, екінші жағынан, бұл болыстарға орыс халқының қоныс аударуына байла-

нысты бұл жерлердің, әсіресе қыстау маңындағы және шабындық жерлердің құны арта түсті. Егістік және шабындық жерлердің кеңеюі табиғи жайылымдар есебінен жасалды. Шұрайлы жерлердің басым бөлігі қоныстанушылар учаскелеріне де бөліп берілді. Мұнда Масқар (Қарағанды өзенінің бойында және Қиылдың жоғарғы ағысында), Кете (Батпақты өзенінің бойында, Қиылдың орта ағысында, Сегізсай алқабында) және Шекті (Ойыл мен Қиылдың жағасын бойлай, соңғысының Ойылға құяр сағасында, Ойылдың ағысы мен оның салалары Қарағандысай, Келбатыр, Қайыңды, Құмжарған, Бабатай және басқалары бойында) руларының қожалықтары орнықты. Бұл қожалықтардың күзгі-көктемгі және жазғы жайылымдары қыстауларға жақын орналасты. Халық жайлауға әрі дегенде 20—30 шақырым өзендердің жоғарғы ағыстарына, сайларға және жақын маңайдағы далаға көшіп қонатын. Бұрып жайлау жері болған Қазыбек болысын XIX ғасырдың аяғында Алаша (Жақсыбай, Лайсай өзендерінің жоғарғы ағысы бойында, Бүйрек құмында) және Кете рулары қыстау етіп алды. Кетелердің қыстаулары Ойыл өзенінің оң жағасын бойлай, даладағы көптеген көлдердің (Қамыскөл, Қаракөл, Соркөл) айналасында және ішінара Тайсойған құмының солтүстік жиегінде орналасты. Қазыбек болысының қожалықтары жаздығүпі қыстауларынан 10—20 шақырым алыстап кетіп, өз болысы шегінде қалды. Алаша руының қыстаулары арасында Қамыскөл көлінен солтүстікке таман жатқан құмда Шеркеш руының азын-аулақ қожалықтары мекендеді. Жамансай бойында және Тайсойған құмының жиегінде Ысық руының қазақтары қыстады.

Ойыл өзенінің жоғарғы ағысында (Құмдыойыл және Қалмаққырған болыстары) Шекті, Кете, Кердері руларының қыстаулары жатты. Шекті руының қожалықтары Ойылдың салалары — Шағырлының, Талдысайдың жоғарғы ағысында және Темір өзенінің жоғарғы ағысында қыстап жүрді.

Кете руы шектілердің оңтүстік жағында, Ойылдың жоғарғы жағында қыстады. Одан да оңтүстікте, Шпелі өзенінің бойында (Ойылдың саласы) Кердері руының қыстаулары орналасты. Ал олардың шығысына қарай, Темір өзенінің ағысы бойында Шекті руының қыстаулары болды. Бұл қыстаулар Темір өзенінің екі жағасымен, оның Жем өзеніне құятын сағасына дейін, Аққұм, Көкжиде, Құмжарған құмдарында және одан әрі шығысқа қарай, уездің шекарасына дейін, Жемнің көптеген сала-

лары бойында, оның жоғарғы ағысында (Әулие, Құндызды т. б.) және уездің солтүстік-шығыс түкпіріндегі құмды алқапта (Қалмаққырған, Темір-Ұрқаш, Жем-Темір және Жем болыстары) созылып жатты. Тасбұлақ сайынан оңтүстікке қарай Батпақкөл, Қайыршөптікөл көлдерінің жағалауынан және Жемнің көптеген сол жақ салаларынан (Атжақсы, Көкпекті, Ащысай) бастап, Мұғалжар тауларының батыс сілемдерін де Шекті руларының қыстаулары алып жатты.

Шектілердің қыстауларынан оңтүстікке қарай, Ақшолақ, Атжанды, Жайынды, Жиделі, Мәшкесай, Талдысай өзендерінің бойында, Ащыкөл көлінің және Намазтау, Сарыбаймола, Бақыртау тауларының теңірегінде, одан әрі батысқа қарай Шатырлысай бойында, Шырқала тауларында және Жемнің сол жағасын бойлай Айтам-Оймағұт алқабына дейін қаракесек руының қыстаулары жатты. Бұл ру қауымдарының едәуір тобы Жемнің оң жағасын бойлай, Ақжарсайдан (Жемнің оң жақ саласы) оңтүстікке қарай Ақбота тауларына дейін де қыстады, ал онда Жемнің оң жағасын бойлай Терексай жырасына дейін созылып жатқан жайлау болды. Бұл жерден тағы да өзеннің оң жағасымен Гурьев уезімен шекараға дейін созылып жатқан қаракесектердің қыстаулары басталады. Оймағұт алқабына дейін Қаракесек руының қыстауларының оңтүстік-шығыс жартысы мен Терексай және Ащысай жыраларының жоғарғы жағын Шекті руының қыстаулары алып жатты. Ал осы таулардың солтүстік-батыс бөлігі мен көрші жыралар және Ноғайты өзенінің бас жағы қаракесек руына қарады.

Бүкіл Жиделі-Сағыз болысында Кете руының қазақтары қоныстанды. Олардың қыстаулары Сағыз өзенінің жоғарғы ағысы мен оның салалары — Ноғайты, Құрдеке, Дауылды, Топырақшашты, Жыланды, Қарауылкелді бойында, Аққұмсағыз құмында шашырап жатты. Осы құмның солтүстік жиегінде шекті руының да аздаған қоныс алушылары мекендеді. Шектілердің Жарлы өзенінің бойында, Ащыойыл өзенінің жоғарғы ағысында және жақын маңайдағы құмдарда едәуір көп бөлігі қыстап жүрді. Ойылдың сол жағалауы Ащыойыл саласының құяр саласынан бастап солтүстікке қарай қалың құм алып жатыр, онда шектілердің қыстаулары болды. Олардың арасында Ойыл кентінен біршама солтүстікте орналасқан таз руының азын-аулақ қыстаулары болды. Одан әрі солтүстікке қарай Ойылды, содан соң Қиылды бойлай, жо-

гарыда айтылғанындай, шектілердің, сондай-ақ кетелердің қыстаулары жатты.

Жемнің сол жағалауындағы даланың көп бөлігі (Доңызтау-Аққалқа, Ұлысам, Самматай болыстары) сусыз жусанды дала болып табылады. Құдықтар санының аз болуы, мал жайылымына жарамсыз жерлер (Сам, Самматай, Сарықұм құмдары мен Үстірттің солтүстік ұшына қоспағанда) болғандықтан, бұл болыстар қыстауға жарамсыздау болды. Қыстаулар жоғарыда келтірілген құмдарда және Үстірттің солтүстік жары маңында ғана орналасты. Сондықтан бұл болыстардың адайлары мен табындары даланы ол арқылы көктемде уездің орта және солтүстік бөлігіндегі жайлауға, ал күзде оңтүстікке, құм ішінде немесе Маңғыстау уезінің шегінде орналасқан қыстауларға өтіп, көктемгі-күзгі жайылым ретінде ғана пайдаланды. Жалпы пайдаланылатын жайлаудың негізгі көпшілігі Сағыз өзенінің солтүстік жағында, Жем өзенінің орта ағысында, Темір уезінің солтүстік болыстары оңірінде болды. Жоғарыда атап көрсетілгеніндей, солтүстік болыстар қожалықтарының негізгі көпшілігі ішінара егіншілікке, шөп шабуға және жартылай отырықшы тұрмыс салтына көшіп, көшу радиусын, әдетте, өз болысы аймағында 10—30 шақырымға дейін қысқартты. Бұл қожалықтардың басым көпшілігінің күзгі-көктемгі және жазғы жайылымдары қыстауларынан қашық болмады. Сондықтан уездің солтүстік бөлігіндегі жекелеген жайылымдарды осында оңтүстіктен көшіп келетін адайлар мен табындар пайдаланды. Адайлар мен табындар қожалықтарының едәуір тобы Қалмаққырған, Құмды-Ойыл және Темір-Ұрқаш болыстарына жайлауға келіп, Аққұм құмының шығыс жағындағы далада, Темір және Жем өзендерінің аралығында көшіп жүрді. Жалпы пайдаланылатын жайлаудың басқа бір үлкен алқабы Аққұмсағыз құмының шығыс жағындағы дала, көптеген дала көлдерінің (Сарыкөл, Ақкөл) төңірегі мен сайлардың бойы (Ақжарсай, Қияқтысағыз және басқалар) болды.

Жайлаудың тағы бір үлкен алқабы Ойыл, Жекендісай өзендерінің су айырығы Ойыл мен Сағыз аралығында, ал уездің шығысында Жемнің жоғарғы ағысы мен Мұғалжардың оңтүстік шетіне орналасты. Мәселен, Қазыбек болысының оңтүстік аймағында (Ойыл өзенінің сол жағасы бойында) адайлар жайлады. Жем болысы аймағына (Жемнің сол жағасы) жаздыгүні Доңызтау-Аққолқа болысынан едәуір табындар көшіп келді. Жиделі-Сағыз, Оймағұт-Желтау болысында адайлар жайлап қалды. Жемнің



сол жағасын бойлай, Оймағұт құмының солтүстік жағында, Шырқала тауларына дейін нақ сол жайлауда орналасты.

## Гурьев уезі

Гурьев уезі облыстың қиыр түстігінде жатты. Ол батысында Ішкі ордамен (Бөкей ордасымен), солтүстігінде Ілбішін уезімен, солтүстік-шығысы мен шығысында Темір уезімен, ал оңтүстігінде Маңғыстау уезімен шектесетін. Уездің оңтүстік және батыс шекарасы Каспий теңізінің жағалауы болды.

Әкімшілік жағынан Гурьев уезі он жеті болысқа: Бестөбе, Ақжал, Қарашағыр, Жем-Атырау, Ақбас, Жем, Жаршық, Қарабайлы, Бұлақ, Қаратөбе, Гурьев, Сіңбірті, Есбол, Қарабау, Қармақас, Қызылқоға, Тайсойған болыстарына бөлінді.

Гурьев қаласында тұратын 9322 адамды есептегенде, уезд халқының жалпы саны 86 758 адам болды. Уезд халқының негізгі көпшілігі қазақтардан құралды — 70 921 адам, одан соң орыстар — 14667 адам және татарлар — 973 адам. Бұл цифрлардың уезд халқының саны туралы шамамен, жобамен алынған деректер екені айқып, өйткені көпшелі тұрмыс жағдайында дәл есеп алу мүмкіндігі сирек кездеседі. Бұл түсінікті де: Гурьев уезі қазақтарының едәуір бөлігі, біздің бұдан былай көретініміздей, өз уезінен тыс жазғы және қысқы жайылымдарға көшіп кетіп отырған. Сонымен бірге басқа уездер қазақтарының бір бөлігі Гурьев уезінің шегіне көшіп келетін еді.

Уездің топырақ-климат жағдайлары егіншілікпен айналысуға мүмкіндік бермеді деуге болады, сондықтан жергілікті қазақтар шаруашылығының негізгі саласы көпшелі мал шаруашылығы болды. Жайық өзенінің жағалары бойындағы диқаншылық үшін қолайлы жерлер мен тамаша суармалы шабындықтар көршілес уездегі сияқты Орал казактарының қолында болды. Тек Жем және Сағыз өзендерінің бойында ғана қазақтар егіс еккен бірталай алаптар болды. Қалған аумақ шексіз-шексіз шөл жазық болатын, олардың көп бөлігін сорлар мен ақ шағыл құмдар алып жатты. Уездің ең солтүстік-шығысында Тайсойған құмы, оңтүстігінде Қарақұм құмы, уездің ең солтүстік-батыс бұрышы Қамыс-Самарға ұласатын үлкен құм төбелер болды.

XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басында уезд халқының негізгі көпшілігі Кіші жүздің Байұлы және

Әлімұлы бірлестіктерінің қазақтарынан кұралды. Мұнда Байұлының сегіз руының (Алай, Беріш, Есентемір, Ысық, Таз, Тана, Шеркеш, Қызылқұрт) өкілдері мекендеді. үш ру ғана (Кете, Қаракесек және Шекті) Әлімұлына жата-тын. Уезд халқының негізгі кәсібі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болуына байланысты, сондай-ақ уездің қашықта жатқандығы мен облыстың өзге аумағымен оның сауда-экономикалық байланыстарының пашар болуы себепті, мұнда ХХ ғасырдың басына қарай бұрынғы рулық қатынастардың сарқыншақтары едәуір дәрежеде сақталып қала берді. Көшіп-қону жолдары қатаң межеленіп, жайылымдарды, суаттарды пайдаланатын жер қауымдары да сақталды. Табиғи жайылымдардың мардымсыз болуы гурьевтік қазақтар қожалықтарының орташа мөлшерін, сондай-ақ олардың ауылдарының көлемінде шектеді.

Көшпелі қауымның жер пайдалануында жерді қауымдасып пеленудің бұрынғы нысандарының сарқыншақтары едәуір дәрежеде сақталып қалды. Қысқы жайылымдар ауылдар бойынша қандай да бір шекаралар белгіленбей рулық қауымның пайдалануында болды. Жазғы және күзгі-көктемгі өрістерді тұтас рулық топтар пайдаланды. Егіншілік дамыған өңірлерде (Жем, Сағыз өзендерінің аңғарлары) істің жайы біршама басқаша еді. Мұнда шаруашылық ауылдарының көлемі едәуір үлкен және отырықшы немесе жартылай отырықшы болатын. Қыстау маңындағы аумақтар жекелеген шаруашылық ауылдарының қолына қарады. Алайда, мұнда да қыстау маңындағы учаскелерді пайдалану олардың жекелеген қожалықтарға бөлінуіне дейін жеткен жоқ. Егістік және шабындық жерлерді ауыл қауымы ара-тұра қайта бөле отырып пайдаланды. Бірақ ХХ ғасырдың басына қарай мұнда да бұрынғы жер пайдалану нысандарында бірсыпыра өзгерістер орын алды. Жекелеген бай қожалықтарының ең жақсы жайылымдық алаптарды, сондай-ақ егістік және шабындық учаскелерін одан әрі тартып алуы жалғаса береді. Мұның өзі бірқатар рулық топтарды өз жерінен ығыстырып шығаруға, көші-қон аумағының қысқаруына әкеп соқпай қоймайтын еді.

Мал шаруашылығы үшін қысқы жайылымдардың мейлінше құнды болғаны мәлім. Гурьев уезінде Каспийдің (Атыраудың) қамыс мол өскен солтүстік жағалауы, Қарақұм, Тайсойған, Дүйсе-Құдық-Шағыл құмдары және Жайықтың Жем мен Сағыздың аңғарлары осындай жерлер болатын. Уездегі қазақ халқының сол жерлерде қыс-

тауға шоғырланғаны табиғи нәрсе. Каспий теңізінің бүкіл солтүстік (Бөкей ордасымен шекарадан бастап) және солтүстік-шығыс жағалауында қысқы жайылымдар қаптап жатты. Ішкі ордамен шекарадан бастап, Гурьевке дейінгі жағалау қамыстары Таз руының қыстаулары болды. Одан әрі (бірақ енді Жайықтың сол жағалауында) Гурьевтен бастап теңіз жағалауын бойлай Шеркеш руының қыстаулары, ал олардың шығыс жағында, Шоңқа алқабында тағы да Таз руының қыстаулары жатты.

Одан да шығысқа қарай Кете руының қауымдары қыстады. Теңіз жағалауының бойымен Таз руының қыстауларына Тама және Ысық, Шекті және Адай руларының қыстаулары ұласатын. Соңғы екі рудың іс жүзінде Жемнің сағасында, оның оң жағасы бойында қыстаулары болды.

Жем өзенінің сол жағасын бойлай, оның теңізге құйылысында Шеркеш руының қыстаулары жатты. Гурьев уезінің шегінде Жемді бойлай жатқан жағалаудағы жерде Қаракесек, Ысық және Адай руларының қыстаулары орналасты. Қаракесек руының қауымдары Шекті руына жалғасып, Жемнің екі жағасын бойлай қыстады. Жемнің ағысының бойымен жоғарырақта Ысық руының қыстаулары басталды. Олардың қыстауларының негізгі көпшілігі оң жағасын бойлай орналасты. Ал одан әріде, Темір уезімен шекараға дейін адайлардың қыстаулары жатты, олар да негізінен оң жаға бойында болатын. Жемнің солтүстік жағы, Қайнар өзенінің бойы Таз руының қыстаулары еді.

Сағыз өзенінің бойында көптеген қыстаулар шашырап жатты. Оның нақ сағасы маңында Қаракесек руының қауымдары қыстады. Өзен жағаларында Соркол және Ермек көлдері қамыстарының ішінде шекті руының қыстаулары орналасты. Өзен бойымен одан да жоғарыда және жағалау маңы құмдарында Ысық руының, ал олардан солтүстікке қарай Адай руының қысқы жайылымдары жатты. Тайсойған құмындағы қыстауларда рулардың мейлінше ала-құла орналасқаны аңғарылды. Бұл құмның шығыс шетінде адайлар орналасып, олардың батыс жағы Ысық және Кете руларының қыстауларына ұласты. Қарабақ, Ұлқұнаш және Жаманаш өзеншелерінің бойында Беріш руының ауылдары, ал Соркөл алқабы мен маңайындағы көлдердің қамыстары арасында Есентемір руының ауылдары қыстады.

Жайықтың оң және сол жағаларында, Гурьевтің солтүстік жағында Беріш руының көптеген қыстаулары орналасып, олар Орловский форпостысына дейін дерлік со-

зылып жатты. Уездің солтүстік-батыс бұрышында, Бағырдай өзенінің бойында және Түкбай, Дүйсе-Құдық-Шағыл алқабындағы құм ішінде Қызылқұрт және Тана руларының ауылдары қыстады.

Жем, Сағыз және Жайық бойында қыстап шыққан рулардың отырықшы және жартылай отырықшы қауымдары жаз кезінде алыстап көшпейтін. Олардың көктемгі-күзгі және жазғы жайылымдары қыстауларына жақын, маңайдағы далаларда болатын. Адайлардың, Шектілердің, Қаракесектер мен басқа да рулардың көшпелі ауылдары көбінесе өз уездерінің шегінен тыс жерлерге, Торғай облысының Ақтөбе уезіне, Орал облысының Темір және Орал уездеріне жайлауға кететін.

Жалпы алғанда Орал облысы аумағында рулардың орналасу сипаты осындай. Оны тәптіштеп қарау, Қазақстанның барлық жерлеріндегі сияқты, мұнда да қоныстану жер пайдаланудың сипатына тығыз байланысты болған, ал ол өз кезегінде қазақ ауылы экономикасының ерекшеліктеріне тәуелді болған деген қорытындыға келуге мүмкіндік берді. Шаруашылықта егіншілік пен шөп шабу елеулі орын алған жерлерде қыстау маңындағы және шабындық алаптар бекітіліп алынды, көктемгі-күзгі және жазғы жайылымдарға көшу көлемі қысқарды, олар енді қыстауларға жақын орналасты. Ал көшпелі тұрмыс салтын сақтап қалған шаруашылықтарда қыстау маңындағы алаптардың бекітіліп алынуы нашар болды, көшіп-қону маңы әлі де едәуір күйінде қалды, ал көктемгі-күзгі жайылымдар мен жайлауларды қауымдар немесе тіпті рулар тобы жалпы пайдаланып жүрді.

## ІШКІ ОРДА (БӨКЕЙ ОРДАСЫ) ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚОНЫСТАНУЫ

Ішкі орда Жайық-Еділ өзендерінің арасындағы аумақта 1801 жылы құрылды. Оның халқы Кіші жүздің үш рулық бірлестігінің өкілдерінен тұрды. Байұлы бірлестігінен мұнда Беріш, Алаша, Байбақты, Тана, Жаппас, Адай, Ысық, Қызылқұрт, Масқар және Есентемір рулары; Әлімұлынан Кете руы; Жетірудан Табын, Тама және Кердері рулары қоныстанды. Сонымен бірге мұнда сұлтандар мен қожалардың (200 шаңырақ), төлеңгіттердің (400 шаңырақ) және ноғайлылардың (620 шаңырақ) ұрпақтары болды.

Жаңадан құрылған орданың алып жатқан жері оңтүстікке қарай, Каспий теңізі жағына аздап көлбей түсетін жазық болып табылады. Орданың аумағы батысында — Астрахан және Саратов губернияларымен, солтүстігінде — Самара губерниясымен, шығысында Орал казактары әскерлерінің жерімен шектесті. Оңтүстігінде ол Каспий теңізіне ұласатын. Орда аумағының солтүстік (Торғай) бөлігі аздап төбелі болып келеді, кей жерлерін жыралар тілімдеп тастаған. Жаздыгүні бетеге мен қоға басын кетеді. Бұл арадан даланың шағын өзендері Торғын мен Пивка ағып өтеді. Жазық оңтүстікке қарай, Нарын құмына дейін созылып жатыр, оның ортасында Горька өзені келіп құятын тұзды қақтар бар. Жазықтың солтүстік-шығысында солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай, бір-бірімен қосарласа ағатын Үлкен және Кіші Өзен өзендерінің құйылыстарынан пайда болған көлемді Қамыс-Самар көлдері жатыр. Осы көлдерден батысқа қарай, орданың батыс шекарасына жақын жатқан қақтарға дейін Нарын құмы орналасқан. Нарын-құмның солтүстігіндегі сияқты, тұзды батпақтар мұнда батысқа қарай 60 шақырымға созылады. Осы қақтардың оңтүстік-батысында, әсіресе Шұңғай мен Үлкен және Кіші Қарақой алқабында кейіннен қазақтар жазғы қоныстар үшін және ішінара шабындық үшін пайдаланған жер жатыр. Оңтүстік-шығысында сор басқан тақырлармен ауысып оты-

ратын шағыл құмды шөл теңіздің өзіне дейін созылады. Ішкі орданың даласында негізінен шөл-дала өсімдіктері өседі. Мұнда айқын аңғарылатын далалы, шөл және шөлейт өңірлерге бөлінеді. Орда аумағының солтүстік бөлігі негізінен малды жазда жаюға жарамды бетегелі-беделі қуаң дала болып келеді.

Егістік үшін айдалған жер учаскелері де осында. Каспий маңы ойпатының оңтүстік бөлігі жусанды-дәнді өсімдіктер өсетін шөлейт болып келеді; даланың ең оңтүстіктегі аумағы ащы өсімдіктер өскен, ал кей жерлерінде мүлде шөп жоқ, кәдуілгі шөл болып табылады. Каспий жағалауындағы құм төбелерді қамыстың қалың қопасы басқан.

Ішкі орданың қыстаулары негізінен Қамыс-Самар көлдеріне жақын жерде, Үлкен және Кіші Өзен өзендерінің шөбі мен суы мол аралығында орналасты. Қамыс халық үшін отын әрі құрылыс материалы болды. Кең көлемді қысқы жайылымдар Нарынқұмда да орналасты, онда шөбі шүйгін құм төбелер арасынан мал пананы да, азық пен суды да оңай табатын.

Ақырында, Каспий теңізі маңындағы қамыс басқан жағалаудағы құм төбелерде тамаша қысқы өрістер болды. В. Ф. Шахматовтың деректеріне қарағанда, Ішкі орданың аумағы 6400 десятина жерді қамтиды. Алайда, бұл мәліметтердің бәрі Ішкі орда қазақтары нақты пайдаланған жер көлемі туралы шамамен алынған түсініктер ғана береді. Бір жағынан, патша үкіметі шығарған Ережеде қазақтарға бөлінетін жерлердің шамамен алынған шекарасы ғана көрсетілген; екінші жағынан, бүкіл ХІХ ғасыр бойы қазақтардың жекелеген аумақтар үшін қазақтарды қыстауға мейлінше қолайлы алаптардан ығыстырып шығаруға тырысқан Орал казактарымен, қалмақтармен, татарлармен және орыс помещиктерімен де шексіз даулары жалғаса берді. Бұл даулардың аяғы көбінесе Ішкі ордалан бірқатар аумақтарды ресми түрде тартып алумен аяқталып отырды. Мәселен, Орал казактары Үлкен және Кіші Өзен аралығындағы қыстауға қолайлы жерлерді басып алды. 1873 жылы нақ сол Орал әскерінің пайдасына тағы да 130 539 десятина жер тартып алынды.

Жағалаудағы қамыс басқан құм төбелер арасында, Ішкі орда қазақтары қыстауларының едәуір шоғырланған Каспий жағалауында да қазақтар үшін соншалықты ауыр жағдай қалыптасты. Үлкен және Кіші Өзендегі қыстаулар үшін төленгені сияқты, бұл жерлерді де пайдалану үшін қазақтардың орасан көп сома төлеп, мың-

мыңдаған мал табындарын беруіне тура келді. Қазақ қауымдарын жерден айыру үрдісі жүріп жатты. Бірақ бұл үрдіс жақсы жерлерді орыс помещиктері мен Орал казактарының бөліп алуымен шектелмеді.

Өз кезегінде жергілікті сұлтандар, старшындар мен билер де қауымдық жерлерді талан-таражға салды. Алғашқы онжылдықта жер пайдалану мәселелеріндегі ескі дәстүрлердің әсерінен қысқы өріс үшін жарамды барлық жерлер қауымдасып пайдаланылды. Әрбір рудың, ру бөлімшесінің, ауылдың қатаң межеленген қысқы жайылымдары болды. Ал жайлау бөлінбеді. Мұнда «бірінші болып орналасып алу» құқығы үстемдік етті. Бірақ көп ұзамай Бөкей хан, ал ол қайтыс болғаннан кейін Шығай сұлтан қысқы жайылымдарды ғана емес, жазғы жайылымдарды да жекелеген рулардың старшындарына бекітіп бере бастады. Рулар ішіндегі көшіп-қону жолдарын бөлу түгелдей сол старшындардың қолына берілді. Әлбетте, жақсы жайылымдардың негізгі бөлігі рудың үстем тобының қолына жеке меншік құқығымен түсті. Әсіресе, жерді сату мен бөліп беру Жәңгір хан тұсында кең тарала бастады. Жәңгір хан қауымдық жерге өз меншігі сияқты билік етіп, 4,5 мың десятинадан астам ең жақсы жерді үлестіріп беріп, сатып жіберген.

Сонымен, XIX ғасырдың орта шенінде-ақ мал жаюға қолайлы жердің орасан көп алқабы жергілікті феодалдардың қолында болып шықты, ал қазақ қожалықтарының негізгі көпшілігі көшіп жүруге арналған жерден мүлдем айырылды. Даланың табиғи суаттары жоқ бөлігінде орналасқан құдықтар жөнінде де осындай жағдай қалыптасты. Қоғамдық құдықтардың көпшілігін де феодал шошжарлардың жекелеген өкілдері иемденіп алды.

Ішкі ордада XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басында ауылға капиталистік қатынастардың енуі барған сайын күшейе түсуімен сипатталды. Еңбекшілердің негізгі бұқарасының күйзелу үрдісі бұрын болып көрмеген деңгейге жетті. Малы мен жерінен айрылып кедейленген бұқара табыс табу үшін ауылдардан қалалар мен селоларға, кен орындары мен балық кәсіпшіліктеріне кетіп жатты.

XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басында кедейленген қазақтар бұқарасының егіншілікке көшуі күшейді, отырықшыланған жатақтардың әзірше саны аз болса да, алғашқы поселкелері пайда болды. Олар не орыс селоларына жақын жерлерге немесе солардың өздерінде қоныстанды. Қазақ ауылының экономикасындағы ішкі

өзгерістердің ықпалымен, егіншіліктің пайда болуы және бұрынғы рулық қатынастарды білдіруші рулық үстем топ рөлінің құлдырауы нәтижесінде рулық қатынастар маңызын біржола жоғалта бастады. Олардың орнына жаңа көршілестік аумақтық қатынастар пайда болады. Бұрынғы қазақ қауымының бөлшектелуі одан әрі жалғаса түседі. Рулық бірлестіктерде жекелеген бөлімшелер барған сайын көбейіп, олар жаңа қолайлы жайылымдар іздеп, өз руынан, қауымынан алыстап кетті, дербестеліп, олармен байланысын үзді.

Біздің жоғарыда көргеніміздей, Бөкей ордасындағы саны ең көп ру Беріш руы болды. Оның сегіз бөлімшесі: жайық, есенкүл, есен, бегіс, құлкеш, қаратоқай, бесқасқа, жаңбыршы бөлімшелері бар еді. Беріш руы қазақтарының қыстаулары екі жерде болды. Олардың бір бөлігі Каспийдің жағалауындағы құм төбелер арасында орналасты. Мұндағы қыстаулардың негізгі көпшілігі Мыңтеке құмының орталық бөлігіне орналасып, солтүстігінде Жанза құмына дейін дерлік созылып жатты. Беріш руының басқа бір, аз жартысының қыстаулары Нарынқұмда Теректіқұм алқабында болды. Бұл рудың (алғашқыларының) көктемгі-күзгі жайылымдары өз қыстауларынан біршама солтүстікте, атап айтқанда, Жанза құмында, ал Теректіқұмда қыстаған қазақтарда — олардың қыстауларының оңтүстік-шығыс жағында орналасты. Бұлардың екеуі жаздығүні Нарынқұм мен теңіз арасындағы құм далада орналасқан жалпы пайдаланылатын жайлауда тоғысты. Күздігүні олардың біреулері солтүстікке бет алып, басқалары оңтүстікке, өз қыстауларына кететін. Олардың екеуінің де қысқы жайылымдарынан жайлауға дейінгі ең үлкен қашықтық 65—70 шақырымнан аспады.

Саны жағынан келесісі — Шеркеш (серкеш) руы. Мұнда оның барлық жеті бөлімшесі: құлақасқа, қойыс, шұмық, жанғашты, қылышкескен, жетей, қосым бөлімшелері мекендеді. Беріш руындағы сияқты, бұл рудың да қыстаулары Каспий теңізінің маңында және Нарын құмында орналасты.

Рудың көпшілік бөлігі Каспий теңізінің жағалауын алып жатқан Мыңтеке құмының батыс жиегінде қыстады, ал оның бірқатар бөлімшелерінің қысқы жайылымдары Нарын құмында. Дүйсеқұм алқабында болды. Каспий маңында қыстаған Шеркеш руының күзгі-көктемгі жайылымдары — қыстауларының солтүстік жағындағы дала, ал Дүйсеқұмда қыстағандарында — оңтүстікке қарай, Ноғайбай құмының солтүстік жиегіндегі аудан болатын.



Жаздығүні олардың екеуі де өз малын жалпы пайдаланылатын жайлауда, Каспий маңы мен Нарын құмының ішінде қыстап шыққан Беріш руы мен басқа да көптеген рулардың жайлаулары жатқан жерлерде бағатын.

Бөкей ордасында Шеркеш руының өкілдеріне қарағанда, Байбақты руының қазақтары біршама аз болды, өйткені Жайық өзенінің оң жағасына ботан бөлімшесі ғана келді. Бұл рудың қыстаулары үш жерде болатын. Оның қауымдарының үлкен бір тобы Нарын құмында, Толыбай алқабында, екіншісі Қамыс-Самар көлдерінің солтүстік жиегін бойлай, Үлкен және Кіші Өзендердің төменгі ағысында қыстап шығатын; ақырында, қауымдардың үшінші бір тобының қыстаулары Үлкен және Кіші Өзендердің арасында, олардың орта ағысында жатты.

Алғашқылары Нарын құмынан солтүстікке қарай жақын маңайда жатқан жайлауға кететін. Қауымдардың қалған екі тобының бір бөлігі Үлкен және Кіші Өзендердің батыс жағына кететін де, бір бөлігі екі өзен аралығында қалатын.

Мұнда алты бөлімшеден: сары, алтыбас, барамық, қоңырбөрік, күбілей және тоқбас бөлімшелерінен тұрған алаша руының да саны көп болды. Бұл рудың қауымдары екі жерде қыстады. Олардың көбінде Баршақұм алқабында, Аралсор көлінің оңтүстік-шығысы жағындағы құм көбелер ішінде қыстаулары болды. Рудың барлық қожалықтарының шамамен үштен бірінің Райым және Әйден көлдерінің жағалауы бойындағы және Кіші Өзеннің оң жағасы бойындағы қамыстар ішінде, оның ең төменгі ағысында қыстаулары орналасты. Бірінші топтың қожалықтары көктемгі-күзгі кезеңді қыстауларының маңында өткізіп, жайлауға құмдардың солтүстік жағына 20—25 шақырымға кететін. Көл жағалауында қыстап шыққандар Кіші Өзеннің оңтүстік жағасы бойымен жоғары өрлеп, оң жағада жатқан далаға жайлауға баратын.

Негізгі көпшілігі Кіші жүз құрамында қалған адай руынан Бөкей ордасында 780 қожалық болды, олар мұғал, тобыш, жаманадай, құнанарыс, балықшы, ақбан және тәжіке бөлімшелеріне кіретін. Адай руының қыстаулары Каспийдің жағалауында, Мыңтеке құмы ішінде, батыс жағынан Беріш руының қыстауларына ұласып жатты. Олардың күзгі-көктемгі жайылымдары қыстауларының солтүстік жағында 25—30 шақырым жерде болатын, ал жазғы жайылымдары Нарынқұмнан оңтүстікке қарай, жалпы пайдаланылатын жерлерде орналасты.

Адайлар қыстауларының батыс жағында, оларға жап-

сарласа, Қызылқұрт руының қыстаулары жатты. Мұнда бұл рудың саба, емірей, олжашы және ерші бөлімшелері болды. Ру қожалықтарының шағын тобы Нарынқұмның оңтүстік-шығыс бөлігінде, Жаманқұм алқабында да қыстап жүрді.

Каспий теңізінің жағалауынан қауымдар құмның солтүстік жағына, ал Жаманқұм алқабынан Кіші Өзен өзенінің оң жағалауына жайлауға баратып. Каспий теңізі жағалауының Астрахан губерниясымен шектесетін ең батыс бөлігін Кете руы мекендеді, оның қыстаулары да жағалаудағы құмдар мен қамыстар және Ауызсу құмы ішінде шашырап жатты. Рудың көктемгі-күзгі жайылымдары солтүстік жақта, Аққұдық құмында, ал жайлауы Шошқалы алқабында болатын.

Нарын құмының оңтүстік бөлігінде, Берінш және Қызылқұрт руларымен іргелес Тана руының қыстаулары жатты. Бұл рудың едәуір көп қожалықтары көктемде Кіші Өзеннің оң жағасындағы далаға барып, жазды басқа рулармен бірге сонда өткізді.

Нарын құмының батыс бөлігін (Жасқұсқұм, Мешітқұм, Дүйсеқұм және басқалары) Жаппас руының қыстаулары алып жатты. Бұл ру сегіз бөлімшеден (сейітқұл, андагұл, биқас, қарақол, досыммекей және басқалар) тұратын. Рудың бір бөлігі көктемгі және күзгі жайылымдар үшін оңтүстікке, жалпы пайдаланылатын жайылымдарға көшіп барып, тұзды батпақтардан (қақтардан) оңтүстікке таман жатқан далаға қоныстанды.

Нарын құмының шығыс бөлігін Масқар руы (үш бөлімшесі) мекен етті. Олардың қыстаулары Жиделі және Аққемер алқабында, сондай-ақ Қамыс-Самара көлдерінің оңтүстік-батыс бөлігінің жағалауын бойлай орналасқан еді. Рудың жазғы жайылымдары да сол жерде, құмның солтүстік жиегі мен көлдерге жақын далада болатын. Саны аз Таз руының қауымдары Каспий теңізінің солтүстік жағалауындағы екі жерде: Қызылқұрт және Адай руларының қыстауларымен қатар және уездің оңтүстік-шығыс шетінде, Орал шебімен шекарада (Жалтыр өзеніне жақын) қыстап шығатын.

Бұл орайда рудың саны аз және әлсіз болуы себепті оның қыстаулары өте қолайсыз жерлерде орналасты. Оңтүстікке таман, жағалаудағы ең жақсы құм төбелер мен қамыстар ішінде қыстап шыққан Қызылқұрт, Адай және Есентемір рулары көктемгі-күзгі жайылымдар мен жайлауға таз руының қыстаулары арқылы өтетін. Бұл рудың қазақтары күзде, жоғарыда аталған рулар жол-жөнекей

Таз руының қыстау маңындағы жайылымдарын малымен таптап өтіп, қыстауларына қайтатын кезде зардап шегетін. Таздардың қыстаулары оңтүстік жағынан Есентемір руының қыстауларына ұласатын. Олар жағалау бойындағы құмдар мен қамыстар ішінде, Жалтыр көлі мен басқа да көптеген ұсақ көлдер мен жайылмалардың жағалауларында, сондай-ақ Көкерте құмының ішінде шашырап жатты. Жаздыгүні қожалықтардың көпшілігі Нарын құмының оңтүстік-шығыс жиегі мен оған ұласатын дала-ларға кететін де, олардың болмашы бөлігі қыстау маңындағы аумақта қалып, Ақсай және Нарын өзендерінің жағасында және Жалтыр көлінің солтүстік жағындағы ашық далада көшіп жүретін.

Ысық руының төрт бөлімшесі бөлек пайдаланылатын екі жерде қыстады. Қыдыргүл және арысық бөлімшелерінің қыстаулары Қамыс-Самар көлдері жайылмаларының оңтүстік жиегінің бойында болды. Бұл рудың басқа екі бөлімшесі Каспий жағалауында Таз және Беріш руларының қыстаулары арасында қыстады. Олардың екеуі де қыстауға уезд орталығындағы Шапшашы тауының маңына жиналды. Үлкен Өзен және Кіші Өзен аралығында, олардың Қамыс-Самар көлдеріне құяр сағасында табын руының қыстаулары жатты. Рудың бір бөлігі Кіші Өзеннің оң жағасына жайлауға барып, өзенге жақын маңайдағы далада көшіп жүрді, ал екінші бөлігі қыстау маңында қалды. Бұл рудан мұнда бары жаманкерей (тарақты-табын) бөлімшесі еді.

Байбақты руының қысқы жайылымдарының солтүстік жағында, Үлкен және Кіші Өзен өзендерінің арасында Тама руының бір бөлігінің қыстаулары жатты. Бұл ру қожалықтарының бір бөлігінің қыстаулары Қамыс-Самар көлдерінің оңтүстік жағалаулары мен көптеген шағын көлдердің төңірегіндегі қамыстар мен құмдар ішінде, Орал облысымен шекарада болатын. Ру қожалықтарының бірінші, солтүстік тобы жайлауға Кіші Өзеннің оң жағасына өтіп, Табын руымен бірге көшіп жүрді. Ал оңтүстік тобы жаздыгүні өз малын Соршығанақ көлінің төңірегіндегі дала мен Жиделі және Ақпермен құмдарының солтүстік жиегінде бақты.

Уездің солтүстік-шығыс мүйісінде, сондай-ақ Үлкен Өзен және Кіші Өзен аралығында, соның ішінде Кіші Өзеннің оң жағасында Кердері руының қауымдары қыстап жүрді. Олардың негізгі көпшілігі Ащыөзен өзеніне жапсарлас жатқан далаға жайлауға баратын да, қалғандары өзендерге жақын жерлерге көшіп жүретін. Ақы-

рында, Нарынқұмның ең солтүстік-батысындағы мүйісінде, Аралсор көлінің батыс жағында Ноғай руының қыстаулары жатты. Жоғарыда келтірілген рулардан басқа, Ішкі орда аумағында, жоғарыда айтылғанындай, төлеңгіттер тобы да болды.

Кіші жүз Ресейге біржола қосылып, өлкенің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде тиісінше өзгерістер жасалғаннан кейін Ішкі ордада хан билігі қажет болмай қалды. 1845 жылы, яғни Жәңгір хан өлгеннен кейін ордада хан билігі жойылды. Егер бұрын төлеңгіттер хандар мен сұлтандардың жасақтары, қызметшілері, жеке қорғаушылары болып келсе, хан билігі жойылып, сұлтандардың бір бөлігі патша қызметіне көшкен соң және далада тыныштық орнағаннан кейін жеке жасақшылар қажет болмай қалды. Төлеңгіттер өздерінің бұрынғы қамқоршыларынан кетіп, жинақы топталып қоныстанды. П. Небольсин төлеңгіттер, тіпті өздерінің төлеңгіт руын құрды деп санайды. XIX ғасырдың аяғында төлеңгіттердің осындай тобы Кіші Өзеннің оң жағасын мекендеп, оңтүстігінде Алаша руының қыстауларымен, ал шығысында (Кіші Өзен өзені арқылы) Байбақты руымен шектесіп жатты.

Ішкі орданы мекендеген екі жүз шаңыраққа жуық сұлтандар мен қожалардың ұрпақтары бірыңғай жинақы жұрт болған жоқ. Олардың жекелеген қожалықтары әр түрлі рулардың арасында бытырап жүрді және соңғыларымен бірге мекендеді, алайда, олардың рулық бірлестіктеріне кірмеді. Жалпы алғанда сұлтандар «ақсүйектің», яғни қазақ шонжарларының өкілдері болып, қазақ қоғамында үстем жағдайды иеленді. Хан билігі жойылғаннан кейін сұлтандардың бір бөлігі, аға сұлтандар ғана артықшылық жағдайын сақтап қалды, бірақ олардың ұрпақтары бір кезде өздерінің ата-бабалары ру билеушісі болған рулардың ішінде өмір сүріп, бірте-бірте ондай жағдайларын жоғалта берді. Ал қожалар рухани діни атақ иелері болатын және сұлтандардың ұрпақтары сияқты, олар да әлгіндей бірлестіктерге кірмей, бүкіл дерлік Ішкі орда рулары қауымдарының мүшелері арасында өмір сүрді.

Жалпы сипаты жағынан Ішкі орда қазақтарының қоныстануы осындай.

Бұл материал бізге қоныстану ерекшеліктерін айқындап, Ішкі орданың әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайының сипатына байланысты кейбір қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Орыс губерниялары арасында

тұйықталып қалған Ішкі орда Ресей экономикасы мен мәдениетінің ықпалына басқалардан бұрын ұшырай бастады. Алғашқы онжылдықтарда Ішкі орданың әлеуметтік құрылымының, ауыл экономикасы сипатының, ал сонымен бірге жерді пайдалану мен қоныстану нысандарының да Жайықтың арғы бетінен әкелінген дәстүрлі нысандардан ерекшеленбеді деуге болады. Алайда, бұл ұзаққа созылған жоқ. Кіші орданың жалпы Ресейге экономикалық байланыстар мен жалпы мемлекеттік рынок жүйесіне тартыла бастауы қазақ ауылының артта қалған және қарапайым шаруашылығының ыдырауына, ауылға жаңа тауар-ақша қатыстарының енуіне әкеп соқпай қоймады.

Орыстармен жақып көршілік, қатардағы малшылардың едәуір бөлігінің күйзелу үрдісінің күшеюі кедейленген қауым мүшелерінің ішінара немесе толық отырықшылануына, қыстауларда тұрақты тұрғын жайлардың орнауына, егіншілік пен шөп шабудың пайда болуына әкеп соқты. Қыстау маңындағы алаптар мен олардың іргесіндегі шабындық жерлердің рөлі арта түсті. Мал жаюға жарамды шұрайлы жерлер феодал шонжарлар мен отаршыл орыстардың жеке меншігіне көшті. Осының бәрі жер пайдаланудың, қоныстанудың алғашқы онжылдықтарда орныққан нысандарын бұза отырып жүргізіліп, қазақтың көшіп-қону жолдарының жойылуы мен жаңаларының құрылуына әкеп соқты.

Ордада қатардағы малшылардың қайыршылану үрдісі бұрын болып көрмеген сипат алады. Белгілі бір рулардың кедейленген, өздерінің жақсы жайылымдарынан қуылған қожалықтардың бір топтары жаңа жерлерге көшіп, қыстау маңындағы аумақта отырып қалады. Мал саны аз болған олар жазда көшу мүмкіндігінен іс жүзінде айрылады және ол қажет болмай да қалады немесе оны барынша қысқартуға мәжбүр болады. Өздерінің қауымдық жерлерінен қуылған екінші бір қожалықтар басқа рулардың жеріне барып, олармен араласып кетті де, өз руластарымен байланыстарын үзіп алды.

Ақырында, әбден күйзеліп біткен қожалықтардың бір бөлігі малы мен тіршілік құралдарынан айрылған соң өз

руларынан шығып, орыс селоларына, көсіпшіліктерге кетті немесе басқа руларға сіңіп, батырақтар жағдайында орыс байлары мен феодалдардың малын бағып, жерін жырты. Бұл қауым мүшелері де өз руларымен байланыстарын үзді. Бұрынғы рулық бірлестіктердің бөлшектеніп, рулар құрамында жаңа, дербес, аумақтық, көршілестік байланыстарға негізделген бөлімдер мен бөлімшелердің пайда болу үрдісі міне осындай. Ішкі ордаға ғана тән ру ала-құлалығының, жер пайдалану мен рулық қоныстану нысандары өзгеруінің күшеюі іс жүзінде осылайша жүрді.

## МАҢҒЫСТАУ УЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ

Закаспий облысының Маңғыстау уезі Каспий теңізінің шығыс жағалауында орналасты. Ол солтүстігінде Орал облысымен шектесіп, шығысында Арал теңізіне ұласатын, оңтүстігінде Қарабұғаз көлі шығанағына дейін созылып жатты.

XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басында уезде Кіші жүздің қазақтары — Байұлы рулық бірлестігінің Адай руы, оның шығыс бөлігін Жетіру бірлестігінің Табын руы мекендеді, түркімендер мен орыстар оның халқының бір бөлігі ғана болды. Ресей империясы халқының 1897 жылғы бірінші санағының деректері бойынша, Маңғыстау уезіндегі халық саны 69 450 адам, соның ішінде 64 122 қазақ, 2953 түркімен, 2002 адам орыс және басқалар болатын. Бұл деректердің шын мәніндегі халық саны туралы шамамен алынған ғана түсінік беретіні күмәнсіз, өйткені уездің кең-байтақ жерді алып жатуы жағдайында оның дәл есебін алу қиын еді.

Маңғыстау уезі Үстірт жонының, сондай-ақ Маңғыстау және Бозащы түбектерінің аумағын алып жатты. Үстірт дегеніміз теңіз деңгейінен 150 метрден 300 метрге дейінгі биіктікке көтеріліп, тік құлама жарлармен қоршалып жатқан жон. Жонның оңтүстік бөлігі шөл дала, ал солтүстік бөлігі өсімдігі бар шөлейт болып табылады. Маңғыстау түбегінде қосарласа екі аласа жота — Ақтау мен Қаратау орналасқан. Жонның кең-байтақ кеңістігінде шамамен алғанда уездің бүкіл аумағының оннан бір бөлігі болып табылатын шағыл құмдар мен сорлардың көптеген ойдымдары алып жатыр, ал оның қалған алқабы — сазды шөл және шөлейт дала. Ақтау мен Қаратау тауларында 200-ге жуық бұлақ бар, олардың шамамен 160-ының суы тұщы.

Ең үлкен бұлақтардан шағын жылғалар құрылды. Бұл жылғаларға тоған жасау шағын көлемдегі егістер мен бақшаларды ғана суаруға мүмкіндік береді. Уезде

халық пен малды сумен қамтамасыз ету бұлақтарға қоса, құдықтармен жүзеге асырылады, мұнда олардың саны екі мыңнан асады. Алайда олардың көпшілігінің суы ащы, ішуге жарамсыз. Құдықтар мен бұлақтардан басқа қар мен еріген қар суы ауыз су көздері болып табылады.

Өлке Ресейге қосылғаннан кейін Маңғыстау уезіндегі қазақ ауылының экономикасында болған елеулі өзгерістерге қарамастан, мұнда шаруашылықтың негізгі саласы бұрынғысына мейлінше экстенсивті көшпелі шаруашылық болып қала берді. Мәселен, уезд бастығының 1915 жылғы есебінде былай делінген: «Маңғыстаудың бүкіл өндіргіш күштері тек қана мал шаруашылығына шоғырландырылып отыр, жалшылықта жүрген кедейлерді қоспағанда, барлық қырғыздар (қазақтар — В. В.) түгелдей сонымен айналысады. Табиғи жайылымның жеткіліксіздігі адайларды мал табындарымен қоса үнемі (жыл бойы) құдықтан құдыққа көшіп жүруге мәжбүр етті. Сондықтан олардың табындарында ұзаққа созылатын жүріске өте шыдамды, сонымен бірге көшпелі жұртты қажетті нәрсенің бәрімен қамтамасыз ететін мал (қой, түйе, жылқы) түрлері басым болды.

Маңғыстаудағы мал шаруашылығына тән ерекшелік қысқа арнап жем-шөп дайындаудың мүлде болмауы еді. Р. Карутц «малға жем-шөп қоры жасалмайды, мұның өзі едәуір зиян шегуге, ал кейде малдан мүлдем айырылуға әкеп соғады» деп жазды. Малға арнап қоралар да жасалмады, ол жыл бойы ашық далада болды. Тек ерекше жағдайларда ғана малға шиден немесе тастаң қора жасалды. Суаттардың аздығы мен жайылымның тапшылығы Маңғыстаудағы қожалықтардың орташа мөлшерінің Қазақстанның басқа да көптеген бөліктеріне қарағанда едәуір төмен болуына әкеп соқты. Мәселен, Т. Кияшкынның деректері бойынша, Маңғыстау уезінде 1890 жылғы 1-қаңтарда кемінде 100 жылқысы, 20 түйесі және 500 қойы барлар бай қожалықтар санатына жатқызылған. Мұндай бай қожалықтарының саны мұнда небәрі 2 процент болған. Мүлде малы жоқ қожалықтар 20 проценттей еді. Айталық, Павлодар уезінде XX ғасырдың басында барлық қожалықтардың 16 проценті сол кезде бай қожалықтары болатын. Адай ауылдары көшпелі болып қалып, оқшау және бытыраңқы (құдықтар маңында), рыноктардан алыста өмір сүріп, заттай сипатын едәуір дәрежеде сақтап қалғандықтан, онда рулық құрылыстың қалдықтары Қазақстанның басқа көптеген бөліктеріне қарағанда күштірек сақталды. Мұнда негізінен бұрынғы рулық жер



қауымдары сақталып, көшіп-қону жолдары, суаттарды (құдықтарды) және жайылымдарды пайдалану өзгермеді.

Алайда, XIX ғасырдың аяғына қарай мұнда патрархаттық-рулық сарқыншақтар сипатында да, жер пайдалану нысандарында да елеулі өзгерістер болды. Іс жүзінде бұрынғы рулық тұрмыс нысандары өзінің жаңа мазмұнға сай салтын сақтап қалды. Бір жағынан, малдың негізгі көпшілігінің байлар қолында жинақталуы, екінші жағынан қатардағы қауым мүшелерінің едәуір бөлігінің мүлдем кедейленуі ең жақсы жайылымдарды, құдықтар мен бұлақтарды іс жүзінде малы барлардың иеленуіне әкеп соқты. Мұның бәрі жердің тарылуына, көптеген қожалықтар топтарының бұрынғы қыстауларынан ығыстырылып шығарылуына, олардың көшіп-қону жолдарының бұзылуына әкеп соқпай қоймайтын еді. Жайылымның жеткіліксіздігі жөкелеген адайлар топтарын көршілес Табын руының жеріне баруға мәжбүр етті.

Қазақстанның барлық жерлеріндегі сияқты, Маңғыстау уезі де әкімшілік ауылдарға бөлінді. Маңғыстауға сегіз болыс құрайтын 56 әкімшілік ауыл болды, олар әкімшілік және рулық белгілері бойынша былай бөлінеді: Маңғыстау — әлмембет бөлімшесі, Түп-Қараған — бәйімбет, 1-ші Бозащы — жеменей, 2-ші Бозащы — жары, Түркімен-Адай — түркіменадай мен құнанарыс, Жеменей — бегей, шегеші және жеменей, Райымберді — бәйімбет пен беріш, Түркімен — түркімендер. Іс жүзінде шаруашылық бөлінісі шаруашылық ауылы болды, ол шынына келгенде әкімшілік ауылынан әдеуір аз еді және әдетте екі-бес қожалықтан тұратын. Мұндай ауылдың құрамына байлардың қожалықтары мен оларға экономикалық жағынан тәуелді кедейлер мен батырақтардың отбасылары кірді, немесе мұндай ауыл орташалар мен әлсіз қожалықтардан құралды.

Жалпы, бүкіл Қазақстандағы сияқты, Маңғыстау уезі қазақтарының да шаруашылық жылы төрт кезеңге бөлінді, олардың әрқайсысына белгілі бір жайылымдар: қысқы, жазғы, көктемгі және күзгі жайылымдар сәйкес келетін. Шаруашылық кезеңдері көшпелі малшылардың белгіленген талаптары мен мал табыны, бір жайылымнан екіншісіне баратын көшіп-қону жолдарына сай белгілі бір жайылымдарға байланысты еді.

Адай руының қысқы жайылымдары Маңғыстау уезінде әдетте судың болмауы немесе оның жеткіліксіз болуы себепті жаздыгүні малды жаюға мүмкіндігінше қолайлы

деген жерлерде орналасты. Бұлар ең алдымен Маңғыстау түбегіндегі бірден-бір су көздері бұлақтар болып табылатын Қаратау және Ақтау таулары, түбектің оңтүстік-шығыс бөлігіндегі мал үшін тамаша ықтасын болып табылатын Қарақия және Қошқарата ойпатының төдірегіндегі жайылымдар, Сеңгірқұм, Аққұм және Сарөзек құмдары, сондай-ақ Қызылқұм, Егізлақ және Жыланшық құмдарымен қоса алғанда, Түп-Қараған және Бозащы түбектерінің едәуір бөлігі. Осы қыстау маңындағы жайылымдардың бәрінде жусанды-ащы өсімдіктер (уездің жазық бөлігінде) мен құмды алқаптарында мол болатын дәнді өсімдіктер (боз, еркекшөп) өседі. Бұл алапта адай қожалықтарының шамамен 12 проценті қыстап шығатын.

Қыстаулардың келесі бір едәуір көлемі Үстіртте, Сам құмының ішінде және соған жапсарлас далада жатты. Үстірттің қыстау етілген сазды жазығы жусанға, бұйырғынға, баялыш пен соранға толы болатын, ал құм ішінде қияқ, ақселеу, жүзген, еркекшөп, ақшағыр өсетін. Мұнда қожалықтардың шамамен 16 проценті қыстайтын. Бұл алаптың бәрінде құдықтар едәуір көп болғанымен, олардың негізгі бөлігі ащы және ішуге жарамсыз еді. Сондықтан жаздығүні мұнда қону мүмкін емес болатын. Тайыз құдықтар қазылатын құм ішінде су тұщы болды. Бірақ мал үшін оларды көбінесе қыстығүні, құм арасынан азық пен пана табатын кезде пайдалануға мүмкіндік беретін. Оның үстіне көктемде қар құм айналасындағы жазықтардан едәуір ерте еріп кетеді. Жылдың басқа кездерінде малды құмда жаю малды титықтататын алуан түрлі кенелердің көп болуы мен адам айтқысыз ыстық себепті қиын еді. Күйзелген, малдан жұрдай болған немесе алысқа ұзап көшуге малы жеткіліксіз қожалықтар қыстайтын жерлерінде жыл бойы отырды. Мұндай қожалықтардың бір бөлігі Бозащы түбегінде, Ақтау және Қаратау тауларында, Сам, Самматай және Қарынжарық құмдарында, яғни барлық қыстау маңындағы алаптарда мекендеді. Біржола келейленген қожалықтар тау жылгаларының, тайыз апандардың және көктемгі еріген суы бар ойпаттар маңында мекендеп, егіншілікпен айналысты, мүйізді ірі қара өсірді. Малы шамалы қожалықтар қыстауларының маңында қалып, сонда жыл бойы мекендейтін де, көктемгі-күзгі және жазғы маусымдарда жақын маңайдағы құдықтар маңында көшіп жүретін.

Ал адайлар қожалықтарының негізгі көпшілігі көктемде солтүстікке көтіп, аталған қыстау маңындағы алаптарда тек қыстап жүрді. Қыстауға желтоқсанның орта

шенінде келетін адайлар онда наурыз айының екінші жартысына дейін болып, осы кезеңнің бүкіл бойында жайылымдардың тозуына қарай бір жерден екінші жерге көшетін. Күз жылы болып, ұзаққа созылған және көктем ерте шыққан жылдарда тиісінше қыстауларда болу мерзімі қысқаратын да, қыс ерте түсіп, қатты болған және көктем кеш шыққан кездерде ол 150 күнге дейін ұзаратын. Мұндай қыстарда адайлар шаруашылықтарының және табындар шаруашылықтарының да едәуір бөлігі, әдетте көшіп жүретін шекараларынан (Хиуа — Красноводск — Көкжол) оңтүстікке қарай, Қоңырат өңірі мен Красноводск уезінің шегіне кетіп жүрді.

Табын руының қыстаулары Арал теңізінің солтүстік-батыс және батыс жағалауында, шығыс Үстірттің сортаң және қамысты далаларында, Қарой, Бәйтерек, Белсексеуіл, Ақбұлақ алқаптары мен Барсакөлмес қақтарының айналасындағы далаларда жатты. Адайлар сияқты, табындар да қыс өте қатты болғанда Қоңырат төңірегіне көшіп жүрді. Көшпелі адайлар, табындар, тіпті ХХ ғасырдың басында да қыстауларында тұрақты үй-жайлар салмады, қысы-жазы киіз үйлерде тұрды. Бұл қыстау жылдар бойы жиналған және малға төсепінш болған құрғақ қи қабаты жауып жатқан, көлемі 1000—1200 шаршы метр алаң (көң) болатын. Наурыз айында далада қар әлі де еріп бітпей, ойпаң жерлерге еріген су жиналатын кезде ауылдар қысқы орындарынан көтеріліп, солтүстікке қарай, көктемгі, ал содан соң жазғы жайылымдарына беттейтін. Олардың ерте көктемдегі жайылымдары Маңғыстау уезінің шегінде болды.

Адайлар мен табындардың көктемгі-күзгі жайылымдарының негізгі алқабы көршілес Гурьев және Темір уездерінде, яғни Үстірттің солтүстік жиегінде, Сам және Самматай құмдарында болды. Бұлар көктемгі жайылымдардың оңтүстіктегі алғашқы өңірлері болатын. Мұнда адайлар мен табындар ауа райына қарай 15—20 күн тоқтап, қыста жүдеген малын жайып қоңдаудыратын да, сонан соң негізгі көктемгі-күзгі жайылымдарына Қарақұм, Шағырлы, Теріскен құмдары маңына, Айттам-Оймағұт, Түгіскен алқаптарына және Хантөрткөл, Шырқала, Бөкенбай тауларының төңірегіндегі далаға кететін. Жоғарыда айтылып өткеніндей, бұл жайылымдардың бәрі Маңғыстау уезі шегінен тыста жатты және оларға көктемде ғана баруға болатын.

Қожалықтардың бір бөлігі Жемнен өткен соң солтүстік-батысқа қарай, Орал облысының Гурьев уезінде жат-

қан Тайсойған және Бүйрек құмдарына беттейтін, олардың жайлаулары сонда болатын. Адайлар мен табындардың басқа бір қожалықтары Ақтөбе уезінің шегіне, үштен бірі — Үлкен және Кіші Борсық құмы мен Ырғыз өзенінің жоғарғы ағысына жайлауға барып жүрді. Маңғыстау уезінің өз шегінде жайлауға онда жыл бойы тұратын кедейлердің қожалықтарынан басқа, өздерінің қыстауларына жақын құдықтар маңында көшіп жүретін азын-аулақ ауылдар қалатын. Шамамен қазан айының басында адайлар мен табындар жайлауларынан оңтүстікке қарай, күзгі-көктемгі жайылымдарына бет алып, содан соң Үстіртке шығатын да, өз қыстауларына тарап кететін.

XX ғасырдың басына дейін Маңғыстау уезінің шегінде мекендеген Адай және Табын руларының солтүстіктегі жайлау алқаптарына (Орал уезінің Қарағаш және Шілік болыстарына, Елек пен Жайықтың су айырығына және басқаларына) орыс қоныстанушыларының көшіп келуі, шөп шабудың, егіншіліктің дамуы, Орал және Торғай облыстарының оңтүстік уездері қазақтарының бір бөлігінің отырықшылық пен жайылымдардың едәуір тарылуына және осы екі ру жайлауының солтүстіктегі шекарасының оңтүстікке ығыстырылуына әкеп соқты. Енді олар Орал уезінің Қарағаш және Шілік болыстарына анда-санда ғана барып жүрді, сол уездің Жиренше болысынан, Қобда су айрығының солтүстігінен, Мұғалжар тауының оңтүстігінен әрі аспады.

Шежіре — шетін тарих	5
<b>I. Ұлы жүздің шежіресі</b>	<b>13</b>
<i>I тарау. Қазақ жүздерінің қалыптасуы жайында .</i>	<i>15</i>
<i>II тарау. Ұлы жүз тайпаларының қоныстануы және этникалық құрамы</i>	<i>35</i>
Үйсіндер	35
Дулат	42
Ботбай	46
Шымыр	48
Сиқым	49
Жаныс	50
Албан	57
Суан	63
Шапырашты .	65
Ысты	70
Ошақты	74
Жалайыр .	76
Сіргелі	91
Қаңлы	97
Шаңышқылы	105
<b>II. Орта жүздің шежіресі</b>	<b>143</b>
<i>I тарау. Этникалық құрамы және рулық-тайпалық ерекшеліктері</i>	<i>145</i>
1. Орта жүздің этникалық құрамы	147
Арғып	151
Найман	177
Қыпшақ	187
Керей	194
Уақ	210
Қоңырат	215
2. Рулық-тайпалық құрылымның таксономиялық жіктері	221
<i>II тарау. XVIII және XIX ғасырда Орта жүз ру-тайпаларының орналасуы</i>	<i>241</i>
1. Ресейдің Қазақстанға өнуі	241
2. Жоңғар шапқыншылығы	243
3. Ресей бодандығына түсу	245

4. Қазақ жерін жоңғарлардан азат ету және ру-тайпаларды орналастыру	248
---	-----

<i>III тарау. XIX және XX ғасыр басындағы Орта жүз ру-тайпаларының орналасуы</i>	266
--	-----

1. Дала тұрғындарын жерге орналастыру жөніндегі әкімшілік реформалар	268
2. Орта жүз ру-тайпаларының орналасуы	281

<b>III. Кіші жүздің шежіресі</b>	369
----------------------------------	-----

<i>I тарау. Кіші жүз ру-тайпалары туралы</i>	371
--	-----

Кердері	373
Адай	374
Керейіт	378
Шөмекей	382
Кете	383
Байбақты	384
Масқар	384
Рамадан	385
Табын	385
Таз	387
Телеу	387
Қызылқұрт	388
Тама	389
Жаппас	390
Төртқара	391
Беріш	391
Шекті	392
Алаш	394
Алтын	394
Есентемір	394
Шеркеш	394
Ысық	394

<i>II тарау. XIX ғасырдың екінші жартысы — XX ғасырдың басында Кіші жүз қазақтарының орналасуы</i>	409
--	-----

Ішкі орда (Бөкей ордасы) қазақтарының қоныстануы	446
Маңғыстау уезіндегі қазақтардың орналасуы	456

**Халел Аргынбаев  
Марат Сәбитұлы Мұқанов  
Веннамин Васильевич Востров**

## **ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ХАҚЫНДА**

**Бас редакторы Әділхан Пірманов  
Редакторлары Асқар Алтай, Дидахмет Әшімханов  
Суретшісі Арыстан Ысқақов  
Техн. редакторы Ұлдай Рысалиева  
Корректоры Нәзира Дүйсенбаева**

**ИБ № 288**

Теруге 10.11.99 берілді. Басуға 14.12.99 қол қойылды. Пішімі 84×108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Шығыңқы басылым. Шартты баспа табағы 24,36. Есептік баспа табағы 25,82. Таралымы 500. Тапсырыс № 224.

«Атамұра» баспасы, 480091, Алматы қаласы,  
Жібек жолы даңғылы, 157.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының Полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 41.